1. Нурпеисова М.Б., Жаркимбеков Б.М., Байчурин Ж.Ж. Ученый- энциклопедист //Вестник КазНТУ 2006г. №5 С. 45.
2. Ерлан Мустафин. Дом, где живо прошлое. //Индустриальн Караганда 2006г. 21 декабря.
3. О.Малахова.Открывший первым. //Казахстанская правда , 2006. 2 ноября.

Аршабеков Т.Т

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫ

XIX ғасырдың аяғында Әлихан Нұрмұхамедұлы Ресей жағрапиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің мүшесі болып сайланып, терең ғылыми зерттеулермен айналысады. Соның ішінде «Россия, Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбек және «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдениетінің жетістіктері» атты еңбегі 1903 жылы Санкт-Петербурда жарыққа шыққан. Шығармада Қазақ өлкесінің сонау тас, қола дәуірінен бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси-әлеуметтік жетістіктері кең көрініс тапқан.

Сондай-ақ, Дала өлкесінің соңғы ғасырлардағы өмір-тарихын сипаттайды, патша өкіметінің жүргізіп отырған отаршылдық саясатын да батыл суреттеген. Бұл құнды еңбек Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде сақтаулы.

Ә.Бөкейхановтың барлық еңбектерін атап өтуге мүмкіндігі жоқтығынан қазақ тарихының мәселелеріне арналған тек осы бір еңбегіне тоқталайық. Және де еңбірінші «Қырғыз аймағының тарихи тағдырлары және оның жетістіктері» атты монографиясын атап өткен жөн (Россия: Полное географическое описание нашего Отечества. Под ред. В.П. Семенова, том 18. Киргизский край (составители А.Н.Сидельников, Л.П. Осипова, А.Н. Букейханов.СПб,1903); мұнда археологиялық ескерткіштердің мінездемелері, ертедегі мекендеген халықтар өмірі мен тұрмысының суреттемесі берілген, қазақ ұлты мен мемлекетінің құрылуы талдаудан өткізілген [1].

Бұл ұжымдық монография- Ә.Бөкейхановтың императорлық орыс герографиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің мүшелерімен бірігіп жүргізген зерттеулерінің нәтижесі және Қазақстанның төңкеріске дейінгі тарихын баяндайтын еңбектердің ең алғашқысы.

Қазақ халқының тарихи-мәдени мұралары жөнінде жазған сипаттамасы бір ғасырдан астам уақытта дәлелденіп отыр. Мысалы: «Остановимся несколько подробнее на памятниках этого древнего народа. До нас дошли, как мы уже сказали, остатки городов курганного племени. Это небольшие сооружения из глины, дерева (срубы) и камня: такя «городища» открыто во многих местах – по берегам Иртыша, близ Павлодара, Усть-Каменогорска, в окрестностях Каркаралинска, в верховьях Ишима, Тобола и Ори, по берегам Илека и Урала. Некоторые городища имели вид укрепления и помещались на не приступных местах (например в окрестностях Каркаралинска); другя расположены по берегам рекь и озерь и имели деревянные и земельные постройки.» [2, 156]

Соңғы жылдардағы Орталық Қазақстандағы археологиялық қазбалар нәтижесінде металл өндіру мен оның бөліп-таратылуын бақылауды Кент, Бұғылы, Қызыларай, Беғазы тауларында және басқа таулы-орманды оазистерде өмір сүрген бірлестіктердің көсемдері жүргізгені дәлелденіп отыр.. Кент, Бұғылы-2, Шортандыбұлақ қоныстары сол жерлердегі көсемдердің ордасы және сауда орталығы болған. Көп малмен бірге сыртқа металл сату билеуші әулеттердің баюының маңызды бір көзі болып табылған. Сондықтан да Атасу ықшам ауданының қоныстары (Мыржық, Ақ-Мұстафа, Сангру-3), Ұлытау ескерткіштері сияқты Кент, Шортандыбұлақ, Бұғылы-2 қоныстары қазбалары жағынан өте бай. Қатардағы бақташылар тұрған шағын қоныстарда металл бұйымдары сирек кездеседі, ойылған сүйек пен импорт керамикасы да жоқ. Керісінше, қала маңындағы қоныстарда металл, оюлы сүйек көп, басқа жақтан әкелінген ыдыстар да бат Ал осы қалалық орталықтардың жанында басқару элитасының мазарлары орналасқан - бұл кесенелер түріндегі құрылыстар. Бай әулеттер ойылған сүйек, пирофиллиттен жасалған бұйымдар сияқты сән-салтанаттық заттардың сұранысын қамтамасыз еткен. Орталық Қазақстанның қола дәуірі тайпаларының арасында негізгі кәсіптерінің бірі металл өңдеу болды. Өндірістің бұл саласы соғу, басу, таңба салу және күй өнерінің жаңа техникаларын қолдану негізінде дамыды. Қола бұйымдар Орталық Қазақстанда көптеп және жиі кездесті. Олар еңбек құралдары, тұрмыстық заттар және әшекейлер түрінде көрсетілген. Орта (Атасу кезеңі) және әсіресе, кейінгі қола кезеңінде (Беғазы-дәндібай мәдениеті) шығарылатын металдар саны жоғарылады және олардың сапасы жоғарылайды. Қанжарларды, пышақтарды, жебе және найза ұштарын, жауынгерлік безеубастар және т.б. әшекейлеу үшін әр түрлі бейнелеу құралдары қолданылды [3, 22].

Біздің заманымыздың I мыңжылдығында Еуразия далаларындағы этникалық орта бірте-бірте өзгере бастады. Биліктің әлеуметтік консолидациясының жедел дамуы бірінші мыңжылдықтың екінші жартысында Оңтүстік Сібір, Орталық және Орта Азия, төменгі Еділ және Солтүстік Сібір аумақтарында бірнеше түркі тілді тайпалардың және қағандықтардың қалыптасуына алып келді. Олар: бірінші Түркі қағандығы — Шығыс түркі қағандығы, Батыс түркі қағандығы, ұйғыр, түргеш қағандығы, Енисей қырғыздарының, Хазар, Бұлғар, Қарлұқ, Қарахан, Қимақ және Арал бойы оғыздарының Қыпшақ, Хорезм мемлекеттері немесе империясы. Дәл осы уақытта қазіргі түркі тілді тайпалардың этникалық-саяси бірігуі қалыптасқан еді. Осы дәуірде түркілердің рухани мәдениеті де жаңа сатыға көтерілген болатын.

Түркілердің діни танымын білдіретін бұл мүсін тастар болмақ. Орталық Қазақстандағы тас мүсіндер қашан да болсын таулы бұйраттардың шығысқа қарай көсіліп жатқан жазық алаңында немесе өзен аңғарларының тау жақ етегінде кездеседі. Сыртқы құрылысы бойынша тас мүсіндер екі түрде кездеседі: бір тобы граниттен жасалған төрт бұрышты тас шарбақтың күншығыс жиегінде, екінші тобы үйген тас обалардың күншығыс жақ етегінде. Тас мүсіндердің бұлай кездесуі екі түрлі дәуірді

көрсетеді: бірінші тобы VI—VIII ғғ. Түркі қағанаты кезіндегі жұртшылық салтымен байланысты болса, екінші тобы VII—XIII ғғ. Орталық Қазақстанның Қарқаралы, Ақтоғай, Ұлытау аудандарында мұндай тас мүсіндер жиі кездеседі. Ә. Бөкейханов осы тас мүсіндердің бірнешеуіне сипаттама бере келе: «Много осталось и памятниковъ религиозного культа, Въ этом отношеніи богатый материалъ дають курганы и могильники... Нередко курганы и могильники украшались каменными изваяниями («бабами») и каменными плитами съ надписами. Въ некоторыхъ могилахъ находили медные жертвенники и сосуды с пепломъ по –видимому умершие иногда сжигались.» [4].

Авторлар қазақ халқының этногенезі мен қазақ мемлекеттілігі мәселелерін көтереді. «Киргизы Семипалатинской и Акмолинской областей главным образом состоятъ изъ несколькихъ тюркскихъ племенъ керей, наймань, кыпчакъ и аргынъ. По скуднымъ историческимъ о нихъ сведениямъ, упомоянутыя тюркская племены издавна кочевали в различныхъ углахъ азіатского материка». Бірнеше рудың этникалық территориясы және тарихына нақты тоқталған. Қазақ халқының қалыптасуы кезеңі қазақ хандарының өз алдына дербес құрылуы бірнеше нақты тарихи кезеңдерде баяндалған.

XX ғасыр басында алғашқылардың бірі болып ұлт-азаттық көтеріліске баға берді. «Въ сороковыхъ годахъ XIX века Киргизская степь въ последний разъ вспоминал старину. Внукъ Аблай хана Кенесары Касымовъ, затмившій въ народныхъ сказаніяхъ славу своего популярнѣшего деда, собралъ несколько тысячъ наездниковъ изъ представилей недовольныхъ и, объявивъ себя востановителемъ былого величія киргизского народа, пытался поднять подъ свое знамя весь киргизский народъ» [5]. Шындығында Кенесары қозғалысы– қазақ халқы тарихындағы аса бір маңызды, іргелі оқиғалардың бірі. Ресей империясының қазақ даласындағы хандық билікті жоюы, шекаралық аймақтарда жаңа бекіністерді салып, қазақ жерлерін күштеп тартып алуды одан әрі жалғастыруы, қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуына себеп болды. Қазақтардың ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда болған басқа барлық көтерілістермен салыстырғанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрестің ерекшелігі, оған үш жүздің бұқара халқы түгелге дерлік қатысты [6] ХХ ғасыр басында қазақ халқының басына түскен ауыртпалық бұл шұбырған келімсектер болды. «Съ девяностыхъ годовъ начался усиленный наплывъ въ Акмолинскую область переселенцевъ, с которыми администрація первое время не знала, что делать и куда размещать. Такъ летом 1890 года скопилось въ области никуда не перечисленныхъ переселенцевъ более 17 тысячъ человек. Переселенцы буквально наводнили все казачьи и крестьянскіе поселенія, но такъ какъ вездѣ было перполнено, то они целыми массами безцельно блуждали изъ поселка въ поселокъ, въ тщетныхъ поискахъ пристанища».

ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы аграрлық мәселелердің шиеленісуі өзінің шырқау шегіне жетті. Бұған империяның бұрынғы қоныстандыру саясаты және одан кейінгі жергілікті халықтан жерді тартып алуға бағытталған қаулылар әкеп соқты. Ресейдің еуропалық аудандарынан шаруалардың ағылып келуінің күшеюі үкіметті Қазақстанның бұрын жабық болған аудандарын қоныс аудару үшін ашуға мәжбүр етті. Бұл негізінен Түркістан генерал-губернаторлығының жерлеріне қатысты болатын. Оларға, Жетісу облысын қоспағанда, қоныс аударушыларды орналастыруға тыйым салынған еді. 1903 жылғы 10 маусымдағы «Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарындағы қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аудару туралы» ережелер бұл аудандарға сол кезгедейін іс жүзінде заңсыз болып келген қоныс аударуды заңдастырып берді. Бір жажабы, осы заңды талқылау кезінде үкіметтік комиссия 1891 жылғы дала ережесінің көшпелілер үшін артық болып шығуы мүмкін жерлер мемлекеттік органдардың қарамағына түседі делінген 120-бабына әйгілі ескертуге сүйенді. «Заңның жоғарыда келтірілген баптарын салғастыру арқылы, - делінген түсініктемеде, - қазіргі қолданылып жүрген заңдар негізінде мемлекеттің көшпелілерді қамтамасыз ету үшін өз қалауынша артық алқаптарына билік етуге толық құқығы бар, Жерге орналастыру және Егіншілік Бас басқармасының қарамағына берілуге тиіс деген қорытындыға келмеуге болмайды». Мемлекет үшін стратегиялық маңызды аудандарға қатысты бұрынғы қаулылардағы сияқты, Түркістан өлкесіне артықшылықты және шаруашылық жағдайларын ескере отырып, православие дінін ұстанушы адамдарды, яғни жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген адамдарды (раскольниктер үшін етекшелік жасалды) қоныстандыру көзделді. Жан басына шаққандағы үлес едәуір – суармалы жердің үш десятинасына дейін шектелді, оның есесіне мал өрісі мен жайылымдық жерлер қажетінше қалдырылды. Қоныстанушылар 8 жыл бойы салық жеңілдіктерімен қамтамасыз етілді және әскери қызметтен босатылды.

Көші-кон еркіндігін күшейту үшін 1904 жылы 6 шілдедегі «Село тұрғындары мен егінші мещандарды өз еркімен қоныс аудару туралы уақытша ережелердің» зор маңызы болды, оның заң

күші бар еді. Жаңа ережелерге сәйкес шаруалардың бұрынғы қоныстанған орындарынан үкімет органдарының рұқсатынсыз еркін кетуіне рұқсат етілді, ол 1889 жылы Ережеде бекітілген болатын. 1905 жылы өз бетімен қоныс аударушылар саны Ақмола облысы бойынша олардың жалпы санының 54,7%-ы, Семей облысында – 61,5%-ы, Торғай облысында – 88,6%-ы болды. Сондықтан ХХ ғасырдың басынан қоныс аудару қозғалысы ұйымдасқан сипат алды дегенмен жалпы келісуге болмайды. Жекелеген зерттеушілер «қоныс аудару ісі бойынша толып жатқан заңдар мен өкімдерге қарамастан, үкімет өз бетімен қоныс аударушыларға жеткілікті дәрежеде ықпал ете алмады, сөйтіп өз бетімен қоныс аударушылар саны жылдан-жылға өсе берді» деген тұжырымға келеді. «Үкімет қоныс аудару ісіне басшылық етіп отырған жоқ, оларды кеш біліп, сол оқиғаларды тіркеп отыр», - деп Қазақстанды шаруалар арқылы отарлауға заңдық құқық беру жөніндегі үкімет органдарының әрекеттері туралы ашық айтылды.

Міне, бір еңбегінде Ә. Бөкейханов қаншама мәселе көтерді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Россия: полное географическое описание нашего Отечества.-Репринт. изд.-С.-Петербург : Издание А. Ф. Девриена,1899 - 1914.Том восемнадцатый, Киргизский край /Сост. А. Н.Сдельников и др. ; Под ред. В. П. Семенова и др. -1903.-478 с., [VIII] :ил., карт.-Указ. : с. 436 - 478.
2. бұл да сонда
3. Аршабеков Т.Т., Ісләмұлы І. Жаңаарқа тарих толқынында. Қарағанды: Гласир баспасы. 2014.– 464 б.
4. Россия: полное географическое описание нашего Отечества.-Репринт. изд.-С.-Петербург : Издание А. Ф. Девриена,1899 - 1914.Том восемнадцатый, Киргизский край /Сост. А. Н.Сдельников и др. ; Под ред. В. П. Семенова и др. -1903.-478 с., [VIII] :ил., карт.-Указ. : с. 436 - 478.
5. бұл да сонда...
6. Аршабеков Т.Т., Алдабаев Н.Ж. Кенесары жорығы ізімен. Қарағанды: Гласир баспасы, 2015. – 240 б.
7. Алпысбес М.А., Аршабеков Т.Т. Бұқар жырау ауданының тарихы. – Қарағанды, 2012. – 480 б.

Ахмадиева Қ.Т., Дүкенбаева З.О.

АЛАШОРДА: МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

Тәуелсіз Қазақстанның іргелі ел болып, тарихтың ұлы көшінде өзіндік дара даму жолының қалыптасқанына міне, 25 жыл, ал, осыдан бір ғасырға таяу уақытта, яғни 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен ІІ жалпықазақ съезінде Алаш автономиясы құрылып, сол автономияны басқаратын Алашорда үкіметі жарияланған. Қазақ мүддесі үшін Алаш қайраткерлерінің тағдыр шешті қадамдарға барып, саяси ахуал ушығып тұрған тұрақсыздық кезеңде елге пана болар мемлекеттік құрылымды қалпына келтіруі әр қазақтың ұмытуына болмайтын тарихи тағылым.

Қазақ қоғамының сол кездегі саяси ойының бірден-бір жарқын көрінісіндей, халқымыздың төл тарихында терең із қалдырған «Алаш» сияқты партияның саяси сахнаға шығуы патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының терең дағдарысын көрсететін, сондай-ақ, қазақ қоғамын жаңа саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және рухани негізде қайта құрудың қажеттігін танытатын факторлар болатын. Оның бағдарламасының жобасы 1917 жылдың қараша айының 21-де «Қазақ» газетінде жарияланды. Ұлттық даму мен ұлттық теңдік үшін күрес идеясына суарылған, өзінің мазмұны мен саяси мәні жағынан бұрын-соңды қазақ тарихында болмаған бұл бағдарлама жобасы кейін Алашорда автономиясы мемлекеттігінің басты құжатына айналды. Дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибелерін тиімді пайдалана отырып, бағдарлама авторлары тәуелсіздік жолын, демократиялық дамуды таңдайтындықтарын ашық айтты. Осыларды негіздейтін мемлекеттік-құқықтық идеяларды ұсынды. Бұл мәселелердің бәрін жаңа партия кеңестік қан-төгіс, таптық күрес жолымен емес, ұлттық бірлік негізінде, күрделі саяси реформа арқылы жүзеге асырмақ болды.

10 баптан тұратын қысқа ғана бағдарламада қазақ даласының өзекті мәселелері: сөз бен баспасөз бостандығы, жиналыс еркіндігі, тең құқықтық негізде білім беру, оқу орындарында ана тілінде оқыту, дін ісінің мемлекет ісінен бөлектігі, билік пен сот, ел қорғау, салық, жерді сатпау және т.б. идеялардың санаты болды. Алаштықтардың басты қағидалары қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Ал, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың мемлекет дегенде қазақтың ұлттық ерекшеліктерін сақтай

және сана-сезімін оята отырып, ортағасырлық әлеуметтік-экономикалық мешеуліктен алып шығатын Батыстық буржуазиялық қатынас жолын таңдағаны белгілі. «Алаш» партиясының бағдарламасында ұлттық мемлекет туралы тікелей сөздер жоқ. Алайда, онда ұлттық мемлекетті басқарудың құрылымы мен сипатына байланысты бірнеше принципті қағидалар бар. Оны «Мемлекет қалпы», «Жергілікті бостандық» және «Билік һәм сот» деп аталатын бірінші, екінші және бесінші тараулардан байқауға болады. Бағдарламаның «Мемлекет қалпы» атты алғашқы тарауында болашақ мемлекеттің құрылымы арнайы сөз болады. Ресей демократиялық, федеративтік республика болуы керек деген сөздерден басталып, одан ары демократияның мағынасы мемлекетті жұрттың билеуі, федерацияның мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі, әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болып, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді деген сипатта түсініктеме беріледі. Осындағы тең, іргесі бөлек және өз тізгіні өзінде дегенде бағдарлама авторлары тәуелсіз мемлекетті атайды. Сонымен қатар, бағдарламаның «Жергілікті бостандық» деген тараудағы өз тізгіндері өзінде болып біріккен қазақ облыстарының Ресей республикасы федерациясының бір бөлігі болуы, реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе отырып, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болуы сияқты ұсыныстар да көп нәрсені аңғартады. Осындағы «қазақ автономиясы» деген тағы да дербестікті, тәуелсіздікті танытып тұр. «Алаш» партиясының негізін салушылар би, болыс, ауылнайлардың жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етуге ықыласты болуларына ерекше көңіл бөлген. Бұл сонау антикалық заманның кеменгері Аристотельдің мемлекеттің дұрыс түріне әкімдер халық, ел пайдасын ойлаған, билік қоғамға қызмет істеген мемлекеттерді жатқызған идеяларымен ұласып жатыр. Сондай-ақ, бағдарламада жергілікті органдардың «таза қызметшілерін» халықтың қалауымен, яғни, сайланып қойылуы және олардың жергілікті халықтың тілін білуі, олардың күзіретіне кім болса да мойынұсынуы сияқты принципті мәселелер қарастырылғандығын бүгінгі заман биігінен қарағанның өзінде-ақ айқын аңғарылады.

Алаш көсемдерінің қазақтың егеменді, тәуелсіз, «іргесі бөлек» ұлттық мемлекетін құру турасындағы негізгі идеясы 1917 жылдың желтоқсанында Орынборда өткен Бірінші Бүкілқазақтардың съезінде жүзеге асты. Тоғыз күнге созылған съезд Автономия құру туралы шешімге келді. Оның атын «Алашорда» болсын деген қаулы қабылданды. Алаш автономиялық мемлекетінің уақытша Халықтық кеңесі құрылып, Ә.Бөкейханов соның төрағасы болып сайланды. Алайда, жаңа замандағы ұлттық мемлекеттің үлгісіндей болған «Алашорда» автономиясы бар-жоғы екі-үш жылдай ғана өмір сүрді. Кеңестік тоталитарлық жүйе қазақ халқының азаттықты аңсаған идеяларының жемісіндей болған Алашорда мекемелерін таратып тынды. Қазақ әлеміне шоқ жұлдыздай жарқырай шыққан Алаш жетекшілерінің талайының ғұмырын қиған асқақ арман, биік мақсат жүзеге аспай, 70 жыл бойы Қазақстан көп жағдайда патшалық Ресейдің жалғасы болған кеңестік Ресейдің құрамында болды. Сөйтіп, бергені аз емес, бірақ алғаны әлдеқайда көп болған кеңестік заманда Қазақстан Мәскеуге бағынған, өз тізгіні өзінде емес, өзін-өзі билей алмаған, принципті мәселелерін тек орталық шешетін тәуелді республикалардың біріне айналды. Ең негізгісі – қазақ қауымы адамзат қоғамының толыққанды мүшесі ретінде саяси һәм рухани еркіндікте болмады. Сондықтан, Қазақстан мемлекет ретінде де, қазақ халқы ұлт есебінде де толыққанды қалыптас а алмады. Соның зардаптары қазіргі күнге дейін өз жалғасын табуда.

1920 жылы құрылған Қазақ АКСР-інің, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тарихи негізі саналатын Алаш автономиясы ұлттық мемлекеттік құрылым болғаны белгілі. Алаш қайраткерлерінің идеялары мен құндылықтары бүгінгі күннің өзінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. 1963 жылы құрылған қазақ жастарының «Жас тұлпар» қозғалысы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, 1991 жылы желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы – Алаш қозғалысы мен тәуелсіз Қазақстан арасындағы тарихи сабақтастық, мемлекеттілік мәселесі болса керек. Бұл жолдар ешқандай елдің даму үлгісін тікелей қайталаудың емес, эволюциялық тұрғыда ілгерілеуді көздейтін іс – әрекеттердің көрінісі еді. **Қазақ мемлекеттігінің тарихы қай кезден бастау алады деген мәселе де бүгінгі таңда – өте өзекті** декүрделі, ғылыми сипаттағы сұрақ.

XX ғасырдың 70-90 жылдарындағы экономикалық, саяси, рухани дағдарыс көпұлтты халықтардан құрылған империя құрамындағы республикаларда нақтылы жеке мемлекет тұрғысынан тарихи шешім қабылдауға әкелді. Сындарлы тәуелсіздігіміз де осы заңдылықтардың дәлелі. Әрине, тәуелсіздігін қайта жаңғыртқан қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы тарихи бастаулары мен тарихи сабақтастықтарының тамырын тереңнен іздеу қажеттілігі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Алаш қозғалысының, оның саяси партиясының ұлттық мемлекет турасындағы идеясын оқып білуіміз, оны тәуелсіз еліміздің мемлекеттілік ілімімен ұштастыра алуымыз қазіргі жаңа әлемде құрып жатқан жаңа

Қазақстанымызды кемел келешекке жетелейтіні даусыз. Тарихи деректернегізіне сүйенсек, ұлан-байтақ Орталық Азия өңірін мекендеген түркі тілдес ру-тайпалардың ортақ аумақта өмір сүріп, бірте-бірте бірігуі мен дамуы арқылы өз алдына қазақ халқы болып қалыптасу процесінің алғышарттары қалыптасты. Ежелгі заманның тарихи деректері бүгінгі қазақ ұлтының арғы тегі сақ, үйсін, ғұн және қанлы тайпалары екенін көрсетеді. Жүргізілген ғылыми зерттеулер Қазақстандағы номадизм тарихы біздің дәуірімізге дейінгі VIII ғасырдан бастау алатынын дәлелдейді, осы кезеңде алғашқы этномәдени қауымдастықтар қалыптасып, олардың күн көрісі шаруашылық жүргізудің жаңа тәсілі – көшпелі мал шаруашылығымен байланысты болды [1,70]. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «Қазақ халқының тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандардан-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын ата жұртта сақтаған халық» – деуі орынды [2,55-57].

Бүгінгі қазақ мемлекеттілігінің территориясы Қазақ хандығының аумағынан тұратындықтан, біз үшін хандық кезеңдегі шекараны анықтау аса маңызды. Алайда, хандық дәуірдегі шекара белдеулері туралы қолымызда нақты карта сызбасы болмағандықтан, шекара сызығын тарихи деректер негізінде ғана болжауға болады. Әсіресе, Қытай, Ресей, Өзбекстанмен арадағы шекара сызығын анықтауда тарихи деректер басты өлшем бола алады. Алаш орда үкіметінің негізін қалаушы мемлекет қайраткері Райымжан Мәрсеков: «Халық болған соң, халықтың мекен қылып, жайлап жүретін жері, суы болады. Жері, суы бар болса, өзінің билігі, өз тізгіні өзінде болған, өмір иелері өзінде болған халық, сол мемлекет болып табылады»- дейді [3,9]. Демек, халық және оның өмір сүретін территориясы, сондай-ақ, сол халықтың тәуелсіз билігі орнаған болса, ол халықтың мемлекеттілігі бар деген сөз. Олай болса, қазақ қашан халық болды, қай уақыттан бастап иен даланы мекендеді, қашаннан бері тәуелсіз ел болды деген мәселенің басын ашып алсақ. Алаш қайраткерлерінің түпқазығы болған – қазақ мемлекеті үшін ата-баба қанын төгіп қорғаған, сақтап қалған, мындаған жылдар бойы ешқайда көшпей, тұрақты мекен еткен жерді бөлшектемей, жатжұртқа таптатпау, сатпау, жерден айрылғаның барлық байлықтан, дәулетіңнен, құт-берекеннен айрылу, өлу, өшу деген сөз; мемлекеттік басқару дәстүрлерді сақтай отырып, алдыңғы қатарлы Еуропа, Америка, Жапония үлгісіндегі қағидаттарға негізделген демократиялық сайлаушылар арқылы жасалған жүйелермен жүру керек; бұл ретте ешкімнің нәсіліне, жынысына, дәулетіне байланысты шектеу жоқ; шикізат емес, ұқсатып жасаған, пайда әкелетін өнім шығару мемлекет әрекетінің ең бірінші шарты; қазақ тілін дамыту, оқулықтар, сөздіктер жасау, мектептер, университеттер ашу; өз ақшасын шығару, әскер құрып, елді – мемлекетті қорғау керек депмақсат еткен «Алаштын» асыл мұраттары біздің қазіргі әлеуметтік жаңғырту бағытымен үндес келетінін айтып жеткізу абзал.

Еліміз тәуелсіздік алған тұста Елбасымыз Н.Назарбаев «Біз өз тарихымызды өзгелер тұрмақ, өзімізге де толық таныта алмай келе жатқан халықпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім не деп таниды» - деген болатын. Бүгінгі таңда әкімшілдік-өміршілдік кеңес жүйесінің көбесі сөгілді. Кезінде тарихшыларымыз бір ауыз сөз айтуға бармайтын бүкіл кезең, дәуір тарихы қайта қаралып, тарихтағы ақтандақтардың орны толтырылуда. Дегенмен де, әлі де болса тарихи бағасы беріліп, тың деректердің негізінде қайта объективті зерттеуді талап ететін бүгінгі күннің өзекті де, күрделі мәселелері жеткілікті. Әсіресе, қазақ халқының өмір сүрген кеңістігі - мемлекеттігіміздің айшықты көрінісін атауға болады. Себебі, мемлекеттіліктің міндетті бес белгісінің бірі - оның территориясы екені көпшілікке мәлім [4,15-16]. Дей тұрсақ та, әлі де тың деректер негізінде жан-жақты ғылыми тұрғыда дәлелдейтін басты мәселеміз мемлекеттілігіміз қашан қалыптасты деген мәселенің төңірегінде болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Маргулан А., Акишев К., Кадырбаев М., Оразбаев А. Древняя культура Центрального Казахстана. -Алма-Ата, 1966. -288 с.
2. Назарбаев Н.А. Бауырларымызға құшағымыз ашық (Дүние жүзі қазақтары құрылтайының 1992 ж. 1 қазандағы салтанатты мәжілісіндегі сөзі) Алматы: Қазақстан, 1996. -179б.
3. Райымжан Мәрсеков. Патшалық. «Қазақ». 1913, 31 желтоқсан. № 44.
4. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. «Жеті жарғы. Алматы 2006. -247б.

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ СӨЗ СЫРЫНА САЯХАТ

Әлем сырларын түсінуге деген адамзаттың құштарлығы әлімсақтан бері бір толастаған емес. Соның нәтижесінде қазіргі ұрпақ өзінің бір замандарда айтса нанғысыз немесе қиял-ғажайып көркем туындыларында ғана бейнеленетін орасан зор мүмкіндіктеріне қол жеткізіп отыр. Алайда бұл жетістіктер бір ғасырдың ғана емес, адамзат ақыл ойы дамуының барысындағы сандаған дәуірлер тәжірибесінің жемісі екені белгілі. Бүгінгі таңда туған тілдің қайнарынан сусындаған басқа саланың білікті мамандары лексикалық қор мазмұнындағы ұлттық білімнің сырларын ашуға атсалысып жүр. Сондай ғұлама ғалымдарымыздың бірі – Ақжан әл-Машани.

Адам ақыл ойы жетіліп, сөйлеу тілі арқылы қатынас жасай бастағалы әлем сырларын тану мүмкіндігі де арта түсті. Тіл мен ойлау өзара тығыз байланысты болғандықтан ой арқылы танылған заттар мен құбылыстардың бәріне ат беріліп, тілде сөз арқылы таңбаланды. Тілге тән қасиеттердің бірі үнемі дамып жетіліп отыратындығында, әсіресе ойды жеткізу барысында оның құрамындағы сөздер мағыналық жақтан алуан түрлі реңктерге ие болады. Яғни сөйлем құрамында немесе жалпы мәтін ішінде сөзге өзінің атауыштық мағынасынан бөлек көптеген туынды мағыналар үстеледі. Нәтижесінде алғашқы дыбыстық тұлғасын сақтай отырып, мағыналық жағынан түрлі сипаттарға ие болуы мүмкін. Лингвистер тіл табиғатына тән осы сырларды саралау үшін аянбай еңбек етіп келеді. Алайда, таңбалау мүмкіндігі арқылы ой жеткен жерге тіл де жететіндігін ескерсек, тіл бүкіл ғылым саласының бәріне ортақ болып шығады. Сондықтан, оның әр салада атқаратын қызметі мен мағыналық сырларының тереңіне бойлау тілшілердің сала мамандарымен бірлескен еңбегінің арқасында ғана мүмкін болмақ.

Тілдегі сөздердің өн бойында, өзіне тән дербес мағынасымен қатар (жалпы тұтынушыларға белгілі), тарих қойнауындағы тағлымы мол сан тараулы қазынаны ашуға мүмкіндік беретін түрлі ақпараттар бар. Бұл ілгеріде атап өткеніміздей сөз мағынасының дамып, жаңарып отыруына байланысты және белгілі бір дәуірлерде белсенділігі жоғары болған ұғым-түсініктердің келесі бірімен ауысуы барысында жадымызда көмескі тартқан ақпараттар. Сөз сырына тереңірек бойлап, сол ақпараттарға қол жеткізер болсақ, өткен дәуірдің үлесіне тиген ғылыми ойлар мен танымдық кеңістіктің ауқымын шамалар едік. Ақжан әл-Машани еңбектерін оқып шыққаннан кейінгі ой-тұжырым осыған жетелейтіндей.

Белгілі ғалым Ақжан әл-Машани саналы ғұмырының елу жылын Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге арнаған. Әл-Фараби ғылымды 4 топқа бөліп жіктейді де, оның біріншісі – тіл туралы ғылым дейді [1, 13б.]. Бұл «Өнер алды қызыл тіл» деген қанатты сөзбен үндес. Халықтың сөз өнері – рухани бұлағынан сусындаған әл-Машаниге де ұлы ұстаз өнегесі дарыған секілді. Алайда, мамандығы инженер, әрі ғылым дамуының басқа дәуірінде өмір сүріп жатқандықтан оның тіл мәселесіне келуі де басқашалау.

Ақжан Әл-Машани ұлы ұстаз еңбектеріне ден қойғаннан бастап өмір шындығын іздеуге бет бұрады. Ол өз сөзінде: «... қауіп жоқ емес бар, бірақ «Шегірткеден қорыққан егін екпес» дегендей, әл-Фарабидей дананың шындық жолына басты бөйгеге тігудің өзі де бір бақыт емес пе?» – дейді.

Ғылым іздеудің негізгі мәнін түсінген бұрынғы ғалымдардың қай-қайсысы да өмірдің ақиқатын тануға ұмтылғаны тарихтан белгілі. А. әл-Машани шыдықты тану жолында әл-Фарабимен ғана шектелмей жан-жақты ізденеді. Мысалы, «Маржани өз заманында шындық іздеген адам. Шындықты ол тарихтан, ғылымнан, діннен өзінің адамдық арынан, халқының ғұрпынан, тілінен іздеген...». Сондай-ақ, «Абай мен Шәкәрімнің Маржани мен Толстойды жоғары құрметтеуі, оларды бірдей ұстаз тұтуы сол шындық іздеу жолындағы ортақ пиғылдарының дәлелі. Бұл даналардың діні шындықта» [2, 90 б.] – деген жолдар олардың еңбектерін терең зерттеп, түсінгендігінің көрсеткіші. Даналардың ізімен Ақжан әл-Машани сол талапты өзіне де қойып, ақыры ұлт болмысының көрсеткіші туған тілдің асыл қазынасына бас қойды. Мамандығының басқа болғанына қарамастан, оның тілге бет бұруының бір себебі өзі іздеген шындықтың бір ұшығы сол ауылдан «менмұндалап» шақыра бергендігінде секілді. Тілдегі сөздердің астарлы мазмұнына ден қоюы, яғни, ілгеріде атап өткеніміздей, «тіл мәселесіне келуі басқашалау» деуіміздің себебі осында.

Геолог-ғалым ізденісті өз саласы бойынша бастағанмен, жан-жақты игерген білімі оны негізгі мақсат биігіне көтерді. Бұл жөнінде ол былай дейді: “Ұзақ өмір бойында менің жиған тергендерім үш бастаудың құйған арнасы деуге болады: Бірінші табиғат ғылымдарының дәлелді табыстары. Екінші

адам баласының табиғат танудағы жолдары (табиғи, тарихи, діни). Үшінші, Ана тілінің (қазақ тілінің) қазынасы. Осы үшеуінен де біздің заманымызда мол мәлімет жарыққа шығуда» [3, 4 б.].

Ақжан әл-Машани шындықты іздеу жолында қасиетті Құранға да көп зер салады. Құран мәліметтері бойынша дүниені Алла біртұтас етіп жаратқан. Ғалым пікірі де осыған саяды – аталған үш бастауды бір арнаға тоғыстыра қарауы да осы тұтастықты танудың белгісі болып табылады. Ол ғылым салалары бір-бірімен байланыста болса, олардан қалатын құндылық та жоғары болар еді деген тұжырым жасайды. Сөйтіп өз еңбегінде бұл бағытта біршама, құнды ізденістерге барады. Соның бірі ретінде, жер қазынасын зерттей жүріп, оған қатысты ғасырлар қойнауынан жеткен сөз қазынасындағы сырларға да үнілуін атауға болады: “Қазақтың қазыналы тілінде” ғажайып сырлар жатыр: шама келгенше соның шетін ашып қарасақ деген ой туды” [3, 6 б.].

Тілдің шығуы туралы киелі кітаптардан дерек келтірген ғалымдар бұрын да болған. Мысалы, орыс ғалымы А. А. Реформатский Бытия кітабының деректеріне жүгінеді де, онан бір-біріне қарама-қайшы екі түрлі мысал келтіреді [4, 458 б.]. Ақжан әл-Машани де тіл туралы ойларында әуелі Құран Кәрімге сілтеме жасайды. “Ақыл иесі адам баласының басқалардан бір айырмашылығы оның табиғат тануында. Табиғат тануды адамға Тәңірі өзі үйреткен, ол жөнінде де Құран кәрімде айтылған”. “Содан Адамға Алла бар нәрсенің атын үйретті” [3, 6 бет]. Бұл мысалдан адам тіл үйрену арқылы білімді қабылдады деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар тіл мен ойлаудың әу бастан-ақ тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Тіл өмір шындығының бейнесі – өмірде бар заттар мен құбылыстардың атауы тілде жекелеген сөздер арқылы таңбаланады. Мәселе тілдегі сөздердің өн бойына жинақталған сол шындықтың қалай ашылуында. Әл-Машани жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің сырларына үңіліп оған табиғат тану тұрғысынан келеді. Мысалы аспан денелері – жұлдыз, ай, күннің қозғалысы мен олардың өзара байланысын сипаттай келіп, “Темірқазық” (жұлдыз атауы) аспанның төбесі деп көрсетеді: “Көк – Шөміш, Жетіқарақшы аспан сағатының тілі, оны бекіткен қазық аспан төбесі – Темірқазық”.

Жетіқарақшы – Көк Шөміштің маңдайындағы екі жұлдыз арқылы сығалағанда Темірқазық жұлдызы табылады, яғни аспанның көк төбесі табылады. Мақсат сол, әлемнің мұнарасы сол, соны тапқан адам мақсатқа жетеді, адаспай мұратына жетеді. Оны табудың нысанасы Жетіқарақшы, сол себепті халқымыздың “Жетіқарақшыны таныған жеті кара түнде де адаспайды”, - дейтін мақалы осыдан» [2, 103 б.] – деп ауыз әдебиетінің шегінде – ертегі, аңыздардың төңірегінде қаралып жүрген мәселені ғылыми негізде дәлелдеп, ұлттың таным – тамырының қаншалықты тереңде жатқандығын анықтап береді. Ғалым тұжырымдарына сүйеніп, Темірқазық, Жетіқарақшы жұлдыздарының неге бұлай аталу себептерін анықтауға болады. Ал олар туралы айтылатын аңыз-ертегілер кейінгі замандарда туған көркем ойдың жемісі. «Жетіқарақшы» атауы да сол аңыздардың негізінде шыққан, бұл жұлдыз санына байланысты «Жетіген» деп де аталады. Көне түркі тіліндегі «Jetigen» астр. «Большая Медведица [МК III 247; *QVN* 17728; ТТ VII 40] осындай ойға жетелейді [5, 259 б.] (Қазір бұл атау қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінде сақталған). Сөйтіп, Темірқазық жұлдызының атауы мен мағынасы арасындағы байланысты өз тарапынан «ежелгі табиғи, тарихи-болмыс, ғылыми мағынасында қарап» ғылыми дәлелді әрі түсінікті тілмен баяндап береді.

Темірқазықтың басқаша аталмай темір сөзімен тіркесуінде де терең сыр бар деп біледі ғалым. «Ай арысы» ғылым жаңалықтары» атты еңбегінің «Темірдің өзгешеліктері» атты тарауында бұл мәселеге арнайы тоқталады: «Темірдің ең тамаша қасиетінің айқын біреуі оның магниттік қасиеті... Мұның Темір Қазық түсінігімен байланысы бар екені айқын, өйткені магнит тілі (компастың) солтүстікке Темірқазыққа қарай бұрылады» – дейді. Бұл арнаулы мамандар болмаса, қарапайым көпшіліктің ойына келе қоймайтын пікір. Темірқазықтың осындай қасиетін аша отырып, Тазша баланың «Қырық өтірігіндегі» кей шындыққа ғылыми болжамдар жасайды. «Содан кейін жанында тебен инесі бар еді соны жерге қадап қойып, соның үшіне шығады. Сонда ғана ол бошалап шығып кеткен ала биені ала құлынымен табады.

Магнит қасиетін білмеген адамға бұл өтірік болып көрінеді. Ал магнит қасиетін білген адамға Тазшаның магнит компасты пайдаланғаны көрініп тұр Аңыздағы жоғалған Ала бие мен ала құлынның Айдың ар жағы, Шожанның бер жағынан табылуына да назар аударады және ала бие мен ала құлын деген – бұл наурыз күндерінде жыл басын бақылау» – дейді [3. 38 бет].

Төңіректің төрт бұрышын, аспан әлемін бақылауда компас жәрдем береді. Магнит тілін арабтарда ине (абра), ал компасты баит абра (ине үйі) деп аталады. Қазақ тілінде тебен деп үлкен инені айтады [3.38]. Демек, халқымыз табиғат сырларына ертеден-ақ ден қойып, оның құпияларын ашуда елеулі табыстарға қол жеткізгендігінің бір көрсеткіші. Қазақ ауыз әдебиетінде ойды астарлап,

әр нәрсені теңеу немесе жұмбақтап жеткізу қалыптасқан дәстүрлі жүйе. Алайда, осылардың бәрінде даналыққа құрылған сюжет болатыны белгілі. «Қырық өтірікке» осы тұрғыдан келер болсақ, өтіріктің де өмір шындығымен байланысып жатқанын көреміз. Бұл жерде шындықты өтіріке айналдырып тұрған заттардың орны ғана (компастың орнына ине, жыл басының орнына ала бие мен ала құлын т.б. қолданылып тұр). Қиял-ғажайып ертегілерде адам орнына жануарлардың қойылуы осыны елестетеді.

Сөз мағынасында сақталған ақпараттар шындығын ашудың бұл өте бір тиімді тәсілі болса керек. Ғалым табиғат тану ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, халқымыздың тіл-қазынасындағы құндылықтарды аршып алудың осындай бір жолын нұсқағандай және мәселеге жаңа қырынан қарауға үндейтіндей.

Ғалым өз еңбектерінде Темірқазық атауының мәнін аша отырып, күн мен ай және өзге де жұлдыздар турасында көптеген мәліметтер береді. Оларға қатысты 3, 5, 7, 9, 12 сандарының сырларына үніледі. Бұл сандардың әрқайсысы барлық ғаламның негізін құраушы тектермен байланысты. 12 жылдың бір мүшел болуы, жылдың 12 айға бөлінуі, айдың аптаға (7 күнге) бөлінуі, музыкалық ноталар (әл-Фарабиде) санының 7 болуында үлкен мән бар, – дейді. Осы сандар арқылы аспан мен жердің байланысы, екеуінің арасындағы үндестік аңғарылады. Мысалы, 5 саны туралы әл-Фараби еңбектері бойынша А.Әл-машани «... барлық дүниені құраушы тектерсаны, пешене – күт саны: от, су, жел, жер, әсір (жұлдыз – эфир). Бұл тектердің алғашқы төртеуі жер саны, кейінгісі бесіншісі аспандық. Қазақтың пешене – бес ана деп келетін түсінігі осы басқы – алғашқы табиғи тек снымен байланысты деп білеміз. Оны ертеде күт дейді екен» [2, 100 б.] – деген тұжырым жасайды. Бұл жерде де көк пен жерге ортақ нәрселер бөлінбей біртұтастықта қалып тұр. Көк пен жердің арасындағы байланыс жөнінде А.әл-Машани Александр Македонский заманында тасқа қашалған «төмендегілер жоғарыдағыға ұқсас, жоғарыдағы төмендегілерге ұқсас» - деген нақылға мән береді [3. 9]. Мұнан шығатын қорытынды: аспан мен жер адами түсінік бойынша жоғарғы және төменгі әлем болып екіге бөлінгенмен, аспан әлемімен екеуінің негізі бір, екеуіне ортақ ырғақ, қозғалыс, ғажайып үндестік бар.

Ілгеріде аталған сандардың халық санасында қасиетті, киелі саналуының сырларын ғұлама еңбегінен табуға болады. Мысалы, Абай шығармасындағы Шыңғысты хан көтеруге қазақтың он екі атасынан он екі адам келеді. Ерте замандардағы ескі қалаларда (Вавилон, Мысыр, Шам, Бұхара) 12 қақпа болған, оның әрқайсысы әр айда бас қақпа ретінде саналады. Сонымен қатар әр күнге арналған қақпа бар. Бір айда орта есеппен отыз күн бар. Ай әр күнде қай жұлдыздың тұсында болатынына байланысты күннің сәтін, қасиетін айыру әдеті болған екен. Ғалым Орта Азия мен Қазақстандағы көне кітаптарда Ай аялдмасының кестесі болғанын айтады. Осы орайда көне түркі-шумер тілінде қақпаны – бап деп атағаны жөнінде де мәлімет береді. Ал, Ан – Он аспан деген сөз, сонда Вавилон – аспан қақпасы мағынасын береді. Демек, отыз бап дегеніміз – отыз қақпа (аспан қақпасы) болып шығады. Осы талдаулар барысында ғалым Аполлон мен Арыстан бапты бір деп түсіну керектігін айтады. «Ертедегі грек аңыз бойынша Аполлон әулие аспан қақпасының күзетшісі дейді. Ол сөз Шумердің қақпа күзетшісі – Апулуна деген сөзінен алынса керек. Бұл сөзді біз былай түсінеміз: Абу+улу+ан, яғни «аспан ұлу атасы» деген мағынада, өйткені ұлу біздің мүшел жұлдыз атауы. Ол арыстанмен бір ұялы мағынада. Екеуінің ұясы Көк – Шөміштің маңдайы арқылы Темірқазықты табатын жолда. Аспан қақпасы осы» [3.14].

Мағыналары көмескі тартқан мұндай сөздердің шығу тарихына қатысты мәселеде этимологиялық талдауларға да жүгінуге тура келетіні белгілі. Алайда, ілгеріде аталған аспан денелері атауларының бойында сақталған халқымыздың ғылыми-танымдық көзқарастарына байланысты ақпараттардың құпиясын ашу сала мамандары тарапынан да қолға алынса нұр үстіне нұр болар еді.

Біртұтас ғалам түрлі бөлшектерден тұрады. Ол бөлшектер өзіндік табиғатына сай өмір сүре отырып, бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сондықтан, зат немесе құбылыстың сырларын терең білу үшін өзгелерімен байланыста қараудың маңызы зор. Тілдік тұрғыдан алғанда, адам өзі таныған нәрсесіне атау беруде оның белгілі бір қасиетін басшылыққа алады. Өткен күндердегі халқымыздың таным әлеміне қатысты құндылықтардан тамыр үзіп қалуымызға байланысты, қазір кез келген атаудың сырлары бізге толық мәлім дей алмаймыз. Бұрынғылар ол атаудың әрқайсысын дүниенің өзі таныған сырларымен байланыста қойған. Бүгінгі ғалымдардың әр саладан хабары болуы керек дейтін А.әл-Машанидың пікірі осындай өмір шындығынан алынса керек. Сол секілді әл-Фарабидің ғұламалығы да әлемді тұтастай тани отырып, жеке салаларға бойлауында.

Бүгінгі тіл білімінде де бұл мәселе қолға алынып жатыр – этнолингвистика, когнитивтілингвистика, экстралингвистика т.б. салалардың ұстанған негізгі мақсаттары – тілді ұлтың салт-дәстүрімен, танымымен, қоршаған ортамен т.б. байланыста қарастыру. Егер сала мамандарының көмегіне сүйене

отырып жүргізілсе, ұлттық тілдің ақпараттық мазмұны әлі де талай мәлімет берері анық. Ғұлама ғалым, ұстаз А.әл-Машани тарапынан көтерілген бұл бастаманы, ұлттық қайнардан сусындаған, кейінгі шәкірттері әрі қарай жалғастырады сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Аль-Фараби А. Избранные трактаты / Перевод с арабского. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 стр.
2. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 бет.
3. Әл-Машани А. «Ай арысы» ғылым жаңалықтары. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 100 бет.
4. Реформатский А.А. Введение языковедение. Москва: «Аспект Пресс», 1999. – 536 с.
5. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.

Әбжаппарова Б.Ж.

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық интеллигенцияның рөлі» аталатын бөлімінде «Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелер экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. Рухани дамуда негізгі рөлге әрқашан интеллигенция ие. 2050 жылғы Қазақстан прогрессивті идеалдар қоғамы болуға тиіс. Біздің қоғамымыздың қазіргі көзқарастарының негізін дәл осы интеллигенция беруі керек. [1] Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс. Біз жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс өз заманымыздың жаңа қаһармандарын көрсету және жасауымыз керек. [2] Интеллигенция менің пайымдауымдағы Қазақстан-2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальді, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс», - деп ойын тұжырымдаған еді. [1]

Соның ішінде Қазақстанның инженер-техникалық интеллигенциясының тарихын өз алдына бөлек қарастырып, объективті бағасын беру – бүгінгі заман талабына сай қажеттіліктен туындап отыр. Инженер-техникалық интеллигенция қоғамның рухани-имандылық негізіне ықпал етуші күшке айналғаны өз алдына, ол интеллигенцияның негізгі топтарының бірі болып саналады. Сондықтан, осы инженер техникалық интеллигенцияның жарқын өкілдерінің бірі - Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани қазба байлықтарын зерттеуші, тау-кен инженер-геологы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, тарихшы, шығыстанушы, филолог, Қазақстандағы геомеханикалық зерттеулердің, қазақ ғылыми фантастикасының негізін қалаушы феноменін зерттеу тарихта ерекше орын алады. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани халқы мен елінің алдында перзенттік парызын түсініп, атақты әл-Фарабиді әлемге танытқан тұлға. Сондықтан, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің өмірі мен қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу – біздің басты парызымыз.

Кеңес өкіметі орнаған кезеңде Қазақстанда бірде-бір техникалық жоғары оқу орны болмады. А.Ж. Машанов алғашқы рет ашылған Қазақ Тау-кен институтына 1934 жылы түсіп, 1939 жылы «тау-кен ісінің инженер-геологы» мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтайды.

А.Ж. Машанов Қазақ Тау-кен институтының алғашқы аспиранты болып, Қазақстандағы маркшейдерлік мамандықтың негізін қалаушы, ғылыми жетекшісі профессор П.А. Рыжовтың басшылығымен 1943 жылы «Структура Тургайского рудного поля» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. [2] А.Ж. Машановтың Торғай кен алқабының геологиялық құрылымы механизмін зерттеу барысында қазба байлықтардың геометриясын жасау тәсілін қолдануы геология және тау-кен ғылымы жолындағы алғашқы ғылыми жаңалық болып саналды.

Қазақстанның жас ғалымдары А.Ж. Машановтың басшылығымен түсті металдардың көптеген кен орындарында, атап айтқанда Жезқазған мыс-кені бассейнінде қазба байлықтардың геометриясын жасау тәсілдерін қолданды.

А.Ж. Машановтың 1945 жылы «Основы новой методики изучения структуры рудных полей методом геометрии полей» тақырыбында монографиясы жарық көрді. 1946 жылы «Исследования струк-

туры рудных полей методом геометрии недр» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. А.Ж. Машанов геология, механика, тау-кен ісі білімдерін үйлесімді пайдалана отырып, жаңа «геомеханика» тәрізді ғылыми бағытты қалыптастыра алды. Ғалымның еңбектері шетелде, атап айтқанда маркшейдерлік ғылым саласының негізі болып саналатын Германияда неміс тілінде жарық көрді.

1946 жылы А.Ж. Машанов Қ.И. Сәтбаев және Қазақстанның басқа да көрнекті ғалымдарымен қатар Қазақстан Ғылым Академиясының негізін қалауға атсалысты. 1950-1997 жылдар аралығында Қазақ Тау-кен институтында қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университетінде «Маркшейдерлік іс» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Осы университетте 60 жылдан астам еңбек етті. [3] А.Ж. Машановтың жетекшілігімен 1000-нан астам инженер-маркшейдерлер, 25-тен астам техника ғылымдарының кандидаты мен докторларын даярлады.

А.Ж. Машановтың Қазақстан ғылымы саласына қосқан үлесі Әбу Насыр әл-Фарабидің Отырарда дүниеге келіп, біздің отандасымыз екендігін дәлелдеуі болды.

Араб тілін терең білетін А.Ж. Машанов Иоганн Кеплердің «Музыка небес» кітабын оқи отырып, көптеген мәліметтердің, фактілердің аль-Фарабидің «Китаб аль музыка аль Кабир» деп аталатын кітабынан алынғандығын 1972 жылы «әл-Фараби» журналында «Орта Азия мәдениетінің жұлдыздары» тақырыбында мақаласын жариялап дәлелдеді. Осыдан кейін сын пікір білдірушілер әл-Машани мырза дұрыс айтады деп тұжырымдады.

Осы уақыттан бастап араб ғалымдары ғалымға әл-Машани деген ат берді. Әрі, әл-Машаниді «XX ғасырдың әл-Фарабиі» деп атай бастады.

Ақжан әл-Машани әл-Фарабидің ғылыми мұраларын зерттеудің алғашқы кеңесшісі болғандықтан, ғалымның ұсынысымен 1973 жылы Алматыда әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған халықаралық конференцияны ұйымдастырылды.

1973 жылы Әбу-Насыр әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына арналған дүниежүзілік конференцияға Азия мен Африка және Европа елдерінен ғалымдар келіп, бас баяндаманы Ш. Есенов жасайды. Онда сөз кезегін алған пакистандық Фаиз Ахмад Фаиз «...Ғажайып өлке Қазақстанда қазір таңғаларлық Ғылым Академиясы, ғылыми-зерттеу институттары өсіп жетілді. Әлемге әлі де бір әл-Фараби емес, оның бірнеше ойшыл ұрпақтарын беретіндеріңізге сенемін. Соның бір мысалы, Қазақстан Ғылым Академиясының қазіргі президенті, осы жиынды ұйымдастырып, тамаша баяндама жасаған бауырымыз Шахмардан Есенов деп білемін» - деп ағынан жарылады. [4, 124-126] Мұндай шамадан артық мадақтауға бой үйретпеген Шахмардан Есеновке бұл тосын болғаны рас. Алайда халықаралық форумда айтылып, қонақтардың бүкіл дүиежүзіне айтып жүреміз деп жариялауы түбінде пайдасынан зияны көбірек болуға әкеліп соқты. Шахмардан Есенов өмір бойы «Үлкен кісі» деп ұлағатты ұстазым деп мақтан тұтып жүрген ағасы Д.А. Қонаевтың «Үлкен» жүрегі ретсіз шаншып, мен тұрғанда бұл батырдың атағы мен абыройы қалайша ғалам орбитасына көтеріледі деген пендешілік ой, сезім қысқа мерзімде бүкіл жан-дүниесін баурайлап алғандай күн кешсе керек. Күншілдік, көре алмаушылық, көрсоқырлық деген қызыл көз пәлелерге кеңінен жол беріліп, өкінішке орай сол жылдардың қасіретіне айналғаны рас. [4, 126] Халқының қамын ойлаған, мақтан етуге тұрарлық Шахмардан Есеновті ешкімге керексіз етуге тырысқан пенделер не ұтқандығын айтпай кетуге болмайды.

Ақжан әл-Машанидің «Шығыс Аристотелі», «Орталық Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «аль-Фараби және Абай» т.б. еңбектердің авторы. Ортағасырлық энциклопедистің қолжазба мұраларының трактаттарының көшірмелерін Стамбул, Каир, Тегеран, Дамаск, Бағдад, Бейрут, Лондон, Берлин, Париж, Лейденнің ғылыми орталықтарынан алдыртуға көп күш жұмсады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Машанитану негізі қаланды деп сеніммен айтуға болады. Ақжан әл-Машанидің әріптес жолдастары, ғалымдары өз естеліктері мен еңбектерінде оның қазақстандық фарабитануға қомақты үлес қосқандығын ерекше атап көрсетуде. Алайда Ақжан әл-Машанидің инженер–техникалық интеллигенция тарихында алатын орны, ортағасырлық мәдени мұралар мен дін мәселесін зерттеуге қозқарасын жаңа әдіснамалық тұрғыда саралауға жете мән берілмей отыр. Ақжан әл-Машанидің өмірі мен қызметін саралау асқан жауапкершілікті талап етеді. Тұлғаның өмірінде адам мен дәуір арасындағы байланысты, дүниетанымын айқындау маңызды орын алады.

Сондықтан, алдағы уақытта Ақжан әл-Машанидің еңбектерінің тарихи деректік маңыздылығына көңіл бөлінсе;

Ақжан әл-Машанидің мұраларын ғылыми-теориялық аспектілерін зерттеуге мән берілсе;

Ақжан әл-Машанидің еңбектерін Қазақстан тарихына арналған хрестоматияға енгізсе;

Ақжан әл-Машанидің мұраларын кеңінен насихаттауға; дәрістер ұйымдастырып, жастар ара-

сында кездесулер өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланып, теле-радиохабарлар жиі ұйымдастырылса;

Ғалымның Торғай кен орнын зерттеуге алғаш рет үлес қосқан еңбегі зор, сондықтан Қостанай облысының Арқалық қаласында Горбачев, Маясова көшелерімен қатар әл-Машани атын берсе дұрыс болар еді.

Ақжан әл-Машанидің мұраларын, тұжырымдарын зерттеу, насихаттау жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Егемен Қазақстан. 15 желтоқсан. 2012 жыл.
2. Нурпеисова М.Б., Жарқимбаев Б.М., Байгурын Ж.Ж. Ученый – энциклопедист (к 100-летию со дня рождения аль-Машани) // Вестник КазНТУ. 2006. - № 5. – С. 3-4.
3. Шулембаева Р. Гармония недр Ақжана аль-Машани // Казахстанская правда. 13 июля 2013 года.
4. Дәулетұлы Абдолла. Мәуелі әулет. - Қызылорда: Полиграфия Баспа үйі, 2007. – 200 б.

Әлменбетова У.А.

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ЗИЯЛЫ
ТҮЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ**

Қазіргі кезде ғылыми танымда шек деуге болады. Кезінде Пифагор теориясы, Ньютонның тартылыс заңы, Менделеевтің химиялық элементтер таблицасы адамзат ақыл-ойының асқаралы белесі болып, қайран қалдырушы еді, заманның ағымы бұл күні бұл ғылым жаңалықтар мектеп оқушысының түсінікті тақыптарының бірі болып қалды. Уақыттың алға жылжуына қарай ғылым да, оның методологиясы үздіксіз жаңарып, жаңғырып шапшаңдықпен алға қарай кетіп барады.

Осындай өзгерістерден, үдерістерден тарих ғылымы да тысқары қалған жоқ. Отандық тарих ғылымында ХХ ғасырдың ортасына дейін қазақ зерттеушілері еліміздің аумағындағы тас дәуірі жайлы нақты нәтижелерге қол жеткізбеген еді. Белгілі ғалымымыз тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың «Қазақстан: іргелі тарих және методология» атты ғылыми еңбегінде оған былай сипаттама берілген: «Шығыстанудағы аққан жұлдыз Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылық мұрасы жөнінен таным-түсінігіміз мейлінше үстірт болатын. Әл-Фарабидің қазақ топырағынан жаралған әлемдік екінші ұстаз екенін білген жан жоқ еді. Есесіне Қазақстандағы социалистік құрылыстың жылнамасы бүкіл елді жүгенсіз билеп-төстеген коммунистік партия идеологиясына оңтайлы нұсқада санаға да, жүрекке де шегелегендей сіңіріліп жатты» - делінген [1; 42 б].

Қазақстан тарихындағы өзекті мәселелерді зерттеудегі тақырыптардың бірі – батыртану. Бұл тақырып күрделі зерттеуді, жаңа ғылыми жақтарды саралауды, осы күнге дейін беймәлім қалып бара жатқан зиялы тұлғаларды, батырларды, қайраткерлерді анықтауды талап етеді. Ортағасырлар, қазіргі заман тарихында көптеген алаш қайраткерлері жайлы мағлұматтар берілсе де, елден жырақта жүрген қазақ зиялы тұлғаларын толықтай аша алған жоқпыз. Бұл уақыттың таразысында қалып тұр. Осы өекті тақырыптық мәселенің бірі Қытай халық республикасындағы азаттық жолында күрескен зиялы тұлғаның бірі - Оспан батыр.

Отандық тарих ғылымы күрделі өзгерістерді бастан кешіруде, енді оған сыртта жүрген қандас отандастарымыздың тарихи жақтарына көңіл аудара бастадық. Соның бірі Қытайдағы қандастарымыз, олардың өзге елде жүрсе де азаттық үшін күрескені туралы деректер елімізге тәуелсіздік алған соң жете бастады.

Шығыс Түркістанның ұлт азаттығы үшін күрескен атақты батыр Оспан Ісләмұлының коммунистік қытай билігі қолынан қаза болғанына міне 62 жыл уақыт өтті. Оспан батырдың тарихтағы орны, қазақ халқының тәуелсіздігі үшінгі күресіне әлі толық баға берілмей келеді.

Оспан батыр деген жалпы айтқанда бүкіл түркі тектес халықтардың, жекелеп айтқанда қазақ халқының ХХ-ғасырдағы әйгілі қаһарман, батыр тұлғаларының бірі. 1899 жылы Шығыс Түркістанның

Алтай аймағының Көктоғай ауданына қарасты Өндірқара (моңғолша Өндөрхар–қазақша Биікқара) деген жерде дүниеге келген. Қазақтың Орта жүзінің Абақ Керейі ішіндегі Молқы руынан шыққан.

Осы Оспан батыр Сіләмұлы төңірегіндегі кейбір зерттеу мәселелеріне көңіл аударуды жөн санадық. Ол 1944 жылы 12 қарашада Шыңжаңда Шығыс түркістан республикасын өз тәуелсіздігін жариялап, жаңа үкімет құрған. Бұл жаңа үкіметті сол кезде халық арасынан шыққан Оспан батыр алғашында жан-тәнімен қорғауға бел байлады. Оспанның батыр атағының шығуы – 1940-1951 жылдар арасы.

Іле, Алтай, Тарбағатай сияқты үш аймақты толық қамтыған Шығыс Түркістан ұлт-азаттық көтерілісінің тұтануына сол кезде Шыңжаңды билеп тұрған Шың Жы Сайдың совет өкіметінің қазақ халқының ұлт зиялыларын толықтай қырып жіберген 1937-1938 жылдардағы репрессиясын Шығыс Түркістанда кеңінен қолданып, ондағы қазақтардың бас көтерер зиялыларын жаппай түрмеге тоғытып, атуы себеп болған дейді тарихи дерек көздері. 1939-1940 жылдары ұлт-азаттық көтерілісті бастаған Есімхан, Ырысхан сынды батырлардың бастаған көтерілісін Оспан батыр жалғап әкеткен. Шығыс Түркістанда 11 жылға созылған ұлт-азаттық көтеріліс Қазақстанда болған Сырым Датұлының, Исатай мен Махамбет, Кенесары ханның ұлт-азаттық көтерілісінің заңды жалғасы еді дейді Дүниежүзі қазақтар қауымдастығына қарасты «Атажұрт» баспасының бас редакторы, жазушы Жәди Шәкен. Оның айтуынша, Оспан батыр қолбасшылық жасаған көтерілісін совет өкіметі, Моңғол өкіметі, Қытай сияқты елдер өз мүдделеріне пайдаланған.

Оспан Ісләмұлы Шығыс Түркістанның ұлт азаттығы үшін шын күрескен нағыз батыр адам. Орыс, қытай отаршылары Оспан батыр Исламұлының бұл күресінің мән мағынасын төмендету мақсатында оған негізсіз жалалар жауып келді. 1950 жылы Мәскеуден шығатын «Правда» газеті Оспанды «Американың шпионы» болған деп, ал сол жылдары Кеңес одағының құрамындағы Қазақстанның баспасөзі және арнайы жарияланған кітаптар Оспан батырды «АҚШ шпионы» не «бір топ қарақшылардың басшысы» ғана болды деп жала жауып жазды. Кейін Мәскеу мен Пекин арасындағы қарым-қатынас салқындағанда Мәскеу Оспан батыр жөніндегі бұрынғы көзқарасын өзгертіп, ол туралы басқаша жаза бастады. Соның бір мысалы ретінде кеңестік дәуірде жарияланған жазушы Қабдеш Жүмәділұлының «Соңғы көш» романын және Оспан батырға қатысты басқадай жарық көрген кітаптар, мақалаларды атауға болады. Ал Қытай билігі Оспан батыр жөніндегі бұрынғы көзқарас, пікірін әлі өзгертпей отыр [2; 81 б].

Оспан батырдың «орыстың ойыншығы» болған Шығыс Түркістан үкіметіне қарсы шығуы Мәскеудің мүддесіне қайшы болғаны анық. Сол үшін Мәскеу қалайда Оспан батырдың көзін күртудың шарасын қарастырды. Алдымен оған Үш аймақ, яғни Шығыс Түркістан үкіметі әскерлерін аттандырып, қазақты қазаққа қырғызды. Бірақ мақсатына жете алмаған соң бұл іске Моңғолияны қосты. Моңғол маршалы Чойбалсанға бұл істі тапсырды. Оспан батыр мен Моңғол маршалы Чойбалсан 1944 жылдан бастап жақын қарым-қатынаста болып, Мәскеу нұсқауымен Моңғол жағы Оспан батырға бірнеше рет қару-жарақ көмегін берді. Маршал Чойбалсан Оспан батырдың күшін гоминдандық қытайға қарсы бағыттағысы келді. Ал гоминдандық қытай әскери басшылары болса, Оспан батырды коммунистік қытайлар мен Мәскеу ықпалындағы Моңғолияға қарсы бірлесіп күресуге үгіттеді. Осындай екі оттың ортасында жүріп, Оспан батыр ең маңыздысы ол өзінің қазақ халқының ұлт азаттығы, сол үшін күресу керектігін түсіне білді.

Оспан батыр бастаған көтерілісшілерді коммунистік Қытай, гоминдаңшыл Қытай, моңғол өкіметі, Совет одағы сияқты ірі күштердің өзара қақтығысы мен саяси ойындарының құрбаны деуге болады. Оның үстіне, совет өкіметі арнайы дайындап Шығыс Түркістанға жіберген совет әскерілерінің де көтеріліс барысына әсер етуі немесе кері әсерін тигізуі және Оспанға бірнеше рет қастандық жасау - осының бәрі әлі күнге зерттелмей келе жатыр, - деді Жәди Шәкен.

Жәди Шәкеннің сөзіне қарағанда, Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілісі тарихының Қазақстан үшін әлі де болса, жат дүние ретінде қарастырылып келе жатқандығы Қазақстандағы қазіргі биліктің Совет өкіметінің «сара жолынан» таймауы кері әсерін тигізіп отыр. Оның ойынша, қазіргі биліктегі көптеген тұлғалар советтік түсінікпен өмір сүріп, ұлт идеясы, ұлтшылдық деген қасиетті ұғымдарға үрке қарайды.

Оспан батыр бастаған Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалыс кешегі алаша қозғалысымен сабақтас болғандығы бар. Оны біз 2009 жылы Түркияда тұратын ғалым Әбдуақап Қара Оспан батырдың қарулас серіктерінің бірі болған Нұрғожай батырдың жазып қалдырған естелігін «Азаттықтың өшпес рухы» деген атпен кітап етіп шығарған болатын. Сол еңбегінде осы жайлы тоқталып кеткен. Әбдуақап Қараның пікірінше, Оспан батырдың тоғыз жансерігінің бірі болған Нұрғожай батырдың көзімен

көріп, басынан кешкен нақты тарихи деректерге толы естелігін басты назарға ала отырып, қытай тарихшылары Оспан батыр туралы көзқарасты өзгертетін уақыт жетті дейді.

- Оспан батыр көтеріліске араласпай тұрғанда, Есімхан, Ырысхан бастаған батырлар орыстардың бірнеше генералдарын атып тастаған екен. Кейін өзара бітімге келгеннен кейін орыстар генералдарының сүйегін сұраған екен. Сонда Ырысхан атамыз: «Сіздер, біздің көсемдеріміз Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды қайраткерлерді атып тастадыңыздар. Сіздер, бізге солардың сүйегін қайтарып берсеңіздер біз сіздерге генералдарыңыздың сүйегін береміз», - депті. Сонда орыстың Баймурзин деген консулы бұған жауап бере алмай кетіп қалыпты. Бұл Алаш қозғалысы мен Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының арасында рухани сабақтастық болғандығының дәлелі, - деді Әбдуқап Қара. Бұдан біз Оспан батырдың кешегі зұлмат замандағы кеңес империясы кезіндегі қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялылары, Алаш қозғалысы, Қазақстандағы болып жатқан барлық тарихи оқиғалардан хабары болғанын көрсетіп тұр. Демек, Оспан батыр бастаған көтеріліс қай жағынан зерттеп қарайтын болсақ, Қытай секілді алпауыт мемлекетте ұлт-азаттық көтеріліс жасап, Шығыс Түркістан республикасын құрудың өзі оңайлықпен келмеген.

Ғалымның айтуынша, Нұрғожай батырдың туыстары батырдың жазып кеткен естелігін Қазақстанның орталық мұрағатына беруге бейілді. Ал, Оспан батырмен қатар жүріп, ұлт-азаттық көтерілістің бел ортасында жүрген батырдың балалары Шердиман, Нығметолла, Нәби үшеуі Оспан батыр 1951 жылы Қытай өкіметі тарапынан тұтқындалғаннан кейін Қытай өкіметімен 11 тармақты келісімге келіп, қалыпты тіршілік ете бастаған. Алайда, Қытайда болған «Мәдени төңкеріс» кезінде оларға «бандының құйыршығы» деген айдар тағылып қудалауға түседі.

Шердиман түрмеде азаптан көз жұмса, Нығметолла мен Нәби ауыр жұмыстан көз аспағандықтан аурудан қайтыс болған. Өркенбек Нәбиұлының айтуынша, Оспанның көзі тірі ұрпақтарының Қазақстанға қоныс аудармақ ниеттері бар екен, бірақ, Қытай өкіметі құжаттар рәсімдеуді түрлі сылтаулармен шегеріп келеді екен. Оның айтуына қарағанда, өзі бастаған батырдың немере, шөберелерінің біразы Қазақстанға келіп, оқып жатқан көрінеді. [3; 98 б]

Стамбулдағы Мимар-Синан университетінің профессоры, тарихшы Әбдіуақап Қара Америка және Еуропа ғалымдарының Оспан батыр жайындағы еңбектерін былай сабақтады: «Оспан батыр туралы зерттеулер Қазақстаннан гөрі шетелдерде көбірек айналысып, Америка мен Англия, Түркия ғалымдары ғылыми зерттеулер жазып, бұған қатты мүдделілік танытты. Сондай-ақ, Оспан батыр мен Қытайдағы ұлт-азаттық көтеріліс туралы деректердің басым көпшілігі шетел архивтерінде сақталғандығы да белгілі болып отыр. Мәселен, Гомиңдаң үкіметінің өкілдері Мао Цзе Дун жеңіске жеткеннен кейін, Тайванға қашқан екен. Сонда мұрағаттағы Шыңжаңға қатысты деректердің біразын сонда алып кеткен.

Оспан батырды зерттеуге Батыстың назары сонау 1947 жылы ауған екен. Әсіресе, 1947 жылғы Бәйтік Боғда уақиғасынан кейін Қытайдағы американ және ағылшын дипломатиялық баяндамаларында оның аты атала бастаған. Үш аймақшылдардан ат құйрығын кесіскен Оспан батыр 1946 жылы көкек айында Бәйтікке барып орналасты. Бұл жерде Моңғол әскерлерімен шайқасты. Бірақ бұл жағдай Моңғолия мен Советтер одағының алаңдауына негіз болды. 1947 жылы 5 маусымда Советтер одағының қолдауымен 4-5 ұшақ және 500 әскер Оспанға шабуыл жасады. Қытай бұған ресми түрде наразылық білдірді. Бұл мәселе халықаралық дауға айналды. «Чикаго Дейли Ньюстің» тілшісі Доак Барнетт сол оқиғадан кейін Оспан батырды тауып кездескен. Ол 1947-1949 жылдары арасында Қытайда көріп білгендерін «Коммунистік төңкерістің қарсаңындағы Қытай» атты және 1963 жылы жарық көрген кітабында жазылған. Бұдан кейін Ян Моррисон атты ағылшын журналисі барып кездескен екен. Бұл кісілердің еңбектері кітап болып басылып шыққан [4; 184 б].

1956 жылы Оспан батыр туралы алғашқы көлемді еңбек Лондонда жарық көреді. Ол «Kazakh Exodus» яғни «Қазақ босқындары» деген атпен шыққан. Көлемі 200 беттен тұратын бұл кітапта Оспан батыр бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жан-жақты баяндалады. 1960 жылы бұл кітап Түркияда түрік тілінде басылады. Онда Оспан батырдың туғанынан, батыр ретінде қалыптасқанына дейін, сондай-ақ, 1951 жылы қолға түсіп, шейіт болғанына дейінгі аралық толық қамтылған. Бұл кітап сол кездегі деректер негізінде жазылды, бірақ соған қарамастан тарихи фактілері жағынан өте құнды кітаптардың бірі. Кейіннен жаңа деректер мен айғақтардың пайда болуына байланысты оның да кемшіліктері барлығы айқындалды.

Бұдан кейінгі тағы бір маңызды еңбек – 1986 жылы шетелде жарық көрген Эндрю Форбестің

«Қытай Орталық Азиясындағы сардарлар және мұсылмандар: республикашыл Шыңжаңның саяси тарихы 1911-1949» деп аталады [5; 346 б].

Ал, келесі деректерді америкалық тарихшы Линда Бенсонның Іле көтерілісі жайындағы еңбектерінен көреміз. Ол 1988 жылы «Шыңжаңдағы этникалық азшылық және қазақтар туралы зерттеулер» атты кітабындағы бір тарауын «Қазақтың алтын аңызы – Оспан батыр» деп атаған. Бұнда да Оспан батырдың ерлігі, қайсарлығы, жасаған жұмысы жан-жақты баяндалған. Оспан батыр туралы зерттеулердің ең соңғысы 1999 жылы Гонконгта «Совет Одағының көлеңкесіндегі Іле уақиғасы Шыңжаңдағы этникалық қақтығыстар мен халықаралық бақталастықтар 1944 – 1949» деген атпен жарық көрді. Кітап авторы Дейвид Уаң 1979 жылға дейін Шыңжаңда тұрған қытай азаматы. Іле көтерілісі туралы қазақ, ұйғыр достарынан көп әңгімелер естігеннен кейін бұл жайлы ғылыми зерттеу жасауды армандайды. Қытайда мүмкіндік болмайтынын біліп, Австралияның Тасмания университетіне барып, 1987 жылы докторлық диссертация қорғаған екен. Көлемі 600 беттен тұратын бұл кітапта көптеген деректер талданған [6; 267 б].

Демек, Оспан батыр бүкіл әлемді елеңдеткен қазақтың бірден-бір тұлғасы. Алайда, Қазақстанда Оспан батыр жөнінде зерттеулер әлі тиянақтала қойған жоқ. Ендігі зерттеулер ісі Қазақстанда жалғасса тапса деп өзге елдегі отандас ғалымдарымыз үміт күтуде. [7; 74 б]

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Тұрсынхан Зекенұлы Қытай зерттеулеріндегі деректерге үңілді.

Оспан батыр жөнінде деректердің негізі Қытай мұрағаттарында қаттаулы тұр. Оған әзірге ешкімнің тісі бата қояр емес. Сол құжаттардың бір бөлігін кезінде гоминдаңшылар Қытайға алып кетіп қалған. Ертеректе Тайванда «Шыңжаңдағы 70 жылдық боран» деген кітап шыққан екен. Бұл сол мұрағат деректері негізінде жарық көріпті. Сол кітаптың бір данасы Шыңжаңдағы кітапханада болушы еді. Мен ол кітапты өз көзіммен көріп, оқып шыққан жайым бар дейді ғалым.

Қытай мен Тайванда Шығыс Түркістан ұлт-азаттық көтерілісіне екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Біріншісі – Оспан батырды банды, коммунизмге және ел тұтастығына қарсы адам ретінде бағалайды. Кезінде солай айыптап, ату жазасына бұйырғаны белгілі. Ал, Тайванда керісінше, олар оның Гоминдандарды жақтағанына орай және Моңғолияның шекарадағы арандату ісіне, Бәйтік оқиғасына байланысты оны отансүйгіш батыр ретінде көрсетеді.

2002 жылдың 29 сәуірінде Алматы қаласында Түркістан Ислам мәдениет орталығында Оспан батыр Ісләмұлының өмірден өткеніне 50 жылдығына орай оны еске алды. Оспан батыр есімін көтеруге еселі үлес қосқан белгілі тұлға, қаламгер, марқұм Хасан Оралтай болатын [8; 17 б].

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен батырлар, соның ішінде Оспан батырдың ерлігін артындағы халқы ұмытпауы үшін әлі де біраз еңбектер жасау қажет. Тарихты зерттеуші ғалымдар Оспан батырдың кім болғанын, қандай мақсатпен өзінің жауларымен күрескендігін әлі де жақсылап зерттесе, соның нәтижесін қа, көпшілік қауымға, жастарға жеткізіліп отырса үлкен іс болары хақ [9; 222 б]

Кеңес империясы тарады, бірақ сол империяның Оспан батырға қатысты жүргізген саясатын әшкерлейтін көптеген құжаттар шаң басып мұрағаттарда жатыр. Соны шығарып келіп, жұртшылыққа танысырып, бұл Оспан батыр туралы біліп тануға, батыртанудың ғылыми саласының негізі қалануда, соған бұл да бір баспалдақ болып қаланар еді. Батыртануды ғылыми негізін бастап, оны ғылыми сала ретінде алғашқы болып көтерген белгілі ғалым, т.ғ. докторы, профессор Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов еді. Сол бастаған ғылыми бастаманы ары жалғастыру бүгінгі тарихшылардың басты міндеттерінің бірі. Жалпы, қорыта айтқанда, Оспан батырды тануға қосылған еңбектер, зерттеулер, мақалалар баға толмас үлкен құнды материал болар еді. Сондай-ақ Оспан батырға қатысты моңғол мұрағаттарындағы біраз материалдар зерттеушілер қолына барды, енді қалғаны қытай мұрағаттарындағы Оспан батырға қатысты материалдарға қол жеткізу болмақ. Қазақ елі өзінің Оспан секілді осындай батырларын ұлықтап, оларды жас ұрпақ санасына құйып отыру– қазіргі Қазақ мемлекетінің парызы болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Х.М. «Қазақстан: іргелі тарих және методология». Астана: Фолиант, 2006 ж.
2. Жүмәділұлы Қабдеш. «Соңғы көш». Алматы: Жазушы баспасы, 1998 ж. 81-бет
3. Оралтай Хасан. «Елім-айлап өткен өмірім» кітабы. Стамбұл: 1999 ж.. 11-54 бет.
4. Доак Барнетт. «Коммунистік төңкерістің қарсаңындағы Қытай». Чикаго: 1963 ж, 200 бет
5. Дейвид Уаң. «Совет Одағының көлеңкесіндегі Іле уақиғасы Шыңжаңдағы этникалық қақтығыстар мен халықаралық бақталастықтар 1944 – 1949». Гонконг: 1999 ж 600 бет

6. Эндрю Форбес. «Қытай Орталық Азиясындағы сардарлар және мұсылмандар: республикашыл Шыңжаңның саяси тарихы 1911-1949». Вашингтон: 1986 ж 300 бет.
7. Халифа Алтай. «Естеліктерім». Стамбұл. 1981 ж. 300 бет
8. Оралтай Хасан. «Еркіндік жолындағы Шығыс Түркістан қазақтары». Измир: 1961 ж, 300 бет
9. Дейвид Уаң. «Совет Одағының көлеңкесіндегі Іле уақиғасы Шыңжаңдағы этникалық қақтығыстар мен халықаралық бақталастықтар 1944 – 1949». Гонконг: 1999 ж 600 бет

Байдалы Р.Ж., Кабульдинов З.Е.

АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Айдархан Тұрлыбайұлы 1877 жылы 25 тамызда бұрынғы Ақмола облысы Көкшетау уезі Мезгіл болысына [1, 30 п.] қарасты арғын қарауылдың алты ауылының №1 ауылында дүниеге келді. Қазіргі Ақмола облысы Келлер ауданы Талап ауылы. Оның әкесі Тұрлыбай Арғын, Қарауыл руынан тараған Шөмектің ұрпағы. Анасының есімі Алтын. Қолда бар мәліметтерге жүгінсек Айдархан атадан жалғыз емес. Айдархан Тұрлыбаев туралы естелік жазған Гүлнәр Дулатова былай деп жазады: «Тұрлыбайдың шаңырағына біткен бар байлығы-жеті баласы, Айдархан бесінші»[2, 3 б.]ал соңғы мәліметтерге сүйенсек Көкшетау қаласындағы немере туыстары Қалиолиндар, үш ағайынды Айдархан екіншісі дейді. Қалай дегенмен көп балалы үйде тәрбиеленген. Әкесі Тұрлыбайдың көзі ашық көкірегі ояу болса керек, оқуға қабылетті әуелі ауылда кейін Көкшетау қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінің интернатында оқиды.

Кейін оны бітіргеннен кейін Омбы гимназиясына қалай түсті дегенде Көкшетаулық ғалым Қадіржан Әбуов мынадай ел аузындағы мәліметті келтіреді: «Талап ауылының маңында Алабота деген жерде Шалабай деген қажы өмір сүрген. Оның алты ұлы, бір қызы болыпты. Сол кезде жоғарыдан мынадай нұсқау келген екен: байлар балаларын орыс қалаларына білім алуға жіберсін. Сонда Шалабай қажы өз балаларын орыстанып кетеді деп қауіптеніп, кедей Тұрлыбай отбасынан Айдарханды жіберген. Кім оқуға барады деген кезде кішкентай, қара домалақ бала мен барамын деп атып тұрған екен» [3, 143 б.].

Қалай дегенмен де Айдарханның зеректігінен Омбы қаласындағы бірінші классикалық ерлер гимназиясына 1889 жылы оқуға түседі. Бұл оқу орны 1876 жылы құрылған болатын. Ол аяқталған орта білім беріп, жоғары оқу орындарына тусуге түлектерді дайындайтын. Оқу курсы 8-жыл, оны директор басқаратын. Оқу тәрбие жұмысымен сынып жетекшісі айналысып, оқушының отбасымен байланыс орнатты. Гимназия оқытушылары бірнеше пәннен сабақ берді. Негізінен көне тілдердерге көп көңіл бөлінді [4, 1 п.].

Гимназия басшылығымен қатар жергілікті әкімшілік билік сырттай қатаң бақылауда ұстады. Айдархан Тұрлыбаев мемлекеттік дәрежеге ие орыс тілінің мәртебесін түсінді. Аттестат бағасына қарасақ орыс тілін меңгергенін көрсетті. Ол білім көрсеткіші университетте оқуға мүмкіндік берді. Сол уақыт ағымына сай қазақ балалары сияқты Тұрлыбаевта гимназия пансионында тұрды. Онда негізінен орыс тілді балалармен тез араласып тіл табысты. Жүйеге келтірілген оқу процесінің нәтижесінде гимназия қабырғасы орыс тілін тез игеруге жағдай жасады. Оған оқытушылар құрамы да әсер етті. Гимназия директоры И.Д. Муратов Санкт-Петербург университеті тарих-филология факультетінің түлегі, инспектор И.А. Снигерев Славян филологиясының магистрі қалған 14 оқытушының 11-де жоғары білім болса, қалғандарында юнкер училищесі мен мұғалім семинариясының диплом иегерлері еді [5, 47 б.].

1894 жылы Санкт-Петербургтың Орман институтын орман экономисі мамандығы бойынша бітіріп келген Әлихан Бөкейхан бір кезде өзі оқыған Омбы қаласына қайтып оралады. Әлихандай білімді қазақтың төңірегіне Омбыда оқитын, қызмет істейтін талапты қазақ жастары топтасты. Солардың ішінде А.Тұрлыбаевта бар.

Омбы классикалық гимназиясын екі степендиат Тұрлыбаев (Ақмола облысы) және Мәрсеков (Семей облысы) бітіріп шықты, сондықтан аталған гимназияның 1897-1998 оқу жылында екі степендияның орны бос [6, 151 б.].Ал ақылы бөлімде Айдархан Тұрлыбаев, Раймжан Мәрсековпен қатар Қарқаралы қаласындағы орыс-қазақ мектеп интернатының түлегі Жақып Ақпаевта Омбы гимназиясында жеті жыл оқып, бір жылын Томск гимназиясында оқып бітіреді.

Айдархан Тұрлыбайұлы гимназияны бітірісімен Санкт-Петербург университетінің заң

факультетіне оқуға түседі. Дала генерал-губернатордың бұйрығы бойынша жыл сайын Ақмола облысының шәкіртақысын (400 рубль) алып отырады [7, 34 п.]. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Санкт-Петербург университетінде оқыған қазақ жастарының саны жиырманың үстінде. Солардың бірі-А.Тұрлыбаев. Яғни қазақ зиялыларының басым көпшілігі ол кездерде Ресейдің ірі деген қалаларындағы оқу орындарынан білім алып, саяси әрекеттерге алғаш сол жақтарда араласып, қоғамдық-саяси көзқарастарын қалыптастыра бастаған. Ал адамның тұлға ретіндегі қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына оқыған оқу орнының ықпалы қашан да жоғары дәрежеде болды [8, 122 б.].

Омбы гимназиясында қатар оқыған құрдастар А.Тұрлыбаев, Ж. Ақпаев және Р.Мәрсековтер Университетте бір факультетте қатар оқып, кейін Омбы округтік сотында бірге елге қызмет жасайды.

Ақмола облысының орталығы Омбы қаласында А.Тұрлыбайұлы 1902 жылдан бастап Омбы, Тобыл аймақтық соты саласында сот қызметінің кіші кандидаты, азаматтық департамент хатшысының көмекшісі, колледждік хатшы, сот қызметінің жоғарғы кандидаты, дәрежелі кеңесші, сот, колледждік ассесор, алқа кеңесшісі, Омбы аймақтық сотының мүшесі деген лауазымды қызметтер атқарады.

Омбы облыстық тарихи мұрағатында Айдархан Тұрлыбаевтың жеке ісінде: «1902 жылды 8 шілдесіндегі Омбы Сот палатасы аға төрағасының №27 қаулысымен Омбы Сот палатасы сот қызметіне кіші үміткер қызметіне қабылданады» [9, 3 п.]. Кейін ол 1903 жылдың 1 сәуірінде «аға төрағаның бұйрығымен азаматтық іс-бойынша Хатшы көмекшісі қызметіне ауыстырылып, іс-сапарға жіберіледі» [9, 3 п.]. Келмей жатып, білім дәрежесін көрсету мақсатында 1904 жылы 23 ақпанда өз өтінішімен Омбы Сот палатасының ерекше комиссиясы сынағынан өтеді. Соның нәтижесі болса керек 1904 жылдың 21 тамызында азаматтық ведомствасының № 64 бұйрығымен А.Тұрлыбаевқа Колледж хатшысы шені бекітіледі. Осы жылдың 1 желтоқсанынан өз өтініші бойынша азаматтық іс департаменті палатасындағы хатшы көмекшісі қызметінен босатылып, Тобыл Аймақтық сотының төрағасы қарамағына жіберіледі [9, 3 п.]. Ал, 8 желтоқсанда Тұрлыбаевқа қызмет өтіліне байланысты Дәрежелі Кеңесші шені беріледі. Қызмет бабы өскен А.Тұрлыбаев 1905 жылдың 14 қазанынан бастап Тобыл Аймақтық Сотының Ишим уезінің 6 участогында Мировой Судья қызметіне кіріскенін құжаттардан көреміз [10, 4 п.].

Біз зерттеп жатқан тұлғамыздың өсу жолын оның қажырлы еңбегінің арқасында деп тұжырым жасауға болады. Тобыл Аймақтық сотының жалпы жиналысының шешімімен 1906 жылы 9 желтоқсанда А. Тұрлыбаевтың Мемлекеттік Думаға сайлау ісі бойынша Ишим уезінің төрағасы болып іс-сапарға шығады [10, 4 п.]. Сенімді мемлекеттік қызметкер ретінде өзін көрсете білген Айдархан Тұрлыбаевқа артылған үлкен жауапкершілік, маңызды саяси істі ойдағыдай атқарды. Ол сібір жеріне келген басқа қызметшілер сияқты жергілікті жердің менталитетін қабылдап, халықпен тез тіл табысты. Ол саяси науқаннан кейін 1907 жылы №3 участокта Мировой Судья болып қызмет атқарды. 1908 жылы 18 ақпанда еңбек өтіліне байланысты Коллеж Ассесоры шені берілді [10, 4 п.]. Ал, «1911 жылдың 12 қыркүйекте Омбы Сот палатасы аға төрағасының №69 бұйрығымен Омбы қаласының 3-ші участогына Судья қызметіне тағайындалды» [10, 4 п.]. 1912 жылы 24 сәуірде еңбек өтіліне байланысты Надворный советник шені берілді. 1915 жылдан бастап присяжный поверенный және Омбы округтік сотының мүшесі ретінде қызметін 1918 жылдың ортасына дейін жалғастырады.

1917 жылдың ақпан айында патша тақтан құлағаннан кейін қазақ оқығандары жер-жерде басқосу, түрлі деңгейде құрылтайлар өткізе бастағаны белгілі. Олардың мақсаты-енді қандай тірлік жасаймыз, кімнің етегінен ұстаймыз, әлде өзіміз дербес автономия жариялаймыз ба? деген сұрақтарға жауап іздеу болды. 1917 жылдың 25 сәуірі күні Омбы қаласында «Ақмола облысының қазақ съезі» деген үлкен жиын өтті. Оған облыстың барлық уездерінен, яғни Омбы, Қызылжар, Көкшетау, Атбасар, Ақмоладан өкілдер жиналды. Ақмоладан белгілі болыс, ақын Олжабай Нұралыұлы, Торғай облысынан алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлы келді. Жиналған қауым съездің төрағалығына Айдархан Тұрлыбайұлын, хатшылыққа Асылбек Сейітұлын, Мұхтар Саматұлын, Ермұхамет Токпайұлдарын сайлайды. Съезде кім сөз алғанын, оның қалай өткені туралы хабар Бірмұхамет Айбасұлының «Қазақ» газетінің 230 санында жарияланған мақаласында жақсы айтылады. Осы мақалада: «Құттықтай келгендерге съез атынан Айдархан Тұрлыбаев тәңір жарылқасын айтып, бостандық, теңдік туы мәңгілік жиылмасын, әрқашан ұйымшылдық болсын, Ресейдегі тап-тап халықтардың араларында алалық болмасын деп шын съезге жиылған қазақ тілегі, көңілі осы екенін айтты», - деген хабар келтіріледі.

Омбыдағы съезден кейін араға екі ай салып тарихи маңызы жоғары Бірінші Жалпықазақ съезі Орынбор қаласында өтеді. Аласапыран уақытта автономияға қол жеткіземіз деп талап қылған Әлихан, Ахмет, Міржақып сынды алаш арыстарының тілектестері мен нақты қолдаушылары қазақ ішінен мол шықты. Сондай азаматтың бірі Ақмола облысы қазақтары атынан съезге сайланған Айдархан болды. Терең білімі бар заң саласының ірі маманы, қайсар мінезді Айдархан Тұрлыбайұлының іскерлігі мен

қазақ ішіндегі беделі күрделі кезеңде елді бастауға қажет болды. Ұлт тағдыры сынға түскен сағатта Айдархан да тайсалып қалмады. Қазақ ішінде есімі төңкеріске дейін-ақ кең мәлім болған [11.]. Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ съездерінің ұйымдастыру, өткізу ісіне белсене араласқан Айдархан Тұрлыбаев Алашорда үкіметі төрағасы сайланған сол II съезде төрағалыққа лайық деп танылған 3 адамның қатарында болады.

А.Тұрлыбаев 1918 жылдың 19 маусымында Батыс-Сібір комисариатының қаулысының негізінде құрылған Ақмола облыстық комисарияты құрылып, төрағалыққа П.И. Кортусов, мүшелікке А.Г. Кордо мен А.Тұрлыбаев тағайындалады. Міне осындай құрамда Ақмола облыстық комисариаты ұзақ уақыт жұмыс істей алмады. 1918 жылы 30 маусымда Сібірдің жоғары үкіметтік құқы Батыс-Сібір комисариатынан Уақытша Сібір үкіметі министрлер Кеңесіне өтті. Саяси жағынан Батыс-Сібір комисариатынан гөрі министрлер Кеңесі оңшыл болды. Кейбір мәселелерді шешуде қатал позиция ұстанды. П.И. Кортусов пен ішкі істер министрі В.М. Крутоский арасында мәселелерді шешуде келіспеушіліктер пайда болып, Ақмола облыстық комисариаттың мүшелері А.Г. Кордо денсаулығының нашарлауына ал, Тұрлыбаев Алаш-Орда жалпы қазақ халқының кеңесі Алаш-Орда құрамына сайлауына байланысты Омбыдан Семейге жол жүретінімен түсіндіріп өтініш жазып қызметтен босады. А.Тұрлыбаев өтінішіне қарамастан Семей қаласына кетпей Омбыда қала берді. 1918-1919 жылдың екінші жартысынан бастап присяжный поверенный қызметін жалғастырып, қоғамдық жұмыспен айналыса бастады. 1918 жылдың жазында Ресейді қайта өркендету қоғамының Омбы бөлімшесінде, ал, 1918 жылдың 22 қыркүйегінде Омбы қалалық думасына гласный болып сайланады [12, 162, 163, 170 б.].

1918 жылдың 18 қарашасында Омбыдағы дирекция құлап, үкімет билігі адмирал Колчакқа өткен кезде, Алашорда үкіметі онымен келіссөз жүргізбек болады. Содан Колчак үкіметі Ішкі істер министрінің орынбасары П.Ф.Коропачинскийдің төрағалығымен 1919 жылдың 11 ақпанында Омбы қаласында өткен «Қазақ-қырғыз халқының әкімшілік-шаруашылық құрылымы туралы мәселе» бойынша ведомствоаралық құрылым жөніндегі мәжіліске Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейхановпен бірге оның мүшелері ретінде А.Тұрлыбаев пен У.Танашев та барады.

1920 жылы Қазақ кеңес автономиялық республикасы құрылып, шекара орнатылғанда Ақмола облысының бұрынғы орталығы-Омбы қаласы Ресей федерациясына кетіп, Айдархан Тұрлыбаев та сол қалада Қазақ АССР-ның Омбы облысындағы өкілдігінің төрағасы қызметін атқарды. 1921 жылы қарашада Петропал мен Омбының уездерінің арасындағы шекара мәселесі Қазақ АССР-нан Омбы оқу орындарына келгендердің материалдық жағдайымен айналысты. Осы жылдары қазақ жерінде аштық басталғанда Қазақ АССР-ның Омбы облысындағы өкілдігінің төрағасы ретінде Омбы уезінде тұратын қазақтарға көмек жөнінде ұсыныс тастап, азық-түлік жинап еліне қол ұшын берді. Айдархан Тұрлыбаев бұл қызмет 1923 жылдың ақпан айының соңына дейін жұмыс істеді [13, 59 б.].

1931 жылға дейін Омбы қаласында кейін Возвышен астық совхозында, Петропавлда облыстық кәсіподақта заң кеңесшісі қызметін атқарды. 1934 жылдың қазанынан 1935 жылдың сәуіріне дейін Ақмолада Казжелезнодорожной Басқармасында заң кеңесшісі қызметін атқарды [14.]. 1937 жылдың 4 шілдесіне дейін Омбы облыстық кәсіподағында заң кеңесшісі қызметін атқарып жүргенде тұтқындалып, 17 қарашада НКВД басқармасының үштігінің шешімімен ату жазасына кесіліп, Сібір әскери округінің әскери трибуналының қаулысымен 1957 жылы 13 тамызда Айдархан Тұрлыбаев ақталды.

Қорыта айтсақ Алаш көсемі Әлихан ағасына ерген, Айдархан Тұрлыбаев та Алаш автономиясын құруға ат салысты, Алаш қозғалысының белсенді қатысушысы болып, қазіргі мемлекеттік дәстүрге өз үлесін қосты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Санкт-Петербург ОМТМ. Қор-14. Тізім-3. Іс-34521. парақ-30.
2. Дулатова Г.М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: Естелік-эссе/Гүлнар Дулатова.-Алматы: Мектеп, 2012.-392 б.: сур.
3. Әбуев Қ. Қазақстан: тарих және тағылым.-Астана: Елорда, 2006.-320 бет.
4. Омбы ОМТМ Қор-32. Тізім-1. Іс-136. парақ-1.
5. Айтмухамбетов А.А. Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX вв.(исторический аспект) Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Семей, 2010-346 с.
6. Мәрсекуллы Р. Қазақ қайда бара жатыр? Алматы «Арыс» баспасы, 2001.172 б.
7. Санкт-Петербург ОМТМ. Қор-14. Тізім-3. Іс-34521. парақ-34.
8. Дулатбеков Н, Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері Алматы. Таймас, 2013.-237.

9. Омбы ОТМ Қор-10, Тізім-1, Іс-1338, парақ-3

10. Омбы ОТМ Қор-10, Тізім-1, Іс-1338, парақ-4

11. <http://alash-orda.kz/figures/1142-ayurbek-kemeger-aydarkhan-trlybayly-turaly---omby-arkhivndeg-dereker>

12. Шишкин В.И. Комисары и управляющие Акмолинской области (июнь 1918-ноябрь 1919 г.) Известия Омского государственного историко-краеведческого музея Омск-2006.

13. Алдан Берденов Пережитое в книге Страницы трагических судеб: Сб. Воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг. // Сост. Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева, А.Н. Ипмагамбетова и др. - Алматы: Жеті жарғы, 2002.-448 с.

14. Турлыбаева Ғалия Курбанғалиеваның жеке мұрағатынан.

Бейсенбекова Н.А., Химади М.С.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚИТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, Алаштың Алиханы аталған Әлихан Бөкейханұлының рухани мұрасын отандық тарихтың дерек көздері ретінде қарап оқытудың өзектілігі даусыз.

Мақаланың басты мақсаты - ұлы тарихи тұлға Ә. Бөкейханның 150 жылдық мерекесі аталып өтетін осы жылда ғана емес, жалпы оқу үрдісінде отандық тарихтың өзекті мәселелерін оқытуда оның еңбектерін пайдаланудың әдістемелік негіздерін көрсету.

Орта мектептің 8-10 сыныптарда оқылатын Қазақстан тарихы пәніндегі негізгі тақырыптарды оқыту барысында Әлихан Бөкейхан еңбектеріне сүйеніп сабақ жоспарын құруға болады. Мектепте тарих сабағын басында оның «Қазақстан тарихы» деген мақаласынан мына үзіндіні келтіріп: «... Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, қайда тұрғандығын, не істеп, не қоятындығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзіде жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында келе, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс»... [1, 20]. Осы пікірдің бүгінгі «Мәңгілік ел» болып қалу идеясының негізгі ұстанымы екенін талдап түсіндіру арқылы Елбасының саясатымен сабақтасып жатқаны анық көрсетуге болады.

Оқулықтағы күрделі тақырыптардың бірі XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси экономикалық әлеуметтік дамуы. Осы мәселелердің мәнін ашу кезінде Әлихан Бөкейханның Қазақстандағы саяси-идеялық ахуал туралы пікірі, ұсыныстары баяндалған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» [2, 261] еңбегін пайдалану қажет. Бұл еңбектің мазмұнында мына оқиғалар түсіндіріледі: Ол 1906 жылы кадеттер партиясының орталық комитетіне мүше болып сайланған еді. Кадет партиясының бағдарламасы негізгі идеясы Ресейде парламенттік басқару жүйесін еңгізуге бағытталған. Қазақ зиялылары парламенттік басқаруға көп үміт артты, оның болашағымен қазақ қоғамының саяси прогреске көтерілуін тікелей байланыстырды. Осыған орай 1905 жылы желтоқсанда Әлихан Бөкейханның басшылығымен Орал қаласында кадет партиясының қазақ қоғамындағы филиалы құрылды. 1906-1917 жылдар аралығындағы кадет партиясының талаптары Алаш зиялыларының пікірінше басқа саяси партияларға қарағанда демократиялық, либералдық, реформалық сипаттарымен қазақ халқының мүддесіне, даму эволюциясына біршама жақын келді. Қазақ зиялылары да партияны құру арқылы парламенттік, конституциялық жолмен болашақта республика мәртебесі бар ұлттық автономияға қол жеткізуге болады деген пікір де болды.

Алайда, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін, кадеттер партиясының басшылары, тек Польша мен Финляндияның ғана өзінің мемлекеттік құрылымын өзі шешу құқығын мойындап, Ресейдің құрамындағы басқа халықтардың жеке мемлекеттік, өзін – өзі билеу дәрежесіне өзі ие болуына үзілді-кесілді қарсы болды. Осыған байланысты Әлихан Бөкейхан былай деп жазды: «кадеттер партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де, жөн дейді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, Ұлт автономиясын тікпек болдық... біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойған оң болады. Орысша оны «отделения церкви от государство» дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарады. Осы үш жол айырылғаны биыл жазда анық шықты. Мен содан сон қазаққа Алаш партиясын ашуға кірістім...». Осы мақаланың жазылу тарихына байланыста тарихи-саяси оқиғалар тізбегі оқушыларға тақырыпты меңгеруге көмек беретін сөзсіз.

Сонымен қатар, «XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстан» деп аталатын тараудағы негізгі сұрақтардың бірі мерзімді басылымдардың шығуы және оның тарихи маңызы. Осы мәселелерді оқыту барысында білім мен тәрбиені қатар беру үрдісі жүреді. Сондықтанда 1911-1915 жж. шығып тұрған «Айқап» және 1913-1918 жылдардағы «Қазақ» газеті сияқты басылымдарындағы Әлихан Бөкейханның рөлін көрсету өте орынды болады. Ол үшін «Қазақ» газетінің беттеріндегі ұлт болашағын ойлаған, жазған пікірлерін талдау арқылы тақырыпты ашуға болады. Тарих оқулығында Ресей мемлекеттік думасына қатысқан қазақ зиялылары туралы тақырып бар. Соны түсіндіргенде Әлихан Бөкейханның бүгінгі күнде жүз жыл бұрын жазылған «Сайлау» [1, 177] деген бірнеше мақалаларындағы танымдық, тәрбиелік мәні бар ойларды талдаған жөн. Мақаланың негізгі мазмұны Қазақ даласында үш жылда бір өтетін сайлаудың барысы жайлы Әлихан Бөкейхан оны былай түсіндіреді: «... сайлау сайын жұрт өрт шыққандай, жау шапқандай жанталасып әбігер болады... өстіп жұрт бүлінгендегісі не? Болыстық, билік, ауылнайлық, елбасылық... ары қарай қазақ сайлауын Европа сайлауымен салыстырып, болашақта білімді, оқыған, білетін адамдардың сайлауға қатысып, ел басқару ісіне араласқаны дұрыс» - деген пікір айтып, сайлаудың мағынасын түсіндіріп: «Болыс, би, ауылнай һәм елу басы болмақ...» жұрт үшін қылатын қызметі (яғни халыққа қызмет жасау - Н.Б.), ақыл да, ұсталық та (өз ісінің шебері, кәсібилік мағынасында - Н.Б.) оқумен, істеумен (тәжірибемен - Н.Б.) жүре ұлғаяды. «Дүниедағы жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады... Жұртқа ғәділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына салатын, арам жемейтін (парақор емес - Н.Б.) іс білетін (профессионал Н.Б.) халық үшін жаумен айтысатын болыс пайдалы... Бұған ең құрметті ақсақал, ғәділ, жұрт қамшыл, сатылмайтын жөн білетін жақсыны сайлау керек» [3, 31]. Осы мақаланың бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін зор мәні бар екенін түсіндіргенде тақырып ашылады, оқушының білімінің өсуіне зор ықпал жасайды.

Күрделі сұрақтардың бірі 8-сыныпта оқылатын қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануы және қазаққа 15 десятинадан жер бөліп беру мәселесіне арналған. Оқулықтағы берілген материалдарды толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейханның «Көшпелі һәм отырықшы норма» деп аталатын еңбегіндегі патша үкіметінің қоныстандыру саясатының мәнін түсіндіретін ой-пікірін талдау керек. Сонымен қатар, оның, егер қазақ 15 десятинадан берілетін жерді алуға келіссе, қазақ жеріне келетін, қара шекпенділер (шаруалар – Н.Б.) саны өсе түседі, ал ол өз кезегінде қазақтың өз жерінде азшылыққа айналып, барлық құнарлы жерінен айырылатындығын түсіндіріп жазғанын айту керек. Осы сұрақты толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейхан «Жауап хат» деген еңбегінен үзінді келтіру керек. Мысалы, ол былай дейді... «сол 15 десятинадан жер алам десендер...» 1. Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңдар, ынтымақпен іс істендер. 2. Қазақтың байлары, күштілері! Жарлы – жақымбайлы нашарларды жермен теңгеріңіздер (жер беріңдер - Н.Б.)... 3. Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңізден адаспай, түзу істендер! Сіздер адассаңыздар, аттарыңнан адасады. Артарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар»... Оның осы ой-пікірінде ел ішіндегі жақсы, беделді, ауқатты адамдарды ұлтының қамын ойласын, үлгі берсін деген үндеу бар екенін түсіндіргенде, Әлихан Бөкейханның еш уақытта тек байлардың қамын ойлаған деген пікір қате, оның жаулары оған байшыл деп жала жапқаны көрінеді. Әлиханның осы жазған еңбектерін дұрыс түсіндіріп талдаса, тақырыптың мәнін ашуға мүмкіндік туады.

Биыл 1916 ж. азаттық қозғалыстың 100 жылдығы. Осыған орай 9-сынып бағдарламасындағы «1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс» деп аталатын тақырыпты оқытқанда, оқулықтағы алаш зиялыларының көтеріліс туралы пікірлері, жазалаушы оряд, соғыс жайлы үстіртін берілген мәтіндерді толықтыру қажет. Ол үшін Әлихан Бөкейханның «Тағы да соғыс», «Қазақтан солдат алына ма?» деген мақалаларында берілген соғыстың шығу себебі, екі әскери одақтың құрылу тарихын сипаттай келе ол былай дейді: «...бұл соғысқа (1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс - Н.Б.) Россия кіретін болды. Россия кіріскен соң Германия амалсыз кіріскелі тұр. Австриямен әуелде жасасқан шарттары солай... Кім жықса да (жеңседе - Н.Б.) Еуропа, Азия жері қайта бөліске... салынар. Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жату біздің оқушыларға жарай ма?»...». Сөйтіп ол қазақ халқына газет арқылы бұл соғыстың әскери зардабын түсіндірді. Сонымен қатар ол өзінің ойын тағы да жалғастырып, орыс казактарының әскерге алынуы жайлы баяндай келе, «қазақтар әскерге алынса, казактарға берілген жеңілдіктер болса. ...Бізге мұны бермес, берсе ұтылмаспыз... Саясат сөзімен қарасақ, үкімет бізді тым-тырыс отырсақ та жаяу солдат қылатын көрінеді...», - деген. Сол кездегі нақты саяси жағдайды түсіне білгендіктен ол қазақ халқының босқа қырылудан сақтандыруды жөн санаған. Оның «Қазақ» газеті бетінде жарық көрген басқа да мақалаларында және 1916 ж. 11 тамыздағы қазақ халқына жолдаған үндеуінде соғыстың мәнін ашып көрсеткен. Солардың мазмұнын талдау негізінде қазақ зиялыларының басты пікірін, халық үшін

атқарған еңбегін көрсетуге болады.

9-сынып оқулығындағы Алаш қозғалысы және Алаш партиясының құрылуы деген тақырып бар. Осы тақырыпты түсіндіру барысында Әлихан Бөкейханның тарихи тұлғасын көрсетуде тек партия бағдарламасын талдаумен шектелмей, оның азаттық жолындағы күресте, қазақтың қамын ойлаған, болашағына сенген, өзге ұлт өкілдері мен достастығына тоқталып, олар туралы Әлихан Бөкейханның жазған еңбектерін талдаса дұрыс болады. Мысалы, оның «Г.Н. Потанин» деген еңбегі [4, 180]. Бұл еңбекте алаш зиялыларының арманын, Алаш қозғалысының түпкі мақсаты қандай екенін, Потанин сөзімен берген: «... Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Ресейді бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Ресей өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек. Қазақты автономия қылсақ. Қараөткел (қазіргі Астананың тұрған жері – Н.Б.) Алаштың ортасы, сонда университет салып қазақтың ұлын, қызық оқытсақ, Қозы-Көрпеш – Баянды шығарған Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау», - деген Потаниннің ой-пікірін береді [4, 180.]

Сонымен, қорыта айтқанда, Қазақстан тарихын оқыту барысында білім мен тәрбиені қатар беруде Әлихан Бөкейханның еңбектері тұжырымдамалық негіз бола алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ» газеті: Алаш азаматтарының рухына бағышталады / Ү. Субханбердина, С. Дәуітов.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.-568 бет.
2. Бөкейхан Ә. Шығармалар – Алматы: Қазақстан, 1994.- 384 б.
3. Бейсенбекова Н.А., Сақтағанова З.Ф., Шотбақова Л.Қ., т.б. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008.-438 бет.
4. Бейсенбекова Н.А. Қазақстан тарихының тарихнамасы.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009.-250 бет.

Дукенбаева З.О., Шабамбаева А.Г.

АКЖАН МАШАНИ - ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСТАНСКОЙ ШКОЛЫ ГЕОМЕХАНИКОВ

Территория Республики Казахстан является уникальной геологической провинцией мира. Обширные размеры, сложная геологическая история и разнообразное устройство поверхности Казахстана обусловили наличие в его недрах многочисленных месторождений полезных ископаемых.

По оценке ученых ведущих стран мира Казахстан занимает шестое место в мире по запасам природных ресурсов, хотя еще не может использовать это преимущество с наибольшим для себя эффектом. По подсчетам некоторых ученых разведанные недра Казахстана оцениваются примерно в 10 триллионов долларов США.

Казахстан обладает разнообразными полезными ископаемыми. Из 110 элементов таблицы Менделеева в недрах Казахстана выявлено 99, разведаны запасы по 70, вовлечено в производство более 60 элементов.

По оценке доктора Даниеля Фаина, специалиста по природным ресурсам и энергетике из Массачусетского технологического института (США), в год распада СССР (1991 год) 90% хромовой руды, 26% меди, 33% свинца и цинка, 38% вольфрама, которыми располагал в том году бывший СССР, оказались в Казахстане. Сюда следует добавить, что в бывшем СССР на долю нашей республики приходилось запасов баритов - 82%, фосфоритов - 65%, молибдена - 29%, бокситов - 22%, асбеста - 20%, марганца - 13%, угля - 12% и т.д.

В Казахстане находится значительная часть мировых запасов медных и полиметаллических руд, никеля, вольфрама, молибдена и многих других редких и редкоземельных металлов.

Большая часть месторождений меди связана с герцинской эпохой металлообразования. Медные месторождения республики сконцентрированы в Центральном Казахстане, Восточном (Рудный Алтай), Южном Казахстане. Эти районы характеризуются различным соотношением промышленных типов месторождений.

Самым мощным месторождением медистых песчаников является Джезказган. К крупным месторождениям медно-порфирирового типа относятся Коунрад и Бозшаколь. Они могут разрабатываться открытым способом, но руды отличаются невысоким содержанием металла. Полиметаллические руды

содержат свинец, цинк, медь и другие цветные металлы. Богатейшие месторождения полиметаллических руд - Лениногорское, Зыряновское и другие - находятся в Рудном Алтае. Руды здесь с высоким содержанием металла.

В природе медь наиболее тесно связана с вулканическими процессами и в пространстве часто ассоциируется с умеренно кислыми породами гранитного ряда. К важнейшим типам промышленных месторождений меди обычно относятся месторождения, образованные гидротермальным путем, а также месторождения, возникшие осадочным путем.

Исключительно важное и мировое значение имеют залежи железных, марганцевых и хромитовых руд, по запасам которых Казахстан находится на одном из ведущих мест в мире. Руды чёрных и цветных металлов, добываемые в Казахстане, идут на экспорт в Японию, Южную Корею, США, Канаду, Россию, Китай и страны ЕС.

Железородные месторождения расположены преимущественно в Северном Казахстане. Наибольшее значение имеют Качарское, Соколовское и Сарбайское месторождения магнетитовых руд в Кустанайской области. Руды в этих месторождениях высокого качества и содержат до 40-45 процентов чистого железа. В Кустанайской области есть такие руды осадочного происхождения. Они образовались в мелководных отложениях поздне мелового моря и древних речных долинах омегоценового возраста. Наиболее крупные месторождения - Аятское и Лисаковское. Руда в них добывается открытым способом. Содержание железа в руде около 3 процентов. Основное алюминиевое сырьё Казахстана - бокситы - приурочены к песчано-глинистым образованиям послегерцинского платформенного чехла. Главные месторождения расположены на северо-востоке Казахской складчатой страны и в Тургайском прогибе.

Месторождения золота в Казахстане имеются в ряде районов. Они известны на востоке республики - на Алтае, в пределах Калбинского хребта, на северо-западе - в Джетыгаринском районе, на северной окраине Центрального Казахстана. Золотоносные месторождения северной окраины Центрального Казахстана представлены кварцевыми жилами, вторичными кварцитами и россыпями, которые возникли в период Камбинского хребта (камедоносная складчатость). Большая часть редких металлов обнаружена среди гранитов позднегерцинского возраста. По количеству и промышленному значению месторождений на первом месте стоит Центральный Казахстан. Некоторые редкие металлы имеются в Джунгарии и Алтае.

На сегодняшний день в Казахстане прогнозируются около 300 значительных месторождений золота. Среди них есть такие, которые дадут и алмазы ювелирного качества. При серьезных инвестициях Казахстан буквально через несколько лет в состоянии добывать 100 тонн золота в год, а сегодня добывает лишь 1% своих подземных запасов и это дает ему право быть на 6-м месте в мире.

В условиях суверенитета и перехода от централизованного планирования к рыночным отношениям, когда все больше сказывается влияние мирового рынка, повышение эффективности использования минерально-сырьевых ресурсов значительно возросла.

«Мы еще должны большую работу провести по геологоразведке. Я говорил, территория Казахстана разработана на мизерный процент. Мы не знаем, что лежит в более глубоких пластах – 4-х тысячах и более. А вот эти мировые компании, которые мы привлекаем, они способны сделать прогнозы и достать богатства из глубины. По всем прогнозам говорится о том, что богатства Казахстана будут увеличены в несколько раз», - сказал Н.Назарбаев в ходе совещания по реализации госпрограммы форсированного индустриально-инновационного развития страны. Таким образом, Глава государства уделяет этому вопросу разработке недр большое внимание.

Вкладывая инвестиции в добывающие отрасли промышленности, укрепляя кадровый состав этой сферы, государство оказывает большую поддержку в развитие геологии. Из республиканского бюджета на отраслевую программу развития геологии на 2015-2019 годы выделяется более 160 миллиардов тенге (1,05 миллиарда долларов).

«В Казахстане на развитие геологической отрасли планируют отчислять ежегодно 5% от налога на добычу полезных ископаемых (НДПИ), это порядка 60 миллиардов тенге (\$1- 150, 6 тенге)», – сказал вице-министр индустрии и новых технологий РК Нурлан Сауранбаев в кулуарах расширенного заседания рабочей группы по выработке предложений о внесении изменений и дополнений в закон «О недрах и недропользовании». Вице-министр отметил, что из-за ограниченного финансирования геологическая отрасль в Казахстане сегодня оказалась в кризисном положении. «Так, за последние 8 лет на геологоразведку твердых полезных ископаемых было направлено всего лишь 3 миллиарда тенге. А по условиям геологоразведки, этой суммы хватает лишь на разведку территории с небольшое село, а не огромной территории Казахстана», – отметил он.

По словам Н. Сауранбаева, в настоящее время для вывода геологической отрасли из кризиса по поручению главы государства была разработана концепция ее развития. «На основании концепции, которая была утверждена постановлением правительства, будет разрабатываться отраслевая программа развития геологии, рассчитанная на пять лет, 2015 – 2019 годы. В ней и будут прописаны объемы финансирования геологической отрасли. Для разработки отраслевой программы в ведомстве создана рабочая группа», – резюмировал Н. Сауранбаев.

Так же в Казахстане планируется создание научного геологического центра под эгидой «Назарбаев университета», Фонда «Самрук-Казына» и крупных недропользователей. «Это будет центр так называемой новой геологии, где будут собраны последние достижения науки в сфере геологоразведки», – сказал Н. Сауранбаев. По его словам, необходимость в создании такого центра связана с тем, что на сегодня вся территория республики практически изучена. «Новые месторождения полезных ископаемых залегают на большой глубине, а это уже совсем иные технологии, чем были те, что применялись раньше. Сегодня для освоения глубинных пластов нужны новые технологии, новое оборудование. И создаваемый центр будет готовить специалистов новой формации», – отметил вице-министр.

Центр геологических исследований РК станет государственным передовым центром, учреждением компетенции, объединяющим производственный, научный и образовательный потенциал страны на фундаментальной основе для разработки и внедрения передового опыта инновационных идей, геологоразведочных методов и технологий по примеру зарубежных стран на базе АО «Казгеология».

Среди основных направлений его деятельности будет обработка и комплексная интерпретация геолого-геофизических, скважинных и геохимических данных, интегрированный анализ, компьютерное моделирование и оценка прогнозных ресурсов и запасов полезных ископаемых по международным стандартам.

Кроме того, центр займется лабораторно-аналитическими, геохимическими исследованиями, а также пилотными, опытно-промышленными и научно-экспериментальными работами.

Как отметил, вице-министр индустрии и новых технологий Нурлан Сауранбаев, данный «центр станет городом геологов, где будут расположены лабораторные парки, музеи, концепт центра будет готов до конца текущего месяца».

В настоящее время разработана Концепция Кодекса о недрах. Нормы Кодекса направлены на обеспечение, во-первых, транспарентности в вопросах предоставления прав на разработку недр, а, во-вторых, гарантии стабильности для недропользователей.

Следует отметить, что изучению, разработке недр Казахстана уделялось всегда большое внимание. В истории геологического изучения Казахстана можно выделить три крупных этапа: досоветский, советский и постсоветский. Каждый из этих этапов характеризуется своими особенностями, однако следует отметить, что систематические целенаправленные геологические исследования были выполнены в советский период. Уже в первые годы советской власти началась планомерная площадная геологическая съемка в Республике. По итогам этих работ для всей территории Казахстана была разработана геологическая карта масштаба 1:1500 000.

Главным направлением политики индустриализация в Казахстане являлась разработка недр полезных ископаемых, развитие добывающих отраслей промышленности: цветной металлургии, угольной и нефтяной промышленности. Советское государство с первых дней своего существования считало, что индустриализация страны неразрывно связана с изучением недр и выявлением их богатств. Поэтому, начиная с 1923 г., правительство ассигновывает огромные средства на изучение недр нашей страны. В период 1923 - 1930 гг. было начато в крупном масштабе изучение территории Казахстана, Урала, Средней Азии, Кавказа и Восточной Сибири. В результате этих работ было выявлено большое число новых месторождений цветных и редких металлов.

В Центральном Казахстане были выявлены и разведаны крупнейшие месторождения рассеянных медно-молибденовых руд (Алмалыкское, Коунрадское). Были открыты и начали разведываться Тургайское месторождение и многие другие.

Хорезмге сапарынан кейін, республиканың жоғарғы органдары ревкомның жұмысын, оның ел арасындағы жүргізген саясатын қатты тексеріп, олардың басшыларын қысымға ала бастады. Кейін орнынан алып, қылмыстық іске тартты. Сол кездегі уез халқының үкімет саясатына қарсы белең алған наразылығын революциялық комитеттің басқа да беделді азаматтарынан көрді. Соның ішінде Тобаниязды барлық келеңсіз жағдайды ұйымдастырушылардың басшысы ретінде айыптап, оның соңына шырақ алып түсті. Осыған бір дәлел №1353-ші Бүкілодақтық Төтенше комиссияның бір құжатында оған мынадай мінездеме береді: “Тобанияз Әлниязұлы әулетті, құрметті тұқымнан, Қазақстанда өте беделді, белгілі адам, патша үкіметі тұсында бірнеше жыл болыс болған, бұрын да, қазір де үлкен бай... Барлық Адай жерінде үлкен беделді, ықпалды адам. Ол 1920-1923 жылдары округ революциялық комитетінің төрағасы болды, ол жұмыстан түскеннен кейін де адайды басқаруын қойған жоқ, хан атанды. Өзіне “Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі” - деген жазуы бар дін уағызына сәйкес мөр жасатты. Кеңес үкіметінің заңына бағынбай, ел арасында үстемдік жүргізеді. Ел ішіндегі жағдайды тұрмыстық, дін жолымен шешті”, - делінген. Осы сияқты мінездемелерді бұдан басқа бірнеше құжаттардан кездестіруге болады.

Тобанияздың бүкіл қазақ халқының, оның ішінде Адай округі, елінің алдында ықпалы аса зор болғанын, партия-кеңес органдары да, мемлекеттік біріккен саяси басқарманың аппараттары да мойындаған. Ол революциялық комитеттің төрағасы жұмысында жүргенде Адай округінің 1919 жылға дейін Түрікменстанға бағынуына наразы болып, Орынбордағы Қырғыз (Қазақ) Республикасының басшыларымен 4 айдай сөйлесіп, осы жұмысты дұрыс шешіп, Адай округі 200 жылдан кейін Қазақстанның құрамына енген.

Маңғыстау түбегінен бастап Ойылға, бір жағы Сам құмдарының оңтүстігіне, одан әрі Арал теңізіне дейін созылған кең байтақ далада, көшіп жүрген ел арасында бірден-бір билік жүргізу құқығы тек қана революциялық комитеттің төрағасы, “хан” атанған Тобанияз Әлниязұлының басшылығымен жүрді десек қателік болмайды.

Революциялық комитеттер, ауылдық кеңестер, кейін Тобанияздың ұсынысымен ауылдық революциялық комитеттер болып қайтадан құрылып, елдің жағдайын түзеу жолында бұқара арасында саяси, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік-шаруашылық жұмыстарын жүргізеді. Ел тек революциялық комитетті таныды, ел арасында бұлардың қажеттілігі арта түсті.

Партия-кеңес ықпалы халық арасында мардымды түрде жүрмеді. Мұның бірінші себебі, ол кезде партия қатарына тартылғандардың саны өте аз болса, олардың білім деңгейі, саяси сауаттылық өрісі өте төмен болды. Сондықтан халық арасында кеңестің жұмысын тиянақты түрде үгіттеуге шамалары келмеді. Халық бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрпын, салт-санасын, әлеуметтік жағдайын күрт өзгертіп, партия-кеңес саясатына сәйкес жүргізуге аса ынталы болмады.

Екіншіден, ауылдық кеңестерде, ауылдарда, шаруашылық қызметтеріне жастар, “тілектестер” тобы тартыла бастағанмен, комсомолдар қатарына кірушілер саны көбейгенімен, бұлардың белсенділігі де онша артып жарымады.

Үшіншіден, партия-кеңес жұмыстарына кіргендердің арасында, басшылық жұмысқа, билікке таласуға әуестенушілер де аз болған жоқ. Осыны іске асыруда өтірік-өсек, пара беру арқылы жақын туыстарын билік орнына, сауда-саттық жұмысына орналастыруға бар күштерін салды, мұндай жағдай кеңес саясатын жүргізуге аса зор қиыншылық әкеліп, үкімет ісіне келеңсіз көлеңке түсірді.

Осындай келеңсіз жағдайларға төтеп беретін бір ғана орган - революциялық комитет болды. Революциялық комитеттің жүргізген саясаты халқтың салт-тұрмысын, әдет-ғұрпын, ескіден келе жатқан ел арасындағы қарым-қатынасты, дау-жанжалды, соның ішінде, жер дауы, жесір дауын, барымта-қарымталарды сол кездегі кеңес заңы мен оның саясатына байланыстыра отырып жүргізуге тырысу болды. Кейінірек Адай жеріндегі контрреволюциялық топтардың істерін тергеу құжаттарының “Революциялық заңдылықты “Шарифатпен” алмастыру” - деп аталатын тарауында

былай деп көрсетілген: “1922 жылы байлар және сол сияқты антисоветтік элементтер бұрынғы Уревком төрағасы басты идеолог Әлниязұлы Тобанияз бастап Адай ауылдарын “Шарифатқа” сүйене отырып, кеңестендірудің жобасын жасады. Бұл жоба бойынша Адайлардың объективті жағдайларын ескергенде, бұрынғының сарқыншақтарын жоюға болмайтындығын.... Бұл жоба Дауылов пен Өтегеновтың жазуымен, Әлниязұлының құрастыруымен III Бүкілқазақ съезіне бекіту үшін Қазақстан Орталық Атқару комитетіне ұсынылды” [5, 36-б.]. Мемлекеттік саяси басқарманың №2560 мәлімдемесінде Әлниязұлына берген қысқаша мінездемесінде көрсетілгендей, ол 1925 жылдан кейін өкімет жұмысында болмаған, өзінің байырғы қонысында, Буракөлде үй салып, шаруашылықпен айналысып көшіп-қонып жүрген.

1927-1928 жылдардан бастап Адай округінде алым-салық, мал дайындау науқаны кезіндегі асыра сілтеушіліктің салдарынан халық арасында наразылықты күшейте түсті. Үкімет сясатының бұрмалаушылығынан, байлар да, орта шаруалар да, тіпті 10-15-тей қой, 3-4 қарасы бар кедейлер де тіркелуге ілігіп, болмаса барлық малын салыққа төлеп, қайыршылыққа ұшырай бастады. Осыдан қашып бас сауғалау үшін, бірқатар байлар, әлді шаруалар басқа жерлерге үдіре көше бастады.

Осындай ауыр жағдайлардың орын алу себебін заң бұрмалаушылардың тарапынан болып жатқанына жоғарғы үкімет басшылары мән бермеді. Кезінде тыңғылықты шара қолданудың орнына, мұны елдің беделді азаматтарына жапты. “Елдің арасына ірткі салушылар, халықты үкіметке қарсы бас көтеруге ұйымдастырушылар” - деп қылмыстық іске тартуды көбейтті. Біріккен саяси басқарманың контрреволюциялық “Адайды құтқару” тобы туралы тергеу құжаттарында: “Әлниязұлы Тобанияздың бастамасымен құпия жиналыс өткізіліп, онда елді Түрікменстанға, Ауғанстан мен Персияға көшуге үгіттеу жүргізілді”, - деп көрсетілген [9, 59-60-б.]. Құжаттарға қарағанда, осындай келеңсіз жағдайлардың бел алуының басты себебі Тобанияздың басқаруымен ұйымдастырылып жүрген іс делініп, мұның үстінен неше түрлі мәліметтер жинаған.

Құжаттардағы мәліметтерге қарағанда және Тобанияздың тергеу кезіндегі жауабы бойынша да партия-кеңес органдары, Қазақстандағы Мемлекеттік біріккен саяси басқармасы Тобаниязды орнынан алғаннан кейін де, “заңдық жолын тастаған жоқ, ел осы кісіге бағынады, осының айтқанын жасайды”, - деп соңынан қалмаған. Ел ішіндегі ыңғайсыз жағдайларға дейін Тобанияздың ықпалымен болып жатыр деп білген.

Тобанияздың халық арасындағы беделі мен оған басшылардың көзқарасы қандай болғандығын Ғалым Ахметов ақсақалдың мына бір естелігінен көруге болады: “.... Сол күні түс кезінде адайдың Тобанияз деген атақты биінің інісі мен баласы келіп тұрғанын хабарлады. Ол жылдары адай елін кеңес өкіметі емес, Тобанияз билейтін. “Тобекең айтты” десе болды, сонымен іс бітеді. Адайлар алғашқы жылдары кеңес өкіметіне бағынбай жүрді. Қазақ республикасы құрылғаннан кейін үкімет басшылары 1922 жылы жазда адайға Әліби Жангелдинді жіберген. Әлекең 1918 жылы Царицын, Астрахан, Форт Шевченко арқылы келіп адай елінің үстімен жүріп Шалқардағы қызыл әскерге қару-жарақ жеткізгенде адайлар, Тобанияздың айтуымен, Әлекеңе көлік жинап берген, содан бұл екі кісі жақсы таныс. Әлекең үкіметтің тапсыруымен адайға сол жолы барғанында Тобанияздың өзін Адай ревкомына бастық етіп қойып, кеңес өкіметіне бағындырып қайтқан. Бірақ бұл күнде Тобанияз ревком бастығы емес, жай ел ақсақалы. Дегенмен бұл ел әлі де, ресми түрде ғана болмаса, шын бағынып болмаған” [10, 184-б.].

Сонымен қатар, Тобанияз алдында олардың әлсіз, дәрменсіз және ел силаған азаматтан қорқатынын да осы естеліктің мына бір жолдарынан көруге болады: “.... Тобанияздың інісі сөз бастап, Елтайдың /Ерназаров-Б.Ж./ келе жатқанын Тобекеңнің естігенін, өзі келіп сәлем беретін жөні болғанымен де, сұхбаттасуға құмар болғанымен де, белінің құяңы ұстап атқа жүре алмайтын болған соң (бұл жақта арба деген болмайды) келе алмай қалғанын, сондықтан Қазақстан ақсақалының аулына келіп қонақ болып қонақ асы жеп кетуін өтініп інісі мен баласын жібергенін сөздің майын тамыза, келістіріп-ақ айтты. Елтай табанда кесімді жауап бермеді, “жарайды, көрерміз” дей салды.

Тобаниязға жолығу бұл адамдардың ойында жоқ еді, сондықтан кешке қарай аудан басшыларымен бірге ауыл сыртына қарай шығып, Тобанияздың шақырғанына не айтамыз деп кеңесті. Елтай алдымен: “Оны барып ұстап әкетейік” деген пікір айтты. Аудан басшыларының ішінде ГПУ-дің бастығы бір қазақ жігіті бар еді, ол тұрып: “Сол Тобанияздың ауырып қалғанына сенуге де болмайды, мен білсем, сақтық етіп келмей қалды. Ал біз барып ұстаймыз десек, ол тегін қолға берілмейді. Былай-былай шыққанда 15-16 қарулы жігіттерін ертіп жүреді. Адайлардың қолында біраз қару-жарақ барын білем. Мен байқап отырмын, бізде бес-алты пистолет бар екен, адай жігіттері қарсылық жасай қалса, ештеңе істей алмаймыз, сондықтан тап қазір оны ұстау мүмкін емес” деді. Сонымен ақылдаса келе, Жанайдар: “Біз оған бармайық. Барсақ жұрт: “Әне, Қазақстанның бастығының өзі бұрылып келіп Тобекеңе сәлем беріп кетті – деп дәріптеп, оның беделі ел ішінде бұрынғыдан да арта түседі. Ұстап

әкетуге қазір шамамыз келмейді. Сондықтан оны елемеген кісі болып жөнімізге жүре берейік” деген ақыл айтты, отырғандардың бәрі де соны мақұл көрді” [10, 185-б.].

Міне, жергілікті басшылардың өздері елді ұйымдастыра алмай, оларды басқаруға шамалары жетпегеніне қарамай, ел ішіндегі сыйлы адамдардың осындай беделіне де олар қызғанышпен қарап, соңына түскенге ұқсайды.

Тобанияздың өз қолымен, араб әріпімен жазылған қысқаша өмірбаянында көрсетілгендей “Оның соңына түскендер партия-кеңес қызметкерлері. Олар өтірік жала жауып, ел арасында болып жатқан алауыздықты, тағы басқа да келенсіз жағдайларды өздерінен көрмей, менен және менің айналамдағы азаматтардан көреді” - дей келіп, “менің бір кемшілігім, партия қатарына өтпедім, себебі партия қатарына өткендердің көбі паракорлар, тағы басқа да қылмыс жасайтындар, сондықтан да партияға кірмедім”, - деп көрсеткен [7, 52-б.].

Әланиязұлы Тобанияздың соңына түскен біріккен саяси басқарма ойлағанына жетіп, 1929 жылдың желтоқсанында онымен бірге тағы да бірнеше адамды тұтқынға алады. Бұл іске “Байлардың, саудагерлердің, патша үкіметінің бұрынғы Адай округі кеңес қызметкерлерінің контрреволюциялық ұйымы” - деген қылмысты іске қатынасушылар деп, қылмыстық кодекстің 58-2 бабымен 70 адамды айыптап тұтқындаған.

1930 жылдың наурыз айының басында Тобанияздың үстінен жүргізілген тергеу ісі аяқталып қалғанға ұқсайды. Оған дәлел, Гурьев округтік Мемлекеттік біріккен саяси басқармасының Маңғыстау аудандық өкілі Фетисов 1930 жылдың 1 наурызында Гурьев округтік мемлекеттік саяси басқармасынан Рудаковтың қолымен Алматыға жеделхат жіберілген, онда: “Тұтқындағы “хан” Тобанияз Әланиязұлы өміріне қауіпті аштық жариялады, тергеу ісін жылдамдатып қарап, абақтыдан босатуды талап етеді. Ол жөніндегі тергеу ісі аяқталды. Оны босату мүмкін емес. Қылмыстық процессуалдық кодекстің 206 бабы бойынша істе жиналған материалдармен таныстыруды талап етеді. Бірақ оны әртүрлі себептер бойынша орындауға болмайды. Айыптау қорытындысын оқып берумен ғана шектелу қажет.

Облыстық прокурор бұған келісті. Өзіңіздің нұсқауыңызды жедел хатпен хабарлауыңызды сұраймын. Рудаков”.- деп көрсетілген [11, 41-б.].

Осы құжаттан сол кездегі заң бұзушылықты көруге болады, өйткені Тобанияз Әланиязұлының аштық жариялап, қылмыстық процессуалдық кодекстің 206 бабына сәйкес іспен танысу талабы орындалмауы, оған прокурордың келісімін беруі заңсыздықты әшкерлесе, бұл іс ақырында заңды сот орнына берілмей, заңсыз құрылған үштікке түсіп, оның шешімімен 70 адам жазаланып кете барған.

Міне, осындай заңсыздықтар Кеңес өкіметімен өмірге бірге келіп, ақырында 1923-1938 қыркүйекте Мемлекеттік біріккен саяси басқарманың Гурьев округтік бөлімі Тобанияз Әланиязұлын Алматыға толық құқықтық уәкілдігінің қарауына жіберуге қаулы қабылдайды [11, 231-б.]. Бірақ оның не үшін Алматыға алдырылғандығы жөнінде құжаттарда ештеңе айтылмайды.

Осыдан кейін көп кешікпей-ақ 1930 жылдың 9 қазанында Қазақстандағы мемлекеттік біріккен саяси басқарманың өкілдігі үштігінің ұйғаруымен іс бойынша айыпталушы 70 адамның 61-і (9 адам тергеу аяқталғанша түрмеде қайтыс болды) сотталды. Үштіктің шешімімен Тобанияз бастаған 21 адамды атуға, қалғандарының дүние мүлкін тәркілеп, 3 жылдан 10 жылға дейін түрмеге жабуға үкім шығарады [12, 45-б.].

Бүтіндей халық тағдырын өз қалауларына шешіп, олардың мүддесімен ешқандай санаспай отырған үкімет үшін, бұл адамдардың тағдырының осылай шешілуі пілдің шыбынды басып кеткеніндей ғана болмашы оқиға еді.

Бір халықтың бетке ұстар азаматтары, ағайын-туыс, руластар, қала берді халқының бірлігін ойлап, елінің ұйтқысы болған есіл ерлер Кеңестік машинаның тегеурініне төтеп бере алмай, тағдырдың тәлкегінен осылай таяқ жеген еді.

Ал, олардың тағдырына жаны ашиды, қызметтерінің дұрыс немесе бұрыс жақтарына әділ бағасын береді деген жергілікті басшылар, қала берді орталықтағы үкімет керісінше тағы бір “контрреволюциялық топтың” қызметі ашылды деп жар салып жатты. Сол кездегі бүкіл кеңестік идеология мен елді басқаруды қолына ұстап отырған, “социалистік сара жолға” бастаушы коммунистік партия бұрынғы Адай округінде “ауылдарды кеңестендірудің” әлсіздігін пайдаланған бұрыннан белгілі, жартылай феодал Тобанияз Әланиязұлының бас болған контрреволюциялық байлар ұйымын ОГПУ қызметкерлерінің ашқандығын өз отырыстарында талқылап жатты. “Адай округіндегі ұзақ уақыттар бойы кеңес өкіметі мен коммунистік партия ұйымы емес контрреволюциялық байлар мен жартылай феодалдық элементтер, ауылдың артта қалғандығын пайдаланып, өздерінің кеңес өкіметіне қарсы бүлдіру әрекеттерін жүргізіп келді” - деп көрсетіліп, 1930 жылы қарашаның

25-26-ларында өткен ВКП(б) Қазақ өлкелік бюросының отырысында (№24 хаттама, 10 пункт) бұрынғы Адай округінде кеңестерге қайта сайлаудың қорытындылары туралы О. Исаев баяндама жасап, оны талқылау нәтижесінде бұрынғы Адай округі ВКП(б) бастауыш ұйымдары мен аудандық комитеттеріне хат жазу туралы қаулы қабылданып, оны дайындауды Федоров деген біреуге тапсырған екен, Сөйтіп, “Бұрынғы Адай округі барлық ВКП(б) аудандық комитеттері мен бастауыш ұйымдарына” деген жолдау хат осылай дүниеге келген екен [13, 92-п.].

Мұнда кеңестендіру саясатының барлық жерде бірдей еместігі, әлі де болса, толық кеңестендірілмей отырған жерлер бар екендігін айта келіп, оған Қазақстанның таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын аудандары жататындығын, соның ішінде бұрығы Адай округі, Қарақұм, Қызылқұм және Балқаш бойы жататындығын көрсетеді. Бұл жерлер артта қалған аудандарға жатады, ол жерлерде патриархалды-рулық қатынастар қалдығы әлі де күшті, халық бұқарасының мәдени дәрежесі де өте төмен, кедейлер мен батырақтар әлі де толық ұйымдаспаған - дей келіп, 1928 жылы 27 тамыздағы байларды тәркілеу туралы Қазақстан үкіметінің декретінің Адай округіне тарамдауы сондықтан - дейді. Себебі, ауылдағы еңбекші бұқараның дайындығы ойлаған дәрежедегідей болмады, сондықтан халықтың бұл тобының қолымен революциялық шараларды жүзеге асыру мүмкін емес еді деп көрсетеді. Бірақ бұл “ауылды кеңестендіру” ұранының бұл аудандарда жүзеге асырылмауы емес еді дейді. К. Жаулин Адай округінің 1928 жылғы 27 тамыздағы декреттерден босатылуын 1927-1928 жылдардағы жұтпен байланыстырады [14, 52-б.]. Ауылдағы сол кездегі кеңестендіру саясатының ойдағыдай нәтиже бермеуі, партия ұйымының қатарына кедей-батырақтардың аз келуі, тіпті КазЦИК-тің мүшесі, Қазақстан үкіметінің өкілі Ералиевтің өлімін де осы Әланиязов тобының жұмысы дей келе, енді Адай өлкесіне де “Әланиязовшылдық” дегенді тауып, оған төменгідей баға береді:

“Әланиязовшылдық - бұл, социалистік бастамаларымызға қарсы байлардың шабуылы.

Әланиязовшылдық - бұл, өз мүдделері үшін ауылдағы рулық, феодалдық қатынастарды және жергілікті жерлердегі біздің жұмысымыздың әлсіздігін пайдаланып отырған байлар.

Әланиязовшылдықтың бірнеше жылдар бойы өмір сүріп және Кеңес аппараттары арқылы өздерінің контрреволюциялық бағдарламаларын нәтижелі жүзеге асыруларының себептері бұрынғы Адай партия ұйымдарының ауылды кеңестендіру мақсаттарындағы және кедейлердің байларға қарсы күресін ұйымдастыру жұмысының төмендігі, жаңа кадрларды дайындау ісінің, оларды партия және кеңес ұйымдарына тарту жұмысының ойдағыдай жүргізілмеуінен.

Әланиязовшылдықтың бұлай қанат жаюы, сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген қателіктер салдарынан партия ұйымдарының әлеуметтік құрамы да көңілдегідей болмауынан еді.

Кеңес-шаруашылық органдары жат таптық элементтерге шамадан тыс толып кетті, сондықтан таптық жауға қарсы қырағылықтың ойдағыдай болмауымен қатар, Әланиязовшыларға қарсы таптық күресті ұйымдастырмақ түгілі, олардың өздері де Құлшаров пен Көбеевтер арқылы Әланиязовшылдықты іске асырушылар болды.

Құлшаров пен Көбеевтердің қызметі, партияның сара жолы үшін дауыс беріп, ал іс жүзінде Әланиязовшылдықты қолдауы - зұлым сатқындық, ұлтшылдықтың ауыр түрі, сондықтан Қазақстан партия ұйымдарының алдында негізгі міндеттердің бірі партия қатары мен кеңес органдарын олардан тазарту болып табылады.

Партия мүшелері, бұл қылмыстарды көрген, өздері оған қатынаспаған бірақ бұл қылмыстарға қарсы большевиктерше шешуші күрес жүргізбеген, мұндай партия мүшелері оппортунизмнің шіріген көрінісін көрсетті. Мұндай партия мүшелері оның қатарында болуға тиіс емес.

Әланиязовшылдықты тек қана артта қалған Адай округінің ерекшелік жағдайына байланысты пайда болған құбылыс екен деп ойламау керек. Әланиязовшылдық - бұл Қазақстанның барлық артта қалған көшпелі аудандарындағы байлардың бізге қарсы күресі, жергілікті жерлердегі біздің партия кеңес қызметіміздің осалдығын және бұқараға рушылдық пен патриархалдықтың ықпалын пайдаланушы” [13, 97-п.].

“Әланиязовшылдықтың” не екендігіне осылай “жан-жақты” баға беріп қана қоймай, сол кезеңдегі дәстүр бойынша онымен күресудің жолын көрсеткен “ақыл” да айтылады. Онда “Қазақстан партия ұйымының, соның ішінде бұрынғы Адай округі партия ұйымдарының ең негізгі міндеттерінің бірі Әланиязовшылдық сабақтарын еске ала отырып, одан большевиктік қорытынды жасап, оны таптық жау мен оппортунизмнің барлық түрлеріне қарсы күнделікті күреске пайдалану қажет - дей келіп, партия ұйымдары “ауылды кеңестендіру” ұранымен және Әланиязовшылдықтармен күресте бұқараны ұйымдастырып, оларға қарсы көтеруі қажет, өз қатарларын тез большевиктендіруі жөн, тірі Әланиязовшылармен күресті өрістетуге қажет”, - дейді [13, 98-п.].

Бұдан біз бұрыннан келе жатқан партияның өз ішінен жау іздеу тактикасын көреміз. Бұл саясат тек қана Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңестер территориясында кеңінен қолданғаны бізге тарих оқулықтарынан да белгілі жай еді.

Сондықтан, Адай даласынан шыққан, өз елінің, жерінің бірлігі үшін күрескен, ел ынтымағын қорғаушы, ата-дәстүрін берік сақтаушы Тобанияз Әлниязұлы сияқтылардың көзін осылай жою ол кез үшін түк емес еді.

Бұл Голощекиннің Қазақстанда “Кіші Қазанды жүзеге асыру керек”, - деп жанталасып, бұл ойын теорияға айналдырып, республика басшыларына мақұлдатып үлгеріп, осы теориясымағын жүзеге асыру үшін Адай ауылдарында жедел кеңестендіруге бағыттаған саяси әдісі болатын.

Осымен бірге нақты Адай округіне бейімделген Голощекиннің саясаты округті екі бөліп, басқа округтерге бағындырып, ел бірлігін бұзу, сөйтіп елді титығына жеткізген саясатқа қарсы бас көтере бастаған халықтың қимылын көтеріліске жеткізбей басу еді [7, 55-б.].

Бұл іс тек қана араға ұзақ уақыт салып қана қайта қаралып, 1962 жылдың 8 ақпандағы және 1990 жылдың 26 сәуіріндегі Қазақстан Республикасы жоғарғы сотының қылмысты істер жөніндегі алқасының шешімімен айыпкерлердің әрекетінде қылмыстық құрамының болмауына орай, іс қысқартылды.

Сөйтіп Адай елінің арыстары еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана халқымен қайтадан табысып, ел тарихынан әділ орнын алған еді. Қазір Ақтау қаласында Тобанияз Әлниязұлына ескерткіш орнатылып, ол туралы баспасөзде материалдар жарияланып, оның есімін болашаққа қалдыру жөнінде біраз жұмыстар жүргізілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңаев Т. Тобанияз қыстауы. Алматы 1998. 144 б.
2. Қазақ ССР тарихы. 4 – том, Алматы “Ғылым” 1981. 676 б.
3. ҚР ОМА, 19 – қор, 1 – тізбек, 1 – іс.
4. Документы и материалы. Алматы “Наука” 1961. с. 77.
5. ҚР ҰҚКА, № 011377 архив, 12-том.
6. ҚР ПА, 140 – қор, 1 – тізімдеме, 82а – іс.
7. І.Сариев, М.Омаров Ойрандалған Адай даласы. Алматы “Атамұра” 1995. 160 б.
8. ҚР ПА, 139-қор, 1-тізімдеме, 266-іс.
9. ҚР ПА, 139-қор, 1-тізімдеме, 545а-іс.
10. Ахметов Ф. Алаш Алаш болғанда, Алматы “Жалын”, 1996.-224 б.
11. ҚР ҰҚКА, №01 архив, 6-том.
12. Алдажуманов К., Жумагулов Б. Восстание казахских шаруа в Адаевском округе. //Социально-политическое развитие Казахстана и его взаимосвязь с сопредельными странами. Сборник научных трудов. Алматы 1994. с.112.
13. ҚР ПА,141-қор, 17-тізімдеме, 426-іс.
14. Жаулин К.М. Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын күшпен ұжымдастыру: тарих және тағылым (1928-1929жж.). Тарих ғыл. кандидаты... дисс. Авторефераты. Алматы 1997. 52 бет.

Иманғалиев А.Т., Дүкенбаева З.О.

АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ «ҚАЗАҚ ТАРИХЫНАН» АТТЫ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕГІНЕН

*«Түріктің алтын бесігі – Алтай, ержетіп,
өсіп-өнген ордасы – Түркістан»
(Қошке Кемеңгерұлы) [1, 6 б.].*

XX ғасырдың басы қазақ тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Бұл кезең көне Түрік дәуіріндегі «Мәңгілік Ел», Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірінен кейінгі ұлттық сананың жоғары деңгейге көтерілген кезеңі болды. Алайда, әлемдік тұрғыдан қарағанда бұл кезең отаршылдардың күш алған, қазақ халқы тұтынып келген көшпенді өмір тәсілі түйыққа тірелген тар кезең болды [2,4б.]. Қиын-қыстау кезеңде Алаш қайраткерлерінің қазақ ғылымының дамуына үлес қосуда, қазақ халқын сауаттандыруда, әр түрлі жасырын жастар ұйымын құру арқылы егемендікті аңсап, тәуелсіздік жолында күресте өз өмірлерін құрбан етті.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде Алаш қайраткерлерінің тарихи қызметіне зор баға бере келіп: «XX ғасыр басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау», - деп санаған [3, 156 б.].

XX ғасырдың басында аласапыран заманда Алаш қайраткерлері өз жоспарларын жасап, сол кезеңдегі қазақ халқының қиындықпен өткен тұрмыс күндерін «Қазақ», «Айқап» газеттері арқылы мақалаларын жариялап отырды. Соның ішінде Алаш зиялыларының арасында тәуелсіздік жолында күрес жүргізген Қошке Кемеңгерұлының алатын орны ерекше.

Қошке Кемеңгерұлы 1896 жылы 15 шілдеде сол кездегі территориялық бөлініс бойынша Ақмола облысы, Омбы уезі, Беке болысындағы «Ауыздағы Қаржас» деген ауылда дүниеге келген. Ата-бабасы мұнда Баянауылдың Сарытауынан қоныс аударған болатын. Қошке Кемеңгерұлы – Арғын тайпасына жататын Қаржас руының атақты биі Шорман: «Омбыға барғанда тамақ ішетін, намаз оқитын жерім жоқ», - деп баласы Мұса оқыған кадет корпусы көрінетін Ертістің сол жақ бетінен 250 сомға жер сатып алып, сол жерге 1849 жылы сенімді ағайыны Атанұлы Кемеңгерге, өзіне арнайы үй салдырып, қызметшілері үшін тұрғын жай, малы үшін қора-қопсы тұрғызады. Кемеңгер Атанұлы Дүйсенбай, Дүйсебай есімді екі ұл сүйген. Дүйсебайдан тарайтын Қошмұхамбет есейе келе қалам ұстағанда, жазғандарына «Қошке Кемеңгерұлы» деп қол қояды. [4, 43 б.].

Алдымен ауыл молдасынан, содан соң Омбының ветеринарлық-фельдшерлік мектебіне түседі. Арнаулы оқу орны болғандықтан мұнда Қошке Кемеңгерұлы зоотехника, медицина негіздері бойынша сабақ алады. 1913 жылы аталған школдың екі сыныбын бітіріп, Омбы ауылшаруашылық училищесіне түсуге аңсары ауады. Осы жылы аталған білім ордасына Қошке Кемеңгерұлымен бірге Әбдірахымұлы Ахмет, Қазыбекұлы Смағұл, Саматұлы Мұхтар сынды шәкірттер де түседі. Бұлардан бір жыл бұрын училищеге Байжанұлы Сүлембек, Айбасұлы Бірмұхамед, Шорманұлы Асфандияр секілді қазақ балалары қабылданған екен. 1916 жылы бұл оқуға Смағұл Сәдуақасұлы түседі. Осыған орай Алаш зиялылары бір жерге ұйысып жаңа «Бірлік» атты ұйымының құрылуына жол ашылды [5, 98 б.].

Қошке Кемеңгерұлы мұраларын зерттеген филология ғылымдарының докторы, профессор Д. Қамзабекұлы «Руханият» атты еңбегінде: «1913 жылдардан бастап орыс школдарындағы оқушы қазақ жастары топтана бастады. 1914 жылы Омбыда жасырын «Бірлік» ұйымы ашылды. Мұның мәдени мақсатының астары, көздеген нысанасы - саясат еді, әлеумет наразылығын көрсету еді. 1916 жылы «Балапан» журналы қанат қақты... «Ғалия» шәкірттері де ұйымдасты. Бұлар татар медресесінде болса да «Қазақ» газетінің жолын қуаттады». Бұл журнал жөнінде Смағұл Сәдуақасов: «Балапан» журналы 1916 жылдан бастап Омбы қаласында шығып тұрады. Ол бірыңғай көркем шығарма жариялайтын бірден-бір басылым» [6, 54 б.], - деп жазады. Бұл журналға көптеген қазақ зиялылары қиын-қыстау кезеңдегі қазақ тұрмысын баяндайтын мақалаларды жариялады.

Алаштанушы ғалым Д. Қамзабекұлы Қошке Кемеңгерұлының шығармашылық өмірбаянын зерттеумен жүйелі айналысты. Айтулы ғалымның: «...Қошке Кемеңгерұлы қаламгер болып бірден қалыптаса салған жоқ. Ол өмірдің таңдай тулаған заманның өткелдерінен өтіп шыңдалды. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының сұранымын құдай сыйлаған шығармашылығымен хал-қадірінше қанағаттандырды. Оның жазушылығы, ақындығы, ғалымдығы елді ағартсам деген ниеттен туған ізденіс еді» [7, 10 б.], - деп Қошке Кемеңгерұлының тарихи тұлғасына жоғары баға берді.

Қошке Кемеңгерұлы Сәкен Сейфуллин ұйытқы болған «Жас қазақ» ұйымының жұмысына да қатысты. Бірақ облыстық қазақ комитеті мен уездік қазақ комитеті арасындағы кейбір маңызды мәселелер бойынша туған келіспеушіліктен соң және Жас қазақ басшылары Алаш Ордадан бойын аулақ салғаннан кейін 1917 жылы тамызда Қошке Кемеңгерұлы Ақмолаға қош айтып, Омбыға қайтады. Сол жылы күз, қыс мезгілдерінде Қ. Кемеңгерұлы Омбыда Ақмола облыстық Алаш партиясының комитетін ашуға күш-жігер жұмсайды. Сөйтіп, өзі сол комитеттің мүшесі болды.

1918 жылы Қошке Кемеңгерұлы Омбыда жас алашшылдар құрған «Жас азамат» ұйымының алқасына кіреді. Осы ұйымның Қызылжар қаласында шығып тұрған үні – «Жас азамат» газетіне редактор болады. «Қазақ», «Сарыарқа», «Абай» сынды ұлттық басылымдардың ізбасары іспеттес «Жас азамат» бетінде алаштың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған мақалалар нөмірлері шығып тұрды.

Қошке Кемеңгерұлы 1919 жылы Омбы политехника институтына оқуға түседі, 1920 жылы Ақмола облысына қарайтын Петропавл уезінде мұғалімдік қызметте болды [8, 8 б.].

1924-1930 жылдар аралығы Қошке Кеменгерұлы шығармашылығының жемісті кезеңі болды. Жазушы қаламына тыныштық іздеп туып-өскен Омбы қаласынан шалғайдағы Ташкент шаһарына ауысады. 1928 жылы ол Орта Азиялық Мемлекеттік университеті Шығыстану бөлімінің аспирантурасына түседі [2, 262 б.]. Бұл кезеңде А. Шмидт М. Гаврилов А. Дубсон тәрізді мықты ориенталистер тәлімгерлік жасайтын. Ғылым жолына түскен Қошке Кеменгерұлы батыл түрде белгілі ғалымдармен ашық, жүйелі пікірсайыстарға түскен. Ол осы жоғарғы оқу орнында жүріп, «Ақ жол», «Сана» журналында жұмыс істеді. Сондай-ақ Орынбор, Қызылорда, Семей, Шымкент қалаларына түрлі іссапармен барып, қаламгерлермен байланыс жасап отырды [4, 46 б.].

Өкінішке орай, Қошке Кеменгерұлының ғылым, білім, әдебиет салаларындағы қарымды қызметін 30-жылдары басталған кенес өкіметінің қазақ зиялыларына қарсы бағытталған репрессия науқаны тежеп тастады. Жалпы, Қошке Кеменгерұлы тарих, этнография, әдебиеттану, тілтану, көркем аударма, тағы басқа мәселелер бойынша қалам тербеген. Соның ішінде Қ. Кеменгерұлының «Қазақтың тарихынан» және «Бұрынғы езілген ұлттар» еңбектері тарих саласында өте құнды болып келеді.

Қошке Кеменгерұлының Қазақ тарихынан атты еңбегіне 1924 жылы Ғаббас А. Ш. пікір жазып: «Біздің қазақ әлі кітапқа кедей. Әсіресе, қазақ тарихынан жазылған кітаптар жоқ. Міне, қолдарыңыздағы кітапша, қазақ баспа сөзінде қазақтың саяси тарихы тұрмысынан жазылған тұңғыш кітапша деуге болады. Кітапшаның ішіндегі жазылған сөздің ұзын-ырғасы – қазақтың қысқаша саяси тарихы. Жазушының саяси жолы – ұлтшылдық жолы. Көздеген саяси идеясы – қазақ ұлтын «бүзбай», «жармай» мәдениетті ұлттыққа жеткізу. Қошмұхаметтің «Халық қаһарманы Кенесары мен Наурызбай өлген соң қазақ елі жуасыды... Әлихан өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды» дейді [8, 36 б.].

Қошке Кеменгерұлының тарихи мұраларына зерттеу жүргізген тарих ғылымдарының докторы, профессор Ахметов Қ. өзінің ғылыми мақаласында былай деп жазады: «Қошке Кеменгерұлы «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде хандық биліктен өмір сүрген қазақ қоғамынан бастап, кенес өкіметі орнаған кезеңге дейін қазақ елінің тарихи эволюциясын көрсеткен, әсіресе Қазақстанның Ресейге қосылуының отаршылдық сипатын, нәтижесінде қазақ халқының ұлттық тәуелсіздіктен айырылғаны баса көрсетілген. Зерттеуде қазақтың ұлы перзенттері Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев және XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері туралы біраз мағлұмат береді. Қошке Кеменгерұлы өткен тарихтың беттерін саралай отырып, патшалықтың халыққа білім беру саласындағы саясатын қатал сынға алды. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты негізінен экономикалық мақсатпен шектеліп қалмай, тәуелділіктің рухани-мәдени жағына ерекше мән берді» [9, 10 б.].

Қошке Кеменгерұлының сан қатпарлы шығармашылығы Алаш санаткерлерінің рухани және саяси арнадағы іргелі ізденістерінің заңды жалғасы бола отырып, отаршылдық қысымдағы қазақ ұлтының руханият әлемінің болмыс-бітімін тарихи тұрғыдан нақты зерттеу өзегіне алуымен дараланады. Отаршылдық саясатқа деген ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи мән-мағынасын бағалаудағы Қошке тұжырымдары да терең. Мысалы, «Қазақ тарихынан» атты кітаптың «Қарсы қозғалыстар» бөлімінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті «Кенесары қалың қауымға түскен бір шағым оттай болып, халықтың толқынын көтеріп жіберді деп бағалайды». Зерттеуші Сағымбай Ж. «Ұлт тарихы - тау тұлға» атты мақаласында былай деп мәлімдеді: «Қазақ тарихынан» еңбегінің қай тарауы болмасын қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік өмірінің ең өзекті мәселелерін жан-жақты да терең біргірілікте талдауымен назар аудартады. Қазақ психологиясына отаршылдық танған жат өзгерістер мен орыстандырудан өрістеген оспадарлықтардың да «қазақ тұрмысында шаруа, рухани, мінез тарауларына үлкен із қалдырғаны» кеңінен қарастырылып, өмірдің өзінен алған нақты мысалдармен негізделеді [1, 7 б.]. Белгілі ғалымдар О. Х. Мұхатова, Ш. Нұсқабаев Қошке Кеменгерұлының тарихи көзқарастары деген мақаласында былай деп жазады: «Қазақ тарихынан» деп аталатын еңбегінің үшінші тарауында мәдениет, хұқық, денсаулық, кәсіпшілдік, ауыл шаруашылығы туралы ой қозғады. Қоғам мен ғылымда қалыптасқан «қазақ халқы орыстан мәдениет үйренді» деген қағиданы жоққа шығарып, «қайта казак-орыс тіл, киім, шаруа, әдет жағынан қазақтан өнеге алып еліктеп кетті». Төртінші тарауында Шоқан, Ыбырай, Әлиханның халқына еткен еңбегін таразылап, кемшіліктерін көрсеткен. Шоқанның ғылымы мен біліміне жоғары баға берген. Қошке оның рухани мұрасының жарияланбағанына «... Шоқанның пікірлері бір жерге жиналып кітап болып ерте жарық дүниеге шықпағандықтан, кейінгі азаматтарымызға мезгілімен әсер бере алмады» деп налыды. Қазан төңкерісі мен кенес өкіметінің орнауы қазақ еліне ешбір пайда келтірмегендігін Қошке Кеменгерұлы: 1) «Шаруа шала-жансарлыққа

айналды. Бір жағынан, жұт себеп болса, екінші жағынан, қазақ аудандарының соғыс майданы болуы, разверсткенің тәртіпсіз алынуы орасан себеп болды, 2) Ауру, өлім көбейді, 3) Бұрынғы шаруа қуатты болған аудандарда ашаршылық өлшеусіз көбейді, 4) Көп жерлерде ашылған мектептер жабылып қалды – деп көрсеткен» [10, 83 б.].

Қорытындылай келе, Қошке Кемеңгерұлы өмірдің соңына дейін халқына білім мен ғалымның өнеге мен үлгінің нұрын шашып, таусылмайтын рухани қазына қалдырылды. Қошке Кемеңгерұлының Қазақ тарихынан атты еңбегі тарих саласы бойынша өте құнды болып келеді. Ол өз еңбегінде қазақ тарихына қатысты ұлт зиялыларының қызметіне және өзінің тарихтағы елеусіз болған деректерді қалдырды Дана халқымыздың «Жақсы адам - қазына», «Жақсыдан шарапат, жаманна кесапат» – деген нақыл сөздерінің мағынасы терең. Осы нақыл сөздер Қошке Кемеңгерұлы сынды біртуар тұлғаларға айтылғандай.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сағымбай Ж. Ұлтын сүйген тау тұлға // Ана тілі, 2015, 1-7 қазан, №39 (1297), 6-7 бб.
2. Алаш және Әуезов. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, «Жазушы» 2007. - 4 б.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 156.
4. Каренов Р. С. Алаш қайраткерлері Қошке Кемеңгерұлының ұлтты дамыту жолындағы ізденіске толы қызметі // ҚарМу. Хабаршы. – Қарағанды, №2 (70) 2013. – 43, 46 бб.
5. Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. - 98 б.
6. Қамзабекұлы Д. Руханият: (Мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: «Білім», 1997, 54-55 бб.
7. Шормакова А. Б. Қошке Кемеңгерұлының әдістемелік мұрасы // Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. Автореферат. 2010. - 10 б.
8. Қамзабекұлы Д. Қошке Кемеңгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. – 8-9 бб., 36-37 бб.
9. Ахметов Қ. Қазақтың Қошке Кемеңгері // Mangi El. – 1(9) 01-02-2015.
10. О. Х. Мұхатова, Ш. Нұсқабаев Қошке Кемеңгерұлының тарихи көзқарастары // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы – Алматы, №1(60), 2011. - 83-84 бб.

Исенова Г.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН СТАТИСТ- ҒАЛЫМ

Статистика – ғылымның бір тармағы, практикалық қызмет саласы, білім бағыты, таным құралы. Статистика дегенде мәліметтерді жинақтау процесінде, оларды қайта өңдеп, бейтарап әрі анық талдау ережелерін де түсінеміз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, статистика - әрі ғылым, әрі қызмет саласы, әрі мамандық түрі. Ол арнайы ұйымдастырылған білім тармағы да, белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға қажетті пәрменді құрал да, кәсіпкерлік қызмет саласы да болып табылады.

Қазақстанның ХХ ғасырдың бас кезіндегі рухани-интеллектуалды элитасының лидері, мемлекетіміздің тарихында терең із қалдырған Әлихан Бөкейхан болды.

Әлихан Бөкейхановтың 1894 жылы институтты бітіргеннен кейінгі алғашқы еңбек жолы да статистикалық жұмыстармен басталады. ХХ ғасыр басында «Брокгауз-Ефронның» ықшамдалған нұсқасы ретінде жоспарланған көп томды орыс энциклопедияларының бірі «Жаңа энциклопедиялық сөздікте» жарық көрген мақалада: «Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы ормантанушы-статист;... әуелі медреседе, сосын земстволық-техникалық училищеде және орман шаруашылығы институтында оқып, оны 1894 жылы бітірді. Тобыл губерниясындағы статистикалық жұмыстарға қатысты, кейін Омбы орман мектебінде оқытушы болды» [1, 13 б.], делінген.

Институтты бітірген біліміне сай жас маман Әлиханды Тобыл губерниясы Ялуторов уезіндегі шаруалардың экономикалық жағдайын зерттеуге шыққан Половцевтің экспедициясына жұмысқа шақырады. Сонымен алғашқы статистикалық зерттеулерін жас маман осы экспедиция құрамында жүргізеді. Бұл тәжірибе, оның кейінгі жүргізген статистикалық жұмыстарының алғы шарты есебінде саналады.

Далалық өлкені зерттеген Ф.А. Щербин экспедициясының (1896-1903) құрамында болған кезеңдегі Әлихан Бөкейханның қызметі, статистикалық зерттеулері өзіндік орны бар маңызды еңбектер санатына енген.

1897 жылдың екінші жартысында экспедиция Семей облысы Павлодар уезінде жұмыстар жүргізеді. Бұған Әлихан басқарған партияда да қатысты. Жұмыстар аяқталғаннан кейін материалдарды басып шығару үшін экспедиция мүшелері кезекті томды дайындауға кіріседі. Әлихан өз кезегінде Маралды болысындағы рулардың кестесін сызып, құрастырады. Сонымен бірге Павлодар үйезінің «Қоныстану тарихын» жазып, Алтыбай және Қызылтау болыстарының сипаттамасын дайындайды [2, 134 б.].

Павлодар үйезінің қоныстану тарихына байланысты мақаласында Әлихан жергілікті халықтың тарихын, рулардың елді мекендерге орналасу ерекшеліктерін, жылдың әр мезгілінде жайлайтын қоныстарын білгірлікпен баяндайды. Әр рудың қай жылдарда қалай келіп қоныстанғанын, қандай ел билеушілері мен батырлары болғанына да тоқталады. Халықтың қоныстануы барысында көптеген жылдар бойы қалыптасқан, мызғымастай болып көрінген кейбір жағдайлардың кейінгі уақытта өзгере бастағанын да жазады. [3, 127 б.].

Әлихан болыстағы егіншілік даму барысына да шолу жасайды. Мәселен, Шөлқұдық деген жерде 1886 жылы тары себілген еді, екі – үш жылдан кейін, 1888 – жылы ол жерде мысық – құйрық пен қаңбақ өсті. Бұл жерді жыртып, оған 35 десятина бидай егілді. Ең жақсы десятинадан 40 пұт жиналса; басқаларынан – 20-25 -30 тіпті 15 пұт. 1889 жылы 20 десятинаға бидай егілді, алынған өнім сондай, яғни 1 десятинадан 15-40 пұт. 1890-шы жылы – 40 десятина (5 десятинаға тары себілді), 1 десятинадан орташа есеппен 35 өнім алынды. 1891 – жылы сол 40 десятина жерден алынған өнім бір десятинаға шаққанда 20 пұт, - құрғақшылық. Өстіп, 1897 жылға дейінгі көрсеткіштерді келтіреді, яғни егіншіліктің жағдайын, егістік алқабының мөлшерін, одан алынған өнім мөлшерін салыстырмалы түрде қарастырады.

Байлар мен кедей – кепшік арасындағы қатынасқа да тоқталады. Егер, кедей шаруа байдан қарызға бұзау алса, келесі жылы тайынша беруі керек. Кедейлер ауқатты тұратын адамдардан әртүрлі малдар алады: жұмыс аттарын, ірі қара және қойларды - бағасына қарай. Қарыздарын бөліп ақшалай төлейді немесе еңбекпен өтейді. Келісім жазбаша түрде жасалынбайды, алайда келісім-шарт сыйлы ақсақалдар көзінше ауызша жасалынады [3, 130 б.].

Щербина экспедициясы Ақмола, Торғай және Семей облыстарының 12 үйезін мұқият зерттегені белгілі. Экспедиция құрамына алғашында қатардағы статистик ретінде шақырылған Әлихан, көп ұзамай өзінің білімі мен біліктілігі және ұйымдастырушылық қабілеті арқасында экспедицияның жеке зерттеу тобының басшысы болып тағайындалады.

1898 жылы экспедиция Семей облысының Қарқаралы үйезін зерттеуге кіріседі. Әрине, Әлиханның өзінің туған өлкесіне бет алған топтан сырт қалмасы белгілі. Қарқаралы үйезінің 12 болысы мен Шу өзені бойын мекендеген, егін шаруашылығымен шұғылданатын отырықшы қазақтарын Л.К. Чермак, И.Ф. Гусев және Ә.Н. Бөкейхан бастаған жеке- жеке үш ғылыми тобы бар экспедиция 1898 жылы зерттесе, келесе жылы солтүстіктегі Абыралы және Дегелең болыстарын зерттеп шығады. Әлиханның партиясында оған көмекші болып Жүсіп Сатыбалдин және тіркеуші Ережеп Итбаев қызмет атқарады. Бұл партия сонымен қатар Абыралы және Дегелең болыстарын да зерттейді.

Жалпы, екі жыл ішінде экспедиция үйездегі 21 болыстың 16-сын толық, ал Мойынты мен Шу болыстары жартылай зерттеліп, 19016 шаруашылық немесе үйездегі тұрып жатқан халықтың 67 проценті қамтылады. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша жиналған материалдарды тәртіпке келтіріп, жүйелеп, баспаға дайындауға партия жетекшілері Л.К. Чермак және И.Ф. Гусев пен бірге Әлихан Бөкейхан да қатысады. Оның нәтижесі «Семей облысы Қарқаралы уезі» деген атпен Щербина экспедициясы «Материалдарының ...» 4 томы ретінде 1905 жылы Санкт-Петербургте басылып шықты. Осы томға «Кіріспе сөз» арнаған Л.К. Чермак «В обработке материалов принимали участие А.Н. Букейхан, И.Ф. Гусев и я. Первому принадлежит составление примечаний к общинно-аульным группам, родовые схемы, установление естественно – исторических районов и описание их, составление таблицы перекочетов и составление алфавитного указателя киргизских (казахских) слов, вошедших в «Примечания». Им же... составлена карта киргизского (казахского) землепользования» [3, 123 б.], – деп жазған.

Осы жолдардан-ақ аталған 4 томға енген жұмыстардың негізгісін, басым көпшілігін Әлихан Бөкейхан жазғанын анық байқауға болады.

Бір ескеретін жағдай, тұңғыш рет Щербин экспедициясы жоспарлы түрде жерді қауымдаса пайдалану ерекшеліктерін зерттеді. Қазақтың жерді қауымдасып пайдалануы – рулық сипатты. Бұл жағдай Әлихан Бөкейханды қазақ қоғамының рулық құрылымын зерттеп, рулардың кестесі мен картасын жасауға итермеледі. Оның нәтижесі - жоғарыда айтылған VI томға енген «Родовые схемы

киргиз Каркаралинского уезда» еңбегі. Оның алғы сөзінде Әлихан уездегі халықтың түгелге жуығы қазақтар екенін, олардың арасында басқадай тайпа өкілдері де бар екендігін жазады. Бір қызықтысы, Әлихан қазақтардан кейінгі ең көп топ қырғыздар деген уәж айтады. Орысша түпнұсқасы: «Так, в Каркаралинском уезде после казахов самой многочисленной группой являются киргизы, известные под именем кара-киргиз». Осы жерде Әлихан қазақтарды өз төл атымен атауы ескеретін жағдай. Осы топтан кейінгі орынды төлеңгіттері мен сұлтандар алады. Сұлтандардың моңғол тайпасынан, ал төлеңгіттері әр ру мен тайпалардан жиналған қырық ру ел деп атапты. Олардан басқа өздерін VI халиф Әлидің ұрпақтарымыз деп санайтын қожалар да бар дейді.

Кестенің соңында Әлихан уезді мекендеген қазақ руларының орналасу картограммасын келтіреді. Оның бір ерекшелігі деп сұлтандардың да топтасып өмір сүріп жатқан қоныстарын картаға түсіруі [3, 89 б.].

Жалпы, Әлиханның сол заманда сызып кеткен шежіре түріндегі кестесі әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ деп есептейміз. Өйткені, оның басты себебі – Әлихан өз кестесіне деректерді 1898-1899 жылдары сол кезде көзі тірі адамдардан ауызекі шежіршілерден жазып алғандығы. Бүгінгі шежіре жазып, кітап шығарушылар да Әлихан Нұрмұхамедұлының кестесіне сілтеме жасап жатуы соның айғағы.

Сонымен бірге, қазақ елінің бұл аумақта Шыңғысхан заманынан, XIII ғасырдан бері тұратындығын, кең-байтақ қазақ даласының солтүстігінде Жайық өзені (Орал мен Жайық), батысында Аму-Дария (ОКС), шығысында – Ертіс өзені және оңтүстігінде таулы шындармен қоршалып жатыр дейді. Бұған қоса қазақтардың Астрахан губерниясында қоныстанғанын жазады.

Тағы бір қызығы, қазақ халқының таралған аумақтағы саны көрсетілген кестеге түсініктеме жазған: Әлихан «Барлық он облыстағы қазақтарды, қара қырғыздарды, қыпшақтарды бірге қосқанда барлық халықтың 51 пайызын құрайды», – деп атап көрсеткен. Бұған қарағанда Әлихан 1897 жылы Ресейде жүргізілген санақтарға сүйене отырып, өзінің ана тілі қазақ тілі екендігін айтқан халықтың саны – 4084 мың. Осыған сәйкес Ресейді мекендейтін әр түрлі халықтардың арасында қазақтар алтыншы орын алады. Егер де табиғи өсім коэффициентін 1,5-ға тең десек, бүгінгі уақытта қазақтардың саны 4696600 жетті деген дерек келтіреді. Әлихан Бөкейхан ресми санақтан 13 жыл өткеннен кейін қазақтардың санын ғылыми тұрғыдан статистикалық әдіспен болжай отырып 612 600 адамға артқанын есептеп шығарады [3, 66 б.].

Әлихан Бөкейханның орысша жазылған «Қазақтар» («Киргизы», 1910) атты монографиясы біріншіден, демографиялық-статистикалық зерттеулері, деректері мол іргелі еңбек. Әлихан «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаштың талапты азаматына» деген мақаласында да статистика мәселелеріне тоқталып, санақ туралы «1 июльде басталып, адам, мал, егін барлық шаруаның есебі алынады. Бұл есеп біздің Ресейдің қол астындағы тамам жұртқа болады.

Есепті атқаратын қызметші үш дәрежеде болады: регистратор – хатшы, мұның алатыны 150 сом. Хатшылардың жөндеушісі – инструктор, мұның жалақысы 200 сом. Бұларды жөндеуші бастық жалақысы 300 сом.

Орыстың саяси партияларының ақшасы бар, жұртқа қызмет қылатын кісі бар, мұжыққа үгіт айтуға әдейі арнап кісі шығарып жатыр. Бізде ақша жоқ, бізде кісі аз. Есепті жабылып жүріп, жұрт ісін істеп қалған оң» [4,395 б.], – деп жазған. Әлихан 1917 жылдың 1 шілдесінде басталатын санақтың кейбір ұйымдастырушылық мәселелеріне және өзін толғандырып жүрген есеп алудың қазақ даласындағы жағдайын баядаған.

Әлихан жоғары білім алған мамандығы бойынша ормантанушы-статист. Біздің көздеген мақсат Әлиханның статистикаға қаншалықты қатысы барлығына байланысты болғандықтан статистика ұғымының жәй-жапсарын анықтап, түсінікті болатындай талдап алғанның артығы жоқ сияқты. Статистиканың қажеттілігі мен дамуы ең алдымен қоғам мен мемлекеттің дамуымен, олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерімен, маңызды әрі жауапты шешімдер қабылдаумен анықталады. Осы тұрғыдан келгенде статистика тарихын зерттеу, экономикалық-статистикалық білімінің ажырамас бөлігі. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың барлық жетістіктері – тарихи дамудың нәтижесі, ал оны түсіну, бағалау толықтай тек өткенімізге байыптап қарағанға байланысты. Әрбір статистикалық көрсеткішті, жіктеу, әдістер бойында бұрынғы өткен көптеген ғалымдардың еңбегі бар. Бұл саланың, ғылымының тарихи өткені, мәселелері бүгінгі күнге де тікелей қатысты. Әсіресе еліміз тәуелсіздік алып, өз тарихымыздың беттерін жаңадан жазып, бұрынғымызды объективті түрде саралап, жаңғыртатын заман туған кезде жеткілікті мән беру кезек күттірмейтін шаралардың бірі[5].

Қорыта келе айтпағымыз, Әлихан Бөкейхан тек білімі жағынан жоғары оқу орнын бітірген статист болып қоймай, бірнеше ірі экспедицияларға қатысып, жан жақты статистикалық зерттеулер жүргізіп, басшылық жасап, көптеген еңбектер жазып, статистикалық мекемелерде маман болып қызмет атқарған. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан қазақтан шыққантұңғыш – статист - ғалым, Қазақстандағы статистика ғылымы мен тәжірибесі тарихының бастауында тұрған көрнекті маман[6, 66 б.].

Әдебиеттер тізімі

1. Г. Кац. Семипалатинская статистика в зеркале времени. //Спектр. 16. 02. 2006 г.С.13.
2. Энциклопедический словарь Брокгауз и Ефрон (в 12 томах). Биографии. Отв. ред. В.М. Карев, М.Н. Хитров. – М: Бол. Российская энциклопедия, 1992, Т. 2, – 634 с.
3. Ә. БөкейханТандамалы (избранное). // Гл. Ред. Р. Нургалиев. – Алматы, 1995. – 478 б.
4. «Қазақ» газеті / Бас. Редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
5. Р.Кәренов. Алаштың бас көсемі.// Азия Транзит. – 2000. №2 – 5-13 бб.
6. Ы. Әміреұлы.Статистиканың жалпы теориясы: оқу құралы.– Алматы : ҚазМБА,1998. – 270 б.

Kalenova T.S., Shaymerdenuly E.

THE STATE BASES OF ALASH AUTONOMY

Development of the sovereign Republic of Kazakhstan, the developing new world outlooks in society demand from domestic social science of development of new conceptual decisions and approaches to an assessment of the past and the present, the critical analysis and reconsideration of scientific heritage in the field of historical knowledge.

After gaining independence Kazakhstan, the people easily revived in memory all events of the XX century, including connected and with the movement «Alash». As a result of intensive scientific research became possible objectively to define a role and a place of the movement Alash in the history of national liberation fight of the Kazakh people and to restore historical justice in an assessment of activity of the government of Alash-Orda. The movement Alash is the epoch-making phenomenon. Its activity, ideas, programs laid the fundamental foundation to formation of national statehood.

The movement «Alash» is the first intellectual movement in the history of the Kazakh people which was supported by it, and a crucial role, of course, here was played by the national intellectuals who gave to this process focus. On the level the movement «Alash» is similar with the national liberation movements of the beginning of the XX century in Europe and Asia and, it is possible to tell, it was at rather high level and for its realization the Alash party, and then the Alash autonomy was created.

The movement «Alash» took serious political and organizational steps to the modern national democratic state. The modernization of economy, legal base capable to realize needs and demands of citizens, equality, consent and peace on which figures of the movement «Alash» insisted always, cultural progress of the nation, attraction not only elite, but also broad masses to political processes by means of inclusion in representative bodies, public structures — these ideas remain actual. Representatives of the alash intellectuals were betrayed by those eternal values which today we need most of all: love to the Fatherland and the people, unselfishness, honesty and honor, respect for work and knowledge, fidelity to duty, sacrifice for the sake of high ideals.

In 1991 on the eve of the new millennium the state sovereignty of Kazakhstan was proclaimed. This important document laid the foundation for realization of a cherished dream of the Kazakh people about creation «The eternal state», the world community, full and free among the countries. It is triumph of an unbending will and strength of mind of the people who passed a centuries-old way of creation of the independent state, having endured disturbing stages of historical destiny.

The great steppe which had been on a destiny roadside more than once, having united destinies of people of different nationalities and religions, becomes a native haven for them. At the beginning of the XX century at the initiative of representatives of the advanced intellectuals of the people the autonomy Alash for the purpose of association of all ethnics living in the territory of Kazakhstan and formation of a political platform of further development of the state was formed. As leaders of this movement Alikhan Bokeykhanov, Ahmet Baytursynov, Mirzhakyp Dulatov acted. National independence, a political freedom and territorial integrity of the Kazakh steppe were the first slogans of the movement Alash. The government Alash becomes a harbinger of the Kazakh statehood of a new formation.

On November 21, 1917 the draft of the party program «Alash» was published in the Kazakh newspaper. It had all-democratic priorities: universal suffrage, proportional national representation, the democratic federal republic Russia with the president and the legislative Duma at the head, equality entering it autonomies, democratic freedoms, separation of church from the state and equality of languages, etc.

The draft of the party program on structure corresponded to constitutions of the European states of that time and included the basic constitutional provisions.

Authors of the project and the advanced Kazakh intellectuals supported changes in Russia and supported the all-Russian constituent assembly which would approve the federal democratic device of Russia. They offered such new progressive ideas – the principle of division of the government into branches, general character of elections, creation of an autonomy for all nationalities, equality irrespective of religion, an origin and a gender, the principle of a presumption of innocence, immunity of judges and leaders, about a jury, about freedom of religion, etc.

In the first section of the draft of “the Form of the State” program the question of the form of government and a state system was considered. It was proclaimed that Russia has to be the democratic republic. In the head of the government there will be a president elected for a certain term. Authors of the project offered a democratic electoral system: a general, equal, direct and secret election without distinction of an origin, a floor, religion whereas the first Soviet constitutions rejected general character of elections.

The section «Basic rights» contained all main ideas of the rights and freedoms of the person which are affirmed in constitutions of the democratic states today. The religion separated from the state. In the section «Justice and Court» were proclaimed equality of people before court, immunity of judges and leaders, conducting legal proceedings in language of local population. An element of democratic character of legal proceedings is establishment of consideration heavy a crime a jury that takes place not in all Post-Soviet constitutions.

This draft of the program, according to the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, «I had more constitutionalism in myself, than all constitutions of the Soviet modification» [1, 126 p.].

All - Caucasian Congress II conducted in Orenburg on December 5-13, 1917 unanimously decided to form a territorial-national autonomy of areas.

The Congress resolution noted the following: To appropriate to an autonomy of the Kazakh areas the name «Alash». The constitution of an autonomy «Alash» is approved by the All-Russian constituent assembly. Everybody who lives among Kazakhs guarantees the rights of minority. In all establishments of an autonomy «Alash» representatives of all of the nations have to be presented in proportion. Also exterritorial and cultural autonomy is presented for those who stays beyond the autonomy “Alash”. Everbody who lives among Kazakhs is guaranteed with the rights of minority. For the purposes of the Alash area from the general disorder of anarchy to organize the temporary national council of «Alash-Orda» consisting of 25 members, 10 places from which to provide to the Russians and other people living among Kazakhs was decided. Semipalatinsk was elected as a place of stay of «Alash-Orda».

In order to develop the national state and to fight against the “enemy of freedom – bolshevism” which supported only Soviet based autonomies Alashorda leaders paid a lot of attention to founding the national army “national police” and collaborating with political unions against the Soviets [2, 158 p.]. Therefore on June 24, 1918 military board consisting of three people was founded by the provision adopted in General Kazakh Congress II, on June 25 Decree on founding the national police was adopted by Alashorda chair Alikhan Bokeyhanov’s signature. Military Board was responsible for organizing regional and district police. Congress decided to found the army which consisted of 20 000 people and to fix a 100 tenge special military tax.

Alash decided to found police unit in six regions of Kazakhstan: Bokey- 1000, Oral - 2000, Torgay- 3000, Akmola- 4000, Semey- 1500, Zhetisy- 2000, total 13 500 people [2, 73 p.]. Alash national police was made as a horse army.

To sum up, Alash army had historical importance in founding Kazakh statehood, because forced army is a guarantee of independent country. Certainly, as it was just a programme project, Kazakh intellectuals could introduce only the main problems in this historically important document, Civil War made it difficult to improve and implement them in sufficient level. cultural autonomy is represented to those who without territory will appear within an autonomy «Alash». Everybody who lives among Kazakhs, guarantees the rights of minority. In all establishments of an autonomy «Alash» representatives of all of the nation have to be presented in proportion. Also exterritorial and cultural autonomy is represented to those who without territory will appear within an autonomy «Alash».

The famous scientist historian Dina Amanzholova notes the following significant problems of modernization of the Kazakh society which made the program Alash:

- transformation of economic bases of activity of Kazakhs, their traditional economy;
- creation of political and legal base for realization of especially sensitive needs and inquiries in the sphere of a freedom of worship, the rights of the personality and citizen, national equality in full;
- radical increase of literacy, development of national school, formation of modern general and especially political and legal structure;
- inclusion of etnopolitical elite and broad masses in real political process through representative bodies, political parties and public organizations, governing bodies and self-government.

Thus, figures of the movement «Alash» wanted to see the country free and independent. Dreamed to see the Kazakh nation among with others the advanced developed countries of the world. Unfortunately, within that Soviet system alashsky figures were declared by enemies of the people and underwent the most severe repressions. In conclusion Alash autonomy despite of its short existence was the first autonomy of the XX century, which was based on national interests and oriented democratically.

Activity of leaders of the movement «Alash» was the noticeable political phenomenon in political history of the Kazakh people in their best aspirations to national statehood. «We can tell definitely, - N. A. Nazarbayev in the book «In a History Stream» writes, - that the activity of the Kazakh intellectuals of the first half of the XX century interfaced to terrible personal tragedies is modern not only on the conceptual level that the unique phenomenon in itself, but also on the civil and cultural level». The main idea of Alash» is a national statehood [4, 107].

The Independence is the main value for any people thinking of the future. From this point of view quite appropriate to estimate the Republic of Kazakhstan as a concrete embodiment of idea «Alash». Ideas of the movement «Alash» is the base of the Republic of Kazakhstan, absorbed ideas and concepts of the Constitution of the developed democracies of the world, the movement «Alash» fixes the main universal and democratic values.

The literature:

1. Matayeva M. Constitutional history of Kazakhstan and countries of Central Asia. The XX century (comparative and legal research), «Elorda», Astana, 2006, page 414.
2. Nurpeisov K. Alash and Alashorda. - Almaty: Atatek. - 1995. - 256.
3. Alash Orda: Collection of documents (coll. by. N. Martinenko).-Almaty:Small publishing house «Aikap».-1992. – 192 p.
4. Nazarbayev N. A. In a history stream. - Almaty: Atamura. - 1999.-296 pages.

Кадырова Г.К., Хамитова С.Т.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

XIX- ғасырдың II-жартысында қазақ мектептері қандай болуы керек деген мәселе күн тәртібіне қойыла бастады. Ол жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарастағы топтар пайда болды. Бірі – бұратана халықты шала сауатты күйде қалдырып, төл мәдениетінен қол үздіріп, бірте-бірте орыстандыру саясатын көздеген Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер болса, екіншісі- Батыс Еуропа және Ресей халқының прогресшіл озық мәдениет үлгілерін игеру арқылы өз елін өркениетті елдердің деңгейіне көтеруді көздеген Ш.Уәлиханов, Б.Алтынсарин, А.Құнанбаев сияқты демократ-ағартушылар бастаған және дәстүрлі білімді жаңа үлгіде оқытуды жақтайтын жәдидтік топ. «Айқап» журналы ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М.Сералин «біздің ғасырымыз – ғылымның ғасыры» деп санады. [1,57-60 б] Ол Ш.Марджанидың, Ыбырай Алтынсариннің ізбасары болды. Жәдидшілдіктің, яғни жаңа әдіспен дауыстап оқытудың атасы И.Гаспринскийді өзінің ұстазы және тәлімгері деп білді. Халықты еуропалық мәдениетке, ең алдымен мектеп пен медреселерде еуропалық дыбыстап оқыту әдісіне тартуды жақтады. Қазақстандағы ағартушылық татар және бұхар теологтарының, түркі-татар жазуының үстемдігіне жан сала қарсы шықты. «Шығыстың көрнекті ағартушыларының еңбектері, - деп жазады Мұхамеджан Сералин, - туған халық тілінде оқу мен білім алудың және оны құрметтеудің пайдалы екеніне біздің көзімізді жеткізді». [1,60 бет]

Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Ол бастаған бір топ қазақ зиялысы 1905-жылы 26-маусымда Қарқаралы қазақтары атынан Министрлер Кеңесінің төрағасына петиция жолдап, «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін» деген талап қойды.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ жазуы саласындағы реформаторлық ізденістеріне қарсы шыққан авторлар ұйымдастырылған түрде «Айқап» беттерінде жарияланып отырды.

Семейде XX ғасыр басында халық ағарту саласында, әсіресе қазақ халқы үшін, қалыптасқан екінші бір жағдай Алаш партиясы, Алашорда үкіметі, яғни Алаш қозғалысы көсемдері Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәннан Тұрғанбаев, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар қызметімен тікелей байланысты болып келеді. Ол 1905-1930 жылдарды қамтитын тарихи кезең.

Алаш партиясы Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезінде (1917-ж. Желтоқсан) қазақша мектеп оқулықтарын жазу комиссиясын құрды, оған белгілі тіл ғалымы Ахмет Байтұрсынов төрағалыққа бекітіліп, мамандар Телжан Шонанұлы, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Бияхмет Сәрсенов мүше болып енді. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі басшылығы ұлттық педагог кадрларды даярлау, қазақ мектептерін ашу, оқу құралдарын шығару мәселесінде үлкен еңбек атқарды. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінде тұңғыш әліппе құралын 1912 жылы жазды. Оның 1892-жылы Қазанда жарық көрген «Букварь для киргизов» деген оқу құралы жеті рет қайта басылып, 1925-жылға дейін пайдаланылып келді. 1920-жылы қазанда ҚазақАКСР-нің Халық Ағарту Комиссариаты құрылып, оны А.Байтұрсынов басқарды. 1921 жылы ақпанның 18-інде Бүкілқазақстандық оқу-ағарту конференциясы шақырылды. Онда балаларды қорғау, бірыңғай мектеп жүйесін құру, кәсіптік-техникалық білім беру, саяси тәрбие жұмысына байланысты т.б. мәселелер қаралды. 1922-23 жылдары ұлт мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шаралар іске асырылды. Қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде «Физика», «Грамматика», «Педагогика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы», т.б. кітаптар бар. Бұл оқулықтарды жазуға Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Санжар Асфендияров, Тайыр Жомартбаев, Қаныш Сәтбаев, Әлімхан Ермеков, Т.Жолдыбаев, т.б. қатысты.

Сол тарихи кезеңде оқу ісін ілгерілетуге қол байлау болып отырған негізгі кедергілерді 1918 жылы Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас семинарист Мұхтар Әуезов «Абай» журналының №11 санындағы мақаласында былайша айшықтап береді: «Ұлт мектебін ашуға қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш кедергі түр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалімнің жоқтығы, екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы».[3,5бет] Бұл ұлттық педагог кадрлардың тапшылығы, қазақ мектептері мен қазақша оқулықтардың тым аздығы, тіпті жоқтығы мәселесі Алашорда үкіметі құлап, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі 1919-20 жылдары да үлкен өзекті мәселе болып қала берді. Қазақша оқулық жазып, баспаға дайындау ісінде М.Әуезов, Ә.Ермеков, М.Тұрғанбаев, Қ.Сәтбаев, Сейітбаттал Мустафин, т.б. арыстарымыз өлшеусіз үлестерін қосты.

1918-19 оқу жылында Семей облысы бойынша ашылған 59 бастауыш мектептің 40-ы Семей уезінде, оның 35-і қазақ аудандарында жұмыс істей бастады. Қазақ зиялылары оқу-білімнің пайдалылығын насихаттап қана қоймай, ұйымдастырушылық, педагогикалық, шығармашылық қызметтерінде белсенділік танытып, ұлттық мектептерді ашуда, мәдени-ағартушылық мәселелерде қыруар істер атқарды. [4,6бет] Әрине, мемлекеттік құрылымдағы, әлеуметтік-саяси, қоғамдық өмірдегі үлкен өзгерістер халыққа білім беру жүйесіне айтарлықтай жаңалықтар алып келді. Соның бірі қазақ әйел мұғалімдердің-мұғалімалардың қалыптасып, білім беру мен мәдени-ағарту жұмыстарына белсене араласуына жол ашты.

1917-1927 жылдары Алаш атанған Семей қаласының сол жағалауындағы мектептерде Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген Мәннан Тұрғанбаев, Тайыр Жомартбаев, Мұстахым Малдыбаев, Хайролла Ибрагимов, т.б. тер төгіп қызмет етті. Бұл жылдары Семейде де ұлт мүддесін көздеген қыруар істер атқарылып жатты. Соның бірі- білім саласында ұлттық мектептерді көптеп ашып, оған мамандар даярлап шығару, халықты жаппай сауаттандыру мәселелері болды. [4,7 бет]

Семейдегі «Оқытушылар ұйымын» жастар қауымдастығына жатқызуға келмесе де ұйым мүшелерінің дені жас оқытушылар мен семинаристер болғандықтан, Смағұл Садуақасов өзінің еңбегінде жастар ұйымдарының қатарынан орын береді. Бұл ұйымның жастарға білім беру ісін

ұйымдастыруда, оқулық бастыру мен оқу бағдарламасын жасауда маңызды роль атқарғаны белгілі. Қоғам өміріне белсене араласқан жастар ұйымдарының бірі- 1917 жылы күзде құрылған «Жанар» мәдени-ағартулық қоғамы болды. «Жанар» ұйымының белсенді мүшелерінің бірінен саналған Ж.Аймауытовтың БМСБ-ның регушілеріне берген түсініктемелерінде «Жанар» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыру Кеңесіне М.Тұрғанбаевтың жетекшілік жасағанын, бұл ұйымның «Абай» журналын шығару ісіне ұйытқы болғанын және принциптік мәні бар саяси мәселелерде тек қана Алашорда үкіметінің жолын тұтынғанын мәлімдейді. Сонымен бірге, бұл ұйымның жұмысына белгілі дәрежеде М.Дулатовтың да ат салысып, ықпалы болғандығы белгілі болып отыр. Кейінірек 1919 жылы ақпанда Семей қаласында осы «Жанар» қоғамының ізбасары ретінде оқушы қазақ жастары «Жеткіншек» атты облыс қазақ оқушыларының ұйымы ашылды. [6,67-68 бб.]

1918 жылдың күз және қыс айларында өткен Алаш қаласы мұғалімдерінің мектеп кеңестеріне қатысушы Мәннан Тұрғанбаев, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар, Сейітбаттал Мұстафин, Хайролла Ибрагимов, т.б. Алаш қаласы мектептеріндегі оқу үлгерімі, мұғалімдердің және оқу құралдарының жетіспейтіні, мұғалімдер жалақысының аздығы, т.с.с. мәселелерді қарап, арнайы шешімдер қабылдапты. Бұған қоса Семей облыстық Земство басқармасы халыққа білім беру бөлімінің Алаш қаласында мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашу, оған меңгерушілікке Мәннан Тұрғанбаевты, оқытушылыққа Әбікей (Қаныш) Сәтбаев пен Сейітбаттал Мұстафинді бекіту, ал төртінші бір мұғалімді іздестіріп табу туралы қаулысын да кездестіреміз. [7,10 бет]

1918-1919 оқу жылында Абдолғазы Иманбеков, Ахметжан Күзембаев, Сейітбаттал Мұстафин, Жүсіпбек Аймауытов (Семей мұғалімдер Семинариясының ІҮ-курсы-класында оқып жүрген), Нығметолла Күзембаев (Павлодар уезінде оқу ісінің ілгерілеуіне белсене қызмет еткен) сабақ береді. Курстағы оқытушылардың білім алған ортасына қарағанда, сол заманның талабына сай деңгейде болғандығына көз жеткіземіз. Бағдарламалық білім заман талабына сай зайырлы оқу мен діни білімді қатар жүргізетін шығыстық және еуропалық өркениеттің білім беру үлгілерінің қосындысынан алынады. 1918-1919 оқу жылында курста барлығы 40 оқушы (I-курста- 21, II-курста- 19 оқушы) оқып, 18 оқушы бастауыш мектеп мұғалімі деген куәлік алып, курсты бітіріп шыққан. Қазақ мектептері үшін 1924 жылы ғылыми методикалық кеңес және оқу бағдарламалық комиссиялары құрылды. Кеңес пен комиссия жұмысына Мұхтар Әуезов белсенді қатысты.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары өздері еуропалық деңгейдегі білім алғандықтан, халықтың да өркениетке жетуін қалады. Оның көрнекті өкілдері ұлттық баспасөзде қазақтар дәстүрлі өмір салтында қалса, білімі дамымай қалатынын айтып отырды. Ал білімсіз халық білімді халықпен қатар жүріп, болашаққа сенімін жоғалтып, ұлт ретінде жойылып кететінін баса айтты. Жер мәселесіне байланысты мақаласында М.Дулатов былай деп жазды: «Жер көп-аз болса да бұл заман өнер-білім заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақырұм қаламыз. Надан халық білімді халықтардың қасында өзінің дінін, хақын сақтай алмай, дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал».[8, 6 бет]

Сонымен, көкірегі ояу, озық ойлы, қоғамдық құбылыстарға жалпы адамзаттық тұрғыдан қараған Алаш азаматтары жастарды жалаң социалистік идея, компартияға берілген деп даярлауға қарсы болды. Тұтас мемлекеттік жүйені ұстап отырған большевиктерге ашық қарсы шыға алмаса да, оқулықтар шығару, оқу жүйесін басқару арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеуге әсер етті. Кеңес өкіметімен қатар олар да жастарға білім мен тәрбие беру, олардан мамандар шығару жұмысына ден қойды. Экономикалық-әлеуметтік және білім жағынан да арта қалушылық, интеллектуалдық күштердің аздығы жағдайында республиканың заңдарына да, оны жазушыларына да әртүрлі бір-бірінен алыс міндеттерді атқаруға тура келді. Олар саяси мемлекеттік қызметкер де, педагог та, өз халқының ағартушысы да, әдебиет пен мәдениеттің және ғылымның негізін жасаушылары да болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Еспенбетов А.С. Семейде мұғалімдер дайындау /Қазақ тарихы. 2001. №4. 57-
2. Қазақстан тарихы. 5 томдық 3-т. Алматы, 2002. 685-б.
3. Мұхамеджанов М. Ұлылардың рухани бесігіне айналған оқу орнын мақтан етемін. //Семей таңы.-2006. 15-маусым. 5-б.
4. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығ.жинағы. 5-т.Алматы. 2007. 331 б.
5. Алдажұманов Қ.С., Бесейсенова А.З. Шығыс Сарыарқа, Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні. – Алматы. 2004. -140 б.
6. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. Алматы.-1995. 67-68 бб.

7. Герасимов Б.Г. Град Усть- Каменогорск.// Записки Зап.Сиб.отд.РГО.вып. II.- Семипалатинск, 1907.

8. Әуезов М.О. Қазақ әдебиет кеші // Қазақ. 1915. 28-наурыз. Қазақ. 1998

Қалижанов У.

ӘЛИХАН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

Заман өзгерер, өзгермейтін ұлттық мұрат. Сол ұлттық мұратты ту еткен, сол ұлы мұрат үшін басын бәйгеге тіккен, сол ұлттық мұрат үшін құрбан болған ұлы тұлға – қазақтың Әлихан Бөкейхановы!

Әлихан Бөкейханның ғылыми еңбектерін тану, таныту, шын мәнінде, Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана басталды. Хасен Оралтай, Мүсілім Базарбаев, Мәмбет Қойгелді, Рымғали Нұрғали, Талас Омарбеков, Хангелді Әбжанов, Қажымұрат Әбішев, Бейбіт Қойшыбай, Айгүл Ісімақова, Сұлтанхан Аққұлұлы, Светлана Смағұлова сияқты ғалымдардың зерттеулері Әлиханның тарихи, әдебиеттанулық қырларына арналған.

1995 жылы әдебиеттанушылар Мүсілім Базарбаев пен Сұлтанхан Аққұлұлы [1, 10 б] тұңғыш рет Әлихан Бөкейханды қоғам қайраткері, ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы ғалым, саясаткер, аудармашы әрі дарынды көсемсөзші ретінде бағалап, таңдамалы шығармаларын ғылыми айналымға енгізді.

Әлекеңнің саяси, тарихи, қоғамдық құрылыстағы, Алаш үкіметін құрушы қайраткерлігі туралы баяндамалар қамтылған. Менің қысқа баяндамама «**Әлихан және әдебиет**» деп аталады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы халықтың рухани байлығы көркем әдебиетке назар аударып, оны жоғары деңгейде зерттеді. Қазіргі заманғы ағылшын зерттеушілерінің пікірінше, ол ХХ ғасыр басындағы **«қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші рөл атқарған»**. Халқымыздың сарқылмайтын қазынасы ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды жіктеп, өңдеп бастыру, әдебиеттану, көркем аударма ісіне де атсалысқан бірегей ғалым. **«Қазақтың ұлт болып өркеніетті ел қатарлы өмір сүруі үшін ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістетуге керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады»** деп жазды ол. Әлихан Бөкейхан ұлттық әдебиетімізді өркендетуге жан-тәнімен еңбек етті. Халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын оятуда, халықты надандық құрсауынан шығарудағы әдебиеттің баға жетпес орнын ол студент кезінен-ақ түсінген еді. Сондықтан да өз заманындағы қазақтың алдыңғы қатардағы зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктіруге ұмтылды. Оларды халыққа қызмет етуге, халықты «Масадай» шағып «оятуға», білім беріп көзін ашуға шақырды. Сөйтіп ол өзінің маңайына Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкерім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қараш, Көкбай Жанатайұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералин сынды ақын-жазушыларды, көрнекті зиялыларды жинады. Әдебиет өкілдерін өркеніетті елдердің әдебиетінен үлгі алуға, үйренуге тартты.

Ғалым Мүсілім Базарбаев жазғандай, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан – тұңғыш абайтанушы. Ол Абай Құнанбайұлының шығармашылығын жаңа заманның тынысы, лебі деп түсінді. Жаңа қалыптасып келе жатқан қазақтың жазба ұлттық әдебиетінің бастамасы деп бағалады, сондықтан да Абай мұрасын жинап, халқына танытуға, таратуға асықты. Абайдың шығармашылығын орыс оқырмандарына алғаш рет таныстырған да Әлихан Бөкейхан. 1906 жылы 9 қаңтарда жазықсыздан-жазықсыз тұтқындап, Павлодар түрмесіне жапқан кезде Әлиханның портфелінен Абай Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздерінің қолжазбасы табылған. Абақтыда жазған арызында ол өлең қолжазбаларының құнын 5000 сомға бағалап, оны сақтауға шаралар жасауын өтінген.

Ә.Бөкейхан Абай поэзиясы туралы былай дейді: **«...как это покажут его стихи, представлял недюжинную силу и составляет гордость казахского народа. Еще не было казахского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень и зима), сделали бы честь знаменитым поэтам Европы»** [1, 186] – деп жазды. Абайдың дүние салуына 1 жыл толуы қарсаңына оның өмірі мен шығармашылық жолын суреттеп жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты мұнаһиб-мақаласы әлі күнге өзінің ғылыми құндылығын жойған жоқ. Бұл мақала 1905-1907 жылдар аралығында үш басылымнан кезек-кезек жарық көрген. Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, 1909 жылы Санкт-Петербургдан басылып шығуына да қолдау көрсетті.

Әлихан Бөкейханды бірінші абайтанушы ғана емес, қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы десек те қателеспейміз. Мысалы, Әлихан роман туралы былай дейді: «Романның ішкі мағынасы: тіршіліктің жарық һәм күнгірт жағын бейне өзіндей етіп суреттеп, адамның өзіне көрсету. Роман адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна. Роман суреттеп көрсетеді: я бір адамның нәсілдес, я бір тілдес халықтың өмірін, яки бір қалыптағы заманның қатардағы жәмиғатын, я қилы-қилы замандарда болып өткен халықтардың өмір халін». [1, 36]

Бұрын қазақта роман болмағанын айта отырып, Әлихан Бөкейхан Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалын» роман деп талдап, атап өтеді.

Ал ән, өлең туралы Әлекең қалай тебіренді десеңізші?!

«Ән, өлең, күй адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұғымды тіл – бұл тіл жанға хас, жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі: неше түрлі рахат тапқан адам жаны осы тілмен сөйлейді, һәр түрлі үндерді осы тілмен сұлулап, майлап қояды, қуаныш-шаттық рахатын сыртқа білгізеді, адам мехнатын, ауыр ісін жеңілейтеді, қайғы-харасын шығарады, мауқын басады...». [3,36]

Әлекең ән-өлеңнің осындай теориялық жағын жалаң атап қоймайды, ол Гете, Шопенгауер, Бетховен, Мартин, Лутер сынды әлемдік тұлғаларға сілтеме жасай отырып, ұлы Абайға қайта жүгінеді.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы».

Бұл музыкатану теориясы емес пе?

Қазақтың ұлттық фольклорын тану, оны ұлттың ұлы мұрасы ретінде бағалау қажеттігіне Әлихан Бөкейхан ерте назар аударды. Фольклорды Әлекең ұлттың жады, көркем танымы, рухани ағысы деп білді. Сондықтан да фольклоршы ғалым ретінде де Әлихан Бөкейхан қазақ әдебиеті тарихынан өзінің тиісті орнын алуға тиісті. Болашақта Әлиханның әдебиеттанушы әрі фольклортанушы ғалым ретіндегі қызметін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының магистранттары мен PhD докторанттары зерттеп, ғылыми диссертациялар қорғайтын болады. Өйткені біз әлі күнге Әлихан Бөкейханның әдебиетші, фольклоршы ғалым ретіндегі қырларына жете мән бермей, шолу мақаламен шектеліп жүрміз.

1985 жылы Оксфорд университетінің ғалымдары Әлихан Бөкейханды «... қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген тұңғыш ғалым еді» [2, 286] – деп жазды. Халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай, ұлттық әдебиеттің өсіп-өркендеуі мүмкін емес деп түсінген Әлихан Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Ә.Диваев, Г.Н.Потанин, А.Байтұрсынұлымен қатар ауыз әдебиеті туындыларын жинауға атсалысты. Ахмет Байтұрсынұлы редакторлық еткен «Қазақ» газетінде бүкіл қазақ зиялыларының басын біріктіріп, халық мұрасын зерделеу қажеттігін көтерді.

Ал Әлихан Бөкейханның әдеби-теориялық зерттеулері қандай? «Роман деген не?» («Қазақ», 1914), «Ән, өлең мен һәм оның құралы» («Қазақ», 1914), «Роман бәйгесі» («Қазақ», 1915), «Батыр Бекет» («Темірқазық», 1922), «Кітап сыны» (1926), «Всеволод Иванов» (1927) және Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» («Қазақ», 1915), Махмұтсұлтан Тұяқбаевтың дайындауымен шыққан «Қара қыпшақ Қобыланды батыр» («Қазақ», 1915) жырының тағы бір нұсқасы, Ә.Диваевтың «Мырза Едіге» (1922) жырын қарастырған сын зерттеулерімен қатар В.В.Радлов жазып алған «Қозы Көрпеш-Баян», «Ер Тарғын» жырының Марабай нұсқасы, Ахмет Байтұрсынұлымен бірігіп шығарған «23 жоқтау» және «Ер Сайын» жыры зерттеулері әлбетте жеке талдауды қажет етеді. Олар әдеби-теориялық тұрғыда зерттеліп, ғылыми айналымға қосылуға тиіс. Бұл ұлы тұлға Әлихан Бөкейхан алдындағы ұлттық парыз деп білемін.

Әлихан Бөкейханның тұңғыш әдебиеттанулық зерттеуі «Женщина по киргизской былине «Кобыланды» деп аталады. Ол еңбегі 1899 жылы Ташкентте шыққан «Түркістан уалаяты» газетінде «Туземец» деген бүркеншік атпен жарық көрген: «Памятники народного творчества киргиз ранообразны по содержанию и форме и значительны по количеству. Они частью собраны, частью остаются еще незаписанными. Во главе их стоят эпические и лирические песни. Эта богатая народная поэзия киргизов сохраняется устно, передаваясь от предков к потомкам через певцов-баянов, называемых «джирчиями» (жыршы), «улянчиями» (өлеңші, ақын). Отличительную черту киргизской поэзии составляет лиризм. ... былины более древнего происхождения отличаются и большей содержательностью и красотой стройного стиха» [2, 106] - деп жазды ол. Жырда суреттелген оқиғалардың, ондағы қаһармандардың тарихта алатын орнын және оның ауыздан-

ауызға, жыршыдан-жыршыға жетуінде болған өзгерістерге, ерекшеліктерге, жырдың көркемдігіне баға береді.

Әлихан Бөкейхан – көркем аудармашы. Аудармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Д.М.Мамин-Сибиряк сияқты жазушыларымен қатар, Еуропаның өркениетті елдерінің қаламгерлері, мысалға Ги де Мопассан әңгімелері сондай-ақ, үнді, түрік тектес Қырым халықтарының әдеби шығармалары және Антика дәуірінің әдеби туындылары да бар. Көлемі жағынан аудармалары әр қилы: қысқа-қысқа мысал (Толстой мен Эзоп шығармалары), әңгімелер, көлемді повестер, романдарға дейін кездеседі. Оқу-ағарту мен ғылымның сан салаларын қамтитын мектеп оқулықтарының аудармалары да бар. Мысалы, Т.Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (көлемі 102 бет), К.Фламарионның «Астрономия әліп-биі» (225 бет), Д.Гравенің «Дүниенің құрылысы» (101 бет) және т.б.

Әлихан Бөкейхан көркем аудармаларының басым көпшілігін 1922 жылдан 1927 жылға дейін КСРО Халықтарының Орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезінде аударған. Оған дәлел аудармаларының жарыққа шығу мерзімі: яғни Л.Н.Толстойдың «Қажымұраты» 1923 жылы қыркүйекте аударылып, келесі жылы басылған. «Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы», «Жұмыртқадай бидай» (Л.Н.Толстой) 1925 жылы; «Жетпіс жеті мысал (Толстой) 1925 және «Сурат кафеханасы» («Дін таласы»), «Серуен жасап зерттеу әдісі», «Бір адамға қанша жер керек?»; Ги де Мопассанның «Жарасын алдырған анасы», «Симонның әкесі» мен «Ақсақ кемпірі»; «Жердің қысқаша тарихы» (Т.Тутковский), «Дүниенің құрылысы» (Д.Граве) 1926 жылы; «Баймақан», «Өзі» (В.Г.Короленко) әңгімелері 1927 жылы жарық көрген. А.П.Чеховтың «Хамелеоны»; В.Г.Короленконың «Оты», Д.М.Мамин-Сибиряқтың «Қара ханымы»; К.Фламарионның «Қанды жауыны»; Н.Маркестің «Қырым сөздері» жинағы секілді шағын әңгімелерінің аудармалары төңкеріске дейінгі «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеттерінен бастап, совет дәуіріндегі «Темірқазық», «Жаңа мектеп», «Кедей туы», «Әйел теңдігі», «Еңбекші қазақ», «Ақжол», «Жас қайрат», «Жас қазақ» және тағы басқа көптеген мерзімді басылым беттерінде жарияланып тұрған.

Иә, **Әлихан Бөкейхан** – ұлттың арда ұлы! Ата-бабаларымыз армандаған, Алаш қайраткерлері іргетасын қалап кеткен Тәуелсіздік ұлы тұлғаларымызды тануға мүмкіндік беріп отыр. Биыл ЮНЕСКО аясында 150 жылдық мерейтойы аталып жатқан Ұлтымыздың Ұлы Тұлғасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға қарап ой түзендер, бой түзендер, жас ұрпақ!

Әебиеттер тізімі:

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Құраст., М.Базарбаев, С.Жүсіпов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 528 б.
2. Казахи о русских...//Общество изучения Средней Азии. – Оксфорд. Англия, 1985.
3. Туземец. Женщина по киргизской былине «Кобыланды». – Ташкент, 1899. «Түркістан уалаяты» газеті, № 9, 20.

Қапашева А.Т.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Елбасы: «өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты таңдауға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес» - деген болатын [1].

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ ұлтының төл тарихын зерттеп-зерделеуге үлкен мән берілуде. Бүгінгі күні Отан тарихында мәңгі өшпес із қалдырған Алаш зиялыларының өмірі мен қызметін, әсіресе, олардың тәлім-тәрбиелік мұрасын зерттеу аса маңызды. Алаш қайраткерлері өз шығармаларында ұлттық салт-сананы дамытуға ерекше ден қойды. Олардың мақсаты- жас ұрпаққа білімді, ұлтжанды тұлға ретінде қалыптастыру болды. Осы орайда, ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлының орны айрықша.

Ахмет Байтұрсынұлын алдымен Алаш идеологиясының көсемі, Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі деп білсек, сондай-ақ, ол- қазақтың алғашқы Білім және ғылым министрі, яғни

Халық ағарту комиссары болды. Ахмет Байтұрсынұлы бүкіл түркі әлемі танып, құрметтеген, танымал ғалым. Ол- фольклорист, ақын - жазушы, публицист, аудармашы, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаушы, лингвист-ғалым, түркітанушы-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, профессор болған. Алайда, кеңес үкіметі кезінде Ахмет Байтұрсынұлының есімі тарихтан алынып тасталды. Оның еңбектерін оқуға тыйым салынды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана Алаш қайраткерлерінің есімі қайта тарихқа оралып, олардың бай ғылыми мұралары халқымен қауышты. Кезінде қазақтың біртуар тұлғасы Мұқтар Әуезұлы ұлт ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы турасында: «Ақанды оқыған азаматтардың тұңғыш көсемі» деп көрсеткен болатын [2].

Ахмет Байтұрсынұлы ана тілінде мектеп ашу мәселесімен бірге жас ұрпаққа халықтың өнегелі салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, ауызекі шығармашылығын оқу-тәрбие үрдісінде оқыту арқылы оларда ұлттық сананы ояту, туған жерге деген отаншылдық, елдік қасиеттерін қалыптастыруды мақсат етті.

Ұлы ұстаз бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында аянбай еңбек етті. Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Ол өзінің ұстазы ұлы Абай салған жолмен орыс әдебиетінің мысалшыл классигі И.А. Крыловтың туындыларын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петерборда оқулық ретінде бастырып шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық ой пікірлері сол кезде шығарылған қазақ басылымдарында айқын көрініс тапты. 1911-1915 жылдар аралығында қазақ зиялыларының басшылығымен шығарылған «Айқап» журналында және Алаш идеясының басты баспасөз құралы болған, 1913-1918 жылдары Орынбор қаласынан шыққан «Қазақ» газетінде ғұлама ұстаздың еңбектері жарияланды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім сондай керек», -деп жазды. Ол қазақ ұлтының білім-ғылымға, өнерге ұмтылуын, әр қазақ баласының ең болмаса бастауыш білім алуын өзіне арман етті. Сол себептен ұлттық мектеп ашу мәселесіне белсене араласты. Сол уақыттағы қазақ мектептерінің жәй-күйі оны қатты толғандырды. Ұлы ұстаз ұлттық метептердегі кемшіліктерді ашық көрсетіп, оларды жоюдың жолдарын қарастырды. Метеп кемшіліктері ретінде былай деп айтты: «Бұлардың кемшілігі сол, -деді ол- бала оқыту ғылымын меңгергендер оқығандар ішінде кем болады. Дыбысты жақсы білмей тұрып, усул төте жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендіктен, я білсе де істеп көрмегендік – тәжірибесіздік». Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық мектептерде оқытудың әдістемелік мәселесін де алға тартты.

1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлының тұңғыш қазақша сауаттандыратын «Оқу құралы» басылып шығады. Оқулықтың «Тіл құралы» деп аталынатын фонетика саласы туралы бірінші бөлімі жеке еңбек болып алғаш рет 1915 жылы жарық көреді. Ал оқулықтың екінші бөлімі 1914 жылы, үшінші бөлімі 1916 жылы басылып шығып, кейіннен бірнеше рет қайта басылып шығарылады.

«Тіл құралы» – қазақ ұлты үшін тың еңбек болып табылады. Мұнда қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрбіреуіне тұңғыш қазақша терминдер ұсынылды. Қазіргі кезде дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, бастауыш, т.б. лингвистикалық ғылыми терминдер А. Байтұрсынұлының аталған оқулығына тұңғыш енгізілген болатын.

Оқулықтың тағы бір құндылығы – қазақ грамматикасының басты салалары: Фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттейтін ғылым, ал синтаксис – сөйлем құрылысын зерттейтін ғылым деп, тұңғыш рет қазақ тіл білімін ғылыми зердемен саралап берді. Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын қолданбалы грамматикаға арналған «Тіл жұмсату» деген кітабы 1928 жылы Қызылордадан басылып шыққан.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін зерттеумен айналысқан қазақтың тұңғыш ғалымы. Ол бұл пәндердің оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы.

Ұлы ұстаз балаларға жылдам хат таныту үшін дыбысты ажырататын жаттықтырудың әдіс тәсілдерін терең қарастырады. Сауаттылықтың негізі – жазуға жаттықтыру деп қарады, сауаттылықты оқу мұқтажы емес, жазу мұқтажы тудырған. Жаза білуге үйрету әдісі, оқи білуге де үйрету әдісі болады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы- қаріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін, оқу, жазу, жұмыстарының бәріне сол тіреу болады. Жазу да, оқу да бір істеліп қана қоятын іс емес, мектепке күнде керек болық, күнде іске асырылатын жұмыс. Сондықтан

мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгілі барған сайын қайсысын болса да өнерге айналдырып, әдістемелеп жазуға, безендіріп оқуға төселіп алады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқу де-гендер жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлы оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыдан қарастырды. Ол оқытудың білімдік – танымдық жағымен бірге, тәлімгерлік жағына да баса көңіл бөлді. «Әдебиет та-нытқыш» атты оқулығында көптеген әдеби білімдік терминдерді негіздеді. Онда: көрнек өнері, сымбат өнері, айтыс, кескін өнері, саз өнері, т.б. тұңғыш тілімізге енгізген аса құнды ғылыми терминдер болды.

Нақ сол кезде қазақ ауылында мектеп ашу, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мұғалім кадрларын даярлау істері шешуін таппаған аса күрделі мәселелер еді. Осы ретте Ахмет Байтұр-сынұлы: «Қазақ байлары өркениетті елдердің байлары сияқты ұлт намысын қорғап, оқулық шыға-рушыларға бәйге жарияласын. Бәйге берілетін кітаптарды бір-екі рет ақы иесі бастырып шығарып, ақшасын өндіріп алатын болсын»- деп, бүкіл қазақ баласын білім, ғылым, өнер жолында жұмылдыруға шақырды.

Ахмет мұғалімдерге педучилищелерді ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келеді де, ондай оқу орындарының әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерін, не қазақ медреселерін бітірген жастардың талаптыларын таңдап алып, мұғалімдік жү-мысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасады. Олардың білімін жетілдіру мақсатында жаз айларын-да бір-екі айлық қысқа мерзімді курстар ашуға ұсыныс жасайды.

Жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден – бір шарты – мұғалімнің жаңашыл бо-луы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан қазіргі таңда сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді менгеріп, педагогикалық білімін жетіл-діре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың міндеті бо-луы керек. Жаңару жолындағы Қазақстанға жаңаша ойлайтын, өмірге көзқарасы тың, ақыл-ой және шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл мұғалім қажет. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Со-лай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Ендеше, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі білім беру ісінде аса маңызды болып табылады.

Жалпы, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұстанған басты ұраны білім, ғылым жолына бағытталды.

Адамдық борышың-
Халқыңа еңбек қыл
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл
Талаптан да білім мен өнер үйрен
Білімсіз
Өнерсіз
Болады ақыл тұл.
Мақтанға салынба
Мансаптың тағы үшін
Өміріңді сарып қыл өлгенше
Жоба тап,
Жол көрсет
Келешек қамы үшін
Қайтадан қайырылып қауымға келмейсің
Барыңды, нәріңді тірілте бермейсің
Гибрат алар артыңа із қалдырсаң-
Шын бақыт
Осыны үк

Мәңгілік өлмейсің – деген болатын білімнің халық үшін маңыздылығы жөнінде ұлы ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Алаш зиялылары өз еңбектері арқылы қазақ жастарын еңбекке, адалдыққа, білімге, ұлтжан-дылыққа тәрбиеледі.

XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының көшбасшы-көсемі Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымы мен мәдениетіне, соның ішінде ұлттық педагогика мен оқу ағарту ісіне қосқан үлесі өлшеусіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу // Жұлдыз.-2000. - №7.-Б.12.
2. Әуезов М. Әр жылдары ойлары. Алматы: Мектеп. -1959 -245 б.

**Қара Ә., Талғатбек М.,
Дүкенбаева З.О.**

ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОЙ-ТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ

Адамзат өркениетінде рухани және материалдық мәдениеттің оқшау, қайталанбайтын нақыштарын салған түркілердің бай тарихи өткенін пайымдасақ, «Мәңгілік Ел» болу мұраты да, жік-жікке бөлініп, жатжұрттықтардың боданына түскен кезеңдері де жетерлік, алайда тарихи зердесі мен өзгеден айырар хас белгісі - ділін, бірегей Сөз өнері түрінде руханиятында сақтаған халық ретінде тани аламыз. Халқының тарихи өресінің биіктігін, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде терең жан-жақты зерделеген.[1, 31 б.]

Еліміз тәуелсіздігіне ие болған аз ғана мерзім аралығында ұлттық тарихты, Отан тарихын оқытудың тұжырымдамалары мен зерттеу бағыттарын қалыптастыру барысында іргелі шараларды жүзеге асырды.

Ұлы дала өркениетінің қойнауында мәңгі өшпестей болып сақталған ұлт зиялыларының ой-танымдық мұралары уақыт өткен сайын биіктей түсуде. Осындай аласапыран заманның саяси тарихында өзіндік із қалдырған дана билеріміздің бірі – дуалы ауызды шешен, кемеңгер ақылды, саясаткер Машан бидің өз заманында қазақ еліндегі жер дауы, ел дауы және саяси қарым-қатынастарда атқарған рөлі мен дана ақылы, кемеңгерлігі қазіргі таңдағы азаматтарға үлгі - өнеге болуы тиіс. Ғылыми ойымызды сараламастан бұрын Машан би кім? Тарихтағы орны қандай? - деген сауалымызға жауап берейік.

Шығыс пенен Батысқа, Үстаздық еткен данасы.

Есімінді паш етсем, оянар халық санасы.

Рухымыздың дәруі, аруақты бабасы - деп айтқан жыр жолдарының авторы, Орта Азия мен Қазақстандағы Фарабитанудың көшбастаушысы, бас үйтқысы, кен инженері, геология салаларынан алғаш қазақ тілінде оқулықтар жазған, қазақ ғылыми-фантастикалық шығармаларының негізін салушы, әл-Фараби мұрасынан Абай болмысының рухани сабақтастығын ғылыми-ислами тұрғыда дәлелдеген мәшһүр ғалым, есімі әлемге әйгілі, Ғылым Академиясының негізін қалаушыларының бірі емес, бірегейі, ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың есімі де бар болмысы да осы Машан би арқылы қалыптасқан десек артық айтпаған болармыз.

I. Есенберлиннің «Қаһар» романында есімі Масан би деп, бір әрпі ғана өзгертіліп, ерекше ілтипатпен аталатын Машан би - Құнанбай қажымен үзеңгілес, сыйласып өткен замандасы, бұған қоса құдандалы-жекжаттығы да болған. Қарқаралыда мешіт салдырған жылы Құнанбай қажы Машан бидің үйінде ерулеп жатады екен. Қарқаралы дуанының игі жақсылары - аға сұлтан Құсбек пен Жамантай төреге дейін әділ де, белді би Машанды ішке тарта өзімініп, ілтипатпен Машекем деп, өсер ұрпағына үлгі-өнеге етіп, қадір тұтқан. Машан би дүние салғанын естігенде Жамантай төренің: «Машан, Машандай ұл туғанша қашан» деп күңіренгені де, үзеңгілесін еске алған кездерде де осы сөзін әркез жиі қайталағандығынан болар, бүгінде ол ел аузындағы қанатты нақылға айналып кеткендігін тарихтың өзі растайды.

Сөйтіп, күні кеше ғана бір ауыл түгіл бүтін елге қамқор болған Машан би дана да, абыз қарт көз жұмғалы одан қалған әр сөзді өнеге-үлгі етіп, атын әулиеге балап, рухына сиынар аруаққа балап, көңілге медеу тұтар ағайындары Машан әулетіндегі туманы асылдың сынығына, тұлпардың тұяғына балауы осыдан. «Машан айтқан екен» деген сөз ел арасында көп болатын. Оны білетін адамдар бұл күнде некен саяқ. «Ұлың өссе ұлықтымен ауыл бол, Қызың өссе қылықтымен ауыл бол...» деген мақалдарды жиі айтып, өнегелі тәлімін ұстанған екен Машан би. Айту ғана емес, сол тәрбиелік тәлім-тәртіп істерін алдымен жүргізуші, жүзеге асырушы Машан бидің өзі болған. Бір күні Машан би ауылына

оның әкесімен туысқан Өстемір қарт келіп: - Сөйлесетін кім бар! - дейді. Сонда бір жігіт: - Немене! - деп өзеуреп алдынан шыға келеді. Өстемір ол жігітті қамшымен тартып жібереді. Ол жүгіріп Машанға келіп, болған жағдайды айтып шағынады. Сонда Машан би жігітке: Адамға алдымен әдеп керек. Сырттан келген үлкен адамды «Немене» - деп қарсы алу әдепсіздік. «Әу» деп, немесе «Ләббай», «Салам» деп немесе «хош келдіңіз» деп қабылдау керек деп түсіндіреді. Өстемірді Машан би өзі шығып қарсы алып, атынан түсіреді. Адал еңбек байлық көзі екенін білетін Машан би былай депті: «Кедейлік керліктен, байлық ерліктен», «Жомарттың көзі Бұхараның ғажайып ақ нарындай, бабын тауып сауған сайын күніне қырық иеді. Ол мәңгілік азығың. Сойсаң ол бір қыстық қана соғымың» - деген ұлағатты сөздері ұрпақ ұлағаттығына тағлым болары анық.

Жоғарыдағы айтылған ойымызды сабақтар болсақ: ғұлама ғалым Ақжан әл-Машани өзінің туған жері Қарқаралыға барған бір сапарында айтулы азамат, Мәжіліс депутаты, кезінде Қарағанды облысының партия хатшысы қызметінде болған Қуаныш Сұлтановты Қарқаралыға ертіп барып, айтылған мешіттің түзетілуіне көмек сұрайды және ол ұсыныс орындалады. Қарқаралы мешітінің ашылуына байланысты Ақжан әл-Машани мешітке хат жазып, өзінің бір қол жазба кітабын сиға жібереді. Бұл еңбегі ол кісінің 1984 жылы Арабша жазылған ислам дінінің ғылыми шындық негізіне арналған. Дінге жол бермейтін заманда кейінгі ұрпаққа арналған еңбек. Аты «Ғабдолла дәптері». Осымен байланысты жазған өз хатында: бабасы Машанның Құнанбаймен бірге жүріп Қарқаралы мешітін салуға белсене қатысқаны айтылған. Оның мәнісі мынада: Қарқаралының ол кезде 22 болыс елдің орталығы болған кезі. Басқаша айтқанда бір жағы Қарағанды Нұра, Ұлытау, екінші жағы Шыңғыс-Шаған, Аякөз, Алакөл, үшінші жағы Жетісу жағы, төртінші жағы Омбы. Осы екі ортада Арқаның кең даласын алып жатқан Қаракесек елі, Қаздауысты Қазыбек елі. Қарқаралы соның орталығы болған. Сонда қазақтың ақырғы ханы Жамантай /Тұрсын/ билеген. Сол Жамантайдың ісін басқарған ақылшы биі Машан Бәйтемірұлы болған. Жамантайдың бабасы Бөкей сол кездегі Тәшкенді билеп тұрған Барақ ханның баласы. Арқаның басты адамдары барып сол кісіден баласы Бөкейді Арқаның ханы сайлаймыз деп сұрап алып келген. Машанның бабасы Тоты сол Бөкеймен бірге келген нөкері, асыранды баласы, текті атадан болса керек. Бөкейді Арқаға ертіп келген нөкерлерінің көбісі кейін қайтады да Тоты бабасы Бөкейдікіңде қалып қояды. Сол бойынша оны Қалмақ деп те атайды екен. [2,22] Сол күннен бері көп замандарды бастан бірге кешірген бабалар Құнанбайдың замандасы, сырлас досы, күрдасы болған. Машан бидің алған екі әйелі де тобықты руынан болған. Қазақтың басын қосқан Абылайдың кезінде Бөкей аға сұлтан екен, ол кісіден кейін Абылай тұқымынан бөлініп, қаракесек ханы Бөкей болған. Сол кездегі ел адамының басшысы Қазыбек нәсілі Алшынбай би болған. Қалың қаракесек Алшынбайдан сөз алмайды. Сол кісі кімді хан сайласа, сол болады да қояды. Екі төре келісе алмағанда /Жамантай мен Құсбек/ Алшынбай ақсақал өзінің құдасы, әрі ағайыны Құнанбайды рудың басы сайлаған. Қарқаралы мешіті сол кезде салынады. Оған Құнанбай басшылық етеді. Бірақ істің басында, Қарқаралының ежелгі қожалары Жамантай, Машан болады. Мешітті солардың адамдары салады. Демек, Қарқаралы мешітіне бұлардың да еңбектері бар. Төрелердің таласы кезінде Жамантай мен Құнанбай арасында жүрген, оларды татуластырған Машан би болса керек. Сол кезде Алшынбай, Жамантай, Құнанбай бас қосқан кезде Машанның ісіне разы болып: «Машан, Машандай үл туғанша қашан» - деп айтса керек. Халық аузына тараған осы сөзді шежіреші Әрінов Ахметбек өзінің мақаласында келтірген. Бөкей тұқымы мен Абылай тұқымын жақындастыру мәселесінде Машанның үлкен ісі болған. Ол Алатаудағы Әлі төренің қызын Жамантайдың ұлына алып беріп, істі осымен тоқтатқан. Мұның бір жағы Кенесары жорығына ұласады. Жамантай елінен Кенеге қосылған атақты батыр Ағыбай Машанмен дос болған. Бұл мәселенің негізі Илияс Есенберлиннің «Қаһар» романында кеңінен айтылады. [3,21] Сол Ағыбайды Жамантаймен табыстыру ісінде Машан би көп еңбек сіңіреді.

Кешегі күнде Машан би халық үшін ақылымен, парасаттылығымен, тектілігімен еңбек еткен адам болса, бұл күнде оның немересі Ақжан әл-Машани де ата жолын қуып, тектілігімен халық үшін, ұрпақ үшін ерен еңбек еткен адам. Міне, сол себепті де әл-Машаниды «Тұлпардың тұяғы» дегенде не дейміз - деп жазады шежіреші Ахметбек Әрінов. І.Есенберлиннің Қарағанды қаласындағы мұрағат қорындағы мәліметте: «Патшаның әкімдерінен аға сұлтан Жамантай атына хат келеді. Ол хатта Кенесары көтерілісіне қарсы жәрдемге шақырған. Екінші жағынан Кенесары жағы да өзіне шақырады. Сол бір қысылтаяң кезде Жамантай оңаша Машан бимен көп ақылдасып, хат жазады. Патша тыңшылары осыны жеткізген. Яғни Жамантайдың билігі Машан биде болғандығында.» Сол хатта былай делінген: «Біз патшаға сыртқы істерімізді билеуге шарт жасадық. Бірақ, өзіміз сияқты сұлтандар көтеріліс шығарса, соған қарсы шығамыз деген шартымыз жоқ. Біз өз шартымыздамыз. Кенесарыға қосылмаймыз да, және

оған қарсы да бармаймыз».[4, 96] Кенеге жазған хатта ел арасын аман сақтау үшін бітімге шақырған. Құсбек төре Кенеге қосылуға шақырған. Бірақ, Сұлтанғазы мен Жамантайдан аса алмаған. Кененің қолы Балхаш жағасына қарай ойысып, Мойынды маңына келген кезде үш төреден сәлемдеме силық барған: Сұлтанғазыдан, Жамантайдан, Құсбектен. Кенесары Құсбектің сәлемін алып, анау екеуін мазалаймын деп қайырған. Алатаудан аман қайтар болса Кенесары екі төрені жазаламақшы екен. Содан қорыққан Жамантай төре сол қыста Қарқаралы қаласына жақын Қарағай ішіне қыстайды да өз мекені Қарақуыста Машан би қалады. Кенесары қолы тарап, Ағыбай елге келгенде оны ұлықтармен келістіру ісінде Машан би зор іс атқарған. Әлі мен Жамантай құдалығы осыған байланысты. Кененің туы жығылған соң елге оралған Ағыбай батыр жаралы жолбарыстай қатты ашулы еді. Кененің қырғызға қолға түскенін ордулат Сыпатай датқаның опасыздығынан болды деп білетін батыр, оның уақытысында бір шабатын ойы бар екенін жасырмады. Сыпатайдан Кененің кегін алу менің мойныма қарыз десе керек Ағыбай батыр. Соны естіген халық жорық қаупінің тағы төне бастағанын сезгендей. Мұның өзі қазақ арасын ұластырып жіберу қаупі бар. Оны сезген Жамантай төре Ағыбай батырмен тіл табысу мәселесін ойлады. Алатау төресі Әлі Абылай нәсілінен, оның өзі Жамантайдың нағашысы. Жамантайдың шешесі Жалханым Әліге жақын апа болып келеді. Әлі Кенені қолдаған адам. Бұл екі төренің арасында Ағыбай талай жүрген. Әлімен құда болса, Ағыбайдың бір тоқтайтын адамы сол болу керек. Осы ойды жүзеге асыру міндетін Жамантай төре Машан биге жүктейді. Машан би бұл істі ойдағыдай орындап шығады. Сонымен Әлінің қызы Зылиха ханым Жамантайға келін болып, Құлға қосылады. Осы құдалықта, келінді алуға барғанда ерте түскен қарлы қыстың әлегінен құдалар Әлі ауылында қыстай қалған. Жазғы тұры қайтарында Балхаштың мұзы жарылып, судан әрең шығады. Құдалардың ақсақалы Машан би сол жолы да халықтың игілігіне тынымды іс атқарады. Ағыбай батырды Қарқаралы ұлығына шақырады. Ондағы мақсат ел арасын бітістіру. Сол жолда Ағыбайдың қасында Жәндерке қажы мен Машан би болса керек. Ағыбай осы адамдарға сенеді де, Қарқаралыға келеді. Жолда жарлы бойында Ағыбай Машан ауылында қонақ болады. Жәндерке қарадан шыққан ел адамының бірі, Құсбек төренің нөкері. Сонымен, ел болып, Ағыбай батырды тоқтатады. Жәндерке ел ағасы болып, ұзақ өмір сүреді. Қарқаралыда Қоянды жәрмеңкесінде болады. Машан бимен достықтары өмір бойы қалады.

Машан бидің екі әйелінен алты ұлы болған. Алдажұман, Байжұман деген атақты бай інілері болған. Арқаның белгілі ақыны Шөже Машан би ауылына келгенде халық жиналып бір думандап қалады екен. Сондағы Шөженің алғашқы бір ауыз өлеңі ел аузында қалған:

Ассалаумағалайкум, О Машан!
Мен сені көрмегелі әлдеқашан.
Айналаңда О Машан алты ұлық,
Алдажұман, Байжұман қызыл гүлің.
Құдайым мал мен басты қатар берген.
О, Машан бұл жалғанда бар ма?- мінің!.

Машан бидің ақындар арасында екінші досы Шортанбай екен. Бұрын Жамантай төремен, Машан бимен бірге жүретін Шортанбай, Құсбек аға сұлтан болғанда соның қасына еріп кетеді. Кейін ол орнынан түсіп, аға сұлтандық қайтадан Жамантай төреге ауысқанда Шортанбай қожа сасыңқырайды да Машан биге келіп, Жамантай ауылына ертіп баруды сұрайды. Келіп сәлем бергенде Жамантай төре сөйле ақыным деп зілдене айтады. Сондағы Шортанбайдың бір ауыз өлеңі халық ауызында қалған:

« Сөйле десең, сөйлейін мен Шортанбай,
Әрбір ханның түсінде бір сұрқылтай.
Кешегі Құсбек ханның заманында

Мен түгіл өзің қайттың хан Жамантай». Демек, қорыққаннан ердім дегені ғой. «Сұрқылтай» деген сөз ескі түркі тілінде балгер, жыршы, Абыз деген мағынада болса керек. Жамантайдың үш биі болса керек. Сағындық биін даулар мәселесіне жібереді екен. Жауласатын адамына кер азу қиқар Ералы биін жұмсайды екен. Ал, жарасып, достасып, бітісер жерге келгенде Машан биді жұмсайды екен. Осындай, қазақ қоғамымен біте кайнасып келе жатқан дана билер біздің тарихымызда аса маңызды орын алары даусыз.

Машан бидің үлкен ұлы Нөгербек интернатта Әлихан Бөкейхановпен бірге оқыған. Нөгербек әрі қарай оқи алмай қалған. Өте зерек, шешен, ақын адам болған, өз бетімен көп оқыған. Әлихан ол кісімен кейін кездескенде: «Ай Нөгербек - оқымай қалғаның-ай, сен бәрімізден зерек едің ғой» - деп тағдырға назаланғандай кейіп көрсетсе керек. Нөгербек Абай өлеңдерін көп оқи-

тын, оны халық арасына тарататын адамның бірі. Кейінгі кезде ол кісі Шәкәрім өлеңдерін көп оқып, көп насихаттаған. Өзі де соған еліктеп өлеңдер жазған. Сол кісінің арқасында біздер ауылда Шәкәрім өлеңдерін жыл сайын, баспаға шыққанын да, шықпағанын оқитын болдық - деп еске алады екен Ақжан ата. Оның себебі, Нөгербек Шәкәріммен таныс құрдас болған. Шәкәрімнің жинақтарының бір томдығын Академияның кітапхана қорына өзі тапсырған-деп еске алады Ақжан әл-Машани. Кейін, Шәкәрім ұлы Ақаттың маған жазған хаты сол ертеден келе жатқан рухани байланысты еске алудан болса керек. Ахат осы Алматы маңында мұғалім болған, мектеп директоры болған Шәкәрім Мұхтарұлы - Нөгербектің немересі еді. Демек, Нөгербек өзінің 1919 жылы туған немересіне Шәкәрімнің атын қойған ғой - деп отыратын Ақжан ата өскен ортасының берген тәліміне тәнтілігін танытқандай күй кешіп, сол Машан би мен Құнанбай арасындағы достық - сүйектік байланыс осы күнге дейін үзілмей келеді. Оған Машан би немересі Ақжан әл-Машанидің «әл-Фараби және Абай» зерттеуіндегі ғұламаның әл-Фараби мен Абай арасындағы рухани байланысына арналған ғылыми еңбегі куә. Осылардың бәрін еске ала отырып, Машан би жайындағы ойымызды түйіндегенде: «Машан! Машандай ұл туғанша қашан!» - деп Қарқаралы еліне кеңінен тараған мақалдың қорытындысы: асылдың сынығындай делінетін Ақжан әл-Машани есімді Машан би ұрпағының азаматтық ісі сол сөздің болмыстық дәлеліндей.

Машан би 85 жасында дүние салады. Ол кісіге 1888 жылы Қараби (Жекежал) деген жерде ас берілген. Астың жерошағы сегіз шарбақты болған дейді. Сол аста ол кісіні еске алған тұстас ақсақалдар аузынан мынадай сөз қалыпты: «Машанның жоқтауын жеткізе алмайсыңдар... Жігіт сегіз қырлы болсын, дейді ғой..., ал Машан он екі қырлы еді».[5,8] Осы сөзді құлағымен естіген Жақсыбек - Ақжан атаның әкесі Машанның кенже ұлы сол кезде 17-18 жаста екен. Бұл кісі домбыраны жақсы тартатын күйші, ақылды адам еді - деп әке құрдастарынан естіген Ақжан әл-Машанидің өзі де көзі тірісінде-ақ заманымыздың әл-Фарабиі атанған ғұлама, энциклопедиялық ойдың алыбы сол Машан бидің өскен ортасының өркенді ұланы да бүгіндері ел есінде мәңгі сақталуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
2. Машанов А. Ж. Әл-Фараби. Жазушы баспасы, Алматы. 1970 жыл. 259 б.
3. Машанов А. Ж. Әл-Фараби. Жазушы баспасы. Алматы. 1970 жыл. 233-239 бб.
4. Өтениязов С. Қазақ еліндегі билер институтының тағдыры// Әділет министрлігінің хабаршысы. 1996. №5. 49-53 бб.
5. Тарихи тұлғалар. Алматы, 2009. 137б.

Қаратай Ш.Б.

АХМЕТ ҚОРҒАНБЕКҰЛЫ БІРІМЖАНОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының арман мүддесі үшін өмірлерін құрбан еткен ұлтымыздың зиялыларының ішінде қазақ халқының нағыз патриоты, Алаш қозғалысының белгілі қайраткері, Ресей Думасының депутаты, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасының Конституция мен жаңа Зандарының дайындалуы мен қабылдану ісіне зор үлес қосқан - Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов та бар. «Қазақстан» энциклопедия кітабында: «Ахмет Қорғанбекұлы (1871, бұрынғы Торғай обл. Торғай у. – 5.1.1927, Ресей, Ленинград) – қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі. Шақшақ Жәнібектің ұрпағы. Орынбор гимназиясының (1891), Қазан университетінің заң факультетін (1899) алтын медальмен бітірген. 1899 жылдан бастап Орынбор және Троицк округтік, Ақтөбе, Торғай, Бұзылық уездік соттарында қызмет істеді. 1906 және 1907 жылдары Ресейдің бірінші және екінші Мемлекеттік думаларында Торғай облысы қазақтарының атынан депутат болып сайланды. Думада ол мұсылман фракциясының белсенді мүшесі болды. Фракция төрағасының орынбасары болған ол ұлт аймақтары мен қазақ халқының мүддесін қорғады. 1917 ж. көктемнен Уақытша өкіметтің Қостанай уездік комиссары болды. 2 – Бүкіл қазақ съезінде Бірімжанов Алашорданың Ұлт Кеңесінің құрамына сайланды. 1918-20 ж. Семейде заң кеңесшісі, 1920-26 ж. Орынбор мен Қызылорда- да Қазақ АКСР-і Ішкі істер Заң халкоматында, Жоғарғы Сот төралқасында кеңесші, алқа мүшесі, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Санкт-Петербургтегі Волков зиратында жерленген», - деген мәлімет бар [1].

Жалпы А.Бірімжанов туралы ғылыми еңбектерде аздаған мәліметтер кездеседі: Озғанбай Ө.Ресей мемлекеттік Думасы және Қазақстан; *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы; *Нурпейісов К.* Алаш һәм

Алашорда; Әсінова.С. Қазақ қасіреті *Турсунов*Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане; *Қаратаев Т.* Тарихтағы аттас тұлғалар, т.б. [2]. Мақаланы жазуға үлкен көмек көрсеткен ҚР ПМ-нің зейнеткері Ертай Қарабаланың «Алаштың көрнекті қайраткері» атты мақаласы «На службе Закона» газеті, 06.04.2007 жылы, 13 нөмірінде шыққан Ахмет Бірімжанов туралы ой-толғауы болды [3].

Ертай Қарабаланың естеліктерінде, 1916 жылы Әбдіғапар мен Оспан хандар бастап, сардарлары Амангелді мен Қасымхан қостаған Торғай облысының үштен бір бөлігін қамтыған көтеріліс Ресей патшасының сол тұстағы бодан халыққа жасаған қатаң тәртібіне қарсы бүрқ еткені туралы жазылады. Осыған орай ақ патша Николай II-нің 1916 жылдың 21 желтоқсанында арнайы жарлығы шықты. Онда Торғай, Ырғыз және Қостанай уездерінде әскери тәртіпке көшу атап көрсетілді.

Ақ патша жарлығына сәйкес Қостанай уездік полициясы тәртіп сақтау саласындағы сындарлы жолдан бас тартып, жазалаушы жолға түсті. Сөйтіп, олар өзінің халық арасындағы беделін жоғалтты. Патша жарлығына дейін орыс әскери бас штабының 1916 жылғы 4 желтоқсанда 359-ші баяндау хаты жарияланған-ды. Онда подполковник Кисленко бастаған Қостанай жазалаушы отряды мына құрамда бекітілді: 5-ші Орынбор казактар жүздігі, 109-ші жаяу полкі, 9-ші пулемет және 2-ші қару-жарақ полкі. Мақсаттары Қостанай, Торғай аймағының жан-жағын жіті бақылау, қатаң қадағалауға алу. Бұған генерал Сандецкий, генерал-лейтенант, уақытша штаб бастығы Добрынин қол қояды. («На службе Закона» газеті, 06.04.2007 жыл, 13 нөмір).

Бұл уақытта жазалаушы отряд тобының бастығы подполковник Кисленко өзінің алған бағытынан таймай қарапайым халыққа Ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларды қолдайды деген кінәмен зорлық-зомбылықтың шектен шыққан әдістерімен жазалауға кірісті. Бұған қарсы болған қазақ ұлты көсемдерінің көшбасшысы, Ресей Думасының депутаты Әлихан Бөкейханов өз наразылығын білдірді. Көп ұзамай Ә.Бөкейханов Торғай облысы Уақытша үкіметінің комиссары болып тағайындалды. Бұл 1917 жылдың наурыз айы болатын.

Яғни, Қостанай уезіндегі подполковник Кисленкомен тіл табысып, халықты жазаламау бағытын ұстаған талабының арқасында, сол сәуір айында облыстық комиссар Ә.Бөкейханов барлық күш-жігерін табандылықпен ұштастыра отырып, Қостанай уездік милиция комиссарлығына бұған дейін Ресейдің Самара әділет сотының Бүгірслан уезінде қызмет атқарған Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановты тағайындайды. Осылайша, 1917 жылдың сәуір айында Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов Қостанай уезінде Қостанай уездік милициясын құрып, жұмысын ұйымдастырады.

Мінеки, осылай Ресей уақытша үкіметінің Қостанай уезіндегі милициясы 1918 жылдың қаңтар айына дейін жұмыс істейді. Осы ретте Қостанай уезіндегі Қостанай қалалық думасының 90-ші журналындағы деректер 1917 жылдың 19 тамызында жазылған құжат болып шығады. Ал, осы құжаттың жазылуына Қостанай қаласында М.Қаратаев деген азаматтың мас күйінде көшедегі жүргіншілерді жәбірлеп, тіл тигізіп, ұрып-соғу оқиғасы негіз болған. М.Қаратаев ешқандай кәсіппен айналыспаған, бірнеше рет бұзақылығы үшін түрмеде отырған адам. Бұл жөнінде М.Қаратаевты түрмеге қамауға алған қатардағы милиционер Батуриннің Қостанай уездік сотының судьясы Милькога түсірген арнайы арыз-шағымында айқын көрсетілген.

Бірақта судья Милько болса М.Қаратаевқа 5 рубль айыппұл салумен ғана шектелген. Бұл шешімге Батурин наразылық білдіреді. Сот шешімі күшіне енген соң М.Қаратаев қамаудан босатылады. Бұл туралы Қостанай уездік милиция комиссары А.Бірімжанов: «Сот шешіміне ешқандай қысым көрсетілмеуі керек. Егер наразы болсаңдар, одан жоғары тұрған облыстық сотқа шағымданыңыздар», деп сол уақытта қолданыстағы заңды қатардағы милиционер Батуринге оқиды. Бұл заңды Ресей Уақытша үкіметінің төрағасы А.Ф.Керенский өмірге әкелген еді. Көп ұзамай Қостанай уезінде Кеңес үкіметі жарияланған соң уақытша милиция құрылымы таратылады. Бұған депутаттардың атқарушы комитеті келісім береді. Арада көп уақыт өтпей ақгвардияшылар үстемдік алады да, 1918 жылғы маусымның 28 жұлдызында Қостанайда атқару комитетінің депутаттары мен большевиктері бірінен соң бірі түрмеге жабылады. Қаладағы жаңа әкімшілік большевиктер өмірге әкелген барлық құрылымды түбірінен өзгертіп, уездік басқару жүйесін қайта құрады. Олардың мақсаты монархиялық қозғалысты қалыптастыру еді. Осы тұста Торғай облысының барлық үкімет құрылымы КЖКМ-ға (кеңейтілген мәжілістің комитет мүшелері) берілді. Мұның ішінде уақытша үкіметтің ерекше назар аударғаны 1917 жылдың 17 сәуіріндегі милиция құрылымы еді. Ол 1918 жылдың 26 тамызында жаңаша жүйеге түсіріледі. Осы кезде Қостанай уездік милиция комиссары да қарап қалмайды. Ақтардың қарапайым халыққа жасап отырған қиянатына қарсы халыққа қанатымен су сепкен қарлығаштай болса да көмектесуді мақсат еткен А.Бірімжанов милиция органын қайта құрады. Бұл туралы Қостанай уездік «Новый путь» газетінің

1918 жылдың 5 қыркүйегіндегі 34 санында нақты дәлелдер бар. Негізінен, газеттегі хабарландыруда былай деп жазылған: «Қостанай уездік милиция бастығы А.Бірімжанов кәсіби заңгер ретінде учаскелік милиция бастығына, олардың көмекшілігіне және қатардағы милиция қызметіне, сондай-ақ уездік милиция басқармасына жеке машинкаға қағаз баса алатын адамдарды қызметке шақырады».

Бұл хабарламадан мынаны аңғаруға болады. Осы уақытша үкіметтің құрылымындағы милицияда ақтарды қолдайтын учаскелік қызметкерлер жеткілікті болатын. Сондықтан да Алаш идеясын қолдайтын қажетті адамдарды учаскелік милицияға тарту қажеттілігі туындаған еді. Сол кездің өзінде-ақ, кәсіби заңгер А.Бірімжановтың ұйымдастыруымен тергеу және іздестіру бөлімдері құрылады. Оларға тиісінше қылмыстық бағытта баяндалған арыз-шағымдар, ұрлық пен тонау, қылмыскерлерді анықтау сияқты күрделі міндеттер жүктеледі.

Уақытша үкімет құрған Қостанай уездік милициясы ақтар тұсында өмірге келсе де, ол тарихтың бастауы еді. Сондықтан да Қостанай уездік милициясының негізін қалаған бірінші уездік милиция комиссары Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов. Ал, Қостанай уездік милициясының бастау алған уақыты 1917 жылдың сәуір айы. Алашорда қозғалысына белсене қатысқан екі Ахметтің болғаны тарихтан белгілі. Олардың біріншісі – ағартушы Ахмет Байтұрсынов, екіншісі – заңгер Ахмет Бірімжанов. Осыған байланысты Алаш қайраткерлері кезінде біреуін – Ахаң просс, екіншісің – Ахаң юст деп атаған. Сол Ахаң юст аталған – Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов 1871 жылы Торғай дуанында туған. Алғашқыда ауылда Әлмағанбет молданың шәкірті Сүйіншалы Оспановтан дәріс алып, кейін Торғайда Ы.Алтынсарин ашқан мектепте білімін жалғастырады. 1883 жылы Орынбор ерлер гимназиясына түсіп, оны 1891 жылы күміс медальмен аяқтайды. Сол жылы Қазан Императорлық университетінің заң факультетіне емтихан тапсырып студент атанады. Университет қабырғасында Б.Қаратаев және С.Едгин сынды қазақтың болашақ алғашқы заңгерлерімен бірге оқып, оны 1896 жылы алтын медальмен бітіріп шығады. А.Бірімжанов Алаш партиясының көрнекті қайраткері ретінде оның Жарғысын жасауға да тікелей атсалысты. Кезінде Ресей мемлекеттік Думасына Торғай облысы атынан екі рет депутат болып сайланып, Алаш идеясына байланысты ең өзекті жер, мемлекеттік құрылым, ілім мәселесі және жергілікті билеу, сот тәрізді маңызды мәселелерді Дума мінберінен көтере білді.

Алаштықтар: «Ақ болсын, қызыл болсын, бәрі-бір, мен тек қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын мемлекетті ғана жақтаймын», - деген ұлтшылдық ниетте болды. Ал большевиктерге «қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын» алашордашылар қажет емес еді. Сондықтан заңгер Ахметті жауапты қызметтен аластаған кеңес үкіметі біліміне сәйкес қызмет бермеді. Алайда, ол бұған мойымай, еліне қызмет жасауды басты мақсат етіп, кеңес дәуірінде 1920-1927 жылдары республикалымыздың әділет жөніндегі халық комиссариатының және Жоғарғы сотының коллегия мүшесі ретінде жас Қазақ елінің заңдарын шығаруға ат салысып, өз қолтаңбасын қалдырды.

Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов 1927 жылғы 5 қаңтарда Ленинградта қатты сырқаттан қайтыс болып, асыл сүйегі сондағы Волков қорымының мұсылман бөлігінде жерленді. А.Қ.Бірімжановты соңғы сапарға шығарып салуға Ә.Бөкейханов, Ә.Сейдалиев бастаған Алаш қайраткерлері мен бірге сол кезде Москва мен Ленинград қаласында оқып жатқан баласы Б.Бірімжанов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан және тағы да басқа студент жастар қатысады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов жайында кең түрде мәліметтер жинап, зерттеп, қазақ халқының нағыз отансүйгіш тұлға ретінде көрсету, өшпес есімін үлгі тұту тарихшылардың тікелей міндеті деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - 1998.

2.Озғанбай Ә.Ресей мемлекеттік Думасы және Қазақстан.Алматы, 2006 - 125; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы 1995.- 204 бет;Нүрпейісов К.Алаш һәм Алашорда. Алматы 1995.-135; Әсіпова. С. Қазақ қасіреті. Алматы, 1994; Турсунов Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Ташкент. 1962.-358; Каратаев Т. Тарихтағы аттас тұлғалар. Ақтөбе, 2002.-79.

3.Қарабала Е.Алаштың көрнекті қайраткері // На службе Закона. - 06.04.2007. - №13

МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШПАЕВТЫҢ АЛАШОРДА ЖӘНЕ ҚОҚАН АВТОНОМИЯСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

«Ұлы тұлғаларын білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймамыз, оның рухын, тынысын сезінеміз» [1] дей келе, мемлекетіміздің дербес ел болуына өз үлестерін қосқан тұлғалардың сіңірген еңбектерін зерттеп-зерделеу, жас ұрпаққа жеткізу өз маңыздылығын жоғалтқан емес.

Саналы ғұмырын халқының игілігіне адал қызмет етуге арналған ірі тұлғаларымыздың бірі – Мұхамеджан Тынышпаев. Ол – ғасыр басындағы Алаш қозғалысы атанған азаттық күресінің көрнекті қайраткері, қазақтан шыққан тұнғыш техникалық маман және тарихшы-ғалым.

Мұхамеджан Тынышпаевтың қоғамдық-саяси қызметінің бір өте маңызды кезеңі «Қоқан» және «Алашорда» автономиялық үкіметтері тарихымен қатысты болды.

1917 жылы 21-26 шілде күндері Орынбор қаласында бірінші жалпықазақ съезі өтеді. Съезде Жетісу облысындағы жағдай дербес мәселе ретінде қаралып, съезд, біріншіден, соғыс және ішкі істер министріне жедел хат жолдап: «жетісудағы қазақ-қырғыз атып, жаншып жатқан мұжықтардың һәм соғыстан қайтқан солдаттың қолынан қару-жарағын сыпырып алып, халықты зорлықтан қорғауларын талап етеді. Сондай-ақ съезд, екіншіден, Жетісу облысындағы ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғыздарға Алаш баласы жәрдем беруін» өтінеді. [2]

Жетісудағы жағдайдың жалпықазақ съезінің күн тәртібіне енуіне, белгілі дәрежеде, М. Тынышпаевтың съезд ашылар қарсаңында Орынборда болуы ықпалын тигізгендігі дауыссыз.

«Қазақ» газеті 1917 жылғы 24 шілдедегі санында, «15 шілде Орынбор арқылы Жетісу комиссары Мұхамеджан Тынышпайұлы Петроград кетті. Мұхамеджан үкіметке Жетісу облысының хал-жайын доклад қылып, 25 маусым жарлығына байланысты бүліншілікке ұшыраған қазақ-қырғыздарға һәм орыстарға қазынадан жәрдем сұрамақ. Сөйтіп, бірін-бірі қырғынға Ұшыратқан һәм бұл күнге шейін бір-біріне кек сақтап, іштеріне қан қатқан екі жұртты татуластыру қамына кіріспек» деп жазды.

1917 жылғы тамыз айының ортасында Ташкентте өлкелік шаруалар съезі өтеді. Оның жұмысына Пржевальск қырғыздарының өкілдері Кендірбаев, Түменбаев және Чимдиев қатысып, тағы да босқын қырғыздар мәселесін көтеріп, оларды біржола қырылып қалудан сақтау үшін мазасыз переселендердің біразын Пржевальск уезінен алып кетуді талап етеді.

Өлкелік шаруалар съезі Ішкі істер министрлігіне жеделхат жолдап панасыз қырғыздарды қорғау үшін пәрменді іске асыруды өтінеді.

Мұсылмандар қауымдастығы ұйымдастырған шаруалардың ең үлкені, әрине, 1917 жылы 18 тамызда Ташкентте өткен демонстрация еді. Мыңдаған Ташкент тұрғындары қаланың орталығындағы Кауфман ескерткіші алдына жиналып, Түркістан комитетіне тез арада Жетісудағы қырғынды тоқтатуды, соған байланысты қандай шаралар белгіленіп жатқаны жөнінде есеп беруді талап етті.

Жағдайдың бет алысына қаймыққан түрккомитет біріншіден, Петроградқа жеделхат жолдап, орталық биліктен Жетісуға көмекке бөлінетін қаржыны тезірек жіберуді сұраса, екінші жағынан, Жетісуға комитет мүшесі Шендриков бастаған комиссия және әскери бөлім жіберу туралы шешім қабылдайды.

Түрккомитеттің белгілеген бұл екінші шарасы Шкапский мен Тынышпаевқа Уақытша үкімет әкімшілігінің, әсіресе Ташкенттегі биліктің Жетісудағы қайғылы оқиғаларға немқұрайды қарауына байланысты өз наразылықтарын ашық білдіруге түрткі болған еді.

Олар түрккомитеттің Жетісуға комиссия және әскер бөлімін шығару туралы шешімін теріс тауып, оны қайта қарап, өзгертпеген күнде өздерінің отставкаға кететіндігін мәлімдеп мынадай мазмұнда жеделхат жолданды: «Қырғыз орыс арасындағы шиелініскен ауыр жағдайды қалпына келтіру үшін бірінші кезекте олардың шығындарын өтейтін қаржы сұрап майдың басынан бері Ташкентке 41, 61, 67, 70, 85, 96, 103 және 123-нөмерлі, Петроградқа 29, 42, 79, 113, 127, 256 және 344- нөмерлі жеделхаттар жөнелткен едік. Жауап ала алмадық... Орыс бандыларын тезірек соттау мақсатында уақытша присяженныйлар сотын құруға рұқсат сұрап екі мәрте юстиция министріне қайырылды. Оған да жауап болмады. Істің ізімен соттың бола қоймауы қарақшылықпен күресуге кедергі жасап отыр. Ташкенттен жергілікті жағдайды түсіну қиын. Сіздердің соттау билігін беріп, солдаттар қосып жіберген комиссияларыңыз іске тек зиянын тигізіп, бізге деген жергілікті халықтың сенімін кетіреді.

Сондай нәтижені көре отырып, осы уақытқа дейін жасаған еңбегімізді бұзуға келісе алмайтындықтан біз отставкаға кетеміз.»

Ташкент, әрине, Тынышпаев пен Шкапскийдің өтініштерін қабылдамай тастайды. Бірақ түрккомитет түрлі күштердің талап етуі нәтижесінде тамыз, қыркүйек айларында бірнеше шараны іске асырады. Олардың арқасында Жетісу облысында әскери жағдай жарияланып, астық монополиясының енгізілуі, Пржевальск уезіне қарақшылық істерді тексеру үшін тергеу бригадасының жіберілуі бар еді., 7 қазанда көп күттірген 11 млн 150 000 сом қаржының Алматыға жіберілгендігі туралы хабар да жетеді. [3]

Бұл бөлінген қаржының ашаршылыққа ұшыраған босқындарға жұмсалуды барысы туралы М. Тынышпаев үлкен іждағаттылықпен есеп беріп тұрады. Солардың бірінде ол былай деп жазған еді: 10 болыс Пішпектің тау қырғыздарында өз күнін өзі көре алатын азын-аулақ астық бар. Нарынның 12 болысы біздің сөзімізге тоқтам қылып, береке-бірлік етіп, өз арасынан реквизиция қылды: бидай жиып, ақшаға бағалап, араларындағы аш-жалаңашқа беріп жатыр және 2-3 мың пұттай астықты Қошқардағы 3 болыс ағайындарына жіберді.

Тәртібі ел алдында инабатты Шоқа батырдың баласы Қазидай адамдары һәм қазақ офицері Бекімовтей комиссар болып, бұл Нарын жағынан көңіліміз көтерілгендей болды. Ең қиыны болып тұрған улахолдағы 7 болыс қырғыз. Бұлардың комиссарларына 60 мың сом жіберіп едік, астық сатып алған, ала алмағанын білмедік. Нарынға 40 мың жібердік. Тоқпақ төңірегіндегі қырғыздар үшін Пішпек комиссарына 60 мың сом жібердік. Бұл жерде бидай болмаса да, жақындағы дүнгендерде күріш көп екен. Жаркент уезіндегі қырғыз һәм қазақ үшін 60 мың сом жібердік. Жаркент комитеті жаздай аянбай астық тасып тұр. Құлжадағы жаңа консулға сонда қалған қазақ-қырғыз үшін 60 мың жібердік. Жаңа өкімет шығарған 5 миллионды босқыннан қалған қазақ-қырғыздарды енді бұдан былай тірі сақтауға хаир етпекші болдық. Жетісудан киізді тысқары жібертуді қойғызып, бәрін сатып алып, босқындарға таратпақшы болдық. Бірақ 5 миллион қысқа қарсы келіп, арзан уақытта, бар уақытша еш нәрсе ала алмадық. Қолымыздан келгенше әрекет жасадық, бірақ жазға шейін қаншасы тірі қалып, қаншасы қырыларын болжай алмаймыз... талай өлім-жетімнен қалған, талай зорлық-қорлық көрген бейшара тірі бауырларым енді аман қалсын деп тілеймін.

Шамамен, шілде айынан бастап Тынышпаев пен Шкапскийдің тікелей басшылығымен орыс селоларында шаруалар мен кулактардың қолына бар артық астықты реквизициялау басталды. Бұл шараға қарсылық көрсеткен адамдар абақтыға жабылды. Мәселен, қазан айында Түркістан комитеті мүшелерінің бұрынғы бойынша Верный уезі Михайловск солосының 9 шаруасы 1 айдан абақтыға отырып шығады. Орыс шаруаларынан артық астықты алу ісін белсенді түрде іске асырған Пішпек уездік азық-түлік бөлімінің төрағасы Петропавлов еді. Ол переселен шаруалардың қарсылығын күшпен баса отырып, уездегі ашаршылықпен күресуге елеулі еңбек сіңіреді. Бірақ Петропавловтың бұл қимылын қаламаған уездік азық-түлік съезіне қатынасқан орыс делегаттары оның қызметінен кетуін талап етеді. Қырғыз жұртының көрсеткен қолдауына қарамастан Петропавлов жұмысын тастауға мәжбүр болады.

Күзге қарай М. Тынышпаевтың тікелей басшылығымен босқын қырғыз бен қазақтар шоғырланған жерлер де оларды тегін тамақтандыратын асхана пункттер ашыла бастайды. Бұл кезде аштық қазақ жеріне орыс ауыл, селоларын да қамтыған еді. Жаркент уездік комиссары облыстық комиссияның ортасында сөйлеген сөзінде 1917 жылдың соңына қарай уезде 14 албан болыстарының және 10 орыс селоларының астықсыз отырғанын хабарлайды. Мәселен, 27 қазанда Тынышпаевтың жеделхат арқылы берген тапсырмасы бойынша, Пішпек уезіне қарасты қарақоңыз және оңтар деген елді мекендерге екі тамақтандыру пункті ашылады. Ал жылдың соңына қарай Пішпектің өзінде мың адамдық осындай пункт ұйымдастырған еді.

Аштыққа қарсы күресте маңызды рөл атқарған бұл пункттерді ұйымдастыруды, жалпы осы мазмұндағы шараларды іске асыруды М. Тынышпаевтың еңбегі зор болатын. Бұл пікірдің шындықтан алшақ еместігін дәлелдейтін фактілер жеткілікті, біз олардың бірін ғана келтірумен шектелмекпіз. М. Тынышпаев Петроградта жүргенде Нарын уезіндегі аш босқындарға азық-түлік жеткізуге байланысты қиындықтар туады. Оған уездегі комиссар Зиман бастаған теріс пиғылдағы переселендік топтар кінәлі еді. О. Шкапский Нарынға жеделхат жолдап, онда былай деп көрсетеді: «Комиссар Зиминге. Азық-түлік комитетінің қайта оралып жатқан қырғыздарды тамақтандыратын пункттерді ұйымдастырудан бас тартуын орыс революциясының рухына сай келмейтін әрекет есебінде бағалаймын. Бірнеше адам қарсы болғандықтан бұқараны нансыз қалдыру қатыгездік. Тынышпаев Петроградта, ол қайта оралғанша қырғыздар қырылып қалмасын. Нарындағы орыс демократиясы адамгершілік көрсетеді деп сенемін. 19.07.1917.» [4].

Уақытша Үкімет тұсында уездік билікке келген кешегі солдат, бүгінгі чиновниктің бұл пікірі, белгілі дәрежеде, қазақ халқының ақпан революциясынан кейінгі айларда алған бостандығының денгейінен хабар берсе керек. Оны М. Тынышпаев сияқты терең және тәжірибелі саясаткер сезбеді деп айту, әрине, ағаттық болар еді. М. Тынышпаев Жетісуға Уақытша үкіметтің комиссары болып алғашқы келгенінде ойластырған істерінің біразын іске асыра алмауына да осындай реакциялық көзқарастың себепші болғанын жақсы түсінеді.

1917 жылғы 1 қарашада Ташкенттегі саяси билік кеңестердің қолына өтіп, 6 қараша күні Уақытша үкіметтің түркістан комитетінің мүшесі О.А. Шкапский мен түркістан әскери округінің әскери комиссары В.Г. Ивановтың қолы қойылған №57 қаулы бойынша Жетісу облысында әскери жағдай жарияланып, түрккомитеттің жойылуына байланысты облыстағы билік толығымен осы екеуінің қолына өтеді. Олардың 1917 жылғы 14 желтоқсандағы № 61 қаулысымен түркістан комитетінің баспа үнінен айырылуына байланысты, енді бұдан былай «Семиреченские ведомости» газеті Уақытша үкіметтің түркістан комитетінің үні болып жарияланады. Бұл белгілі дәрежеде, Алматыны Түркістандағы Уақытша үкімет билігі үшін күрес орталығына айналдыру әрекетінің көрінісі болса керек. Міне, осы 6 қарашадан кейінгі уақытта Алматыдағы басшылықтың атынан шыққан құжаттардан тек О. Шкапскийдің ғана қолын көреміз. Соған байланысты, шамамен осы кезден бастап М. Тынышпаевтың да түрккомитет мүшесі міндетін атқаруды тоқтатқандығы туралы айтуға негіз бар сияқты.

26 қараша күні Қоқан қаласында ашылған мұсылмандардың төтенше съезі, 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы жариялап, оны басқаратын Уақытша үкімет сайлайды. Оның төрағасы және ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышпаев тағайындалған еді.

Алаш автономиясын жария ету мерзіміне байланысты болған қызу айтыстан кейін, съезд мынадай ымырлы қаулы қабылдайды:

1. Бір айдың ішінде Алашорда түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса, алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді.
2. Бір айда түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына ресми иғлан етуге ерікті.
3. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді.
4. Егер түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін.

Жаңа өмірге келген Алашорда өкіметінің ең алғашқы жасаған әрекеттері де қайткен күнде ұлттық бірлікке жетуге бағытталды.

Құрамында М. Тынышпаев бар Алашорда Үкіметі 1918-1920 жылдарды қамтитын осынау шиелініске толы кезеңде, екі жаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін келтіруге, елдің амандығын сақтауға бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. Алашорданың жетекшілерінің бірі болған М. Тынышпаев осы мақсатты ту етіп, Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, У. Танашев және А. Қозбағаравтармен бірге, бір-бірін күшпен алмастырған әр түрлі орыс үкіметтерімен жүргізілген келіссөздердеге белсене қатысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том, 1-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – Б.5
2. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – Б. 31-40
3. Жүгенбаева Г.С., Мұхамеджан Тынышпаевтың Өмірі мен қызметі (1879-1938). – А., 2000, 228 б.
4. Жүгенбаева Г.С., сонда

Мұсағалиева А.С.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ КОКП ХХ СЪЕЗІ

Кеңес биліктің толық орныққан жылдарында да саяси террордың құрбандарына айналған Алаш зиялыларының тағдыры мен шығармашылығы ұлт жанашырларын тыныш жатқызбады. Большевиктер билігі күшейіп тұрғанның өзінде алаштықтарды жақтаушылар табылды. Олар шындығында Алаш идеясының жандануы мен қазақ қоғамында орын алуына белгілі бір дәрежеде үлес қосты.

1930 жылдардың аяғына қарай толық салтанат құрған сталинизм ұлт зиялысын қаусатып салғанымен Алаш идеясын өлтіре алмады. Ол хрущевтік «жылымық», брежневтік тоқырау тұсында да қазақ даласын елес болып шарлады [1].

Кеңес азаматтарын сталиндік террордан алғаш құтқарған 1956 жылғы 14-25 ақпанда болған КОКП XX сиезі болып табылады. Онда 25 ақпанда КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.С. Хрущевтің «Жеке басқа табынушылық және оның зардаптары» деген тақырыпта баяндамасы тыңдалды. Н.С. Хрущев баяндамасында [2] сталинизмнің қылмысын жан-жақты ашып берді. Ол комиссияның ПХК мұрағаттарындағы үлкен көлемдегі материалдармен және басқа құжаттармен танысып, қорытындысында кінәсіз адамдар қаза тапқан коммунистерге қарсы қолдан жасалған істер мен жалған айыптаулардың көптеген фактілерін анықтағанын айтты. 1937-1938 жылдарда көптеген партиялық, кеңестік, шаруашылықтық қызметкерлерді «жау» деп анықтады, шын мәнінде олар ешқашан жау, тыңшы, бүлдіруші болып табылмады, әрқашан адал коммунист болып қалғандарын, ал оларға адам сенгісіз ауыр айыптарды тергеушілердің мойындатқанын жайып салды. XX сиездің материалдары – кеңес тоталитаризмінің тарихи дерегі, адам құқығын төмендетуді ашып беретін құжат. Н.С. Хрущевтің баяндамасында сталинизмге соққы берілді.

Дегенменен, саяси репрессиялар құрбандарының ақталуын И. Сталиннің өлімімен басталды деп айта алмаймыз. Себебі Қазақстандағы ұлттық интеллигенцияны қудалау аяқталмаған болатын. Үлкен мәселенің басы ашық қалды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ қарсы күрескен ұлттық негіздегі Алаш зиялылары ақталмады.

Алаш зиялыларының ақталмауына И.Сталиннің оппоненті Л.Троцкий атымен қудалануы әсер еткенін жоққа шығаруға болмас. Қазақ зиялыларының троцкийшіл деп айыпталуына бірнеше себептер болды. Біріншіден, Л. Троцкий шетелге эмиграцияға Қазақстаннан, оның ішінде Алматы қаласынан кетті. Кетерінде, 1927 жылы 11 наурызда КСРО басшылығына ұлттық республикадағы саяси ахуалды сипаттаған "Қазақстандағы саясаттың ұлттық сәттері" [3] атты хат қалдырды. Хатта ол қазақ зиялыларының ұлттық саясаттағы мәселелерін көтерді. Екіншіден, 1936 жылдың 19-24 тамыз аралығында КСРО Жоғары Соты Әскери Коллегиясының троцкистер мен зиновьевшілдердің үстінен ашық сот мәжілісі болды. Сот нәтижесінде 16 адам ату жазасына бұйырылды, оның ішінде Г.Е. Зиновьев, Л.Б. Каменев, С.В. Мрачковский, И.И. Рейнгольд және тағы басқалар бар. Оларға антикеңестік, зиянкестік, тыңшылық және террористік қызметіне, оның ішінде С.М. Кировтың өліміне және партия басшылығы мен үкіметке қарсы террористік актілер даярлауды ұйымдастырды деген айып қойылды. Сот үдерісі алдында барлық республикалардың партиялық органдарына БКП (б) Орталық Комитеті «Троцкистшіл-зиновьевшіл революцияға қарсы блоктың террористік қызметі туралы» тақырыпта хат [4] жіберген болатын. Әрине, Қазақстанның партиялық басшылығы хатқа байланысты іс-әрекеттер қабылдауға тиіс еді. Бұл хат «үлкен террорды» республикада жүргізуге нұсқау әрі бағыттаушы құжат деп айта аламыз. Осы хаттың әсерінен 1 қарашаға дейінгі аралықта 43 адам партиядан шығарылды. Назарға алдымен алашордашылдар мен қазақ «ұлтшыл» зиялылары ілікті. Аталған сот үдерісі коммунистердің басқа республикалардағы сияқты Қазақстанда партия-кеңес қызметкерлеріне жаппай саяси репрессия бастауына мұрындық болды. Осы себептер Алаш зиялыларының XX сиезден кейін ақталмауына тікелей әсер етті деп ойлаймыз.

Ресейдегі XX сиезден кейінгі ақталу үдерісін француз тарихшысы Н. Верт өз еңбегінде кең түрде ашады. Оның айтуынша: «1956-1958 жылдары тазалаудың құрбаны болған кейбір партиялық және әскери басшылар таңдалып ақталды. Олардың ішінде, әсіресе, әскерилер көп (Тухачевский, Якир, Блюхер және басқалар), өйткені 1953 жылдан бастап армия Хрущевті жақтаған негізгі күш қатарында еді, сонымен қатар бәрінен бұрын «күпия баяндамада» еске алынған, екінші деңгейдегі және сталиндік линияны қолдаушы басшы партиялық қызметкерлер (Эйхе, Рудзутак, Постышев, Косиор, Чубарь және басқалар) болды. Бұл, сталинизмге саяси альтернатива қажеттілігін қолдаған, (Бухарин, Троцкий) немесе Сталинге ашық қарсы сөйлеген (Зиновьев, Каменев, Рыков және басқалар) большевизмнің ірі тарихи тұлғаларын қамтымаған жартылай ақтау болатын, жаппай репрессиялар, сталинизмнің табиғаты және жалпы партияның жауапкершілігі туралы нақты көзқарастар үшін импульс болып қызмет ете алмады [5].

Жалпы, Л. Троцкий Кеңестер Одағындағы И. Сталиннің саясатына негізгі оппонент болды. Қазақстандағы большевиктер өкіметіне де Алаш қайраткерлері де осындай жағдайда болды. Өйткені Алаш зиялылары ленинизмге де, сталинизмге де ашық қарсы шығып, Кеңестер Одағынан бөлінуді аңсады. Ал М.Шоқай Тұтас Түркістан идеясы арқылы бүкіл түркі халықтарын большевиктерден бөліп өкетуді көздеді. Жалпы, большевиктерге қарсы күресте қазақ зиялылары татар, башқұрт сияқты түркі

халықтарымен пікірлес болып, ұлт-азаттық күресті жандандырды. Сондықтан да қазақ қайраткерлері Л.Троцкий, Г.Е. Зиновьев секілді сталинизмнің басты оппоненттерімен бірдей қарастырылды деп ойлаймыз.

Алаш партиясы мүшелерін большевиктердің негізгі оппонент етіп жариялауы құжаттардан анық көрінеді. Кеңес өкіметінің 1919 жылы Алаш қайраткерлеріне амнистия туралы қаулы қабылдады. Ал 1920 жылы 20 қазанда Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің амнистия туралы қаулысына нұсқау шықты. Онда «бұрынғы «Алаш - Орда» үкіметінің жақтаушылары, азамат соғысы кезінде ақгвардияшылдар авантюраларына қатысқан қазақтар қудалауға жатпайды» [6] делінді. Бірақ, бұл құжатта кеңес құрылысына қарсы бағытталған қарулы көтерілістердің белсенді қатысушылары мен бастаушылары ақталмайды деп аталды. Нақты көрсетелік: «...комиссияларға кеңес құрылысына қарсы бағытталған қарулы көтерілістерге белсенді қатысушы және бастаушы болғандар және жұмысшы - шаруа өкіметіне белгілі ортадағы беделді тұлға ретінде қауіп көрсететіндерді босатпау туралы құқықтар беріледі. Комиссия қорытындылары қатаң дәйектелген болуы міндетті» [7]. Міне, бұл құжат Алаштың ақталуында большевиктер билік басында болған барлық уақытта кедергі бола берді.

Сонымен қатар, мәселенің бұлай шешілуін Н.С. Хрущевтің «Жеке басқа табыну және оның зардаптары» деп аталатын баяндамасының мазмұнынан іздеу керек. Баяндамасында Н.С. Хрущев коммунистік билікті сынауды мақсат етіп қойған жоқ, оның пікірінше, В.И. Ленин өлгеннен кейін И. Сталин көсемнің идеясын бұрмалап, өзіне бүкіл жұртты табындырды. Сол үшін де ол сталиндік «үлкен террор» кезіндегі заң бұзушылықтарға ерекше назар аударды. Тұтастай алғанда, баяндама мәтіні түгелдей 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияны талдауға арналған. Лениндік «қызыл террор», Кеңес өкіметіне қарсылықтар туралы ештеңе айтылмады. Ал одан кейінгі мемлекеттік дәрежедегі ақтау жұмысы да, мәселені талдау да тек қана аталған баяндама негізінде жүргізілді.

Алаш қайраткері Ә. Ермаковке ақталуға осы жылдарда мүмкіндік туды. 1955 жылы 7 наурыз күні КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Министрлігінің ерекше кеңесінде, контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталып, лагерлерде, колонияларда, түрмелерде және айдауда жүргендердің істерін қайта қарау үшін жиналған Орталық Комиссияның шешіміне сәйкес «Ермаковтің 1949 жылы 9 наурызда қозғалған №269834 ісіндегі үкім тоқтатылсын және Ә. Ермаков тұтқыннан босатылсын», - деген қаулы қабылданды. 1957 жылдың 26 қарашасында КСРО Жоғары Сотының әскери коллегиясының №00990/39 анықтамасы бойынша толық ақталды [8].

Бірақ, қайраткер тіпті өзі тірі болса да, Алашта болған кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын толық ақтай алмады. Қазақ зиялыларының ақталуына Алаш қайраткерлерінің ішінен сол кезде қудалау мен қамаудан оралған Ә. Ермаковтің де араласқаны туралы ақпараттар да бар. Экономика ғылымдарының докторы, профессор Талғат Әбдіразақов «Атақты жерлесім туралы» деп аталатын естелігінде: «Бұл жылдарда республика басшылары да Ә. Ермаковке құрметпен қарады. Оның Д.А. Қонаевтың қабылдауында екі рет болғаны мәлім. Соның бірінде Ә. Ермаков халқымыздың көрнекті ғалымы, жазушы әрі публицист А. Байтұрсыновты ақтау туралы мәселе көтерген. Оған Д.А. Қонаев түсіністікпен қарай келіп – бұл уақыттың ісі. Қазақ интеллигенциясының басқа да өкілдері толық ақталатын күн туады деп жауап қайтарған екен» [8, 222].

Алаштың толық ақталуы елдегі қайта құру саясатының басталуымен байланысты. Отан тарихына деген қызығушылық КСРО құрамында болған барлық мемлекеттерде қатар туындады. Сексенінші жылдардың аяғы - тоқсаныншы жылдардың басында «темір пердеден» құтылған халықтар үшін өткен тарих құрбандары басты мәселеге айналды. Басында стихиялы түрде басталған науқан біртіндеп мемлекеттік дәрежедегі заңдық актілер арқылы жүзеге асырыла бастады.

1960 жылы 25 желтоқсанда Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы Н. Жанділдиннің атына Қазақстан КП Орталық Комитетінің Ғылым, жоғары оқу орындары және мектеп бөлімі меңгерушісі С. Бейсембаевтың қолы қойылған хат келіп түсті. Онда «Қазақ әдебиеті» газеті «оқырманды өткенге жетелейтін идеялық тұрақсыз материалдарды» жариялауды жалғастыруда деп көрсетілді. Газет айтыс түрінде №30-33 нөмірінде өткен заманның діндік – мистикалық ақындарды мадақтайтын мақалаларды (Б. Кенжебаев, М. Ақынжанов, К. Құрышжанов) жариялады. 29 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газеті әдеби мұраға арналған хабарлама шығарды, онда фамилиясыз буржуазиялық-ұлтшыл жазушылар М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгеровтердің пьесалары берілген. Ал «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткішінде» (кұрастырушылар Ш. Сарыбаев, жауапты редактор С. Кеңесбаев) оқырмандарға барлық шығармалары айналымнан алынып тасталған тұлғалар ұсынылған. Кітаптың тиражы таратылмай ұсталынып қалды, Ш. Сарыбаевқа сөгіс берілді. Жинақ

тиражы Ғылым Академиясының Президиумының шешімімен жойылды. Ш. Сарыбаевтың қателігін Тіл және әдебиет институтының партиялық жиылысында талқыланған [9]. Бұл туралы Ш. Сарыбаев былай еске алған болатын: «Мен 1960 жылы «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты еңбегімнің 1-томын жарияладым. Библиографиялық көрсеткіште А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, Т. Шонанов еңбектерінің (140 еңбек) тізімі берілгендіктен, ол кітап көзі қырағы цензураның қаһарына ұшырап, туралып кетті. Өзім қызметтен қуылып, сөгіс алдым. Соңымнан «саяси сауатсыз» деген ат ерді» [10].

Осы жылдарда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтына Алаш және Алаш-Орда қозғалысының кейбір өкілдерінің қызметі және оларға байланысты репрессивті шаралар туралы Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті ақпараттар беріп отырды.

Біздің ойымызша, бұл XX сиезден кейінгі көптеген жазықсыз адамдардың саяси ақталуынан кейін қоғамдық сана – сезім оянуы әсерінен ұлт азаматтары - Алаш зиялылары қызметі мен шығармашылығына қажеттіліктен туындады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Х.М. Алаш аманаты және ұлттық идея // Алаш және Әуезов. Халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. Алматы: Жазушы, 2007. - 89-100 бб.
2. Реабилитация. Политические процессы 30-50 - х годов (под. общ. ред. А.Н. Яковлева). – М.: Политиздат, 1991. - 461 с.- С.19-67
3. Архив Троцкого. Коммунистическая оппозиция в СССР. 1923-1927. Том-2. “ТЕРРА”-1990. С-197-198
4. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. - Алматы: Казахстан, 1998. - 336 с.- С.14-15
5. История советского государства: Пер.с фр. – М.: Издательства “Весь мир”, 2006. – 560 с.- С.190.
6. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты, 430-қор, 2-тізімдеме, 35-іс, 17-п.
7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж. - Алматы: «Ел - шежіре», 2007. - Т.3. - К.1. - 304 б.- Б.80.
8. Өскембаев Қ. Ә.Ә. Еркемовтің қоғамдық - саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 жж.). - Қарағанды: МББҚБА және ҚДИ, 2003. - 277 б. 198-202 бб.
9. Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940–х – 1991 гг.). – Алматы: Атамұра, 2004. – 328 с. – 74, 228 сс.
10. Сарыбаев Ш. Адамды орта өсіреді // Ана тілі. – 2001. - 8 наурыз

Наурызбаева Э.К.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

1916 жылы 25 маусымда патшаның Қазақстан, Орта Азия, Сібір тұрғындарынан 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмысына алу туралы жарлығы шығады. Бұл жарлық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басталуына себеп болды. Қазақ қауымында патшаның 1916 жылғы маусым жарлығы мен көтеріліске көзқарас бірдей болған жоқ: ауылдың феодалдық-байшыл билеуші тобы мен жергілікті әкімшіліктің белгілі бөлегі патша жарлығын толығымен қолдап, оны белсенді түрде жүзеге асырушылар болды; қазақ интеллигенциясының радикалды батыл іс-қимылға бейім өкілдері (мысалы, Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, Т.Рысқұлов, Ә.Жангелин, С.Меңдешев, Б.Алманов, Ә.Жүнісов т.б.) халықты қарулы көтеріліске шақырып, оған өздері де қатысты. Ал «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты либерал-демократиялық зиялылар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үгіттеп, оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған байланысты халық тағдырына үлкен алаңдаушылық білдірді. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде оны аман сақтауға тырысты. Сондықтан да олар қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, олар Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. Бұдан сырт қалуға бол-

майды, - деп есептеді. Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Қарусыз халық өкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына үміт артты. Империямен ақылға қонымды келісім тактикасын ұстанып, халқының аман болуын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыра тұрып, тиісті әзірлік жұмыстарын жүргізуді ұсынды. Көтеріліс барысында орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы бұлардың қауіптерінің негізсіз еместігін дәлелдеді.

Ұлт-азаттық қозғалыстың басты себептерінің бірі, әрине бірінші дүние жүзілік соғыс. Бұл мәселеге де қазақ интеллигенция өкілдері қол қусырып отырып қойған жоқ, әсіресе Әлихан Бөкейхан Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар және т.б., қазақ баспа сөз беттері арқылы халықты болып жатқан жағдаймен таныстыруды жөн көрді. Оның «Қазақ» газетінің 1914 жылы жарияланған мақаладан кейбір үзінді «Қазақ газетасы біреу-ақ, саясат ісі не керек, тіршілікке пайдалы, үлгілі сөз жазу керек емес пе дейтін оқушылар бар. Бұл шала жансар рас та. Газета алдындағы көсем жүрген оқушылар үшін шықпақшы, бұлар саясат ісімен хабарлы болмақшы. Солай болған соң Еуропа саясат ісіне «Қазақта» орын бермей болмайды. Біздің қазақ құлағы Еуропа саясат ісіне тесік болмаса, біздің үйдегі іске жұрт сарандық болмақшы... Кім жықса да Еуропа, Азия жері қайта пішіліп қошқар мүйіз салынар. Осындай зор саясат ісіне хабарсыз жату біздің оқушыларға жол ма?» [1, 87 б.]

Осылайша соғыс қазақ даласында жалпы ұлттық наразылықты тудырды, мұнын жарқын көрінісі 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс.

1916 жылғы қозғалыс ауқымы, қатысушыларды қамтуы және нәтижелері жөнінен Ресей империясы құрамында отарлық құлдыққа түскен бүкіл кезең ішіндегі қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің шырқау шыңы болды.

Кенестік тарихнама ұлт-азаттық қозғалыстың әлеуметтік негізін ұзақ уақыт бойы әдейі тарылтып келді, таптық принципті басшылыққа алған тарихшылар аудандардағы пролетариат пен шаруалардың тап күресі деңгейіне жеткізіп отырды

Қазақ халқының тарихи зердесінде 1916 жылғы оқиғаларға қазақ интеллигенциясының алған орны мен атқарған рөлі туралы мәселе ең жанға батарлық мәселеге айналды. «Алаш» партиясының негізі болған «буржуазиялық-ұлтшыл» деп аталатын интеллигенция «қазақ халқының жауы және сатқындары» және тағы басқа деген сияқты ұғымдармен көрсетілді. Қозғалыстың әртүрлі жақтарына арналған бірқатар зерттеулерде интеллигенцияның кейіннен көпшілігі большевиктік партияның мүшелері болған революцияшыл-демократиялық бөлігі ғана көтерілісшілерді белсене қолдады, тіпті солармен бірге патша өкіметіне қарсы күреске шықты деген тезис басым болды.

Дегенмен, патша жарлығы шықпай тұрған кезде қазақ зиялыларының біразы қазақтан солдат алу жағында болмағанымен, заңға көнбеушіліктің халықты қырғынға ұшырататынын түсінген олар енді қазақтардың, тыл жұмысына болса да, баруын қолдап, өз ұстанымдарын өзгертеді.

1916 жылы қазақтардың көпшілігінің патша жарлығына қарсы шыққаны, біразының тыл жұмысына аттағаны белгілі. Бірақ осы орайда ұлттық езгіге ұшыраған халықтың ұрыс майданына сұрануы ерекше назар аударуды қажет етеді. Қалай десек те, әскери дайындықтан өтпесе де, мұнысы солдаттыққа алынған басқа халықтармен тең тұруға, өлімге бас тігіп, намысын таптатпауға тырысушылықтың белгісі еді. Халық отарлық үстемдікке ғана емес, ұлттық кемсітушіліктің бір түрі ретіндегі көрінген, қазақ жастарын тыл жұмысына «реквизициялауға» қарсы көтеріледі.

Ә. Бөкейханның саяси өмірбаянында 1916-жылдың дүрбелеңі және майдандағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарына көрсеткен азаматтық қызметі ерекше орын алады. Қазақ халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісіне Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының «Қазақ» газеті арқылы үзілді-кесілді қарсы шығуы да ұлтты жаппай қырғыннан аман алып қалудың саяси бейбіт жолын ұсынуынан еді.

Атап айтсақ, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар «Қазақ» газетінің 1916 жылы тамыздың 11-інде жарық көрген кезекті баслымында «Алаш азаматтарына» деген үндеуінде: «... ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауыртпалық түсті, мұны қалай арқарамыз, ендігі ойланатын нәрсе осы. «Біздің жұртқа айтарымыз – бұған көнбеске болмайды. Мұны бұрын да сан рет айтқанбыз. «Көнбейміз» деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. (Қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде

көретін ауырлық: бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па? Бірлі-жарым болсын, писерлері писерлері өлген елдерге әскер шығарылды, басшы кісілер абақтыға жабылды, сотқа байланды, мәселен, Торғай, Орал облыстарында. Арыз айқан адамдар таяқ жеді, тұтқын болды, қорлық көрді... Қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елде отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Айтқанға тез көне қоймадың, қарсылық қылдың деп, Түркістан уалаятына военное положение иғлан етілді. Военное положение иғлан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады... Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екінші – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген... Ғалихан, Ахмед, Міржәғұб» [2].

Осы келтірілген жолдардан көріп отырғанымыз біріншіден, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар халықты апаттық зардаптардан күні бұрын ескерту жасап, сақтандырған. Екіншіден, алаш көсемдері, кеңестік тарихнама жорамалындай, қазақтардың патша жарлығына көнуін қолдағанда, патшаға қызмет етуді емес, қазақ қоғамына оның салдарларының жеңілірек болатындығын көздеген.

Алайда, Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин мен бекітілген сот шешімінің нәтижесінде «1917 жылдың 1 ақпанында өлім жазасына 347 адам, қаторға жұмыстарына 168, түзету жұмыстарына 288 – адам, түрмеге 129 адам жабылған» [3]. Ал Жетісудан Қытайға 300 мыңнан астам қашуға мәжбүр болды.

Алаш қайраткерлерінің «Маусым жарлығына» байланысты осындай ұстанымдары мен көзқарастары советтік саяси қуғын-сүргін кезінде оларға «патша өкіметін қолдады, халыққа қарсы шықты» деп айып тағуға тағы бір ілік болды

1916 жылдың желтоқсан айында Әлихан Бөкейхан қазақ интеллигенциясының шағын тобымен Санкт-Петербургтағы земстволық және қалалық қызметкерлер одағының басшыларының келісімін алып, Минск қаласында орналасқан Батыс майданың штабына аттанады. Бұл сапардың басты мақсаты тыл жұмыстарына алынған қазақ жігіттерінің жағдайын жасау. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек, т.б ел азаматтарына қажетті түрлі көмек көрсету ісіне башылық жасады. Осы мақсатта 1917 жылы 15 ақпанда Минскідегі земство және қала одақтары жанынан «бұратаналар» бөлімін ашады, өзі оның басшылығына тағайындалады. Бөлімнің ашылғандығы жайында телеграмма арқылы «Қазақ» газетінің оқырмандарына хабарлайды.

Земстволық және қалалық одақтың барлық міндетін өзіне артқан Әлихан Бөкейхан, ең алдымен «бұратаналар» бөліміне Қазақстаннан қазақ тілін жетік меңгерген дәрігер фельдшерлерді, мұғалімдерді, журналистерді қызметке шақыртады. Қазақ жігіттеріне арналған дәрігерлік-сақтандыру кабинеттерін ашып, сауатсыздықты жою ісі бойынша үйірмелер құрылады, қоғамдық-саяси тақырыптарда дәрістер оқылып, қазақ тілінде «Садақ» газетінің басылымы ұйымдастырылады, әскерге шақырылғандардың туған-туысқандарымен хат алмасу жағдайын жасайды. Осы аталған іс-шаралардан көріп отырғанымыз Әлихан Бөкейханың майданға аттанған қазақ жастарына моралдық психологиялық қолайлы, жайлы жағдай туығызғаны.

Әрине, Әлихан Бөкейханның бұл жақсылығы халық тарапынан бағаланды, атап айтсақ 1917 жылы көкем айында «Қазақ» газетінде «Батыс майданынан оралған жас жігіттердің тарапынан Әлихан Бөкейханұлы жалпы ұлттық сыйлық тағайындауды ұсынды. Осы мақсатта газет редакциясына қомақты қаражат түсе бастаған».

Ол мұндай тиым салуға шектеліп қалмай, 1916 жылғы қозғалыстың он жылдығына орай үлкен науқан өткізіп, жалған «қызыл көсемдерді» қолдан жасап, оған таптық сыйпат бергісі келген кеңестік насихатшы тарихшыларға қарсы 1926 жылы профессор Шестаковпен бірігіп «1916-1926» атты саяси зерттеуін жариялады. Онда 1916 жылғы оқиға:

«Таптық қарама-қайшылықтан туған қозғалыс емес, қазақ елінің азат санасын оятқан, отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс», – деп баға берді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асылбеков М.Х., Сеитов Ә. Т. Алихан Букейхан-общественно-политический деятель и ученый. - Алматы, 2003 – 148 стр
2. Қыр баласы. Жауап хат. // Қазақ – 1916 - №192
3. Т. Рыскулов Восстание туземцев туркестана в 1916 году. // <http://rudocs.exdat.com/>

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ АХМЕТ БАЙТҮРСЫНОВТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСЫ

Дүниежүзілік тарихи даму барысында құқықтық мемлекет құру идеясы және оның кейбір принциптерін қалыптастыру мәселесі адамзатты ежелгі дүние заманнан -ақ, мемлекет пайда болған кезден толғандырған. Ерте дүниенің ойшылдары Салон, Аристотель, Гераклит, Платон, жаңа заманда Д.Локк, Ш.Монтескье, И.Кант, Г.Гегель сияқты қайраткерлер, құқықтық мемлекеттің негізгі идеяларын дамытып, оның демократиялық принциптерінің негізін қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосты.

Ал, саяси -құқықтық ой -пікірлердің тарихында «құқықтық мемлекет» терминінің пайда болуы, оның мәндік мазмұнының нақтылануы, негізгі принциптердің айқындалуы ХІХ ғасырдың бірінші жартысында К.Т.Велкер, Р.Моль сияқты ғалымдардың есімімен тікелей байланысты.

Қазақ топырағында құқықтық мемлекет идеясының енуін біз негізінде 1988 жылы өткен Совет Одағының Коммунистік партиясының ХІХ конференциясымен байланыстырып келдік.

Бірақ, мұқият зерттеп қарасақ құқықтық мемлекет идеясы, оның кейбір принциптері Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның саяси -құқықтық ой -пікірінен де өздерінің көрініс тапқанын аңғарамыз. Абай, Әлихан Бөкейханов, Барлыбек Сыртанов, Рақымжан Мәрсекөв, Бақытжан Қаратаев және т.б. көптеген қазақ қоғам қайраткерлері құқықтық мемлекеттің кейбір принциптері хақында аса құнды пікірлер айтқан. Бұл мәселе осы күнге дейін әлі зерттелмеген тақырып.

Әрине, аталмыш қазақ ойшылдарының шығармаларында нақты құқықтық мемлекет деген термин немесе ұғым кездеспейді. Бірақ, олардың осы мәселе туралы айтылған ойлары, көтерген проблеммалары құқықтық мемлекет принциптерімен ұштасатынын анық байқауға болады.

Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімдік баспа сөз беттерінде жарық көрген қазақ қайраткерлерінің еңбектері мына мәселені аңғартады: құқықтық мемлекеттің принциптерін қалыптастыруды және дамытуды қазақ ойшылдары да көтерген. Атап айтқанда, олар қоғамда заң үстемдігі болуы, адам құқығының аяққа тапталмауы хақында, билікті бөлу, сот тәуелсіздігі, мемлекеттің жеке адам алдында заңсыз әрекеттері үшін жауап беруі сияқты құқықтық мемлекеттің принциптері мен идеялары хақында мәселелер көтеріп, отарлық саясат шектеген шеңберде бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жоғарыда аталған идеяларды іс жүзіне асыруға ат салысты [1, 16-20 б].

Осыған орай, құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері мен идеяларын Алаш қайраткерлері сапынан ерекше уағыздаған және көтерген ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов болды.

Еңбектеріне мұқият талдау жасап қарасақ, оның ерекше назар аударып, құқықтық мемлекет хақында мәселе көтеруде аса көрегенділік танытқан ойларының бірі – қазақ мемлекетінде кәсіптік, рухани деңгейі жоғары, көтерген мәселелері бойынша сайлаушылардың талабынан шығатын, сауатты, кәсіби парламент құру идеясы.

Ахмет Байтұрсыновтың қоғамда сайлау кезінде ру-руға, партияларға, жікке бөлінген қазақ халқының келбетін ашына сынағаны бүгінгі күні де өздерінің мәнін жойған жоқ. Ахмет Байтұрсыновтың ойынша, демократиялық құқықтық мемлекетте парламентті қалыптастыруда қазақ халқына аса ұқыптылық, көрегенділік танытуды талап етіп, кәсіптік негізде заң шығара алатын адамдарды сайлауды жан –тәнімен жақтайды. Ол былай деп жазды: «Пайдалы адамды сайлауменен зарарлы адамды сайлау арасында ешбір парық болмаса, жұрт неге азады? ... яки жақынын сайлап, ... бар мақсаты табылғандай көрінеді ... Сайлау көп үшін берген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайланса, яғни «мынау –халыққа тынышты, пайдалы, зарарсыз адам, анау –бұзық, зарарлы, зорлықшыл, қиянатшыл адам» деп тексеріп, таңдап сайласа, сайлау дұрыс өз мағынасында болады. Халықтың пайдалы, зарарлы қаралмай, «мынау алғаным –тұқымдарым, құда –құраласым» деп, яки «мынау анадан пәлендей сомын артық беріп түр ғой, ол сайлау емес, күр талас, я сауда», -дейді. Иә, қандай данышпандық пікір.

Ахмет Байтұрсынов Парламенттің кәсіпкерлік негізде құрылуына сол заманның өзінде – ақ, мән беріп, өзінің ойын былайша қорытады: «Мал бағатындар мал бағуын жақсы білуі керек, ел бағатындар (Парламент депутаттары; билік жүргізушілер мағынаында) ел бағуын жақсы білуі керек. Бала оқытатындар бала оқытуды жақсы білуі керек».

Қазақ көсемі көтерген саяси маңызды зор мәселелерінің бірі –жалпыұлттық мемлекеттің парламенттегі шығарған заңдарының мазмұны мен мағынасының жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық психологиялық, этникалық ерекшеліктерін, олардың шаруашылық ұйымдарының факторларын есептеп

қабылдауды жан-тәнімен талап етеді. Оның ойынша, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыпты жоққа шығарып қабылданған заңдардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі мүмкіндігі шамалы және халыққа керексіз болып қала бермек.

Ахмет Байтұрсынов ең маңызды мәселе ретінде жеке адамдардың құқықтық теңдігін идеясын нақты практикада іс жүзіне алуына ерекше көңіл бөледі. Заң алдында барлық адамдардың ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, лауазымына қарамастан тең екенін бір –бірінен жоғары санатта болуына үзілді –кесілді қарсылық білдіреді. Адамдардың барлығы туғаннан бастап тең болғанын кім болса да «низамнан (заң мағынасында) күшті емес» -дейді Ахмет. Бұл идеяның мағынасынан біз құқықтық мемлекетте жарияланған табиғи құқық идеясын, яғни жеке адамның дүниеге келген сәтінен бастап заң, құқық алдында тең болу принципіне сай келеді. Ойшылдың ойынша жеке адамның табиғи құқығы саясаттың құралы болуға тиіс емес, керсінше, саясат табиғи творчестволық әрекет ретінде өзінің барлық бағдарламасын, дерективаларын табиғи құқық идеясына сай жүргізуге міндетті. Құқықтық мемлекеттің негізгі талабы осы [2, 282 б].

Ахмет Байтұрсыновтың бұл пікірінен негізінде Батыс Еуропа ойшылдары уағыздаған құқықтық теңдік идеясы қазақ қоғамында өзінің нақтылы шешімін тапқанын аңғаруға болады.

«Заңнан күшті емес» принципінің мағынасы сонымен қатар жеке адамдардың, мемлекеттік органдардың заңның алдында бірдей жуапты екенін аңғартады. Оның аталмыш пікірін жалпы мағынасынан Джон Локтың «қоғам мүшелері тек қана қоғамның еркіне бағынуы тиіс» деген идеясына біршама жақын деп тұжырым жасауға болады. Зер салып қарасақ, көсем уағыздаған «заңнан күшті емес» принципі заңның үстемдігін өмірдің барлық саласында қамтамасыз ету идеясымен тікелей сабақтас. Ал бұл мәселе құқықтық мемлекеттің ең маңызды талаптарының бірі болып табылады.

Ахмет Байтұрсынов өзінің еңбектерінде сонымен қатар құқықтық демократиялық мемлекеттің принциптерімен тотаритарлық мемлекеттің негізгі айырмашылықтарын айқын түрде көрсетіп бере алады. Оның пікірі бойынша тотаритарлық жүйе негізінде өзінің функцияларын атқаратын мемлекеттерде басқару негізінде күш қолдану, жазалау арқылы іс жүзіне асатынын дәлелдейді.

Халықтың мүддесіне сай келмейтін саясат жүргізетін мемлекет қоғам мүшелеріне қарсы «күш жұмсар, ол күшті заңға сүйеніп істер», -деп тұжырым жасайды Ахмет Байтұрсынов. Ойшылдың пікірі бойынша тотаритарлық мемлекеттің жалпы механизмдері таптық мүдделерге қызмет ететініне байланысты қабылданған заңдарды да халықтың игі мақсаттарынан алшақ болады. Қазақ көсемі кезінде буржуазия идеологтары ұсыған «Заң қоғамның еркін білдіреді» деген идеяны жоққа шығарады, таптық мүддемен байланысты қарайды. «Егер заң жалғыз ғана жұрт игілігі үшін шығарылған болса, үкімет ... өзіне пайда боларлық ... заң ... жасап, заң шығарған органға (парламентке) ... депутат арқылы кіргіз деп оны істемей, жабайы үміттің өзі жасап отыр. Олай ететін себебі: халыққа керек игіліктен басқа үкіметтің көздеген өз мақсаты бар. Үкімет өзі жасаған жобасын өз мақсатына сондай жолдармен жетерлік етіп жасайды».

Бірақ, Ахмет Байтұрсынов тотаритарлық жүйе негізінде қалыптасқан мемлекеттерге қарағанда демократиялық құқықтық мемлекеттерде заңның мәніне, мазмұнына жалпы қоғам мүшелерінің қаншалықты еркін білдіретін тек халықтың өзі демократияның заң белгіленген барлық түрлерінің негізінде баға беруді қолдады. «Үкімет қолайлаған жоба халыққа да қолайлы бола ма? Болмас па? Оны халық айтуы тиіс», - дейді ол.

Қазақ көсемінің демократиялық құқықтық мемлекетте сот билігін құру тәртібі және атқаратын функциялары халыққа айтқан құнды пікірлері де баршылық. Кезінде ол Ресейдің отарлық –империясының саясаттың күшімен енгенін жасайды, ұлттық мүддеге мүлдем сай келмейтін сот жүйесіне наразылық білдіреді, қазақ қоғамына жайсыз болып, шекесіне қатты батқанын өз еңбектерінде терең талдау жасап дәлелдейді. Сот жүйесінің ең негізгі кемшілігі Ахмет Байтұрсыновтың ойынша әділ сот ісінің атқарушы үкіметтен бөлінбейді және оның жазалау қолшоқпары болып қалыптасуы. Оның тұжырымы бойынша «... өтірік жаламен хүкім кестіріп, қаралайды. Солай болған соң, ... соттың жұмысы ақтықты ашу болмайды, партия басшыларының айтқанымен жүріп, халықты қысып, жәбірлеу болады, ... билер партиялылықтың құлы». Ахметтің бұл бағасы жалпы кеңес өкіметі кезінде қалыптасқан коммунистік –тотаритарлық құрылымды қорғауға негізделген сот жүйесіне де берілген әділ баға екені даусыз. Ал, демократиялық құқық мемлекеттерде Ахмет Байтұрсынов сот билігінің жеке, үшінші билік ретінде атқарушы өкіметтен тәуелсіз болуын бар рухани парасатымен жақтайды. Осыған байланысты өзінің айтқан пікірлерінде ойшыл судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз етудің бірнеше механизмдеріне көңіл бөледі.

Біріншіден, оның пікірінше, судьяның «сайлаусыз болуы мүмкін емес». Егер сот билігін іс жүзіне асыратын судьялар тағайындалатын болса, бассыздыққа, жаппай заңсыздыққа жол берілетінін

көрегенділікпен дәлелдейді. Судьяларды тағайындау өкіметті бөлу идеясын жокқа шығарумен пара-пар.

Екіншіден, Ахмет Байтұрсынов жалпы демократиялық режимдегі мемлекеттерде Сот билігінің барлық жүйелері нақтылы іс бойынша әділ сотты іс жүзіне асырғанда судьялар жеке құраммен болуын ең негізгі шарт деп мойындайды. Сот қызметінде алқаны жою әділетсіздікке жол беру болып табылады. Осы аталмыш пікірін Ахмет Байтұрсынов мына мағынада тұжырымдайды: «Жеке бидің жанында сиез билері инабаттылық екенін . . . айталық. Бұл би бір емес, бірнешеу болып кіріссе, туралық көбірек болатындығын көрсетеді».

Үшіншіден, Ахмет сот билігінің жоғары дәрежеде болу үшін әрбір демократиялық құқықтық мемлекет барлық барлық судьялардың кәсіпкерлік деңгейі мен рухани парасат сапасы жоғарғы талаптарға сай келіп, міндетті түрде ұлттық дәстүрді, әдет –ғұрыптармен салттық болмысқа қанық болулары шарт. Себебі, халықтың ұлттық, этникалық салт –санасынан мақұрым болған судьялардың үкім шығаруы жергілікті ұлттың намысын қорлаумен тең. Осы тұжырымдардың маңыздылығы бүгінгі тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстанда өзінің маңызын жоймаған [3, 382-423 б].

Ахмет Байтұрсынов былай деп жазды: «Қазақтың қалпымен, салтымен таныс емес судья ... қандай қиыншылықтарға ұшырайтынын шамалауға болады. Қазақ ісін қарауға қойған судья қазақтың білімді адамдарынсыз ешнәрсе істей алмас еді. Қазақ қалпымен таныс адамға оп –оңай нәрсені қазақ қалпын білмейтін судья әлдеқандай іс көріп, не істерін білмей, дағдарар еді. Солай болған соң судьялардың қазаққа пайдасы тиеді деп айтуға ауыз бара мақ екен. Төртіншіден, судьялардың тәуелсіздігінің қамтамасыз етуінің ең басты негізі олардың материалдық жағдайының жоғары дәрежеде болуы. Неге десек, судьялардың еңбек табысының жоғары болып, техникалық жабдық, транспортпен тиімді қамтамасыз етілуі әділ сот ісін жүргізу барында паракорлықтың, заңсыз бұрмалаушылықтың болмауының кепілі екені сөзсіз. «Судьялардың еңбекақысы турасындағы мәселе де, -деп атап көрсетті Ахмет Байтұрсынов -өздігінен кем емес . . . судьялар шаруасын тастап, қызмет атқарғандағы көретін зиянды осы күнгі алатын ақылары ақтай алмайды. Сондықтан олар сол зиянды жолдан тысқары жолмен өтуге кіріседі. Екі жақты ымыраластырып, бітіріп, ол үшін артық еңбекақы алуға қалыптастырады. Билік пара алудың орны сияқты, би мен даугер арасындағы сауда сияқты болады» [4, 5-15 б].

Жалпы қазақ көсемінің құқықтық мемлекеттегі сот мәселелері хақында көтерген проблемалары қазіргі дүниежүзілік өркениетті халықтың саяси жүйесіне тиімді механизм ретінде баяғыдан енген. Оның сол идеяларының қазіргі заманда қолданылуы ойшылды жалпы алып қарағанда құқықтық мемлекет құрудың жаршысы болғанын аңғартады.

Жалпы, қазақ көсемі өзінің ой –пікірін қорыта келе, қазақ халқына демократиялық құқықтық мемлекет құру үшін білім, кәсіптік дайындық, байлық, күштілік және ұлттық бірлік қажет деп қорытынды жасайды.

« ... Біз, кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіруіміз керек. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай мен күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек». Тәуелсіздік алған Қазақстанда Ахмет Байтұрсыновтың осы идеясы әлі де өзінің көкейкестілігін жоймағанына ақыл – парасатымызбен, танымдық сенімімізбен қайран қаламыз. Болашақта да қазақ көсемінің осы үшқыр, аса көргендікті танытқан бағдарламаларын іс жүзіне асыратын болсақ, елімізде құқықтық мемлекеттің қалыптасуына ешбір күмән тумаса керек. Көсем сөзі мәңгі жасай беретіні ақиқат [5, 14-15 б].

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика=Этнопедагогика в системе образования Алаш көсемі Ахмет Байтұрсыновтың құқықтық мемлекет туралы көрегендік идеялары // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика=Этнопедагогика в системе образования, 2007. №6. - с. 16-20.

2. Байтұрсын А. Шығармалары/ Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер/.- Алматы: «Жалын», 1989.-319 б.

3. Қойгелдиев, Алаш қозғалысы, Екі томдық монографиясы, Алматы 2008, 1 том

4. Ибраймов, Қ. Ш. Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері [Текст] : автореферат / Қ. Ш. Ибраймов. - Алматы : Жания-Полиграф, 2005. - 28 с.

5. «Қазақ» газеті. Алаш азаматтарының рухына бағышталады. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ЖӘНЕ Ә. ЕРМЕКОВ

Биылғы жылымыз да тарихи оқиғаларға толы. Ең таңдаулы мерейтой XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы, ұлт – азаттық «Алаш» қозғалысының жетекшісі, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізін жасаушы, экономист, тарихшы, этнограф, журналист, қоғам және саяси қайраткер, әдебиеттанушы, публицист, саяхатшы, географ және аудармашы Әліхан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуы. Бұл мерейтой оның ең жақын серіктестері елімізге белгілі тұлғалар Ақбайдың Жақыбының 140 және Ермеков Әлімханның 125 жылдығына және «Алаш» ұлт – азаттық қозғалысының 100 жылдығына сәйкес келіп отыр. Бұл дегеніңіз қайраткерлердің және оның серіктерінің ғұмыр жолдарын зерттеп, ұлт мүддесі жолындағы еңбектерін паш етуде көптеген істерге мұрындық болатынына біздер кәміл сенімдіміз.

Қазақ зиялылары сол заманда қазақ елінің болашақ даму жолын анықтап, оның мемлекеттілігінің әлемдік деңгейдегі орнын даналықпен көрсете білді. Бүгінгі ұрпақ, біздер оларға шексіз қарыздармыз. Бұл бабаларымыздың мерейтойларын, өшпес істерін ұлықтау неге керек: 1-ден, осы іс-шаралар барысында «Алаш» тұжырымын анықтап, аша беру, тұлғалардың ерлік істерін дәріптеу, біржолата ақтау. 2-ден, «Алаш» ардақтылары алдындағы тікелей міндеттерімізді өтеу, «Аруақтарға» тағзым ету, 3-ден, Бұл мерейтой «Қазақ мемлекеттілігі», «Мәңгілік ел» идеясын жандандыра беру үшін керек және кеше ғана тойланып, көп мәселеге жаңалық әкелген «Қазақ хандығының 550 жылдық» мерейтойының заңды жалғасы бола бермек.

Осындай айтулы мерекелер қарсаңында, белгілі бір өңірдің, жалпы еліміздің өсіп-өркендеуіне тер төккен, қилы-қилы тарихында салалы іздер қалдырған зиялы қауым жайлы пікірлер, жылы лебіздер айтпай кету мүмкін емес. Соның ішінде қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен «Алаш» қозғалысының басшыларының өкілі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әрі ғалым, ұстаз, белгілі ағартушы Әлімхан Ермековтің және былтыр ғана 180 жылдық мерейтойы аталып өткен Павлодар өңірінің тумасы, орыс географы, этнограф, саяхатшы, Ішкі Азия мен Сібір, Алтай, Қазақстанды зерттеген Григорий Николаевич Потаниннің (1835-1920 жж.), отанымыздың тарихында ерекше орын алатыны нақты шындық. Бұл тұлғалардың өмірі мен қызметтеріне дұрыс баға беру, тарихымыз үшін, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін өте қажет.

Жалпы, Ә. Ермековтің есімі өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін көпшілікке белгілі болмады, істеген жарқын істері жабулы мұрағат қойнауында қала берді. Оның аты Қазақ Кеңес энциклопедиясына кірмеді, тарихшылар ол туралы үнсіздік білдірді. Тек математиктер ғана Қазақстандағы математика білімі мен ғылымы тарихын қарастырғанда Ермековтің тегін оқта-текте ауызға алып, оның математика саласындағы еңбектеріне тоқталатын. Шындығында, Ермековтің ғылыми-ағартушылық қызметі XX ғасырдың 20 жылдарында басталып, өмірінің соңғы жылдарына дейінгі аралықты қамтиды. Сол жылдары ол Республикадағы орта және жоғары оқу орындарының ашылуына, жастардың өнер-білім алуларына үйтқы болды. Математика пәнінен сабақ беріп, сол курс бойынша мәлімет беретін қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми еңбектер жазды. Мысалы: 1935 жылы, оның әуел баста екі кітап болып жоспарланған «Ұлы математика курсы» («Курс высшей математики») атты кітабының 1-бөлімі «Қазақстан» баспасында жарық көрді. Редакторы Құдайберген Жұбанов. 10 мың дана. 180 бет және 80 сызбадан тұрады. 1936 жылы 26 беттік «Математика басылымдарындағы ғылыми терминдер», ал 1937 жылы «Детерминанттар теориясының негіздері» атты еңбектері математика тарихында өшпес мұра болды. Өкінішке орай осы еңбектердің бәрі кейін кітап сөрелерінен алынып, оның атын атауға мүлдем тыйым салынды. Себебіне келсек, мұның барлығына кінәлі оның «Алаш» партиясының беделді басшыларының бірі болуы еді.

Әлімхан Ермеков 1891 жылы қазіргі «Қызыларай» елді мекенінде дүниеге келген. Оның, өз қолымен жазған Алматы, Семей, Қарағанды қалаларының мұрағаттарында сақталған өмірбаяндық анықтамаларда: «Мен 1891 жылы Темірші болысына қарасты Қызыларайда тудым. 1899 жылы Қарқаралыдағы реалдық екі сатылы училищеге оқуға түстім, 1905 ж. Семейдегі ерлер гимназиясында оқуымды жалғастырып, оны 1912 жылы 21 жасымда алтын медальмен бітіріп, Том технология институтының тау-кен факультетіне конкурсыз қабылдандым», [1]-деп көрсеткен. Бұл дерек

алғашқы қазақ қыздарынан шыққандәрігер қарындасы Дәмештің (көрнекті партия қайраткері болған Темірбек Жүргеновтың зайыбы, 1990 жылдың басында қайтыс болды) жеке мұрағатында де сақталған. Ә.Ермеков 23-маусым 1970 жылысексенге тақап қайтыс болғанда «Социалистік Қазақстан»газетінде жарияланған көңіл айтуда да осы деректер берілген [2].

Ә. Ермековтің тәрбиелік болмысы бала жастан ел арасындағы ғасырлар бойғы көшпелі өмір салты мен кең даланың әдет-ғұрпы ықпалында қалыптасты.

1912 жылы жиырма бір жаста Ә. Ермеков Семей гимназиясын алтынмедальмен бітіріп шығады. Ол кездегі ереже бойынша гимназияны алтын медальмен бітірген жас талапкерлер Санкт-Петербург политехникалық институтына немесе басқа да Ресейдің жоғары оқу орындарына конкурстық қабылданатын. Әкеден ерте айрылып, тұрмыс тапшылығын көрген оның алыстағы Петербургке баруғамүмкіндігі болмады. Білімнің соңына түскен ол Том технология институтының тау-кен факультетіне конкурстық қабылданып, 1912 жылыстудент атанады. Оның мұндай жауапты шешім қабылдауына Семей қаласының өзі дәріс алған гимназиясындағы озық-ойлы, демократиялық бағыт ұстаған қазақ-орыс зиялылары зор ықпал етті. Олардың бірсыпырасы гимназияда тек қана бағдарлама бойынша оқылатын пән көлемінде дәріс беріп ғана қоймай, сонымен қатар, оқулық шеңберінен шығып, гимназистерге сабақ арасында саясаттан, дүниежүзілік азаттық қозғалысынан, Ресейдегі болып жатқан саяси жағдайлардан мәліметтер беріп отыратын. Кеудесінде сәулесі бар зерделі шәкірттер, әрине, олардың бәрін саналарына сіңіріп отырды.

Әлеуметтік тегі жағынан қарағанда, соншалықты аса байдың баласы болмаған Ә.Ермековке оқу мәселесі қатты қиындық туғызған.Сондықтан оның Петербургқа бармай Том институтына түсуі де, оқуыда оңай болған жоқ. Томға дейін жетіп, институтта оқуға көмек бергендер қатарында өзі бітірген Семей гимназияның оқытушылары Әбікей Сәтбаев, Имам Әлімбаев, Ахмет Барлыбаев, Сабыржан Ғаббасов, Григории Солодовников, Николай Белослюдовтар бар еді. Ә.Ермековкейін олардың адамгершілік қасиеттерін, бар мүмкіндіктеріншеқазақ халқының мүдесін қорғағанын талай жазған болатын [3].

Арада тоғыз жыл өткенде қазақ даласының тағы бірарманшыл жасы Ермековтердей ағалардың ақылы арқасында осы институтының табалдырығын аттайды. Ол, халқымыздың ұлы перзенті, Қазақ КСР Ғылым академиясының негізін қалаушы, әрі оның тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев. Том технологиялық институтының (бүгінде политехникалық университет) 1896 жылы іргетасы қаланып, 1900 жылы алғашқы студенттер қабылдаған. 1906 жылы алғашқы мамандарды дайындап шығараған. Сібірдің осы бір алғашқы жоғарғы оқу орнындаәлемге аты танымал оқымысты-ғалымдар В.А.Обручев, Н.П.Чижевский,В.Я.Мостович, М.Э.Янышевский, Н.М.Кижнер, Б.П.Вейнберг, М.А.Усов және басқалар сабақ берген. Әр жылдары оқытушылық қызмет жасаған олар, Ә.Ермековтің де ұстаздары еді.

Ә.Ермеков оқыған кен факультеті 1901 жылы ашылған-ды.Тұңғыш деканы және ұйымдастырушысы өте білімді ғалым В.А.Обручев болды. Бұл кезоның Сібір өлкесін түбегейлі зерттеуімен, Орта Азияға жасағанғылыми саяхаттарымен есімі дүние жүзіне мәшһүр болған жұлдызыбиік шағы болатын. Алайда, 1911 жылы, студенттер ереуілін қолдап,жергілікті жандармерияға ашық наразылық білдірген «келеңсіз» қылығы үшін В.А.Обручевті реакционер оқу министрі Л.А.Кассоустаздық жұмыстан біржола аластатуға бұйрық береді.Бір жылдан соң оның орнына сол жылдары «Ғылым магистрі» атағын алған ғалым-геолог М.А.Усов тағайындалады.

Ә. Ермеков оқуға түскен жылы Сібірдегі революциялық қозғалыстың өрлеуімен түспа-түс келді. 1912 жылдың сәуірінде Лена алтын кендерінде болған қанды қырғын Сібір еңбекшілерінің азаттық жолындағы қозғалысына серпін берді. Жас студенттің оқуға түскен1912 жылы 20 қазанда Том технология институтының студенттері ұйымдасқан түрде сабаққа шықпады. Бұл олардың 1905 жылы 20 қазанда патшалық самодержавияға қарсы күресте қаза тапқан жолдастарына жасалған құрметі еді. Сөйтіп, Ә.Ермековтің студенттік өмірі осындай оқиғалармен басталады.

Студент Әлімхан ауылға демалысқа келген сайын қазақ жастарын оқу-білімге үгіттеп, өнер үйренуге шақырды. Осындай демалыстардың бірінде ол қазақтың болашақ ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровқа да сабақ береді. Өзінің студенттік өмірі туралы ол: « ...Сол жылдары Томскіде орыстың озық ойлы тамаша адамдары тұратын еді. Мен солармен таныса бастадым. Орыстың белгілі саяхатшысы, Шоқан Уәлихановтың досы Григорий Потанинмен, сол арқылы орыстың атақты жазушылары, (1933 жылы жарық көрген «Угрюм река» романының авторы) Вячеслав Яковлевич Шишковпен, сыншы Владимир МатвеевичБахметьевпен, революционер марксист-философ Дволейский, революционер

әйел Бауэрмен танысып, олардың үйірмелеріне қатыстым. Бірде Г. Потанинді, қарындасы биолог ғалым Екатерина және суретші Клара Уткиналарды туған ауылыма ертіп келдім. Потанин ауылға келісімен Аяпберген деген ертекті, әңгімеші қартпен достасып алып, күндіз-түні соның жанынан шықпай қойды», -деп баяндайды.

Том қаласында институтта оқыған жылдары қаражатқа мұқтаж болып қиындық көргенде оған көзі ашық оқыған жерлестері материалдық жағынан көмек көрсетіп отырған. Мысалы, «Қазақ» газеті 1915 жылы 13 ақпанда Семейде Н. Құлжанованың басшылығымен әдеби кеш ұйымдастырылды. Ұйымшылдықпен өткен бұл кеште 917 сом 69 тиын түсімақша түсіп, оның 320 сомы Семей облысынан орысша және мұсылманша оқитын мұқтаж 12 қазақ жастарына бөлінді: Студент – технолог Әлімхан Ермековке 100 сом, студент Халел Ғаббасовқа – 40 сом, Уфада оқитын Мағфура Найманқожа қызына – 30 сом, және басқалар тиісті ақшаларын алды деп хабарлайды. Ал осындай әдеби кештер мен кездесулер ол кездерде жиі ұйымдастырылып, әр-түрлі баспасөз беттерінде жарияланып тұратын. Тіпті, Г. Н. Потаниннің естелік жазбаларында да жиі байқаймыз [4].

Алыста жүріп, саяси құқығынан да, дінінен де айрылған, экономикалық жағынан одан да ауыр халге душар болып отырған туғанелін, Әлімхан бір сәтке де ойынан шығарған емес. Оны кейін өзінде жазды. Оның осы жылдардағы іс-әрекеті, туған халқының тағдыры бейтарап қалдырмайтын, елі үшін күресе алатын қайраткердің келбетін көрсете алады. Ол бұл жолда жалғыз болған жоқ. Томда оқитын түркі текті жастармен Ә. Ермеков жақын араласа бастайды. Оларды шыққан тектері ғана емес, туған елдерінің болашақ тағдыры, тәуелсіздік үшін күрес жолы ынтымақтастырды. Оның Томда жақын араласқан пікірлес досы Ғариф Неометуллов (кей деректе Нигматуллин) болды. Ол, оның пәтерінде жиі болып, мұсылман студенттері қауымдастығына бірге қатысты. Бұл қауымдастық әртүрлі ұлт өкілдерін біріктіріп, азаттық жолда күрес тәжірибесін жинақтауда, саяси сананың өсуіне айтарлықтай рөл атқарды. Сонымен бірге, Әлімхан және басқа да мұсылман студенттері тұрмыстық, қаржылай қиындықтар көргенде де осы қауымдастық өз көмектерін беріп тұрды [5].

Томда оқыған жылдары Әлімханға үлкен әсер қалдырған адамдардың бірі – Шоқанның досы Николай Михайлович Ядринцев. Тамаша тарихшы, этнограф, археолог, публицист, фольклорист Н. Ядринцев түркі тілдес халықтарды зерттеуде үлкен үлесін тигізді. Оның Орхон-Енисей ескерткіштері жайлы, сол кездегі қазақтар тұрмысынан тамаша мәліметтер беретін зерделі ғылыми еңбектері, тұжырымдары бүгіндер өте маңызды. «Сибирские инородцы, их быт и современное положение» (1891), «Отчет о поездке в Восточную Сибирь (1887) т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының тұрмыс-тіршілігін, жан-жақты қарастырған. Мысалы, Н. Ядринцев өзінің «Сибирь как колония» еңбегінде: «Целью образования должно быть: внушение любви к своему племени, к судьбе его, а не стремление оттолкнуть его от прежней семьи, вырвать его и предоставить массам ту же нищету, несчастье и вымирание» [6] – деп жазған еді. Бұдан аңғаратынымыз, Ядринцев шәкірттеріне ең алдымен, «өз ұлтыңды, өз халқыңды сүй», -деп өз заманында тәрбие берген. Бұл сол кезде жас Әлімхан сияқты жастардың дүниетанымына, көзқарасына қатты ықпалын тигізді.

Жиырмамыншы ғасыр басында Г. Потанин кадет партиясының позициясына көшеді. Егер Алаш партиясын ұйымдастырушы Ә. Бөкейханның кадет партиясы орталық комитетінің мүшесі болғандығын ескерсек, көп мәселенің мәнісі аңғарылады. Бұл туралы Ермеков 1932 жылғы мәлімдемесінде: «Мен студенттік жылдарымда Ядринцевтің еңбектері мен Потанин пікірлері бойынша тәрбиеленген едім. Сол сияқты басқа да Сібірдің төңкерісшіл жазушылары артта қалған елдердің тағдырына жаны ашып, көңіл бөліп, мұндай елдер капиталистік құрылыс уақытында болатын шаруа тұрмысындағы, салтындағы өзгеріске шыдамайды, көтере алмайды деуші еді. Сол себепті социалдық реконструкция дәуіріндегі шаруашылық өзгерістері үлкен қорқу мен қобалжулар әкелді» [7] -деп жазған болатын. Сондықтан, Ә. Ермеков сияқты (жалғыз Ә. Ермеков ғана емес, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Торайғыров, т.б.) алашорданың қатарында болған қайраткерлер дүниетанымын олар өмір сүрген орта мен сол кезеңнің өмір шындығын байланыстыра қарастыру керек.

Енді, Ә. Ермековтің естелігінде айтылған Потаниннің Қарқаралыға жасаған саяхатына тоқталайық. Ә. Ермековтің белгілі орыс ғалымымен таныстығы 1912 жылдың күзінен басталады. Г. Потаниннің Том қаласындағы өмірі 1902 жылдан қайтыс болған 1920 жылдарды қамтиды. Самодержавиені құлатуды ойлаған бірнеше саяси топтардың одағына мүше болған оның саяси көзқарасына байланысты ешқандай шығуға құқығы болмады. Қазақ халқының және Шоқан Уәлихановтың замандас досы Потанин жасы келіп қалса да, бұл кезде, алдыңғы саяхатта жинақталған материалдарын сұрыптаумен айналысуда еді. «Сибирская жизнь» басылымының беттерінде оның мемуарлары жиі-

жиі жарияланатын. Белгілі ғалым халықтар арасындағы достықты уағыздап, бұратана халыққааса зор ілтипатпен жаны аши қарап, оның тұрмысын, салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін сақтап қалуға әрқашан мұрындық болған. Ә.Ермеков алғашқы студенттік айлардан-ақ, Сібірдің алдыңғы қатарлы оқыған зиялы қауымына жақын болды. Күндіз институттағы сабақтарында болып, ал кешке ол Потаниннің пәтеріне асығатын. Мұнда ғалымның жақын достары жиналатын. Жазушылар В.И.Анукин, В.Я.Шишков, Г.А.Вяткин, жергілікті оқу орнының ғалымдары, атап айтқанда әлемге аты әйгілі зоолог М.Д.Ружский, 1909-1924 жж. Том технологиялық институте физика кафедрасының меңгерушісі, физик-профессор Б.П.Вейнберг, геологтар М.А.Усов пен А.В.Лавровский, суретші Г.И.Гуркин келетін. Бұл отырыстарда әр түрлі тақырыпта ойлар мен пікір-таластар өрбитін. Потаниннің меймандары алдында Ә.Ермеков екі рет хабарлама жасап, орыс оқығандарын қазақтың ұлттық ойындарымен, ауыз әдебиеті мен жыр-қисаларының мазмұнымен таныстырады.

1913 жылдың көктемінде Г.Потанин өз достарына аңыздар, ертегілер мен ән-күй жинау үшін экспедицияға шығатынын мәлімдейді. Оның көздеген жері Орталық Қазақстан, Қарқаралы уезі. Алдын-ала келісім бойынша ғалым өзінің жас досы Ә.Ермековтің аулына бармақ болып шешім қабылдайды.

Қарқаралы уезінің халықтың ауыз әдебиетіне бай екендігін ғалым бұдан бірнеше жыл бұрын білген. 1895 жылы ғалымның Ш.Уәлихановтың әкесі Шыңғыстың ауылына барғанда оны Петербург университетінің студенті Дінмұхамед Сұлтанғазин бастап жүрген. Ол Тоқырау өзенінің жағасына қоныстанған бір ауылдың тумасы. Тоқырау Қызыларай тауларынан бастау алады. Сұлтанғазин ғалымның өтінішімен көптеген аңыз-ертегілерді жазып алып, орысшаға аударған. Бұл ертегілердің қолжазбалары «Живая старина» редакциясының қоржынында көп жылдар жатып қалады да, тек 1916 жылы Г. Потаниннің алғы сөзімен және редакциялауымен жарық көреді [8].

Батыс Сібір Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің ескі жазбаларында Г.Потаниннің Қарқаралыға саяхатына қатысты екі құжат табылды. Соның алғашқысында: «1913 жылдың 5 сәуір күні В.К.Зайковскийдің төрағалық етуімен, бөлімше атқару комитетінің мәжілісі өткізілді. Мұнда Батыс Сібір бөлімінің іс басқарушысының міндетін атқарушы А.Н.Сидельниковтің осы жылдың жазында Г.Потаниннің қырғыз (қазақ) фольклорын зерттеу үшін Қарқаралы уезіне баратындығын хабарлаған хаты тыңдалды» [9] – дейді. Мәжілісте оған 50 сом бөлуге және көмек көрсету үшін орысша білетін қазақ интеллигентін тауып беру жөнінде қаулы қабылданды.

Екінші құжат, 1913 жылдың 30 мамырымен белгіленген. Бірқазығы бөлімше Потанинге көмек көрсету жөнінде, оның қызметіне ерекше назар аударып отырған. Мұнда оның сапары кезінде аудармашы ретінде ауыл мектебінің мұғалімі Рақымбай Сапақов деген азаматтың табылғанын, оның, Потанинді Қарқаралыда күтіп алатыны жайлы айтылады. Алайда, отбасы жағдайымен Р.Сапақов ғалыммен бірге жүре алмайтындығын айтып, өзінің орнына Шалымбеков деген студентті ұсынған. Соңында, Том студенті Ермековтің Потанинге аудармашы болуға алдын-ала келіскендіктен Шалымбековті әуреге салудың қажеті жоқтығы ескертіледі. Сірә, Семейліктер Потанин мен Ә.Ермековтің алдын-ала келісіп қойғанын білмей ол үшін Қарқаралыдан аудармашы іздестірген.

Потанин өз экспедициясының құрамына Томдық апалы-сіңілі Ворониаларды қосқан. Үлкені, Антонина Уткина – Воронина суретші. Жаз бойы қырғыз даласының өмірін қыл қаламмен бейнелеуге ниет еткен, сіңілісі, Екатерина Том университетінің студенті, жаратылыс тану ғылымымен шұғылданып жүрген, оны қызықтырған нәрсешалғай жердің өсімдік дүниесін зерттеу.

Томнан шыққан бұлар мамыр айының соңында Омбыға бет алады. Мұнда бірнеше күн аялдайды. Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімшесінің комитеті Потаниннің келгенін біліп мәжіліс өткізеді. Меймандар үшін Қарқаралы уезі Едірей болысынан шыққан С.Жуандықов деген бақсы мен семейлік С.Жиенбаев, С.Сағабаевтардың ұйымдастыруымен арнайы шағын этнографиялық концерт қойылады.

Семейге пароход арқылы жеткен саяхатшылар Қоянды жәрмеңкесіне де соғады. Потаниннің жазбалары бойынша Ермековтің ауылына барар жолда олар Майлыбұлақтағы Жақып Ақбаевтың үйіне түсіп қонақ болған. Петербургте оқыған, орыс мәдениетімен жақсы таныс Ж.Ақбаев та қонақтар құрметіне әнші-күйшілер қатысқан кеш ұйымдастырады. Кеште Семей гимназиясында оқитын қазақ жастары орыс ақындарының өлеңдерін оқиды. Осы оқиға Потаниннің күнделігінде «Необычайно было слушать стихотворения Некрасова от киргизской девочки-гимназистки», – деп жазылған. Әсіресе, Потанинге қазақтың лирикалық әндері қатты ұнаған. Қазақтардың музыкасын ол «Өте бай», – деп есептеген. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді», – деп Потанин талай рет айтқан. Мүмкін осы бір кездесуден кейін болу керек, Потаниннің естеліктер күнделігінің беттерінде мынадай

жазбалар пайда болады. «Бұл өңірде Абай Құнанбаев деген зиялы ақынның есімі кеңінен мәлім. Ол өз өлеңдеріне ән дешығарған екен. Бұларды ауыл әншілері айтып, тыңдаушыларына автордың есімін жеткізіп отырады» [9]. Сөйтіп, Балқаш төңірегіндегі бірауылда Потанин ұлы Абайдың музыкалық мұрасы туралы білімін кеңейткен.

Ә. Ермаковтің ауылында қонақтардың келу қарсаңында екі киізүй тігілді. Бірі Потанинге, екіншісі апалы-сіңілі Ворониаларға арналды. Потаниннің киіз үйі ғалымның әрі кабинеті іспеттес, бұған Ә. Ермаков әңгімешілер мен жыршыларды шақырып отырды. Бастапқыда бұлар жергілікті жерден іріктелді де кейін басқа шалғайболыстардан алдырылды. Г.Н.Потаниннің жұмыс уақыты таңертеңгісағат оннан басталатын. Бірте-бірте ғалымның киіз үйіне әншілер, ақын, композиторлар жиналып оның қадірлі қонақтары болады. Қу болысынан атақты Ғабас Айтбаев ат басын тірейді. Керекулік атактыәнші Майра Шамсутдинова осы ауылда бірнеше күн болады. Күйші-домбырашы әйгілі ғалымға күніне бірнеше рет күй тартып қызметкөрсеткен. Сол заманның білімпазы – Балқаштық Хасен Бижанов, ертекші Аяпберген Балабатыровтар қазақ халқының ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін көрсетті. Потаниннің өтініші бойынша бұл шығармаларды қолма-қол орысшаға аударып, қағазға түсіруге көмектескен Ә. Ермаков болатын. «Барлығы 27-і ертегі жазылып алынды. Мұның ішінде көп көңіл бөлгенім Әз Жәнібек хан, Жиренше шешен, Алдаркөсе, Ер Көкше, Ер Төстік және де басқа да ертегілер. Екіншіден, менің жинағаным өз көңілім толды. Бұл сапар маған бұрыннан белгілі кейіпкерлер жайында жаңа деректер берді» [10]. Қазақ халқының баға жетпес фольклорлық мұрасына, оның талантты әншілерімен күйшілерінің өнеріне ерекше риза болған Потаниннің күнделігіне жанашыр көңілден шыққан төмендегідей жылы лебіздер түскен: «Долг русской интеллигенции принять меры к защите инородцев от вымирания, сделать их способными к самосохранению: лучшим средством этого является образование» [10; 11].

Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің хабаршысының беттерінде ғалым Ә. Ермаковтің есімін ерекше көрсетеді. Ғалым сол жазда жиналған және орысшаға аударылған «Үш ойшыл», «Дариға ару», «Едіге батыр» сияқты ертегілер жөнінде Ә. Ермаковке сілтеме жасауды сұрайды. Бұл туралы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Н.С.Смирнованың деректерінде декездеседі [12]. Бір айдан кейін Г.Потанин жиналған ертегілердің әртүрлі нұсқасынан өзіндік қорытынды шығарды. Ол Қарқаралы ертегілері Балқаш, Ертіс өңірімен міндетті түрде байланыстырыла айтылатынын атап көрсетеді. Әрбір айтып беруші адам Кент пен Қарқаралы, Қу, Қызыларай, Едірей, Көшубай тау сілемдерінің әсем жерлерімен байланыстыруды өз парызы санайды екен. Г.Потанин екі ай бойы жайлауда жұмыс істеді. Тамыз айында өзімен бірге болған серіктерімен кері қайтты.

Ә. Ермаков 1913 – 1914 жылдың қысын Г.Потанинмен бірге өткізді, оған экспедиция жазбаларын өңдеуге көмектесті. Мұның нәтижесі келесі 1914 жылыдың 10 ақпанында Императордың орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімшесі мүшелерінің жиналысында ғалымдарға мәлімделді. Г.Н.Потанин беделді жиынға қатысушыларға аңыз-әңгімелердің мазмұны ғана емес, халықтың тұрмыстық салт-дәстүрі, оның ән-күй мәдениеті жөнінде айтып берді. Қазақ халқының үлкен досы Потанин қазақтар туралы тебірене сөз сөйлеп, көшпелі халықтың болашағы туралы: «Через пятьдесят лет казахи будут поставлять на столичные подмости певцов и музыкантов, иможет быть, с этого начнется их национальное возрождение», – деген көрегендік сөздер айтады. Осы жылдың сәуір айында «Сибирская жизнь» газетінің (Томда шығатын) үш санында «Тоқырауын өзенінің сағасында» деген тақырыппен саяхатшы өз баяндамасының толық нұсқасын жариялады [13]. Г.Н.Потанин 85 жыл (1835-1920) өмірсүрді. Мұның алпыс жылын қазақ халқының өмірін бар қырынан зерттеуге арнады. Бұл жерде айта кететін бір жай, осы күнге дейінің осынау ұшан-теңіз еңбегін ғылыми тұрғыда зерттеп, орынды баға берілмей келе жатқандығы.

Бұл сапар экспедицияға қатысқандардың басқалары үшін дежемісті болды. Осы жиналыста Е.А.Воронина Қызыларай тауының өсімдіктер дүниесінен жасаған топтамасын көрсетті. Ал суретші А.А.Уткина - Воронина акварельмен салынған үлкен альбомын ұсынды. Кейін қылқалам шеберінің осынау туындылары оны Ресей Ғылым академиясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнография институтына алып келді. Институт директорының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты Л.М.Сабурова мына жайларды айтады: «1915 жылы А.Уткина-Ворониадан музей 300 сомға оның 102 ою-өрнек суреттерін сатып алды. Суретші бұларды Семей облысы Қарқаралы уезінде тұратын қазақтардың тұрмыстық заттарынан, үй-жиһаздарынан көшіріп алған, дәлірек айтқанда қарап отырып қағазға түсірген. 1915 жылы А.Уткина-Воронина музейге тағы да он фотосуретін сыйға тартты. Оның №2833 тіркеме жазбасында бұлардың Семей облысы Қарқаралы уезінің қазақтары екені атап

көрсетілген. Фотосуретте әйелдің киіз үй жанында жұмыс істеп жатқаны, ши тоқу, киіз үй тігу, кілем тоқу, қария әже бойжеткеннің бас киімінөрнектеп отырған әйел бейнеленген» [14].

Потаниннің бұл саяхаты туралы сол жылдардың баспасөзі біршама таратып жазды. Мәселен, С.Ольденбург: «Докладчика встречаломного киргизов, которые находили сказочников и привозили их к нему», - деп жазады [15]. Ал бұл туралы Н.С.Смирнова: «Среди этих лиц – многочисленная родня Чокана Валиханова: его братья, егосвож Муса Шорманов и другие, кто собирал материал для Чокана, азатем продолжали для Потанина, позже – семейство Султангазиных и Ермековых» - деп көрсетеді.

Ә.Ермековтің өз өмірбаянында атап көрсеткендей, Ресейде Ақпан төңкерісі басталғанда, ол институттың бесінші курсында оқыпжүрген. Патшаның тақтан кетуін қазақ халқын отарлық күрсаудан босатар қоғамдық өзгеріс деп танып, өзге де әріптестерімен Семей қаласына оралады. Мақсат, «Елді ояту, саяси өмірге араласу».

Тәуелсіздік үшін күресжолына түсуін, Ә.Ермеков 1932 жылғы өзінің ашық хатында: «...Қазақстан – ертедегі тарихи себептермен артта қалған ел. Бұлменің туып өскен жерім, сондықтан оның дамып келе жатқан құрылысының майданында адал қызмет ету менің ендігі борышым, ...әділдікжолмен елдің тағдыры, барлық адам баласының тағдыры шешіліп жатса, өзіме тыныштық іздеп, қиыншылықтан қашып, тайып шықсам, оныүлкен қылмыс санаймын» - деп жазған еді. Бұл шындық, бұл нағызүлт қамын ойлаған зиялының аузынан шыққан сөз. Сөйтіп, Ә.Ермековтің өскен және білім алған ортасы, қоғамдық-саяси көзқарасы мен қызметінің бастапқы кезеңі тарихи оқиғаларға толы Сібірдегі Том қаласында өтті. Сол қалада ол Ресейдегі монархиялық билікке қарсы жүргізілген демократиялық қозғалыстардың куәсі болды және бұл оқиғалар оның болашақ күрес жолында тәжірибе жинақтауға сөзсіз үлесін тигізді.

Сонымен, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қазақ зиялыларының ғылыми дүниетанымында үлкен серпіліс айқын көрінді. Бұл серпілістің тууына қазаққа өнер мен біліммен бірге, басқа жұртпен бірге теңдікке жету мұраты өте жоғары тұрды. Осы кезеңдегі патшалық билік пен жаңа қалыптаса бастаған ұлт зиялылары арасындағы тартыс өлкеде Ресейдің демократиялық интеллигенциясынан үлгі алған саяси оппозицияның қалыптасуымен аяқталды. Ол оппозицияның басында әрине, Ә. Бөкейхан тұрды. Олар ұлттық мемлекеттік дербестік және тәуелсіздік идеясын жаңа сапада қайта көтерді. 1917 жылдың соңына қарай өмірге келген Алашорда және Түркістан (Қоқан) автономиясының үкіметі Ә. Бөкейхан бастаған ұлттық элитаның жігерлі еңбегінің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихи тамыры болды.

Пайдаланған деректер:

1. ҚР ОМА 1398-қ., 1-т., 59-іс, 11-п.; ҚР ҰҚКА.05194-іс, 3-т., 6-п.; ШҚО ЖТҚО. 72-қ., 2-т., 167-іс, 1-п.; ҚОМА. 1487-қ., 1-т., 222-іс, 2-п.
2. Социалистік Қазақстан. - 1970 ж., -25маусым.
3. Әлімхан Ермековтің айтқандары //Қарқаралы. - 1994. - 30шілде; // Индустриальная Караганда. - 1974. - 18мая.
4. «Қазақ»/ Бас редактор Ә.Нысанбаев. -Алматы: “Қазақ энциклопедиясы”, 1998. – 415 б.
5. Ермеков М.А. О деятельности А.А.Ермекова в становлении Республики Казахстан. Труды университета. Вып.3 / Карагандинский государственный технический университет. Караганда, 1998. - 49-51с.
6. Ядринцев Н.М. Сибирь как колония. -СПб. Изд-во Девриена, 1883.-122с.; Сибирь как колония: Современное положение Сибири, её нужды и потребности. Её прошлое и будущее. Тюмень, 2000. 480 с
7. Ермеков Ә. Ашық хат // Социалистік Қазақстан. -1932.-10 маусым; Соныкі// Казахстанская Правда. -1932. -10 июня.
8. Мәкенбаев К. Сәдуақасов Қ. Әлімхан Ермеков. Жезқазған, 1992. - 44б.; Попов Ю.Г. Ғалым-саяхатшы Сарыарқада //Орталық Қазақстан. -1993. -18қараша.
9. ҚОМА. 1487-қ., 1-т., 222-іс, 5-п.
10. ҚОМА. 1487-қ., 1-т., 222-іс, 43-49-п.; ООМА. 86-қ., 1-т., 119-іс, 162-166-п.
11. Попов Ю., Новиков В. Последнее путешествие Потанина // Индустриальная Караганда. -1969. -17-19 сентября; Попов Ю.Г. Последнее путешествие Г.Н. Потанина //Простор. -1973. - №11. - С. 92-98; Соныкі. Каркаралинские узоры. -Алма-Ата: Жалын, 1976. -104 с.
12. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина: Архивные материалы, публикации / Отв. ред. Н.С.Смирнова. - Алма-Ата: Наука, 1972. -382с.
13. Потанин Г.Н. На притоке реки Токрау // Сибирская жизнь. -1914. - №82-84; Соныкі //Семипалатинский край. 1914. - 8 февраля, -24 мая; Омбы облыстық мемлекеттік архиві (ООМА). 86-қ., 1-т., 119-іс, 164-п.
14. ҚОМА. 1487-қ., 1-т., 289-іс, 9-13-п.; Попов Ю. Әлімхан Ермеков және Батыс Сібір //Орталық Қазақстан. 1993. - 9қаңтар.
15. Ольденбург С. Русская мысль. -1915. - №11. -С.13.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ РЕСЕЙДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАСЫ

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов ХХ ғасыр басында қазақтың әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист. Алаш арысының Бөкейхановтың өмірі жолы мен ғылыми-шығармашылық еңбегін, қоғамдық-саяси қызметін, саяси-көзқарастарының қалыптасу кезеңдері жөнінде жазылған еңбектері аса көп. Осындай еселі еңбектерінің бірі Алаш қайраткерінің саяси көзқарасының қалыптасуы мен патша үкіметі, кеңестік жүйе тұсындағы қызметін айтуымызға болады.

Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметінде негізгі орын алған басты мәселелер Ресей империясының қол астында езіліп отырған қазақ халқының ауыр тағдыры, елдің тұрмысы, мәдениеті, білімін көтеру еді. Сондықтан ол Санкт-Петербургтағы Орман институтын тәмамдағаннан кейін Омбыға келіп, қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. Қазақ зиялыларымен бірлесе отырып, Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына қарсы күрес жолына түседі.

1905 жылғы 17 қазандағы «Бостандық манифесінің» жарық көруі ұлт зиялыларының саяси белсенділігін арттыра түсті. Бұл құжат бойынша халықтың ғасырлар бойы аңсаған жеке басына қол сұқпау, ар-ұждан бостандығы, сөз, баспасөз бостандығын беру, барлық саяси-экономикалық мәселелерді шешу үшін Мемлекеттік Думаға сайлау өткізу, оған сайлау құқы болмаған әлеуметтік топтарды тарту сияқты заңдылықтар айтылған болатын [1].

Мемлекеттік Дума Ішкі Істер Министрі Булыгинның атымен «Булыгин Думасы» деп аталынды. Өйткені, 1905 жылы революцияның жаңа басталған кезінде П-ші Николай Булыгин бастаған комиссияға Дума үшін жаңа заң жобасын дайындауды жүктеген екен. Булыгин жобасы алғашқы кезде министрлер кеңесінде, ал кейіннен Петергофта өткен ерекше мәжілісте тікелей П Николайдың басшылығымен қаралып, ақыры 1905 жылдың 6 тамызында «Булыгин Думасын бекіту жөніндегі манифеске» қол қойғаны белгілі [2].

1905 жылдың соңында казак даласында Мемлекеттік Думаға депутат сайлау науқаны жүргізілді. Қазақ жеріндегі әр облыс өз тараптарынан кандидаттарын ұсынды. Дегенмен Думаға сайлау қазақ жерінде ең соңынан жүргізілген тұстарыда орын алды. Думаға сайлау қарсаңында, нақтылай айтқанда 1906 жылдың қаңтарында Семей қаласында өтпек болған облыстық қазақ съезіне қатысуға шыққан кезде, Павлодардың Ямышев поселкесінде тұтқынға алынып, Дала генерал губернаторының жарлығымен еш негізсіз 3 ай, яғни 30 сәуірге дейін Павлодар абақтысында отырды [3].

Әлихан Бөкейхановтың кандидатурасы Семей облысы атынан ұсынылды. «Семипалатинский листок» газетінің 1906 жылғы 19 санында «... в лице г. Букейханова киргизы преобретут истинного борьца за их интересы в Государственной Думе, где он, как никто другой, сумеет высказать все нужды и желания киргиз», - деп өңір халқы ұлт мүддесі жолындағы мақұсттарының орындалуынан үлкен үміт артты [4].

Бұл турасында «17 маусым күні салтанат өтетін үйде (клуб) Бөкейхановтың Мемлекеттік Думаға сайлау құрметіне ас беріліп, оған 40 шақты қазақтар мен орыстар қатысады. Кеште Әлиханға қазақ мүддесін шешуге себебін тигізетініне сенім артылып, оның атына құрметті сөздер айтылды. Өкінішке орай Әлихан Бөкейханов І Мемлекеттік Дума жұмысына қатыса алмады. Санкт-Петербургке жеткен кезде, Дума үкімет тарапынан таратылып, оның мүшелерінің бірталайы үкімет шешіміне қарсылық білдіруге Финляндияның Выборг қаласына кеткен болатын. Әлихан Бөкейханов та олардың соңынан Выборгқа аттанады» - деп «Степной Вестник» газеті хабарлама береді [5].

Әлихан Бөкейханов басқа Дума депутаттарымен бірге әйгілі «Выборг үндеуіне» қол қойғаны мәлім. Бұл үндеудің негізгі талаптары халықты салық төлеуден бас тарттыру мен әскери міндеткерліктен босату болатын. Үндеуге қол қойған үшін ол Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен жазаға тартылып, үш айға Семей түрмесіне жабылып, одан шаққаннан кейін Самараға жер аударылды.

1906 жылы 24 желтоқсанда дала генерал-губернаторы Надаровтың Ақмола облысының сайлау комиссиясына Әлихан Бөкейхановтың 23 желтоқсандағы Әділет министрлігінің жеделхаты бойынша сайлауға қатыса алмайтындығын мәлімдеген хабарлама келеді. Осылайша, Петербург сот

тергеушісінің Белявцов ісіне қатысты 22 тамыздағы қаулысына орай, Әлихан Бөкейханов сот ісіне тартылғандықтан, мүлдем Мемлекеттік Думаға сайлауға қатысу құқығынан айырылды. Осындай жолмен патша үкіметі Әлихан Бөкейхановты Дума қызметіне жолатқысы келмей, тосқауылдар жасады. Алайда бұндай шешімге қарамастан, ел мүддесі үшін Әлихан Бөкейханов Мемлекеттік Дума жұмысын жіті қадағалап отырды.

II Думаға қазақ халқының атынан депутат болып қатысқан Бақытжан Қаратаев Думаның аграрлық комиссиясының құрамына еніп, аграрлық заң жобасын жасауға қатынасты. Сондай-ақ бірнеше рет қазақ өлкесіндегі жер саясатына байланысты отырыстарға сөз сөйлейді. Думаның 39 пленарлық отырысында аграрлық мәселені талқылауға қатысып, мінбеге көтеріліп қазақ жерінде жүргізіліп отырған үкіметтің аграрлық саясатын, Қоныстандыру Басқармасының қазақ жерін жаппай мемлекет меншігіне алуы мен орналастырудағы әділетсіз әрекеттерін батыл сынға алған болатын.

1907 жылы 3 маусымында бұратана халықтар Думаға сайлану құқығынан айырылып, бұдан кейінгі Думада жұмысына депутат ретінде қатыса алған жоқ. I және II Мемлекеттік Думаға қатысқан қазақ депутаттарының аграрлық мәселе төңірегінде батыл түрде өз ойларын, тұжырымдарын айтуы билеуші патша үкіметін қатты сескендіріп тастаған болатын. Оған себеп, қазақ жерінің жаппай Ресейдің жеке меншігіне айналуы болатын. Жер мәселесін тағы алдағы Думаларда көтеріп, қоныстандыру саясатының негізгі мақсаты елді отарлау екендігін жайып салатындығынан қорыққан үкімет, қазақты депутаттықтан айыра отырып, бұл проблемадан құтылуды жөн көрді. Жалпы Дума шақырылмай тұрып, комиссия оның қызметіне қазақты қатыстырмау мәселесін көтерген.

Бұл жөнінде Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетіне жариялаған «Дума һәм қазақ» деген мақаласында Булыгиннің Дала генерал-губернаторы Сухотинге қазақ жұртын «анайы, көшпелі, тон астында мұзы ерімейтін, мұхит бағында ит жегіп жүрген самоед, лапарлармен бірдей, депутат сайлауынан тысқары деп тұрмыз» деп жазуын қазақ халқын Думаға депутаттықтан мүлдем құр қалдыруды көздегендігінен деп көрсеткен [6]. Оның бұл әрекеті ақыры II Думаны таратқаннан кейін жүзеге асты.

Әлихан Бөкейханов «3 маусым заңын» қазақты депутаттықтан айырған, қазақтың қолын байлаған заң ретінде сынады. Осы заңнан кейін қазақ қолындағы бар билігінен айырылып, сөзін өткізе алмай қор болып отырғандығына қынжыла жазды. Дегенмен үкіметтің қазақ халқына жасап отырған бұндай шешіміне қарамастан, ұлт зиялылары қазаққа қатысты мәселелерді Думадағы мұсылман депутаттары арқылы шешуге тырысты, үміт артты. Мұсылман фракциясы I Мемлекеттік Думасында өз қызметін бастаған болатын. I Дума кезінде құрылған мұсылман фракциясының құрамында 25 депутат, II Думада - 35 депутат, ал III Думада - 10 депутат болған. Бұлар татар, әзірбайжан және Кавказ, Орал, Еділ бойы, жалпы, ресейдегі мұсылман өкілдері еді.

Мұсылман фракциясы құрылған кезде қазақ депутаттарынан Бақытжан Қаратаев мүше болды. Татар, Әзірбайжан және Кавказ, Орал, Еділ бойы, жалпы, ресейлік мұсылман депутаттары мен түркі халықтарынан сайланған бірлікте осы қазақ қауымының ең өзекті деген мәселелерін көтеріп отырды. Әлихан Бөкейхановтың: «... өткен бес жылда Думада қазақ ісі бөтен халық сайлаған депутаттар қолында қалды», [7] -деп жазуы осыдан болды.

Қазақ депутаттарының Думадан аластатылуы зиялы қауым өкілдеріне қатты батып, толғандырды. Осы кезде Міржақып Дулатов «Государственный дума һәм қазақ» деген мақаласында: «Енді бұл уақытта Думада қазақтардан депутат жоқ, ноғайлардан бары он ғана кісі бар. Бұлар орны келгенде еш уақытта қазақ үшін сөйлемей қалғандары жоқ.

Бірақ қазақтардың тұрмысын, әдет-ғұрпын, мұқтажын нендей закон пайдалы һәм зәрулі екенін арасында болып көздері көрмеген соң, бұлардың да пайда келтіре алулары қиын,-дей келе, қазақ халқының ең маңызды мәселелері ендігі жерде қандай жолмен шешілер деген оймен болды [8].

Жалпы, соңғы екі Думадағы кедергіге қарамастан, қазақ зиялылары 4 бірдей Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы арқылы талап-тілектерін жеткізіп, қоя білді. Қазақ халқының атынан мұсылман фракциясына қазақ жеріне, дініне көмек көрсетіп, Думада қорғап сөйлесендер деген өтініш хаттар түсіп жатты. Мұндай хаттың бірін медресе «Ғалияда» оқып жатқан шәкірттер де жазды. Оған мұсылман фракциясының ресми депутаты М.Тевкелев: «Біз Думадағы мұсылман депутаттарына бұл күнде сахарадан қазақ қандастарымыздың халі мүшкіл екендігі белгілі һәм біздер сол мүшкілдерді есімізге алып қазақ халқының мән-жайын үшінші Думада орны келген сайын

баяндап келдік. Бірақ жәйі келгені солай етер құр сөзбен басқа біздің қолымыздан келері жоқ. Бұл туралы қазақ халқының өзінен бізге жәрдем болар ма деп едік. Ол үмітіміз босқа шықты. Жер жәйі һәм басқа тураларда қандай десең, сондай мүмкін халге душар болып жатқан қазақ халқының ішінен анықтап өз жолдарын бізге білдіретін біреу болмады», - деп Думада мінбеге шығып құр айқайлағаннан түк шықпайды, дәлелді дәйектер келтіру керек екендігін жазады. М.Тевкелев қазақ жеріне қатысты заң жобасының жасалып жатқанын, оған бұл фракцияның бәлендей көмек көрсете қоярлық жағдайының жоқ екенін, қолдан келсе қол ұшын тигізуге барлығын көрсетеді. Сы тұста, М.Тевкелевтің қазақ қоғамында болып жатқан жағдайлардан бейхабарлығын Әлихан Бөкейханов «Айқап» журналына жариялаған мақаласында: «М. Тевкелев қазақ жерін, қазақ өмірін ізденіп, оқып, тоқып жүрген жүйрік емес», - деп ашық жазды [9].

Әлихан Бөкейханов Думадағы қарастырылып отырған мәселелерге баспасөз арқылы өзіндік баға беріп, ойларымен бөліміп отырды. ХХ ғасыр басында қазақ үшін ең өзекті мәселе - жер болды. 1910 жылдың жазында М.Тевкелевтің шақыруымен мұсылман фракциясының отырысына барып, қазақ жері мәселесіне қатысты баяндама да жасаған. Думада қазақ жері қаралған бірнеше мәжіліске Тевкелев бармай қалған. Оның себебі мәжілісте қазақ жер мәселесіне байланысты дайындығының жоғынан болса керек деп ойлаймыз.

ІІІ Думадағы 1886 жылдың 12 маусымындағы Түркістан өлкесін басқару туралы шыққан заңына қосымша ретінде 1911 жылы 279-бапқа қосымша қабылданған заң болатын. Дума ұзындығы екі жол: «Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса, қазына өз пайдасына алатын болсын» деген заң кіргізіп, бұған Қазан депутаты Мақсұтов, Забайкал депутаты 2-ші Волков, Тобыл депутаты Дзюбинский қарсы сөйлеп, кеңес заңда көптеген кемшіліктер кездеседі деп қайтарып, Думаның 7 желтоқсанда өткен мәжілісінде қайта қарап, депутаттардың қарсы шыққанына қарамастан, 279-бапқа қосымша ретінде қабылдап, Түркістан қазақтарының барлық жерін мемлекет меншігіне айналдырып жіберді. Сөйтіп бұл өлкенің жері де нақты ешқандай да шешімінің жоқтығын қынжыла баяндайды [10].

Әлихан Бөкейханов көрсеткендей, Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай және Орал қазақтарының кебін киіп, бар жерінен айырылды. Ол қазақ жеріне байланысты қаншама депутаттар сөз сөйлегенімен де, Дума құлақ аспай, тіпті депуаттардың осы мәселе төңірегіндегі сауалдарына жауап та қайтармай отырғандығын айқын келтіре отырып, Дума ісінің алдамшы екендігіне көз жеткізуге болатындығын айқындап берді.

Жалпы Әлихан Бөкейханов ІІІ Дума таратылып, ІV Думаға қазақтан депутат сайланса, көп мәселелер шешілер еді деген үмітте де болды. «Сусағанның түсіне су кіреді» деген мақаласында Орал қазақтарының Романовтардың 300 жылдық тойына орай патшаға құттықтау жеделхат жіберген кезде осы Думаға депутаттық, мүфтилік және жер мәселесін шешуді сұрағандығын, жер мәселесіне орай Ішкі Істер министрі «жерге мұжық жіберме дегенің дәлелсіз болғандықтан аяқсыз қалды» деп мәлім еткенмен, мүфти мен депуаттыққа қатысты сауалдарына жақ ашпауының мәнісін қазақты депутаттыққа лайықсыз деп санауынан екендігін түсіне отырып, 5 миллион қазақтың тілегін жүзеге асыру үшін оянып іздену, күресу керектігіне үндейді [11]. Алайда қазақ бұл Дума сайлауынан да тысқары қалды.

Әлихан Бөкейханов ІV Дума барысында да қазақтың осы жер мәселесінің ешқандай да шешім таппағандығын да ашып көрсетті. Мемлекет бюджетін қарастырған кезде Қоныстандыру Басқармасының шығынын бекітерде Забайкал депутаты Волков пен Баку депутаты Жағыпаровтың қазақ жеріне байланысты сөзіне де құлақ аспай, өз дегендерімен іс қылып, меншікке алған жерлерін мұжықтарға үлестіруін тоқтатпай отырғандығын назар аудартты. Ол он бестен қазақ жер алып, отырықшы болып өмір сүрудің пайдалы да, пайдасыз да жағының барлығын нақылай келтірді. Қазақтың мұжықша жер алып, күн көруіне Жетісу мен Түркістан өңірі ғана лайықтылығын, ал басқа өңірдегі жерлер егін егіп, бау-бақша салуға келмейтіндіктен, әрі мал бағуға және аздығын баса айта отырып, қоныстандыру басқармасының бірнеше жүз мың қазақтардың отырықшылыққа көшпек болып ниеттеніп отыр деген мәліметін «өтірік, бос сөзге» балады.

Әлихан Бөкейханов қазақтың жерін паша үкіметі Дума шығарған заң арқылы тартып алып, қазақтың өзін кіріптар қылмақтығын түсініп бақты. Сондықтан «Қазақ жүрген жерді кім болса сол болсын қазақтан басқа сатып алып, сұрап алып, мірастап алып өзінікі қылмақ, жалғыз-ақ бұл жол-қазаққа жоқ» деп ашына жазуы да содан еді.

Жалпы Әлихан Бөкейханов Мемлекеттік Дума қызметінің барысы, оның билік жүйесі, қаралатын мәселелер жайында қазақ оқырмандарына өзінің мақалалары арқыл түсінік беріп, ой

бөлісіп отырған. Мәселен, «министрлер советі», «министрлер кабинеті», «Дума төрағасы», дауысқа салу, министрліктің орнынан түсу сияқты үрдіс барысын «Министр өзгерілуі» деген мақаласы негізінде талдауға қатысты [12].

Әлихан Бөкейханов Думаның алда қарар деген мәселелерімен, «Қазақ» оқырмандарын таныстыруға тырысты. Думадағы ұлттық (националист) (орыс жұртын қуаттайтын партия), октябрист, мұсылман, тарки, кадет болып қабылданар заңдардың қазақ ыңғайына қарай жасалса деген үмітін де жасырмады. Мәселен, болысқа земство берілгенде, қазақ та бұған кірсе немесе кооператив туралы заң болғанда қазақ ішінде игілік іс ашуға жарлық жол ашылса деген сияқты. Ол сонымен қатар Думадағы бюджеттік комиссияның жұмыс барысы жөнінде де түсінік берді. Ол бұл комиссияның жұмысына үміт артатынын жасырмады. Тіпті мысал ретінде оқу министрі Игнатъевтің барлық оқу көрмеген балаларды оқуға тарту, орта мектептердегі (реальный училище мен гимназия) орын алып отырған кемшіліктерді түзету, техникалық училищелерді көбейту, оларға жастарды тарту туралы сөйлеген сөзіне сеніммен қарайтындығын жасырып қалмады.

Қазақ жұрты мұсылман бюросы арқылы алдағы Дума мәжілістерінде қаралатын әскер, жер, мүфтилік мәселелері дұрыс шешім табатындығына үкілі үмітпен қарады. Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясында жұмыс істеген кезінде де қазақ мәселесіне арналған мәселелер шешімін табар деген нық сенім де орнады. Қазақтың проблемалық мәселелерін жетік білетін азаматты бюроға мүше қылудың маңыздылығын түсінді. Сондықтан Әлихан Бөкейхановты бюроға мүшелікке жіберуі әбден орынды еді.

Әлихан Бөкейханов 1914 жылы маусымда IV Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының ұйымдастырылуымен шақырылған бүкіл Ресейлік мұсылман съезіне қатысып, мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі де болды. Ресей Мемлекеттік Думасының қызметін, оның жер, дін, оқу-ағарту, солдат және тағы басқа мәселелерге байланысты қабылдаған шешімдерін мерзімді баспасөз арқылы талдауға алды. Бұл қабылданған заңдардың көшпелі қазақ тұрмысына қаншалықты лайықтылығын мақалаларында саралады.

1916 жылы Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының бюросына қазақтан кісі жіберу мәселесіне орай «Қазақ» газеті арқылы Әлихан Бөкейхановты жіберу турасында (№172 санында) Қ. Оразаевтан ұсыныс түсіп, бұл ұсынысты Ақмешіт және Торғай уездерінің қазақтары да қолдаған еді. Одан кейін Орал, Торғай облыстарының зиялылары бас қосқан кеңесте де Әлихан Бөкейхановты бюроға жіберуге лайықты деп табылып, қаулы қабылданып, ризалығын сұраған. Қазақ елі үшін аянбай күрескен Алаш арысы «жұрт қаласа, тартыншақтық қылмаймын, май ортасында, Дума қайта ашыла барамын» деп келісімін берді. Бұл турада «Қазақ» газетінде: «Біздің қазақ жұртынан Мемлекеттік Думада депутат жоқ. Үлкені қолдан келмесе, кішісі болсын деп бюроға жұрт кісі жібермек болып тұр», -деп, қазақ халқының бюрода қаралмақ болған қазаққа керек рухани құрылысының және мүфтилік мәселелеріне байланысты әділ шешім қабылдауына өзінен үміт күтетіндігін ашық келтірді [13]. Әлихан Бөкейханов мұсылман фракциясы бюросының қызмет барысымен қазақ жұртын хабардар етіп отырды. Бюро мәжілісінде қаралған жалпы және қазаққа қатысты мәселелерге қатысты туындаған пікірлер мен тұжырымдармен халықты таныстырып, өз ойын да **білдірген**. Мәселен, қазақтың әскерге алыну, алынбауы әлі анық еместігін, жер мәселесіне байланысты да нақты шешім оқығын айтқан. Ол бюрода қазақ проблемасын қарастыру үшін депутаттардың қазақ жерін аралауы қажеттігін де ұсынған болатын.

Әлихан Бөкейханов мұсылман фракциясының жұмысына жастардың араласуына мұрындық болды. Бұл турасында «Қазақ» газетіне сол кездерде Петербург университетінің заң факультетінде оқып жүрген Мұстафа Шоқай лайықтылығы, оның мұсылман комитеті ашылғаннан бері сонда қызмет етіп келе жатқандығы жазылды.

Мұстафа Шоқай фракция жанындағы бюроға мүше болып, оның хатшылық қызметін атқарды. 1916 жылы Түркістандағы көтерілістің себеп-салдарын тексеруге Ташкентке арнайы түрде аттанған Мемлекеттік Дума комиссиясының құрамында болып, жергілікті халықтың жағдайымен танысып, көтеріліске байланысты материалдар жинақтап, билік орындарының Түркістан халқын аяусыз қырып-жойып отырғандығы жайында мәлімдеме мәтінін әзірледі.

Сонымен қорыта айтқанда, Әлихан Бөкейхановтың Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясы бюросындағы саяси қызметі, қазақ халқының күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелерін шешудегі күрес жолы екені баршаға аян. Бұл Әлихан Бөкейхановтың қазақ қоғамын құрудағы көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері дәрежесіндегі тұлғасын таныта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә.Н. Таңдамалы. Ред. Р. Нұрғалиев. - Алматы, 1995. - 333 б.
2. Әлихан Бөкейханов. /Құрастырушы. Мәмбет Қойгелдиев. - Алматы. 384 б.
3. Әлихан Бөкейханов. /Құрастырушы. Мәмбет Қойгелдиев. - Алматы. 384 б.
4. Тәбәрікұлы С. Семейде болған Алаш көсемдері. // Ертіс өңірі. - 2007. - 12 желтоқсан.
5. Бөкейхан Ә.Н. Таңдамалы. Ред. Р. Нұрғалиев. - Алматы, 1995. - 333 б.
6. «Қазақ газеті. /Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакциясы, 1998, 37-38 бб.
7. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. - Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 160 б.
8. «Қазақ» газеті. /Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакциясы, 1998.
9. Бөкейхан Ә.Н. Таңдамалы. Ред. Р. Нұрғалиев. - Алматы, 1995. - 333 б.
10. Нұрпейісов К. «Алаш және Алаш Орда». Алматы. 1994.
11. «Қазақ газеті. /Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакциясы, 1998.
12. Бөкейханов Ә. Жауап хат // «Қазақ» газеті. Құраст. Субханбердина Ү., Дәуітов С, Сахов Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 560 б.
13. Бөкейхан Ә. (Түрік баласы). Қазақтың тарихы. // Қазақ. - 1913. - №9. Алаш ақиықтары. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. - Алматы: «Алаш», 2006. - 288 б.

Сайлаубаева Н. Е.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға-Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан.

Көрнекті қоғам қайраткері ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі дарынды публицист. Әлихан Бөкейханұлының өмірі жолы мен ғылыми-шығармашылық еңбегі және қоғамдық-саяси қызметі халқы үшін, халқының жарқын болашағы үшін атқарылды. Кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол мұрасы Әлихан Бөкейханұлының ғылыми-публицистикалық туындылары.

Жас ғалым-публицистың өміріне Ф.А. Щербина экспедицияның жұмысына қатысуы шұғыл өзгеріс әкеледі. Онда ол Қазақстанның орталық және солтүстік-шығыс облыстарының экономикасын, табиғатының ерекшеліктерін зерттейді. Одан әрі Сібірді зерттеуге қатысып, монографиялар мен мақалалар жариялайды. Оның қаламынан шыққан «Женщина по киргизской былине», «Қобыланды» тағы да басқа мақалалары, баспа еңбектері ғылыми интеллигенцияның арасында таныла бастайды.

Әлихан Бөкейханұлының тұңғыш зерттеуі-«Женщина по киргизской былине», «Кобланды» атты көлемді мақаласы Ташкентте Түркістан герерал-губернаторлығы жанынан шығып тұрған «Түркістан уалаяты» газетінің 1899 жылғы 9, 20 мамыр және 3 маусым күнгі сандарында жарияланды. Зерттеуінде ол қазақтың жалпы ауыз әдебиеті шығармаларына шолу жасап, оларға сипаттама береді. Сонымен бірге жырлардағы суреттелетін оқиғалардың және бейнелердің, қаһармандардың тарихта орны болғандығын, жырлардың ғасырлар бойы ауыздан-ауызға, жыршыдан жыршыға көшіп сақталып келуіне байланысты, жырларға әрбір ақын-жыраудың өзі өмір сүрген заманының ерекшеліктерін, өзіндік тілін, көркемдік айшықтарын, өмірге деген өзіндік ұстанымын енгізіп отырғандығын, осылайша жырлардың түпнұсқадан едәуір өзгешеліктермен жеткендігіне назар аударып, ғылыми жоғары баға береді [1].

Әлихан Бөкейханұлы қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист. Қайраткердің қаламынан шыққан мақалалары Ташкентте Түркістан герерал-губернаторлығы жанынан шығып тұрған «Түркістан уалаяты» газеті, 1889 жылы Дала генерал губернаторының ресми үнқағазы ретінде Омбыда шығып тұрған «Особые прибавления къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетінің қазақша қосымшасы «Дала уалаятының газеті», Омбының социал-демократиялық бағыт ұстанған «Степной край», «Степной вестник», «Степной пионер» секілді газеттерінде және Санкт-Петербурглық «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь», «Речь», «Сынъ отечества», «Наша

жизнь», «Слово», «Восточное обозрение», басылымдарында мезгіл-мезгіл мақалалары басылады.

Мәселен, Омбылық «Степной пионер» газетінде жарияланған бір топ саяси мақаларында ол 1905-1907 жылдар аралығында қазақ даласына Ресейдің түкпір-түкпірінен келген қоныстанушыларға дем берген П.Столыпиннің реформасын, патша үкіметінің жүргізген саясатын алғашқылардың бірі болып өткір сынға алады, ол саясаттың шынайы мәнін ашып жазады. Әлихан Бөкейханұлының саяси көзқарастарының толыққанды қалыптасуына, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері, әрі қазақтың ұлт көшбасшысы ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына осы Омбы кезеңінің орны ерекше болды.

Патша үкіметі қуғындаған кездері Омбы, Самара, Орынбор, Семей, Мәскеу сияқты қалалардың мерзімді басылымдары «Омичь» «Иртыщ», «Голось степей», «Семейдің «Семейпалатинские областные ведомости», «Семипалатинские листокъ» мерзімді басылымдарында мақалалары жарық көрді. Ресей мұсылмандарының «Въ мире мусулманства», «Мусульманская газета», татардың «Фікір», «Уақыт» басылымдарында және тағыда басқа газет-журналдар беттерінде мақалалары жарық көреді. Жалпы тырнақалды қазақ тіліндегі тұңғыш мақаласы 1900 жылы «Дала уалаяты» газетінде көрініс тапты. Кейін келе, қазақтың «Серке», «Қазақстан», «Қазақ» газеттері қазақтың тұңғыш «Айқап» журналында ұласты.

Солардың ішінде, қазақ тіліндегі тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін белді ұйымдастырушыларының бірі болғандығын, әрі бұл басылымдағы құнды мақаларын легін ерекше атаймыз.

1913 жылдың ақпанында тұңғыш саны жарыққа шыққан «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлы редакторлық етті. Бұл газет бүкіл қазақ зиялыларыныңбасын біріктіріп, халық үшін атқарған қызметі ерекше бағалау орынды. Осы тұста, белгілі тарихшы, ғалым Мәмбет Қойгелдиев өзінің «Алаш қозғалысы» атты еңбегінде «Қазақ» газетінің материалдары екі тұрғыдан құнды деген болатын. Біріншіден газет материалдары ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үрдістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті деп көрсетеді деп жазуы осының айқын дәлелі болмақ [2]. Ендеше, тарихшы М.Қойгелдиев тұжырымдағандай отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы ұлт зиялылары жүргізген азапты күрестің негізгі идеялық бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ» материалдарынсыз мейлінше тура түсіну, әрине, мүмкін емес деуі айқын дүние. Себебі, «Қазақ» газетінің Алаш партиясының органы болғанына шүбә жоқ. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлының қоғамдық-саяси көзқарастары «Қазақ» газетінде үнемі жарияланып отырды. Бұл бізге Әлихан Бөкейханұлының атқарған ісін, кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасын жан-жақты жинастырып, қарастыруды талап етеді.

Әлихан Бөкейханұлының «Қазақ» газетінде 250-ден аса мақалалары, ғылыми зерттеулері, аудармалары жарық көрген екен. Әлихан Бөкейханұлының өмірдегі атқарған қызметінен мол деректер беретін «Қазақ» - қоғамдық саяси және әдеби газеті, 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. 1913 жылы №1-44 (ақпан -желтоқсан), 1914 жылы №45 - 92 (қаңтар - желтоқсан), 1915 жылы №93 - 163 (қаңтар - желтоқсан), 1916 жылы №164 - 211 (қаңтар - желтоқсан), 1917 жылы №212 - 257 (қаңтар - желтоқсан), 1918 жылы № 258 - 265 (қаңтар - қыркүйек). Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000 - ға жеткен [3] . «Қазақ» газеті қазақтың ұлттық төл басылымы деуге толық негіз бар.

Бұдан әрі, төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға барынша атсалысты. Бүгінгі таңда «Жаңа мектеп» журналы, яғни «Қазақстан мектебі», ал «Әйел теңдігі» журналы «Қазақстан әйелдері» басылымдары қазақ қоғамының айнасы болып отыр.

Әлихан Бөкейханұлының мерзімді басылымдарда басылған мақалаларының кейбірі бүркеншік есімдермен жариялағандығы баршамызға белгілі. Ол зерттеуші ғалымдар зерттеулерінен Әлихан Бөкейханұлының мындай бүркеншік есімдермен мақала бергенін байқаймыз. Олар: «Қыр ұғлы», «Қыр баласы», «Ғали хан», «Әлихан», «Ғ.Б», «Ә.Б», «Арыс ұлы», «Түрік баласы», «Қалмақбай» [4] бұл аталған есімдер қазақша басылған мақалаларда кездесе орыс басылымдарында бұданда асып түсетіндігін мерзімді басылымдардан байқауға болады.

Әлиханның бүркеншек есімдерінің осы күнге дейін анықталғаны 30-дан асып жығылады. Олардың басым көпшілігін қазақ публицисі орыс тіліндегі публицистикасында қолданды. Санаулысы ғана, нақты айтсам - Қыр баласы - Сын степей және V деген екі бүркеншек есімін ғана екі тілде қатар пайдаланды. Әлиханның төл тіліндегі публицистикасында қолданған бүркеншек есімдерінен осы күнге қарай анықталғандары мыналар: Ә.Н. [Ә.-лихан Н.-үрмұхамедов], Қыр ұғлы немесе Қыр ұлы,

Қыр баласы, Қ.Б., Ғали хан немесе Әли хан, Ғ.Б. немесе Ә.Б. [Ғ.-али хан Б.-өкейхан немесе «Ә.-ли хан Б.-өкейхан], Арыс ұлы, Түрік баласы, Қалмақбай және, әрине, V.[5].

Әлихан Бөкейханның баспасөз саласындағы еңбек жолын тарихи деректерге сүйене отырып, 1889 жылдан 1927 жылға дейінгі аралықты қамтиды деуге болады. Келешек ұрпаққа қалдырған құнды ғылыми-публицистік мұрасының ішінде, библиографиялық көрсеткішінің бір өзі ғана 55 беттен асады. Әлихан Бөкейханұлының мыңға жуық мақала мен очерктен және тағы басқа туындыдан тұратын мол ғылыми-публицистикалық мұрасы 1889-1900 жылдардан бастау алып, 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін жалғасып және одан кейінгі 1927 жылға дейін ұштасады. Бұлардың барлығы 50-ден астам қазақ және орыс газет-журналында, оның ішінде төңкеріске дейін ғана 30-ға жуық қазақ-орыс басылымында жарық көрді. Әлихан Бөкейханұлының ғылыми-публицистік мұрасы қаншалықты құнды болса, оның географиялық ауқымыда соншалықты кең деуге әбден болады. Түрлі мерзімді басылымдарда жарық көрген ғылыми-шығармашылық мұрасы қазіргі кең байтақ Еуразия кеңістігін қамтиды.

Жалпы алғанда Әлихан Бөкейханұлының «Қазақ» газетіндегі мақалалары екі жүзге жуық ең түйінді деген мәселелеріне тоқталған. ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси әлеуметтік өмірінің ең түйінділеріне, қазақ шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым қатынасына оқу – ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежірге арналған мақалалары жарияланған. 1917 жылғы 21 қарашадағы санында Әлихан Бөкейханұлының басшылығымен құрылған «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы «Қазақ» газеті арқылы бізге жеткен құнды дерек екендігін мойындаймыз.

Әлихан Бөкейханұлының «Қазақ» газетінде басылған сын мақалаларында мол тарихи – этнографиялық мәліметтер бар. Шәкәрім Құдайбердиевтің 1912 жылы жарық көрген кітабы, «Қалқаман – Мамыр» туралы сын мақаласы газеттің 1915 жылы 121 – санында жарияланған. Сондай - ақ Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабына газеттің 1913 жылғы 12 – санында мақала арнайды. Бұл мақалада қазақ елінің тарихы, шыққан тегі туралы құнды деректер молшылық. 1914 жылы орынборда «Үміт» баспасынан жарық көрген «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» кітабына сын мақаласын газеттің 1915 жылғы 126 – 129 сандарында жариялайды. Осы мақалада Ә.Бөкейханов Абай өлеңдеріне, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шежіресіне» Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың көркемдігі туралы, тарихы туралы көптеген құнды мәліметтер келтіреді [6].

Қазақ тарихының күрделі қоғамдық құбылыстарға толы ХХ ғасыр басындағы тарихын Алаш көсемдерінің еңбектерін тарихи дерек көздері ретінде пайдаланбай ашып көрсету мүмкін емес. Бұл орайда, өткен ғасыр басында кеңінен етек жайған Алаш қозғалысының рухани көсемі Әлихан Бөкейханұлының еңбектерінің алар орны ерекше. Әлихан Бөкейханұлы еңбектерінде көрсетілген кездегі қазақ қоғамының, ұлт өмірінің бейнеленген қыры жоқ деп айтуға болады. «Ә.Бөкейханның шығармашылық мұрасы» деген мақалада: «Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру-тайпаларшежіресіне, тұрмыс-салтына, қазақ жерлерінің отарлау тағдырына арналған. Бұл еңбектерде мың сан деректер, цифрлар, таблицалар, қысқасы, ұшан-теңіз материал бар» - деп [7] әділ айтылған. Бұған қосарымыз бүгінгі күні Әлихан Бөкейханұлының баспасөз саласындағы еңбектері тарихи дерек ретінде пайдаланбай, ХХ ғасырбасындағы қазақтар тарихы туралы бірде-бір ғылыми-зерттеу жұмысы жазылмайтындығы. Келешекте де солай болатындығы.

Мұндай жағдай Әлихан Бөкейханұлының еңбектерінің деректік маңыздылығы, көтерген мәселелердің ауқымдылығы, еңбектерде сақталынған деректердің шыннайылық дәрежесінің жоғары болуынан туындайтыны даусыз. Автордың терең энциклопедиялық білімі, екі тілде бірдей жазу шеберлігі, өз ұлтының жағдайын және дүние жүзілік тарихты жетік білуі оған мәселелерді кеңқойып, терең талдау жасауға, жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Сөйтіп, Әлихан Бөкейханұлының ғылыми-публицистикалық еңбектері ұлттың өшпес мұрасына, сарқылмас қазынасына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. 16 б.
2. Мәмбет Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Алматы, 2008. 181 б.
3. «Қазақ» газеті Құрастырушылар: Ү. Сухамбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. Алматы, 1998. Құрастырылған кітапта 100 ге жуық мақаласы жарық көрген.
4. Үшкөлтай Сухамбердина «Қазақ халқының атамұралары». Алматы, 1999. 93 – 247 бб.
5. Сұлтан Хан Аққұлы. «Жебе» газеті, 10 қазан 2013 жыл.
6. Сұлтан Хан Аққұлы. «Жебе» газеті, 10 қазан 2013 жыл.

7. Қамзабекұлы Д. Алаш тұлғалары: [Алаш қозғалысына ат салысқан қоғам қайраткерлері.]// Жұлдыз.-1998.-N7.-Б.178-190.

Сафиоллаева Г.Т.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып, «буржуазиялық ұлтшылдықтың» синонимі ретінде қаралып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат-мұрасы архивтерде шаң басып жатты.

Әлихан Бөкейхан кім десек, бүгінгі білімді ұрпақ көрнекті қоғам қайраткері, Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думасы мүсылман фракциясының Бюро мүшесі, Санкт-Петербург Масоны, қазақтың XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы; ғұлама-ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы деп тізбектей жөнелері анық. Себебі Әлихан Бөкейхан – кезінде қазаққа «қыр баласы» деген атпен баспасөз арқылы таныс болса, бүгінде «ұлт көсемі», «ұлт жанашыры» ретінде барша қазаққа таныс тұлға. «Әлихан Бөкейханның аты бізде «Алаш» идеясымен қатар ауызға алынады. Әлихан Бөкейхан десек, «Алаш» қозғалысы, «Алаш» қозғалысы десек, Әлихан Бөкейханды ойымызға аламыз. Өйткені ұлт-азаттық қозғалысы мен Әлихан Бөкейхан аты біте қайнасып кеткен» дейді Сұлтан Хан Аққұлы[1].

Тұрсын Жұртбай зерттеуі бойынша, Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. Ең біріншісі – Алаш ұлттық деморатиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін алдымен «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Екінші ұстанымы –Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. «Қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс». Үшінші ұстанымы – мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі керек. Төртінші ұстанымы – қазақтың мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болып тұруы керек. Бесінші ұстанымы – тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек. Т.Жұртбай Алаш қайраткерінің бұл ұстанымына жапон ұлтының небары 20 жылдың ішінде біртұтас империяға айналып шыға келуі дәлел болса керек дейді[2].

Бұл идеялардың күні бүгінге дейін маңыздылығы жөнінде Т.Жұртбай: «Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр», - дейді.

Әлихан Бөкейхан жер туралы: «Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – өмір сүру мәселесінің зоры» деген болатын. Алашшыл азаматтың пікірінше:

«Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді.

Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Оның әр түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек.

Жерімізде өндірілген бір уыс жүн еліміздің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек» [3,2].

Әлихан Бөкейханның ұлт жанашыры ретінде айтқандары мен қалам тербеген мәселелері өзектілігін жоймайтындығына көз жеткізіп келеміз. Мәселен, жер саясаты, қазақ тілінің жағдайы, экономика, шаруашылық, діл, дәстүр, мәдениет, әдебиет, тарих туралы пікірлері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Тұрсын Жұртбай Әлихан Бөкейханның жер туралы айтқан жазбаларын бүгінгі күнмен сабақтастыра былайша түсіндіріп береді: «Алаш идеясы дегеніміз не? Алаш бізге не аманаттап қалдырды. Алаштың бүкіл қорғайын деген идеясы, орнатайын деген мемлекеті қазақ ұлттық демократиялық мемлекетін құру. Басқа емес. Оның негізі не? Мен Бөкейхановтың пайымдауынша жай сөзбен қысқартып айтып берейін. Ең бастысы қазақ мемлекеті үшін жер, жер, жер. Өйткені жер Отан, жер экономика, жер қорғаныс, жер мәдениет, жер намыс, жерсіз мемлекет болмайды. Сондықтан да қазақтың кіндігі жерге байланған ел. Қазақ жері мемлекеттік меншік болуы керек. Бүкіл қазаққа ортақ

болуы керек. Ешқашан да қазақ жері жекеменшікке берілмеуі керек. Өйткені әр сарбаз, әр азамат менің жерім деп қорғау керек»[4]. Әлихан Бөкейханның тағы бір көтерген мәселесі ұлттық тілге байланысты. Ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы қажеттігін баса айтады. Әр қазақ үшін ана тілі бәрінен де жоғары тұруы тиіс. Өйткені, біз – қазақ деген халықтың перзентіміз. Елге деген құрмет, өз Отаныңа деген сүйіспеншілік – алдымен өз ана тіліңмен қалыптасарын білген жөн. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген Қадыр Мырзалиев ақын-ағамыздың айтқанындай, өз ана тіліңді құрметтеу мемлекет үшін де өте маңызды. Тәуелсіздіктің арқасында мемлекеттік тіл болған қазақ тілі, барша жұрттың сұранысына ие болып, жаппай қолданыс тіліне айналар кез де алыс емес шығар. Елімізді мекен ететін халықтың бәрі мемлекеттік тілді құрметтейтін, күнделікті өмірінде кеңінен қолданатын уақытты жеделдету - ең алдымен бізге, қазақтарға, байланысты. Осы мәселені Әлихан Бөкейхан да көтерген. Алашыл азамат тіл мен жерді берік бірлікте ұстайды. «Тіл үшін күрес неге жүріп жатыр? Қазақ тілі деген не? Қазақ тілінің ар жағындағы жатқан мәселе – жер. Біз мына жерді қазақ болып, қазақша сөйлеп қана қорғай аламыз» деген. Бүгінде әр қазақстандық азамат Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Жолдауындағы «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген тілегін орындаса – тіліміз талай биікке жетіп қалар еді.

Әлихан Бөкейхан ел басшысы туралы да терең ойлар айтқан. Ұлт жанашырының «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды» дегенін мемлекет басқарушыларға қойылған үлкен талап деп ұғынсақ болады. Сондай-ақ кемеңгер ақыл иесінің «Би түзу, билік әділ болсын», «Мансапқұмар елі – кемелдікке жетпеген ел», «Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумады ғой», «Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды», «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», «Өз күшіне сенбеген халық та, адам да ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды», «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген тұжырымды даналық сөздері ел қамқоршысы болар әр азаматтың жадында болса, ата-бабаларымыздың қайырымды басшыны армандаған ұлы арманының орындалғаны емес пе.

«Кенестік билікті сүйген емеспін, бірақ мойындауға мәжбүрмін» деген соңғы сөздері еді ұлт жанашырының. Ақтық демі қалғанша дөп сөйлеп, тура басудан таймаған Әлихан Бөкейхан Абайдай ұлы тұлғаның жолын жалғастырып, еуропадан қазақтың алары көп деп есептеді. Солай бола тұра, қазақылықты да сақтап қалуға тырысты.

Әлихан Бөкейханның айтқан ойларының, ұстанған ұстанымының, көзқарастарының қазіргі мемлекет құрылысы мен демократиялық, әлеуметтік, рухани құндылықтарға әсері ерекше. Әлихан Бөкейханның төменде келтірілген қанатты сөздері рухани бай, адамгершілігі жоғары, қолынан іс келетін мәңгілік ел жастарын тәрбиелейтіні анық:

- Ақылды сөз қылмақ қиын, ақылды сөзді ақылды іс қылмақ одан да қиын.
- Көзі соқырдан, көңілі соқыр жаман.
- Тіршілік – бәйге: жүйрік алар, шабан қалар.
- Еріншек пен езге жол, бәйге, сыбаға, мүше жоқ.
- Еуропа мәдениеттімін деп мақтанғаныммен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ.

- Адам баласы – нәпсінің құлы: маңдайы тасқа тимей тоқтамайды.
- Өзің түйеден өткен жетекші болсаң, саған ақыл не керек?!
- Мақаланы қалам өзі тілегенде жазса, сөз кестелі болады.

Бұл тұжырымдар «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп ұлт көсемінің өзі айтқандай, ұрпақ тәрбиесінде халыққа қызмет етіп келеді. Тілін, ділін, жерін, ұлтын қастерлейтін ұрпақ болса ғана, ел мәңгілік болады. 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырғаны мәлім. Одан кейін жерұйықты іздеп өткен Асан қайғы бабамыздың да аңсағаны елді орнықтыратын жайлы мекен тауып, елдің мәңгілігін жаңғырту еді. Асан қайғының іздеген жерұйығының мәні халқы тәуелсіздік құндылығын ұлықтайтын, ел-жұрты бейбіт өмір сүретін, адамгершілік пен бауырластықты ту етіп, татулықта ұйысып өмір сүретін құтты қонысты табу еді. Одан бергідегі

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де алаш өлмес көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін – деген Алаш арыстарының қазақ тарихындағы орны ерекше. Олар қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім

алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды.

Сол бабаларымыздың арманына тәуелсіздіктің арқасында жеттік. Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз ел болды.

Бүгінгі біздің мұратымыз қаншама алаш зиялылары күресіп жүріп, сол жолда өмірлерін қиған мемлекетімізді сақтап қалу. Мәңгілік ел қылу. Кешегі кеңестік кезеңде де ғасырларға созылған тарихы бар қазақ елін жоққа шығаруға бағытталған әрекеттерге тойтарыс беріліп, «қазақ жері» деген ұғымның сақталып қалу жолындағы ерен еңбектерді жалғастыру. Әрине, сол еңбектердің қомақты бір үлесі ұлт жанашыры, ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға тиесілі екендігі дау тудырмайды.

Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сұлтан Хан Аққұлы Әлихан Бөкейхан өлі терең зерттелген жоқ\Түркістан газеті. 4 наурыз 2016 жыл
2. Жұртбай Т. Әлихан Бөкейхан және біртұтас алаш идеясы\Жусан ақпараттық танымдық сайт.
3. Букейханов А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1995. – 59 б.
4. Жұртбай Т. Алаш аманаты және жер мәселесі\сайт.
5. Бөкейханов Ә. Жауап хат //«Қазақ» газеті / Құраст. Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б. (91 б.)

Сұлтанов Қ.

АҚЖАН ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗДАЙ

Біздің заманымызда қазақ қоғамына елеулі еңбек сіңірген Ақжан Машанов есімді аттары мен еңбектері елге әйгілі, мен білетін екі адам болды. Бірі – қазақ геология, тарих, фарабитану ғылымдарына айрықша еңбек сіңірген, ғылым әлемінің көрнекті тұлғасы - академик, ғұлама ғалым Ақжан Машанов та, екіншісі – тәуелсіз Қазақстанның саяси қоғамдық кеңістігінде өзінің саяси сараптамалық сүбелі зерттеу еңбектерімен танымал болған жас ғалым Ақжан Машанов.

Ата Машанов Кеңес заманында орасан еңбек етіп, тоқсан жастан асып, ғасырға жуық өмір сүрді.

«Бала» Машанов қысқа өмірінде қоғам үдерістеріне ерекше сезімтал сараптама бере алған озық ойлы азамат еді. Өкінішке орай 37 мүшел жасында өмірден озды. Біздің естелігіміз сол «бала» Машанов туралы.

Ақжан Машанов қазақ зиялы қоғамының төрінде жарқ етіп жарқырап шыққан жұлдыздай болып өмір сүрген азамат болды. Ақжанмен жақын араласып, диларласып, сырласа алмасақ та, сирек кездесіп жүрсек те бір-бірімізді оңай түсінісетінбіз. Оның көп сырлары мен қырлары, таланты ашылмаған күйі қалды. Екеуімізді түсіністірген оның саясатнамалық мақалалары, зерттеулері еді.

Кезінде тәуелсіз мемлекеттігіміздің алғашқы он жылдығында Ақжанның көптеген саяси сараптамалық мақалалары көпшілік назарына жаңа ой, жаңа көзқарасымен көрнекті болды. Ол өте өткір, әрі жинақы жазатын. Әр мақаласында тың ой, пікір айтатын. Мемлекеттік құрылымдар қызметіне, қоғамдық процестердің болмысына айқын баға беретін, әділ сын айтатын, ұтқыр ұсыныс жасайтын. Ақжан жастайынан қоғамдық процестердің қалыптасып, олардың әртүрлі қарама-қайшылықтарына сараптама жасай білген ойы өте сергек, көзі жіті, көреген, әрі өте білімді жас тұлға болды. Мен Ақжанды өзін көрмес бұрын алдымен оның саяси сараптамаларға арналған қызықты-қызықты мақалаларын оқушы едім. 90-шы жылдардың ортасында Ақжан сол кездегі біздің саяси қоғамдық өміріміз бен мемлекеттік қалыптасуымыздың барлық құбылыстарына әр уақытта өзінің көзқарасын білдіріп, соған тиянақты тұжырым жасай білген бірден бір сәтті және ұтымды, әрі өзіндей сарапшылар тобында ерекше көрнекті, сөзіне кез келген тыңдаушысы ден қоятын тұлға болды.

Мен Ақжанға: «Ақжан, Машанов атаңның саған ғылымдағы, өмірдегі жолын берсін» деп тілеуші едім. Әрине, сірә атын да әдейі сол Ата Машановқа ырымдап қойса керек. Амал не?

Ата Ақжан Машанов біздің қазақ фарабитану ғылымының, қазақ геологиясының көрнекті тұлғасы болған, осы екі саланың ғылыми докторы болған біздің фарабитану, арабтану ісіне үлкен еңбек

сіңіріп, ұрпаққа орасан мол мұра қалдырған ғұлама ғалым Ақжан Машановтың аты да, фамилиясы да соған сәйкес келетін, тура келетін. Кезінде ата-анасы болса да, кім болса да соны ырымдап қойған болу керек. Шын мәнінде кіші Ақжан өзі де сондай ғылым, білімге үшқыр, жарқылдаған ақкөңіл мінезі бар, болашағынан зор үміт күттіретін аса сүйкімді бауырымыз болды. Бірақ, ғылыми алғырлығы, ізденімпаздығы, оның сондай еңбекқорлығы ғұлама ғалым атамыздың атына ұқсаңқырап, соған бейімді болғанымен, өкінішке орай, өмір жасы ондайға келе алмай қалды. Күтпеген жерден тал түсте найзағай соққандай болып, жарқ етіп, жас өмірі кенеттен үзіліп, жүрек талмасынан кетіп қалды. Өте жас өмірден кеткен, өсіп келе жатқан біздің бір өреніміз еді, қазақтың аса бір дарынды, жаны, рухы таза талантты жігіттерінің бірі еді. Әсіресе, саяси ғылымдар саласында сол Ақжан Машановтай тұлғалар көп кездесе бермейді. Бір жағынан саяси ғылымдар біздің тәуелсіздігімізбен бірге келген ғылым саласы, бұл - жас ғылым саласы. Политологтардың ішінде бірден жазған мақалалары арқылы, жасаған сараптамалары арқылы көзге түсіп танымал болған айрықша өте бір алғыр тұлға болды. Өзінің жеке тұлғасы да аяулы, сүйкімді азамат еді. Жастай кезінде жазған оның еңбектері, мақалалары өзінің мазмұны мен маңызын жоғалта қойған жоқ деп есептеймін. Ол егер жинақталып, сарапталып, бір жүйеге түсіріліп, сол жазылған дүниелері жарыққа шыққан болса, ол қай кезде де зерттеушілеріне өте пайдалы болады. Бір жағынан біздің тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарындағы және бірінші онжылдық кезіндегі қоғамның қалыптасу мәселелері, қоғамның әртүрлі қыр-сырлары, солардың барлығын жинақтап, соны сараптап, соған үлес қосқан талантты жігіттеріміздің бірі дәл осы Ақжан Машанов еді. Енді оның артында қалған отбасы тек аман болсын, соларға жақсылық, бақыт тілейміз. Ақжан Машановтың өзінің қалған еңбегі біздің болашақ өмірімізге ғибрат болары хақ.

Сыздық Б.К.

ЛИДЕР-ҚЫЗМЕТШІЛІК ЖӘНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ҮЛГІСІ

Адамзат тарихы ежелгі жұрттардың белгілі бір мақсатқа жету жолында нақты бір басшының, жетекшінің, көсемнің сөзін тындап, ақылын алып, соңынан ергенін көрсетеді. Ел болам, ұлт болам деген жұрт басшыға мұқтаж. Бұл жол мемлекет ісіне де, дін ісіне де, шаруашылық ісіне де ортақ. Әлемдік діндердің таралуында да пайғамбарлық миссия жүктелген жекелеген тұлғалардың орны айрықша. Оларға Жаратушы таңдауы түскен, ерекше жаратылған. Адамдық қасиеттері мінсіз болып, өздеріне жүктелген міндеттердің мұратына жету үшін өмірі мен денсаулығына төнген қауіп-қатерлерден қорықпай, түрлі қиындықтардан қаймықпай алға жүрген.

Олар өздерінің адамдық адалдығымен, қажымас қайраттылығымен, жігерлі жүректілігімен, сана-сезімінің тереңдігімен, алдағыны болжай алар көрегендігімен, мақсат-мұратқа жетудегі табандылығымен басқа да мықты деген тұлғалардан өзгешелене білген.

Бастапқыда олардың жұрт арасында өмірі сүруі өзіне онша назар аудартпаса да, кейінірек жұрт ондай тұлғалардың дүниеге келуінен, тумысынан, тіпті тегінен бастап айрықша бір ерекшеліктер көріп, ерекше қасиеттердің нышанын аңғарып, оларды аңыздық кейіпкерге айналдырған.

Қазақы ел басқару, қызмет ету дәстүрінде де бұл үрдістің өзіндік жолы қалыптасқан. Абайдың «Отыз тоғызыншы» сөзінде «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан ... артық екі мінезі бар екен. ... Ол екі мінезі қайсы десен, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауры, бәрі өз малы болған соң, шынымен де жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?» [1, 481-482 б.] дегенін Әлихан Бөкейхан мен ізбасарлары іске асырған.

Ә. Бөкейханның ғұмырбаяндық, саяси қайраткерлік деректерінен біз оның жай ғана ұлт басшысы, әуелі лидер емес, ең алдымен лидер-қызметші, яғни ұлтына қызмет көрсетуші тұлға болғанын көреміз.

Бүгінгі күні лидерліктің лидер-басшылық сипаты емес, ең алдымен лидер-қызметшілік сипаты алға шығып, ХХІ ғасырда қоғамдық институттардың дамуының басқару парадигмасы ретінде танылып

келеді. Ал Алаш жетекшілері, әсіресе, Ә. Бөкейхан осы парадигманың озық үлгісін ХХ ғасырдың басында жасап кетті десек артық айтқандық емес.

Лидер-қызметші идеясының өзіндік бір талдауын ғалым А.А. Нестуля береді [2, 3-7 б.]. Ол Роберт Гринлифтің еңбегін [3] талдау негізінде қызмет етуші лидерлікті біраз ашқан. Р. Гринлиф өз кезегінде Герман Гессенің «Поломничество в страну Востока» [4] романынан әсер алған. «Лидер-қызметші» ең алдымен қызметші. Қызмет ету – оның ішкі қозғамы, ниеті.

Қызмет етуші лидерлік, немесе лидерлік-қызмет етудің тиімді болуы үшін қажетті шарттардың қатарында лидердің қызмет етуге деген терең ішкі қозғамдама (ішкі түрткі, «ішкі даусы», «ішкі пайғамбарлық»); күнделікті әділетсіздікке қаймықпай қарсы тұру; қоғамдық құрылымды адам мен тұлғаның мүддесі үшін өзгертуге дайындық; таңдауының саналылығы; басқа адамдардың өмірлік сұраныстарына қамқорлық; зор арманға ұмтылатын үлкен тұлғалық кемелдік; қол жетуі қиын да алыс биік мақсат-мұраттар қоя білу; мақсат-мұратына жетудің нақты жолын жігерлі іздеу мен жетілдіру; басқару қатынастарына қатысты қоғамда қалыптасқан басым құндылықтар мен дәстүрлі немесе жалпыға танымал көзқарастарды еңсере білу; жүрер жолын айқын да озық көре білер көрегендік және соған бастай білер жетекшілік; өзіне өзінің мықты сенімі; ізбасарларының оған деген сенімі; халықтың сенімі; күшті зерде, кең ақыл – даналық; түйсігінің мықтылығы және т.б. тізуге болады.

Шынайы лидер өткенді, бүгін мен келешекті органикалық тұтастықта көре біледі. Кешегіні тәрк етпеу, бүгін қапы қалмау, келешектен ешқашан көз жазбау – міне осы үштік лидер тұлғасының да тұтастығын көрсетеді. Сондықтан да лидер өз өмірінің әр күні бір мезгілде тарихшы да, талдаушы да, пайғамбар да бола алуы тиіс. Тарихты түйсіну, білу, меңгеру, бүгінгі ақпараттар ағыны мен оқиғалар сапырылысынан ең бастысын тани алу, таңдай алу, талдау жасау, келешектің көркем кескінін көз алдына келтіре алу тұлғаға тән болса, бұл оның лидерлігінің мықты бір қыры болмақ.

Лидер-қызметші өз басының қамын ойлаушы емес, ол ең алдымен ұлтына, халқына қызмет етуші. Осы тұрғыдан оның өз басының пайдасы, қауіпсіздігі, беделі кейінге ысырылады.

Лидер-қызметшінің моральдық жауапкерлігі айрықша. Ә. Бөкейханның біз таңдаған жолдан, айтқан сөзімізден бас тарта алмаймыз, халықты алдауға, оның сеніміне қиянат жасауға болмайды, ал жастар амал табындар деп М. Әуезов пен Қ. Мұхамедхановты аман алып қалуы осының мысалы.

Қазақта өз көсемдері болған, бар, және бола да бермек. Бұл бұрыннан бар үрдіс. Арғы замандарға бармай-ақ, беріден тартып, сонау түркі қағанаттарынан бастасақ, Күлтегін, Білге, Тоныкөк [5], Қорқыт, Асан Қайғы, Тәуке, Әбілхайыр, Абылай, Кенесары, Наурызбай, Исатай, Махамбет, Сырым, Кейкі мерген, Оспан батыр деп тізе беруге болады. Бұлар сол өздері өмір сүрген заманда мүмкін болмаса да, алыс-жақын келешекте әйтеуір бір жетер үлкен арманды армандай білген үлкен тұлға ретінде тарих шыңына шықты. Олар өз өмірлерін өткінші қызыққа шырмалтпай, ұлттың ұлы арманына қызмет етуге арнады.

Осы үрдісті үзбей жалғастырған тұлғалар галереясы ауқымды. Лидер-қызметшілік Ә. Бөкейханның және басқа да қазақ қайраткерлеріне тән болғаны даусыз. Бұл олардың қоғамдық, мемлекеттік және жеке өмірлерінен де көрінеді. Олардың өмір жолы саяси-қоғамдық табандылықтың, сүйген жарға, досқа деген адалдықтың үлгісі.

Ә. Бөкейхан бас қамын ойласа, оның ақыл-көрегендігі, амал-айласы аман қалуға, биік мансапқа жетуге, отбасын аман сақтап қалуға, ұрпағын өзіне қолайлы ортада өсіруге артығымен жетер еді. Қазақтың қазағы болған Ә. Бөкейханның ұрпағының өзінің ұлттық тамырынан ажырап, өзге ұлтқа сіңіп кетуі, бүгінде жат мәдениет аясында танылуы жеке бастың ғана емес, тұтас қазақтың да қасіреті. Тарих та тағдыр да солай қалыптасты. Өкінішті! Бәлкім Ә. Бөкейхан ұрпағының ішкі сезім-түйсігі, жігер-қайраты, ақыл-даналығы бір кездері өз қазығына оралуға алып келер. Бұл бір қияли мақсат емес, ұлттың өркендеуінің, атап айтқанда қазақтың жаңғыруының көрінісі болар еді.

«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Ә. Бөкейханов осыны өз ғұмырының бұлжымас мұраты қылды. Алыс-жақында жүрсе де халқының айқын да көмескі арман-аңсарларына, мұқтаждықтарына қызмет етуді, оның ыстық-суығына көнуді өз жолының биік шыңы деп білді. 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалыста жұрттың құр бекерге қырылмауын және қазақ жігіттерінің әскери іске көзі мен бойы үйрене беруін, мұның келешекте керек іс екенін, олардың майданның қара жұмысына жіберуге үндеп, соңынан өзі уәде еткендей майданның алғы шебіне барып, оларға қызмет етуі, нақты қамқорлық жасауы неге тұрады?

Елден жырақта Мәскеуде үй қамақта отырғанда да ол қазаққа қызмет етудің тиімді жолдарын тауып, соның жемісін халқының пайдасына ұсынды. Жазған еңбектері, берген кеңестері, өмірлік үлгісі бүгінгінің іргетасы іспеттес.

Зерттеушілер Ә. Бөкейхан ғұмырнамасынан осындай деректердің талайын табарына күмән жоқ. Мәселе, сол оқиғаларды тізбектеуде емес, олардың ішкі мәніне үңілуге, ішкі қозғамын ашып көрсетуге саяды.

Алаш қайраткерлерінің лидер-қызметшілік қасиеттерінің көріністері, олардың мұралары өзгеге де үлгі болған. Міржақып Дулаттың «Оян қазақ!» үндеуі Ататүріктің күндіз айнасына, түнде жастығына айналыпты.

Сондай-ақ Бауыржан Момышұлының бойындағы қайраткерлік, жетекшілік, қызмет етушілік қасиет екінші дүниежүзілік соғыс барысында айқындалды. Оның тұлғасы жан-жақты толымдылығымен назар аудартады. Ол тек әскери гений ғана емес, ұлт болашағын ойлаушы рухани көреген, адам психологиясын терең білуші, қызмет-міндетіне адал, өз басын қатерге тігуші, қажыған да қалжыраған, әлсіреген жұртты қатерлі де қауіпті міндеттерді орындауға жұмылдыра алушы, зор сенімге ие, кез келген мәселенің мәніне терең үңілуші, талдаушы, тарихи ойлаушы және т. б. қасиеттерге ие қайраткер-тін. Оның әскери даналығын әлемнің біраз елі өз пайдасына асырғаны туралы деректер жетерлік. Соның бір мысалы Израиль еліне қатысты. 1946 жылы А. Бектің «Волокнамск тас жолы» кітабы ивритке аударылады. Израиль мемлекеті енді құрылып жатқан кез. Жас мемлекеттің әрбір офицеріне қарумен бірге осы кітаптың бір данасы тапсырылған. Бұл кітап оқу құралы ғана емес, әрекетке тікелей басшылық нұсқауы ретінде қызмет еткен. Бас штаб бастығы генерал Мота Гур өзінің естелігінде рота командирі болған кезінде майдан шебін тастай қашқан әскерлеріне кітаптың бір тарауындағы батальон командирі Б. Момышұлының «Сен соғыс позициясыңды жауға тастадым деп ойлайсың ба? Жоқ сен Москваны жауға тастадың!» деген сөздерін оқып береді де бұрылып кетеді [6]. Сөйтіп ол сарбаздардың санасына жетер сөз айттым, әсері рухын көтердім деп санаған. Міне, Б. Момышұлының кітаптағы сөзінің өзі Израиль әскерінің рухын жебеген.

Б. Момышұлының әскери кемел ойының әскери жарғы түзеуде, әскери стратегия мен тактика құрауда, сарбаз дайындауда әлемнің түрлі елдерінде қолданысқа енгені туралы ақпараттың көбін біз біле де бермейміз. Қазақ лидерлерінің ХХ ғасырда саяси, интеллектуалдық, білім, ғылым, экономика және т.б. салалардағы жанқиярлық қайраткерлігінен үлгі алғандар бұдан әлдеқайда көп екені анық.

Саясаткер С. Құттықадам өз ұлтына қызмет етуімен әлемге танылған мемлекеттік жетекші-реформаторлардың үздік ондығына кітап арнады. Оған Мұстафа Кемал-паша Ататүрік, Франклин Рузвельт, Людвиг Эрхард, Дэн Сяопин, Рональд Уилсон Рейган, Нельсон Ролихлахла Мандела, Ли Куан Ю, Махатхир бин Мохамад, Маргарет Тэтчер, Лех Валенса енген [7].

Мемлекеттік жетекшілік-реформаторлық қызметін әлем танып, өзгелер үлгі еткен осынау тұлғалар лидер-қызметшілік қасиеттерімен ерекшеленеді.

ХХ ғасыр басында көнеден келе жатқан қазақ мемлекеттілігінің Ресейдің отарлық салдарынан үзіліп, енді жоғалуға бет алған дәстүрі жаңғырды: Қоқанда Түркістан мұхтариятын, Орынборда Алаш автономиясын жариялауға қол жетті. Бірі 64 күн (1917.27/XI – 1918.11/II) өмір сүрді, екіншісі екі жылдай (1917.13.XII-1920.09/III) қарекет етті.

Түркістан мұхтарияты мен Алаш автономиясы түптеп келгенде бір елдің, бір ұлттың мақсат-мұраты, мүддесі үшін бір кезеңде, сәл ілгері-кейінді, біріне бірі жалғаса туған егіз құбылыстар. Оларды бөле-жармай, бір деп санау керек. Алайда құрсағы бір десек те, кіндіктері бөлек. Ерекшеліктері де жетерлік. Екеуі бір қазақтың екі бөлек республикасы болғанын жоққа шығаруға болмас. Бұлар болмаса, одан кейін қашан, қайда қадам басар едік!

Оспан батырдың Шығыс Түркістанда құрған мемлекетін де жадымыздан шығаруға болмас. Бір заманда уақыт шіркін оның да орнын белгілеп берер...

Қоқан мен Орынбордың бірін бірі қолдай жарыса көтерілуі, ұлт көсемдері мен олардың серіктерінен сайланбалы үкіметтер құруы, жақын келешекте бірлесу туралы келісуі өзінше бір феномен. Астана Орынбордан Семейге – Алаш-қалаға көшкен соң, Қоқан республикасының (Түркістан мұхтарияты), Алаш-Орданың және Башқұртстанның басшыларының біріккен съезд өткізгені де көп нәрсеге меңзейді. М. Шоқайдың «Ресей бұғауына түсіп қалған өлкелер ортасында тәуелсіз ұлттық мемлекеттілік үшін күресу жолына тұңғыш рет Түркістан түсіп отыр» деген ойы да ақпары мол дерек.

Халел мен Жанша Досмұхамедовтер 1918 ж. көкектің 2-сіне дейін Мәскеуде автономия алу жөнінде В.И. Лениннің қабылдауында болуы, Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, Ә. Ермековтер В.И. Ленин және И.В. Сталинмен Қазақ автономиясының жер көлемі, шекарасы туралы келіссөз жүргізуі, Қазақ елінің жер аумағын шегендеуі Алашорда билігінің қызмет-қарекеті аясында жүзеге асқан. Батыс Қазақстан өңіріндегі Каспий жағалауларының, Семей, Ақмола облыстары мен Алтай өңіріне кірген қазақтар тығыз орналасқан Коростолов даласының Қазақстанға қайтарылуы осы кезде!

Одан соң, Конституция қабылданбай тұрып-ақ «Қазақты – қазақ дейік, қатені түзетейік» деген Сәкен Сейфуллин, 1923 ж. қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде енгізген.

XX ғасырдың алғашқы үштігінде қазақы ой тағдыр тәлкегімен ақ-қызыл баррикаданың екі жағына жарылды. Дегенмен, екі жақтың да жетекшілері халықпен бірге болу, ұлтқа қызмет ету миссиясын санада ұстады. Жалпы интеллигенция алдында осынау екудай жармақ заманда екі жақты болған қазақ лидерлеріне ортақ мүдде ұлтқа қызмет ету болғанын дәйекті, дәлелді, негізді түрде жас ұрпақтың санасына сіңіре беру міндеті тұр. Олардың ұлы мұраттарының бірлігі ұсақ та жайсыз әңгімелер мен тірліктің келеңсіз де кездейсоқ көріністерінің тасасында қалмауы керек. Кездейсоқ көріністер көркем келешекке деген ортақ ұмтылысты көлегейлемейі тиіс.

Осы тұрғыдан келгенде мемлекеттік қызметшілердің жаңа буындарын алыс-жақын өткендегі қазақ лидерлерінің үздік үлгісі аясында, лидер-қызметшілік парадигмасы аясында дайындауды негізге алу өзекті.

«Ұлық болсаң, кішік бол!» деген қазақ данылығы баршаға мәлім. Мемлекеттік қызметшілердің лексиконында «мен ел басқардым» деген сөзді «мен шамам жеткенше елге қызмет еттім» деген сөз алмастыруы тиіс.

Тілдерді қолдану мен дамыту бүгінгі таңда мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналып отыр. Себебі, тіл саясаты оның ішінде мемлекеттік тілдің проблемалары еліміздің қауіпсіздігіне, оның мемлекеттілігінің нығаюына тікелей қатысты мәселелер болып табылады. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілі – ұлттық руханиятымыздың өзегі. Қазіргі кезде қазақ тілін дамыту, оқытудың деңгейін арттыру мәселесі көтеріліп, осы орайда түрлі шара атқарылып жатқаны баршамызға аян. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оның мүмкіншіліктерін барынша пайдалану – еліміздің әрбір азаматының абыройлы міндеті. Адамзат мәдениетінің негізі – тілде. Кез келген ұлттың басты ерекшелігі – оның ана тілінде. Ұлттың жаны мен жүрегі ары мен ұяты, қазына-байлығы мен атақ абыройы тілге байланысты. Жер бетіндегі сан мыңдаған ұлттардың ішінде тек қазақ халқы өз тілін ана тілі деп ардақ тұтып, қастерлейді. Қазақ үшін тілден құдіретті ештеңе болмаған.

Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан-балаға жетіп отыратын ұлы күш. Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес байлығы, қуатты қайнар бұлағы. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазірге және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден-бір сенімді құрал. Тіліміз арқылы халқымыздың жан дүниесін танып білеміз, себебі, халықтың рухани байлығының сарқылмас бұлағы сонда жатыр. Туған жеріміз бен ел-жұртымызды да сол арқылы айтып жеткіземіз.

Тіл адам баласының басты қазынасы болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін танытатын дәлелді көрсеткіші. Әр халықтың ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін «Ұлы» деп қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, тіл – ұлттың тірегі. Ол жан-дүниенді ашып көрсететін мөлдір айна. Тіл жоғалса, ұлт та жоғалатыны белгілі. Барлық қазақстандықты біріктіретін – қазақ тілі сондықтан, егемен елімізді сақтап қалу үшін ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге ерекше ықылас қажет.

Қазақстан халықтары тілдерін дамытудың стратегиясы үш негізгі мақсатта: мемлекеттік тілдің әлеуметтік – коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту; орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау; этностық топтардың тілдерін дамыту бағытында жүзеге асырылып отыр.

Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттігі өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Қазақстанда қалыптасқан тарихи факторларға байланысты қоғамда негізінен қазақ-орыс тілділігі басымдыққа ие болған. Ресей қашаннан бері біздің көршіміз, біздерде ұзақ уақыттан бері

ортақ мәдениет, ортақ тарих болып келді және қазіргі таңда Қазақстанда орыс тілін сақтап қалу біздің мемлекетіміз арасында көп ретте сауда, дипломатиялық және мәдени байланыстарды қалыптастыруға тиімді жағдай жасайды.

Орыс тілін меңгеру біздің азаматтарымыз үшін шын мәнінде үлкен байлық, осы орайда бізде екі тілді ұрпақтың қалыптасуы көп ретте ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілік сапасын арттырады. Көтілділік дегеніміз- бұл тек екі тілде сөйлеу қабілеті ғана емес, сонымен бірге, бұл қос өркенниеттің мәдени құндылықтарын сіңірген ерекше ойлау қабілеті болып табылады. Орыс тілі – біздің мәдени байлығымыздың ажырамас бөлігі, әлемдік білімдердің қалың қатпарларын танудың, ұлтаралық қарым-қатынастың тілі.

Елбасымыздың «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасының басты мақсаты-қазақ тілінде қысым жасау емес, керсінше оның бәсекеге қабілеттілігін орыс және ағылшын тілі дәрежесіне дейін көтеру. Оның үстіне қазақ тілінің бәсекеге қабілеті осындай міндеттерді қоюға толық мүмкіндік береді. Сондықтан, халықтың орыс тілін білу деңгейін жоғалтпауымыз керек, ал ағылшын тілі – болашаққа, жаңа даму шырдарына бағытталған жол, себебі ол әлем мойындаған халықаралық қатынастар тілдерінің бірі. Сондықтан Н.Назарбаевтың Қазақстандықтардың өскелең ұрпағына үш тілді меңгеру: қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тіл ретінде және ағылшын тілін халықаралық қатынас тілі ретінде білу мүмкіндігін жасауға деген ұмтылысы өте дұрыс деп ойлаймын.

Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі заманда оқушылардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру басты міндет. Демек, оқушыларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Шетел тілі қазіргі кезде заман талабына сай көптеген мектептерде 1 сыныптан бастап жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір балаға психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, содан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтуын, білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретіндігінде.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқытуда оқушыны ынталандыру үшін түрлі инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданған жөн.

Әрине, білім беру саласында көптеген технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындықтарын жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған көрінеді.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Назарбаев. Ұлт жоспары - бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы, IV.Біртектілік пен бірлік, 85 қадам.
2. Жарықбаев Қ. Аталы сөз.– Алматы: Жалын, 1980.
3. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
4. Ақиқат. 2011жыл, №5. «Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі.

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗІ – ЕЛБАСЫНЫҢ ИГІ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтардың келісімі мен татулығына қатысты арнайы жолдар бар. Сол тарауда: «Біз қазақ халқына, біздің мәдениетіміз бен тілімізге қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірдік. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім — біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды» деген Елбасының қорытынды сөздері мен тұжырымдарымен танысуға болады [1].

Қазақстан — ислам, христиан және буддизм сынды әлемдік ірі діндердің табиғи тоғысқан мекені. Бұл жерде ғасырлар бойы әртүрлі халықтар мен этностардың өкілдері бейбіт өмір кешіп, еңбек етті. Осылай, өзара байып, өркендеуге алып келген бекем мәдени және рухани байланыстар қалыптасты. Бүгінде біздің халқымыз бұл баға жетпес құндылықты сақтап, ұлғайтып, болашақ ұрпаққа мирас етіп қалдыруға ынталы.

Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық татулықтағы қол жеткізген жетістіктерінің нәтижесінде, әлем мойындаған дара да дана жолының арқасында 2010ж. Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына, 2011ж. Ислам Конференциясы Ұйымына басшылық ету мәртебесіне ие болған болатын.

Қазақстан өзінің 25 жылдық тәуелсіздігі мерзімінде өз қоғамының дара этносаралық және конфессияаралық келісім моделін қалыптастыра білді. Бүгінгі күні біздің еліміз ондаған ұлт пен ұлыстың киелі шаңырағына айналды. Елбасы Қазақстанның этномәдени және конфессиялық алуандылығын мол байлық, қазақстандықтарға бағалы мәдени жетістіктерімен басқа халықтармен алмасуға мүмкіндік беретін біздің тұтас қоғамымыздың жалпыға бірдей игілігі ретінде ерекше атап өткен болатын. Әлемдік және дәстүрлі діндердің үздік ғұрыптарына құрмет білдіріп, қолдау таныта отырып, Қазақстан халқы заман талабына сай зайырлы мемлекет қалыптастырды.

Дін саяси-мемлекеттік үрдістерге араласпайды. Өз кезегінде мемлекет діни қауымдастық өздерінің әлеуметтік, салттық, ағарту және өзге де міндеттерінің толық орындалуына ықтиярлы жағдай жасап, олардың ішкі өміріне қол сұқпайды.

Мемлекет конфессиялардың ішкі өміріне араласпау саясатын ұстана отырып, өздерінің коммуникативті, біріктіруші және әлеуметтік міндеттерін толыққанды жүзеге асыру үшін екі тарап арасындағы ашық диалогтың дамуына жағдай жасайды.

Жоғарыда аталған іс-шаралар Қазақстанға әртүрлі діндер, мәдениеттер мен өркениеттердің бай тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік берді. Өз кезегінде бұл елдің басым халқының ортақ құндылықтарының қалыптасуына, конфессияаралық келісім мен өзара сыйластықтың толерантты өрісін түзуге ықпал етеді.

Өкінішке орай, әлемде экстремизм мен терроризмнің қаупі азаймай тұрғандығын да атап өту қажет. Дін атын жамылған олардың идеологиясы адамдар арасында қайшылық пен сенімсіздік уын шашып, жер шарының түкпір-түкпіріндегі азаматтардың ақыл-ойын билеп, көңіл күйлеріне ықпал етуде.

Әлемде дінаралық және мәдениетаралық негіздегі қайшылықтар мен шиеленістер әлі де баршылық, қатер мен қарсылықтардың жаңа ошақтары туындауда. Осы жағдайлар өз кезегінде қазіргі замандағы жаһанның дамуына ықпал ететін факторлар негізін белсенді зерттеп, жаңа амал мен ұстанымдарды іздестіруге итермелейді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қоғамдағы өсіп келе жатқан діннің рөлін және дін атын жамылған террористік ұйымдар тарапынан туындайтын қатерлерді ұғына отырып, 2003 жылы Қазақстанның Елорасы – Астана қаласында діни лидерлердің дінаралық форумын өткізу жөнінде баға жетпес ұсыныс білдірді.

Бұл бағытта Қазақстан әртүрлі әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялар арасында диалогты ілгерілетуге қатысты өзіне үлкен жауапкершілік артқанын жеке атап өткен абзал.

Н.Назарбаев бастамасы Дүниежүзілік Ислам Лигасының Бас Хатшысы Шейх Ат-Турки, Орыс Православ Шіркеуінің Патриархы Алексии II, Рим Папасы Иоанн Павел II, Израильдің Бас ашкеназий раввині Иона Мецгер және басқа есімі әлемге танымал діни лидерлер, ірі діни беделді тұлғалар тарапынан оң пікір тудырған қолдауға ие болды.

Мемлекет басшылары мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің қолдауының арқасында қазақ жерінде 2003 жылдың 23-24 қыркүйегі аралығында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Бірінші съезі болып өтті. Оның жұмысына қатысу үшін Астанаға әлемнің 14 елінен 17 делегация катысты.

Съезд адресіне ірі державалар мен әлемдік ұйымдар, сонымен қатар әртүрлі шіркеулердің жоғарғы шендерінен өкілдер, атап айтсақ, Орыс Православ Шіркеуінің Патриархы II Алексии, Рим Папасы II Иоанн Павел, Кентерберийлік архиепископ Роуэн Уильямс, Константинополь Патриархы Варфоломейден құттықтау хаттары келіп түсті.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Елбасы бастамасының негізінде өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Бірінші съезі ғаламшар халықтары арасында рухани жақындық үрдісін бастап, бітімгерлік ұйымдардың қатарынан өзінің ерекше орнын алып үлгерді.

Бірінші съездің жұмысы болашақтағы үйлесімді әлемнің негізі ретінде адамзат бейбітшілігі мен дамуын және қоғамдардағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірлескен әрекеттер жайлы діни лидерлер пайымдаған Декларацияның қабылдануымен аяқталды.

Съездің нәтижесі бойынша делегаттар діндер диалогы терең болуы қажет және пікір таласа білу негізінде жүзеге асырылуы тиіс деген пікірге келді. Діни салдарларға байланысты туатын тартыстардың себептерін анықтауға байланысты, дінаралық үйлесімді кемелдендіру, бір-бірін құрметтеу, басқа халықтар дәстүрлері негізінде үйрену сынды проблемалар көтерілді.

Өткен іс-шараның жетістігі ретінде, дінаралық форумды үш жылда бір ұдайы өткізу туралы I съездің шешімі қабылданғанын атап өткен абзал. Қазақстанға Еліміздің бас қаласы Астанада 2006 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші съезін ұйымдастырып, өткізу мәртебесі сеніп тапсырылды.

I Съезге қатысушылар дінаралық саммитті тұрақты өткізіп тұру жөнінде ұйғарымға келіп, форумның жұмыс органы – яғни, құрамына діннің жетекшілері мен көрнекті қайраткерлерінің өкілдері енетін Съезд Хатшылығы мен жұмыс тобын құру туралы шешім қабылдады. Аталған органдар тұрақты түрде форумның мазмұнды және концептуалы құжаттары мен материалдарын, сонымен қатар съездердің қорытынды құжаттарын дайындау жұмыстарын жүргізеді.

Съезд алғашқы бастамалары жайлы айтар болсақ, бірінші съездің қорытындысы бойынша, дін лидерлерінің форумы өткізіп тұруы үшін арнайы сарай салу шешімі қабылданды. Осылай, атақты архитектор Норман Фостердің жобасы негізінде, Астана қаласында арнайы Бейбітшілік пен келісім сарайы бой көтерді. Осы сәулетті де бірегей ғимаратта 2006 жылда өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінен бастап, съезд Хатшылықтары мен өзге съездер ұдайы өткізіліп келеді. Аталғандай, 2006 жылғы 12-13 қыркүйекте Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» атты тақырыптың аясында өтті. Съезд осы ауқымды халықаралық іс-шараны өткізіп тұру үшін арнайы салынған жаңа ғимарат – Бейбітшілік пен келісім сарайында болды. Форум жұмысына Европа, Азия, Африка және Американың 20 елінен келген 43 делегация қатысты. Форум «Дінаралық диалогтың принциптері» атты маңызды құжатты қабылдады. Съезд өз жұмысын қорыта келе Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығын ашу туралы бастама көтерілді.

2009 жылғы 1-2 шілдеде Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезі «Толеранттылық, өзара құрмет және ынтымақтастыққа негізделген әлемді қалыптастырудағы діни лидерлердің рөлі» атты тақырыптың аясында өтті. III Съездің жұмысына 77 елден келген, әлемнің барлық басты діндеріне қатысы бар 77 делегация атсалысты.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 2008 жылғы 13 қарашада қабылдаған қарарына сай, Съезд БҰҰ жүйесінің қатысуымен әрі техникалық жәрдемін пайдалана отырып өтті. Съезд жұмысын үйлестіру үшін, мәдениеттер мен діндер арасындағы диалогты ілгерілетуді көздейтін басқа да форумдар және халықаралық ұйымдармен әрекеттестік пен ынтымақты кеңейту ниетімен Президент Назарбаев Діни лидерлер кеңесін құруды ұсынды.

2012 жылғы 30-31 мамырда Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезі «Бейбітшілік пен келісім-адамзат таңдауы» атты тақырыптың аясында өтті. Форумға 40 елден барлық

әлемдік және дәстүрлі діндерге, сондай-ақ беделді діни және халықаралық ұйымдарға қатысы бар 87 делегация атсалысты.

IV Съезд аясында Форум институттарының қалыптасуы жалғасты. Атап айтқанда, үйлестіруші орган – Діни лидерлер кеңесі құрылды. Оның құрамына дәстүрлі діндердің жетекшілері мен көрнекті өкілдері енді. Діни лидерлер кеңесінің мүшелері елордадағы «Мәңгілік ел» даңқ қақпасының маңында «Рухани жарасым» аллеясын ашып, оған көшеттер отырғызды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезінің пленарлық отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық толеранттылық пен сенімнің қалыптасып, нығаюына арналған, G-Global порталының құрамдас бөлігі болатын интернет ресурсын түзуді ұсынды [2]. Елбасының бұл ұсынысы да жүзеге асырылып, бүгінде бұл портал әлем ғалымдарының торабына айналып отыр.

2013 жылы бірінші съез шақырылғанына он жыл толды. Съезд жұмысының онжылдығына орай, 2013 жылдың қыркүйек айында съездің мерейтолық XII Хатшылығының мәжілісі өткізіліп, үлкен халықаралық конференция өткізілді. Осы уақыт аралығында Астана қаласында 4 съез және хатшылықтың 12 мәжілісі өткізілді.

2015 жылғы 10-11 маусымда Астанада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Діни лидерлер мен саяси қайраткерлердің бейбітшілік пен даму жолындағы диалогы» тақырыбында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезі өтті. V Съезге ислам, христиан, иудаизм, буддизм, индуизм, даосизм, синтоизм, зороастризм діндерінің беделді өкілдерімен қатар, атақты саясаткерлер, сондай-ақ діни және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін қосқанда әлемнің 42 елінен 80 делегация қатысты [3].

Діндер мен конфессиялар арасындағы келісім мен бейбітшілікті ту еткен съез қанатын кеңінен жайып, жылдан-жылға нығайтып келеді.

Жоғарыда аталған Жолдауда Қазақстан халқына Елбасы мынадай аманат жүктейді: «Қазақстан — біздің қасиетті мекеніміз. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп, өркен жаятын болады. Қазақ жеріне тағдырдың жазуымен алуан түрлі ұлт өкілдері қоныс аударды. Біз оларға құшағымызды ашып, қазақи қонақжайлықпен қарсы алдық. Олар біздің елімізде өсіп-өніп, бауырларымызға айналды. Қазір біз көпұлтты сипаты бар, біртұтас елміз. Жаһандану дәуірі — көпұлтты мемлекеттер дәуірі. Бұл — әлемдік үрдіс. Еліміздің дамуына барша ұлт пен ұлыс өкілдері бірге үлес қосты. Ендеше, тәуелсіз қазақ елінің азаматтарын алалауға, бауырластығын бұзуға ешкімнің хақысы жоқ. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру — барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген жан өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз». Олай болса, елі аман жұрты тыныш қонақжай Қазақстан мемлекетіне, басшылары үш жылда бір дөңгелек үстел басына жиналып, салиқалы сұхбат өткізетін әдемі дәстүрін сақтай отырып, алтыншы отырысы 2018 жылға жоспарланып отырған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері кезекті рет бас қосып бата береді деп үміттенейік.

Дерек көздері:

1. http://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy_a2518877
2. <http://www.religions-congress.org/content/view/358/35/lang,kazakh/>
3. <http://www.kazembassy.ru/kz/bannerynacproyekty/bannerynacproyekty4>

Әмірғазин С.Т.

ЕЛБАСЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНА ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АЙҚЫНДАМА

Жалпы әлемде ұлттық мәдениеті мен рухани мұралары басқа елдермен салыстырғанда едәуір жоғары деңгейде дамығандарының қоғамдық саналарының бірегейі: философиялық ой-танымдарының толымдырақ дамуы заңды. Соған орай біздің саяси тәуелсіздік пен рухани дербестік, мәдени плюрализм мен толеранттылық жағдайындағы қазақи философиялық ұстанымдарымыз өзіндік қажетті қоғамдық деңгейде дамуда деп айта алмаймыз. Оның себеп-салдары мен қазіргі қалпы көпшілік ғылыми қауымға таныс, белгілі жайт.

Бұл да бір «Қайда барсам да Қорқыттың көрі» демекші небір санасыз да керек «Ебелек философия» деп атаған идеяларына сүйеніп «жалған философтардың» жалпылама философияны терістеп, жас ғалымдарымызды әлемдік философия мен ұлттық-этностық өзіндік философия арасындағы сабақтастықтан қол үзуге итермелеулеріне не дейміз? Атам қазақтың ұстанған табиғи және өмір философиясы, дүниетанымының әлеуметтік-этикалық сипатын, осы уақытқа дейінгі сақталып келген қатаң дәстүршілдігі мен халықшылдығын қайда қоямыз? Тіпті өзіндік ой-толғанымдарымен бірге өмірлік діни-мистикалық сенімдерінің ұлы дала табиғатына сай қалыптасқан синкретизмдік қалпы ше?

Дала тұрғындарының өмірлік ұстанымдарының қоршаған орта, табиғатпен тікелей үндестікте дамыта отырып натурфилософиялық мәселелерді алдыңғы орынға шығарғаны философия ғылымдарының докторы, профессор М.С. Орынбековтың «Предфилософия протоказахов» атты еңбегінде кеңінен зерделенген. Дала ұстанымында ғарыштық, табиғи, адами болмыс тұрпаттарымен қатар уақыт пен кеңістік, еркіндік пен қажеттілік сияқты философиялық категориялар өзіндік жүйеге ие болғаны ақиқат. Сонымен бірге, «бақыт», «күт», «қанағат», «несібе», «ынсап», «обал», «сауап», «кие», «кесір», «ел» түсініктеріне қатысты өзіндік дүниетанымдық көзқарастары қалыптасты.

Қоғамдық сана алқабында дүниетанымның жоғарғы формасы философия болып табылатыны ежелден келе жатқан аксиома. Ал, қазіргі кезеңдері философия тұрғысынан А. Эйнштейннің «Сенемін сондықтан өмір сүремін» ұстанымына сүйенсек біздің мемлекетіміздің жалпы даму процесіне қажетті нақтылы философиялық тұрпатта жүйеленген замандық идея қалыптасты деп сеніммен айта аламыз. Олай дейтініміз елімізде жан-жақты талқыланып, талданып, жинақталып және нақтылы қорытындыларға қол жеткізіп отырған қазақстандық «Мәңгілік Ел» идеясы.

Қазіргі замандық экономикалық, саяси-әлеуметтік және рухани дағдарыстардың өршуі барысында біздің Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына ұсынған кезекті жолдауына әлемдік мынадай алғышарттар қозғаушы болды. Атап айтқанда:

- қазіргі кезеңдік уақыттың тарихи жеделдігі;
- демографиялық дисбаланстың арта түсуі;
- азық-түлік қорының жетіспеу қаупі;
- әлемдегі ауыз су мәселесінің туындауы;
- энергетикалық қайнар көздердің тарылуы;
- табиғи ресурстардың күннен-күнге азайуы, жетіспеушілігі;
- индустриялық революцияның тезделуі мен нотехнология;
- әлемдік әлеуметтік тұрақсыздық;
- жалпы құндылықтар дағдарысы;
- әлемдік дамудың тоқырауға ұшырауының салдарынан

туындап отырғаны тарихи ақиқат. Ал, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында «Мәңгілік ел» ұғымына төмендегідей түсінік берді: «Мәңгілік Ел– ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі–Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым» (17.01.2014 ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы). Мұндағы негізгі бағдарлар: Кәсіби мемлекеттік аппарат құру; Заңның үстемдігін қамтамасыз ету; Индустриялық және экономикалық өсім; Біртектілік пен бірлік; Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы ұлттық тарихты ұлықтау бойынша мемлекеттік деңгейде бірнеше елеулі бастамалар қолға алынды. Алдымен 1998 жыл халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланды. 2001 жылы мамыр айында көне түркі бабаларымыздың қолымен VII ғасырда жазылған Күлтегін ескерткіші (Жапониядан) Астанаға жеткізілді. Өтүкен мен Арқаның тарихи-рухани сабақтастығы қайта жалғасын тапты. 2003 жылы сәуірде Елбасы Қазақстан халқына жолдауында

арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырды. Сөйтіп, «Халық тарих толқынында» бағдарламасы арқылы қоғамдық жұмыстар жүзеге асты. Аталған іс-шаралар негізінде Президент «Мәңгілік ел» тұжырымдамасын ұсында. Соған орай Астанада «Мәңгілік ел» қақпасы бой көтерді.

«Мәңгілік ел» тұжырымдамасының негізі де көне Көк Түркі мемлекетінде жатыр. Өз елімізді, мемлекетімізді мәңгілік ұстап тұра аламыз деген оймен «Түркі халқы Өтүкен қойнауында отырса елде мұң жоқ, мәңгілік ел тұтып отыратын жерің осы. Тәңірі жарылқады» делінген сөзін мәңгітасқа қашап жазып қалдырды. Олардың мемлекетті, елді аман сақтап қалуда өзіндік бұлжымас қағидалары, ұстанымдары болған. Дана Тоныкөк «біз ат үстінен түспейік, ат үстінен түскен халықтың жігері мұқалады, жауына жем болады» деді. Сөйтіп олар «Мәңгілік Ел» құру жолындағы арман-тілектерін мәңгітастарға қашап жазып кетті. Бұл қазіргі біздің алға қойып отырған «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деген мақсат-мүдделермен тарихи сабақтасып жатқан мәңгілік идея.

Басым бағыттар бойынша мына мәселелер шешілуі керек: Инновациялық индустрияландыру трендін түзету және күшейте түсу; Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру; Ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру; Инфрақұрылымдық ұштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету керек; Шағын және орта бизнесті дамыту; Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту; Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры!» деген болатын.

Мәңгілік Елдің негізгі тірегі – тіл. Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдық мерейлі сессиясында Елбасымыздың әлемнің ең беделді жиынының мінберінен ана тілімізде сөйлегені елдің еңсесін бір көтеріп тастады. Мәңгілік Елдің Мәңгілік тілі ұлт абыройын асқақтататынын Елбасы осылай дәлелдеді. Дамыған, ықпалды мемлекет құруға ұмтылу, көптің бірі болып қалмау қазіргі ұрпақтың асыл мұраты болу керек. Тарихты насихаттау, бабалардың ұлы істерін ұлықтау дегеніміз – мемлекеттілік рухын бірте-бірте ұлттық идеологияға айналдыру. Халқымыз «Мәңгілік Ел» идеясы – Түркі қағандарының, Қазақ хандарының қалауы, Абайдың арманы, Алаш қайраткерлерінің ғасырлар бойы армандаған, ұлттық идеология ретінде түсінді. Бабаларға арман болған, аталарымыздан аманатқа қалған аңызды ақиқатқа айналдыратын «Мәңгілік Ел» идеясы ұлт мұраты болып, келешек ұрпақты ізгі ниеттерге жетелейтіні анық. Мемлекеттік саясаттың тірегі – халықтар достығы, ел бірлігі, қоғам тұтастығы. Осы үш тұғыр мығым болса, Мәңгілік Елдің шырағы лаулай бермек.

Келесі тірегіміз діни ұстанымға қатысты. «Түбіміз Тәңірден бастау алған мұсылман қазақпыз» принципімен ғұмыр кешіп жатқан жайымыз бар. Өмір салтымыздағы және рухани мұраларымыздағы бірлік пен ынтымақтастық негізі және ұлт тұтастығының бір бұтағы – ислам діні. Бір ұлттың мінез-құлқы жақсы, сенімдері дұрыс, социалдық принциптері қуатты болса, ол ұлттың бір-бірімен байланысы өте мықты, қоғам болып өмір сүруі ұзақ, барлық жағынан мықты болады. Ұлттық мәдениет пен ұлттық діл халқымыздың дәстүрлі өмір салты мен халықтық төлтума қасиетінен көрінеді.

Мемлекет пен дін қызметі, олардың арақатынасы, заң алдында олардың теңдігімен қатар ортақ мүдделері бар болғандықтан дін мен мемлекет арасында шекара жоқ. Дін адамдар Алла алдында бірдей десе, мемлекет адамдар заң алдында бірдей дейді. Мемлекет өз адамдарына елдің азаматы ретінде қараса, дін адамдарға Алланың сүйіктісі ретінде қарайды. Мемлекет азаматтарды мейірімділік, патриотизм, сабырлықты уағыздайтын діннің қолдауына мұқтаж. Ал тарихи-рухани құндылықтарымыз, дініміз мемлекеттің қолдауын қажет етеді. Дәл осы мүдделер арқылы зайырлы қоғамымызда дін мен мемлекет, билік пен діни салт-сана үйлесімін тауып жатыр. Ислам - күнделікті тіршілік, өмір салты ғана емес, ол мәдениет, өмірлік позиция, дүниетаным, бір сөзбен айтқанда, тұтас өркениет ретінде енді қайта дами бастады.

Абай атамыз айтқан «Адам бол!», «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» демекші қазақ халқының ұлы далалық бір ерекшелігі намысқойлығы. Бұған қатысты Ш.Уәлиханов: «ұлттық намыс – қазақ халқының қозғаушы күші», ол ардан туады. Ар мәдениеттің тұтқасы. Халық арды бәрінен де биік қояды, оны қорғайды. Ар – жеке адамның кісілік дәрежесінің белгісі» – деген.

Барлық халықтың рухани ұстанымдары мен талғамдық құндылықтарын еңбек қалыптастырады.

Бұл арада халықтық тәлімгерлік жас ұрпақты еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып жеке тұлғаның адамгершілік және ойлау қабілетінің өсуіне, оның эстетикалық талғамының тұрақтануына ерекше мән берген. Ол қазіргі жаһандану процестеріндегі ұлттық саналық ерекшеліктерді нығайту талаптарының бірі. Осы талапқа сай бола алмаған ұлттар тарих сахнасынан көрінбеуде. Өйткені, халықтық тәлімгерлік ұлтты өзгеден ерекшеленуін, ұлттың өмірлік берік ұстамдылығын шындай береді. Халықтық тәлім-тәрбиесіз ұлттың болмысы нығайып, толысып одан ары дамудың сара жолына түсе алмайды.

Нақты экономикалық, саяси және мәдени-рухани өрлеуіміздің бұлжымас тірегі этностараралық қарым-қатынасты, ұлтаралық келісімді, рухани төзімділікті жетілдіруімізде. Себебі, мемлекеттің болашағы аталған ахуалдарға тікелей байланысты. Осыдан бір территорияны мекендеген халықтардың салт-дәстүрін, тілі мен мәдени-рухани ұстанымдарын мемлекеттік деңгейде қолдау қажеттілігі туындайды. Президенттің «Туған жеріңнің, өз халқыңның тарихын білмейінше шынайы патриот болу мүмкін емес...» деп, Қазақстан білім беру мекемелерінде арнайы «Қазақ елі» пәнін енгізуі туралы ұсынысы өзекті мәселелердің бірі. Бұл ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен ұдайы толығу процесіне позитивті ықпал жасайды.

Қазіргі таңда елімізді өркениетті елдер қатарына жеткізетін, ел экономикасын заман талабына сай дамытатын, Қазақстан Республикасын отыз дамыған елдер қатарынан табылуына мүмкіндік беретін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы. Осы арада ежелгі ғұлама ғалым Архимедтің «Маған тірек берсеңдер әлемді айналдырар едім» («Дайте мне точку опоры, и я переверну весь мир») деген қанатты сөзі еске түседі. Ал, біздің қолымызда Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған жалпыхалықтық идеясы, басқаша айтсақ Архимед аңсаған тірек бар ғой. Яғни, қазіргі қилы заман ұстанымдарын қолдана отырып, бабалардың ерен ерлігі, бүгінгі буынның атқарған атаулы істері және жас ұрпақтың өрелі ұмтылыстары арасындағы сабақтастықты дамыту арқылы «Ұлы дала» тұрғындары - қазақ елін «Мәңгілік Ел» дәрежесіне Көк Тәңірі жарылқап-қолдаса міндетті түрде жетеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының рухани мұрасын игерудегі ұлттық философияның ролі. Л.Н. Гумилев атын. Еуразия Ұлттық Университетінің проректоры Жолдасбекова А. Астана, 2016.
2. Егеменді Қазақстан мемлекетінің басшысы. Малиновский В. Алматы, 1998.
3. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» - атты Қазақстан халқына Жолдау. Елбасы, Қазақстан Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев. 07.01.2014.

Berdagulova S.

NEW ANTINUCLEAR INITIATIVE OF KAZAKHSTAN

Currently there are many points of escalation and conflict in the world. The civil war that started in Syria is a source of instability in the region. Due to the lack of peace and escalating violence, tens of thousands of refugees from Asia and Africa rushed to Europe in order to preserve his own life. The situation remains tense in Ukraine. Mutual sanctions between the leading States are further aggravating the global economic crisis. Again, a conflict broke out in Nagorno-Karabakh. Increased risk of use of nuclear weapons by the countries possessing such kind of weapons, it is also not excluded the risk of falling into the hands of terrorists the materials to make nuclear bombs.

In this regard, on 31 March 2016, at the IV Summit on nuclear security in Washington, the President of Kazakhstan N.A.Nazarbayev made his historic speech to the world with the Manifesto: «The World. 21st century». It was published on the pages of the American newspaper “The Hill”.

The emergence of such a global initiative on the part of our country is no coincidence, as Kazakhstan is one of the first closed the world’s largest Semipalatinsk nuclear test site, the first in the world to unilaterally abandoned the powerful nuclear Arsenal. Kazakhstan is pursuing a multi-vector peaceful foreign policy. Holding in our country congresses of leaders of world and traditional religions has become a good sign of the times. In our capital there are ongoing Forums of spiritual harmony. Kazakhstan was the first country in the former Soviet Union, chaired the OSCE and held a Summit in Astana in 2010. On the initiative of our Republic, the UN General Assembly adopted the “Universal Declaration on the establishment of a world free of nuclear weapons” on 7 December 2015.

In short, Kazakhstan has the full moral right to turn to other States on the issue of nuclear disarmament.

In the framework of the nuclear security Summit in Washington was issued a N.A. Nazarbayev Manifesto «The World. The 21st century». He had a wide public resonance, has been actively discussed, and was warmly received by the people of Kazakhstan and the world community. In the headquarters of the Carnegie endowment hosted a meeting of a Leader with public and political figures of the United States. The President with his usual calmness, courage and objectivity explained the essence of the modern global problem of proliferation of nuclear weapons. In particular, he stressed that currently there is an unlimited number of possibilities for civilization progress and at the same time increasing threats and risks with the development of advanced technologies. But the biggest threat for mankind is the problem of nuclear war.

The essence of the presidential initiative boils down to five important suggestions:

Firstly, the “consecutive movement to the world free of nuclear and other weapons of mass destruction”.

Secondly, “in the XXI century it is necessary to form the geography of sustainable peace, consistently rejecting war as a way of life”. In particular, the Head of our state proposed “to intensify international efforts to establish nuclear-weapon-free zone in the Middle East.”

Thirdly, “in 21st century it is necessary to overcome this vestige of militarism, as the existence of military blocs, threatening global security and impediments to broader international cooperation”.

Fourth, “it is important to adapt to new historical conditions of the international disarmament process”, as according to our leader, “short-sighted scrapping the old Treaty limitations on missile systems and conventional weapons have led to the militarization of the political space of Eurasia”.

Fifth, the «world without war is primarily equitable paradigm of the global competition in international Finance, trade and development.”

The Manifesto of the President concludes with an appeal to preserve peace and consent in our common home the Earth, “we should do everything we can to rid the humanity from the threat of deadly war. We have no a more pressing task now and in the foreseeable future.

The international community has supported the appeal of President of Kazakhstan. The UN has identified an official document status of the Manifesto, which is required to study.

From all corners of our country and foreign countries have been received the positive feedback on this document of the planetary scale.

The Deputy of Mazhilis of Parliament of RK Kuanysh Sultanov stressed: “the Official UN document directed to the whole population, the Manifesto of the President of Kazakhstan addressed to the heads of States, countries, and peoples of the world. He urged all them to unite in the fight for a nuclear-free world”.

The Chairman of the Committee for socio-cultural development and science of Senate of the Parliament of Kazakhstan A. Bizhanov identifies the following key thesis of the Manifesto: “the Beginning of the XXI century was marked by the complication of relations between States and religions. Policy document of the President has become an effective response to modern challenges and threats”.

Well-known scientist and public figure, Professor of Al-Farabi KazNU L. Akhmetov stressed: “by studying wars of the past, we more clearly understand that it is impossible to prevent wars in the future. Therefore, the appeal of the Manifesto “The World. The 21st century”, must be properly understood and unconditionally accepted by all people in all countries of the world.”

Representatives of the expert communities in foreign countries gave feedback. So, A. Fischer, member of the German Bundestag from the CDU, Chairman of the European people’s party (EPP) in the Council of Europe notes: “the Welcome and support of Kazakhstan’s anti-nuclear initiatives of the last 10 years. The leadership of Kazakhstan made an important contribution to the process of leveling the dynamics of the threat of nuclear weapons proliferation posed by some countries seeking to acquire weapons of mass destruction... Kazakhstan’s Efforts help to reduce the risk of escalation of nuclear powers. The activity of Kazakhstan on the conclusion of new agreements on disarmament, arms control, the establishment of nuclear-free zones and the reduction of nuclear arsenals is an example for other countries.”

Gregory Gleason, Professor at the University of New Mexico (USA) also gives a positive assessment of the actions of the Kazakh leader: “Kazakhstan has established itself as one of the world leaders in promoting the benefits of nuclear science while demonstrating to the entire planet commitment to a world free of nuclear weapons. All countries, large and small, young and old, rich and poor, should follow the example of Kazakhstan.”

Rudolph Wieder, Vice-President of the Swiss society for foreign policy high evaluated the Kazakhstan’s initiative: “with great pleasure I familiarized with the Manifesto “The World. The 21st century”, which is an extremely important message to the world community. A warning that humanity is neither more nor less, a threat to the planet’s destruction and the destruction of civilization, cannot be ignored. I congratulate you on

a powerful and timely initiative of the President Nursultan Nazarbayev”.

Dieter Boden, former permanent representative of Germany to the OSCE, a prominent political analyst writes: “the Core of this message is the need to ensure sustainable peace. Thus the Kazakhstan Head of state points to the unstable situation in the field of security, expressed in the constantly emerging new areas of tension and military confrontation. He called for further steps on disarmament and non-proliferation. In this sphere Kazakhstan is a model of excellence, which was earned on this basis, a good worldwide reputation, particularly through his numerous initiatives aimed to global disarmament and non-proliferation. This fact makes the published Manifesto of authority and trust.”

At the summit, over one hundred and fifty countries ratified the Convention on fight against nuclear attack – a key document that will provide additional tools for nuclear security. The Treaty will enter into force in the coming weeks. The parties will continue to work on how to effectively develop a defense against attack and any risk. After all, the situation in the world against the terrorist groups was very disturbing. The world needs decisive and consistent action for the immediate destruction of the virus of war and conflict.

Thus, the Manifesto is a timely and vital. That is why this received overwhelming support and understanding in Kazakhstan and the world.

The new peace initiative of N.A.Nazarbayev concerns the interests of all mankind. This crucial important document dictated by the President’s concern for the fate of future generations who must live in a world without war, for the future of all mankind. This document is a warning to all countries of the dangers posed by conflicts with use of modern types of weapons, particularly nuclear weapons, calling for peaceful solutions to international disputes. The publication of the Manifesto considerably raised the prestige of Kazakhstan on the world stage. The Republic once again demonstrated to the world their peaceful foreign policy.

The Leader of the Nation expresses the interest of all citizens of Kazakhstan and we must therefore make every effort to maintain peace in the country and beyond.

List of used literature:

1. Nazarbayev N.A. The Manifesto: The World. The 21st century /<http://www.akorda.kz/ru>
2. Nazarbayev N.A. Omir otkeldery. – Astana, 2015.
3. Nazarbayev N.A. Creating the future: the President of the Republic of Kazakhstan on key reforms in economy and management (1997-2013). – Moscow: Khudozhestvennaya Literatura, 2013.
4. B. Ayagan, A. Auanasova. Nursultan Nazarbayev and Kazakhstan’s model of state-building (historical aspect). – Almaty: Litera – M., 2012.

Базарбекова Д. М.

**К ВОПРОСУ О МОДЕРНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКУ**

Внедрение инновационных технологий в учебный процесс взаимосвязано с совершенствованием содержания и методов образования в процессе обучения вторым языкам применительно к потребностям современной жизни. Приоритетным направлением развития современной школы стала гуманистическая направленность обучения, в центре внимания – ученик, его личность. Поэтому основная цель современного учителя – выбрать методы и формы организации учебной деятельности учащихся, которые оптимально соответствуют поставленной цели развития личности.

Использование новейших информационных технологий на уроках по обучению второму языку повышает мотивацию и познавательную активность учащихся, позволяет применить личностно-ориентированную интерактивную образовательную технологию, способствует преодолению психологического барьера в использовании второго языка как средства общения, даёт возможность избежать субъективной оценки и повышает эффективность обучения и качество образования. Применение мультимедийных технологий хорошо сочетается с технологией развивающего обучения, а также с проблемным и дифференцированным обучением.

Также использование инновационных форм обучения в отличие от традиционных методик отводит ученику главную роль на пути к усвоению знаний, при которой учитель является активным помощником, организует, направляет и стимулирует учебную деятельность.

В своей деятельности учитель должен решать не только учебные задачи, но и создавать условия учащимся для самостоятельного творческого поиска, побуждения их к исследовательской

деятельности, формирования навыков ориентирования в огромном информационном пространстве и самостоятельного принятия решений. И как необходимое условие в решении поставленных задач рассматривается внедрение инновационных технологий в учебный процесс. Постоянно развивающаяся система информационного обеспечения в сочетании с техническим сопровождением обеспечивает качество образовательного процесса.

При обучении используется одна из самых актуальных современных технологий – метод проектов. Данный метод, сочетая в себе элементы проблемного обучения и обучения в сотрудничестве, позволяет достигнуть наивысшего уровня овладения любым предметом. Метод проектов формирует у учащихся коммуникативные навыки, культуру общения, умение кратко и доступно формулировать мысли, терпимо относиться к мнению партнёров по общению, развивает умение добывать информацию из разных источников, обрабатывать её с помощью современных компьютерных технологий, создаёт языковую среду, способствующую возникновению естественной потребности в общении на втором языке.

Понятие проективности было сформулировано в контексте программы перестройки образования, предложенной в конце 70-х годов Королевским колледжем искусств Великобритании [1, с. 112]. Оно тесно связано с проектной культурой, которая возникла как результат объединения гуманитарно-художественного и научно-технического направлений в образовании.

Проектная культура является как бы той общей формулой, в которой реализуется искусство планирования, изобретения, созидания, исполнения и оформления и которая определяется как проектирование.

Каждый же учебный предмет имеет свою специфику и соответственно специфику использования тех или иных методов, технологий обучения. Целью обучения второму языку является не система языка, а иноязыческая речевая деятельность, причем не сама по себе, а как средство межкультурного взаимодействия. Метод проектов позволяет творчески применить языковой материал, превратить уроки обучения второму языку в дискуссию, исследование.

Овладевая культурой проектирования, школьник приучается творчески мыслить, самостоятельно планируя свои действия, прогнозируя возможные варианты, решения стоящих перед ним задач, реализуя усвоенные им средства и способы работы. Культура проектирования входит сейчас во многие области образовательной практики в виде проектных методов и проектных методик обучения. Проектный метод активно включается и в обучение второму языку.

Метод проектов возник еще в начале века, когда умы педагогов, философов были направлены на то, чтобы найти способы, пути развития активного самостоятельного мышления ребенка, чтобы научить его не просто запоминать и воспроизводить знания, которые дает им школа, а уметь применять их на практике. Именно поэтому американские педагоги Жд. Дьюи, Килпатрик и другие обратились к активной познавательной и творческой совместной деятельности детей при решении одной общей проблемы. Ее решение требовало знаний из различных областей. Именно поэтому первоначально метод проектов назывался проблемным. Проблема, как правило, было чисто прагматичной. Ее решение позволяло реально увидеть результаты. Рудольф Штайнер, известный австрийский педагог, также считал необходимым учить детей применять получаемые ими знания в решении практических задач. Все, что ребенок познает теоретически, он должен уметь применять практически для решения проблем, касающихся его жизни. Он должен знать, где и как он сможет применить свои знания на практике, если не сейчас, то в будущем.

Метод проектов нашел широкое применение во многих странах мира главным образом потому, что он позволяет органично интегрировать знания учащихся из разных областей при решении одной проблемы, дает возможность применить полученные знания на практике, генерируя при этом новые идеи.

Исследователями перечисляются следующие требования к использованию метода проектов:

- 1) наличие значимой в исследовательском, творческом плане проблемы/задачи, требующей интегрированного знания, исследовательского поиска для ее решения;
- 2) практическая, теоретическая значимость предполагаемых результатов;
- 3) самостоятельная (индивидуальная, парная, групповая) деятельность учащихся на уроке или во внеурочное время;
- 4) структурирование содержательной части проекта (с указанием поэтапных результатов и распределением ролей);

5) использование исследовательских методов: определение проблемы, вытекающих из нее задач исследования; выдвижение гипотезы их решения; обсуждение методов исследования; оформление конечных результатов [2, с. 25].

Исходя из этого, исследователями определяются следующие этапы разработки структуры проекта и проведения его:

1) представление ситуаций, позволяющих выявить одну или несколько проблем по обсуждаемой тематике;

2) выдвижение гипотез решения поставленной проблемы, обсуждение и обоснование каждой из гипотез;

3) обсуждение методов проверки принятых гипотез в малых группах (в каждой группе по одной гипотезе), возможных источников информации для проверки выдвинутой гипотезы; оформление результатов;

4) работа в группах над поиском фактов, аргументов, подтверждающих или опровергающих гипотезу;

5) защита проектов (гипотез решения проблемы) каждой из групп с оппонированием со стороны всех присутствующих;

6) выявление новых проблем [3, с. 117].

В соответствии с признаком доминирующего в проекте метода выделяются следующие типы проектов:

1. Исследовательские.

Такие проекты требуют хорошо продуманной структуры, обозначенных целей, обоснования актуальности предмета исследования для всех участников, обозначения источников информации, продуманных методов, результатов. Они полностью подчинены логике небольшого исследования и имеют структуру, приближенную к подлинно научному исследованию.

2. Творческие.

Творческие проекты предполагают соответствующее оформление результатов. Они, как правило, не имеют детально проработанной структуры совместной деятельности участников. Она только намечается и далее развивается, подчиняясь принятой группой логике совместной деятельности, интересам участников проекта. В данном случае следует договориться о планируемых результатах и форме их представления.

Следует оговориться, что любой проект требует творческого подхода, и в этом смысле любой проект можно назвать творческим.

Данный тип проекта выделялся исходя из доминирующего принципа.

3. Ролево-игровые

В таких проектах структура также только намечается и остается открытой до окончания проекта. Участники принимают на себя определенные роли, обусловленные характером и содержанием проекта, особенностью решаемой проблемы.

Степень творчества здесь очень высокая, но доминирующим видом деятельности все-таки является ролево-игровая.

4. Информационные.

Этот тип проектов изначально направлен на сбор информации о каком-либо объекте, явлении; ознакомление участников проекта с этой информацией, ее анализ и обобщение фактов, предназначенных для широкой аудитории. Такие проекты, так же как и исследовательские, требуют хорошо продуманной структуры, возможности систематической корректировки по ходу работы над проектом.

Такие проекты часто интегрируются в исследовательские проекты и становятся их органичной частью, модулем.

5. Практико-ориентированные проекты.

2010 жылы демократиялық құқықтық мемлекетіміздің стратегиялық даму жолын айқындайтын 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданып, құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша байыпты жұмыстар жүйелі түрде іске асырылуда. 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында қазіргі заңдарды ізгілендіру арқылы халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандыратындай және заңгерлік қызметтің сапасын арттыра отырып, халықтың құқықтық санасын қалыптастыру мәселелері кеңінен насихатталған. Құқықтық сананы қалыптастыру арқылы ғана құқықтық мемлекеттің негізін қалауға болады. Құқықтық сана - Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына құқықтық сезімдерінің, көзқарас пікірлерінің жүйесі болып табылады. Құқықты ұғынумен қоса, азаматтарды заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру – құқықтық сананың негізгі белгілері. Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалады және теңдік пен қоғамдық тәртіпті сақтауға негізделген қағидалар жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Елбасы Жарлығымен 2009 жылдың тамыз айының 24-ші жұлдызында Қазақстан Республикасының «2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы» еліміздің құқықтық даму саясаты саласында, оның ішінде ұлттық заңнаманы жетілдіру бағытында жаңа мақсат-міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Оның ішінде құқық қорғау мен сот жүйесін дамыту, сондай-ақ бүгінгі әлемдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның құқықтық-демократиялық қоғамын құру тұжырымдамасының басты мақсаты ретінде қарастырылуда. Жаңа тұжырымдамада көрсетілгендей, бүгінде еліміздің жалпы стратегиялық дамуы аясында отандық заңнаманы сақтау мен құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында нақты іс-шараларды қолға алу қажет. Осы орайда Қазақстанның жаңа құқықтық жүйесі мемлекет пен қоғамның барлық құқықтарын қамтамасыз етіп, ашықтық пен нәтижелілікке бағытталған мемлекеттік басқару моделіне негіз болмақ. Елбасы бекіткен құқықтық саясат тұжырымдамасында негізі жаңадан қаланған құқықтық демократиялық мемлекетімізді басқарудағы құқықтық жүйені жетілдірудің таяудағы он жылға арналған базалық басымдықтары айқындалған. Тұжырымдамадағы негізгі басымдықтардың бірі - елімізде зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекет пен заң нормаларын, барлық құқық қолданушы жүйені, әсіресе қылмыстық жазаны қолдану мәселелерін ізгілендіру қағидалары заң және іс жүзінде орнығуын қамтамасыз ету болып табылады. Міне, біздің зерттеп отырған ғылыми мақаламыздағы құқыққорғау органдары қызметкерінің кәсіби қызметіндегі адамгершілік қағидасының құндылығы мемлекет басшысы бекіткен он жылдық тұжырымдамада негізгі басымдықтардың бірі ретінде көрініс тапқан. Сондықтан, тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетіміздің бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарынан орын алу стратегиялық мақсатына қол жеткізу үшін халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін жетілдіру қажет. Құқықтық мемлекетімізде халықтың құқықтық санасы мен мәдениетін қазіргі қоғам талабына сай ізгілік жолымен қалыптастыру мәселелері қолға алынған жағдайда ғана көпжылдық тұжырымдаманың талаптары іске асады.

Егемендік алып, тәуелсіздігімізді тарих талқысына түсірген аз ғана жылдың ішінде өркениетке жету жолында мемлекет мүддесін сонымен бірге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдар, ережелер және заңдылық күші бар құжаттар қабылданды. Атап айтар болсақ, Конституция, кодекс (азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, еңбек),

Президент Жарлықтары, Үкімет қаулылары, Министрлік тарапынан бекітілген ережелер, Құқықтық саясат тұжырымдамалары т.б.

Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің негізгі қызметі – тәуелсіз мемлекетіміздегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету. Олай болса, барлық сала бойынша туындаған дау-жанжалдарды, келіспеушіліктерді егеменді еліміздегі електен өткен өрісі кең заңдар мен заңдылық күші бар нормативтік актілер негізінде тараптарды жүйелі түрде бітімгершілікке, ортақ шешімге, өзара келісімге шақырып отырған заңгерлердің ерен еңбегін жоғары бағалаған абзал. Күнделікті өмірде орын алып жатқан заңға қайшы әрекеттердің алдын алып, қылмысқа қарсы бар қажыр-қабілетін жұмсап, өз қызметін абыроймен атқарып жүрген құқыққорғау органдары қызметкерлерінің жетістігі – олардың қоғамға, мемлекетімізге, өз ісіне деген адалдығы. Өз ісіне деген адалдықтың негізгі қозғаушы күші жеке бойындағы адамгершілік қасиеті. Тұлғаның бойындағы асыл адамгершілік қасиет еш нәрсемен өлшенбейді. Ондай азаматтарды өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын, қызметі бойынша білікті маман, қай кезде де құрмет көрсетуге тұрарлық тұлға деп тануға болады. Құқыққорғау органдары қызметкерлерінің арасында мұндай адамгершілігі мол, асыл азаматтар аз емес. Адам бойындағы байқала қоймайтын асыл қасиеттер мен ізгіліктерді жоғары бағалап, қоғамның дамуына оның тигізер оң әсерін сезінгенде ғана құқыққорғау жүйесіндегі адамгершілік категориясының маңызы мен адамгершілік (гуманизм) қағидасының мәні айқындала түседі. Демек, адамның рухани қасиеттерінің негізін қоғамға пайдалы еңбек құрайды, ал тұлға болса қоғамдық қатынастар жүйесіне араласқан жағдайда ғана дамуы мүмкін.

Құқықтық жүйедегі адамгершілік қағидасы – адамды басты құндылық деп танитын, оның абыройы мен беделіне құрметпен қарайтын, қоғамдық прогрестің мақсаты адам өмірін жақсарту деп білетін аса биік адамгершілік позициядан тұрады. Демократиялық қоғамда негізгі гуманистік принцип – адам және оның өмірі. Тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетіміздің Ата Заңында да: «Ең қымбат қазына – адам және оның өмірі»-деп көрсетілген [2]. Сондықтан кез-келген қылмыстық істер бойынша сот отырысында соттар үкім шығару барысында гуманизм қағидасын назардан тыс қалдырмайды. Гуманизм қағидасын қылмыстық іс бойынша қолдану және қолданбау мәселесі жасалған қылмыстың сипатына да тікелей байланысты. Ауыр және өте ауыр қылмыстардың жасалуы және сол қылмыстардың қайталануы сот отырысында соттардың гуманизм қағидасын ескермеуіне толық негіз бола алады. Сондай-ақ, қылмыскерлерге рақымшылық жасалатын және жасалмайтын қылмыстар тобы Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңының 1,2,3,4,7,10 баптарында көрсетілген [3].

Егеменді еліміздегі құқықтық саланың одан әрі дамуы, әртүрлі мемлекеттік және құқыққорғау органдарының қызметтерін үйлестіріп отыру, прокуратура органдарының өкілеттіктерін кеңейту, сот жүйесін жетілдіру мақсатында қабылданған құқықтық саясаттың 2010-2020 жылдарға арналған 10 жылдық жаңа стратегиялық құжатын бекіткен кезде мемлекет басшысы біріншіден, мемлекет пен оның азаматтарының игілігін, екіншіден қылмыстық жазаны қолдану кезінде қозғалған іс бойынша ізгілік факторларын анықтауды көздеген. Тұжырымдамада қолданыстағы заңдарды жүйелеу, оларды топтастыру, ескірген және қайталайтын нормалардан арылту жөніндегі жұмыстар, сол сияқты сілтеме нормаларды неғұрлым азайтып, тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау тәжірибесін кеңейту, ішкі қарама-қайшылықтарды жою мәселелері де кең ауқымда қамтылған. Құқықтық саясатты бұлайша кешенді түрде қарастыру – еліміздің жалпы дамуы барысында, оның бүкіл нормативтік-құқықтық базасын жетілдіріп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге кепілдік бере отырып, нәтижелілік, шынайылық пен есеп беріп отыру қағидаттарына негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа сапалық үлгісін жасауға мүмкіндік береді.

Мақаламызда көтеріліп отырған тәуелсіз мемлекетіміздің құқыққорғау жүйесіндегі құқықтық реформаның рөліне тоқталатын болсақ, құқыққорғау органдарының қоғамдық ортада тәртіп сақшылары ретіндегі қырағылық қызметтерін, прокуратура органдарының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және мемлекет мүддесін қорғайтын заңдардың бұзылуын қадағалау жұмыстарын, сот органдарының әділдік қағидасы мен ізгілік факторларынан бастау алатын гуманизм қағидасын ұстанудағы әділсот мәртебесін және заңды кеңес беру (юридическая консультация) орындарының халықтың құқықтық санасын қалыптастырудағы ерен еңбектерін айтуға болады. Заңгерлер әрқашан қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттің өсіп-өркендеуі жолында аянбай қызмет атқарады. Заң бар жерде тәртіп бар, тәртіп пен тұрақтылық орнаған елде өркениетке деген ұмтылыс арта түседі. Сондықтан заңгерлер қызметінің құқықтық мемлекеттің

қалыптасуындағы рөлі мен тәуелсіз мемлекетіміздің алдағы стратегиялық дамуына қосар үлесін мемлекет деңгейінде жоғары бағалаған жөн деп санаймыз.

Егеменді еліміздегі кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқан құқықтық реформа тәуелсіз мемлекетіміздің стратегиялық даму бағытын айқындайтын құқыққорғау жүйесінің қызметін арттырып, құқыққорғау органдары қызметкерлеріне көптеген жауапкершілік пен міндеттер жүктейді. Сондықтан өркениетке жету жолындағы жауапкершілік пен міндеттер құқыққорғау органдары қызметкерлерінің мол тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін жетілдіруге арқау болады деген сенімдемін.

Әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық-Жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауы. - Егемен Қазақстан. 2010 жыл.

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995ж.

3 Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңы, №113. 9 қаңтар, 2006 жыл.

Дүйсен С. Ж.

Н.НАЗАРБАЕВ ЖӘНЕ КСРО-НЫҢ ЫДЫРАУЫ

Бірқатар саясатшылардың пікірінше КСРО-ның құлауы орасан зор драмалық күрделі құбылыс болып есептеледі. Өйткені 74 жыл бойы әлемдік дамудың барысына ықпал еткен, өз жерінде 250 миллион халықты біріктірген әлемнің алтыдан бір бөлігін иеленген алып мемлекеттің бір мезетте құлауы дүниежүзі елдері үшін күтпеген оқиға болды.

Содан бері алыс-жақын шетелдерде және Қазақстанда КСРО-ның ыдырауы тарихы, оның себептері және сол тұстағы саяси қайраткерлердің рөлі қоғамдық ғылымдар тарапынан көп пікірталас тудыратын және әлі талай уақыт талқыланатын мәселе болып қала береді.

Осы оқиғаның тарихи куәгері және белсенді қатысушысы Н.Ә.Назарбаев өзінің 1996 жылы шыққан «Ғасырлар тоғысында» кітабында әлемдегі алып мемлекеттің күйреуі себептері мен одан шығатын қорытындылар туралы өзінің салмақты пікірін баяндағаны белгілі [1,8-96].

«КСРО-ның ыдырайтыны 80 жылдардың аяғына қарай белгілі бола бастады. 1989 жылдың өзінде-ақ КСРО-ны конфедерация қағидалары негізінде өзгертудің нақты көріністері байқалды. Алайда ол жүргізілмеді. Осыдан соң КСРО құрамындағы республикалар өздерінің бөлінетіндігі жайлы неғұрлым батыл мәлімдей бастады. Сондықтан КСРО-ны жайлаған ауыр саяси дағдарыс, одақтың аса ауыр жағдайда ыдырау процесі саяси жүйені реформалауды қажет етті»-деп пайымдайды белгілі қазақстандық тарихшылардың бір тобы [2,117].

Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткер, саясаттанушы ғалым, әрі сол кездегі оқиғалардың куәгері Қуаныш Сұлтанов: «...Өткен ғасырдың 80-90-шы жылдары сол кездегі Кеңес Одағы кеңістігі қайшылыққа, қоғамдық ағыстардың толқынына толы болды»-деп сипаттайды [3,72].

Сол аласапыран тұста Кеңес Одағындағы 15 одақтас республиканың бірі-Қазақстанның басшысы (1989 жылдан бастап-авт) қызметін атқарып және алып империяның ыдырау сәтіндегі саяси үрдістердің белортасында жүріп белсенділігімен көзге түскен Н.Ә.Назарбаевтың сол кездегі қызметі отандық және шетелдік қоғамтанушы ғалымдар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды [4,65-66].

Н.Ә.Назарбаевтың ғұмырдерегін, саяси қызметін зерттеген ресейлік ғалым О.И.Видова «Қазіргі күні Нұрсұлтан Назарбаев туралы көп жазылуда. Оның жеке басы жан-жақты бағалануда. Оның қызметі әлемдік қауымдастықтың назарында. Саясаткерге қойылатын талап осындай. ... Кеңестік Қазақстанда Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттегі басшы қызметтердің бірін алды. Осы тұрғыда шын мәнінде оның Достастық елдерінің көптеген басшыларынан айырмашылығы да аз. Олардың барлығы да бұрын коммунистер болған, алайда Нұрсұлтан Назарбаев қана өзінің өткенінен үялмайды, керісінше өзі өткен партиялық мектептің қабілетін барынша көрсетуіне, жаңа мүмкіншіліктерді ашуына жағдай жасағандығын жасырмайды. Нәтижесінде ол саяси және мемлекет қайраткерінің иығына орасан зор міндет пен тыныш өмір сүруге мүмкіндік бермейтін жауапкершілік жүктелетінін де ұқты»-деп жазады [5,347-348].

Кеңестік Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1990-1991 жылдардағы саяси қызметіне тоқталғанда оның КСРО тағдырына, болашағына қатысты ой-пікірлеріне, іс-әрекетіне

тоқталмай кету мүмкін емес. Өйткені Нұрсұлтан Әбішұлы сол кезде тек Қазақ КСР-нің ғана емес, сол кездегі барлық Кеңес Одағы халықтарының тағдыры үшін толғана білетін, халық алдындағы парызын терең сезінетін мемлекет қайраткері ретінде көріне білді және 1991 жылғы «тамыз бүлігіне» дейін КСРО-ны сақтап қалу идеясын табанды және дәйекті түрде қолдады.

Бұған Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылдың оқиғаларына арналған еңбектері, сөйлеген сөздері, берген сұхбаттары айқын дәлел (Қараңыз. Назарбаев Нұрсұлтан: Елмен сырласу. 1-том. -Астана «Күлтегі» баспасы. 2008. 22,23,47,86,106,124,142,171,222,224, 240 беттерде).

Мәселен, 1991 жылы 9 ақпанда өткен ҚКП ОК-нің 3-ші Пленумында сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқын елдегі жағдайдың шиеленісіп келе жатқандығын ескеріп және КСРО құрамындағы республикалардың егемендігін орнықтыра отырып одақтық мемлекеттің ыдырауына жол бермеу үшін Одақты жаңарту идеясын қолдауға шақырды [6,22].

Бірнеше күннен кейін өткен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясында сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев осы мәселеге қайта оралып: «Одақтың күйреуі республикалардың шаруашылық потенциалының қожырауына апарып соқтырады, бізді экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуды көптеген жылдарға кейін серпіп тастайды, шетелдік әріптестердің бізге деген сеніміне, дүниежүзілік қоғамдастық елдерімен байқалып отырған ынтымақтастыққа біржолата селкеу түсіреді. Және де, таяудағы болашақта біздің адамдарымыздың лайықты өркениетті, дәулетті өмірі үшін жағдай жасалады деген үміт-сенімді мүлдем үзеді. Қазір әрбір күн, әрбір сағат қымбат. Еліміздің (яғни, сол кездегі КСРО-авт) бірлігін сақтап, қорғаудың уыстан шығып бара жатқан мүмкіндігінен айрылуға болмайды. Біздің балаларымыз мұны кешірмейді»-деп пайымдады [6,38].

Н.Ә.Назарбаев КСРО-ны жаңа формада сақтап қалу жолында күрескенде коммунизм идеясына көзсіз сеніп, оны қызғыштай қорғағаннан емес халықтың тағдырын, әл-ауқатын күйзелтіп алмауды, елді экономикалық ауыр дағдарысқа ұрындырмауды, көпұлтты мемлекет ішінде ұлт араздығын болдырмауды көздеді.

Бұған дәлел Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылы 2 наурызда еліміздің телекөрсеткіштерінің сұрақтарына берген жауабы айқын дәлел. Қазақстан басшысы: «...Өзіміз негіз еткен біртұтас идеологияға келсек, турасын айтқанда, бүгінгі таңда идеологияда ондай бірлік жоқ. Қоғамымыз дамуының қазіргі кезеңіндегі коммунистік идеология да бой көрсетіп отыр дей алмаймын»-дей келе баршаға ортақ нәрсе тек экономика соны сақтап, соны негіз етуге күш салу қажеттігіне назар аударды [6,46]. Қазақстан Президенті КСРО-ны «іріп-шіріген империялық одақ» деп атады [7,41]. Бір ескеретін жәйіт, ол кезде империя құрамында болған республикалардың саяси басшылары аузынан мұндай салыстырмалы тенеу сирек кездесетін еді.

Н.Ә.Назарбаев 1990 жылы және 1991 жылдың ортасына дейінгі кезеңде табанды түрде КСРО-ны бұрынғы формасында сақтау жолында күресіп, ал одан кейін ол мүмкін болмаған кезде жаңа Одақтық шартқа тездетіліп қол қойылуды жақтады.

1990 жылы желтоқсанда, жаңа Одақтық шартты әзірлеу жөніндегі жұмыс тығырыққа тірелгенде, төрт республика-Ресей, Украина, Белоруссия және Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Одағын құру жөнінде тұңғыш рет бастама көтерді. Орталықтың сындарлы жүйесі жоқ саясаты оларды М.С. Горбачевтің тікелей өзіне мәлімдеме жасауға мәжбүр етті. Олар құжатқа қол қою одан әрі созыла беретін болса, Шартты орталықтың қатысуынсыз-ақ бекітетін мәлімдеді [7,45]. Өйткені қауіпті салдарларға апарып соғуы мүмкін «орталықтан безу» үдерісі тоқтаусыз жүріп жатты. Қазақстан басшысы белсенділік танытып КСРО Президенті М.С.Горбачев егер қол қоюды кешіктіретін болса, республикалар (яғни қосылуға келісім бергендері-авт) жаңа Одақтың өзегі болуға және «Орталықтың» қатысуынсыз шарт жасауға өздері әзір екенін ашық мәлімдеді. Бұл М.С.Горбачевті бірігу процесінің мазмұны мен қарқынына қатысты өз айқындамасын қайта қарауға және оны жандандыруға мәжбүр етті [8,231].

М.С.Горбачев (1990 жылы наурыздан КСРО Президенті) бастаған Кеңес Одағының басшылығы оны сақтап қалу жолында бірқатар әрекет жасады. Ол КСРО-ны реформалау жолын ұсынып, енді «Егеменді Мемлекеттер Одағы» деген атауға тоқталады [6,45].

1991 жылы 17 наурызда одақтық референдум өткізіліп, КСРО азаматтарына «Сіз ССР Одағын тең праволы егеменді мемлекеттердің Одағы ретінде сақтау қажет деп санайсыз ба?» деген сауал қойылды. Кеңес Одағында референдумға қатысқандардың 76,4 пайызы КСРО сақтауды жақтап дауыс берді [9,186].

Тарих М.С.Горбачевті реформатор болғанын мойындады, дегенмен оны іске асыруда дәйексіз болғанын да көрсетті. М.С.Горбачев одақтас республикалардың шынайы тең құқылы одағын емес,

сәл демократиялық өзгерістермен бүркемеленген мемлекетті сақтап қалғысы келді. Ол негізгі билікті бұрынғыдай уысынан шығармауды, яғни авторитарлық жолмен басқаруды ойластырады [10,120-121].

1991 жылдың көктемі мен жазында Ново-Огарево (Мәскеуден 35 шақырым жерде орналасқан үкімет резиденциясы-авт) елді мекенінде М.С.Горбачев, Б.Н.Ельцин және одақтас республикалар басшылары арасында тарайын деп тұрған Кеңес Одағын қалай сақтап қалу мәселесі бойынша келіссөздер жүрді. Нәтижесінде «9+1» формуласы деп аталған, яғни 9 республика (Латвия, Литва, Эстония, Грузия, Армения, Молдовадан басқалары) және Орталық (яғни КСРО Президенті М.С.Горбачев «Орталықты» бейнеледі-авт) арасындағы қарым-қатынастың негіздері туралы Келісімге қол қойылды. Құжатта келісім беруші республикалар жалпы одақ күзіретіне қорғаныс, қаржы, ішкі істер, ішара салық және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін беруге келісті. Ал негізгі билік мәселелері республикалар құзырына қалдырылды [9,188].

Қазақстан басшысы 1991 жылғы «тамыз бүлігіне» дейін жаңа Одақты конфедерация түрінде құруды батыл жақтады [7,30].

КСРО Президенті М.С.Горбачев Қырымда кезекті еңбек демалысын өткізіп келген соң 1991 жылы 20 тамызда Орталық пен республикалар бірігіп жаңа одақтық шартқа қол қоюға тиісті болды [10,118-119].

Ол бойынша КСРО өмір сүруін тоқтатып, оның орнына тәуелсіз мемлекеттердің федерациясы дүниеге келуі тиіс еді. Бірақ бұл жоспар да іске аспай қалды.

Н.Ә.Назарбаев жоғары басшылық құрамында жүріп М.С.Горбачев реформаларын қолдауымен қатар оның саясатындағы кемшілікті батыл сынап отырды. Н.Ә.Назарбаев жаңа одақ еріктілік негізде құрылу керектігін ашық мәлімдеді. Жұрттың бәрін Одаққа арқандап сүйреудің қажеті жоқ екенін қолдады. Мәселен, Балтық бойының үш республикасы-Латвия, Литва, Эстония КСРО-дан шығатынын мәлімдегенде, Қазақстан басшысы бұл республикалар халықтарының ерік білдіруіне, жоғары өкімет органдарының шешімдеріне құрметпен қарауды жақтады. «Ниет білдірген-білдірмегеніне қарамастан, Одаққа күштеп тартудың қажеті жоқ» -деп көрсетті Қазақстан басшысы [6,47].

Сөйтіп 1991 жылы қыркүйектен бастап КСРО енді 12 республикадан тұратын болды. Қазан айында сегіз республика Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қойғандармен Одақтың ыдырау үдерісі жалғаса берді.

1991 жылы қарашада Ново-Огаревада жеті республика (РФ, Беларусь, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан) Егеменді Мемлекеттер Одағын құру туралы уағдаласып жылдың аяғына дейін жаңа одақтық шартқа қол қоймақшы болады.

Бірақ 1 желтоқсанда Украинаның референдум нәтижесі бойынша тәуелсіздігін жариялауы, яғни Одақтан бөлініп шығуы КСРО-ның енді сақталуы мүмкін еместігін нақты көрсетті. Украинаның бөлінуі ол кезеңде бұрынғы кеңестік федерациядағы республикалардың экономикалық байланыстарының берекесін біржола кетіру болып табылатын еді.

Тарих ғылымдарының докторлары Б.Ф.Аяған мен Ә.М.Ауанасованың пайымдауларына Н.Ә.Назарбаев 1990-1991 жылдары мемлекеттік (тіпті кеңестік үлгідегі) аппаратты бірден қиратуға қарсы болды. Мемлекеттік құрылысты өзгертуде асығыс шешім қабылдап «оңға» немесе «солға» бірден ұрыну қауіпті деп білді. Ондай жағдайда елде дағдарыс болып, қарапайым халықтың жағдайы қиындауы мүмкіндігін ойлады. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлы сол қысылтаяң шақта мемлекеттік құрылысты эволюциялық жолмен өзгертуді батыл жақтады [10,122].

Сонымен қатар Қазақстан халқының бүкілодақтық референдум кезінде егеменді мемлекеттердің Одағын сақтап қалуды жақтаған 94,1 пайыз берген қалауын да ескерді [6,240]. Саясатта болжағыштығымен, көрегендігімен ерекшеленген Н.Назарбаевтың сол кезде Одақ көлеміндегі беделі тез өсті. КСРО да өткізілген ресми емес мониторингте 20 үміткердің ішінде «алғашқы үштікке» ілінді. «Жыл адамы» деген атақ алды [10,111-112].

Қазақстан басшысына шетел баспасөзі де назар аудара бастады. 1991 жылы 21 қазанда «Файнэншл таймс» газеті Н.Ә.Назарбаевтың тұлғасына сол кездегі қызметіне жоғары баға берген мақала басты [10,113].

Шетелдік қайраткерлер арасында осы кезеңде Н.Назарбаевпен кездесіп, оның көзқарастары мен саяси қабілеттері туралы оң пікір қалыптастырған Ұлыбританияның экс-премьері Маргарет Тэтчер болды. Ол Токиоға лекция оқу сапарымен бара жатқанда Алматыға аялдап Қазақ КСР Президенті Н.Ә.Назарбаевпен кездесу өткізді. Н.Назарбаев М.Тэтчерге республиканың еркін нарықтық экономикаға бағыт алғанын айтып, өзінің бірнеше күн бұрын кеңестік Саяси Бюроның құрамынан шыққанын

және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметінен кеткенін айтады. «Президент мырза, сіз коммунизмнен «тэтчеризмге» беттеген сияқтысыз ғой», - деген пікір білдіреді М.Тэтчер [11,163]. Мұндай байыптама Қазақстан мен оның Президенті түскен жолды пайғамбарлық көрегендікпен сипаттау болып шықты деген пікір қосады ағылшын жазушысы Джонатан Айткен [11,163]. Әңгіме барысында КСРО-да болып жатқан саяси оқиғалар барысы мен олардан болуы мүмкін салдарлары және тығырықтан шығу жолдары туралы пікірлер алмасты [8,56-57].

КСРО республикаларының басшылары мен одақтың бірқатар қайраткерлері мен саясаткерлері Қазақстан басшысы Н.Назарбаевқа КСРО-ны күйреуден аман сақтап қалатын бірден бір тұлға ретінде үміт арта бастады. Оны КСРО президентінің орынбасары немесе үкімет басшысы ретінде көргісі келді. Бірқатар республика басшылары оны КСРО басшылығына ұсынуға да ниетті болды

Н.Ә.Назарбаевты КСРО-ның вице-президенттігіне Өзбекстан басшысы Ислам Каримов ұсынады. Бұл ұсынысты Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Татарстан басшысы М.Шаймиев те қолдайды.

М.С.Горбачев та бұл ұсынысты қолдап, Қазақстан басшысымен бұл мәселе бойынша ақылдасады. Н.Ә.Назарбаев бұл қызметке келер жағдайда өзінің тек «атқарушы» болмай міндетін толық атқаруға мүмкіндік беретін өзінің талаптарын мәлімдеген соң, бұл адамның «көнбіс орындаушы» болмайтынын түсініп, Кеңес елінің басшысы вице-президенттікке Г.И.Янаевты қоюға (ол 1990-1991 жылдары осы қызметті атқарды-авт) ұйғарады [12,138-140].

Ал КСРО Президенті М.С.Горбачевтің бұл таңдауы қандай қателікке ұрындырғанын кейін «1991 жылғы тамыз бүлігі» көрсетіп бергені көпшілікке мәлім.

Алғашқы кезде федерациялық құрылымды жақтаған Н.Ә.Назарбаев 1991 жылғы «тамыз бүлігінен» кейін КСРО-ны енді бұрынғы формасында сақтап қалу мүмкін еместігін түсінеді.

Ол енді республикалар арасында конфедерациялық шарт жасауды ұсынды. Н.Назарбаев тек бұрынғы 15 одақтас республикалар мүддесін ғана емес, «барлық республикалар дегенде ол өзін егеменді деп жариялаған немесе жариялағысы келетін автономиялы республикаларды да қосып айтты. Ол тек осындай жағдайда ғана республикалардың шынайы тең құқықтығына жететінін сезінді.

Қазақстан басшысы республикалар қадам басып отырған шарттық қатынастардан басқа болашақ Одақта ешқандай одақтық Министрлер кабинеті, ешқандай одақтық парламент болмауға тиіс екендігін 1991 жылы 26 тамызда Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында сөйлеген сөзінде ашып айтты. «Қазақстан ешқашан да бірде-бір аймақтың «айыл-тартпасы» болмайды, ешқашан да оның «кіші інісі» болмайды. Біз Одаққа тең праволармен және тең мүмкіндіктермен кіреміз» деп мәлімдеді [8,44]. Қазақстан басшысы өзгеретін мемлекет атауына да келісті. «Біз ССРО аббревиатурасына үйренгенбіз. Оны қалдырып, «Егеменді Республикалардың Ерікті Одағы» деп оқуды ұсынамын» деді [8,43]. «Тамыз бүлігінен» кейін КСРО-ның стихиялы түрде ыдырауын осы алып мемлекеттің алғашқы және соңғы президенті М.С.Горбачев тоқтата алмады. Тамыз бүлігінен кейін М.С.Горбачев Қауіпсіздік Кеңесі мүшелігіне Н.Ә.Назарбаевты қосады. Енді вице-президенттікке кімді ұсынамыз деген сұрақ туғанда тағы Назарбаев аты аталады Г.Х.Шахназаров та (ол кезде-КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, заңгер ғалым-авт) қазақ басшысын барынша қолдайды: «Назарбаев-оптимальный выбор. Человек энергичный, не будет довеском, в политическом плане крупная фигура. Страна у нас евроазиатская» [13,214].

Саяси қайраткерлердің портретін жасаудың шебері, ресейлік зерттеуші Л.М.Млечин сол күрделі кезеңде Қазақстан басшысы Н.Ә.Назарбаевтың М.С.Горбачевті ауыстырып КСРО-ның Президенті болу мүмкіндігі де болғанын жазады. Л.Млечиннің жазуы бойынша М.С.Горбачевтің өзі КСРО тарайтын қарсаңда маңызды мәселелер бойынша Н.Ә.Назарбаевпен жиі ақылдасып, оны вице-президенттікке немесе премьер-министрлікке қызметке ертерек қоймағанына өкінген көрінеді [13,215].

Ұлыбританияның белгілі жазушысы, әрі қоғам қайраткері Джонатан Айткен ағылшын тілінде жарық көрген «Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстанның қарышты қадамы» атты кітабында: «Іс жүзінде Назарбаев Кеңес Одағын сақтап қалу үшін бәрін де істеді, бірақ ол КСРО атауын Егеменді Республикалардың Ерікті Одағы деп өзгерте отырып, мүлде жаңа нысанда сақтауға тырысты. Ол Қазақстан мен басқа республикалардың өз тәуелсіздігіне деген құқығын барынша қызу қуаттады»-деп пайымдайды [113,162]. Бірақ Н.Ә.Назарбаевқа Кеңес Одағының басшысы болуы тағдыры жазбапты. Саяси оқиғалар күрт өзгерістерге ұшырап жатты. Украина, Белорусия және Ресей Федерациясы сияқты славян мемлекеті басшылары (Кравчук, Шушкевич, Ельцин-авт) 1991 жылы 8 желтоқсанда Беловежьедегі (Минск қаласы маңындағы республика басшылығының резиденциясы-авт) кездесу

өткізіп, үш республика атынан КСРО-ның таратылғаны және ТМД жариялағаны туралы құжатқа қол қояды. Славян республикаларының басшылары Н.Ә.Назарбаевқа Беловежьеге келіп осы құжатқа қол қоюға шақырады. Қазақстан басшысы бұл ұсыныстан бас тартады. Өйткені көршілес, туысқан республикалар шақырылмады және бұл одақ славян мен мұсылман республикалары арасында түсінбестік туғызар еді. Бұл оқиға Орталық Азия республикалары тарапынан оған қарама-қарсы шара ретінде «Түркістан конфедерациясын» құру туралы ұсынысты туғызды.

Қазақстан басшысы «Назарбаев енді мұсылман блогын құруға кіріседі» деген қаңқу сөзге жол бермес үшін шұғыл түрде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстан басшыларының (Н.Назарбаев, И.Каримов, А.Ақаев, С.Ниязов, Р.Нәбиев-авт) кездесуін Ашхабад қаласында өткізуді ұсынады. Ол Орталық Азия республикалары басшыларының Ашхабадтағы кездесуінде бұндай қадамның қауіпті және апатқа апаруы мүмкін екендігін дәлелдеп тиімді шешім қабылдауға ықпал етті. Бес республика басшыларының бірауыздан мақұлдаған мәлімдемесінде ТМД құру барысында кеңестік кеңістіктегі республикалардың құқықтық теңдігі сақталуы және жаңа одақтың тең дәрежелі құрылтайшысы болатыны туралы мәселе қадап айтылды.

Қазақстан Президенті енді РФ, Украина және Белоруссия басшыларына славян және мұсылман республикалары болып екі одаққа бөліну қауіпті тайталасқа ұрындыруы мүмкіндіген дәлелдеп мәселені бірлесіп талқылау үшін Алматыда кездесуге шақырды. Сөйтіп Қазақстан Президентінің күш-жігері нәтижесінде 1991 жылы 21 желтоқсанда құлаған КСРО-ның 11 республикасының басшылары ТМД құру туралы хаттамаға қол қойды. Бұл оқиғаға әлемдік қауымдастық оң баға берді. Француздың «Фигаро» газеті «Назарбаевтың көрегендігі арқасында түйықтан шығар жол табылды» деп бағалады. КСРО-ның құлауын тарихтың заңды үдерісі және алып империяның ыдырауымен одан бөлінген республикалардың іргетасы азаматтарының қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін тұрақты экономика деп ұғынған және олардың әлемдік қауымдастыққа кірігіп өмір сүруі қажеттігін және мүмкіндігін ескеріп Н.Ә.Назарбаев «Тарихтың көрсеткеніндей, империялардың ыдырауында объективтік сипат бар. Алайда, дүниежүзілік бірлестіктің интеграциясын тереңдете түсуге кедергі жасауға тырысу тарихтың дөңгелегін кері айналдыруға әрекет жасаумен пара-пар»-деп пайымдады [7,52].

Түйіндей айтқанда КСРО-ның құлауы әлемнің дамуына зор әсер еткен XX ғасырдағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Н.Ә.Назарбаев осы тарихи сәттерде өзін КСРО аталған мемлекетті тып-тиыпыл қылып жоюшы емес, демократиялық негізде жаңарған одақ құру жолында дәйекті күрескер ретінде танылды. Сөйтіп соңғы сәтке дейін осы позициясында тұрып, КСРО-ның қантөгіссіз бейбіт жолмен тарауына және ТМД құрылуына лайықты үлесін қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. –Алматы: Өнер, 1996. -272 бет.
- 2 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. ЖОО арналған оқулық. –Алматы: Раритет. 2010. -448 бет.
- 3 Сұлтанов Қ. Елбасы және Қазақ мемлекеттігі. –Алматы: «Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциациясы», 2015. -488 бет.
- 4 Независимый Казахстан и Лидер Нации. Под ред. Аягана Б.Г.-Алматы: Раритет, 2010. -392 с.
- 5 Видова О.И. Нұрсұлтан Назарбаев: Азаматтың, саясаткердің тұлғасы / Орыс тілінен аударған т.ғ.д. Ғ.М.Қарасаев. –Өскемен: Рекламный Дайджест, 2007. -376 бет.
- 6 Нұрсұлтан Назарбаев: Елмен сырласу. 1 том. –Астана: «Күлтегін» баспасы, 2008. -280 бет.
- 7 Нұрсұлтан Назарбаев: Елмен сырласу. 3-том. –Астана: «Күлтегін» баспасы, 2008. -236 бет
- 8 Нұрсұлтан Назарбаев: Елмен сырласу. 2- том. –Астана: «Күлтегін» баспасы, 2009. -256 бет
- 9 Новейшая история России. Учебное пособие. М.: ТК Велби. Издательство Проспект. 2008. -208 с.
- 10 Аяган Б., Ауанасова А. Нұрсұлтан Назарбаев: Человек у власти –Алматы: «Литера-М». 2015. -376 с.
- 11 Джонатан Айткен. Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстанның қарышты қадамы. Қаз. М., Издательство «Художественная литература». 2010, -370 бет
- 12 Валовой Д. Кремлевский тупик и Назарбаев. Очерки и размышления. Москва: Молодая гвардия. 1993. -191 с.
- 13 Млечин Л.М. Назарбаев. Групповой портрет с президентом. / Л.М.Млечин. -М.: Восток-Запад, 2010. -344 с.

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

Қазақстанды да өз ішіне қамтыған әлемнің өркениетті елдерінің Ата заңында «Президенттің құқы мен міндеттері» деген баптар бар. Оған қарап отырсаңыз, күллі жер жүзі елдері президенттерінің құқықтары мен міндеттері негізінен ұқсас, шамалас болып келеді. Ал қашан да, қайда да Елін, Жерін сүйген, туған халқы мен Отанының тағдыры мен болашағын ойлаған президенттер сол Ата заңда көрсетілген міндеттердің «шеңберін» бұзып, белгіленген «сызықтан» шығып барып, ірі қадамдар жасайды, ұлы істер атқарады. Сондай Отаны мен туған халқының тағдыры үшін, елінің болашағы үшін жүрекжұтты батыл қадамдарға барып, теңдессіз ұлы міндеттерді арқалап, әрі ол міндеттерді ақаусыз атқарып келе жатқан елбасшыларының бірі - Қазақстанның тұңғыш президенті, ұлт көшбасшысы – Нұрсұлтан Назарбаев деп айтуға толық негіз бар. Қазақ елін құру, қалыптастыру жылдары болып есептелетін алғашқы ширек ғасырда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына үш ұлы қадамын президенттік қана емес, перзенттік һәм азаматтық еңбегі деп есептеуге болады! Олар: 1. Елордамызды Алматыдан Арқа төсіндегі Ақмолаға көшіріп әкеліп, Астанадай гүлденген қала салуы; 2. Көршілерімізбен шекарамызды бейбіт жағдайда, дипломатиялық жолмен шегендеп беруі; 3. Алыс-жақын шетелдерден бір миллионнан астам қандас-бауырларымызды Отан құшағына оралтуы.

Тәуелсіз ел құрудың қат-қабат қиындықтарымен қатар жүзеге асырылған осынау ұлы игіліктердің әр біреуін жеке-жеке «ғасырлық жеңіс» деп сеніммен айта айта аламыз. Осылардың ішінде, әсіресе, әлемнің түкпір-түкпірінде тарыдай шашырап жүрген ағайындарды Отан құшағына оралту, ол – мейлі саяси-стратегиялық тұрғыдан болсын, мейлі гуманитарлық-патриоттық тұрғыдан болсын, қашан да Қазақ елі үшін мәні мен маңызын, қажеттілігі мен өзектілігін жоймайтын құбылыс. Біз бүгінгі баяндамамызда осы мәселенің (ұлттық көші-қон) жай-жапсарын қаузауға тырысамыз.

Жалпы қай елде болмасын, қашан, қандай мәселеде болмасын, ұлттың жан саны, демографиялық фактор көп мәселені шешеді. Біздің елдің жағдайында, әр облысымызда ең кемінде 2-3 миллион халық өмір сүретін күнге жеткенде ғана тәуелсіздіктің тағдырынан аландамай күн кеше аламыз. Президент Н.Ә.Назарбаев та «Ұлт жоспары» бағдарламасында: «2020 жылы Қазақстан тұрғындарының жан санын 20 миллионға жеткізу» туралы ұлы міндетті жайдан-жай ортаға қойып отырмаса керек. Осы тұрғыдан келгенде «Оралман» деген атпен елге қосылған әр бір қазақтың тек соқа басының өзі баға жетпес байлық десек еш артық айтқандық емес... Міне осы ащы ақиқатты, көкейкесті қажеттілікті Елбасымыз күнілгері сезді, дер кезінде қимылдады.

Алаш баласының сан ғасырлық ұлт-азаттық күресі мен арман-мұратының арқасында, азат ел, тәуелсіз мемлекет болдық. Сол тәуелсіздік алған күннен бастап Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев тәуелсіз Қазақ елінің тағдыры мен болашағына қалай бас қатырса, тарихтың қилы кезеңдерінде тағдыр тауқыметімен жер бетіне тарыдай шашырап кеткен қазақ баласының да тағдыры мен болашағына дәл солай бас қатырды. Түптеп келгенде бұл екеуі, яғни тәуелсіз Қазақ елі мен шетелдерде өмір сүріп жатқан қандас бауырлар, екі бөлек дүние емес, бірі біріне мұқтаж, бірін бірі толықтыратын, бірін бірі бүтіндейтін бір құбылыс, бір мәселе, бір тағдыр, бір болашақ болатын. Себебі тәуелсіздігімізді жариялаған тұста мемлекетке атын беріп отырған титулдық халықтың республикадағы үлес салмағы қырық пайыздың ожақ, бұ жағында ғана еді. Осындай демографиялық жағдаймен азаттықтың алып айдынына шыққан Қазақ елінің кемесі күтпеген дауылды толқындарға шыдастық бере алар ма еді, бере алмас па еді?! Ол кезде үміттен күдік басым болатын... Қазақ елінің тағдыры мен болашағына қатысты осынау күрмеуі күрделі мәселені жедел шешудің жылдам әрі бірден-бір төте жолы – шетелдерде өмір сүріп жатқан қандас бауырларды елге оралтып, сол арқылы ортамызды толтырып, жыртығымызды бүтіндеу екендігін Н.Ә.Назарбаев ерте аңғарды. Аңғарып қана қойған жоқ, жедел іске кірісті. Тіпті Елбасының бұл бағыттағы қадамы тәуелсіздік алмай тұрып-ақ басталып кеткені жұрт есінен көтеріле қоймаған болар.

1991 жылдың қыркүйек айы. КСРО толықтай тарампаған, Қазақ елі тәуелсіздігін әлі жарияламаған кез. Осы тұста егемен (суверенді) Қазақстан Республикасының Президенті ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Түркияға ресми сапармен барған болатын. Сапар аясында Стамбул қаласында қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесіп, оларды көшіріп алуға уәде берді. Бұл оқиға сол кезде тек Түркиядағы ғана емес, шетте жүрген күллі қазақ диаспорасының жүректеріне үміт отын жағып, көңілдеріне болашаққа деген сенім ұялатты. Сол кездесуде қазақ диаспорасының өкілдері Елбасынан «алғашқы кезекте

жедел түрде Ауғанстаннан ауып барып Пәкістанда, Иранда, Сауд Арабиясында және Түркияда босқын ретінде қаңғып жүрген қазақ бауырларымызды елге қайтаруға қол ұшын беруін» өтінген болатын. Президент бұл өтінішті екіленбестен қабыл алып, әрі көпке созбай тәуелсіздігіміз жария болғаннан кейінгі аз уақытта Қазақстаннан арнайы әуе көлігін жіберіп, аталған мемлекеттерде босқын болып жүрген бауырларымызды атамекенге жеткізді.

Бір кездері тағдыр тәлкегіне түсіп, Ауғанстаннан пана таппай, бөтен ел, жатжұрттарға босып, азып-тозып жүрген сол бауырларымыз бүгінде Жетісай, Түркістан, Шымкент, Алматы және Ақтөбе облысы т.б. өңірлерде өсіп-өніп, еңбек етіп, бақытты болашағының бесігін туған халқымен бірге тербетіп, отан құшағында алшаң басып жүр.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялады. Осынау шексіз қуаныштың, ұлы дүбірдің ап-сабы басылып үлгерместен есік қағып, жаңа жыл - 1992 жыл келді. Яғни бұл Тәуелсіздік алғанымызға 15 күн ғана болған кез еді. Бұл күндердегі Қазақ еліндегі абыр-сабырды, мың сан қарбалас тірлікті ойша елестету де, қиялмен бағамдау да қиын емес еді. Алайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев уақыт тауып, шетелдерге хабар тарату радиосынан сөз сөйлеп, алыста жүрген ағайындарға ақ тілегін жолдады. Азат ел, тәуелсіз мемлекет басшысының үні қандай асқақ, сөздері қандай жалынды еді! Әуе толқынынан саңқылдай шыққан бұл тілекті ет құлағымен естіген қазақ баласының қуанышында шек болған жоқ. Әсіресе Елбасымыздың: «Қымбатты отандастар! Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған Сіздерді кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба деген сұрақтың алаңдатып келгенін мен жақсы білемін. «Туған жердің түтіні де ыстық» дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы ата қонысына тарту мақсатында Қазақстан Үкіметі арнайы қаулы қабылдады. Сондықтан ата-мекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Ата-баба әруағы алдарыңыздан жарылқасын!», - деген сөздерін толқымай тыңдау мүмкін емес еді.

Айтылған сөз ақиқатқа айналса ғана құнды. Елбасымыздың сөйлеген сөз, айтқан ойларының бәрі біртіндеп жүзеге аса бастады. 1992 жылы қыркүйек айында сол кездегі астанамыз Алматы қаласында Елбасының тікелей тапсырмасымен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы шақырылды. Ғасырлап азып-тозған қазақ баласы бір-бірімен жылап көрісті. Мұндағы жұрт жеті атасы тіріліп келгендей қуанды. Шетелден келген бауырлар ұшақтан шыға салып, әуежайдың топырағына аунай кетіп, қара жерді құшырлана сүйді. Осы құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Қауымдастық төрағасы болып Елбасы Н.Ә.Назарбаев сайланды.

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткен соң, ұзамай 1992 жылдың қараша айында Иран Президентінің арнайы шақыруымен Қазақстан Президенті Иран еліне тұғыш рет ресми сапармен барды. Осы сапарында Елбасы сол кездегі Иран Президенті Әли Акбар Һашеми Рафсанжани мырзамен Иран қазақтарының тағдыры туралы арнайы әңгімелесіп, ондағы ағайынның атажұртына өз қалауы бойынша еркін көшуі туралы келісімге келді. Бұл да, әсіресе, жастары парсылану алдында тұрған Ирандағы қазақ диаспорасы үшін теңдесі жоқ қуаныш болды.

Басқаны былай қойғанда, бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы Ресей, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан секілді бұрынғы одақтас республикалардағы қазақтарды атамекенге оралтудың заңдық тетіктерін жасаудың өзі де оңай болған жоқ. Дегенмен бұл елдерде өмір сүріп жатқан ағайындарды елге оралту мәселесін де Елбасымыз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аталған елдердің басшыларымен жеке-жеке сөйлесіп, тіл табысып, келісімге келу арқылы шешіп берді. Соның арқасында әсіресе Өзбекстандағы қандастар отан құшағына кедергісіз оралуға мүмкіндік алды.

Азаттықтың алғашқы кезеңінде алыстағы ағайындарды елге оралту мәселесінде Қытай елімен келісімге келудің қиындығы көп көңілін күпті қылған сұрақтардың бірі болғаны жасырын емес. Алайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ҚХР-ның сол кездегі төрағасы Цзянь Цзэминмен ауыз-екі келісіп, «бөлініп-жарылған отбасылардың қоныс аударуына» рұхсат алды. Соның арқасында ҚХР-ында өмір сүріп жатқан қандастардың арасындағы атажұртқа ораламын деушілердің көшіне де кең жол ашылды.

Қазірге дейін Қазақ елінде дүниежүзі қазақтарының төрт құрылтайы өтті. Дөңгелектеп айтқанда бес-алты жылда бір құрылтай өтіп тұрды деген сөз. Әр жолғы құрылтайға Елбасы өзі қатысып, алыстан келген ағайынға өзінің бауырмалдығын, Қазақ елінің ыстық ықыласын білдірумен бірге, шетелдердегі қазақ диаспорасының мұң-мұқтажын, көші-қонға қатысты түйткілді мәселелерді мұқият тындап, қатысты сала басшыларына оларды тездетіп шешу туралы нақты тапсырмалар беріп отырады. Әсіресе әр жолы құрылтайға келген ағайынға арнап айтқан жүрекжарды лебізінен Елбасының туған халқына деген сүйіспеншілігін, алыстағы ағайынға деген ыстық ықыласы мен бауырмалдығын аңғару қиын емес. Бір мысал, 2005 жылы 29 қыркүйек күні өткен Дүниежүзі қазақтарының үшінші құрылтайында

Н.Назарбаев халқымыздың «Жол жүрсе өнеді» деген қанатты сөзін мысалға ала келіп: «Ал ең басты жол – Отанға бастайтын жол, ол жырақта жүріп сағыныштан сарғайған қандастарымыздың жүрегі арқылы өтетін жол. Талайларыңыз атамекенге жүрек жолымен келіп, туған жер төсінде тұрақтап қалып та жатырсыздар. Оттан да ыстық Отанның ыстығына күйіп, суығына тоңып келесіздер. Қай жерде жүрсеніздер де, атамекенді ардақтаған адал жүректеріңізбен туған жеріміздің жақсы атын шығарып келесіздер. Сол үшін Сіздерге мың да бір рақмет айтамын», — дегенде залдағы жұрттың дені лықсып келген көз жастарына ерік берді. Бұл әрине, қуаныштың, бақыттың, тебіреністің көз жасы еді...

Иә, бүгінде Қазақ елі - ата-бабалары ғасырлар бойы аңсаған азат күнге жетіп, тәуелсіздік туын тіккен күннен бастап тағдыр талайымен төрткүл дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған қандастарын қомақты қаражат бөліп, еліне шақырып отырған санаулы ғана мемлекеттердің бірі. Соның арқасында өткен ширек ғасыр ішінде 350 мыңға жуық отбасы Атажұртқа оралып, бұрыннан керегесі кең, бүгінде өзгелермен терезесі тең тәуелсіз еліміздің халқы 1 миллионнан астам қандастарымызбен толықты. «Елге ел қосылса - құт» дейтін қазақ даналығын бір сәтке де естен шығармайтын Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 2008 жылдан бастап алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың көшіп келу квотасы 20 мың отбасыға дейін көбейді. Бұл - жыл сайын шетелдерде тұратын 100 мыңға жуық қандасымыз мемлекет көмегімен атамекенге оралып, емін-еркін қоныстануына мүмкіндік алып отыр деген сөз. Ал атажұртқа өз күші, өз қаражатымен оралып жатқандары қаншама!? Бұдан тыс, Елбасының көші-қон саясатының түпкі мәнін терең түсініп, ел тағдыры мен болашағына қатысты іргелі шараға жұмыла қолдау көрсеткен бірқатар облыс, аудан, ауыл басшылары туған елмен қауышып, ортамызды толтырып жатқан қандастарымызға қолдан келгеннің бәрін жасап, тіпті арнайы ауыл салып беріп, сауапты да игілікті іс тындырып жатқанын атап айтуға тиіспіз. Бүгінде еліміздің бірнеше аймақтарында бейімдеу орталықтары құрылып, өзге ортадан келген ағайынның өз еліне тез сіңісіп кетуі үшін қажетті шарт-жағдайдың бәрі жасалуда. Алайда 2009-2010 жылдары көш кідіріп, белгіленген квота мөлшері толмай қалатын жағдайлар жиі қайталана бастаған болатын. Бұл мәселеге 2011 жылы мамыр айының 25-27 күндері елордамыз - Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі баса назар аударып, қандастарымыздың елге оралу, тіркеуге түру, азаматтық алуда кездесетін түрлі кедергілерді жою, қандастарымызды Отанға оралту жұмысын жүйелей түсу жұмыстары бойынша үкіметке нақты тапсырмалар берді. Ал 2015 жылғы 24 қараша күні Елбасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойып, соңғы **2-3 жыл бойы қаңтарылып қалған қазақ көшінің қайта жандануына кең жол ашып, заңдық негіз қалап берді**. Аталған заңда шетелде тұратын қандастарымызды атамекенге қоныстандырудың және оларды әлеуметтік қамсыздандырудың жаңа мүмкіндіктері қарастырылған. Заң күшіне енгеннен бері, сырттан көшіп келген ағайындардың ел азаматтығын алу мерзімі қысқарып, көптеген жеңілдіктер мен көмектер ұсыныла бастады.

Демек қазақ көші әлі де жалғаса береді деген сөз. Келемін деуші ағайынға отанның құшағы айқара ашық. Ал келген ағайындарымыздың басым көпшілігі атажұртқа орнығып, тиісті шаруасымен айналысып, бала-шағалаларын өсіріп, Отан төрінде беймарал өмір сүруде. Кейде аннан-мұннан Қазақстандағы көші-қон жұмыстарын сыпыра жоққа шығарып, оралман атаулыны түгелдей жетім баланың күйін кешіп, күнін көре алмай жүргендей етіп сүмірейте көрсету нысайлары да қылаң беріп қалады. Тағы да қайталап айтамыз, тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі жүзеге асқан ең маңызды, ең ауқымды, мақтанып айтуға тұрарлық табыстарымыздың бірі һәм бірегейі – шетелдердегі ағайындарды атажұртқа көшіріп әкелу. Өзімізбен қатар тәуелсіздік алған республикалардың ешқайсысы да тап осындай ауқымды істі жүзеге асыра алған жоқ. Оған тәуекелдері жетпеді. Ертегідей ерлікке пара-пар мұндай қадамға тек Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ғана бара алды.

Ерлік емей немене?! Тәуелсіздігін жаңа алған Қазақ елін аяғынан тұрғызудың қат-қабат қиындықтарына қарамастан, шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасын елге оралтумен жүйелі айналысуға – отансүйгіштік үлкен жүрекпен қоса, көзсіз ерлік те қажет болатын. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма бес жылда бір миллионға жуық қандастарымыздың тарихи Отанына оралуы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел тәуелсіздігінің алғашқы жылынан бастап, батыл да дәйекті түрде жүргізіп келген салиқалы саясатының жемісі мен жеңісі екендігін атап айтуға тиіспіз.

Ал шеттен келген бауырларымызбен бірге елге оралып жатқан мәдени құндылықтарымыз отандық мәдениетіміздің дамуы мен өркендеуіне тың тыныс, жаңа өріс сыйлағанын неге мақтанышпен

жыр етпеске!?! Атап айтқанда қазақтың қаймағы бұзылмаған шұрайлы тілі мен бай әдеби мұралары, діни сенім-нанымы мен халықтық салт-дәстүрі, ұлттық рух пен мінез-кұлқы, ұлттық қолөнердің әр түрлі үлгілері, Қазақ елінде ұмыт болып бара жатқан көптеген ән-күйлері мен билері осы қандас-бауырларымызбен бірге соңғы ширек ғасырда отандық мәдениеттің қоржынына қосылды.

Бұдан тыс, атажұртқа оралған ағайындардың арасында еліміздің іскерлік-кәсіпкерлік саласында, ғылым-білім саласында, өнер мен мәдениет саласында жемісті еңбек етіп, Қазақ елінің дамуы мен гүлденуіне өзіндік үлес қосып жүргендері қаншама?! Бұл арнайы қарастыруға тұрарлық бөлек әңгіменің арқауы.

Қысқасы «Елге ел қосылса – күт» деген осы. Елбасымыздың көші-қон және демография саласындағы салиқалы саясатының, шетелдердегі қазақ диаспорасы жөніндегі ізгі ниетінің арқасында өлгеніміз тірілді, өшкеніміз жанды, ортамыз толды, ойдағымыз болды!

Елбасымыздың Қазақ елінің тағдыры мен болашағын ойлаудан туған, өзі білек түре кіріскен, бүгінде жемісін де бере бастаған стратегиялық ұлы саясаты еш қашан сұйылмауға тиіс деп ойлаймыз.

Өйткені «Мәңгілік ел» боламыз десек, біздің әлі де өсіп-өнуіміз керек, көбеюіміз керек! Көсегеміз көбейсек қана көгереді!

Дүкенбаева З.О., Мұсабалина Г.Т.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Тамырын тереңге жайған Қазақ Елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. «Мәңгілік Ел» – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі» - [1,12] деп атағандығы баршамызға мәлім.

«Қазақ елі», «Мәңгілік Ел», «Ұлы Дала елі» - деген киелі ұғымдар уақыт көшімен қилы дәуірді бастан өткерген халқымыздың қилы тарихынан хабар беретіндей. «Мәңгілік ел» сөзі аспаннан түсе қалған жоқ. Ол біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан алынды. Оны дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Қазақ халқының тарихында ХХ ғасырдың соңына қарай Қазақстан тәуелсіз ел атанды. Тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарының бірі – қазақ ұлтының басынан өткен қиын тағдырына тарихи тұрғыдан әділ баға беріп, оң көзқарас қалыптастырды. Алдымен тарихшылар және қоғамдастық ғылымдар саласындағы ғалымдар ұлтымыздың тарихына қатысты көне салт-дәстүрлеріміз бен мәдени мұраларымызды жиып-теріп, ғылыми талдау жасап, зерделеді.

Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде килы кезенді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуге тиіс. Бұрынғы КСРО-да қазақтар саны жағынан бесінші ұлт болғанына қарамастан, олар туған жерінде аз ұлтқа айналды, олардың ана тілі де жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Мұның өзі де сол баяғы жүйенің кінәсі. Қазақ халқы бабалардан қалған біртұтас ұлан-ғайыр далада ұлт ретінде қалыптасты, жетілді. Тіпті, оны Ата заңымыздың басталуындағы «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекетті құра отырып ...» [2,4] деп жазылған сөздер де айғақтайды.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп келгендігі тарихтан белгілі. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында тарихтың тұңғығына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Біздің бабаларымыз өз бастарына түскен барлық қиындықтарға қарамастан, туған халқының болашағы үшін ананың ақ сүтімен дарыған тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген. Осының бәрі сайып келгенде Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне үлкен мүмкіндіктер жасады.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазіргі уақытта Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсуіне көмектесіп, кез-келген тарихи кінә артуларына жол бермеуге жағдай жасайды. Өйткені, өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр – бабаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттігімізді нығайтуға және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін жаңа жауапкершілігімізді сезінуге күш береді. Қоғам дамуының тарихи жаңа кезеңі қоғамның барлық саласындағы уақыт тудырған күрделі әлеуметтік өзгерістермен байланысты болды.

29. Нестерова Н.А., Попов А.А. Особенности этнической мобилизации как фактора формирования современного полиэтничного гражданского общества в многонациональном регионе (на примере института Съезда коми народа) // Политические, экономические и социокультурные аспекты регионального управления на Европейском Севере. Сыктывкар, 2004.
30. Попов А.А., Нестерова Н.А. Национальный вопрос в Республике Коми в конце XX века (историческое исследование). Сыктывкар, 2000.
31. Законодательная власть Республики Коми: очерки истории. Сыктывкар, 2008.
32. Связь времен. Сыктывкар, 2000.

Жиенкулова Л. Т.

ЕХРО-2017 ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫҢ МАҢЫЗДЫ КАТАЛИЗАТОРЫ РЕТІНДЕ

Әрбір мемлекет және оның басшысы ең алдымен алдына қоятын мақсат – ел экономикасының дамуы, сонымен қатар басқа мемлекетпен, яғни дамыған мемлекеттермен бәсекелестікке түсе алатындай, елімізде өндірілетін тауарлардың әлемдік нарыққа шыға алатындай жолын іздеу, сол үшін атсалысу болып табылады. Себебі кез келген мемлекет өзінің халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартқысы келетіндігі анық. Бұл мәселе Қазақстанды да айналып өтпеді. Кеңес Үкіметі құлдырап, Қазақстан Республикасы Кеңес Одағының құрамынан шығып, өзінің Тәуелсіздігін иеленген кезде еліміздің алдында өте ауқымды мәселе, яғни Қазақстан Республикасының басқару саясатын, экономикасын түгелдей өзгертіп, нарықтық қатынастарға бет бұру қажеттілігі мәселесін шешу тұрды.

Жиырма жылдан астам уақытта Қазақстан Республикасы әлемдік аренада өзінің күшін, мүмкіндіктерін көрсетіп, көптеген жетістіктерге жетті. Еліміз тәуелсіздік жылдарында жаһандық экономикада ілгері дамып, кең байтақ еліміздегі «қара алтын», газ, уран және басқа да пайдалы қазбаларды әлемдік тауар рыногына экспорттап келеді. Осыған сәйкес Қазақстан әлемдік аренада өзінің позициясын нығайтып, экономиканы дамытуда көп жұмыс жасайды. Сонымен қатар, елімізде демографиялық жағдайда да, экономикалық жағдайда да біршама ілгері дамығандығын көре аламыз.

Біздің Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, Халыққа жолдаған Жолдауларының барлығы дерлік экономикалық тәуелсіз мемлекетті қалыптастыруға бағытталды. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында да Елбасымыз индустриалды-инновациялық дамуды баса назарға алды [1]. Әлемдік аренадағы ұлы державалар ретінде танылған АҚШ, Қытай және басқа да елдер индустриалды-инновациялық даму жолына бұрыннан қадам басқан болатын. Ал қазіргі таңда әлем елдерінің барлығы дерлік индустриалды-инновациялық даму жолын экономиканы дамытудың басты бағыты ретінде қолға алып жатыр. Қазақстан Республикасы да өзінің басты даму бағыты ретінде индустриалды-инновациялық даму бағытын ұстанып отыр. Осыған сәйкес Қазақстанның даму бағытының негізгі мақсаты – жақсы өмір стандарттарын ұсынатын, өзінің қажеттіліктерін жүзеге асыра алуға мүмкіндік беретін қоғам құру, яғни инновациялық типті қоғам құру.

Ең алдымен инновация деген терминге қысқаша шолу жасайтын болсақ, тар мағынада: инновация – жаңашылдық, жаңалық деген мағынаны білдіреді, кең мағынада: инновация – инновациялық процестердің нәтижесі, яғни нарықта жаңа өнім немесе процесс ретінде таралатын және коммерциялық қолдану деңгейіне дейін жеткізілген өнертабыс. Яғни, жаңа технологиялардың қолдануымен қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігінің даму деңгейі. Қазақ елінде экономиканың инновациялық типін дамыту үшін алғышарт ретінде – ғылыми техникалық прогресті атап өту керек. Себебі озық технологияларды пайдалану арқылы саланың жаңғыруына қадам басады. Қазақстанның ғылыми техникалық даму дәрежесін білу үшін The World Economic Forum рейтингісіне назар аударған жөн. Бұл рейтинг мәліметтеріне сәйкес «Инновация» факторы бойынша Қазақстан 64 орынды иеленсе (2009-2010), «Инновациялық дамуға жағдай жасау» көрсеткіші жөнінен 50 орынды иеленеді [2]. Осы мәселеге сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2003 жылдың 17 мамырында №1096 қол қойылған «2003-2015 жылдар аралығында Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму стратегиясы» атты Жарлығында барлық негізгі алғышарттар мен көздеген мақсаттары айқындалған [3]. Бұл стратегияға сәйкес жүзеге асыру мерзімін 3 этапқа бөлген, яғни: I кезең – 2003-2005; II кезең – 2006-2010; III кезең – 2011-2015 жылдар. Осыған сәйкес Қазақстан экономикасының алдында инновациялық даму бойынша күтілетін нәтижелер анықталды. Индустриалды-инновациялық даму саясатын белсенді түрде жүргізу экономика дамуын жылына 8,8-9,2% кем емес көрсеткішке ұлғайтады. Осыған сүйене отырып қарастырғанда, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ЖІӨ-нің көрсеткіші шамамен 3,5-3,8 есеге артады. Еңбек өнімділігін 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 3 еседен кем емес көрсеткішке ұлғайту. Сонымен қатар мұнай өнімдері жөнінде де біршама көздеген мақсаттар болды. Мұнай және газ кеніштерін игеру экономика структурасының түбегейлі өзгерісіне әкелмейтіндігі ескерілді. Алдағы жылдарға бағытталған жоспар бойынша әлі де жұмыс атқарылады. Соңғы жылдары технопарк және бизнес-инкубаторлардың да маңыздылығы арта түсті. Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған жылдан қазірге дейін көптеген жетістіктерге жетті. «Дамыған 50 елдің қатарына кіру керек» деген басты мақсатқа да қол жеткізді. Келесі көздеген мақсат – дамыған 30 елдің төрінен көріну. Ол үшін Қазақстан экономикасы ғылыми білімге, инновациялық технологияларға, жоғары білікті өндіргіш күшке негізделуі тиіс. Бүгінгі дамудың жалғыз әрі тиімді жолы – инновациялық жол. Соңғы жылдары әлемдік экономикада білім мен инновацияны маңызды экономикалық ресурстар ретінде пайдалану базасында экономикалық өсудің жаңа типі қалыптасты. Қазір материалдық игіліктерді жасау көп жағдайда ғылымның жалпы деңгейі мен техниканың прогресіне немесе осы ғылымның өндірісте қолданылуына тәуелді. ЕХРО көрмесі-дәл осы техникалық прогресті қалыптастырудың, жаһандану процесіне қол жеткізудің, инновациялық экономика құрудың қайнар көзі, басты нышаны ретінде айқындалады. Бұл көрменің өзектілігін, бүгінгі таңдағы дамыған қоғамға қажеттілігін нақты ашып көрсетеді.

Жалпы, ЭКСПО-2017 Қазақстан Республикасына қандай пайда әкеле алады? Біріншіден, Қазақстанға инвестициялардың тартылуы қарқынды жүреді. БАҚ мәліметтері бойынша Астанадағы көрме шығындары 1,6 млрд долларды құрайды: оның ішінде 250 млн доллар мемлекеттік бюджеттен алынып, қалғаны жеке инвесторлардың салымдарымен жабылуы көзделуде. Бірақ біз осындай

шығындарды кетіре отырып, міндетті түрде одан асатын пайдаға ие болатынымыз сенімді болуымыз керек. Алдыңғы жылдары өткен Ванкувер (Канада), Ганновер (Германия) қалаларындағы көрмелер залалдары түскен пайдадан асып кетті. 2010 жылғы Шанхайда өткен көрме ғана мақтанарлық нәтижеге жетті – оперативті табыс 157 млн долларды құрады. Әрине Қытайды Қазақстанмен салыстырмаймыз, олар экономикасы, халқы, ауданы жағынан бізден ірі. Бірақ біз, өзіміздің экономикамыз шеңберінде табысты нәтижелерге немесе экономикалық дамуда ілгері қадам жасауға бағытталуымыз қажет, яғни ақшаны орынды жұмсау. Екіншіден, Астана қаласында ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыруға 113 га бөлінді, оның 25 га-да павильонды комплекс орналасып, қалған 88-де сәйкес инфраструктура: қонақ үйлер, паркінгтер, асханалар пайда болады. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс күшін тартуға ықпал етежі, яғни жұмыссыздық деңгейінің азаюы мүмкіндігі бар. Ал, егер жұмыссыздық азайса бұл экономиканың дамуына жағымды әсер тигізері сөзсіз.

Қазақстанның «ЭКСПО-2017» дүниежүзілік көрмесін өткізу құқығына ие болуы Қазақстанды әлем елдеріне танытудың жаңа кезеңі ғана емес, инновациялық дамудағы қуатты серпінге негіз болады. «ЭКСПО көрмесі – жаһандық ауқымдағы оқиға. Ол маңыздылығы жағынан ірі экономикалық форумдармен, туристік тартымдылығы бойынша әлемдегі ең танымал спорттық ойындармен салыстыруға болады. Көрме біздің елімізге ірі инвестиция тартуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ ЭКСПО көрмесін өткізу арқылы Қазақстан «жасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технология мен инновация алады» – деді Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде.

Қазақстан соңғы жылдары орнықты өсу үшін ноу-хау секторын дамытудың маңыздылығын түсіне отырып, ұлттық экономиканың сенімді және ұзармерзімдік дамуына жағдай жасауда, мүмкіндіктер қалыптастыруда. Ұлттық инновациялық қордың мұрагері Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік бүгінге инновациялар енгізу саласындағы жобаларды қолдаудың түрлі тетіктерін ұсынуда. Технологиялық инновациялық бизнеске қаржы салып отырған қазақстандық және шетелдік капиталдарына ие венчурлық инвестициялық институттар құруға атсалысу мүмкіндігі қарастырылуда. Осылайша, отандық инноваторлар алдыңғы қатарлы батыс технологияларына қол жеткізіп, оларды Қазақстанға трансферттемек. Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік 2012 жылдың басында ғана бұрынғы жетекші инновациялық құрылымның мұрагері атанғанын ескерсек, әзірге Израиль, Германия, Малайзия, АҚШ және Ресей елдерінің бірқатар венчурлық қорларымен ғана байланыс орнатылғанын айта аламыз. Агенттіктің ірі венчурлық жобаларға инвестор болуы отандық инноваторлардың осынау тәуекелі мол, бірақ табысты нарықтағы белсенділіктерін арттыруға деген ниеттерін паш етеді. Егер қолдау тетіктері туралы айтар болсақ, бүгінгі таңда екі негізгі ұсыныс бар – технологиялық бизнес-инкубациялау және инновациялық гранттар беру. Бірінші тетік – индустриялық-инновациялық субъектілерге бастапқы кезеңде 8 өңірлік технопарк тарапынан жаппай қолдау көрсетуді қарастырады. Ал екінші тетік – 9 бағыт бойынша (агроөнеркәсіптік кешен, машина жасау, кен өндіру өнеркәсібі, жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі, құрылыс материалдарын және басқа металл емес минералдық өнімдерді өндіру, көлік және қойма, ақпарат және байланыс, химиялық және фармацевтикалық өнеркәсіп, өнеркәсіптің басқа салалары) инновациялық жобаларды тең қаржыландыруға мемлекеттің атсалысуы. 2012 жылы мемлекет инновациялық гранттарға 3,5 млрд. теңге бөлді. Бірлескен жұмыстың негізгі ерекшеліктерінің бірі сол, мемлекет инновациялық гранттың орта есеппен 57% қаржыландырады, ал жобаның 43% өтініш беруші тараптың есебінен болады.

Мемлекет әсіресе инновациялық жобаларды патенттеу және коммерцияландыру процестерін белсендірек қаржыландыруға дайын. Сондай-ақ, қаржы қалдықтарын келесі қаржы жылына ауыстыру және өтініштерді үздіксіз қабылдау режимі, өтініш берушілердің құжат тізімдерін және құжаттарды қарау мерзімдерін қысқарту сияқты жаңалықтар енгізіліп отыр. Осы және басқа шаралар мемлекет пен инноваторлардың өзара қарым-қатынастарын оңтайландыру және жаңа инновациялық жобалар мен ұсыныстарды іске асыру үшін қосымша ынталандыру шараларын жасауға мүмкіндік береді. Қазақстанның ресурстары да, мүмкіндіктері де, оның ішінде қаржылай мүмкіндіктері де бар, оған танымал қазақстандық кәсіпкер Кеңес Рақышевтың ресейлік Fastlane Ventures провайдерінің онлайн-стартаптарына \$13 млн. доллар инвестициялау туралы шешімі туралы соңғы хабар дәлел. Мәлім етілгендей, инвестициялар Fastlane Ventures компаниясының ресейлік интернет-нарықтағы ұстанымын нығайтуға, жаңа онлайн-бизнесстерді іске қосуға, Fastlane Ventures портфель компанияларын ынталандыруға жұмсалады, сондай-ақ іріктелген бизнес-модельдерді ағымдағы нарықтық жағдайларда сынақтан өткізуге мүмкіндік береді.

«Болашақтың энергиясына» көшуге мүдделілік идеясын елдің өзі көрсете білуі тиіс. Үкімет біздің елімізде бұл бағыттың тиісті деңгейде дамуы мәселелерімен жұмыс істеуі керек. Алдағы бес жыл ішінде Қазақстан таза энергия түрлерінің әзірлемелері мен енгізілуі саласында инновациялық серпіліс жасауы қажет. Сондықтан болашақ энергиясын дамытудың 2013-2017 жылдарға арналған тиісті кешенді жоспарын қабылдау жайын анықтап алуды тапсырамын. Ол жоспар барлық өңірді, ұлттық холдингтерді, зерттеу институттары мен әлеуетті отандық және шетелдік инвесторларды қамтуы тиіс. Бағдарламалық барлық құжаттарды үйлестіру керек, – деп тапсырды Нұрсұлтан Назарбаев ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде.

Қорыта келгенде, күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді. Сонда біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз. Сондықтан да біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін ЕХРО-2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жыл 28 қаңтар
- 2.<http://group-global.org/kk/node/25046>
- 3.Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 ж. 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы

Иембекова М.О.

**ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ
ТҮРКІ ЕЛДЕРІ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ДАМУДАҒЫ БАСТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ
ОНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Әлемдік саясатта және халықаралық қатынастарда түркі тілдес елдердің аты КСРО ыдыраған соң, егеменді ел ретінде дами бастағаннан белгілі, танымал болды. Сол кезден бастап Орталық Азия мен Кавказдағы түркі тілдес елдер - Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан және Әзербайжан - өз тәуелсіздігін бекітіп, сыртқы саясатта өзара ынтымақтастық қатынастарды өркендетіп дамытып келе жатқанына биыл жиырма бес жыл толып отыр.

Осы уақытқа дейін шыққан тегі, тілі, діні, дәстүрі бір түркі тілдес елдер өз арасында саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастық қатынастарды жан-жақты дамытып, түркі өркениетінің әлемдік өркениеттің бір бөлігі екендігін танытып келеді десек болады.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары алдыңғы Азиядағы аймақтық дәрежеде белді мемлекеттердің бірі, түбі бір Түркия мемлекеті егеменді түркі елдерін бірден мойындап, дереу көмек көрсетіп, өзінің қамқорлық әрекеттерін жасағаны Ресей, Еуропалық Одақ сияқты белді мемлекеттердің назарын аударып тастағаны белгілі. Ресей баспасөз құралдары «түркілер бірігіп жатыр», тағы да «пантюркизм» бас көтерді деп шулағанмен де, түркі тілдес елдер өз арасындағы ынтымақтастық қатынастарды үзбестен бүгінгі күні стратегиялық серіктестік дәрежесіне дейін көтере білді.

Түркі тілдес елдер ынтымақтастығын дамытуды елбасы Н.Назарбаев алғашқы кезден қолдады және бүгінгі күнге дейін сол ынтымақтастықты одан әрі дамытып, өркендетуде тың, жаңа бастамаларымен көзге түсіп келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Түркиямен жақын таныстығы 1990 жылы Түркияға жасаған алғашқы сапарынан бастау алғаны белгілі. Сол жолғы сапары туралы Н.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінің «Түркі елі бойлығында» атты тарауында толық баяндаған болатын. Осы еңбегінде елбасы Түркиямен қатынастардың дамуына сол жолы негіз қаланғанын атап өткен еді.

Осы еңбегінде Елбасы Түркияның сол кездегі түркі елдеріне қатысты саясатының негізін аңғарғандығын былай деп көрсетеді: «Тұрғыт Озал Қазақстанға бірнеше рет келіп қайтты. Ол, менің ойымша, Орталық Азия мемлекеттеріне тек жаңа мемлекеттермен тату-тәтті қарым-қатынас орнату үшін ғана емес, бір кезде Кемал Ататүрік мирас етіп келген арман – түркі мемлекеттерінің аса қуатты бірлестігін қалыптастыруды жүзеге асыруды көздеп келіп жүрді. Ол пиғылын жасырмайтын Т.Озал,

Байкалдан Жерорта теңізі мен Дунайға дейін созылып жатқан түркі әлемінің басын қосатын Ұлы Түркия, пантюркизм мұраттарын жақтайтын» [1, 190 б.].

Осы мұратын жүзеге асыруға Түркия мемлекеті қанша тырысса да енді ғана тәуелсіздігін алған мемлекеттер қайтадан қандай да бір ірі мемлекеттің ықпалына түскісі келген жоқ. Бұл туралы еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде нақты сипаттап жазды. Сол кезде Н.Ә.Назарбаев түріктердің осы идеясын Стамбул кездесуінде арнайы құжат әзірлеп ұсынғанын, бірақ оған қол қоюдан бас тартқаны туралы айта келіп: «Мен бұл мәлімдемеге қол қоймайтындығымызды айттым. Біз тек экономикалық, гуманитарлық, саяси байланыстарды жақтаймыз дедім. Түбіміздің бір екендігі рас. Ұзақ уақыт бір бірімізден қол үзіп қалғанымыз белгілі. Мен жаңа ғана қолымыз жетіп отырған тәуелсіздігімізді, әр мемлекеттің егемендігін қадірлей отыра, өркениетіміздің үзіліп қалған сабақтастығын қайта жалғастыруды ұсындым» - деп атап көрсетеді [1, 191].

Дегенменде енді ғана тәуелсіздігін алған түркі елдері үшін Түркияның сол кездегі қолдауы үлкен көмек болғаны сөзсіз. Түркия түркі тілдес елдердің барлық мұқтаждықтарын өтемегенмен де, алғашқы кездегі оның экономикалық көмегі үлкен қолдау болғаны сөзсіз.

Түркі тілдес елдер ішінде әсіресе Түркия мен Қазақстан түркі ынтымақтастығын бір жүйеге түсіріп, тұрақты қызмет жасайтын механизмі бар экономикалық ықпалдасу үдерісіне жеткізу бағытында үлкен қызмет жасады.

Осы уақытқа дейін түркі елдерінің он рет жоғары дәрежелі саммиттері және бес рет Түркі Кеңесі аясындағы кездесулері өтті.

1992 жылдан бастау алған түркі мемлекет басшыларының жоғары дәрежелі бас қосулары түркі елдері арасындағы ынтымақтастық қатынастарды үйлестіріп, ортақ мәселелерді бірігіп шешуге жасалған талпыныстар болды.

Дегенмен, түркі елдерінің бәрі бірдей бұл ынтымақтастықты дамытуға ат салыспағаны белгілі. Мысалы, Түркменстан көбіне «бейтараптық» танытып, жоғары дәрежелі кездесулерге қатыспағанмен екі жақты қатынастардан қол үзген жоқ, сонымен бірге түркі ынтымақтастығы аясынан да шығып кеткен жоқ, Өзбекстан да осындай жағдайда. Оның мемлекет басшысы И.Каримов 1995 жылдан бастап түркі елдері басқосуларына келе қоймады. Оған себеп өзбек оппозициясының басшысы М.Салихтың Түркияға барып баспана сұрауы және Түрік үіметінің оған қарсы болмауы болды. Тек М.Салих Түркиядан кетіп, Германияға орналасқан соң Өзбекстанның ұстанымы өзгере бастады десе болады. Сонымен бірге Түркияның өзінің де 2000 жылдардан былай қарай сыртқы саясатында еуропалық бағытқа көбірек көңіл бөлуі сол кездері жыл сайын үздіксіз өткізіліп келген түркі мемлекет басшыларының жоғары дәрежелі кездесулерінің үзіліп қалуына себеп болды. Осыған байланысты біраз уақыт түркі ынтымақтастығында тоқырау кезеңі орын алды.

Алайда еуропалық бағытта еш нәтиже шықпаған соң Түркия 2006 жылдан бастап түркі ынтымақтастығының қайтадан дамуына мүдделі екендігін көрсетті.

Түркі ынтымақтастығының жаңа сипатта дамуына түрткі болған да Н.Ә.Назарбаевтың тың ұсыныстары екені сөзсіз. Оны 2006 жылғы Антальядағы түркі тілдес елдердің YIII саммитіндегі ұсыныстарынан көруге болады. Саммитке Өзбекстан басшысы келген жоқ, Түркменстаннан сыртқы істер министрі қатысты. Соған қарамастан Н.Ә.Назарбаев түркі тілдес елдердің бірлігін одан әрі нығайтып, олардың арасындағы қатынастарға жаңа серпін беретіндей бірқатар ұсыныстар жасады. Мұның өзі түркі елдерінің мәдени және рухани бірлігімен қатар экономикалық, саяси байланыстарының нығаюы барлық түркі әлемі үшін үлкен жақсы нәтижелер әкелетіндігіне сенімінен туындағанын көрсетті. Елбасы «түркі тілдес халықтардың мәдени мұрасы» атты бағдарлама деңгейінде түркі тілдес елдердің мәдениет қайраткерлерінің еңбектерінің өзге тілдерге аударылып, әлем мәдениетінің төрінен орын алатындай жағдай жасау мәселесі туралы ұсынысын білдірді, сонымен қатар автомобиль жолдары арқылы жүк тасымалдау үшін Алматы- Бішкек- Стамбул автотрассасының жұмысын жолға қою, энергия ресурстары желісін жандандыру мәселелерін шешуді ұсынды. Елбасы түркі тілдес елдердің «ақсақалдар кеңесін» құру туралы алдыңғы саммитте айтқан ұсынысын тағы қайталады. Оның құрамына түркі әлеміндегі беделді мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер адамдары кіруі керектігі, оның төрағасы ретінде Сулейман Демирельді қою керектігін нақты ұсынды [2].

Осы кездесудегі Елбасының тағы бір ерекше жаңа ұсынысы қазіргі жағдайға бейімдеп одан әрі дамыту үшін Парламентаралық Ассамблея (ТүркПА) құру идеясы еді. ТүркПА-ның мақсаты парламентаралық ынтымақтастықты дамыта отырып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру, түркі елдерінің ықпалдасу үдерісін жандандыру, тездету екендігі көрсетілді.

Содан бері түркі тілдес мемлекеттер осы бір органның жұмысын жолға қою үшін үлкен жұмыстар атқарды. 2008 жылы қарашада Стамбулда түркі тілдес елдердің парламент өкілдерінің қатысуымен болған конференцияда осы ұйымды құру туралы келісімге қол қойылды. Соның нәтижесінде 2009 жылы 29-қазанда Бакуде бірінші рет Парламентаралық Ассамблеяның мәжілісі өткізілді. Мәжілісте Ассамблеяның Жарғысы, Хатшылық туралы Ереже, ұйымның бюджеті, басшысы бекітілді. Баку декларациясы қабылданды. Парламентаралық Ассамблея түркі тілдес мемлекеттер арасында саяси, экономикалық және мәдени - гуманитарлық салалардағы қатынастарды одан әрі жоғары деңгейде дамыту жолында жұмыс жасайды деп келісілді. Мұның өзі Қазақстан Президентінің ұсыныстарының маңызды, барлығы үшін қажетті бастамалар екендігінің айғағы.

2009 жылы 2-қазанда Нахичеванда өткен түркі тілдес мемлекеттердің ІХ саммитінде тағы да Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен түркі тілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесін (Түрік Кеңесі) құру туралы маңызды шешім қабылданды. Кеңестің үнемі жұмыс істеп отыратын Хатшылығы белгіленіп, ол Стамбулда орналасатын болды және үш жыл бойы Түркия басқаратын болды. Сонымен бірге түркі ақсақалдар кеңесі, түркі елдері сыртқы істер министрлер кеңесі сияқты басқару механизмдері қалыптастыру келісілді. Өзінің сөзінде Н.Ә.Назарбаев Түрік Кеңесі Батыс пен Шығысты географиялық жағынан және энергетикалық негізде байланыстыратын орталық болуы керектігін атап өтті. Сол басқосуда Елбасымыздың: «Бізге бірлесе шешім қабылдап және оны жүзеге асырудың ықпалды механизмі керек. Осыған байланысты Қазақстан жағы белгілі бір құқықтық және ұйымдық мәртебесі бар, саяси аймақтық бірлестіктің барлық құзырет, белгілеріне ие орган құруды ұсынады», – дей келе, біздің елдеріміз үшін тағы бір қажетті құрылым Түркі академиясын құру керек деген ұсыныс жасады [3]. Оның құрамында түркі мәдениеті мен тарихы орталығы, түрік кітапханасы және түркі музейі болу қажеттігін атап өтті. Осы саммитте Н.Назарбаевтың барлық ұсыныстары бірауыздан қабылданғанының өзі түркі елдері үшін осындай дәрежедегі ынтымақтастықтың қажет екендігін, сонымен қатар оны дамытуда нақты іс әрекеттер жүзеге асырылуы үшін ортақ басқару механизмінің болу қажеттігі бәрінің мүддесіне сәйкес келетіндігін көрсетті.

Көріп отырғанымыздай түркі ынтымақтастығын дамытуда Елбасымыздың маңызды тарихи ұсыныстар жасауының өзі бүгінгі өмірдің талабы екендігі сөзсіз. Елбасының бір ерекшелігі әр қандай сөздерге қарамастан, түркі ықпалдасу үдерісін Ресеймен ЕАЭО, Қытаймен ШЫҰ аясында тығыз байланыстарды жүргізе отырып, қатарынан алып келе жатқандығында. Бұл бір жағынан Елбасының Қазақстанның барлық мүмкіндіктерін көпвекторлы саясат негізінде дамыта отырып, барлық бағытта елімізге тиімді, қолайлы жағдай жасауға бағыттауында деуге болады.

Түркі елдерінің арасындағы ықпалдасуды дамытудағы Елбасының еңбегін түркі елдері басшылары жоғары бағалайды. Оның дәлелі 2009 жылғы Түркияға барған сапарында Н.Ә.Назарбаевтың Түркияның «Екі жақты қатынастарды күшейткені және түрік әлемін біріктірудегі ерекше ролі үшін» деген арнайы мемлекеттік жоғары белгісімен марапатталуы болды. Мұның өзі Елбасының түркі әлемін біріктіруге деген қызметіне берілген әділ баға және маңызды құрмет. Бұл туралы Түркия Президенті Абулла Гүл пресс- конференцияда сөйлеген сөзінде: «Түркия Қазақстан Президентінің жаңа инициативаларын жоғары бағалайды және үнемі қолдайды. Нұрсұлтан Назарбаев түркі әлемінің ықпалдасуына көп іс атқарды, сондақтан тек қана Қазақстанның ғана көш басшысы емес, ол бүкіл түркі қандас халықтардың жеткішісі. Оның өз отанына және өз халқына қызмет жасауға арналған өмірі біз үшін үлгі» - деп құрметпен атап өтті [4].

Сонымен бірге 2010 жылы 24-маусымда Түркияның астанасы Анкара қаласында түркі әлемін өркендетуге қосқан үлесі үшін Н.Ә.Назарбаевтың ескеркішінің ашылуы Елбасына көрсетілген үлкен құрмет екендігі сөзсіз.

Осылай бағыт алған Елбасы түркі тілдес елдер ықпалдасу үдерісін дамыту бағытында тынбай еңбектеніп келеді. 2011 жылы 21-қазанда Алматыда Түркі Кеңесінің бірінші мәжілісінде сөйлеген сөзінде Елбасы түркі елдерінің ынтымақтастығының қазіргі кезде қажеттігін дәлелдей келе «экономикалық бағытта ынтымақтасу дағдарысқа қарсы тұрудағы ең тиімді құрал» деп атап өткен еді. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Түркі Кеңесінің ІІ саммиті 2012 жылы тамыз айында Бішкекте өткізіліп, онда ғылым, білім және мәдениет саласындағы мәселелер қарастырылды. 2013 жылы тамызда Бакуде өткен ІІІ саммитте көлік қатынастары және тауарларды кедендік рәсімдеуді жеңілдету мәселелері талқыланды. Түркияның Бодрум қаласында өткен ІV саммитте туризм саласындағы ынтымақтастық мәселесі сөз болды. Осы саммиттегі бір жаңалық Түркменстан бұдан былай ұйымға мүше болатынын осы мәжілісте жариялады. Осы саммитте Н.Ә.Назарбаев туризм саласындағы ынтымақтастықты Ұлы

Жібек жолы бағдарламасымен үйлестіре отырып дамыту туралы ұсыныс жасады, сонымен қатар Елбасы Түрік Академиясына түркі тілдес елдердің ықпалдасу үдерісін дамытудың тұжырымдамасын жасауға ұсыныс беру керектігін баса атап өтті. Тағы бір маңызды ұсыныс түркі тілдес елдер үшін ортақ телеканал ашу мәселесі айтылды.

Түркі елдері үшін ортақ ақпараттық кеңістікті орнату мәселесі Түркі Кеңесінің 2015 жылы Астанада өткен бесінші саммитінде қарастырылып, осыған қатысты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысын барлық мемлекет басшалары қолдайтындықтарын білдірді.

Қорыта келгенде Н.Ә.Назарбаевтың түркі ынтымақтастығын дамытудағы тұрақты саясаты мен игі бастамалары Елбасының түркі елдерінің даму болашағына деген зор сенімінен туындап отырғанынан көреміз.

Елбасының ТүркПА, Түркі Кеңесі сияқты іскерлік бастамаларының тарихи маңызы бар екендігі сөзсіз. Болашақта түркі елдері қандайда бір саяси одақ құрмаса да, экономикалық, мәдени ынтымақтастықты дамытуда бұл бірлестіктердің атқарар рөлі орасан екендігі анық. Жалпы халқының саны 110 млн. адамды қамтыған, жер көлемі 4,2 шаршы шақырымды алып жатқан, ЖІӨ 1,4 трлн. долларды құрап, жан басына шаққанда 12,8 мың доллардан келетін экономикалық даму күш қуаты бар түркі тілдес елдер құрылып отырған органдардың жұмысын шын мәнінде нақты дамытса, болашақта әлем түркі елдерінің кереметі туралы сөйлейтін болады [3].

Ол үшін біріншіден, түркі елдерінің өздерінің арасындағы алауыздық жойылып, бірлескен іс- қимылды қамтамасыз ету қажет, екіншіден ТүркПА, Түркі Кеңесі, ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы т.б. құрылымдардың жұмысын жүйелі ұйымдастырып, маңызды шараларды жоспарлы негізде жүзеге асыруды қолға алу керек, үшіншіден, түркі ықпалдасуы үдерісін ЕАЭО пен басқа да бірлестіктердің жұмысымен үйлестіре жүргізуге күш салу қажет. Сонда ғана түркі ықпалдасу үдерісі мен ынтымақтастығы оң нәтиже беріп, түркі өркениетінің әлемдік өркениет пен әлемдік саясаттан қомақты орын алары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Атамұра, 2003.- 256 б.
2. Выступления Президента РК Н.Назарбаева на 8 саммите тюркоязычных государств. Анталья. // www.akorda.kz
3. Аманкелді Ә. Түркі Кеңесінің мақсаты - тату тірлік//Алматы ақшамы. – 2015.- 12 – желтоқсан.
4. ҚР Президентінің Түркияға сапары// Егемен Қазақстан.- 2009.-23-қазан.

Искакова К.Ы., Шалбаев Е.Ж.

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТА-ЗАҢЫНЫҢ ДАЙЫНДАЛУЫ МЕН ҚАБЫЛДАНУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан саяси Тәуелсіздік алғанға дейін өз аумағында үш рет Конституция қабылдаған болатын. Оның ең алғашқысы – 1926 жылғы наурыздағы Жалпы Қазақстандық кеңестің X съезінде бекітілген Қазақ КСР Конституциясы, екіншісі – 1936 жылғы 5 желтоқсанда өмірге келген Ата Заңымыз, үшіншісі – 1977 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясында қабылданған Конституция. Ал, 1993 жылы тәуелсіз еліміздің тұңғыш Конституциясы қабылданды. Мұнда елімізде Парламенттің рөлін түбегейлі көтеруге ұмтылыс жасалды. Алайда заңгер, саясаттанушы ғалымдардың пайымдауынша, 1993 жылғы Конституцияда елеулі олқылықтар орын алды. Бұл құжатта ескі саяси жүйенің жаңа саяси жүйеге трансформациялануы заңдастырылып, кеңестік саяси жүйені жаңартуға пайдалануға әрекет басталынғанымен, өтпелі кезеңнің экономикалық және әлеуметтік қайшылықтарын жеңе алатын тиімді вертикальды атқарушы билік жасалынбай қалды. Осындай қателіктің салдарынан Қазақстан терең экономикалық дағдарыс қыспағында қалды. Осы тұста елдің саяси жүйесін өзгерту қажеттілігі туды. Соған сәйкес 1995 жылғы 30 тамызда жүргізілген референдумның нәтижесінде Қазақстан Республикасының екінші Конституциясы қабылданды. Бұл жаңа Конституцияда биліксіздік құбылысын жеңу мақсатында парламент құқықтары елеулі шектеліп, президенттік билік вертикалі күшейтілді. Сөйтіп, атқарушы биліктің тікелей президентке бағынушылық тетіктері нығайтылды, оның заң шығарушы парламенттік билік алдындағы жауапкершілігі азайды.

Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының қалай дайындалғаны туралы деректер Президент Н. Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» [1] атты еңбегінде келтірген: «Жаңа Конституция жасауға кіріскен кезде, Жоғарғы Кеңес Конституциялық кеңес құрамына Төралқаның барлық мүшелерін, комитет төрагаларының бәрін кіргізді. Олардың көпшілігі балама ұсыныстарды талқылауға, диалогке түсуге әзір емес «бірбеткей» адамдар еді. Депутаттар да белгілі бір қызметке ие, көбіне жергілікті жердегі билік басындағы адамдар еді. Жоғарғы Кеңес көбіне-кеп жергілікті жерде орын алып отырған мәселелерді көтерді» [1, 165.]

«Жоғарғы Кеңес таратылған соң, Конституция жобасы үстіндегі жұмыспен мен нақты және шұғыл айналыса бастадым. Ондай жауапты қызметті ойдағыдай атқаруға маған көмектескен адамдарға ризашылығымды айта кеткен жөн. Олар: Нағашыбай Шәйкенов – заң ғылымдарының докторы, профессор; Бауыржан Мұхамеджанов, Константин Колпаков – заң ғылымы кандидаттары. Заңның әр түрлі салаларының мамандары. Әрқайсысы өз тарауларын зор жігермен жазып шықты. Жобаны талқылау үшін 11 сарапшы тағайындадым. Кейде біз Конституция баптары үстінде 12-14 сағаттан бас көтермей жұмыс жасадық. Іске зор жауапкершілікпен қарау, ешбір беделге бас ұрмау – басты талабымыз болды. Жобаға әбден сын көзімен қарауды, қайта-қайта талқылауды талап еттім» [1,174 б.].

Әрі қарай Президент: «Маған әлем елдері конституциялық құрылымы, билік салаларының өзара байланысы, саяси партиялар, кәсіподақтары қызметі, адам құқығы, меншік т. б. мәселелері бойынша қыруар әдебиеттерді қайтадан ақтарып шығуға тура келді. Оның бәрі жаңа жобада ескерілді. Әрине, өз ерекшелігіміз ұмыт қалған жоқ. Мәселен, 1995 жылы жазда «демалып жатқанда», Конституцияның жаңа жобасына байланысты референдумға бірнеше апта қалғанда, мен 12 мемлекеттің Конституциясын зерттеп шықтым» [1,175 б.] -деп еске алады.

Конституция жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынып, айтылған ескертпелер мен ұсыныстар бойынша жөндеу кезеңі басталды. Жобаны жетілдірудің ең соңғы кезеңі туралы, осы ұлт тағдыры үшін аса маңызды істің ең басында, қайнар көзінде тұрған Елбасы: «Күн сайын бізге жобаға байланысты ұсыныстардың тізбесі ұсынылып отырады. Күніне әлгідей мұқият қаралған ұсыныстардың бірнеше папкасы келіп түседі. Ал баспасөз бетінде жарияланып жатқан ұсыныстар өз алдына!..

Республикада 33 мың ұжымдық талқылау өткізілді. Оған үш миллионнан астам азамат қатысты. Олар 30 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер енгізді. Жобаның жартысынан астамына, дәлірек айтқанда, 55 бапқа 1100 түзету мен қосымша енгізілді» [1,175 б.], - деп жазды.

1995 жылғы 25 наурызда қоғамның бірлігін сақтау мен елдегі саяси және әлеуметтік жағдайдың терең жарықшақтануына жол бермеу мақсатында, елдің барлық ұлттары мен халықтарының мүдделерін зерделеу мен есепке алу, сондай-ақ жан-жақты және терең құқықты даму үшін 1994 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған бірегей қоғамдық орган – Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту жөнінде республикалық референдум өткізудің қажеттігі туралы қарар қабылдап, аталған ұсыныспен Мемлекет басшысына өтініш білдірді.

Қалыптасқан ахуалды негізге ала отырып, сондай-ақ қоғамның жіктелуіне жол бермеуге Президенттен шаралар қолдануын талап еткен ел тұрғындарының күллі әлеуметтік топтарының пікірін ескере отырып, Мемлекет басшысы уақыт талабына орай референдум өткізуге шешім қабылдағаны белгілі. Бұл, дәл сол уақытта, Қазақстан халқының тарихи тағдырын шешкен бірден-бір дұрыс шешім еді. Ол туралы Н. Назарбаев: «Мемлекет басшысының өкілеттілігін ұзарту жайында референдум жаңа Конституцияны қабылдауға мүмкіндік берді. Конституциялық соттың белгілі шешіміне байланысты туған дағдарыс жағдайында реформаны одан әрі кешеуілдетуге болмайтындығы өзінен-өзі айқындалды.

Алайда конституциялық реформаны тек халық қолдауына сүйене отырып бастауға болатын еді. Конституция тексті үстіндегі жұмысты шұғылдату осыдан келіп шықты. Маған жан-жақты сын көбейді. Қолдау көрсеткен Қазақстан халықтары Ассамблеясы болды. Ол жаңа парламент сайлауын күтпей, халыққа тікелей шығуға ұсыныс берді. Меніңше, бұл дұрыс шешім еді» [1,175 б.], - деп жазды.

Аталған шешімнің дұрыс шешім болғандығын уақыттың өзі де көрсетіп отыр. «Шынымды айтсам, біраз күмөндандым» -деп жазады Н. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында», «Бір жағынан, мәселе дұрыс та әділетті қойылып отыр. Парламент пен үкімет қызметтен кеткен саяси дағдарыс жағдайында, қоғамды мейлінше саясаттанудан құтқарып, орнықтылық ахуалды сақтап қалу үшін президент билігін күшейту керек. Екінші жағынан, президент те басқалар сияқты жұмыр басты адам. Мені, мәселенің осы жекебастың жағдайы көбірек қинады. Талайлардың сынды қарша боратып, қаралап бағатынын

да білдім. Мені сайлаудан қорқып, осылай істеп отыр дейтіндер де табылды. Бірақ социологиялық зерттеулердің объективті нәтижелеріне жүгінсек, мен тек билігімді сақтап қалғым келсе, сайлауға баруым керек еді. Ондай жағдайда, Назарбаев пен президенттіктен дәмететін басқа кандидаттардың арасындағы айырманы жеңіп шығу еш мүмкін емес еді. Оның үстіне, сайлау дегеніміз – екі-үш балама кандидаттың арасындағы талас. Ал референдумда мәселе тікесінен қойылмақ: Нұрсұлтан Назарбаев... Иә ма, жоқ па? Жұрт көңліндегі таңдаудың бір басында – мен, екінші басында – өтпелі кезеңнің қиындықтары, тұрмыс деңгейінің төмендеуі, осы жылдар ішінде қордаланып қалған өкпе-бопса, белгілі бір мақсат көздеген сындар мен ашықтан-ашық бақайдан қақпа есеп-қисап...» [1,176 б.].

Қазақстандықтар өз Президентін қолдады. Баршаға мәлім деректерді тағы да еске алсақ: 1995 жылғы 29 сәуірде референдумға қатысушылар тізіміне іліккен 9.110.156 азаматтың 8.309.637-сі немесе 91,21 проценті дауыс берді. Дауыс беруге қатысқан адамдар 7.932.834 адам немесе 95,46 проценті президент өкілеттілігін ұзартуды жақтады. Осылай Қазақстан халқының толық дерлік сеніміне ие болған Президент, сол жылдың жазында тағы бір тарихи шараға барып, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөніндегі референдум өткізді. 1995 жылы 30 тамызда өткен референдум қорытындысы мен маңызы туралы Н. Назарбаев: «Жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумға азаматтардың 90,51 проценті қатынасып, олардың 89 проценті жақтап дауыс берді. Дауыс беру нәтижелері біз таңдап алған жолды біздің мемлекетіміздің азаматтарының қаншалықты қызу қолдайтындықтарын айғақтайды.

Мен бұған өте разы болдым. Әр саясатшының өз жұлдызды сағаты болады. Ол – бүкіл халықтық қолдауға ие болып, содан үлкен ризашылық алған күні... Күдік құрсауы бұзылды. Күллі халқың түгел қолдап тұрғанын көргенде, қажымай- талмай еңбек ете бергің келеді» [1,177 б.], - деп ағынан жарылады Президент.

Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Конституциясын дайындау мен қалыптастырудағы қызметі ерекше бағаланады. Біріншіден, президенттік басқару формасы бұрынғы Одақ көлемінде де, республикаларда да Кеңес өкіметі қойнауында пайда болды. Оның басты себебі ескі кеңестік-партиялық, әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесінің толық дағдарысқа ұшырауы болды. Екіншіден, президенттік басқару жүйесі ескі Қазақ ССР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу негізінде пайда болды. Үшіншіден, Қазақстандағы президенттік билік жүйесінің қалыптасуы, Қазақстан халқының өз тарихында тұңғыш рет өз Президентін жалпыхалықтық сайлау арқылы таңдауы КСРО-ның ыдырап, алып державаның тарих сахнасынан біржола кетуі жағдайында жүрді. Төртіншіден, президенттік басқару жүйесінің қалыптасуы бұрын Қазақстан тарихында болмаған жаңа құбылыс – парламент пен президенттік билік арасындағы күрес жағдайында жүрді. Бесіншіден, елімізде президенттік биліктің толық қалыптасуының заңды негізі, мәтіні Н.Ә. Назарбаевтың басқаруымен және тікелей қатысуымен дайындалып, 1995 жылдың 30 тамызында өткен бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында қаланды [2].

Президенттің жан аямай атқарған жұмысы нәтижесінде Ата заңға өзгеріс енген баптардың кейбіреулерін атап өту қажет. 1995 жылғы Конституция бойынша, Парламент Палаталары «Мәжіліс», «Сенат» деп аталып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-63 баптарында ел парламентінің саяси жүйедегі орны мен құзыреттері және ол заңмен реттейтін қоғамдық қатынастар тізбесі нақты көрсетіліп берілді. Яғни, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 49 бабында былай деп жазылған: «1. Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы». Конституциялық заңдардың қағидаларын тұжырымдап, бір арнаға келтірген 1995 жылғы Конституция кіріспеден және 9 бөлімнен (98 баптан) тұрады. Мұндағы жалпы ережелер деп аталатын 1 бөлімде (1-9 баптар) Қазақстан Республикасының стратегиялық бағыты, елімізде жүзеге асырылатын қызметтің негізгі принциптері бекітілді. Олар: қоғамдық келісім, елдегі саяси тұрақтылық, республика қызметінің экономикалық дамуға бағытталуы; қазақстандық патриотизм – Отансүйгіштік, мемлекет өмірінің мейлінше маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешу принциптері, мемлекеттік биліктің біртұтастығы мен тармақтарға бөлінуі, оның тежемелік және тепе-теңдік жүйесі, халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтеушілік, күш қолданбау және күшпен қауіп төндірмеу принципі, мемлекеттік шекараның мызғымастығы принципі, ішкі іске араласпау принципі, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі, мемлекеттік рәміздер, республиканың астанасының айқындалуы. Ал адам және азамат деп аталатын екінші бөлімде (10-39 баптар) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары» [2].

«30 тамыз – Қазақстан халқы тарихи таңдау жасаған ұлы бетбұрыс күні. Біз осыдан 20 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Ата Заңымызды қабылдадық. Ескі мен жаңа тоқайласқан ал-

мағайып кезеңде халқымыз барша әлемге бірлігі мен даналығын көрсетті. Жаңа Қазақстанның заманның талаптарына сай келетін Негізгі Заңының мәтінін бекітті», - деп атап көрсетті Елбасы 2015 жылдың 28 тамызында Конституцияның қабылдануының 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде.

«Ең бастысы, біз қазақтың тілін, тарихы мен мәдениетін өркендетіп, өрісін кеңейттік. Қазақ мәдениеті мен тарихы еліміздегі барша ұлыстардың рухани ұйытқысына айналды. Тіл, тарих және мәдениет ұштағанының бірлігі – біздің мызғымас рухани тірегіміздің, Ел бірлігінің негізі», - деген еді осы жиында Елбасы [3].

Шындығында да, Конституция – біздің барша табыстарымыздың бастауы. Осы қастерлі құжат тұрақтылық пен татулықтың тұғырына, киелі кітабына айналды. Әсіресе, биылғы Еліміз Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойлы жылы Негізгі заңымыздың қадір-қасиетінің асқанын көріп ерекше қуанудамыз. Сондықтан бізді: Конституция «XXI ғасырда біздің ұлы арманымыздың – Мәңгілік Елдің сенімді іргетасы бар. Бүкіл 17 миллионнан астам азаматы бар мемлекет бізге сондай тірек болып табылады. Ол бүгіннің және болашақтың мемлекеті!», - деген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың сөздері Мәңгі еліміздің Ата заңын қадырлеп – қастерлеуге шақырады. Ал оны дүниеге келтіруге зор үлес қосқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қажырлы еңбегін бағамдап – бағалау біздің міндетіміз деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996.- 272 б.
2. Қазақстан Республикасы Конституциясы. – Алматы: «Юрист», 2008. – 39б.
3. Назарбаев Н.Ә. Конституцияның қабылдануының 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі. - Қазақстан Президентінің ресми сайты // akorda.kz/kz/.- 28 тамыз, 2015

Какенова Г.М.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН: 25 ЛЕТ БОРЬБЫ ЗА БЕЗЪЯДЕРНЫЙ МИР

Республика Казахстан в течение четверти века позиционирует себя на международной арене как государство, твердо и неукоснительно следующее принципам международного права, демонстрирует свою приверженность миру, свободному от военной угрозы.

В первых документах Республики Казахстан, а также в выступлениях и работах Главы государства были четко отражены концептуальные подходы к формированию благоприятных внешних условий для конструктивного решения задач внутреннего развития. Стратегия, приоритетные задачи, принципы внешнеполитического курса независимого государства получили всестороннее и полнокровное освещение в трудах Президента Н.А. Назарбаева «Стратегия становления Казахстана как суверенного государства», «На пороге XXI века», «Евразийский союз: идеи, практика, перспективы», «Стратегия трансформации общества и возрождения Евразийской цивилизации», «Эпицентр мира», «Критическое десятилетие».

Сохранение и укрепление режима нераспространения оружия массового уничтожения стало одним из приоритетных направлений внешнеполитического курса нашего государства.

Заккрытие Семипалатинского испытательного полигона еще в условиях существования СССР и вопреки воле «центра» явилось выражением чаяний народа, испытавшего на себе страшные реалии ядерных испытаний. Широкий резонанс в мировом сообществе получил беспрецедентный шаг в истории – добровольный отказ молодого независимого Казахстана от ядерного оружия, на момент коллапса СССР владевшего четвертым в мире ядерным потенциалом.

На территории Казахстана был сосредоточен крупный ядерный арсенал, в состав которого вошли урановая промышленность, предприятия по переработке урана и изготовлению топлива для различных ядерных установок, экспериментальные и промышленные ядерные реакторы, мощный научно-технический потенциал. Комплект ядерного оружия в Казахстане включал 104 ракеты СС-18 стационарного базирования с 1216 ядерными боеголовками. Кроме того, имелся значительный потенциал по производству химического и биологического оружия. Данное обстоятельство потребовало

от руководства страны разработки в кратчайшие сроки стратегии государственной политики в ядерной сфере [1, с. 349].

Кроме того, на территории Казахстана после распада СССР оставалось достаточное количество обогащенного урана, пригодного для производства атомных бомб. Только на Ульбинском комбинате имелось почти 600 кг высокообогащенного оружейного урана. Из этого количества можно было изготовить более десятка ядерных бомб. Впоследствии, в соответствии со специальным соглашением между Республикой Казахстан и США в рамках проекта «Сапфир», данный высокообогащенный уран был вывезен на американскую территорию в Довер, штат Делавер, а затем в Оак-Ридж в штате Теннесси [2, с. 25].

В своей книге «Эпицентр мира» Н. Назарбаев отметил, что в споре – быть ли Казахстану ядерным? – проявился весь спектр внутривнутриполитических течений, гражданских позиций, стратегического мировоззрения и порой просто меркантильных интересов в нашем казахстанском обществе. Но постепенно, несмотря на огромное количество «за» и не меньшее количество «против», постепенно, шаг за шагом буквально выкристаллизовалось единственно верное решение – Республика Казахстан и Центральная Азия должны быть зоной, свободной от ядерного оружия [2, с. 29].

Осознавая глобальную ответственность перед миром, Казахстан отказался от ядерного арсенала. Как показало время – мы приняли единственно правильное решение. Этот исторический выбор определил дальнейшую стратегию нашей страны в сфере глобальной безопасности [3, с. 3].

Казахстан первым из государств СНГ вывез со своей территории все тактическое ядерное оружие. Реальным подтверждением приверженности независимого государства принципам миролюбивости внешнеполитического курса стало присоединение к Договору о нераспространении ядерного оружия (ДНЯО) и Договору о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний. В декабре 1995г. в ходе саммита ОБСЕ в Будапеште Россия, США и Великобритания подписали Меморандум о предоставлении гарантий безопасности Казахстану, Беларуси и Украине в связи с их присоединением в качестве безъядерных государств к ДНЯО. Это означало, что Казахстан неукоснительно выполнил свои обязательства по выводу ядерного оружия со своей территории в соответствии с Лиссабонским Протоколом, подписанным в 1992 г. Россия, США и Великобритания согласно принципам ОБСЕ обязались не применять силу против территориальной целостности и политической независимости Казахстана и не применять меры экономического принуждения. Китай и Франция, позже присоединившиеся к Меморандуму, подтвердили эти гарантии.

Казахстан первым среди участников Лиссабонского Протокола реализовал положение, касающееся перемещения ядерных боеприпасов – 30 мая 1995г. был уничтожен последний ядерный заряд, находившийся в штольне на территории Семипалатинского полигона. 21 апреля 1996 года завершился длившийся более года процесс вывода с территории Республики Казахстан 1216 единиц ядерных боеприпасов.

Отказ Казахстана от ядерного оружия был продиктован позицией, которая базировалась на трех четких постулатах: ядерное оружие в тех конкретных исторических и географических условиях не давало системных гарантий безопасности молодой страны; потребность в экономической модернизации требовала масштабных инвестиций, и они пришли в страну после отказа от ядерного оружия; благодаря действиям Президента Казахстана удалось существенно снизить уровень и риски регионального напряжения. В результате Казахстан обрел репутацию серьезного и уважаемого игрока на международном уровне, сделал колоссальный рывок в экономическом развитии, снял целый ряд угроз региональной и отчасти глобальной безопасности [4].

2010 год ознаменовался рядом событий, свидетельствовавших о международном признании вклада нашего государства в решение проблем международной безопасности. В ходе своего визита в Астану Генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун поддержал идею Н.А. Назарбаева о создании безъядерного мира. Гость отметил исключительное лидерство главы Казахстана в вопросах нераспространения ядерного оружия. Поэтому Н.А. Назарбаев, подчеркнул Пан Ги Мун, имеет «моральное право и силу в голосе» вынести эту проблему на обсуждение всего международного сообщества и предложил Казахстану воспользоваться своим авторитетом и выступить с инициативой по созданию «безъядерной зоны» на Ближнем Востоке.

29 августа 2010г. впервые отмечался Международный день действий против ядерных испытаний. В Астане в этом же году прошла Конференция Глобальной инициативы по борьбе с актами ядерного терроризма. Глобальная инициатива по борьбе с актами ядерного терроризма (ГИБАЯТ)

была выдвинута Президентами России и США в июле 2006 года с целью создания международной многоуровневой системы защиты и направлена на усиление взаимодействия мирового сообщества по предотвращению попадания компонентов ядерного оружия в руки террористов. Важное место в данной системе взаимодействия занимают задачи обеспечения надежного контроля над использованием, хранением и оборотом ядерных материалов; физической защиты ядерных объектов; разработки эффективных средств по снижению опасности последствий возможных террористических атак с применением ядерных материалов; совершенствования правовой базы международного сотрудничества; внутригосударственных систем пресечения любого вида преступлений, связанных с незаконным перемещением ядерных материалов. Совместно с МАГАТЭ в Казахстане успешно реализуется автоматизированная система учета, контроля и физической защиты природного урана.

Казахстан одним из первых присоединился к данной инициативе и вошел в число первоначальных партнеров наряду с Австралией, Великобританией, Германией, Италией, Канадой, Китаем, Россией, США, Турцией, Францией и Японией. РК приняла активное участие на первых двух встречах, состоявшихся в октябре 2006 года в Рабате (Марокко) и феврале 2007 года в Анкаре (Турция). Третья встреча состоялась 11-12 июня 2007 года в Астане. На сегодняшний день участниками Глобальной Инициативы являются уже более 80 стран.

Казахстан также вступил в Глобальное партнерство стран «Группы восьми» против распространения ОМУ.

Знаменательной вехой в деле построения безъядерного мира стали инициативы, озвученные Президентом Казахстана в ходе Глобальных саммитов по ядерной безопасности. Так, в своем выступлении на Саммите в Сеуле 23 марта 2012г. Н.А. Назарбаев призвал договориться о применении самых жестких международных мер, вплоть до изоляции и бойкотирования страны, которая первой применит ядерное оружие. В то же время, отметил Президент, ядерные державы должны представить государствам, отказавшимся от обладания ядерным оружием, гарантии безопасности, подтвержденные Организацией Объединенных Наций [5].

Очередным шагом на пути формирования Глобального антиядерного движения стало утверждение ООН по предложению Казахстана Всеобщей декларации по достижению мира, свободного от ядерного оружия (декабрь 2015г.). Декларация призывает к:

- полной ликвидации ядерного оружия как единственной абсолютной гарантии против его применения или угрозы применения;
- принятию многостороннего и имеющего обязательную юридическую силу документа, предусматривающего полную ликвидацию ядерного оружия;
- направлению людских и экономических ресурсов, используемых в разработке, техническом обслуживании и модернизации ядерного оружия, на цели укрепления мира и безопасности, устойчивого развития и избавления миллионов людей от нищеты;
- соблюдению норм международного права, включая нормы международного гуманитарного права, в связи с катастрофическими гуманитарными последствиями любого применения ядерного оружия [6].

Однако промышленный и технологический потенциал Казахстана вполне позволяет поставлять на белорусский рынок в значительно большем объеме продукцию с высокой добавленной стоимостью, что требует соответствующих маркетинговых решений со стороны казахстанского бизнеса.

В-третьих, в структуре межгосударственных торгово-экономических связей преобладает продукция средневысокой и низкой наукоемкости, но не достаточно представлена продукция высокой наукоемкости. Соответственно, повышение удельного веса высокотехнологичной продукции в общей структуре экспортно-импортных операций, в том числе посредством интенсификации кооперационных связей между белорусскими и казахстанскими производителями, позволит повысить уровень конкурентоспособности национальной экономики.

В-четвертых, целесообразно расширить долю услуг, прежде всего капиталоемких и высокотехнологичных, в структуре межгосударственного внешнеторгового оборота.

В-пятых, активизировать работу по привлечению прямых иностранных инвестиций в экономику Беларуси со стороны Казахстана.

Таким образом, торгово-экономическое сотрудничество Республики Беларусь и Республики Казахстан не только успешно и устойчиво развивается, но и имеет значительный потенциал развития по широкому спектру направлений, что полностью отвечает национальным интересам обеих стран.

Список литературы:

1. Договор о дружбе и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Республикой Беларусь [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.mfa.kz/images/DogovornayaBaza/Belarus/1817.pdf>. – Дата доступа: 02.10.2016.
2. Договор между Республикой Беларусь и Республикой Казахстан о долгосрочном экономическом сотрудничестве на 2009-2016 годы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.pravo.by/pdf/2012-57/2012-57\(007-009\).pdf](http://www.pravo.by/pdf/2012-57/2012-57(007-009).pdf). – Дата доступа: 05.10.2016.
3. Внешняя торговля Республики Беларусь: Статистический сборник. Минск: Национальный статистический комитет Республики Беларусь, 2015. – 321 с.
4. Экспорт товаров из Республики Беларусь по странам СНГ [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.belstat.gov.by/ofitsialnaya-statistika/makroekonomika-i-okruzhayushchaya-sreda/vneshnyaya-torgovlya_2/osnovnye-pokazateli-za-period-s-__-po-___gody_10/eksport-tovarov-respubliki-belarus-po-stranam-sng/. – Дата доступа: 10.09.2016.
5. Импорт товаров из Республики Беларусь по странам СНГ [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.belstat.gov.by/ofitsialnaya-statistika/makroekonomika-i-okruzhayushchaya-sreda/vneshnyaya-torgovlya_2/osnovnye-pokazateli-za-period-s-__-po-___gody_10/import-tovarov-v-respubliku-belarus-po-stranam-sng/. – Дата доступа: 10.09.2016.
6. Экспорт и импорт со странами ЕАЭС в 2015 году [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.belstat.gov.by/ofitsialnaya-statistika/makroekonomika-i-okruzhayushchaya-sreda/vneshnyaya-torgovlya_2/osnovnye-pokazateli-za-period-s-__-po-___gody_10/eksport-i-import-so-stranami-eaes-v-2015-godu/. – Дата доступа: 10.09.2016.

Нурпеисова Э.Т.

БАШҚҰРТ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Башқұрт халқы батыста Еділден шығыста Тобылға дейін, солтүстікте Орта Оралдан оңтүстікте Памир тауларының тарамдарына дейінгі ұлаңғайыр территорияны алып жатқан аймақта мыңнан астам жыл бұрын қалыптасты. Б.з. I мыңж. II жартысында көрсетілген аймақтың бірқатар ру-тайпалық ұйымдары мен халықтары «Башкорт» («баскард», «басгирд» түрлі деректер бойынша) жалпы атауын алғаны жөнінде бізге жеткен деректерден белгілі.

Ру-тайпалық федерациясына біріккен халықтарының басында бір жоғарғы билеуші- «төре» («төрехан», екінші термині- «батша») тұрса да шығу тегі әр түрлі болды. Башқұрттар құрамында финноугрлар да (юрмат, еней және т.б.), үндірандықтар да (усерган, бурзьян және т.б.), түріктер де (қыпшақ, табын, мын және т.б.), сонымен бірге башқұрттар құрамына XIII ғ. кірген моңғол ру-тайпалық ұйымдарының өкілдері де (катай, сальют, сынгрян және т.б.) болды. Ал башқұрттар қазіргі уақытқа дейін өз шығу тегі туралы ұмытпаған, мысалы, өз руының тарихын білген башқұрт, өзін

башқұрттан басқа жеке ежелгі халыққа жатқызады (мысалы, қыпшақтарға немесе бурджандарға және т.б.). Халықтың атауын біліп қана қоймай, оның құрамындағы өз руының алар орнын және белгіленуін (қыпшақтар құрамында: қара-қыпшақтар, қарағай-қыпшақтар, бушман-қыпшақтары және т.б.), сонымен бірге оның тарихы мен ерекше белгілерін (ұран, ағаш, тамға және құсын) біледі. Осылай «Башкорт»- бір халықтың немесе ру-тайпалық бірлестігінің алғашқы атауы ғана емес, ал сол кезеңнің мемлекеттік құрылымдарына тән өз территориясы, көпшілік билігі, құқығы, қарулы күштері және түрлі ерекшеліктері бар байтақ мемлекеттің, халықтар одағының атауы.

Башқұрттардың этногенез мәселесі (халықтың шығу тегі және қалыптасуы) төтенше түрде күрделі, негізінен көрсетілген жағдай бойынша тарихи ғылымның бүгінгі күні 3 негізгі гипотезасының баршалығымен түсіндіріледі: түркілік, угор және жаңа уақытта үндірандық.

Башқұрт халқы этногенезінің ерекше нашар зерттелген кезеңі ерте кезең -IX-X ғғ. XVIII-XIX ғғ. жеке зерттеушілері (Д. Европеус, И. Фишер, А. Шлецер және т.б.) башқұрттарды түркіленіп кеткен фин-угор тілдік тобына жатқызады. МГУ профессоры С.А. Токарев та осындай ой-пікірді қолдады. Жалпы «фин-угорлар» немесе «угро-финдер» атаулары көрсетілген топтың саны жағынан ең үлкен екі халқының атынан пайда болған: финдар және ертеде славяндар угорлар деп атаған венгрлер. Финдар мен венгрлердің башқұрттарға қандай қатысы бар деген сұрақ туындауы мүмкін. Және осы сұраққа жауап табу мақсатымен фин-угорлық теорияның мазмұнына қысқаша шолу жасап кетейік.

Ғалымдар көрсетілген теорияны дәлелдеуді XII ғ. соңында жазылған венгр хикаясынан бастайды. Сол хикаяда мадьярлардың (мадьяр- венгрлердің өзіндік атауы) шығыстан Паннонияға (қазіргі Венгрия) жолы туралы айтылады. Ол бойынша 884 ж. шығыстан аттанған мадьярлар көпкүндік жолдан кейін Еділ өзенінен өтіп, Суздальға дейін жетті. Содан соң Киев пен Карпат тауларын кесіп, Паннонияға жетті. Деректер бойынша Паннониядағы мадьяр тайпалық одағы жеті тайпадан тұрды және олардың екеуі юрматой және ене деп аталған болатын [4, 66 б.]. Зерттеушілер болса мадьярдың осы екі тайпасын башқұрт халқының ежелгі юрматы және еней тайпаларына ұқсатады.

Папа IV Иннокентийдың моңғол ханына жіберген елшісі Плано Карпини өзінің еңбегінде 1242 жылғы Батый ханның жорығын сипаттағанда былай деп жазады: «Ресей мен Команиядан шыққан татарлар өз әскерлерін венгрлер мен поляктарға қарсы аттандырды....Осыдан кейін пұтқа табынушы мордваларды жеңіп, Ұлы Бұлғарияға келіп, оны талқандады. Содан солтүстікке бастарктарға...» [5, 48 б.].

1253 жылы Алтын Ордаға келіп кеткен католик миссионері Гильом де Рубруктың хабарлауынша: «Еділден 12 күн жүріп өткен соң, біз Ягак деп аталатын үлкен өзенді таптық; ол солтүстіктен паскатирилар жерінен бастап ағады... паскатирилар мен венгрлердің тілі бір» [6, 96б.]. П. Карпинидың бастарктарын және Г. Рубруктың паскатириларын көптеген зерттеушілер башқұрттар деп түсінеді.

Д.А. Хвольсонның қорытындылары бойынша мадьярлардың алғашқы Отаны Орал тауларының екі жағы, дәлірек Еділ, Кама, Тобыл және Жайық өзенінің жоғарғы ағысы арасындағы территория болды. Олар башқұрт халқының құрамына кірді. Осы пайымдауларында ол да XIII ғ. жиһангерлерінің еңбектеріне сүйенеді. Сол сияқты башқұрт және мадьяр атаулары ежелгі башқұрт тайпасы баджгардтардың атауынан құралған деп есептейді. Осыған байланысты «Баджгард» этнонимының «Мадьяр» және «Башкир» этнонимдеріне айналу кестесін келтіреді:

Баджгард	
Башгард	Баджгард
Башкард	Моджгар
Башкарт	Маджгар
Башкерт	Маджар
Башкирт	Мадьяр
Башкир	

Оның пікірінше батыста бастапқы «б» әрпі «м» әрпіне айналды, ал аяғындағы «д» мүлдем жойылды [7, 669б.].

XX ғ. зерттеушілері де фин-угор теориясының өмір сүру құқысы үшін күресті. Ибн Даст, Ибн Фадлан, Масуди, Әл Балх, Идриси сияқты ортағасыр араб және Г. Рубрук, П. Карпини сияқты еуропа жиһангерлерінің мәліметтеріне сүйенген В.Ф. Филоненко келесі қорытынды жасайды:

1. X ғ. басында башқұрттар қазіргі мекендеген жерлерді мекендеген болатын;
2. олар сол кездің өзінде «башкорт» деген атаумен белгілі болды;
3. башқұрттар және венгрлердің тегі бір;
4. қазіргі кезеңде башқұрттар- түріктер [8, 225б.].

Дема башқұрттарының мекеніндегі Дема (Дим) өзенінің шығу тегі башқұрт халқының қалыптасуына негіз болған угор және мадьяр тайпаларымен байланысты. Ғалымдар бірнеше рет башқұрт-венгрлік лингвистикалық параллелін белгілеген болатын, Венгрияда мынадай этнонимдар бар: «дьярмат» (баш. юрматы), «таркан» (тархан), «ене» (еней) [9, 256.].

Теорияны жақтаушылар қатарында Н.П. Шастина және башқұрт тілтанушысы Д. Киякбаев болды. Қазіргі кезеңде теорияның өмір сүру құқысы жайлы Р.Янгузин өз дәлелдемелерін келтіріп отыр. Сонымен, фин-угор теориясы бойынша башқұрттар:

- Оңтүстік Оралдың байырғы халқы;
- этникалық тегі жағынан угорлар.

Башқұрттардың түркілік шығу тегі туралы екінші бір қайшы теория мәні- башқұрт халқының этникалық өзегін түріктің ежелгі башқұрт тайпалары құрайды. Башқұрттарды түркілер ретінде қарастыратын араб, парсы және ортаазиялық авторларының жазбаларына негізделеді. Олардың арасында Ибн Фадлан, әл-Масуди, Идриси, Рашид ад Дин, Махмуд Қашғари. Себебі, башқұрт халқына деген қызығушылық ерте кезден пайда болған. Жоғарыда қарастырылып кеткен «башкорт» этнонимі алғаш рет араб-парсы авторларының еңбектерінде IX ғ. еске алынғаны туралы айтқан болатынбыз. X ғ. тарихшысы Әл-Масуди, баутгарттар (башқұрттар) IX ғ. соңында Арал теңізі ауданында болған соғысқа қатысты деп жазады. Сол уақыттың басқа бір авторы Әл –Балх таулы-орманды елді мекен ететін, саны шамамен екі мың адамды құрайтын башқұрттарды білген. Ол башқұрттар ормандармен күшті қорғалған, сондықтан оларды ешкім бағындыра алмаған деп көрсетеді. Бірақ башқұрттар «бұлғарларға тәуелді» болған екен.

Әйгілі ортағасыр филологы Махмуд Қашғаридың «Түрік сөздерінің сөздігі» еңбегінде 29 түрік тайпасы қатарында башқұрттарды да кездестіреміз, ал башқұрт тілі түрік тілдері тобына жатқызылды.

Ғылыми әдебиетте теорияны ұстанғандар қатарына П.И. Рычков (XVIIIғ.), кейін П.С. Назаров, Н.М. Малиевтерді (XIXғ.) жатқызамыз. Нәтижесінде антропологиялық, археологиялық, лингвистикалық, этнографиялық мәліметтерін қолдану арқылы С.И. Руденко, Н.В. Бикбулатов, Н.А. Мажитов, Р.Г. Кузеев теорияны әрі қарай дамытты.

Әйгілі Орал этнографы С.И. Руденко башқұрт халқының қалыптасуында түрлі халықтар қатысқан деген қорытындыға келді. Ал Р.Г. Кузеев бойынша башқұрттар Арал алды далаларын IX ғ. мекендеген, ал Оңтүстік Оралға олар тек қана IX ғ. соңында немесе Xғ. келіп қоныстанды. Олар башқұрттардың шығу тегі мен қалыптасу мәселелерін печенегтердің, оғыздардың, еділ бұлғарларының, қыпшақтар мен моңғолдардың тарихымен тығыз байланыстырады. Осы «кейінгі көшпенділер» ғалымдардың пікірінше башқұрт тайпаларының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. «Ерте көшпенділер» (скиф, сарматтар) өмір сүру салтымен ұқсастық байқалғанымен, кейінгі көшпенділер көбінде басқа болды- оларда жаңа үлгідегі ыңғайлы және жеңіл қылыш, ер-тоқымдар, тасымалды жиылмалы киіз үйлер пайда болды, садақ пен жебе ұштары, жерлеу рәсімдері айтарлықтай өзгерді. «Кейінгі көшпенділер» Оңтүстік Оралға келгенге дейін ұзақ уақыт бойы Арал және Сырдария далаларында көшіп- қонып жүрді, алғаш рет жазбаша деректер оларды IX ғ. дәл осы жерде түсіреді.

Башқұрттардың шығу тегі жөнінде басқа бір теория ол- үндірандық. Ол бойынша қазіргі башқұрттардың ата-бабалары б.з.д. VI мыңжылдықта Месопотамия территориясында өмір сүрді. Содан олардың бір бөлігі Орта Азияға қазіргі Түркменстан территориясына, ал кейін Оңтүстік Оралға қоныстанып, сол жерде башқұрт этносының негізін қалады. Қазіргі кезеңде бұл гипотеза ғылыми болып есептелмейді. Бірақ башқұрт этногенезінде иран-арий компонентінің болу мәселесі толықтай ғылыми және көптеген еңбектерде қарастырылады. Осы мәселені алғаш рет С.А. Галлямов көтерген болатын. Әрі қарай башқұрт тілі мен мәдениетінде сақ-ирандық компонентінің болуын басқа да ғалымдар болжамдайды.

Башқұрттардың шығу тегі мен этносының қалыптасуы мәселесі қазіргі күнге дейін күрделі мәселелерінің бірі болса, башқұрттарды этносқа жатқызбайтындар да бар. Олардың пікірінше башқұрт этнос емес башқұрт тек сословиелік мәртебе ғана. Себебі, Ресей империясында барлық халықтарды этникалық белгі бойынша емес сословиелік белгі бойынша бөлетін болған. Осылай орыс халқының көп бөлігі мемлекеттік, помещик және үлестік шаруалардан тұрды; башқұрттар асаба немесе тептярлар

сословиесіне кіретін болған. Осыдан, асабалар және тептярлар кімдер деген сауал туындайды.

Анықталған әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайда жерге деген вотчиналық құқығынан айырылған және өз қауымынан шығарылған тұлға, асаба болу құқығын жоғалтып, тептярлар немесе келімсектер санатына ауысты. Тептярлар (типтэрээр)- Башкирияда XVII ғ. белгілі сословие. Тептярлардың пайда болуы башқұрт қоғамының жіктелуімен, феодалдану үрдісімен байланысты. Тептярлар сословиесі асабалардан және жасақсыз келімсектерден қалыптасқан.

Алғашқы тептярларды өз қауымынан шығарылған асаба-башқұрттары құраған. Тептярлар тобына түсу, сол топта қатаң түрде бекіну дегенді білдірмеген, жағымды жағдайларда тептяр-башқұрттары өз қауымына оралуы мүмкін болды. 1631-1632 жж. тептярлар үй жасағын және 4 тиын ақшаны төлеп тұрған болатын. 1734 жылы тептярлар сословиесі құрайды. XVIII ғ. 40-шы жылдары тептярлар Орынбор, Орск және т.б. бекіністерінің құрылыстарына, Илектен Стерлитамақ кемежайына дейін түзді тасымалдауына қатысты. 1747 жылы тептярлық жасағы жан басы салығымен алмастырылды. XVIII ғ. 30-шы жылдары әкімшілік жағынан тептярлар старосталар, мындықтар, старшиндар билік ететін екі топқа бөлініп, Орынбор комиссиясының Уфалық және Мензелин әскербасыларына бағынды. 80-шы жылдары тептярлар Уфа қазыналық палатасының есебінде болса, 1798 ж. Орынбор әскери губернаторының есебінде болды. Борыш пен салық түрлері бойынша олар әскери-қызметкерлік сословиелер және мемлекеттік шаруалар аралығындағы орынға ие болды. Тептярлар сословиесі тек қана Орынбор губерниясында ғана болды. XVIII ғ. 90-шы жылдары тептярлар әскери міндет атқаратын халық дәрежесіне аударылды. 1790 ж. бастап тептярлар бір полкты құрастырды, 1798 ж. – 2 полкты ұстап, 1845 ж. дейін өмір сүрді. 1855 ж. тептярлар башқұрт-мещеряк әскерлеріне қосылған болатын. 1866 ж. Башқұрт әскерлерін таратуына байланысты тептярлар сословиесі өмір сүруін тоқтатты. Тептярлар саны үнемі өсіп тұрды: 1735 ж.- 11294, 1767 ж. - 33656, 1796 ж. - 52193, 1834 ж. - 105864, 1858 ж. - 140895 ер адам басын құрады. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы санақты өткізу кезінде көптеген тептярлар өздерін этникалық жағынан теңдестірсе, кейбіреулері өздерінің бұрынғы атауларын сақтап қалды. Соңғы рет тептярлар 1926 жылы өткізілген санақта тіркелген болатын [10, 10б.].

Сонымен башқұрттарды кейде остяктар қазақтар оларды «естектер», Орта Азия халықтары - нуғай, ноғой немесе татарлар деп атайды. Ресей Федерациясындағы түркі халқы, Башқортастан Республикасының байырғы, бірақ негізгі халқы емес.

Қорытындылай келсек, башқұрт халқының этникалық тарихы күрделі үрдістерінің бірі. Қазіргі кезеңге дейін көптеген зерттеушілер арасындағы пікірталас туғызатын үрдіс. Біз үш теорияның ішінен біреуін жақтаймыз, екіншісін жақтамаймыз деп айта алмаймыз. Бірақ кейінгі зерттеулер башқұрт халқының күрделі этногенез үрдісінің терең және дәлелді ашылуына мүмкіндік туғызады деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Татищев В. Н. История Российская. – М.- Л., – Т. 1. 1962.-1
2. Бикбулатов Н.В. Башкирская система родства. М.: «наука», 1981-2
3. Рычков П. И. Топография Оренбургская, т. е. обстоятельное описание Оренбургской губернии. – Оренбург: Изд-во Оренбургского отдела императорского РГО, 1887. -3
4. Мольнар Э. Проблемы этногенеза и древней истории венгерского народа. Будапешт, 1955. С.134-4
5. Карпини П. Шығыс елдеріне саяхат: моңғолдар тарихы //2005ж. №1.-5
6. Рубрук В. Путешествие в восточные страны (1253г.). Перевод А.И. Малеина. СПб. 1911- 95- 101 бб.-6
7. Хвольсон Д. А. Известия о хазарах, буртасах, и других // Журнал Министерства народного просвещения, 1868, декабрь, 669-670 бб.-7
8. Филоненко В. Башкиры. Вестник Оренбургского учебного округа. Уфа. 1913.-№ 7-8. отд. III.- 225-226 бб.-8
9. Асылгужин Р.Р. Демские (минские) башкиры; этническая история, культура и численность, Уфа, 2006-9
10. Кудайбергенова Ж.А. Национально-языковое строительство в Казахстане (1946-1960 гг.) (Исторический аспект): Автореф. дисс. ... к.и.н.-А., 1999.-29 с.;-10

Панияз Т.П., Панияз А.П.

ГЕОСАЯСАТ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі геосаясатты талдаудың өзіндік ерекшелігі саясаттың кеңістік-географиялық факторларын қарастырумен, саяси үрдістерді зерттеумен, тұрақты және ұзақ мерзімді сипаттағы

құбылыстарды ашатын ұғымдар мен категорияларды кеңінен қолданумен байланысты.

Геосаяси теориялардың дамуына белгілі бір географиялық кеңістікті бақылауға мүмкіндік беретін, мемлекеттің сыртқы саясаты тәуелді болатын факторларды айқындайтын көптеген идеяларды ұсынған авторлар елеулі үлес қосты.

Саяси ойлар тарихында географиялық ортаның қоғамға әсері туралы пікірлер Гиппократ, Аристотель, Платон еңбектерінде көрініс тапқан болатын. Француз ойшылдары Ж.Боден (XVI ғ.) және Ж.Монтескье (XVIII ғ.) т.б. өз еңбектерін климаттың адамдардың саяси мінез-құлқына ықпал ету анализіне арнап зерттеу үрдісін бекіте түсті. Алайда геосаясат халықаралық қатынастар теориясында өзіндік бағыт болып XIX ғасыр соңымен XX ғасыр басында қалыптаса бастады. 1900 жылы швед ғалымы Р.Челлен (1864-1925) мемлекетті ерекше географиялық организм ретінде қарастырып «геосаясат» терминін енгізіп, оны өзінің саяси іс-әрекетінің бағыттарының бірі деп сипаттайды [1, 9 б.]. Дегенмен мемлекетке қатысты арнайы проблемаларды білдіретін оның бүкіл теориясынан тек тиісті термин ғана маңызды болып, «мемлекеттің географиялық организм немесе кеңістік феномені» ретінде сипатталған бөлігін білдіретін мағынаға ие болып қалды. Тұтастай алғанда геосаясат мемлекеттердің кеңістік қатынасты өзара органикалық қатынасын және тарихи себептілік іс-әрекетін көрсететін «егемндік», «аумақ», «мемлекет қауіпсіздігі» құндылықтарына негізделген халықаралық қатынастар теориясына дендеп енді. Бұл таңсық емес еді, Рим империясы мен Алтын Орда, Британ т.б. әлемдік империялардың елеулі аумақтарды (географиялық кеңістікті) бақылап, үстемдігін басқа мемлекеттерге таңуға мүмкіндік беретін өз ресурстарын көрсетіп, өз білгенімен құрлықтардың тұтастай келбетін өзгерткенін білеміз.

Сол уақыттан бастап халықаралық қатынастар аренасында саяси өзгерістердің себебін және әлемдік саясатқа географиялық ортаның өктемдігін түсіндіретін геосаяси құрылым арқылы ғылымға нақты «тарихи заңдылықтар», әлеуметтік-дарвинизм, органицизм және географиялық фатализм идеяларымен ұғымдары үздіксіз енді.

Осындай ұғымдардың әсерінен халықаралық саясаттың табиғаты мен даму тенденциясын теориялық тұрғыдан түсіндіретін шекараларды сақтау және кеңейту, мемлекеттің теңізге шығу жолы, үкіметтің өз аумағын бақылауы және көрші мемлекеттерге ықпалын таңу сияқты идеялар орын ала бастады.

Халықаралық қатынастарды түсіндіруде «құрлықтық үстемдік», құрлықтық және теңіз державаларының бітпес қайшылықтары категориялары, сыртқы саясат байланыстарында мағыналық ядросы ретінде мемлекеттердің аумақтық кеңейуі және құралдар мен әдістердің әлемдік кеңістікті бөлу және қайта бөлудегі негіздемесі сияқты ұғымдар алға шықты [2, 47 б.].

Геосаяси талдауларда елеулі оқиға ағылшын ғалымы Х.Макиндердің (1869-1947) «Саяси географияның физикалық негізі» (1890) және «Тарихтың географияның осі» (1904) еңбектерінде геосаясаттың кейінгі барлық тарихына елеулі ықпал еткен «Хартленд» тұжырымдамасын ұсынғаны еді. Оның пікірінше Азия, Африка және Европа деп жасанды бөлінген құрлықтың бөлігі «нақты күштің орналасуына» айналған «әлемдік арал» болып табылады. Оның қақ ортасын «ішкі жарты ай» (Евразияның матеріктік бөлігіне жатпайтын мемлекеттер) және «сыртқы жарты ай» (Аустралия, Америка т.б. мемлекеттер) елдерінен қашықтағы сол кездегі Ресей империясының құрамына кіретін Орта Азияның Қазақстан, Өзбекстан сынды мемлекеттердің аумағы және Каспий маңындағы т.б. елдердің аумақтары құрады. Бұл «жер ортасы» немесе Хартленд (Еуразия) теңіз империяларының ықпалы жүрмейтін «әлемдік саясаттың осі» болып табылды. Макиндер кім Хартлендке бақылау орнатса, ол «әлемдік аралға», ізінше бүкіл әлемге бақылау орнатады деді.

Мұндай идеялар әлемдік күштер арасалмағында құрлықтық державалардың теңіздік және мұхит жағалаулары мемлекеттерімен артықшылығын бекіте түсті. Алайда мұндай жағдай Хартлендке бақылау орнатқан елдердің күш-қуатының әлсіреуіне, теңізге шығуына және сол аумақта ірі мемлекеттердің «Германия және Ресей» бірігуіне кедергі болатын, олардың бөлшектенуіне алып келетін қарсы тұратын блоктар мен коалициялардың құрылуын туғызады деп есептеді.

Осылармен қатар Макиндер ғалымдық геосаяси құрылымға бөлу негізінде болашақта әлемде саяси күштердің орналасуына физикалық ортаны белсенді өзгертуге қабілетті технологияның дамуының әсер етуі мүмкіндігін жоққа шығармады. Сондықтан ғылыми жаңалық пен техникалық прогресті қолдайтын, сондай-ақ осыған бүкіл қоғамдық жүйені ұйымдастыруға қабілетті мемлекеттерде шешуші әлемдік ықпал сақталуы тиіс деген болатын [3, 51 б.].

Неміс ғалымы Ф.Рацель (1844-1901) өзінің «Саяси география» (1897) атты еңбегінде

аграрлық елден өндірістік державаға айналған Германияның экспансиялық ұмтылыстарының негізіне әкелетін бірқатар жағдайларды атап көрсетті. Мемлекетті биология заңдылықтары бойынша әрекет ететін организм ретінде қарастырып, «елдің орналасуы, кеңістік пен шекаралар» өмірлік маңызды компоненттер және оның өмірлік тұрақтылығын сақтаудың шарты аумақтық экспансия мен «өмірлік кеңістікті» кеңейтетін саяси күш-қуатты арттыру болып табылады деп есептеді. Сондықтан неміс саясаткерлері елдің аса қуатты болуы үшін өзіне «отарлау өнерін» дамытуы қажет деп санады.

Тағы бір неміс ғалымы К.Хаусхофер (1868-1945) мемлекетті автаркиядан және көршілердің тәуелділігінен сақтайтын өмірлік кеңістікті кеңейту идеясын негізге ала отырып, жаңа жерлерді жаулап алу арқылы еркіндікке жету мемлекеттің ұлылығының көрсеткіші деп есептеді. Ол өз күш-қуатының аумақтық таралуын ірі мемлекеттердің ұсақ мемлекеттерді жұтуында деп атап көрсетті. Мюнхендік профессордың осы идеялары негізінде гитлерлік Германияның басшылығы көрші мемлекеттерге соғыс ашу мен «үшінші рейхті» құрудың «географиялық осін» әзірлеген болатын. Және де К.Хаусхофердің ойынша «құрлықтық немесе теңіздік держава жек өзі әлемдік держава бола алмайды» және «оның құрылуы осы екі фактордың комбинациясына тәуелді» деп сипаттады [4, 65.].

Қазіргі кезде геосаяси теориялардың маңызды аспектілерінің бірі геосаяси қауіпсіздік болып табылады. Геосаяси қауіпсіздік мемлекет немесе белгілі бір аймақ мүдделерінің қорғаныс жағдайын білдіреді. Бұл ұғымдар өз шеңберінде ұлттық мәселелер ауқымында кеңейте түседі. Өйткені жеке бір мемлекеттің қауіпсіздігін сол аймақтың қауіпсіздігінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Аймақтағы қауіпсіздіктің, тұрақтылықтың негізі – геосаяси тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің қауіпсіздігі туралы тарихи алғышарттары зерттей отырып, адам, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігі жайлы айтқан ежелгі философтар мен саясаткерлердің, әскери стратегтердің қызғылықты пікірлерін кездестіруге болады. Ежелгі Қытай философы, қолбасшысы Сунь-Цзыдың «Әскери өнер туралы трактатында» қауіпсіздік мәселесін мемлекеттің әскери қуатымен емес, барлауды дұрыс қолдана алуымен байланыстырады [5, 54.].

Орта Азия мемлекеттерінің әлемдік қауымдастыққа кірген сәтінен бастап сыртқы субъектілермен қатынасы әлем саяси сахнасындағы ойыншылардың күштер тепе-теңдігінде өзгерістерге ұшырауымен дөп келді. Орта Азияның қауіпсіздік жүйесін қарастыруда аймақтың әлі де болса әлсіз функционалды байланысын ескеру қажет. Белгілі бір мүдделердің бір-бірімен уақытша сәйкес келуі аймақта ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Сондықтан аймақтағы саяси, экономикалық, әскери тұрақтылық сыртқы жағдайлардың аймаққа қатысты мүдделеріне және геосаяси стратегияларының жүзеге асырылу дәрежесіне тікелей байланысты болып отыр. Демек қазіргі күрделі халықаралық қатынастар жағдайында аймаққа қызығушылық танытып отырған сыртқы күштердің саяси ұстанымдарын анықтап, талдау қажеттілігі туындайды.

Орталық Азияның күрделі геосаяси жағдайы (Ресей, Қытай, мұсылман әлемі қиылысында орналасуы, Ауғанстан, Иран және Кавказбен көршілігі) аймақ елдерінің бүгінгі таңда да сыртқы күштер ықпалының тоғысында тұрғанын байқаймыз. Ауғанстан мен Ирактағы күрделі ахуал, Сириядағы соғыс пен әскери операциялардың Орталық Азияның қауіпсіздігіне әсері, мемлекеттердің аймақтың қауіпсіздігіне төнген көптеген қауіп-қатерлерге, бірінші кезекте терроризм мен экстремизмге кешенді тосқауыл қою шараларын барынша күшейтуге негіз болуда.

Қазақстан әлемде болып жатқан өзгерістерді бағамдай отырып, қауіпсіздік мәселесіне тек әскери жағынан ғана емес, экономикалық, геосаяси мүдделер қақтығысы жағынан да өзгеше қарауына себеп болып отыр. Бүгіндері тіптен мемлекеттің сыртқы және ішкі қателерлерге төтеп беру мүмкіндіктері тікелей демократияның даму деңгейіне байланысты қарастыра бастаған жайттарды да білеміз.

Қазақстанның жаңа ғасыр талаптарына сай таңдап алған «Қазақстан -2050» стратегиясы елдің ұзақ мерзімді басымдықтары мен ұлттың мемлекеттік мүдделеріне бағытталған. Стратегиядағы «он сын-қатер» жаһандық деңгейдегі елдің даму қарқынына әсер ететін, олардан туындайтын қауіптер мен қатерлердің мазмұнын айқындайды [6, 24.].

Қазақстан бүгінгі таңда өзінің мүдделерін нақты қорғауға және посткеңестік кеңістікте болып жатқан геосаяси тартыстарда, әсіресе Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің аймағы болып табылатын Орталық Азия мен Каспийде ұлттық мүддесіне сай саясат жүргізуіне мүмкіндік беретіндей даму үстінде деп есептейміз.

Ғаламдық және геосаяси тұрғыдан Қазақстан трансқұрылықтық экономикалық байланыстарда өз рөлін көрсетіп, Еуразия құрылуының кіндігі тарихи миссиясына қайта орала алады және Азиялық Шығыспен еуропалық батыстың сәтті синтезі ретінде көріне алады. Бұған Қазақстанның этникалық

алуан түрлілігі, ауқымды территориясы, көпсалалы экономикасы мен білімді халқы, көпвекторлы саясаты мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстанның Еуразия кеңістігіндегі түрлі интеграциялардың ұйытқысы болуымен бірге Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуындағы жетекші ролін айтсақ та жеткілікті.

Сонымен қатар Қазақстан әлемдік аренада жаңа және қуатты ойыншы ретінде ұзақ мерзімге өзінің сыртқы саясатының тұжырымдамалық негізін дайындау барысында, өзімен шекараласатын әлемдік державалардың, бірінші кезекте Ресей Федерациясы мен Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының ерекшеліктерін ескеруі қажет. Қазақстанның қазіргі әлемдегі ролі мен орны көп жағдайда оның геосаяси жағдайымен айқындалып келеді.

Сол себептен геосаясат пен геосаяси қауіпсіздік ұғымдарын талдау міндет қана болып қалмай, оның елдің сыртқы саяси стратегиясындағы ерекшеліктерінде ескеруіміз қажет. Біздің мақсатымыз геосаясат пен геосаяси қауіпсіздіктің мазмұндық сипатын толықтай түсіне отырып, ұлттық мүдде, ұлттық қауіпсіздікке сай пайдалануды меңзеу болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Нартов Н.А. Геополитика. -М., 2000. -9 б.
2. Бұл да сонда. -47 б.
3. Бұл да сонда. -51 б.
4. Андрианова Т.В. Геополитические теории XX в, -М., 1996. -65 б.
5. //Саясат-2008.- №4. -54 б.
6. «Қазақстан - 2050» стратегиясы. -Астана., 2012. -24 б.

Рабазанов Н.А.

«ЕВРАЗИЙСТВО» - КАК ФУНДАМЕНТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ ВО ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Внешняя политика Республики Казахстан осуществляется сугубо на собственных основаниях и исходя из собственных национальных интересов. И хотя еще можно обнаружить некоторые элементы прошлой зависимости от бывшей метрополии, однако они уже давно перестали нести характер необратимой уступчивости, игнорирования национальных интересов, могут и должны быть заменены на новые, глобально осознанные формы и механизмы активного реагирования и позиционирования государства на внутривнутриполитическом и внешнеполитическом пространстве его деятельности.

В год 25-летия независимости Казахстан, как новое независимое государство, появившееся в результате дезинтеграции тоталитарного государства (СССР), по существу добился признания мировым сообществом относительно устойчивой геополитической суверенности страны на мировой арене (Казахстан – географический, геополитический) и продолжает осуществлять внешнеполитическое позиционирование страны на основе принципа многовекторности. Такое позиционирование «развивающихся демократий», которое на заре независимости было провозглашено в качестве кардинального способа позиционирования страны, создает более спокойный международный фон и формирует основы доверия в региональном и глобальном контекстах, способствуя продвижению международных отношений в принятии подлинно прагматических решений.

Кстати, все инициативы Президента Казахстана Н. Назарбаева, озвученные с самого начала до наших дней, тому реальное подтверждение: создание СНГ положило начало формату мирного расхождения бывших республик СССР. Создание ЕврАзЭС, ОДКБ открыло перспективы интеграции постсоветского пространства. Закрытие ядерного полигона положило начало антиядерному формату нашей внешней политики, который привел Казахстан к активному позиционированию и лидерству в антиядерном разоружении, признанному США. Провозглашение «европейского пути» подключило Казахстан к формату безопасности и сотрудничества в Европе, председательством в ОБСЕ Казахстан поставил точку в европоцентристской ориентации данной организации. На Астанинском саммите была провозглашена необходимость строить безопасность в формате «от океана до океана». Создание ШОС закрепило важнейшее геополитическое значение нашего региона в мире, а строительство СВМДА создало предпосылки для формирования формата безопасности во всей Азии. Формат ОИС, в котором Казахстан проводит идею модернизации, также служит этому благому делу. Культурно-

цивилизационное партнерство Казахстан продвигает через формат съездов представителей мировых религий и широкого партнерства в международных организациях, работающих под эгидой ООН. И чем дальше Казахстан движется по этому пути, тем больше он сталкивается с угрозами, решение которых зависит уже от всего мирового сообщества.

Поэтому сегодня подлинное стремление к гармоничному существованию в глобальном мире не может быть реализовано и через обособление в региональных интеграционных объединениях, если не предполагает возможности более широкого и глубокого пути в глобальные международные объединения, создающие равные условия для приобщения к достижениям всей человеческой цивилизации.

В современных условиях развития страны крайне важно развивать универсалистский подход к определению своего глобального видения, разрабатывать более универсальные, более функционально развитые концепции внутренней и внешней политики, которые бы оформили наши внутренние и внешние глобальные притязания и цели в единый национально цивилизационный и культурно-исторический проект. Построение такого «универсального государства», которое бы справлялось и с угрозами внутреннего и внешнего характера, мыслится нами как настоятельная необходимость и потребность сегодняшнего времени.

Именно в этом ракурсе осмысливается и цель внешней политики Республики Казахстан – формирование нравственной идеи Отечества или соответствия страны собственному внутреннему содержанию на межгосударственном уровне и высшим идеалам межгосударственных отношений [1, с. 12].

Уже 2 декабря 1991 года, на следующий день после президентских выборов, Н.А. Назарбаев на пресс-конференции для зарубежных и отечественных журналистов представил свое видение основных направлений внешней политики Казахстана. По мнению Н.А. Назарбаева, Казахстан, занимающий срединное положение между Европой и Азией, должен стать мостом между этими континентами. На вопрос о приоритетах международных отношений для Казахстана: Восток или Запад, Н.А. Назарбаев заявил об открытости нашей страны, подчеркнув, что республика хотела бы иметь экономические и политические связи со всеми государствами мира.

Поэтому Казахстан не будет замыкаться только на Азиатском континенте. У страны должен быть разумный баланс между Европой и Азией. Хотя, безусловно, отметил Н.А. Назарбаев, казахский народ имеет глубокие совместные корни с тюркскими народами.

Фундаментом внешнеполитической стратегии Казахстана являются два принципа: многовекторность и евразийство.

По определению Президента Н.А. Назарбаева, многовекторность означает «развитие дружественных и предсказуемых взаимоотношений со всеми государствами, играющими существенную роль в мировых делах и представляющими для нашей страны практический интерес». Поэтому Казахстан, являющийся территориально евразийским государством, имеющим мультиэтнический и многоконфессиональный состав населения в силу своего геополитического положения и экономического потенциала, не будет замыкаться на узкорегиональных проблемах.

Прошедшие 25 лет независимости показали правильность принципа многовекторности, который позволил Казахстану стать самостоятельным и авторитетным государством в мировом сообществе. Казахстан сумел выстроить равноправные, взаимовыгодные отношения с ведущими государствами мира - Россией, Китаем, Европейским Союзом, США, странами исламского мира [2, с. 17].

Таким образом, начавшееся второе десятилетие XXI века свидетельствует о продолжающемся качественном изменении мира и о новых парадигмах развития. Однополярная структура мира, как, впрочем, и предыдущая биполярная система, существовавшая в годы «холодной войны», продемонстрировали свою несостоятельность. Сильнее проявляется глобальная тенденция, связанная с формированием полицентричного мира. В этих условиях Казахстан не может не реагировать на новые глобальные тенденции и геополитические изменения, а также на возникающие угрозы и вызовы [3, с. 69].

Резюмируя, важно подчеркнуть, что в современной системе международных отношений первостепенное значение приобретает восстановление справедливости, надежности и предсказуемости. Именно восстановление справедливого порядка в сочетании со справедливой международной финансовой системой, станет основой посткризисного мира.

Список литературы:

1 20 лет независимости: предварительные итоги и дальнейшее внешнеполитическое позиционирование Республики Казахстан //Казахстан в глобальных процессах, 2011, № 4 (30).

2 Независимый Казахстан: настоящее и будущее: Сборник материалов научно-практической конференции. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011.-68 с.

3 Республика Казахстан: достижения независимости и взгляд в будущее. Материалы IX Ежегодной Алматинской конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011.-232 с.

Serikbayeva A.T., Asma Najib

DEVELOPMENT OF KAZAKHSTANI RELATIONS WITH AFGHANISTAN AT THE PRESENT STAGE

The cooperation of the Republic of Kazakhstan and Afghanistan was laid on February 12, 1992, when diplomatic relations were established between two countries. Political quarters of these states noted progressive and dynamic of Kazakh-Afghan relations throughout the period of the interrelationship. The Heads of these States meet each other regularly in various international events [1].

The history of cooperation between Kazakhstan and Afghanistan conventionally can be divided into three stages. The first stage - from the moment of establishment of diplomatic relations until 2003 - can be considered as a period of development cooperation and the formation of a contractual framework. There is a mutual recognition and development of the main directions of cooperation between the two countries.

This stage is also characterized by inertness and absence of any significant events in bilateral relations. Important event during this period are:

- establishment of diplomatic relations (February 12, 1992);
- visit of Abdul Rahim Hatef, Vice-president of Afghanistan (1992);
- opening of Embassy of Afghanistan in Kazakhstan (1993);
- opening of Diplomatic mission of Kazakhstan in Kabul (2002, in 2003 was transformed into Embassy);
- humanitarian aid to Afghanistan: 3 thousand tons of wheat (2002); 192 tons of foodstuffs (2003); transfer of surplus clothing to Afghan National Army (2003) [2].

But, it should be mentioned that in 1996, when the situation generally in Afghanistan and in Kabul in particular, deteriorated, it was Kazakhstan who called on the UN Security Council to intervene and take immediate action [3].

The second stage - 2004-2014 years - can be described as a period of transition goals into practice in key areas of economic, trade and humanitarian cooperation. During these years, the basis of the bilateral legal framework have made the Treaty on the basis of relations and cooperation between the Republic of Kazakhstan and the Islamic Republic of Afghanistan, their intergovernmental agreements on trade and economic cooperation, cooperation in the field of education, cooperation in the fight against illicit traffic in narcotic drugs and psychotropic substances and their analogues and precursors and abuse, as well as the Protocol on establishing of diplomatic relations.

After the establishment of the juridical base of bilateral relations Kazakhstan was prepared to have to move their contacts with Afghanistan in the realization plane of certain economic projects. Important moments of cooperation at this stage is the opening in 2003 of the Embassy of Kazakhstan in Afghanistan and the arrival of the first Kazakhstani companies in 2004 [4].

Foreign trade turnover between Kazakhstan and Afghanistan in 2014 amounted to USD 336.7 mln., that is in 33% more than in 2013. At the same time exports of Kazakhstan increased by 33% and amounted to USD 333.5 mln. And imports of Kazakhstan to Afghanistan increased to 7.2% and amounted to USD 3.2 mln. The trade balance was positive in the amount of USD 330.4 mln. The Kazakh-Afghan intergovernmental commission (IGC) plays an important role in the development of trade and economic relations on trade and economic cooperation. IGC held seven meetings: three meetings in Astana (2007, 2010 and 2015), three - in Kabul (2008, 2011 and 2013) and one in Almaty (2012) [5].

At this time, the government of Kazakhstan considered the issue of a special program of cooperation with Afghanistan, which was intended to strengthen the humanitarian and economic partnership, investing in different sectors of the economy and cooperation in the preparation and training of qualified personnel [4].

Kazakhstan implements an educational programs for Afghan citizens. Currently 827 of Afghan citizens are educated in educational institutions of Kazakhstan [6]. Kazakhstan allocated about USD 2.38 mln. for the

construction of schools, hospitals and roads in Afghanistan [1]. Kazakhstan financed the construction of the school in Samangan province and hospital in Bamyan province, as well as repair work on the road between Kunduz and Talukan [7] Humanitarian supplies in the amount of about USD 20.15 thousand of tonnes of food (worth over USD 17.09 mln.) have also been implemented. In addition, within the framework of the implementation of international obligations, Kazakhstan has transferred USD 1.5 mln. for the construction of 4 types of bridges in Afghanistani cities [1].

During the joint briefing after the talks of the Presidents of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev and Afghanistan Mohammad Ashraf Ghani held on November 20, 2015 the President of Kazakhstan emphasized that «Kazakhstan has always supported Afghanistan in the difficult years for him. In particular, since 2002, the supply of food to 20 million dollars has been carried out, financial means was strengthened for law enforcement, and USD 50 million for the training of Afghan students in our country» [8].

The third stage (2014 to the present time.) - further expanding areas of cooperation between the two countries.

Now the Kazakh-Afghan relations have reached the level of development of the strategy of bilateral relations. June 14, 2007 in Astana, the meeting was held between the head of the Afghan delegation the First Vice-President of Afghanistan Ahmad Zia Massoud with the Prime Minister of Kazakhstan Karim Masimov. Day before a special bilateral commission was created to develop a program of cooperation between Afghanistan and Kazakhstan. «We welcome the establishment of the intergovernmental commission, and I'm sure it will be a very important step in the strengthening of economic cooperation between the two countries», - said Ahmad Zia Massoud [4].

Now relations have moved to the level of the intergovernmental dialogue and the stage of drawing up the programs of cooperation.

Within the framework of the official visit of the President of the Islamic Republic of Afghanistan M.Gani to Kazakhstan the following bilateral documents were signed:

- Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Islamic Republic of Afghanistan on cooperation in the field of civil defense, prevention and liquidation of emergency situations;

- Agreement of the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Islamic Republic of Afghanistan on cooperation in the field of culture [8].

One of the most important issues in the context of cooperation between the two states is security. Dr. Kassenova analyzed the factors shaping Central Asian policies towards Afghanistan. According to her research Kazakhstan does not share a border with Afghanistan and is, therefore, less vulnerable than some of the other Central Asian states to security threats and challenges coming from Afghanistan. This, coupled with the lack of ethnic affinity between people in Kazakhstan and Afghanistan, has allowed a calmer and less biased approach to developments in Afghanistan. Kazakhstan has always been a major supporter of the 1992 Collective Security Treaty (CST) arrangements, and could be said to be reliant on the Collective Security Treaty Organization (CSTO) for its security needs. Nevertheless, it has sought deeper cooperation with both the USA and NATO as part of its multi-vector foreign policy [9, p. 3].

The further development of the Kazakh-Afghan relations have very good prospects. Kazakh President has drawn attention to the fact that the subsoil of Afghanistan [10] is rich of minerals, and Kazakhstan has experts who can be involved in geological exploration works. A number of Afghan analysts meanwhile believe that signing of economic and trade agreements with Kazakhstan is vital for Afghanistan.

List of references

1. Sotrudnichestvo Respubliki Kazahstan s Islamskoj Respublikoj Afganistan. Informaciya s sajta MID RK [Cooperation of the Republic of Kazakhstan to the Islamic Republic of Afghanistan. Information from the Kazakh MFA site] 2013, 04 December // <http://mfa.gov.kz/index.php/ru/vneshnyaya-politika/sotrudnichestvo-kazahstana/sotrudnichestvo-so-stranami-azii-i-afriki/84-vneshnyaya-politika/sotrudnichestvo-kazahstana/sotrudnichestvo-so-stranami-azii-i-afriki/350-sotrudnichestvo-respubliki-kazahstan-s-islamskoj-respublikoj-afganistan>
2. Brief characteristic of Kazakhstan-Afghanistan diplomatic relations // <http://e-history.kz/media/upload/2065/2014/06/27/3212f6574003562bc960599c064f94de.pdf>
3. Gani diversificiruet afganskuyu politiku cherez Kazahstan. [Ghani diversifies Afghan policy through Kazakhstan] 23.11.2015 // <http://afghanistan.ru/doc/91956.html>
4. Verkhoturov D. Krepkoe partnerstvo Kazahstana i Afganistana [Strong partnership between Kazakhstan and Afghanistan. July 16, 2007] // <http://expertonline.kz/a6209/>

5. Stranovoj obzor za 2015. Afghanistan. [Country Review for 2015. Afghanistan] // <http://www.kazninvest.kz/images/%D0%90%D0%A4%D0%93%D0%90%D0%9D%D0%98%D0%A1%D0%A2%D0%90%D0%9D.pdf>
6. Michelle Witte. Scholarship Programme for Afghan Students Nearing Final Goal // EURASIA & WORLD on 20 FEBRUARY 2015. <http://astanatimes.com/2015/02/scholarship-programme-afghan-students-nearing-final-goal/>
7. Speech by the Ambassador of Kazakhstan to the US H. E. Kairat Umarov to Central Asia and Caucasus Institute, 9 Apr. 2013. URL: <http://www.kazakhembus.com/content/speech-he-kairat-umarov-ambassador-kazakhstan-us-central-asia-and-caucasus-institute.> (Access 20.05.2016).
8. Mezhdunarodnoe informacionnoe agentstvo Kazinform. Kazakhstan i Afghanistan podpisali ryad dvustoronnih dokumentov [International news agency KAZINFORM. Kazakhstan and Afghanistan have signed a number of bilateral documents] Astana, 20 November 2015// http://www.inform.kz/ru/kazahstan-i-afganistan-podpisali-ryad-dvustoronnih-dokumentov_a2841318
9. Kassenova N. Relations between Afghanistan and Central Asian States After 2014: Incentives, Constraints and Prospects. - Stockholm International Peace Research Institute, 2014.- 29 p.
10. Kazakhstan i Afganistan aktiviziruyut trgovno-ekonomicheskoye sotrudnichestvo [Kazakhstan and Afghanistan are stepping up trade and economic cooperation]. 21.11.2015 // <http://www.ritim Eurasia.org/news--2015-11-21--kazakhstan-i-afganistan-aktiviziruyut-trgovno-ekonomicheskoye-sotrudnichestvo-20656>

Садықов Т.С.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арналған дәстүрлі жолдауын тәуелсіздік күні қарсаңында жария еткені баршамызға аян. Жыл сайын жолдаулардың өресі кеңіген сайын еліміздің даму қарқыны шапшаңдап, мемлекетіміздің өсуімен жолдаулардың мазмұнының тереңдегенін аңғару қиын емес. Азаттық алған азғана уақыттың ішіндегі мемлекетіміздің жеткен жетістіктері, тұрақтылығы әрбір қазақстандықтың жүрегіне жарқын болашаққа деген сенімін ұялатып, көңілін саябырлатқандай. Бұл жайында Жолдаудың мына бір жолдарында: «Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Әрбір отандасымыздың жүрегінде елімізге деген шексіз мақтаныш сезімін орнықтырдық. Қазақстандықтар ертеңіне, елінің болашағына сеніммен қарайды», – деген пайымдаудан тындырылған істерге ризалық сезіммен бірге жолдауларға да артылар жауапкершілік зор екенін меңзегендей.

Сонымен қатар, осы Жолдаудың тағы бір ерекшелігі еліміздің болашағын болжап, келешегін кемелдейтін «Мәңгілік ел» идеясының ұсынылуы. Ақылгөй, шешен Төле бидің: «Береке мен байлық бірлігі мықты елде ғана болады. Берекелі ел ғана болашағын болжай алады», деген аталы сөзін есімізге түсірсек, Елбасының осы Жолдауында жарияланған Мәңгілік Ел ұлттық идеясы – Тәуелсіз Қазақстанның төрт құбыласы түгенделіп, берекелі ел болған мезетте көтеріліп, халқымыздың болашағына бағдар, ұрпағының алдына үлкен мақсат пен міндеттер қойып отыр.

«Мәңгілік ел» идеясы бір күнде пайда болған жоқ. Оның тамыры тереңде – сонау VI-VIII ғ. Ұлы Түрік өркениетінің қалыптасуынан бастау алады. Сол заманның атақты тарихи ескерткіші Күлтегін бетінде қашап жазылған. Ендеше «Мәңгілік ел» идеясы тек қазақ халқын ғана емес бүкіл түрік әлемін біріктіретін ұлы идея болып табылады.

Тамырын тереңге жайған Қазақ елі үшін «Мәңгілік ел» идеясы заңдылық, себебі, мұның аясында қазақ халқының мыңдаған жылғы дүбірлі тарихынан, тәуелсіздік жылдары жүріп өткен даңғыл жолынан, бүгінгі нақты атқарылған істер арқылы қол жеткізілген жетістіктерінен туындаған ұлттық идея жатыр. Әлемдік тәжірибеге жүгінсек, кез-келген ел өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кезде ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Бүгінгі күні елімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер, мемлекетті дамытуға бағытталған тұжырымды қадамдар жасампаз әрекеттерге жетелеп отыр. Сондықтан, ұлттық идея ел дамуындағы сара жолының жаңа белесіне көтерілу барысындағы қоғамдық қатынастар мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және басқа да тетіктерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болды пайымдауға болады.

Бүгінгі таңда әлем кеңістігіндегі тыныштықтың бұзылып, жайдайдың шиеленісіп жатқан кезеңінде, тіпті, өзгелерді былай қойғанда кешегі күні өзімізбен бауырлас болған мемлекеттердің басына қара түнек төніп, тәуелсіздіктері сынға түсіп жатқанда Елбасы өзінің көрегендігімен Қазақстанның

болашағын нақты айқындап, ата-бабамыздың салып берген сара жолын жалғастырушы саясаткер екендігін көрсетті. Оған дәлел Жолдауда келтірілген мына бір жолдарда айқын байқалады: «Мәңгілік ел» ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізді, еліміздің жүрегі-Елорда тұрғызылды. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ендеше Қазақ Елінің ұлттық идеясы Мәңгілік ел».

Өңгімеіміздің негізгі өзегі де осы Мәңгілік ел идеясының тарихи негіздеріне арналып отыр. Бұл идеяның бір күннің ішінде пайда болған, аспаннан түсе қалған идея емес, өзінің тарихи бастауларын сонау ықылым замандардан алып, бүгінгі күні Тәуелсіз еліміз түрінде лайықты жалғасын тапқан жасампаз ұлттық идея екенін көрсетті. Ұлттық идеяның тарихи орнын, оның кешегі, бүгінгі, ертеңгі болмыс-бітімін анықтау үшін алдымен «ұлт», «идея» ұғым-түсініктеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Қазіргі таңда «ұлт» терминіне қатысты ғылыми анықтамалар жеткілікті. Ғалымдардың пайымы бойынша, «ұлт» (латынша – *nascor*) термині Ежелгі Римде аз халықтар деген мағынада қолданылған екен. Ұлт – белгілі бір этностың тарих қойнауындағы төл санасы мен жадын жоғалтпаған, өзінің геосаяси ерекшелігі мен тілдік этникалық табиғи қалпын айыра алатын қоғамдағы адамдардың үлкен бір қауымдастығы.

Идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Мәселен, идея сезімдер дүниесіне де, заттарға да тікелей қатысты. Идея – ең ақиқат ұғым, объективтік ақиқат немесе ақиқаттың өзі болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды Қазақ елі үшін «Мәңгілік ел» идеясы ұлттық идеяның ертеден бері қалыптасып, бүгінгі күні заңды жалғасын тауып отырған объективтік шындығы. Оған дәлел, ежелгі прототүркілік кезеңдерден қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейінгі аралықтағы рухани интеллектуалдық кеңістікте ұлттық идеяға деген қажеттілік қазақ даласы ойшылдарының дүниетанымдық жүйелерінде сараланып, кейінгі тарихи кезеңдерде үйлесімді жалғасын тауып отырды. Елін, жерін, халқын қорғаудан туындаған «Атамекен» идеясы, тағдырдың талайын басынан кешіре отырып «Жерұйық», «Алтын заман», «Зар заман» идеялары арқылы «Алаш», «Тәуелсіздік» идеяларына ұласты.

Ұлттық идеяның мәйегі болып табылатын Орхон-Енисей жазбаларындағы түрікшілдік, Қорқыт ата мен әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи мен Ахмет Игунеки, одан кейінгі қазақ ақын-жыраулары, Абай мен Шәкәрім, алашордашылардың және т.б. ғұламалардың рухани мұраларынан орын алған идеялар жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтіндей нысандарға айналды.

Бұмын қаған негізін қалаған Ұлы Көктүрік қағанаты құрылуымен «Мәңгілік ел» идеясының негізі қаланды. Көк бөріден тараған Ашина әулетінің қағандары түркі тайпаларын бір тудың астына біріктіріп, бір мемлекеттің аясына шоғырландыра білді. «Мәңгі ел» боламыз деген талпыныс түркі тілдес халықтардың бүкіл тарихи кезеңдерінде көрініс тапқан. Осы идеология арқылы олар талай империялар мен хандықтар құрды. Түркі қағандарының ақылшы, кеңесшілері, қорғаушылары Тоныкөк, Күлтегін сияқты данағой, батыр да, батыл, ержүрек адамдар болғандықтан оларды «Аспан адамдары» деген. Мемлекеттің негізгі өзегіне айналған «Аспан адамдары» Мәңгі ел идеологиясын халыққа насихаттап, мәңгілікке жетуде оларды Ұлы Тәңірі қолдайтынын жеткізген. Сондықтан түркілердің туының түсі көк (кюк – аспан, кюк – көк), мемлекеті «Мәңгі елді» Көктүріктер империясы (Аспан түркілерінің империясы) деп атаған.

Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы «Мәңгілік ел – түрік жұртының данағойі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея» – екендігін баса айтып та, жазып та жүр. Ғалымның пайымдауынша Елтеріс Құтлық қаған түркі халқын көтеріп Қытай бодандығынан азаттық алғаннан кейін құрылған екінші Түрік қағанатының саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету және күшті мемлекет болу мақсатында Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын ұсынған. Құлпы тастағы жазулардан «Мәңгілік ел» идеясының бастау бұлағы деуге негіз болатын мына бір мәтінді оқуға болады: «Аш құрсақты тоқ еттік. Шығай (кедей) халықты бай еттік. Дүйім түрік оғыз халқы, бектері тыңдаңдар! Қара жер қақ айырылып кетпесе, түрік

халқы елінді, билігінді (мемлекетінді) кім құртады?!» – деген жолдар еріксіз назар аудартады.

«Мәңгілік ел» болу идеясының мақсаты елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасау еді. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда. «Күлтегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нақышына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар бар. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Бір қызығы, түркілерден бастау алған бұл идеологияның Шыңғыс хан негізін қалаған Моңғол империясында да өз жалғасын тапты. Мұның себебі біреу ғана, этникалық жағынан Моңғол мемлекеті негізінен көшпелі түркі тілдес тайпалардан тұрды. Олардың өн бойында, тарихи жадында сақталған Мәңгілік ел идеясы үнемі тарих сахнасына шығып отырды.

Қазақ хандығының шаңырақ көтеріп, жеке мемлекет болуымен ұлттық идея оны құраушы этносты, тарих сабақтастығын жалғастырушы ретінде, дараландыратын факторға айналды. Кейінде ол идея талантты ұл-қыздарын әлемдік ақыл-ойдың асқар шыңына алып шығуға септесті.

Қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттілікті нығайту, этникалық аумақты қалыптастыру, бірде тілін, бірде тісін көрсеткен Ресей, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнату, бәсекеге төтеп беру құрады.

Рухани интеллектуалдық кеңістікте әл-Фарабидің «Қайырымды қала», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» халықтың бақытты ғұмыр кешу идеясының заңды жалғасы ретінде Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуі жарқын болашаққа жетуді армандаған халық мүддесінің өзіндік бейнесі ұлттық идеяның бір көрінісі іспеттес болды.

XVIII ғасырдың аяғында Абылай ханның дүние салуымен Қазақ елінің жағдайы ауырлай түсті. Саяси билігінен, жерінің тұтастығынан айрылған қазақ қоғамындағы қиын жағдай ұлттық идеяның аясын тарылтты.

Дегенмен, ертеден ата-баба дәстүрін бойына сіңірген рухты халықтың тәуелсіздікке, азаттыққа деген күлшынысы ұлт-азттық көтерілістерге ұласып, ақын-жыраулар жырларының идеялық тақырыптарына айналды.

Кенесары, Махамбет, Исатай, Амангелді, Әлихан, Ахмет, Міржақып сынды біртуар дара тұлғалардың саяси күресі мен іс-әрекеттерінің нәтижесінде Ұлттық идеяның туы көтерілді. «Зар заман» ақындары Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығының идеялық мәні отарлық езгіге қарсы күрес жолында халықты рухтандыру мақсатын көздеген еді.

XX ғасыр басы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзатқа ауыр қасірет алып келген оқиғалармен байланысты болды. Осындай жағдайда Ұлттық идея өзінің рухани және әлеуметтік эволюциясы барысында «Алаш» идеясы түрінде көрінді. Қазақ халқының түсінігінде «Алаш» идеясы түркі халықтарын біріктіретін «алты алаш» ұғымын білдіргендіктен, отарлық езгіден мешеу қалған халықтардың ұлттық өзіндік санасының оянуына орай, «түрікшілдік» идеясы өзіндік сипат алған еді. Бұл идеяның саяси көрінісі Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық шығармашылығы мен Мұстафа Шоқайдың қызметінен аңғарылды. Әлихан Бөкейханұлы бастаған қазақ зиялыларын XX ғасырдың басында қазақ халқының маңдайына біткен шоқ жұлдыздар деп бағалауға болады. «Оян қазақ!» идеясымен халыққа ой тастаған алаштықтар саяси күрестегі ұлттық идеяның туын көтерушілер.

Соның нәтижесінде Алаш қозғалысы басталды және Алаштың әлеуметтік, саяси және тұлғалық белсенділігі мен еркіндігі ұлттық идея түрінде ұсынылды. Оның дәлелі «Алаш» партиясы мен «Алашорда» Ұлттық автономиясының құрылуы. Алаштықтар өздерінің бар ғұмырын Қазақ елі мен жерінің тәуелсіздігіне, халқының азаттығына, ұрпағының жарқын болашағына арнады сол үшін жандарын қиды. Олар қалыптастырып кеткен идея жасампаз, ұрпақ сабақтастығымен жалғасын табатынына сеніміміз мол.

Бүгінгі ұрпақ Алаш қозғалысын жәй ғана ұлттың тарихында ереке орын алатын құбылыс ретінде бағаласақ, біз оның идеялық мәнін түсінбеген болар едік. Алаш қозғалысы ұлттық дүниетанымның өзегі. Алаш қазақтың дархан даласының жусан иісін бойына сіңірген, халықтың бесігінде тербелген, ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея.

Кеңес дәуірінде ұлттық мүдде, болашақ ұрпақ қамы болатын ой-арман Мәскеу, Ленинград және басқа Ресей қалаларында оқитын қазақ жастарының басын біріктірді. Олар жас болса да ұлт тағдыры үшін өздерінің жауапкершіліктерін сезді. Қазақ қоғамының өткен асылдарын жоғалтпай өркениет көшінен өзіне тиесілі орын алуын көкседі. Адамзат тарихында не жасалса да ұлттық мүдде үшін істелетінін көрсетті.

Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған Алаш қозғалысы десек, сол ұлы арманды халқына жеткізуге талпынған «Жас тұлпар» ұйымы болды. Жастұлпарлықтар Алаш зиялыларының ұлттық идеяларын ту қылып ұстады. Өнер атаулының барлығы ұлттық рухтың көрінісі деп есептеді.

Қазақтың өмірі мен өнері егіз! Өздерінің ой-мақсаттарын бұқара халыққа жай жалынды сөздерімен ғана емес, ұлттың жан сарайынан шыққан ән мен күй арқылы жеткізуге тырысты. Ана тілін, дінін, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін күрес құралының көзіне айналдырды. Бұдан кейін де жастардың қозғалысы толастаған жоқ.

Күні кеше алаңға шығып, халық мүддесін жеткізе білген «желтоқсаншылардың» ерлігін нағыз ұлттық идеяның көрінісі.

Тәуелсіздік таңының атысымен ұлттық идеяның аясы кеңіп, белсенді түрде қолға алына бастады. Дегенмен, түрлі көзқарастардан туындаған пікірлер ұлттық идеяның бірден қоғамдық сипат алуына кедергі жасады.

Жұлдызды сәт Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауын жариялаумен туды. Осы тұрғыда Мәңгілік елді мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Елімізді мәңгілік деп жарялау, біреуге кереметтілігімізді, күштілігімізді дәлелдеу емес, ата-бабамыздан қалған мұраны ұрпаққа жеткізу, ұрпақ үндестігі мен сабақтастығы арқылы мәңгілік болу.

Ендеше, «Мәңгілік ел» идеясы – Қазақ елі үшін заңдылық, себебі, бұл – қазақ халқының мыңдаған жылғы тарихынан, Тәуелсіздік жылдары жүріп өткен жолынан, бүгінгі нақты істер арқылы қол жеткізген жетістіктерінен туындаған ұлттық идея. Бұл идеяның қазіргі Қазақстан қоғамының бірлігін одан әрі нығайтатын ұлы күш екені даусыз мәселе.

Сарсембаев М.А.

ПРАВОВАЯ ОСНОВА БАЗ ДАННЫХ В КАЗАХСТАНЕ, ЕАЭС И ЕС ПО АНАЛИЗУ ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ

В своем Указе от 28 марта 2016 года «О праздновании 25-летия Независимости Республики Казахстан» Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев среди концептуальных тем особо отметил вопросы экономики страны, в том числе энергетики, являющейся движущей силой экономики республики, входящей в экономическое пространство ЕАЭС. Мы предлагаем вопросы информационных баз данных Казахстана, ЕАЭС, ЕС увязать с анализом энергетических проблем.

Термин база данных (в английском языке - database) появился в начале 60-х годов прошедшего XX века. Под понятием «база данных» следует понимать совокупность материалов, систематизированных так, чтобы в случае необходимости их можно было бы легко найти и обработать посредством электронно-вычислительной машины, компьютера. Что следует понимать под «материалами»? В это понятие входят любые официальные, аналитические бумаги: документы различной важности и степени конфиденциальности, научные, научные прикладные статьи определенной направленности, ведомственные, министерские, департаментские, индивидуальные отчеты, которые по времени можно подразделять на разовые, месячные, квартальные, годовые, периодические и любые другие документы. Нам хотелось бы отметить, что различные базы данных создают для того, чтобы систематизировать и хранить большое количество документов определенной направленности и иметь при необходимости быстрое нахождение и доступ к любому из собранных документов.

Прежде чем углубиться в содержание предложенной темы научной статьи, хотелось бы юридически определиться с понятиями «банк данных» и «база данных». Несколько удивительно то, что в казахстанском законе об информатизации от 24 января 2015 года нет ни упоминаний, ни определений этих понятий. В статье 13 российского федерального закона от 14 июля 2006 года «Об информации, информационных технологиях и о защите информации» есть лишь 1-2 упоминания об этих терминах. В частности, в этой статье говорится о том, что «оператором информационной системы является собственник используемых для обработки содержащейся в базах данных информации технических средств, который правомерно пользуется такими базами данных, или лицо, с которым этот собственник заключил договор об эксплуатации информационной системы». Далее в ней же закреплены «права обладателя информации, содержащейся в базах данных информационной системы, подлежат охране

независимо от авторских и иных прав на такие базы данных».

Достоинство закона Республики Беларусь от 10 ноября 2008 года «Об информации, информатизации и защите информации» в русле рассматриваемой темы состоит в том, что он в статье 1 содержит определения понятий «база данных» и «банк данных». В этой статье закреплено: «В настоящем Законе применяются следующие основные термины и их определения: база данных – совокупность структурированной и взаимосвязанной информации, организованной по определенным правилам на материальных носителях; банк данных – организационно-техническая система, включающая одну или несколько баз данных и систему управления ими; информационная система – совокупность банков данных, информационных технологий и комплекса (комплексов) программно-технических средств».

Закон Кыргызской Республики от 24 января 2002 года «Об информатизации» статьей 2 также привел определение понятию «информационная инфраструктура», которое увязано с «базами и банками данных»: «информационная инфраструктура (инфраструктура информатизации) – совокупность информационных центров, баз и банков данных, систем связи и передачи данных, других структур, которые обеспечивают функционирование информационной сети государства». В этой же статье кыргызский законодатель обозначил, что база данных – это «интегрированная совокупность данных, предназначенная для многофункционального использования и модификации», а банк данных – как «совокупность программных, информационных и технических средств, предназначенных для централизованного сбора, хранения и коллективного использования данных об определенной предметной области человеческой деятельности, а также сами данные, которые хранятся в виде файлов или не связанных между собой баз данных».

Как видим, белорусский и кыргызский законодатели позаботились о том, чтобы подать свое понимание этих двух анализируемых понятий. Это, на мой взгляд, правильный подход. При этом было бы целесообразно объединить по возможности определения понятий «банк данных» и «база данных», которые дают законодатели Беларуси и Кыргызстана. На этой основе понятие «база данных» выглядело бы так: «это – совокупность структурированной и взаимосвязанной информации, организованной по определенным правилам на материальных носителях, предназначенная для многофункционального использования и модификации». Определение понятия «банка данных» можно сформулировать так: «это – организационно-техническая система, совокупность программных, информационных и технических средств в виде одной или несколько баз данных и системы управления ими, предназначенных для централизованного сбора, хранения и коллективного использования данных об определенной предметной области человеческой деятельности», в нашем случае, энергетической деятельности. Думается, законодатели всех 5 стран Евразийского экономического союза могли бы присмотреться к приведенным выше определениям в целях их возможного размещения в соответствующих статьях своего законодательства об информации и информатизации. Это попутно решило бы проблему унификации и гармонизации законодательных норм в рамках всей евразийской интеграции. При согласии всех стран-членов с таким подходом органы ЕАЭС, в том числе энергетические, могли бы руководствоваться единообразными подходами на всем экономическом пространстве союза.

Более того, было бы желательно, чтобы в информационном законе каждого государства-участника интеграции эти понятия не только не упоминались, но и были бы приведены в тексте, скажем, энергетического закона в виде отдельного, самостоятельного раздела, посвященного особенностям создания и функционирования, деталям понятий «база данных» и «банк данных». Есть своеобразный свод правил, на основе которых происходит функционирование базы данных. Первое правило гласит, что вся информация в базе данных должна быть представлена только на логическом уровне. Второе правило состоит в необходимости обеспечения гарантированного доступа к собранной и собираемой информации. В базе данных должен быть свой, особый язык, с помощью которого можно производить обработку данных, определять эти данные: это можно считать третьим правилом. Информация в базе данных постоянно должна обновляться, дополняться, удаляться. Эта принципиальная установка может быть названа четвертым правилом. Пятое правило информации в базе данных заключается в обеспечении независимости физических данных, независимости логических данных, независимости распространения. Вот эти правила могли бы получить официальное оформление в первых строках раздела о базе данных и банке данных соответствующего закона.

На основании изложенного выше, было бы целесообразно в законе Республики Армения от 21 марта 2001 года «Об энергетике», в законе Республики Беларусь об электроэнергетике, который будет скоро принят, законе Республики Казахстан от 9 июля 2004 года «Об электроэнергетике»,

законе Кыргызской Республики от 28 января 1997 года «Об электроэнергетике», законе Российской Федерации от 26 марта 2003 года «Об электроэнергетике» предусмотреть самостоятельный раздел об информационно-аналитических системах в каждой разновидности электроэнергетики, недропользования, в котором были бы собраны не только имеющиеся в текстах этих законов вопросы, имеющие отношение к информации, но и сформулированы нормы об особенностях информационных и аналитических систем, включая особенности сбора и использования информации посредством баз и банков данных в энергетической сфере.

Есть немалое число разновидностей баз данных, которые отличаются друг от друга по разным критериям. Если классифицировать по модели данных, то базы данных можно разделить на следующие классы: реляционная, объектно-реляционная, сетевая, функциональная базы данных. Реляционная база данных отличается от других баз данных тем, что имеет табличную организацию, в которой строку называют записью, столбец называют полем. Базы данных можно подразделить на фактографическую и документальную. Фактографическая база данных содержит в себе краткие сведения об объектах, которые обычно представляются в заданном и строго определенном формате. В документальной базе данных концентрируется огромная информация, которую можно обозначить как текстовую, графическую, звуковую.

Казахстану и другим государствам-членам ЕАЭС было бы полезно при разработке своих баз данных воспользоваться базами данных Евростата (Европейского агентства по статистике) по энергетике. Сотрудники Евростата обрабатывают данные по электричеству, полученному теплу, сырой нефти, нефтепродуктам, газу, топливу в виде твердых полезных ископаемых, ценам на электроэнергию, энергоёмкости, производству энергии, потреблению энергии, экспорту и импорту электричества.

Говоря о базе данных, нельзя не сказать несколько слов об информационной системе, которая представляет собой совокупность базы (баз) данных и все аппаратно-программных средств, предназначенных для хранения, изменения, дополнения и поиска информации в целях взаимодействия с пользователем. Иными словами, понятие базы данных представляют собой подчиненное по отношению к понятию информационной системы. База данных являет собой организованную совокупность данных, которая предназначена для постоянного хранения во внешней памяти компьютера в целях его применения по мере необходимости. Исходя из требований статьи 38 закона Республики Казахстан «Об информатизации» от 24 ноября 2015 года, Министерство энергетики страны должно «в целях автоматизации государственных функций и оказания вытекающих из них государственных услуг» создавать и развивать информационные системы, с помощью которых оно реально и более оперативно осуществляло бы возложенные на него функции. Проблема создания баз данных, в целом информационных, информационно-аналитических систем в рамках министерства энергетики Республики Казахстан занимают следующие подразделения: департамент информационных технологий и государственных услуг, примыкающие к нему АО «Информационно-аналитический центр нефти и газа» и РГП «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды».

Для решения проблем баз данных в министерстве энергетики Республики Казахстан был издан приказ от 25 января 2016 года об утверждении Перечня открытых данных по объему добычи нефти, по объему добычи газа, по местному содержанию в товарах, работах, услугах нефтегазовых компаний Республики Казахстан, по местному содержанию в кадрах разного уровня и квалификации нефтегазовых компаний республики, которые должны подаваться ежеквартально. Соединив базы данных между собой министерство энергетики Республики Казахстан создала интегрированную информационную систему «Единая государственная система управления недропользованием Республики Казахстан». Было бы целесообразно и в Казахстане, и в других государствах-членах ЕАЭС создавать информационно-аналитические системы по энергоэффективности и энергосбережению, по предупреждению техногенных аварий на энергетических объектах, по ликвидации последствий техногенных аварий на энергетических объектах, по наилучшим энергетическим технологиям, иных систем, в которых базы (банки) данных играли бы фундаментальную роль, а также роль разрешения разнообразных энергетических проблем при возникновении тех или иных ситуаций неполадок, взрыва, пожара, утечки, несанкционированного забора нефти, газа, нефтепродуктов.

Министерства энергетики стран-членов ЕАЭС могли бы создавать базы данных и конструировать на их основе информационно-аналитические, ситуационно-аналитические системы в соответствии с требованиями стандарта «Информационные технологии» ISO (International Standards Organization – Международной организации по стандартам). В процессе создания баз данных эти министерства

могли бы руководствоваться такими свойствами информации, как: доступность, конфиденциальность, целостность. Они должны создавать базы данных поэтапно: первоначальным этапом мог бы стать этап внедрения и эксплуатации, затем поочередно наступали бы этап мониторинга, этап сопровождения, этап совершенствования, этап анализа. Эта работа должна осуществляться на основе принципов законности, непрерывности, экономической обоснованности, взаимодействия, координации, комплексности.

При создании баз данных в энергетической сфере надо учитывать виды показателей, не просто собирать показатели, но и подвергать их анализу и прогнозированию. Методы анализа в этом процессе должны классифицироваться. Желательно вникать в содержание методов анализа в энергетической области. В числе показателей баз данных находятся разнообразные ресурсы, логистика, инвестиции, инновации, финансовые и другие показатели. И каждый из них подвергается текущему, а также стратегическому анализу. Организация хранения данных не должна быть хаотичной, надо уметь ее организовывать, для чего требуется концептуальный подход.

База или банк данных как ядро информационно-аналитической системы, ситуационно-аналитической системы представляет собой хранилище данных, в котором концентрируются сведения определенной направленности. Мы здесь будем анализировать хранилище данных или базы данных, являющихся ядром сведений, с помощью которых можно было бы ситуационно анализировать и решать энергетические проблемы. Эти базы или банки данных должны периодически обновляться на основе единого подхода к именованию и хранению данных, разрабатываться для поддержки управленческих нужд. Хранилище данных представляет собой такую среду накопления данных, которые оптимизированы для выполнения сложных аналитических запросов, которые задаются управленческим персоналом. Причем нужно отметить, что у хранилища данных есть способность автоматически концентрировать соответствующие, достаточно однородные операционные данные, которые согласовываются друг с другом, объединяются в определенный предметный формат, которые становятся ценным материалом для работников соответствующего подразделения министерства энергетики. База данных в электронном формате министерства энергетики Республики Казахстан должна входить не столько в информационную, а в информационную аналитическую систему, которая представляет собой компьютерную систему, позволяющую получать информацию, классифицировать ее, обрабатывать и подвергать анализу. Информационно-аналитическая система обеспечивает для министерства энергетики и его потребителей единое информационное пространство и гарантирует, чтобы извлекаемая из ее баз данных информация была бы доступна всем на всех уровнях управления и заинтересованности лиц. Приведенные положения можно облечь в правовые нормы статей соответствующих законов стран-членов ЕАЭС.

Ситуационно-аналитическая информация также должна аккумулироваться в специализированных базах (банках) данных, которые в совокупности могут создать отдельную ситуационно-аналитическую систему, либо стать частью общей информационно-аналитической системы по энергетическим вопросам и проблемам. Ситуационный анализ можно определить как системную деятельность, которая связана с исследованием как внутренней, так и внешней среды самых разных организаций, учреждений, структур: результаты ситуационного анализа обычно фиксируются в документах, например, стратегического планирования, бизнес-планах, планах маркетинговых коммуникаций. Процесс ситуационного анализа состоит из трех стадий. Первая стадия проявляется в виде подготовки соответствующего сценария ситуации, которая должна быть подвергнута анализу, имея в виду ее внутреннюю структуру и внешние связи. Вторая стадия получает свое выражение в виде значительного объема разнообразных, разноплановых экспертных оценок. На третьей стадии разрабатывается заключительный документ, в котором критически обобщаются все оценки, собранные на второй стадии. Ситуационный анализ обычно проводит группа экспертов примерной численностью в 15–20 человек, которая проводит его в форме «круглых столов» и «мозговых штурмов». Такая группа может состоять из представителей разных подразделений министерства энергетики, в зависимости от ситуаций, в него могут входить представители других министерств и ведомств.

Каким должен быть сбор информации для проведения ситуационного анализа по энергетическим проблемам? В первую очередь нужно составить перечень необходимой специальной литературы не по общим вопросам энергетики, а по энергетическим проблемам. И эта литература должна быть скрупулезно изучена. В связи с возникшими вопросами в процессе изучения литературы и практике работы на энергетических предприятиях, в аппарате министерства энергетики логически возникает потребность в консультациях с экспертами, промышленными специалистами, профессорами университетов энергетики, независимыми консультантами. Министерство энергетики может

получать дополнительные консультации, профессиональные ответы в процессе делового общения с отраслевыми ассоциациями и союзами по энергетике. Государственные должностные лица в рамках своей специализации могут дать соответствующие консультации по одним проблемам энергетики, получать консультации по другим проблемам энергетики. Немало специализированной информации по проблемам энергетики можно найти в сети интернет на веб-сайтах.

Ситуационно-аналитические центры сталкиваются с чрезвычайными ситуациями в электроэнергетике гораздо чаще других учреждений, поэтому могут давать более профессиональные рекомендации для решения тех проблем, которые могут казаться тупиковыми, не поддающимися логическому решению. Эти же центры могут направлять своих опытных в теоретическом и практическом отношении специалистов для оказания реальной и эффективной помощи на месте. Не меньшую помощь могут оказать коллеги с других электростанций, которые сталкивались с похожими ситуациями и смогли профессионально грамотно, оперативно ликвидировать их последствия. И вот здесь мы вплотную можем ознакомиться, изучить организационно-правовую документацию, имеющую отношение к ситуационно-аналитическим центрам в Беларуси и России.

Постановлением Совета Министров Республики Беларусь от 21 июня 2016 утверждена Концепция создания системы ситуационных кризисных центров в Республике Беларусь, в которой записано, что в данном документе «определяются цель, задачи, принципы и основные мероприятия по созданию системы ситуационных кризисных центров в Республике Беларусь». Основной целью такого Центра является создание сети «взаимодействующих ситуационных кризисных центров», которые обеспечивали бы «принятие эффективных, надежных и своевременных мер, направленных на предупреждение и ликвидацию последствий ядерных или радиационных аварий на всех этапах функционирования Белорусской АЭС». Казахстан, Армения, Кыргызстан как государства-члены Евразийского экономического союза, могли бы присмотреться к российскому и белорусскому опыту решения острых кризисных ситуаций в атомно-энергетической сфере. Надо обратить внимание на то, что Беларусь озаботилась безопасностью вокруг атомной электростанции, строительство которой еще не завершено. Армения, располагающая действующей атомной электростанцией, Казахстан, планирующий построить 2 атомные энергостанции, Кыргызстан как потенциальный строитель атомной электростанции или других ядерных объектов в будущем, могли бы уже сегодня изучить юридический, организационный опыт обеспечения безопасности в ядерно-энергетической области в целях его заимствования.

Чтобы решать задачи прогнозирования, профилактики и мониторинга аварийных ситуаций в сфере электроэнергетики, а также обеспечивать оперативное взаимодействие между региональными штабами по обеспечению безопасности электроснабжения, функционирующими на территории субъектов Российской Федерации Министерством энергетики Российской Федерации, в АО «СО ЕЭС» создан ситуационно-аналитический центр. Данный центр был создан благодаря Постановлению Правительства Российской Федерации от 16 февраля 2008 года. Для Казахстана и других государств-членов ЕАЭС большой интерес представляют выполняемые в круглосуточном режиме функции рассматриваемого российского ситуационно-аналитического центра, к которым можно отнести следующие: осуществление мониторинга технологических нарушений в электроэнергетической сфере; оперативное информирование Министерства энергетики о фактах нарушения электроснабжения и ходе аварийно-восстановительных работ на участках нарушения; составление и представление в Министерство энергетики страны ситуационных материалов о всех фактах нарушения электроснабжения в субъектах Российской Федерации; оперативно-информационное взаимодействие Ситуационно-аналитического центра электроэнергетики министерства энергетики с правительственной комиссией по обеспечению безопасности электроснабжения, а также региональными штабами; организационное и техническое обеспечение готовности средств связи для проведения экстренных заседаний и совещаний федерального штаба с региональными штабами.

Казахстан, Армения, Кыргызстан могли бы обратить внимание на правовые акты России, имеющие отношение к вопросам деятельности ситуационно-аналитического центра. В частности, интересным представляет Устав федерального государственного бюджетного учреждения «Ситуационно-аналитический центр Минэнерго России», который утвержден приказом министерства энергетики Российской Федерации от 31 мая 2012 года. В Уставе подобной организации министерство энергетики Республики Казахстан могло бы записать, что министерство энергетики выступает официальным учредителем такой организации. В российском документе-уставе записано, что целями

Центра является обеспечение принятия «решений руководством Минэнерго России по повышению безопасности и эффективности функционирования объектов топливно-энергетического комплекса». Для достижения этой цели Центр осуществляет следующие виды деятельности: «сбор, обработка, верификация, систематизация, анализ, накопление, хранение и актуализация» всей необходимой информации, прогнозирование угроз возникновения и развития проблемных, чрезвычайных ситуаций, проведение научно-практических исследований проблем развития отраслей энергетики и энергетического потенциала, подготовка аналитических отчетов, заключений и предложений по урегулированию проблемных ситуаций; оказание консультационных услуг государственным органам и иным заинтересованным учреждениям, участие в организации и проведении учебных мероприятий, подготовка необходимых методических и справочных материалов. Такие положения могли бы лечь в основу устава ситуационно-аналитического центра Республики Казахстан и иных государств-членов евразийской интеграции.

При составлении и эксплуатации баз (банков) данных информационных систем министерств энергетики стран-членов ЕАЭС, необходимо обратить внимание на функционирование международных баз данных по энергетическим вопросам. Так, Мировой Энергетический Совет в течение вот уже 100 лет проводит ведущую и активную работу в энергетической отрасли. Он обращает внимание мировой общественности, поощряя ее на совершение активных действий, которые поддерживали бы устойчивое и сбалансированное обеспечение энергией всего мирового сообщества. В этот Совет входят 3 000 государственных и частных организаций из 100 стран планеты. В его уникальной международной базе данных находятся принципиальные показатели эффективности примерно по 40 000 объектам. Оценки коммерческих показателей, обзор мер по повышению эффективности использования энергии, данные по энергоэффективности могли бы стать полезными для министерства энергетики Казахстана и других стран-членов Евразийского экономического союза. Не менее интересными для наших министерств и органов ЕАЭС по энергетическим вопросам могли бы стать обширные базы данных Enerdata, которая представляет собой независимую информационно-консалтинговую компанию, функционирующую с 1991 года, которая специализируется на вопросах мировой электроэнергетики, нефти и газа, угля, рынков возобновляемых источников энергии. Это учреждение создало информационную платформу, с помощью которой можно успешно решать экономические, энергетические и экологические проблемы.

Особую заинтересованность к международному portalу Worldwidescience (дословно: «Наука по всему миру») могли бы проявить министерства энергетики стран-членов Евразийского экономического союза и Европейского союза. Эта информационная система создана на базе данных Британской библиотеки и министерства энергетики США. Суть этого портала состоит в том, что его поисковая машина способна работать не только в режиме традиционного (поверхностного) поиска информационных данных посредством Google, Yahoo!, но и в формате глубинного поиска – deep web, что невозможно в условиях традиционного поиска.

Было бы желательно, чтобы наши страны при содействии органов ЕАЭС разработали и подписали Соглашение об обмене информацией в электронном виде в энерго-экологической сфере. В таком Соглашении можно предусмотреть порядок обмена информацией, организационный и законодательный обмен опытом создания баз и банков данных информационных систем, ситуационно-аналитических систем по разрешению энергетических проблем, обеспечение защиты информации в базах данных и в информационных системах в целом, разработку вопросов информационного, технологического взаимодействия, определение условий доступа к базам данных, к энергетической информации в целом.

Было бы неплохо развить отношения Евразийского экономического союза и Европейского союза на основе всеобъемлющего интеграционного договора между двумя интеграционными союзами. В таком договоре можно было бы учесть большое число сфер взаимодействия, в том числе информационно-аналитические системы с базами данных в энерго-экологической сфере. Оценивая сотрудничество ЕАЭС и ЕС в сфере энергетики, важно отметить, что на долю Евразийского континента в ближней перспективе выпадет больше половины общемирового спроса на электроэнергию. Мы должны ориентировать наши межинтеграционные отношения не на соперничество, а на сотрудничество. От этого будут зависеть ответы на следующие вопросы: будет ли интеграция в энергетической сфере или нас ждет конкуренция за ресурсы и трубопроводы; сможет ли евразийский континент перейти на рельсы чистой энергии или будет продолжать зависеть от традиционно-грязного ископаемого топлива; сможет ли природный газ, оказавшись в центре споров вокруг европейской энергетики, стать мостом сотрудничества. От

ответов на эти вопросы и будет зависеть, в каком направлении и содержании будут концентрироваться базы данных, которые в совокупности составят специализированные информационно-аналитические системы по ситуативным решениям энергетических проблем как в рамках ЕАЭС, так и в рамках отдельно взятых стран-членов нашего интеграционного союза. Как бы не складывались отношения между двумя соседними интеграционными союзами, наши усилия должны исходить из Стратегии создания устойчивого энергетического союза, мы должны находить страны-партнеров, куда можно поставлять природный газ, нефть и другие минеральные продукты. Будем надеяться, что европейско-евразийское энергетическое сотрудничество будет успешно развиваться благодаря международному (европейскому) Договору к Энергетической хартии 1998 года, которая была подписана практически всеми государствами, как членами ЕС, так и членами ЕАЭС. Наши страны и ЕАЭС в целом могли бы присмотреться к опыту Европейского союза и его государств-членов по созданию и эксплуатации баз (банков) данных в информационных системах Европейского союза.

Мы считаем, что нужно проводить глубинные исследования в отношении ситуационного анализа энергетических проблем, вовлекая в орбиту исследования источники теории и практики энерго-экологической сферы не только одной страны, но и других стран, стран различных видов интеграционных объединений, стран других континентов. Такой подход позволит всем нам предупреждать, выявлять и решать энергетические проблемы на должном уровне.

Сәтбай Д.Я

«НЕВАДА-СЕМЕЙ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АНТИЯДРОЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРШЫСЫ

XX – ғасырдың 80 –жылдары екі астам держава АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы жанталаса ядролық қарулану жарысы шырқау шыңына жетті. Енді оны ешнәрсе тоқтата алмайтын еді. Жетілдірілген Американ саяси жүйесі, демократиялық дәстүрлері де енді, елдің Әскери Өнеркәсіп кешенінің (ЭӨК) кез келген талаптарын орындамауға мүршасты қалмады. ЭӨК - мемлекеттің ішіндегі мемлекет. ЭӨК – бұл мыңдаған мекемелер, миллиондаған адамдар американ қоғамының - элитасы. Бюджеттен миллиардтаған қаржыларды алу үшін, олар ядролық қару – жарак өндірісінің дамуына мүдделі болды. Пародоксалдылығы сонда Кеңес одағында жасалынған кезекті сынақ, Американ ЭӨК – сі үшін жағымды хабар болды, өйткені конгресстен миллиардтаған қаржыларды бопсалауға болады. Уәж қарапайым: «кеңестер сынақ жүргізіп жатыр, біз қалыспауымыз керек». Әрбір ядролық сынақтың құны батыс сарапшыларының есебінше 20 – 30 миллион доллар болды[1]. КСРО – да тап осындай психология қалыптасты. АҚШ – ғы әрбір ядролық сынақ Кеңес ЭӨК –і үшін қуаныш. Тағы да миллиондаған қаржыларды алу мүмкіндігі бар. Ешкімнің қарсылығы жоқ, қайта түсінікпен қарайды. «Салқын соғыс» жылдары екі астам державаның ЭӨК -нің арасында өзара түсініктік, өзара тәуелділік орнағаны сондай, ақынның бейнелеп айтқанындай олар «Сиам егіздеріне» ұқсады: ағза және күре тамырлары ортақ. Біреуінің күйі болмаса, екіншісінен маза кетеді. Осылайша, қырағы көзбен, батыстың тосқауылдар жүйесіне де қарамастан екі басты құбыжық «тажал» дүниеге келді. «Тажалдардың» арасында өзара сенімділік орнағаны сондай «ядролық жәшіктермен» алмасып отырды. Адамзаттың социумдық лидері АҚШ қоғамы мен әкімшілігі, Конгрессі ұлы адасушылықта еді. Біржақты қарусыздануды бастап көру, екі елдің үкіметтері мен парламентарийлері үшін де – ұлы ессіздік болып есептелді. Халықаралық жоғарғы ұйым – БҰҰ–да да тастүйін стереотиптер қалыптасты.

1985-жылы КСРО басшылығына М.Горбачевтің келуімен адамзаттың мүмкіндігі пайда болды. Елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесін қайта құру, жариялық пен демократия, халықаралық саясатта ХХІ – ғасырға ядролық қарусыз жету идеялары ұсынылды. М.С.Горбачевтің ішкі –сыртқы саясатына терең қарама –қайшылықтар тән еді. Ішкі өмірді былай қойып, халықаралық саясатта «бәсеңдік», «қарусыздану» басым бағыттар ретінде жарияланғанымен стратегиялық ядролық қаруларды сыннан өткізу жалғастырыла берді. Қаһарлы тажал ЭӨК басшылығының веомостволық эгоизмін, құдыретті МХҚ - нің қарсылығын жеңе алмаған М.Горбачев нақты қадамдарға бара алмай жатты. Халықаралық Бейбітшілік ісінде, қарусыздануға деген ниеті түзу М.С.Горбачевтің мың–сан сөздері ЭӨК –ке емес, қарапайым халыққа, халықаралық қауымдастықтарға ғана айтылып жатқан демагогия болып көрінді. Шынында да, темекі өндіруден байлыққа кенеліп отырған өндіріс салалары мен миллиондаған қызметкерлеріне темекенің денсаулыққа зияндылығы туралы сөздердің тиімділігі

қаншалықты төмен болса, бұл да сондай жағдай еді. Американ ЭӨК мен жұртшылығы мұны осылай қабылдады. Біржақты карусыздануға батыл қадамдар жасау үшін М.Горбачевқа төменнен мықты қолдау қажет болды. Батыс пен Шығыс текетіресінің арасында бір сәттік мүмкіндіктің пайда болғанын, «Салқын соғыстың» сөзсіз аяқталып келе жатқанын алғашқылардың бірі болып сезген және азаматтық батыл қадамдарға барған саясатшылар да әскерилер де, тіпті барлау құрылымдарының құпия мәліметтері де емес, атақты қазақ ақыны, КСРО жоғарғы Кеңесінің депутаты О.Сүлейменов болды. Ақынның бұл сезінуін, 1961 жылы адамның тұңғыш рет ғарышқа шығуына байланысты «Адамға табын жер енді» поэмасын жазған ақынның шабыт сезімімен салыстыруға болар еді. Бұл жолы - азаматтық шабыт болды.

1989-жылдың 12-17 ақпан күндері Семей сынақ полигонында жоспарланған екі ядролық жарылыстар жасалынды. Демократиялық өзгерістер жағдайына қарамастан билік кеңестік дәстүр бойынша мұны халықтан жасырды. Жарылыс туралы депутат О.Сүлейменов кездейсоқ естиді. 17-і ақпан күні О.Сүлейменов қалааралық телефоннан өзін сайлаушыңыз деп таныстырған белгісіз біреу телефон соғып болған істің мән жәйін хабарлайды. Кейіннен белгілі болғанындай ол әйелі мен отбасының өмірінен қауіптенген полигонның әскери ұшқышы болып шығады. Торыққан ұшқыш құпия ақпаратты депутатына астыртын жіберуден басқа амал таппаған. О.Сүлейменовтің бастамасымен және депутат жазушылар Д.Снегин, Қ. Мырзалиев, С. Мұратбековтің қол қоюымен жіберілген түсінік беруді талап еткен депутаттың сауалнамасына СОКП орталық комитеті, КСРО жоғарғы кеңесінен, министрлер кабинетінің бірде бірінен мардымды жауап алынбайды. Г.Колбиндік Қазақстан басшылығына жүгінудің пайдасы да жоқ еді. «Біздің орталық комитетке мен барғаным жоқ: басшылықпен қатынасымыз да мәз емес еді: шынтуайтқа салғанда олар көмектесе де алмайтын.

О.Сүлейменов басқа депутаттыққа үміткерлердей салған жерден өз бағдарламасын баяндай жөнелген жоқ. Б.Тілегенов айтқандай мүлде тосын іске көшті [2]. Экран арқылы көрермендерді 28 – ақпан күні сағат 10⁰⁰- ға Жазушылар Одағы үйінің алдына ядролық сынақтар жүргізуге қарсы ашық наразылық митингісіне шақырды. Ақын 12-17 ақпан күндері Семей полигонында екі ядролық сынақтың жасалғанын, оны полигон басшыларының халықтан жасырғанын айта келіп «Батыс пен Шығыстың текетіресі аяқталды. Ядролық семсерді дайындауды біз кімге қарсы жалғастырып жатырмыз?» [3] - деп көрермен сайлаушыларға сауал тастады. Ақынның шақыруымен 1989 жылдың 28- ақпанын да Қазақстан жазушылар Одағы үйінің алдына мыңдаған адамдар жиналып О.Сүлейменов сөз сөйледі.

Ақын жиналғандарға, шығармашылық бірлестіктерге, елдің діни ұйымдарына, әлемді қорғау комитетіне, халықаралық «Гринпис» ұйымына, халықаралық «Адамзаттың тіршілігі» қорына, АҚШ – тың «Невада» штаты тұрғындарына, сынаққа тиым салу қозғалысының жақтастарына Қазақстандағы ядролық сынауды тоқтатуды талап еткен үндеуін жариялады. Митингінің барысында бүкіл әлемде ядролық сынақты тоқтату, бағдарламасы бар қозғалысты «Невада - Семей» деп атау идеясы туды. Осылайша, тіпті астам держава басшылары мен парламенттері жүрексінетін қос әскери өнеркәсіп кешеніне, адамзаттың ақыл–ой уысынан шығып менменсіген тәкәппар «СИАМ егіздеріне» қарсы қарапайым сайлаушылардың халықаралық «Невада - Семей» антиядролық қозғалысы дүниеге келді. Қозғалыс 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейінгі мұңлы қазақ халқының шерін ақтарып жұбануында орасан зор роль атқарды. Тек, мойынсұнуға, бағынуға үйренген халық көшелер мен алаңға өз еркімен шықты. Бір аптаның ішінде қозғалысты қолдаған 2 млн –ға жауық адамның қолы жиналды[4]. Қозғалыс лидері О.Сүлейменовтің үнін бүкіл әлем сол күні естіді. Бірақ республикалық басылымдар кешігіп барып үн қосты.

Ақынының жеке басына қатысты осыншалықты қолдаулардан кейін және жариялылық пен демократияның тереңдей түсуімен Г.В Колбин басқарған республика билеуші топтары мен МХК және басқа күштеу құрылымдары О.Сүлейменовке қарсы қара дүрсін әрекеттерге бара алмады[5]. Парадоксалдылығы сонда «Невада-Семей» қозғалысы сілкініс тудырып, объективті түрде М.С.Горбачевқа құдыретті күшті әскери өнеркәсіп кешені Жоғарғы Генералитетінің қарсылығын тойтаруға көмектесті. М.С.Горбачевта өз кезегінде қалыс қалған жоқ. О.Сүлейменов 1989-жылдың сәуір айында М.С.Горбачевтің Ұлыбританияға баратын делегациясының баспа сөз тобының құрамына кіргізілді. Бұл Лондонда және т.б. қалаларда ағылшын сайлаушыларымен тікелей жүздесуге мүмкіндік берді [6]. «Невада - Семей» қозғалысының ерекшелігі ол алғашқы күндерден бастап–ақ, түйық құрылым емес, ашық, қоғамдық, халықтық қозғалыс ретінде көрінеді. Қозғалыстың жоспары мен бағдарламасы өте қарапайым болды: үкіметтер мен парламенттерге төменнен сайлаушылар арқылы қысым көрсету, сөйтіп, халықтық, парламенттік және мемлекеттік дипломатияның күштерін «СИАМ Егіздері» - ЭӨК

– ке қарсы жұмылдыру еді. Бірінші күннен бастап қозғалыс лидері мыңдаған жылдардан бері келе жатқан көне римдік және батыстық «егер бейбітшілікті қаласаң – соғысқа дайындал» постулатының әбден ескіргенін айтумен болды. Ақынның ойынша, адамзаттың ендігі ұраны: «бейбітшілікті қаласаң – бейбітшілікке дайындал» болуы тиіс. Осыған сәйкес қозғалыс 1989 жылы «5-5» бағдарламасын қабылдап, алдына жақын арада әлемдегі бес полигонды жабу міндетін қойды.

1989 – жылдың 19 – қазанында Семей полигонында ең соңғы жарылыс жасалынды. Алайда жоспарланған 18 жарылыстың 11-н болдырмаудың сәті түсті. 1989-жылдың 20-қарашасында О.Сүлейменов бастаған қазақстан депутаттары корпусының ұсынысымен КСРО Жоғарғы Кеңесі бірауыздан «Семей полигонын жабу туралы» қаулы қабылдады. Бұл халықтық дипломатияның ірі жеңісі еді.

Әлем сайлаушыларының көңіл күйіндегі өзгерістер нәтиже бермей қойған жоқ. Әлем үкіметтері мен парламенттеріне сайлаушылардың қысымы жүйелі сипат алды. Сайлаушылардың қысымымен 1990 жылы АҚШ Конгресі ядролық қаруландыру өнеркәсібі 8 бағытының 6-ын қаржыландыруды тоқтатты, бірақ кеңестік ЭӨК-ні нақты қадамдарға барғысы келмеді. Мұндай жағдайда Нью-Йорктегі 1991- жылдың қаңтарында белгіленген БҰҰ-ның конференциясында ядролық сынақтарды толығымен жою туралы келіссөз құжаттарына американдықтар қол қоймай қоюы мүмкін еді. Сондықтан 1990 жылдың қараша айында құрамында О.Сүлейменов академик Е.П.Велихов бар КСРО жоғарғы кеңесінің бір топ мүшелерінің АҚШ-қа турнесі ұйымдастырылды. Сапар алдында О.Сүлейменов 26 қараша күні М. Горбачевтың қабылдауында болса, 27 қараша күні Лонданда Ұлыбританияның сыртқы істер министрі Д. Хогтың қабылдауында болды. 28 – қарашада АҚШ –та делегацияның турнесі басталып, О.Сүлейменов - АҚШ перзидентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Б.Скоукрофтың қабылдауында болды. Осы кездесулердің барысында американдық, британ және кеңес парламентарийлері сынақты болдырмау және таратпау ісінің өзара байланысты екендіктеріне көздері жетіп, өздерінің парламенттерінде үкіметтеріне қарсы қысымдарын күшейтетін болып келісті. Бұл делегация жұмысының басты нәтижесі, бұрынғы жылдары мүмкін болмаған парламентаралық халықаралық белсенділіктің күшеюі болды.

1990 жылдың 29 қарашасынан бастап, О.Сүлейменовтің АҚШ-тың Батыс және Шығыс штаттарына енді халық дипломаты ретінде спикер туры басталды. Екі аптаға созылған спикер турнеде ақын күніне 3-4 рет жиналған аудиториялар алдында сөз сөйледі, баспасөз конференциясын өткізді Әсіресе, О.Сүлейменовтің Сан Францискоға жақын орналасқан Левермор атом лабораториясының ғалымдарымен кездесуі айрықша маңызды болды [7].

Отанында кеңестік стереотиптермен күрессе, бұл жолы ақын Американдық ЭӨК де қалыптасқан мықты стереотиптермен күресуіне тура келді. Американдық ЭӨК –нің нағыз ордасы болып табылатын атом лабораториясы қызметкерлерімен кездесуде ақын шын мәнісінде «салқын соғыстың» жалғасып жатқанын, оған ядролық лабораториялардың жұмыс істеп жатқаны дәлел екендігін баса айтты. Сондай –ақ, «Невада - Семей» қозғалысының жаппай қарусыздану стратегиясын түсіндіріп берді. Сөздің түйіні: өз еліндегі әскери өнеркәсіп кешенімен күресе отырып, халықтық дипломатия мен парламентарийлер объективті түрде, бірауақытта АҚШ ЭӨК – не және кеңес ЭӨК –не мықты нұқсан келтіре алады. О.Сүлейменовке американдық аудиториялары сеніммен кейде сенімсіздікпен қарады, өйткені американдық ЭӨК – не, КСРО сайлаушыларының көңіл күйіндегі өзгерістер тиімсіз еді және нақ осы кезде КСРО қорғаныс кеңесі Семей полигонында сынақтардың 1993-жылға дейін созылатынын хабарлады. Алайда, бұл күндері КСРО ЭӨК-і өзінің халқына, сайлаушыларына, М.С. Горбачевқа қарсы жанталаса қысым көрсете бастады. 1991 жылдың басынан бастап КСРО ЭӨК-ні басшысы Г.Баклановтың, күштеу құрылымдарының басшылары В.Крючковтың, Д. Язовтың атом энергиясы мен өнеркәсібі министрі В.Коноваловтың М.С.Горбачевқа қысым көрсетуі барынша нақты сипат ала бастады. Олар Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаевқа хат жолдап, кезекті ядролық сынақтарға жүргізуге рұхсат сұраумен болды. 1991-жылдың мамыр айында Қазақстанға сапарында М.С.Горбачев Семей полигонына қатысты сұрақтарға сенімсіз жауап берді. М.С.Горбачев әдеттегідей толқумен болды, ол бір жағынан сайлаушылардың, екінші жағынан ЭӨК - нің қатты қысымына душар болды. Оның жауаптары сайлаушыларды да ЭӨК-і өкілдерін де қанағаттандырмады. Соған қарамастан екі астам держава сайлаушыларының көңіл-күйінде болып жатқан өзгерістер өз нәтижелерін беріп жатты. АҚШ –та 1989 жылы ядролық салаға 330 миллиард қаржы бөлінсе, 1990 жылы – 220 миллиардқа кеміді, ал 1991 жылы – 100 миллиардқа азайтылды. Атом өндірістері тоқтай бастап, саладағы қызметкерлер штатының саны үш есе азайды. Бұл үлкен жетістік еді.

АҚШ – тағы атом көру жарағы өндірісінің тоқтай бастауы, отандық және халықаралық

сайлаушылардың белсенділігі «СИАМ Егіздерінің» екінші сыңары КСРО әскери өнеркәсіп кешенінің жағдайын күрт нашарлатып жіберді. Көзі қарауытқан кеңес ЭӨК басшылары, ендігі жағдайда адамдық бейнесінен біржолата айырылып 1991-жылдың 17–18–тамызында мемлекеттік «бүлік» ұйымдастыруға дейін барды. Айта кететін жағдай тамыз бүлігіне ЭӨК мен күштеу құрылымдары басшыларының барлығы қатысты және барлығы да тұтқындалды. Осылайша «СИАМ Егіздерінің» бірі ажал күшқаннан кейін екіншісінің өлімі уақыттың еншісіне қалдырылды. Бұдан кейін оқиғалар тез өрби түсті. 1991 жылдың 29-тамызында Қазақстан президентінің жарлығымен Семей сынақ полигоны жабылды. «Н.Назарбаев сол кезде күйреп бара жатқан КСРО мен әлемде қалыптасқан жағдайды өте шебер және дәл түшінді [8]. Сөйтіп нақ тамыздың 29 күні қол қойды. Осылайша, дүлей күш құрықталды. Осы жарлықтан кейін Қазақстан планетарлық саясатың белсенді субъектісі ретінде белгілі болды» - дейді О.Сүлейменов. Қазан айында Алматыда «Невада - Семей» қозғалысы «5-1» тақырыбында конференция өткізіп, онда О.Сүлейменов әлемдегі 5 полигонның біреуінің жабылғанын, қалғандарын жабуға нақты бір сәттік мүмкіндіктің пайда болғанын, сондықтан әлем сайлаушыларын белсенділікті төмендетпеуге шақырды. Бірнеше күннен кейін Ресей президенті Б.Н.Ельцин Жаңа Жер аралындағы полигонға мараторий жариялады. Бұдан кейін Франция Тынық Мұхиттағы Моруроа атоллесіндегі полигонын жапты. 1992 жылдың 2 –қазанында АҚШ Сенаты мен президенті «Невада» штатындағы полигонды жабу туралы шешімге қол қойды. Ақырғы соңында, 1996 жылы Лобнор шөліндегі Қытай полигоны жабылды. Сөйтіп, 1989 жылы ақпан айында Қазақстан жерінде басталған антиядролық марафон өз міндетін атқарып шықты. Антиядролық қозғалыстың еңбегі халықаралық деңгейде мойындалып, қозғалыс аты «Невада –Семей 1995-жылы БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО – ның «Адамзат жады» регистріне (тізіміне) жазылды.

«Невада-Семей» антиядролық қозғалысының маңызы сонда, 80 жылдардың соңында қалыптасқан қоғамдық мемлекеттік кеңес жүйесі терең дағдырысқа ұшырап жатты. Халық пен қоғам жікке бөлініп жатқан жағдайда, қозғалыс - адамдарды, халықтарды біріктіруші, тілі мен нәсіліне, дініне, ұлтына қарамастан жақындастырушы идея болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сулейменов О. Казахстан, если можешь, прости! // Свобода слова. -2009, февраль – 26.
2. Тілегенов Б. Тұйық өмірдің құпиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 279 б.
3. Сулейменов О. Открытое приглашение всем участникам движения «Невада - Семипалатинск», 1999, февраль-20.
4. Сулейменов О. Выступление на первом съезде народных депутатов Верховного Совета СССР // Правда. – 1989, июнь – 10.; // Литературная газета. – 1989. июнь– 14., // Казахстанская правда. – 1989, июнь – 4., // Ленинская смена. – 1989, июнь – 3.
5. Письмо О Сулейменова секретарю ЦК КПСС А. Яковлеву // ҚРОММ. 2225 қор. 1-тізбе 415-іс.
6. Сулейменов О. XXI век: Человек, поклонись земле.// Казахстанская правда. – 1999, апрель – 3.
7. Сулейменов О. На смену «холодной войне» приходит глобальное потепление. // Казахстанская правда. – 2005, март – 29.
8. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Астана: Елорда, 2001. – 294 с.

Смағұлов Н.Б.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ» – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Ежелгі қазақ жерінде тәуелсіз мемлекетіміздің қайта жаңғырып, өркендей бастағанына жиырма бес жыл болды. Тарих үшін мұндай уақыт үзігі қас қағым сәт дерлік-аз ғана мерзім, алайда осынау қысқа уақыт ішінде еліміздің тарихында бұрынды-соңды болмаған жаңа саяси және әлеуметтік өзгерістерді бұл мезгілдің шағын аясына сыйғызу мүмкін емес. Осы жылдар ішінде Қазақ Елі тұғыры берік, қуатты мемлекет болып қалыптасып, халқымыз тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене күлшыныспен кірісті.

Тәуелсіздік пен бірге рухани ортаға тәуелсіздік идеясы мен ұлттық идеология мәселесі де келді. Қазақ тарихын жақсы білетін зиялы қауым сонау көне түркілерден бастау алып, тарихи сабақтастық арқылы дәуірлер мен кезеңдерден өтіп, бүгінгі күнге дейін үзілмей келіп жеткен – ұлттық идеяның қайта жаңғырып Тәуелсіз Қазақ Елінің рухани және саяси дінгегі болатынын білді. Ол Ұлттық идея

алдымен халықтың ішкі бірлігі, енді ешкімге тәуелді болмай дербес елдік пен мемлекеттілікті сақтау идеясы болып табылады.

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр [1, 3]. Қазақстан тәуелсіздік алғанан бері ұлттық идея немесе ұлттық идеология жөнінде ғалымдар мен қоғамның белсенді азаматтары тарапынан ой-пікірлер мен біршама ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Дегенмен, түрлі көзқарастардан туындаған пікірлер ұлттық идеяның бірден қоғамдық сипат алуына кедергі жасады.

Әрбір тарихи даму кезеңінде өзіндік идеясы болмайтын ұлт жоқ және ешбір идея тиімділігі жағынан ұлттық идеямен теңдесе алмайды. Қазақ Елінің халқы үшін ұлы мұрат болған - Ұлттық идеяның жұлдызды шағы 2012 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында туды. Елбасы онда: «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан 2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз», - деген еді [2, 2].

Жалпы қазақ қоғамы үшін оның ішінде тарихшылар мен зиялы қауым үшін «Мәңгі Ел», «Мәңгілік Ел», «Түркі елі», «Қазақ Елі» деген сөз тіркестері таныс дүниелер еді. Себебі қазақ тарихы ғылымын зерттеп жүрген ғалымдарымыз өздерінің ғылыми-зерттеу еңбектерінде бұл сөздерді қолданып жүрген болатын. «Мәңгілік ел» идеясы қазақ халқының ата-бабаларынан, яғни көне түрікілік заманан тарихи сабақтастық арқылы жалғасып, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан Республикасына дейін жеткен ұлы мұратымыз және Ұлттық идеямыздың еді.

Белгілі түркітанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Сыздықовтың «Мәңгілік Ел идеясы» деп аталатын іргелі ғылыми еңбегінде бұл мәселе жөнінде былай пікір білдірген: «Әдетте, «идея (грек тілінде – түсінік, елес, бейне) – теориялық жүйенің, логикалық құрылымының, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин. XVIII ғасырдағы немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі – Канттың тілімен айтсақ. «Адам білімінің қайсібірі болмасын, түйсіктен басталып, түсіністікке ұласып, идеямен аяқталады» [1; 4]. Автор бұл жерде осы бір қарапайым сөз тіркестерімен «идея» түсінігінің мәні мен қалыптасу жолдарына қысқаша түрде анық және нақты түрде түсінік берген.

Ұлттық Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, профессор Х.М. Әбжановтың Қазақстан: тарих, тіл, ұлт атты еңбегінде ұлттық идея мәселесіне арнай тоқталып, идея ұғымы туралы былай деп анықтама берген: «Идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Мәселен, бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына жүреді» [3; 32] Бұл жерде автор ұлттық идея мәселесінің мәні ұлттың тілегі, ниеті, мұраты, арман-мақсаты, рухани және материалдық байлығы дейді.

Тарихта мемлекет пен қоғам көшбасшылары елді табысты басқара білуі нәтижесінде мемлекеттің ішкі және саяси жағдайы тұрақты болып, рухани және материалдық жетістіктерге жеткен халықтың интеллектуалдық күш-қуаты мен ұлттық ресурсын біріктіріп, ортақ мақсатқа бастайтын жалпыұлттық идеялар тауып отырған. Қазақ Елі үшін осындай ұлттық идеяны 2014 жылы 17 қаңтарда Ұлт лидері, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауының» жариялады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бұл Жолдауда қазақ ұлтын биік мақсаттар мен армандарға жетелейтін идеялық бағытын, мемлекет пен ұлттың темірқазығы – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы болатынын бізге былай деп жеткізді: «Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі - Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды

етуге арналады. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел. Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым!», - деп еліміздің тарихында жаңа рухани-мәдени және қоғамдық – саяси жаңғыру кезеңінің басталғанын салатанатты түрде жариялады [4, 1]. Бұл Жолдаудың Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірі үшін маңызы өте зор болды. Қоғамның барлық салалары үшін қуатты серпіліс әкеліп, дамудың жаңа сатысына шығуына себеп тигізді. Енді Қазақ Елінің ұлттық идеясы осы «Мәңгілік Ел» идеясы болды.

Бұл идеяның мақсаты - халықтың әл-ауқатын жақсартып отырып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелеп, халықаралық жағдайда Қазақ елінің абырой-беделін арттырып, бейбітшілікті жақтайтын мемлекет ретінде таныту болып табылады.

«Мәңгілік ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуірдің сынынан сүріндірмей жеткізген тұғырлы идея. Тамырын тереңге жайған Қазақ елі үшін Мәңгілік Ел идеясы заңдылық, себебі, мұның аясында қазақ халқының мыңдаған жылғы дүбірлі тарихынан, Тәуелсіздік жылдары жүріп өткен даңғыл жолынан, бүгінгі нақты атқарылған істер арқылы қол жеткізілген жетістіктерінен туындаған ұлттық идея жатыр. Әлемдік тәжірибеге жүгінсек, кез-келген ел өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кезде ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Бүгінгі күні елімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер, мемлекетті дамытуға бағытталған тұжырымды қадамдар жасампаз әрекеттерге жетелеп отыр. Сондықтан, ұлттық идея ел дамуындағы сара жолының жаңа белесіне көтерілу барысындағы қоғамдық қатынастар мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және басқа да тетіктерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болды пайымдауға болады.

Ұлттық идеяның негізгі бастау көзіне Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк бітік тастарында жарияланған – Түрік қағанатының мемлекеттік тәуелсіздік актісі – «Мәңгілік Ел» идеясының саяси манифесі жатады [1, 199].

Ресми тарих түріктер құрған мемлекетті «Түрік қағанаты» деп атап, ғылымға солай енгізгенімен, түріктер өздерін олай атамаған. Олар өз мемлекетін «Ел», ал далалық империяға айналған кезде оны «Мәңгі» сөзімен толықтырып, «Мәңгі Ел» деп атауды қалыптастырған. Сондықтан жаңаша жыл санаудан кейінгі 552 жылы Орталық Азияда түріктер құрған далалық империяның атауы – Мәңгі Ел деп аталған [5, 182].

Еуразияның жалпақ Ұлы Даласын мекендеген түркі халықтары үшін «Ел» сөзі – қасиетті ұғым. Ел болу деген әрбір этностың, халықтың алдына биік мұрат қойып және соған жете білуі дегенді білдіреді. Ел болу үшін ең алдымен мекендейтін жері, саяси бірлігі мен қуатты мемлекеті және ортақ рухани құндылығы болу керек. Осы талаптарға жауап бере алғандықтан VI ғасырда Алтайда құрылған жаңа мемлекет Түрік қағанаты шығыста Тынық мұхитынан бастап батыста Дунай дариясына дейінгі аралықты қамтыған күдіретті Далалық империя дәрежесіне жетіп, әр түрлі өркениеттердің араласып кетуіне жағдай жасады.

Бумын қаған негізін қалаған Ұлы Түрік қағанатының құрылуымен «Мәңгілік Ел» идеясының негізі қаланды. Ашина әулетінің қағандары түркі тайпаларын бір тудың астына біріктіріп, бір мемлекеттің аясына шоғырландыра білді. «Мәңгі Ел» боламыз деген талпыныс түркі тілдес халықтардың бүкіл тарихи кезеңдерінде көрініс тапқан. Осы идеология арқылы олар талай империялар мен мемлекеттер құрды.

Көне түркі руна жазбаларында жалпы түркілік идеология қамтылып, ғасырлар бойы ортақ тарихы мен шығу тегі жағынан ортақ мәдениеті болған түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі ретіндегі орталықтандырылған мемлекеттіліктің тұжырымдамасы берілді. Онда «халық», «мемлекет», «бостандық», «тәуелсіздік» қасиетті ұғымдарына байланысты Түркі елін құрушылардың таусылмас күш-жігері мен қуатының негізі қаланған

646 – 741 жылдары аралығында өмір сүріп, түркі халқының саяси бостандыққа жетуіне өлшеусіз үлес қосып, Екінші Түрік қағанатының қағандарының ақылшысы, кеңесшісі болған дана Тоныкөк, «Мәңгі ел» идеясын халыққа насихаттап жеткізген.

Түркітанушы ғалым профессор С.М. Сыздықов: «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Тоныкөк ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды», - деп берілген деп «Мәңгі ел» ұғымына ғылыми тұжырымдама береді [6, 178].

Көне түркі мұраларын зерттеуші ғалым Қаржаубай Сартқожаұлының пайымдауынша 682 жылы Елтеріс-Құтлық қаған түркі халқын көтеріп Қытай бодандығынан азаттық алғаннан кейін құрылған

екінші Түрік қағанатының саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қаматамсыз ету және күшті мемлекет болу мақсатында дана Тоныкөк қайтадан құрылып жаңғырған қағанатқа «Мәңгілік ел» идеясын ұсынған [7, 20].

Мәңгілік Ел идеясының Тоныкөк бітіктасында жарияланғанын түркітанушы ғалым С.М. Сыздықов былайша сипаттап жазады: «Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дананың бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтық, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түрік халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түрік елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар бұл жерде «Мәңгі Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр» [1; 202].

Тоныкөктің қолға алған «Мәңгі Ел» идеясының негізгі принципі Екінші түрік қағанатының халықаралық саясатта белсенді қорғаныс стратегиясын ұстану болды. Мемлекеттің идеологиялық негізгі ұстанымы барлық түркі халықтарын Қытай империясының ықпалынан қорғау болып саналды. Себебі, Ұлы Даладағы қытайлар мен түріктер арасындағы тайталас күрес бұл екі мемлекеттің арасындағы бақталастық немесе үстемдік үшін күрес емес еді Бұл - екі түрлі дүниетаным мен мәдениеттің, екі түрлі руханият пен өркениеттің арасындағы ымырасыз қақтығыс болды.

Түрік қағанатының бас идеологы болған Тоныкөк түріктердің қытай империясының боданы болуы себебін ата-баба салтына берік болмаудан және қағанат халқының ішкі саяси тұрақсыздығынан деп білді. Күлтегіннің ескерткішінде түрік қағанатының жат мемлекетке бағынышты болған ауыр жағдайын: «Бектері, халқы адал тұзу болмағандықтан, табғаш халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендіктен, інілі-ағаның кектескендігінен, бектер мен халықтың ымырасыздығынан түрік халқы елдігінен, елінен айырылды. Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғаш халқынан бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды» - деп жазып келер ұрпаққа ескерту ретінде мәңгілік өсиет ретінде бітік тасқа жазып қалдырған [8, 61]. Түрік қағанатының елбасылары егер түркі халқының ішкі бірлігі мықты болып, берік мәдени-рухани құндылықтарымызды сақтасақ, біртұтас болсақ, сонда ғана қытайларға қарсы тұра аламыз деп елді өзара ынтымақтастыққа шақырады. Күлтегіннің бітік тасында «Өтікен жеріненде отырып, керуен жіберіп отырсаң, еш мұның жоқ. Өтікен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырар ең сен», - дейді [8, 65].

Өтікен көне түркі халықтарының түсінігінше киелі жер анасы...Көне түркілер өздерін-өздері билеп, бақытты ғұмыр кешкен дәуірін, Өтікен жерінде өткен деп санаған. Ал, халыққа бақыт әкелетін мұндай киелі, құтты жерді іздеу идеясы есте жоқ ескі замандарға алып кетеді [9, 11]. Түрік халқының дүниетанымында Өтікенге орнығып отыру елдің ішіндегі береке-бірліктің баянды болуымен қатар қаған билігінің мықтылығын және көрші мемлекеттермен саяси әрі сауда-саттық қарым-қатынастардың тұрақты болуы себебінен әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан өсудің кепілі мағынасында деп білген.

Тоныкөк өз жазуында: «Бұл түрік халқына жаракты жау келтірмедім. Шұбырған аттыларды жүргізбедім. Елтеріс қаған иелік етпесе, оған еріп мен өзім иелік етпесем, ел де халық та жойылар еді. Иелік еткендіктен, қасиетті еліме иелік еткендігім үшін, ел де ел болды, халық та халық болды. Өзім кәрі болдым, ұлық болдым», – деп ел бірлігі мен тыныштығы үшін күресуді басты мақсат қылғанын көрсетеді [8, 126]. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған ескерткіштерінде жалпы түркілік идеология қамтылып, ғасырлар бойы ортақ тарихы мен шығу тегі жағынан ортақ мәдениеті болған түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі ретіндегі орталықтандырылған мемлекеттіліктің тұжырымдамасы берілді. Онда «халық», «мемлекет», «бостандық», «тәуелсіздік» қасиетті ұғымдарына байланысты Түрік қағанатын құрушылардың таусылмас күш-жігері мен қуатының негізі қаланған.

Ұлы тұлға, мемлекет қайраткері Тоныкөк – елінің қасіретін, қуанышын, соғыстарда жеткен салтанатты жеңістерінің сәтін мәңгі тасқа қашап жазып, көне түркілердің мемлекеттік идеологиясының берік тұғыр болған «Мәңгілік Ел» идеясының негізін қалыптастырып, жүзеге асыра алды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Сыздықов ғылыми-зерттеу еңбектерінде ежелгі түркілердің «Мәңгілік ел» идеясының тарихи-саяси және теориялық тұрғыдан негіздеп беріп, бұл идеяның ортағасырларда өміршең болуына әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің іргелі еңбектерінің себепші болғандығына ғылыми тұрғыдан дәлелдер келтірген.

Автор еңбегінен Әл-Фарабидің философиялық шығармаларында «Мәңгілік Ел» идеясының

теориялық тұрғыдан негізделуін былайша түсіндіреді: «Ежелгі түркілердің «Мәңгілік ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негізін салып берген түркілердің әйгілі ойшылы, философы Әбу Насыр әл-Фараби болды. Әл-Фарабидің қоғамдық-философиялық, жаратылыстану туралы ғылыми көзқарастары орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет, философиялық және ғылыми ой-пікірлердің даму нәтижесі болып табылады. Оның дүниетанымы екі әлемнің – көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі еді», - дейді [1, 208]. Әрі қарай автор мынадай ғылыми тұжырым жасайды: «Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің, яғни орта ғасырлық түркі және мұсылмандық дәуір тұрғысынан зерделеген жөн. Алайда ол жоғарыда аталған түсініктерді философиялық тұрғыдан алға қарай дамытады. Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен Шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің реалийлеріне сәйкес «Мәңгі ел» идеясының саяси-философиялық теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгі ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды» [1; 208]. Әл-Фарабидің бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Сондықтан бұл еңбектердегі жазылған мәселелер күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Оның мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Ол: адам ғылымға түрліше тосқауыл жасайтын мемлекеттен кетіп, ғылыми өркен жайған елде тұруға тиіс дейді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Сыздықов: «Әл-Фараби заманында түркі жұртының қала-мемлекеттері басым болған. Сондықтан әл-Фарабидің «қала» түсінігін «мемлекет» түсінігімен сәйкес қарастыру орынды. Ол қала-мемлекеттің қоғамдық өмірінің толық мінездемесін бере отырып, ізгі қалалардың жетілдірілген әлеуметтік құрылымының анықтамасын берді», - деп Әл-Фарабидің заманындағы қала ұғымының мемлекет немесе халифаттың мағынасын бергендігін атап көрсетеді [1; 208].

Кейінгі дамыған ортағасырлар кезеңінде ежелгі түркілердің Мәңгілік Ел идеясы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында жалғасын табады. Құтты білікте Мәңгілік Ел идеясының Құқықтық мемлекеттік қағидалары баяндалады. Жүсіп Баласағұн – саяси-әлеуметтік шығармаларында мемлекеттегі басқару істерін заңмен реттелуі мәселесін кешенді көтерген ғұламалардың бірі. Құтты білік дастанының басты идеясы – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы және оның жүзеге асырылуы болды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Сыздықов қорытындылай келе мынадай ғылыми тұжырым жасайды: «Мәңгі Ел» идеясы ежелгі түркілердің заманында туған үш тұғырдан, яғни үш негізден тұрады: 1. Көне түркі жазба ескерткіштерінде Түркі қағанаты мемлекетінің тәуелсіздік актісі – «Мәңгілік Ел» идеясының саяси манифест түрінде жария етілуі; 2. Әл-Фарабидің философиялық шығармаларында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі; 3. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекет теориясының негізделуі», - дейді. Автор әрі қарай «Мәңгілік Ел» идеясына негізгі тұғыр болған үш негізге ғылыми тұрғыдан баға беріп, мынадай анықтама береді: «Бұл үш негіз бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік идеяларымен сабақтасады. Бұлардың бәрінің бастауында орта ғасыр дәуіріндегі түркілердің өркениеті тұр...Тарихи кезең мен мемлекетшілдік сипаттарын білдіретін ұғымдар Күлтегін жырларында да, әл-Фарабидің философиялық шығармаларында да және Жүсіп Баласағұн дастанында да бірдей кездесіп отырады» [10, 198].

Алтын Орда дәуірінен кейін Жошы ұлысында саяси дағдарыс басталып, Шығыс Дешті Қыпшақта дүрбелең уақыт басталды. Этникалық ұлт болып қалыптасқан қазақ халқының болашағы үшін «Жерұйық» іздеп, желмаясын мініп ұшы қиыры жоқ Ұлы Даланы кезген Асан Қайғының тұлғасы тарих сахнасына шыққан тұсы да осы кезеңге тура келеді.

Қазақтың «Жиделі Байсын», «Жерұйық» дегендері екі түрлі аталған бір ғана ұғымның мағынасын береді. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман» туралы ел ішіндегі айтылатын аңыз-хикаят та осы ұғыммен байланысты. Оқиғада аңыздық қаһарман суы бал, шөбі шүйгін, малға да, елге де жайлы жер іздеп, шарқ ұрады. Қазақ халқында ондай кейіпкердің бірі Асан қайғы [9, 11].

Ел-жұртқа құтты қоныс іздеген, яғни Жерұйықты немесе Жиделі Байсынды іздеген кейіпкерлер қазақ халқында жалғыз Асан Қайғы емес. Бірде оның әкесі Сәбит, бірде баласы Абат, енді бірде Жамбылдың жырындағы Өтеген батыр болып атала береді. Мұндай сюжеттің қарақалпақ, қырғыз,

ноғай, құмық елдерінде барын, және де бұл сюжеттің Асан Қайғыдан бұрын болғанын, кейінгі замандарда басқа адамдарға байланысты айтылғанын академик Сейіт Қасқабасовтың еңбектерінде жазылған. Академик Сейіт Қасқабасов «Жерұйық» деген сөздің мағынасын «ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер», - деген ұғымды білдіреді деп тұжырымдайды [11, 178].

Асан Қайғының желмаясына мініп жаңадан құрылған хандықтың халқын топтастырып, елге құтты қоныс болатын жер іздеп кетуі бұл аңыз емес, оқиға, ақиқатқа негізделген тарихи шындық. Себебі XV ғасырдың екінші жартысынан бастап, Шығыс Дешті Қыпшақта саяси билік үшін талас-тартыс елді саяси дағдарысқа алып келе жатты. Жошының Шайбан әулетінен тараған Әбілқайыр ханға қарсы Ақ Орданың билеушісі Ұрыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек ашық әрі заңды тұрғыда қарсы шықты. Бұл сепаратистік қозғалыс емес еді. Керей мен Жәнібек хандарды Ұлы Даланы мекендеген қазақ ру-тайпаларының басшылары қолдап шықты. Осы кезде халқының қамын ойлаған көсемдердің барлығы да елді тығырықтан аман алып шығу үшін іс-әрекетке көшті. Асан қайғы қазақ ру-тайпаларының бірігуі идеясын қолдаған тарихи тұлға бола тұра, ол аңыз, кейде тіпті ертегі-миф кейіпкері ретінде халық жадында сақталып қалған. Ол халық санасында өмір бойы бақ қонған Жерұйықты іздеуші ретінде есте қалды. Халықтың болашағы үшін алаңдаған Асан Қайғы желмаясына мініп жаңадан құрылған хандық үшін «Жерұйық» іздеп шыққан кезі осы заманның тұсында болды.

Жер деген географиялық термин ретінде баршамызға түсінікті, бірақ Асан қайғыға керегі мемлекеттік құрылысқа қажетті жер. Бұл мәнде жер географиялық емес, саяси мәнде аталып отыр. Сонау Алтын Ордан келе жатқан телегей-теңіз жер мәселесі Асан Сәбитұлы заманында проблемаға айналды. Ата-қоныс Еділ-Жайық өңірі ендігі жерде тұтасымен келер ұрпақтың қонысы болмайтыны белгілі болды. Жаңа ұрпаққа жаңа жер керек, ол құт-мекеннің аты «Жерұйық» [12, 5]. Б.з.д. III ғасырда ғұн мемлекетінің басшысы Мөде тәңірқұт: «Жер – мемлекеттің негізі», - деп келер ұрпаққа Мәңгілік өсиет қалдырды [13, 48]. Осы Мәңгілік өсиетке адал болған Ұлы Даланың ұрпақтары қасиетті жер мәселесіне қай дәуірде, қай кезеңде болмасын ата-баба аманатына берік болып, адалдық танытып келді. Қазақ халқының аңызындағы Асан Қайғының іздеген «Жерұйық» ілімі, қазіргі саяси тілмен айтсақ, геосаясат болып шығады. Мемлекеттіліктің жер мәселесінен басталатыны белгілі. Жерсіз ел де, мемлекетте болмайды. Жаңадан құрылатын қазақ мемлекеті қай жерден құрылуы керек деген геосаясат мәселесімен айналысқан тұлға халық даналығында Асан Қайғы болып тұр.

Асан Қайғы халқына пана болатын, мемлекеттің іргетасы болатын жер туралы ілім жасады, ол ілім қасиетті «Жерұйық» идеясы деп аталады [14, 45]. Заман талабының үрдісінен шыққан «Жерұйық» идеясы қазақ халқының тұңғыш ұлттық мемлекеті – қазақ хандығының мемлекеттік идеологиясы бола алды. Осы «Жерұйық» идеясынан өріс алған Қазақ хандығы, Орталық Азияда қуатты мемлекетке айналып, өздерінің ұлттық идеясын қалыптастырып, елдің берік саяси топтасуына негіз жасай алды.

Ежелгі түркілер заманынан басталған «Мәңгілік ел» идеясының заңды тарихи жалғасы болған «Жерұйық» идеясы XV – XVIII ғғ. Қазақ хандығы мемлекетіндегі қоғамдық дамумен өрлеудің локомативі болып, халықты ұйыстырушы идеологиялық құрал болды. «Жерұйық» идеясы дүниетанымымызға жаңа арнаға бағыттап, ұлттық құндылықтарымызды бекітіп, қазақ халқының бойында елдік сананы қалыптастырды. Ел болу ұғымы сонау Түрік қағанатынан бері айтылып келе жатқан мағыналы ұғым болғандықтан қазақтың ұлттық дүниетанымының тарихи ұғымдары жер және ел болып саналған. Бабаларымыздың «Мәңгілік Ел» идеясын өзінің «Жерұйық» идеясымен шебер ұштастырған Асан Қайғы оны Қазақ елінің ұлттық идеясына айналдырған.

Жерұйық идеясы XVIII ғасырда Абылайдың заманында ханның ақылшысы әрі жырауы болған Бұқар жыраудың жырларында «Жиделі Байсын» идеясымен қайта жаңғырады.

Кенесары ханның Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы үш жүздің басын қосқан қарулы күресі жеңіліске ұшырағаннан кейін XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, халықтың жеке ел болып билігі өз қолдарында болып, кең-байтақ қазақ даласын еркін жайлаған өткен кезеңін аңсаған ақын-жыраулардың жыр-өлеңдері тарих сахнасына шықты. Олардың қатарынан біз Нысанбай жырауды, Шортанбай, Дулат, Мұрат ақындарды көреміз. Бұл дәуірді зеттеген ғалымдар оларға «зар заман» ақындары деген баға берген.

«Зар заман» идеясы елдің алға қарай дамуын тежейтін кертартпа идея емес. Бұл Абылай мен Кенесарылардың заманында Ұлы Далада еркіндіктері мен мемлекетшілдік дәстүрді сақтап қалу жолында күші басым көрші мемлекеттерімен арыстандай арпалысып өткен жауынгерлік дәуір мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық идеясының эпицентрі болған Алаш идеясының ортасындағы аралық кезеңді жалғап, өзіне жүктелген заманның үрдісінен шыға білген ұлттық идея деп бағалағанымыз дұрыс болады.

Ендеше көне түркілерден бастау алып келе жатқан «Мәңгілік Ел» идеясы қазақ халқының қай дәуірде болмасын саяси-әлеуметтік топтасуының негізі болып, елін, жерін, халқын қорғаудан туындаған «Жерұйық», «Жиделі Байсын», «Зар заман» идеялары арқылы XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін ұлттық идеямыз болған «Алаш», «Алашорда» идеяларымен тарих сабақтастық арқылы байланысқан.

XX ғасырдағы ұлттық идеяның келесі тарихи формасы Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқайлар бастаған зиялылар тобының көтерген «Алаш» идеясы болды. Алаш идеясы ұлтымызды берік топтастырып, «Тәуелсіздік» идеясына халқымызды алып келген тұғыры берік ұлттық идея міндетін атқарды.

Бұдан шығатын қорытынды Ежелгі прототүркілік кезендерден қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейінгі аралықтағы рухани интеллектуалдық кеңістікте ұлттық идеяға деген қажеттілік қазақ даласы ойшылдарының дүниетанымдық жүйелерінде сараланып, кейінгі тарихи кезендерде үйлесімді жалғасын тауып отырды. «Мәңгілік ел» идеясы тарихи бастауын көне түркілерден алып, заман талабына сай бабалар мұратын жалғастыра отырып, қалыптасып, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан Республикасына дейін заңды жалғасын тауып келді.

Біз идея мен идеология арасындағы жер мен көктей айырмашылықты білгеніміз дұрыс. Идеология дегеніміз бірін-бірі толықтыратын, бірінен бірі туындайтын, арасынан қыл өтпейтін идеялардың жиынтық жүйесі болып саналады [3, 38]. Көрнекті ғалым философия ғылымдарының докторы, академик Ғарифолла Есім еліміздегі саяси оқиғалар мен өркениеттік үрдістерге және ұлттық идея мәселесіне байланысты терең ой-пікірлерін ғылыми-зерттеу еңбектерін жариялап келеді. Ғалым қазақ қоғамындағы ұлттық идея мен идеология мәселесі жөнінде мынадай ғылыми пікір айтып: «Ұлттық идея қоғамның болмысынан шықпақ. Мемлекеттің атқырып жатқан істерін ұлттық идеяға жатқызуға болмайды. Ұлттық идея қоғамда туады, қоғамды қозғайды, оны сапалық өзгеріске түсуге бастайды. Ұлттық идеологияны мемлекет жүргізсе, ол идеологияға айналып кетпек, ондай әлеуметтік тәжірибені біз кеңестік заманда басымыздан өткізгенбіз», - деп қорытынды жасаған [14, 54].

Бүгінде Қазақстанда «Мәңгілік Ел» идеясы уақыттың талабы мен адамдардың талғамына жауап бере алғандығынан мемлекеттік идеологияға айнала алды. Оған дәлел Қазақ Елі 1991 жылы 16 желтоқсанда Мемлекеттік Тәуелсіздігін жариялағаннан бастап ең алдымен қоғамның ішкі саяси-рухани тұрақтылығын ұстап, дамытуға баса назар аударды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды. Республикада өмір сүріп жатқан халықтардың этникалық теңдігін бекітіп берген Қазақстан Республикасының Конституциясының орны да ерекше болды.

1995 жылы 30-тамызда қабылданғанына еліміздің Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындағы анық айтылған. Қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің аса маңызды ерекшелігі-бұл үлгінің берік заңнамалық негізінің болғандығын да атап өткеніміз дұрыс болады. Өйткені көпұлтты қоғамның этникалық топтары арасындағы өзара түсінушілік пен төзімділікке ұмтылуының себебі барлық ұлттардың ел тағдырына деген патриоттық сезімі мен азаматтық жауапкершілігінің болғандығынан еді [15, 34].

Көне түркі ескерткіштеріндегі жазылып, халыққа насихатталған «Мәңгілік Ел» идеясы қай заманда болмасын – ұлттық идеяның бастау көзі болмақ. Ол қуаты жағынан ғасырлардың тегеурініне қарсы тұраған бәсекеге қасиетті идея болып, бүгінгі күні Қазақ Елінің ұлттық идеологиясына айналды. Идеологиялық тұғырдың мықтылығы мемлекеттіліктің мықтылығының кепілі болмақ. Мемлекеттік идеологияның қоғамның барлық мүшелерін, әсіресе әр түрлі әлеуметтік, этникалық және саяси топтарды біріктіруде, билік пен халықты бір-біріне жақындастыруда маңызы айрықша болады. Ұлы тарихымыз көрсеткендей, қандай идеологиялық жүйе болмасын ол біртұтас болып, барлық азаматтардың мүддесіне жауап бере алса ғана қоғам мықты болады, тұғыры берік болады. Сондықтан бүгінгі күнде бізді топтастыратын осы – Мәңгілік Ел мемлекеттік идеологиясы болмақ. Біздің ұлттық идеямыз да ұлттық идеологиямыз биік адамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық келісім рухы негізінде құралып, «Мәңгілік» тәуелсіздік құндылығын ұлықтауы тиіс.

Ендеше, «Мәңгілік Ел» идеясы ұлттық-мемлекеттік идеяның іргетасы, елдің болашағына қызмет жасайтын, заман талабына жауап беретін жасампаз идея болады. Ежелгі түрік дәуірінен бастау алған «Мәңгілік Ел» идеясы тарихи сабақтастық арқылы өзінің өміршең екендігін дәлелдеп, бүгінгі күнде ұлттық идеямыздың негізгі темірқазығы болып Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жалпыұлттық мемлекеттік идеологиясына айналып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықов С.М. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты// Егемен Қазақстан, 2012, 14 желтоқсан.
3. Әбжанов Х.М. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана: Ана-тіл – Ата тарих баспасы, 2007. – 272 б.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауыны. // Егемен Қазақстан, 2014, 18 желтоқсан.
5. Салғараұлы Қ. Ұлы Қағанат. – Астана: Фолиант, 2008. – 552 б.
6. Сыздықов С.М. Қарқаралы-Қазылық. – Астана: Фолиант, 2015. – 220 б.
7. Сартқожаұлы Қ. «Мәңгілік Ел» идеясы қалай туды. - // Mangi El халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, 2013. № 1. – 105 б.
8. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 2-кітап (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі) – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 324-б.
9. Дүйсенов М. Жерұйық, Жиделі Байсын және Өтүкен. //Қазақ әдебиеті, №3. – 1986, 17 қаңтар. – 16 б.
10. Сыздықов С.М. Мәңгілік Ел // Егемен Қазақстан, 2014, 4 желтоқсан
11. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
12. Есім Ғ. Қазақ ренессансы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 98 б.
13. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т. 1: – Москва-Ленинград: Издательство академии наук СССР, 1950. – 380 с.
14. Есім Ғ. Сана болмысы. Он үшінші кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – б.
15. Сақтағанова З.Ф., Смағұлов Н.Б. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 20 жылдығы: қалыптасу және даму тарихы. //ҚарМУ Хабаршысы. Тарих, философия сериясы. – 2011. – №4 (64). – 127 б.

**Смағұлова Г.М.
Тулеуова Б.Т.**

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Тәуелсіздік жылдарында халықаралық аренеда қазақ деген елді таныту, өзелермен тең болу, «мықтылармен» иық түйістіріп қатар отыру үшін үлкен еңбек сіңірген тұлға – ол Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Егеменді Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясының қалыптасуына және оның дамуына, Қазақстанның сыртқы саясатын жүргізуші кәсіби дипломаттарды таңдауда, отандық дипломаттарды әзірлеуде де Қазақстан Президенті үлкен еңбек сіңірді.

Н. Назарбаев «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде Қазақстанның халықаралық және сыртқы саясатының басым бағыттарын анықтап берді. Соның ішінде ерекше екіпінмен көрсетілген бағыт – халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату болып табылған еді. Бұл күнде Президенттің салиқалы сарабал саясатының арқасында Қазақстан Республикасы негізгі халықаралық ұйымдарға мүше болып кірді. Әлемдегі бірден бір әмбебап ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ – авт.) 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы ұйымның 168-ші мүшесі болып қабылданғаннан бері, әлем елдері Қазақ мемлекетін ресми түрде таныды. Сондықтан Қазақстан Республикасы үшін 2 наурыз тарихи күн болып саналады. Қазақ үшін жылдың басы наурыз айынан басталатынын ескерсек, ендеше жыл басы айында еліміздің әлемдік қауымдастыққа жеке субъект ретінде танылуында да өзіндік үндестіктің бар екенін байқауға болады.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-на кіруі туралы ресми шешім қабылданғаннан кейін екі ай өткен соң Президент Нью-Йорк қаласында Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігін ашу туралы шешім қабылдады.

«Осы жылдар ішінде Елбасымыз Қазақстанның БҰҰ-мен сан қырлы ынтымақтастығына көп көңіл бөліп келді. Нұрсұлтан Назарбаевтың БҰҰ штаб-пәтеріне 7 рет ресми сапар жасауы, Ұйымның Бас Ассамблеясының жұмысына 6 рет қатысуы соның бір дәлелі», - деп жазды Сауытбек Абдрахманов Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде [1, 1 б.].

БҰҰ және Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлескен қосқан дипломаттардың бірі – Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбекова.

А. Арыстанбекованың есімі 1991 жылы 16 желтоқсанда жас тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы пайда болған кезден бастап, тікелей БҰҰ-мен байланысты. Арада 4-ақ күн өткен соң Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев А.Х. Арыстанбекованы 1991 жылы 20-шы желтоқсанда Нью-Йоркке Қазақстанды Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдау мәселесімен айналысу үшін арнайы жібереді. «Біз үшін БҰҰ-мен байланыс орнату ауадай қажет. Сіз Бас Ассамблеяның сессияларында жақсы жұмыс істедіңіз және Сізді онда бәрі таниды», - деп тапсырады Президент [2, 13 б.]. Таңдаудың А.Х. Арыстанбековаға түскен себебі, ол екі жылдай Сыртқы істер министрлігін басқарған және 1990 жылы қыркүйек-қараша айларында БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-ші сессиясында жұмыс істеп тәжірибе жинақтаған болатын. Осы кезден бастап А.Х. Арыстанбекова БҰҰ-ның қызметкерлерімен жақсы таныстын. Президент осыны меңзеген еді.

А.Х. Арыстанбекова 1992 жылы 15 сәуірде, Қазақстан Республикасының БҰҰ-дағы тұрақты өкілі болып тағайындалды және ол тәуелсіз Қазақстанның шет елдегі тұңғыш әйел-елшісі бола отырып, осы қызметте ол 1999 жылға дейін мүлтіксіз атқарды. Бұдан басқа А.Х. Арыстанбекова 1999-2001 жылдары ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі қызметін қоса атқарды.

А.Х. Арыстанбекова БҰҰ-ғы дипломатиялық қызметі жылдарында тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш елшісі ретінде, ұйым шеңберінде қарастырылған халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша қазақ елінің беделін көтеруге, әлемдік саясаттағы орнын айқындауға тікелей ат салысқан дипломат ретінде танылды. Басқа да көптеген жаңа мемлекеттер сияқты Қазақстан үшін БҰҰ-ға мүше болу, оның сессияларының жұмыстарына белсене қатысу үлкен мәртебе, сонымен бірге тәжірибе жинақтайтын алаң.

Қазақстанның БҰҰ-дағы Тұрақты өкілдігі алғашқы жылдары 5-ақ адамнан құралды. Өкілдіктің қалыптасып белсенді жұмыс істеуіне БҰҰ-ғы алғашқы қазақстандық дипломаттар - М.Х. Сыздықов, Е.Ә. Ыдырысов, М.А. Смағұлов елеулі үлес қосады.

А.Х. Арыстанбекованың деректері бойынша осы шағын топ халықаралық ұйымның қарарларының талқылауларына қалмай қатысып, пікірін білдіріп, солардың бәрінің дауыс беруіне қатысқан БҰҰ-ға мүше 20-25 мемлекеттің қатарында тұрған. ТМД елдерінен бұл құрметті тізімге кірген екі мемлекет - Ресей мен Қазақстан ғана болды.

А.Х. Арыстанбекованың БҰҰ-ғы дипломатия саласындағы қызметінің жемістерінің бірі Азиядағы өзара сенім мен іс-шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша атқарылған іс-шаралар деп айтуға болады. БҰҰ-ның үлкен трибунасында Қазақстан Президенті ЕҚЫҰ сияқты Азия құрылымына да қауіпсіздік құрылымының қажеттілігін айтқан болатын: «Біздің континентте Еуропадағы ЕҚЫҰ тұрпаттас, Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық құрылымын (АҚЫК) құру идеясы көптен бері ойдан шықпай жүр, бірақ әзірге кең қолдау таппай келеді.

Америкадағы, Африкадағы, Еуропадағы континенттік ұйымдар қызметінің пайдалы тәжірибесі Азиядағы өзара ықпалдастық пен ынтымақтастықтың біртұтас органдарын құруға бір қарағанда, итермелеуге тиіс» [3, 472 б.].

БҰҰ-на кіргеннен кейін Қазақстанның алдында екі үлкен міндет тұрды. Біріншіден, біздің елдің Арал теңізі, Семей полигоны сияқты экологиялық мәселелерін, экономикалық, әлеуметтік мәселелерін шешуде БҰҰ тарабынан жәрдем алу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламалары және түрлі қоларымен ынтымақтастық орнату керек болды. Екіншіден, Қазақстан жаңа мемлекет ретінде Бас Ассамблея мен БҰҰ-ның басқа органдарының жұмыстарына қатысу арқылы халықаралық мәселелерді шешуде өзінің үлесін қосу қажет болды. Сондықтан БҰҰ-на мүше болғаннан кейін, 1992 жылдың наурыз-қыркүйек айларында өткен Бас Ассамблеяның 46 сессиясында А.Х. Арыстанбековаға дипломат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясының күн тәртібінің біраз сұрақтар мен мәселелер бойынша Қазақстанның позициясын анықтап дайындау міндеттелді.

Қазақстан тәуелсіз ел атанғанда бұрынғы Одақтан «мұра» болып қалған аса ірі ядролық арсенал - Семей ядролық полигоны жұмыс істеп тұрды. Осы кезде Қазақстан басшысы ядролық қарудан бас тарту бірден-бір дұрыс жол деп шешім қабылдады. Нәтижесінде, 1991 жылдың 29 тамызында тарихи құжатқа қол қойылып, еліміздің ядросыз саясатының негізі қаланды. Арада 20 жыл өткен соң БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстан бастамасын қолдап, өзінің 64-ші сессиясында 29 тамыз күнін «Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні» деп жариялады. Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту мәселесін Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде талқылап, Бас Ассамблеяның негізгі резолюциясының қабылдануы үшін көп жұмыс атқарып, бір келісімге келуде де А.Х. Арыстанбекованың

үлесі баршылық.

БҰҰ сияқты әмбебап ұйымға мүше болу Қазақстанға қазіргі халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін бірлесіп шешуге, сондай-ақ мемлекеттің егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін бекітуге мүмкіндік берді.

Бүгінде А.Х. Арыстанбекованың дипломатия саласында жинақтаған тәжірибесі «Объединенные Нации и Казахстан» (2002), Казахстан в ООН: история и перспективы» (2004), «Миротворческие деятельность ООН» (2005) атты ғылыми еңбектері арқылы халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат бойынша шұғылданатын мамандарға кеңінен танымал. Әсіресе халықаралық ұйымдармен айналысатын жас зерттеушілерге аталған еңбектер құнды дерек көздері болып табылады. Отандық оқу орындарында сыртқы саясат саласы бойынша кәсіби мамандарды даярлау барысында аттары аталған еңбектердің алатын орны ерекше.

Халық даналығы «тарихты тұлға жасайды» деп бекер айтылмаса керек. Тәуелсіз Қазақстан тарихын жасауда А.Х. Арыстанбековаға қатысты «тарихи тұлға» деген ұғымды қолдануға толықтай негіз бар. Оның есімі отандық дипломатия тарихында тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш елшісі және ел тарихындағы тұңғыш әйел-елші болып алтын әріптермен жазылатыны сөзсіз.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасы арасындағы байланыстар туралы айтқанда тағы бір қазақ дипломатының есімін ерекше айту керек. Ол Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Қ. Тоқаев 1953 жылы 17 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол дипломатия саласындағы қызметін КСРО жылдарында бастаған. Оның дипломатиялық өсу жолының алғашқы баспалдақтары 1974 жылы Қытай Халық Республикасында, яғни Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (МГИМО – авт.) студенті ретінде ҚХР-дағы КСРО елшілігінде тағлымдамадан өту кезінде басталады. Институтты аяқтағаннан соң Сингапур Республикасындағы КСРО елшілігіне қызметке жіберіледі. Мұнда ол 4 жыл жұмыс істейді. Бұдан соң КСРО СІМ-нің орталық аппаратында қызмет етеді. 1985-1991 жылдардың аралығында ҚХР-дағы КСРО елшілігінде жұмыс істейді.

1992 жылы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық Академиясын бітірген соң Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, 1993 жылы желтоқсанында Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалады. 1994 жылы Қазақстан Президенті жарлығымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындалады. Бұл қызметін ол 1999 жылға дейін атқарады. Ол сыртқы істер министрі болған уақытта сыртқы саясат ведомствосы кәсіби дипломаттармен толықтырыла бастады.

Қ.К. Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының бірнеше сессиясында сөз сөйледі және онда әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша Қазақстанның пікірлерін жеткізді. Мысалы, 1995 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші сессиясында сөйлеген сөзінде Қ. Тоқаев «барлық азиялық елдерді БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясының жоғары мінберінен Президент Н.Ә. Назарбаев айтқан идеяны іске асыруға өз үлестерін қосуға шақырса» [4, 545 б.], сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы көзқарасын білдірді: «...БҰҰ Жарғысы осы заманғы әлемде баламасы жоқ Ұйымның қызметінің негізі мен бағдары болып қалуы тиіс. БҰҰ құрылған кезден бері әлемде болған ірі өзгерістер Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын өзгертуге ықпал етуі керек. Қазақстан Кеңес мүшелерінің санын, оның ішінде тұрақты негізде жұмыс істейтіндердің санын принципінде ұлғайту керек деп санайды. Біздің көзқарасымызша халықаралық сот сияқты маңызды органды да бүгінгі күн талаптарына бейімдеу маңызды...» [4, 545-546 б.]. Қазақ дипломаты өзінің осы ойлары мен көзқарастарын және жаһандық өткір мәселелер жөнінде БҰҰ Бас Ассамблеясының кейінгі сессияларында да айтты. Бұлардан басқа Қ.К. Тоқаев БҰҰ ЭСКАТО-ның 60-шы сессия жұмысының төрағасы болды.

Сондай-ақ Қ.К. Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары болып тағайындалған тарихта тұңғыш қазақ азаматы, Ұлы Дала елінен шыққан біздің отандасымыз. Ол бұл қызметке 2011 жылы тағайындалды. Бұған қоса Қ.К. Тоқаев БҰҰ-ның Женевадағы еуропалық бөлімшесінің директоры және Қарусыздану бойынша конференцияның бас директоры қызметін атқарды. Қ.К. Тоқаевтың мұндай қызметке тағайындалуы қазақстандық өкілдің биік кәсіби және саяси деңгейін айғақтайды әрі қазақ елінің беделін де көрсетеді.

Сонымен, Қ.К. Тоқаев кәсіби әрі тәжірибелі дипломат, әр жылдары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Премьер-министрі, Мемлекеттік хатшысы қызметтерін атқарған саяси және қоғам қайраткері, ал қазіргі күні Сенат төрағасы ретінде барша қазақстандықтарға танымал тұлға.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықтың дамуына

БҰҰ жанындағы Қазақстан өкілдігі барынша қызмет көрсетіп келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілі қызметін бірінші атқарған А.Х. Арыстанбекова екені жоғарыда айтылып өтті. А. Арыстанбековадан кейін 1999-2003 жж. аралығында Мәдина Бейнешқызы Жарбосынова, 2003-2007 жж. Ержан Хозеұлы Қазыханов, 2007-2013 жж. Әйтимова Бірғаным Сарықызы тәрізді дипломаттар атқарса, ал 2013 жылдан бүгінгі күнге дейін бұл абыройлы қызметті Қайрат Құдайбергелулы Әбдірахманов жалғастыруда. Мысалы, 2016 жылы сәуір айының басында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында БҰҰ Қарусыздану жөніндегі комиссияның жыл сайынғы сессиясы өтті. Қазақстан 2015-2017 жылдарға арналған кезеңде аталған комиссияның Ядролық қарусыздану және таратпау мәселелері жөніндегі жұмыс тобына Қ. Әбдірахманов төрағалық етуде. Комиссияның кезекті сессиясының ашылуында Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілі ретінде Қ. Әбдірахманов сөз сөйлеп, онда ол Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың «Әлем.ХХІ ғасыр» манифесімен таныстырды, Президенттің маңызды бастамалары туралы және ядролық қарусыздану және таратпау салаларындағы Қазақстанның ұстанымы жайлы айтты.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығындағы Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтағы жетістіктерінің тағы бірі - 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі болып сайлануы. Әлем елдерінің назарын өзіне аударта отырып, үйлесімді көпжақты сыртқы саясат арқылы Қазақстан халықаралық аренада елімізді жаңа қырынан танытатын болады. Бұл жауапкершілігі мол істі де қазақстандық дипломаттар алдағы уақытта атқаратын болады.

Міне, БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілдердің барлығы да кәсіби дипломат, сыртқы саясатта үлкен тәжірибе жинақтаған қызметкерлер. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымында Қазақстанның бастамашылығымен іске асырылып жатқан шаралардың басы-қасында тұрды, ал бүгінгі Тұрақты өкілдік өзінің дипломатиялық миссиясын одан әрі атқару үстінде.

Әдебиеттер тізімі:

1. NEW FUTURE. Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік қоғамдастықты жаңа болашақ жоспарын жасауға шақырады // Егемен Қазақстан.-2015.- 30 қыркүйек.
2. Арыстанбекова А.А. Объединенные Нации и Казахстан.- Алматы: Дайк Пресс, 2002.- 432 с.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзі. АӨСШК бастамасы (Нью-Йорк, 1992 жылғы 5 қазан) // Қ. Тоқаев Беласу. Дипломатиялық очерктер. –Алматы: «Дәуір», 2003.- 656 б.
4. Тоқаев Қ. Беласу: Дипломатиялық очерктер.-Алматы: «Дәуір», 2003.-656 бет.

Сыздықов С.М.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы»[1] деген еді. Ал, 2016 жылдың 26 сәуірінде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІҰ сессиясында «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі қабылданды.

Әдістемелік нұсқау. Осы ел тағдырына байланысты маңызды оқиғалардан кейін көпшілік арасында жалпы идея, ұлттық идея дегенді қалай түсінуге болады, оның тарихи түп-тамыры неде деген сұрақтардың туындауы сөзсіз. Сондықтан оқырмандарға «идея» сөзінің мән-мағынасын түсіндірген дұрыс.

«Идея» (грек. идея – түсінік, елес, бейне) –теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин. ХVІІІ – ғасырдағы немістің классикалық философиясының өкілі - И. Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсы бірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады» [2, 124 б.]. Қоғамдағы әрбір адамның өмірге деген көзқарастары, идеалдары мен құндылықтар жүйесі бар. Бұлар жиналып келіп, адамның рухани жан дүниесін құрайды. Сонымен, идея – бар нәрсені емес, басқа ұғымдардан өзгеше әлі жоқ нәрсені, жасалуға тиіс дүниелерді білдіреді.

Идея – тарихи дамудың нәтижесі бола тұрып, даму барысында өзінің көптеген қырлары мен мазмұнын айқындаған, толысқан ұғым. Ол бүкіл даму тарихындағы жасалған рухани байлықтарды бойына сіңірген жүйе болып табылады.

Ұлттық идея - ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие әлеуметтік - саяси көзқарастардың жүйесі. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуді, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары мен құндылықтарының әлемге танылуы.

Әдістемелік нұсқау. *Жоғарыда аталған түсініктерді меңгергеннен кейін осы «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасу тарихы, оның кезеңдерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын оқып, үйрену қажеттілігі туады. Бұл орайда, ұлттық идеяны халқымыздың қарапайым дүниетанымдық ұғымдарынан бастай отырып, қалыптасу алғышарт-тары мен жолдарын және оның басты нәтижелерін жалпы өркениеттік өлиемдер бойынша әлемдік даму үрдісінде түсінген жөн.*

Ұлттық идеяны кездейсоқ ойлап табу мүмкін емес. Оның қалыптасуы тарихи кезеңдердің сабақтастығы арқылы белгілі бір әлеуметтік-саяси, мәдени кеңістікте күрделі құбылыс ретінде жүзеге асады. «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасуы да осындай күрделі де ұзақ жолдан өтті.

Қандай да бір идея болмасын оның қалыптасу алғышарттары болады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – дүниетаным. Дүниетаным - адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынасты реттеудегі негізгі өлшем [3,616 б.]. Ұлттық рухани байлықтың басқа да элементтері осы дүниетаным тұғырының айналасында өрбиді.

Қазақ халқының дүниетанымы көне замандағы сақ-ғұн және түркілердің тайпалық-мемлекеттік құрылымдарының қарапайым түрлерінен бастап, Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңіне дейін қалыптасты және одан әрі заман талабына сәйкес жетілу, толысу процестерін бастан кешірді. Осындай күрделі дүниетаным «Мәңгілік Ел» идеясы қалыптасуының басты алғышарты болды.

Ұлттық болмыстың кескінін бейнелейтін ұлттық өзіндік санада генетикалық код ретінде жасырынған және дәстүрлі қазақ қоғамындағы осындай халықты біріктіруші идеяның ізін халқымыздың арасынан шыққан тұлғалардың әлеуметтік-саяси ойлары мен философиялық көзқарастарынан табуға болады. Бұл көзқарастар әдетте мемлекетшілдік, ел тағдыры, тәуелсіздік, жер және т.б. қоғамның сол кездегі күрделі де маңызды саяси-әлеуметтік мәселелерін қамтыды.

Әдістемелік нұсқау. *«Мәңгілік Ел» идеясын оқып-үйренушілерге қазақ халқының дүниетанымын ұлттық идеяның алғышарты ретінде қарастыра отырып, ежелгі дәуірден осы уақытқа дейінгі тарихтағы данышпан ойшылдары мен мемлекеттік ірі тұлғалардың (батырлар, билер, жыраулар және т.б.) ел, ұлт тағдыры туралы ойлары мен көзқарастарын зерделеп, білген жөн. Бұл ретте оқып үйренушілерге сақ-ғұн, үйсін заманындағы ұлы тұлғалардың жеке бастарының ерліктері мен мемлекетшіл қайраткерлік қасиеттерін көрсетіп, уағыздайтын ежелгі жыр-аңыздар ұсынылады. Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт Ата, мәңгілік мекен «Жерұйықты» іздеген Асанқайғы, мәңгіліктің философиясын жасаған Әл-Фараби, мемлекет түзудің саяси-құқықтық негіздерін поэтикалық тұрғыда жырлаған Жүсіп Баласағұн, елдік құруды уағыздаған Абайдың «Қара сөздері» мен қазақ би-жырауларының даналық сөздері және Алаш зиялыларының қызметі мен күресі оқырмандардың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қалыптасу тарихы мен оның рухани құндылықтарын түсінуіне мүмкіндік береді.*

Бабалар тарихында мемлекеттің негізі – жер үшін жанқиярлықпен күрескен ұлы тұлғалар туралы айтылады. Соның алғашқыларының, яғни түркілердің арғы аталарының бірі – ғұндардың патшасы Мөде болған. Ол туралы тарихи аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: Ғұн патшасы Мөдемен жауласқан көршілері оның елін менсінбей, алым-салық салады, намысына тиеді. Әуелі, Мөденің әкесі Түмен ханнан қалған тұлпары бар еді, соны сұратады. Мөде өзінің билерімен ақылдасып еді, олар: «Бұл не сұмдық, ол тұлпар елдің құты емес пе, бермейміз!» - дейді. Мөде елдің тыныштығын ойлап, жауын өштестіргісі келмей, тұлпарды бергізеді. Бұған дандайсыған көршілер енді Мөденің ханымын сұрап хат жазады. Билер: «Ханның ханымын сұрау қандай ұятсыздық, бермейміз, соғысқа шығамыз!» - дейді. Мөде елінің жайын ойлап, бір ханымын беріп жібереді. Олар: «Бізден қорқады екен», - деп, Мөдені тіпті менсінбейтін болады. «Енді ұзындығы мың шақырым жерін берсін», - дейді. Мөде билерін тағы жинап алады. Біреуі: «Жерді берейік», бірі: «Бермейік!», - деп дауласады. Сонда Мөде: «Жер – елдің байлығы, мемлекеттің негізі! Өз байлығымды берсем де, елдің байлығын бермеймін!» - деп, қаһарына мінеді. Жерді бергісі келген билердің басын алдырып, соғысқа шыққан [4,257 б.].

Күй абызы Қорқыт Ата мәңгілік өмірді іздесе, Асан қайғы мәңгілік мекенді – Жерұйығын іздеп ұлан даланы шарлап еліне ұйтқы боларлық жерді табу үшін желмаясымен бармаған жері қалмаған. Бабалардың өсиетнамаларының астарында елдің, ұлттың мұң-мұқтажы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын мәңгілік бейбіт тіршілік жатыр. Қазақ елі бабалардың сан ғасырлар бойы аңсаған биік мақсатына Елбасымен бірге жетті.

Мәңгілік өмірді іздеген Қорқыт ата қайда барса да алдында қазулы тұрған көр арқылы жеке адам ретінде өзінің өлімге душар екендігі, тек жасампаздық ісімен, музыкалық өнерімен өлмейтініне, мәңгілікке қалатынына көзін жеткізеді. « Ол тіршілік көзі, өмір мәні және ел қамы, халық тағдыры істерінің ең киелі өзегі өмір үшін жан қиярлықпен күресте, қаралы жауыз күштің ең үлкен алпауыты ажалға қарсы қасқайып тұрды; теңдесі жоқ ерлік жасады. Сондықтан ол Ер Қорқыт атанды» [5, 596–597 бб.]. Қорқыт туралы мәңгілік философиясының мәні де осында жатыр. Қорқыт арқылы адамдардың өмір үшін күресуші, бұл ғаламды гүлдендіруші, үйлесімдендіруші миссияны атқарушы екендігін мойындауға болады. Адамның бақыттылығы осы өмірлік қызметімен өлшенеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев (1997 жылы Қызылордада өткен «Қорқыт Ата және түркі әлемі» халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда) ғылыми-әдіснамалық іргетас болатын тұжырым-дарды жариялады: «Түбі бір түркі халықтарының ортақ ойшылы саналатын атақты ақын, дәулескер күйші, философиялық мазмұны аса терең аңыздардың кейіпкері Қорқыт бабамыз баршамыздың рухани болмысымыздың алтын арқауы болып табылады. Егемендікке қол жетіп, өзінің өткеніне көз жібере бастаған қазақ халқы үшін Қорқыт бабамыз қалдырған гуманистік ниеттегі дидактикалық мұралардың маңызы өзгеше зор дер едім. Өйткені, оның осыдан он ғасырдан астам уақыт бұрын айтқан өсиет қағидалары қоғамымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігімен де жақсы үйлесім тауып отыр. «Өлген кісі тірілмес, өткен қайтып келмес», – дейді абыз өзінің сөзінде. Ия, өткенді қадірлеуге, одан сабақ алуға болады, бірақ оған қайтып оралу жоқ екен, тек ілгері ұмтылу қажет. Осы қарапайым айтылған кемел ойды келешегіне үлкен бағдар белгілеп, әлемдік өркениет көшіне ілесіп, Орталық Азия Барысы болуға бекем бел байлап отырған бәріміз де мұқият зерделесек болады. Аңыз бойынша Қорқыт бабамыз артына адамның өлімнен қашып құтылмайтын-дығы, оның ғұмырын жарық дүниеде бітіріп кеткен жасампаздық ісі мен өшпес өнері ғана жалғастыра алатындығы туралы данышпандық пәлсапалық байлам қалдырды. Осы ғаламат ой әрбір саналы жанның ғұмыр бойы темірқазық етіп ұстар бағдаршамы болуға лайық десек, қателеспейміз...» [6,346 б.].

Қорқыт Ата аңызының түпкі философиялық пайымы – адам тәні өткінші, ал жаны, рухани жасампаздық еңбегі мен өнері - мәңгілік. Негізінен алғанда жан мен тәннің арасындағы айырмашылық та, бірлік те болмыстың екі қырының – өлім мен өмірдің байланысын танытады. Тәннің уақытша болмысы осындай жалпы табиғаттың заңдылығына бағынады. Ал, жанның мәңгілігі оның рух арқылы дамуы – адамға берілген қоғам алдындағы орасан зор жауапкершілік пен сынақ ретінде көрініс беруі хақ.

Қорқыт уағыздайтын мәңгілік мәселесі – өмірге күштар адам ғана жалпы ел мен қоғамның болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және парасаттылықпен орындай алады. Жалпы қорыта келгенде, Қорқыттың өлімнен қашуы – өткіншілік пен мәңгіліктің қайшылығын көрсетіп қана қоймай, мәңгіліктің өткіншіліктен артықшылығын, тіпті оның үстемдігін де айшықтайды десек қателеспейміз.

Түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы. Көне түркі жазба ескерткішінде «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының жариялануы. Ежелгі сақ-ғұндар мен олардың ұрпақтары – түркілердің дүниетанымындағы «мәңгілік» туралы түсініктері («ел», «жер», «еркіндік» туралы) кейін б.з. Ү- ғасырының екінші жартысында түркілер өз қағанатын, яғни мемлекеттігін құрғанда «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясына айналды. Алғаш рет «Мәңгі ел» мемлекеттік идеология ретінде Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктаста түркі еліне жария етілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде:

«Өтүкен-жерде керуен аттандырып қойып отырсаң елде мұң болмас. Өтүкен жыныста отырсаң мәңгі ел тұтып отырарсың сен. [7,190].

Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ [7,262] бетінде қайталанған. «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Тоныкөк ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды» [7,319].

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық

күштердің ұйтқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айрылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгі ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Л.Н.Гумилев те өзінің орхон-енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда руникалық жазулар эпитафиялық емес, публицистикалық сипатта деп жаңа бір пікірді білдірген болатын: «үш жазудың мәтіндері де түркілердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзінде ештеңемен бүркемелемей, халықты сендіргісі келеді. Ендеше жазу – үндеу, ондағы берілген материал таңдап алынған. Мұндай жанрдың болуының өзі сөздің түркі қоғамында нақты күш екендігін көрсетеді. Олай болса, дамыған қоғам және қоғамдық пікір де бар». О.Сүлейменов те публицистиканы әлемдік тарихқа ескерткіштің кірігуінің кезеңі ретінде, сонымен қатар, бұқаралық санаға кеңінен тартылуы тұрғысынан қарастырады Ендеше, бұдан шығатын қорытынды: «Мәңгілік ел» - көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлы Түркі қағанатының мемлекеттік идеологиясы екендігі саяси манифест тұрғысын да жария етілген.

Әл-Фарабидің «Мәңгілік» философиясы. X ғасырдың аяғында бұл идеологияның саяси - философиялық негізін түркілер өздерінің ортағасырлық өркениетті Қарахандар мемлекетін құрғанда шығыстың көрнекті ойшылы, философ Әл-Фараби жасады

Әдістемелік нұсқау. *Оқырмандарға «Мәңгілік ел» идеологиясының саяси - философиялық негізін оқып-үйрену үшін Әл-Фарабидің: Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармалары ұсынылады.*

Ортағасырлық Шығыс философтары пікірталастарының ортақ бір проблемасы – «мәңгілік» мәселесі еді. Бұл сол кездегі ортағасырлық араб әдебиеттерінде «захириттер» ағымындағы ойшылдар деп аталды. Әл-Фараби ортағасырлық түркі - мұсылман елінің тарихи шындығы мен өзіне дейінгі іргелі философтар Платон мен Аристотель ілімдеріне сүйене отырып, мәңгіліктің философиясын жасады. Ол әлемнің мәңгілігін тұрақты түрде және жүйелі дәлелдеуге тырысты. Әл-Фарабидің ойынша әлем өзінің мәні тұрғысынан құдайдың творчестволық әрекетіне қарағанда екінші, бірақ бұл тұжырым уақыт жағынан сәйкеспейді. Сондықтан әлем құдаймен мәңгі бірлікте. Аристотель сияқты ол қозғалысты мүмкіндіктен шындыққа өту, яғни мәңгілік құбылыс ретінде саналады. Уақыт қозғалыспен мәңгілік бірлікте дей отырып, ғалым уақытты Аристотельдің пайымынан басқаша, қозғалыстың сипаты ретінде қарастырады. Ғалымның мәңгілік теориясы әлемнің жаратылысы туралы діни ағымдарға қарсы бағытталды. Әл-Фарабидің екінші бір принциптік қағидасы – ақыл - ойдың бір мәнді болуы адамдарды мәңгілікке бастайтындығы. Бұл жерде жеке адамның мәңгілігі туралы емес, адамдар құрған қоғамның мәңгілігі туралы сөз болып отырғанын түсіну қиын емес.

Жалпы Әл-Фараби өзінің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады:

- дүниенің мәңгілігі;
- танымның болмысқа тәуелділігі;
- ақыл-парасат туралы ілімдер;

Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя ара-қатынасынан іздеді. Аристотель қағидаларынан өз дүниетанымына жақында-рын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, оның өз дәуірімен, яғни түркілер тарихымен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діни ілім негіздеріне сүйенгені белгілі. Сондықтан әл-Фарабидің де философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты. Ол, әсіресе, “Аспан астындағы дүние” ілімінен неғұрлым айқын көрінеді. Бұл Аристотельдің жасампаз ақыл жөніндегі көзқарасын әрі қарай дамыту еді. Жасампаз ақыл — тек “аспан астындағы дүниенің” қозғалыс себебі ғана емес, өз алдына логос. Осы дүниенің заңдылығы — жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ақылы әлемдік санамен үштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана — мәңгі. Адам болса дүние салады, өткінші. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді. Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, оған көп үміт артты. Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал

ретінде түсінді. Осы деңгейде дұрыс ойланып, оңды әрекеттену үшін философияның 9 қағидасын оқып-білу қажеттігін ескертеді. Мұндағы мақсат — тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа игілік көздерін іздестіру, соған қол жеткізу. Философ адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады. Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан — жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді.

Ғұлама ғалым өмір сүрген кезеңде түркілердің қала - мемлекеттері көп болған еді. Сондықтан ол «мемлекетті» көбінесе «қала» түсінігімен қатар қойды. Өйткені Әл-Фараби өмір сүрген дамыған ортағасырлық заманында қалалар – басқару билігі, әскери күші бар, қала айналасында: диханшылар, колөнершілер, көшпелі малшылар және т.б. түрлі әлеуметтік топтар өмір сүретін толыққанды мемлекет болып қалыптасты. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері ашылды. Бақытқа жету жолында Қала-мемлекет-терде тұратын адамдардың арасындағы қайырымды-лық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім Әл - Фарабидің «мәңгілік» философиясының ажырамас бір бөлігін құрайды және осы күнгі «Мәңгілік ел» патриоттық актысын қабылдаған қазақстандықтар үшін рухани құндылық ретінде саналады.

Сонымен қазіргі заманда қазақ елінің құрып отырған мемлекетінің ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» болуының түп тәркіні осы ортағасырлық түркілердің «Мәңгі Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси-философиялық тұрғыда негіздеген әл-Фарабидің «мәңгілік» философиясында жатыр десек қателеспейміз. Өйткені әл-Фараби бұл теориясын түркілердің тарихи өмір шындығынан алды. Елбасының Ортағасырлық түркілер өздерінің мемлекетін құрғанда да оны «Мәңгі Ел» деп жариялағаны мәлім.

Әдістемелік нұсқау. Оқырман қауым Елбасының: «Ұлттық идеяның тұжырымы ұлттық тарихи кеңістікте жатыр. Оны өзге бір өрістерден іздеу кезекті әмбебап құрылымдардың біріне қарай құлдырап кету деген сөз. Ұлттық идеяның қалыптасуы өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болады» деген сөздерін басты қағида ретінде ұстануы тиіс.

Сөйтіп, өз заманында Әл-Фараби осы мәселерді ғылыми жүйеге келтіріп, өзіне дейінгі және өз замандастарынан ілгері, озық ілім қалыптастыра алды. Нәтижесінде «Мәңгілік ел» жай ұғым емес, саяси философиялық маңызды тұжырымға айналды.

Ұлы Дала елінде (Алтын Орда және Қазақ хандығы) «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи сабақтастығы. Әдістемелік нұсқау. Бұл бөлімді оқып үйренуде оқырмандар Елбасы Н.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбатында *«Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғаса ды. Одан кейін Алтын Орда орнығады.... Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі»* [8]- деген сөздеріне сүйенулері қажет.

Ұлы Даланың кіндігі – Ұлытау ежелгі түркілер империясының ел апарып қондырған мекені болғаны Моңғолиядағы Тес өзені бойындағы бітіктаста ойылып жазылған. Онда түргеш халқының «Кеңгереске» қоныстанғаны айтылған. Кеңгерестің қай жер екендігін зерттеген ғалымдар Ұлытаудағы Сарыкеңгір мен Қаракеңгір аттарында сақталғандығы туралы қортындыға келген. Бұл туралы ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси манифест ретінде жария еткен «Күлтегін бітіктасының батыс жақ бетіндегі 39-шы жолынан да көруге болады. Онда қара түргештерге бару үшін «Кеңгереске» бет алғаны айтылған. Бұдан Мәңгілік Ел идеологиясының жария етілген кезінде қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарған түргештердің Ұлытау өңірінде ел болып отырғанына көз жеткізу қиын емес. Ұлытау төрінде Елбасының айтқан ұлағатты пікірі тағлымы мол тарихты зерделеген, қазақтың патриоттық сезімін оятатын, зерделі сұхбатында «тарихтың куәгері – Ұлытау» деп қадап айтқан еді.

Дамыған ортағасыр заманында түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын одан әрі жалғастыра отырып, Ұлы Даланың иесі – Алтын Орда өзінің қол астындағы елдер мен халықтарды біріктіру мақсатында қолданған.

Оны «Мәңгі Көк Тәңірі» сөз тіркестерінде «мәңгі» сөзі мен «тәңірі» сөзінің Шыңғыс ханның ресми құжаттарында жиі кездесуінен көрінеді. «Тәңірінің өзі қолдайтын, қамқорлығына алатын ел боламыз!» деген Шыңғыс ханның жарлығынан осыны байқауға болады. Алтын Орда дәуірінде «Мәңгілік Ел» құру идеясы «Мәңгі Тәңірінің күші» тұрғысында кездеседі. Сондықтан оқырмандар

бұл тарихи кезеңге сәйкес деректерді «Мәңгі Тәңірінің күші» сөздерімен басталған: Күйік ханның мөрінен, Арғұн ханның француз королі Филиппке жазған хатынан және Алтын Орда ханы Өзбектің елшісін растаған құжаттардан кездестіре алады. Мысалы төмендегі Арғұн ханның хаты «Мәңгі Тәңірінің күші» сөздерімен басталған.

Тағы да бір мысал: 1246 жылы Күйік ханның хатын саяхатшы Плато Карпини Рим папасына жеткізген. Бұл хатты 1920 жылы поляк ғалымы Кирилл Каралевский Ватикан мұрағатынан тапқан. Хатқа «Мәңгі Тәңірінің күші» деген сөздері бар Күйік ханның мөрі басылған және ондағы жазудың түрік тілінде екенін Францияның ірі монғолтанушысы Поль Пелльо зерттеу жүргізіп дәлелдеген.

Қазақ хандығы тұсында «Мәңгілік ел» идеясының сабақтастығы. «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы болған Түркі мемлекеттерінің сабақтастығын хандықтар мемлекеті тұрғысында жалғастырған тұлғалар: Жәнібек пен Керей, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан соңғы Кенесары хан еді. Мысалы: «Есім ханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы» деп айтылатын осы бір қысқа ғана ауызекі нақыл сөздердің мағынасында бүкіл сол Қазақ хандығы құрған мемлекеттің «Мәңгілік Ел» мұратына жетудің жолын айшықтайды. Тәуке хан тұсында үш бидің қатысуымен «Жеті Жарғы» жинағының шығуы да сол тарихи кезеңде заңға негізделген тұрақты мемлекет құрудың амалы болатын. Қай хан болмасын өз заманында қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оны күшейту үшін бар күш жігерлерін аямағаны белгілі. Мысалы, Абылай хан ел мен елді жақындастыру, көрші алпауыт елдермен қарым-қатынаста көрегендігімен дипломатиялық саясатты шебер жүргізе білген. Абылай басқа мемлекеттермен, әсіресе Хиуа, Жоңғар хандықтарымен қарым – қатынастары қазақ жұртының негізгі этносаяси мүддесіне сай жүргізілді. Чиң империясы тарапынан Орта Азия елдерін жаулап алу қаупі төнген кезде, Абылай Ауғанстан билеушісі Ахметшахпен байланыс орнатты. Абылай алыстағы Түркия билеушілерімен де қарым – қатынас жасауға әрекет еткен. Абылай іс жүзінде Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруге, тәуелсіз ел етуге күшін салды.

Әдістемелік нұсқау. Сондықтан оқырмандар Қазақ хандығы дәуіріндегі мемлекеттік идеологияның жаршысы және оны жүзеге асыруға билік пен қара халықты жұмылдырушы күш ретінде билер институтының рөлін оқып – үйренулері қажет. Бұл тұрғыда, әсіресе, Тәуке хан тұсында өмір сүрген қазақтың үш биі: Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің іс-қызметі туралы деректік материалдар жеткілікті екендігі белгілі. Сонымен Қазақ хандығы тұсындағы идея сабақтастығын оқырмандар сол замандағы Хан, би, жыраулардың іс-қызметі мен ел, жер және тәуелсіздік туралы нақыл сөздері және жырлары арқылы оқып, зерделеуіне болады.

Алаш зиялыларының «Мәңгілік Ел» мұраты жолындағы күресі және іс-қызметі. Қоғамды құратын адамдардың дүниетанымы сол қоғамның идеясының алғышарты болып табылады. Ал адамның танымы жөніндегі ілімдері ежелгі дүние философияларынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Әл-Фараби екені жоғарыда айтылды. Таным жөніндегі Фарабидің ілімдерін қазақ елінде жалғастырған және қазақ шындығымен терең байланыстырған Абай болды. Абай өлеңдері мен қарасөздерінен таным жөніндегі ілімнің тарихымен таныстығы анық байқалады. Танымда маңызды рөл атқаратын «жан қуаты» жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың Он жетінші, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші, Қырық үшінші қарасөздерінде қазақ тіліндегі балама сөздермен берілген. Ақынның Он төртінші, Он жетінші қарасөзі мен «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...», «Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» өлеңдеріндегі ақыл, қайрат, жүрек жайлы философиялық мағынадағы ойларының қайнар көзі әл-Фараби шығармаларында жатыр.

Әл-Фараби дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірінен айқын сезіледі. Абайда жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «инсаниаттың кәмәләттығы», «бенделіктің кәмәләттығы», «толық инсаниат», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу» т. б. атаулық мәні бар ұғымдар, сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі Фараби еңбектеріндегі ой желісінен туындайды.

Әдістемелік нұсқау. Сондықтан оқырмандар жоғарыда аталған Абайдың қарасөздері мен өлеңдерін әл-Фарабидің жоғарыда көрсетілген шығармаларымен салыстыра оқып, меңгерулері қажет. Ұлт зиялыларының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күресе отырып, қазақ халқының болашақта алдыңғы қатарлы ел болып қалыптасуының жолдарын іздестірді және халықты білім мен ғылымға, озық шаруашылық ұйымдастыруға шақырды. Алаш зиялылары: Ә.Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Смағұл Садуақасов, Міржақып Дулатов және т. б. шығармаларынан оқырмандар қазақ жері мен елінің тәуелсіздігі туралы ұстанымдары

мен көзқарастары туралы материалдарды табуына болады. *Мұстафа Шоқайдың «Бір тұтас Түркістан идеясы» осы «Мәңгілік Ел» идеясының түркі әлеміндегі бір көрінісі болды.* Сонымен қатар, Кеңес дәуірінде қазақ жерінің бүтіндігін сақтауда Ә.Ермеков пен Ж. Ташеновтің азаматтық ұстанымдары да олар туралы шыққан еңбектермен оқырмандардың танысуларына мүмкіндік бар. Осы жерде оқырмандарға Елбасының: «Мемлекеттік тәуелсіздік — тарихтың сыйы немесе тек қазіргі ұрпақтың ғана меншігі емес. Ол өткеннің алдындағы борыш және келешектің алдындағы жауапкершілік» [9,26 б.] - деген сөздерін келтіре отырып, оны кеңінен талқылау орынды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.
2. Кант И. Сочинения в 6 томах, 4-том. М:1963.
3. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
4. Қыраубайқызы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том: Ежелгі әдебиет. Астана. 2008.
5. Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ / Алматы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. – 799 б.
6. Назарбаев Н.Ә. «Қорқыт Ата және түркі әлемі» халықаралық ғылыми- теориялық конференциясына қатысушыларға арнаған құттықтауы // «Қорқыт Ата және түркі әлемі» конференция материалдары. – Қызылорда, 1998.
7. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. Астана: «Күлтегін», 2007
8. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты. 25.08.2014//http://www.akorda.kz/kz/page/page_217691
9. Н. Назарбаев. Жылдар мен ойлар. Алматы.»Кітап баспасы».2013.

Тиштибекова Ш.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ ШЕШУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ**

Бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастар жүйесінде Орталық Азия елдерінің жақын болашақта алатын орны өте маңызды және өзекті, оның перспективалары мен басымдылықтарын дамыту аймақтың тұрақтылығына байланысты. Халықаралық саясатта тең құқылы мемлекет болу үшін Орталық Азия мемлекеттері серіктестіктің, ынтымақтастықтың, қауымдастықтың тиімді жолдарын тандағаны тиіс.

XXI ғасырдағы халықаралық ахуалдың айтарлықтай тұрақты емес жағдайында мемлекетаралық байланыстарды дамытудың бірден - бір негізі саяси және қауіпсіздік ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Орталық Азия өңірі тек шығыстағы Қытайдың ғана емес, бүкіл әлем елдерінің назарын аударған стратегиялық маңызды аймақ саналады.

Мәселен отын - энергетика кешеніндегі ортаазиялық ықпалдастық шаралары аймақтағы барлық мемлекеттердің отынның барлық түрінен қамтамасыз етілуіне, табиғи шикі затқа және бірлескен инвестицияларға сүйеніп сенімді экспорттық және бірлескен өндірістік әлеует жасауға, бәсекелік қабілеті бар өнімдер беретін өндіріс ұйымдастыруға жағдай тудырып отыр. ТМД - ға мүше мемлекеттер арасында топтасқан елдер ортақтастығының жағдайлары мен дамыған проблемаларының тығыз интеграциясының қажеттілігін айқындайды. Соның бірі Ортаазиялық экономикалық қоғамдастық болып отыр. Ортақ шекара, біртұтас көлік қатынасы және өзге де коммуникациялар, экономикалық ұқсастықтар әлеуметті мен экологиялық проблемалар Орталық Азия мемлекеттерін тығыз бірлесіп өзара іс-қимыл жасауға итермелейді.

«Біздің басты құралымыз ұлттық мүддені қорғау мен жақын және алдағы жобалардың теңдестігін қамтамасыз ететін интеграция саясаты болуы тиіс, ең алдыңғы кезекте Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан аралық - Ортаазиялық Одақты нығайту және дамыту керек», - деп атап көрсетті Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында[1].

Қазіргі кезде Орталық Азия бірдей әлемдік ең ірі алпауыт мемлекеттерді, атап айтқанда Ресей, АҚШ, Қытайдың геосаясаттық қызығушылығының қиылысқан нысаны болып табылады.

Орталық Азиядағы мемлекеттер тәуелсіздік алғаннан бастап олардың алдында аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі маңызды болды.

Сонымен бірге, Орталық Азия қауіпсіздігі қауіп-қатерінің пайда болуы мен өсуі орталықазиялық мемлекеттерінің өзбетінше дамуының дәстүрлі ықпалына төнген арандату болды.

Оның үстіне бұрын байқалмаған жағдай - Орталық Азияда нашақорлықтың таралуы кең өріс алды және нәтижесінде экономика құлдырай бастады. Бұл кірген кірісті көлеңкелі тарату бәсекеге қабілетті экономикалық жүйені қалыптастыру және дамытуға кері әсерін тигізді [2].

Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесіне кері әсерін тигізетін фактордың бірі – заңсыз көші-қон көлемінің уақыт өткен сайын өсіп бара жатқандығы. Өйткені, бүгінде Орталық Азия мемлекеттерінің аумағы Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен Еуропаға заңсыз көші-қонды жеткізуші транзиттік база ретінде пайдаланылуда. Сонымен қатар, Ауғанстанда героин өндірудің көлемі жыл өткен сайын арта түскендігі өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кері әсерін тигізіп отыр. Есірткі трафиінің негізгі бағыттары көршілес мемлекеттердің аумақтары арқылы өтуде. Бұл біздің еліміздің аумағында да халықаралық есірткі құрылымдарының орнығуын және ел ішінде есірткі заттарын қолданушылар санын өсіруі мүмкін. Бұларға қоса Орталық Азия өңіріне мүдделерін өткізгісі келетін әлемдегі жетекші мемлекеттердің геосаяси ойындарын да жоққа шығаруға болмайды.

Қытайдың Орталық Азиядағы саясатындағы мақсаттардың тағы бірі аймақтағы саяси қауіпсіздікті сақтау болып табылады. «Шанхай ынтымақтастық ұйымының» пайда болуы да осы аймақ қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау мақсатында құрылғанын да айту керек.

Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы саяси және қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастық, Қытайдың онымен шектесіп жатқан Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанмен мемлекеттік шекара мәселесінің шешілу барысы, Қытай мен Орталық Азияның «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» шеңберіндегі ықпалдастығы сарапқа салынған.

Трансұлттық сипаттағы қауіп-қатердің алдын алу, өңірде қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек көршілес мемлекеттермен тығыз ынтымақтастық жағдайында жұмыс істегенде ғана тиімді болмақ. Қазақстан көпжақты формадағы – Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесіне қатысушы ретінде, сондай-ақ Орталық Азия аясында әртүрлі бағыттар бойынша белсенді саясат жүргізіп келеді. Оның ең бастысы – өңірлік қауіпсіздікке қатер төндіретін халықаралық лаңкестікке, діни экстремизмге, халықаралық есірткі бизнесіне, заңсыз көші-қонға, тағы басқа да қылмыстарға қарсы күрес болып табылады. Қазақстан өңірде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында барлық мәселелер бойынша көршілес елдермен ынтымақтастықты дамытып, тереңдетуде нақты шаралар қабылдап келеді.

Ақыр соңында есірткі бизнесі аймақта саяси және әлеуметтік тұрақсыздықты қолдауға қызығушылық танытып отыр, олай болса бұл қауіпсіздікке төнген нақты қатер деп түсіну керек.

Өкінішке орай, осы кезге дейін күш көрсету әдістері тек есірткі сатушы мен айналысушыға ғана жасалады, ал осы қатердің алдын алу шараларына көңіл аз бөлінеді.

Сонымен қатар, Орталық Азияда есірткімен айналысушылар үшін экстремистік және террорлық ұйымдарды жандандыру мынадай екі себептермен аса пайдалы болып отыр:

- аймақтағы күш құрылымдарының көңілін алаңдатады;
- аймақтағы ахуалды тұрақсыздандыру мақсатымен террорлық ұйымдармен барлық күштерді біріктіруге жағдай жасайды.

Мұның барлығы осы аймақта тасымалдауға жайлы жерді қарауға, соңғы кездегі наркотикалық заттардың, оның ішінде бағасының түскенін ескерсек, есірткіні өткізу аймағына жағдай жасайды [3].

Айтып кететін мәселе, Қазақстанда елдегі экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты және төлеуге қабілетті тұтынушылар нарығының ұлғаюына байланысты жоғарыдағы айтып өткен жағдай басқа елдермен салыстырғанда баяу.

Қазақстанның қауіпсіздігі Орталық Азия елдерімен біте қайнасып жатыр. Бұл аймақпен өзара қатынаста жаңа қауіп-қатерлер дәстүрлі түрде күтіледі, сондықтан аймақтық қауіпсіздікте Орталық Азия елдерімен өзара қатынастағы сыртқы саясат Қазақстан үшін өте маңызды.

Сонымен қоса бұл құбылыс орталықазиялық мемлекеттердің ішкісаяси және ішкіэкономикалық жағдайында қиындықтар туғызып отыр. Өзбекстандағы жабық режим және Қырғызстандағы терең дағдарыс қылмыстық миграция процесіне халықты тарта отырып одан әрі қиындатуда. Тәжікстанға келер болсақ халықтың бір бөлігі Қазақстан мен Ресейге жұмыс іздеумен көшіп-қонады және бір бөлігі аймақта «ашық қақпа» тұрақсыздығынан Ауғанстандағы жағдайға айтарлықтай ауытқып отырғанын байқауға болады [4].

Соңғы жылдары Орталық Азия елдерінің кооперацияға бірігудегі негізгі себептерінің бірі –

ортақ қауіпсіздіктің негізгі қауіптеріне бірлесіп қарсы тұру. Осыған орай аймақ ішінде бірқатар қауіпсіздік құрылымдарын, атап айтқанда: ҰҚҚҰ (Ұжымдық Қауіпсіздік Келісімінің Ұйымы), ТМД лаңкестікке қарсы Орталығы және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымдарының қызметтері [5].

Біздіңше, Орталық Азия мемлекеттері арасында мүддеге деген қызығушылықтың жеткіліксіздігінен, саяси әлсіздік немесе Кеңестік Одақ кезеңінен қалыптасқан немесе қалып қойған мемлекеттің дербестігінің болмауы, осы бес орталықазиялық мемлекеттерінің (Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстан) ынтымақтасуында тосқауыл болуда.

Үстіміздегі жылдың басында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Стратегиялық зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі бірлесіп, «Орталық Азия-2016: трендтер мен сын-қатерлер» атты тақырыпта тұсаукесер жиынын алғаш рет өткізген еді.

2016 жылдың басты оқиғаларының ішінде әлемдік нарықтар конъюнктурасының нашарлауы және Орталық Азия елдеріндегі экономикалық өсім қарқынының төмендеуін айтуға болады. Сондай-ақ, Еуразиялық кеңістіктегі экономикалық өзара іс-қимылдардың жаңа жолдарын іздеу де биылғы жылдың еншісіне тиеді. Өйткені, әлемдік дағдарыс, Ресей экономикасының бәсеңдеуі өз кезегінде тығырықтан шығудың басқа да жолдарын іздеуге мәжбүрлейді.

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты ұсынып отырған 10 негізгі оқиғаның үштігін – Орталық Азияда Қытайдың инвестициялық қатысу үрдісінің кеңеюі түйіндейді.

Сонымен қатар, жиында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты сарапшылары айқындаған Орталық Азия елдерінің аймақтық қауіпсіздігі мәселелері және оларды шешуге қатысты басты оқиғаларды анықтады.

Біріншіден, ауғандық фактордың аймақтық қауіпсіздік өзекті болуы да назардан тыс қалмақ емес. Осы ретте күрделі әскери-саяси жағдайдың аясында биліктің шоғырлануы мен үкіметтің тұрақты жұмыс істеу мәселелері маңызды бола түспекші.

Екіншіден, Сирия шиеленісіндегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаюы Орталық Азия елдері үшін жаңа сын-қатер болуы мүмкін.

Үшіншіден, аймақтық қауіпсіздік саласындағы Орталық Азия елдерінің күш-жігерінің белсенденуі. Яғни, 2016 жылы аймақтық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері талқыланатын бірқатар басқосулар мен кездесулер өткізіледі деп күтілуде.

Төртіншіден, Орталық Азия елдерінің кезекті электоралды жүйеге енуі. Ауғанстан билігі үшін салмақты сынақ болатын парламенттік және жергілікті кеңес сайлаулары өтпекші. Қырғызстанда саяси күштердің орналасуын анықтайтын жергілікті кеңеш сайлауы да маңызды оқиға қатарында болмақ.

Бесіншіден, аймақтық көлік және энергетикалық жобалардың дамуының жаңа кезеңі. Ең маңызды оқиғалардың бірі Түрікменстан – Ауғанстан – Пәкістан – Үндістан газ құбырының құрылысы және «CASA-1000» Орталық Азиядан Оңтүстік Азияға электр беру желісі құрылысының басталуы болмақ. Өзбекстанда Қытай – Орталық Азия – Еуропа халықаралық көлік дәлізінің басты бағыт саналатын «Ангрен-Пап» теміржол магистралі іске қосылады деп күтілуде [6].

Алтыншыдан, Иранның аймақтық үдерістерге қайта оралуы. Халықаралық санкциялар алынғаннан кейін Иран экономикалық және сыртқы саяси қызметін белсенді жүргізе бастады.

Жетіншіден, 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне Қазақстанды тұрақты емес мүшелікке сайлану бойынша дауыс беру. Халықаралық қарым-қатынастар жүйесінің трансформациясы мен өсіп келе жатқан жаһандық сын-қатерлердің аясында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше құрамына кіру Қазақстанның ғана емес, тұтастай алғанда ортаазиялық аймақтың халықаралық дербестігін күшейтеді.

Жиында осы аталған мәселелерге байланысты науқан қыркүйек айына дейін жалғасып, қыркүйек-қазан айларында дауыс беру өтіп жатыр. Қазақстанның кандидатурасын көптеген ел қолдайды. Өйткені, Қазақстан өңірдегі ірі ойыншының бірі болып табылады. Қазақстанның салықалы халықаралық ұйым тарапынан жаңа мәртебеге ие болуы бүкіл ортаазиялық өңірдің аймақтық, халықаралық саяси процестерде рөлінің артуына септігін тигізеді.

Сонымен қатар энергетикалық қауіпсіздік мәселесі Орталық Азия елдерінің энергетика саласындағы өзара әрекеттесудің тиімді жүйесінің құрылуымен және өз ресурстарын сыртқы қол сұғушылықтардан қорғаумен байланысты. Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан және өңірдің басқа да елдерінің мақсаты өз энергетикалық жобаларын кедергісіз толық түрде жүзеге асыра алатын арнайы қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру және өңірде тұрақтылықты сақтау.

Сондықтан Орталық Азияда аймақтық қауіпсіздік мәселелері және оларды шешу стратегияларын қарастыра отырып, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің бастапқы мақсаты алдымен ұлттық мүддені қорғай алатын мемлекеттің саясаты мен стратегиясын жасайтын механизмді құру, содан соң басқа аймақтармен ғаламдық проблемелар мен қауіптерді шешетін аймақтық деңгейдегі өзара ынтымақтастық пен қатынастағы саясатты құру керектігін анықтадық.

Қорыта келе, Орталық Азия елдерінің аймақтық шиеленістер, халықаралық терроризм, есірткі сату, заңсыз көші-қон және т.б. барлық әлеуетті қауіпті тудырушы жағдай және аймақтық қауіпсіздік мәселелерімен қарама-қайшылығында жедел өзара шара мен жаңа тәсілдерді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы: Білім, 1997. – 176 б.
2. Сассер А. Восход афганского полумесяца // Internationale Politik (Berlin, русская версия). — 2009. — № 5. — С. 9.
3. Яшлавский А. ХАМАС и геополитические процессы на Ближнем Востоке // Мировая экономика и международные отношения. — 2009. — № 5. — С. 32.
4. Оспанова А.Н., Куланбаева С.М. Қазіргі халықаралық қатынастағы миграциялық процесстер және Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік мәселелері//<http://www.rusnauka.com/>
5. Региональная безопасность: геополитические и геоэкономические аспекты (теория и практика) / Под ред. А.В. Возженникова. - М.: РАГС, 2006. - С. 124.
6. Искендірұлы Ф. Биыл Орталық Азияны қандай оқиғалар күтіп тұр? «Егемен Қазақстан»//16.01.2016

Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф.

ФОРМИРОВАНИЕ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ

Специфической особенностью переходного периода в Казахстане является наличие харазматического лидера - президента Н.А. Назарбаева, несомненная заслуга которого заключается в проведении политических реформ на первых стадиях демократизации.

Весьма примечательным в социокультурной трансформации страны был 1994 год, когда Н. А. Назарбаев провозгласил концепцию Евразийского Союза, выступая перед профессорско-преподавательским составом и студентами Московского государственного университета имени М.В.Ломоносова. Российский ученый А.Дугин отмечает, что Президент огромного независимого государства выступил с официальным провозглашением евразийской доктрины как исторического императива, как универсального призыва, как приглашения не только к мысли, но и к действию, к конкретной реализации евразийского проекта.

По его мнению, это был поворотный пункт в истории идеи евразийства, так как проекты стали обретать плоть, система интуиций, обобщений и философских теорий начала воплощаться в конкретную жизнь. Он считает, что суть теории евразийства содержательная, предельно нагруженная конкретным смыслом философия, стратегия, геополитическая платформа. Можно согласиться с тем, что интеграционная инициатива Н.А.Назарбаева мобилизовала усилия страны СНГ к воссозданию единой зоны - мира, безопасности, экономического процветания, духовного и культурного единения. 3 июня 1994 г. Президент Казахстана Н. А. Назарбаев направил всем главам государств СНГ документ исторического значения – «Проект о формировании Евразийского союза государств». Именно с этого момента стало возможно говорить о превращении евразийства из чистой теории в конкретную политическую практику. Этот проект предполагал объединение всех бывших республик СССР в единое экономическое пространство при сохранении ими своего политического суверенитета, что вызвало мощный резонанс в сознании политических элит и народов стран СНГ [1].

Действительно, это так, ибо о необходимости создания Евразийского Союза начали писать в 20-30-х гг. XX века классические евразийцы: Н.С.Трубецкой, П.Н.Савицкий и Г.В.Вернадский, которые надеялись постепенно превратить Советский Союз в Евразийский Союз путем смены коммунистической идеологии на евразийскую [2].

Казахстанский ученый **Ольга Видова** отмечает, что Н.Назарбаев быстрее всех понял: для того,

чтобы стать процветающей страной, необходима интеграция прежде всего внутри СНГ, нужен внутренний рынок сбыта производимых товаров. Высказанная Президентом Казахстана идея Евразийского союза явилась важным шагом на пути осуществления интеграции бывших республик СССР. Она указывает, что в марте 1994 г., когда была провозглашена идея Евразийского союза, Нурсултан Назарбаев, еще не говоря о ней, ратовал за экономический союз, проект которого был разработан в Казахстане. Проект предусматривал заключение Таможенного союза, Валютного союза, создание общего экономического пространства, согласование внешнеэкономической политики, подчеркивал необходимость соблюдать законодательство - таможенное, валютное, налоговое. Но сама идея создания Евразийского союза, говорит она, даже теми, кто ее не в полной мере понял, была справедливо воспринята как «глобальная и неожиданная». Но не потому, что евразийские идеи впервые были озвучены в Казахстане.

Согласно этому проекту Нурсултана Назарбаева 1994 г. предлагалось формирование «ряда наднациональных органов»:

- Совет глав республик и глав правительств ЕАС - высший орган политического руководства;
- Парламент ЕАС - высший консультативно-совещательный орган Союза;
- Совет министров иностранных дел ЕАС - координация внешнеполитической деятельности;
- Межгосударственный исполнительный комитет - постоянно действующий исполнительно-контролирующий орган;
- Информационное бюро Исполкома ЕАС;
- Совет по вопросам образования, культуры, науки - формирование согласованной политики в этой области.

Идея формирования Евразийского Союза содержала также культурно-цивилизационную составляющую, которая выступала в роли своеобразного «идейного стержня» интеграционного проекта, выражая на практике качественно новое прочтение содержания и смысла евразийского учения применительно к реалиям многополярного мира.

Возможно, свою роль в осознании необходимости новых подходов к интеграции сыграл и «концептуальный» кризис СНГ, так и не определившегося со своей стратегической миссией. Такой миссией по определению не могли быть простой механический «развод» постсоветских государств, либо их «аморфное» и бесцельное сосуществование. Идея евразийства «легла» на интуитивное понимание необходимости сохранения конструктивного потенциала единства, который продолжал и продолжает связывать страны и народы Союза [3].

Дальнейшие социокультурные процессы привели к постановке более конкретного сценария развития республики. Этот сценарий получил свое воплощение в октябре 1997 года, в Послании Президента РК народу страны «Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев». В нем была представлена Стратегия развития Республики Казахстан до 2030 года. Она обозначила долгосрочный путь развития суверенной республики, направленный на трансформацию страны в одно из самых безопасных, стабильных, экологически устойчивых государств мира с динамично развивающейся экономикой.

Стратегия развития «Казахстан-2030» предусматривала реализацию **семи долгосрочных приоритетов**: 1) национальная безопасность; 2) внутривнутриполитическая стабильность и консолидация общества; 3) экономический рост, базирующийся на развитой рыночной экономике с высоким уровнем иностранных инвестиций; 4) здоровье, образование и благополучие граждан Казахстана; 5) энергетические ресурсы; 6) инфраструктура, в особенности транспорт и связь; 7) профессиональное государство, ограниченное до основных функций [7].

Перед казахстанским обществом, вступившим на путь капиталистического развития и демократизации, в условиях повсеместного экономического спада, социальной напряженности, поляризации интересов, крушения прежней системы ценностей, встала задача самоидентификации каждого его члена и государства в целом, выбора дальнейшей программы действий.

Более того, глобальные вызовы современности чрезвычайно актуализировали проблему гражданской идентичности [8]. Известно, что самоидентификация народа предполагает воссоздание культурной, экономической, политической истории. Но в первую очередь самоидентификация есть особого рода культурный артефакт. В нем задействованы исторические силы, внутренние и внешние факторы. Становление государственности казахского народа и проблемы его самоидентификации рассматриваются в контексте формирования полифоничной культуры евразийских стран.

Этот круг вопросов входит в содержание понятия идентичности, если под ней в самом

общем виде понимать некую устойчивость индивидуальных, социокультурных, национальных или цивилизационных параметров, их самоидентичность, позволяющая ответить на вопросы: кто я и кто мы. Российский ученый И.В.Лысак полагает, что «проблема идентичности в эпоху глобализации включает, прежде всего, персональную идентичность – то есть формирование у человека устойчивых представлений о себе самом как члене общества, и культурную идентичность, способную вызвать ощущение самоидентичности у народа, позволяющего ему определить свое место в транснациональном пространстве» [4, 91–95].

Казахстан, будучи молодым евразийским государством переходного типа, оказался на стыке не двух, а трех культур. Во-первых, это молодое поликультурное и полиэтничное общество, и уже в силу этого оно не может быть отнесено к «чистому» типу азиатских государств; во-вторых, здесь по-прежнему сильны еще традиционалистские настроения, поддерживаемые господствующей формой религии - мусульманством. А это означает преобладание в общественном сознании (менталитете) группового патриотизма, ценностей рода, семьи, родителей, старших. В отношениях к власти превалируют мотивы эмоциональной зависимости, опеки, запрета на распространение в ее адрес агрессии. Восточная этика не допускает выражение любых индивидуальных чувств, не совпадающих с заданными нормами. Наконец, в-третьих, здесь уже достаточно сильно влияние и западных ценностей, в силу тесного взаимопроникновения казахской и российской культур. Со времен Абая и Ч. Валиханова эти тенденции живут и находят все более широкий отклик в общественном сознании казахстанцев.

Начиная с XVIII века, целостный характер культуры евразийского общества, подвергается интенсивной модификации и сильному влиянию западного мира, С учетом целого ряда факторов, действие которых проявилось в последние десятилетия (рост промышленного производства, обретение независимости республики, введение частной собственности, демократических институтов и т.д.), эта тенденция становится преобладающей. Это предвещает разрушение фиксированных систем межличностных связей и отношений, изменение обычаев и правил поведения людей, резкое социальное расслоение, появление новых социальных групп (стратов) и другие социальные сдвиги.

На данном этапе Казахстан не нуждается в единственной, жестко детерминированной идеологии и даже не в государственной идее. В то же время он нуждается, с одной стороны, в самоидентификации (в историко-культурно-экономическом плане) - одной из основополагающих предпосылок становления государственности, с другой в тщательно разработанной социальной стратегии (какая цель, что строим?). И, конечно же, в экономической стратегии выхода из кризиса, без которой ни одна идеологема не будет иметь смысла.

Итак, первостепенной задачей, стоящей перед учеными на современном этапе становления молодой демократии, является поэтапное формирование норм и ценностей, способных консолидировать общество и обоснование способов их реализации в жизнь. Ибо процесс изменения социальной структуры общества еще не завершен. На месте прежних микросоциальных связей не сложились новые. Ничто не приобрело еще окончательного, завершенного характера. Все силы людей поглощены поиском и освоением новых ниш экономического и социального выживания. В такой ситуации и форсирование, и невнимание к идеологическим проблемам со стороны обществоведов равно чревато непредсказуемыми последствиями для общества, уже пострадавшего от социальных экспериментов.

На стыке эпох, в переломные, кризисные моменты общая идея, как правило, многоуровневая, вбирающая в себя программу действия на ближайшие десятилетия, корректируемая практикой общественного строительства спланировала общество, интегрировала его силы и способствовала «рывку через пропасть». Примеров тому в мировой истории масса. Наиболее известным является американский опыт. В этом случае был поэтапный процесс идеологической консолидации общества.

В свете опыта других стран для успешной социально-политической трансформации казахстанского общества важно сохранить уникальность и самодостаточности национальных культур этносов, национальное единство, создать большую коалицию политических партии, поддержать общественные организации и движения. Специфические особенности перехода нашего общества на рыночные отношения и демократическое обустройство жизни заключаются в становлении активности, автономности индивида на базе традиций национальной культуры. Все большее развитие духовной культуры народа должно способствовать осознанию социально-исторической общности людей, формированию нового менталитета, коллективного самосознания и архетипов мышления.

В наше время запрос на поиск национальной идентичности обусловлен также и новыми общественными реалиями, становлением независимости и суверенитета Республики Казахстан. Лидер

нации - Н.А.Назарбаев - связывает дальнейшую консолидацию народа Казахстана с осмыслением и успешным решением новых вызовов. Это - ускорение исторического времени, глобальный демографический вызов, угроза глобальной продовольственной безопасности, острый дефицит воды, глобальный энергетический вызов, сокращение запасов природных ресурсов, «третья индустриальная революция», нарастающая глобальная социальная нестабильность, кризис гуманитарных ценностей нашей цивилизации, угроза новой мировой дестабилизации. Осознание и преодоление этих проблем современности – важнейшая необходимость нашего времени. Н.А.Назарбаев в стратегии «Казахстан – 2050» выдвинул в качестве консолидирующих ценностей: новый казахстанский патриотизм, равноправие всех граждан и единство народа [5].

Список литературы:

Казахстанская геральдика, олицетворяющая историю прошлого и настоящего, историю и культуру казахского народа, становится компонентом идеологии, влияет на формирование казахстанского патриотизма, выступает в роли фактора, консолидирующего общество.

Список литературы

- 1.Размышления у подножия Улытау: Н.Назарбаев - о будущем Казахстана <http://www.inform.kz/rus/article/2699345>
- 2.Назарбаев Н. Идеиная консолидация общества как условие прогресса Казахстана. – Алматы, 1993
- 3.Доктрина национального единства Казахстана, 2010 г.
- 4.Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан. // Казахстанская правда. 1996. - 29 мая.
- 5.Патриотический акт «Мәңгілік ел» // Казахстанская правда. 2016. 26 апреля.

Айзатуллова А.Ш.

ИСТОРИЯ: СОВЕТСКАЯ АВИАЦИЯ В НАЧАЛЬНЫЙ ПЕРИОД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

Тяжелейшие испытания в первый этап начала Великой Отечественной войны пришлось испытать авиации РККА, которая понесла ужасающие потери «приблизительно 700 самолетов на северном участке, 1570 — на центральном и 1360 — на южном участке театра военных действий, через два дня войны численность авиации западных округов сократилась почти на 3922 самолета» [11]. Для ответа на вопросы как это все могло произойти, необходимо вернуться назад до 1939 года, когда Вторая Мировая вот-вот собиралась разгореться.

С 11 мая по 16 сентября 1939 года шли бои с японцами в районе реки Халкин-гол. И с Советской, и с Японской стороны данное боестолкновение называется всего лишь инцидентом, хотя все понимали, что в любой момент он может перерасти в крупномасштабный конфликт на Дальнем востоке, который нашей стране был крайне опасен из-за угрозы войны на два фронта. Авиация РККА на начало конфликта была представлена «57-м Особым корпусом РККА имевшим 82 самолета (100-я смешанная авиабригада). К концу мая их количество возросло до 203 аппаратов за счет дополнительной переброски на ТВД из Забайкалья 23-й авиабригады»[8].

«Общая численность японских ВВС, дислоцированных в Маньчжоу-Го (на 1 мая 1939 г.), составляла 355 самолетов» [5.С.9]. Но уже к середине конфликта «С советско-монгольской стороны в боевых действиях участвовали в общем счете свыше 900 самолетов, с японской — более 400 [6]. На данный период большинство истребительной авиации составляли бипланы И-15 различных модификаций (И-153, И-15 бис) и монопланы И-16, которые в результате боев показали довольно неплохие результаты в воздушных боях против японской авиации. В результате ведения боевых действий была проделана реорганизационная работа. «Для улучшения руководства авиационными частями в составе советской воздушной группировки в Монгольской Народной Республике была проведена реоргани-

зация: вместо 100-й и 23-й смешанных авиабригад образовали истребительную (22-й и 70-й иап, полковник Т.Ф.Куцевалов) и бомбардировочную (38-й и 150-й сбп, полковник В.Е.Нестерцев) бригады. В частях резко активизировалась летная и боевая учеба, а в штабе воздушной группировки были разработаны инструкции и рекомендации для летного состава по ведению боев с японскими самолетами. Большое внимание уделялось организации службы ВНОС (Войска воздушного наблюдения, оповещения и связи)» [8]. В результате данного конфликта был приобретен бесценный в будущем опыт, например как создание ложных аэродромов, улучшение служб «ПВО», и впервые применение против истребителей противника реактивных снарядов РС-82.

Следующим испытанием для ВВС РККА стал ввод советских войск в Польшу 17 сентября 1939 года. К будущему удивлению советского руководства их разведанные о состоянии и качестве ВВС Польши были значительно превышены. «Общее количество самолетов перед войной «определялось достаточно точно - 1570 - 1620 машин». Но парк собственно боевых частей оценивался в 1170 самолетов, что более чем в два с половиной раза превосходило реальную цифру. Предполагалось, что за первые две недели боев немцы вывели из строя до 800 польских самолетов» [7.С. 5-10]. На данном участке боевых действий сопротивления со стороны польских ВВС почти оказано не было, а в ходе кампании было захвачено множество трофейной техники, «Только в Киевском военном округе насчитали 253 польских самолета, из них 155 исправных» [7.С. 5-10].

Зимняя война с Финляндией, начавшаяся 30 ноября 1939 года выявила множество слабых сторон красной армии в целом, и авиации в частности. «Против финских ВВС, насчитывавшие порядком 150 самолетов, было брошено почти треть всех советских ВВС» [3.С.5], но за весь период Зимней войны было потеряно СССР «348 боевых машин (небоевые -296 самолетов)» [1.С.87-101]. Немалый вклад в большие потери стороны РККА внесли союзники Финляндии в данной войне, такие страны как Швеция, Англия, Франция, США активно поставляли военное снаряжение и новую авиатехнику финской авиации. Для примера во время войны в Финляндию было поставлено «134 самолета восьми различных типов, из которых все, за исключением бомбардировщиков «Бристоль Бленхейм», являлись новыми» [4]. В ходе данного конфликта был получен бесценный опыт взаимодействия фронтовой и морской авиации. Также усовершенствовались попытки использования авиации в ведении стратегической войны. Совершались налеты на административные и промышленные центры Финляндии. «Основным средством завоевания господства в воздухе являлась истребительная авиация. ВВС РККА затратили на решение этой задачи до 60% всех вылетов самолетов-истребителей. Всего за время войны в воздухе и на земле был уничтожен 381 самолет противника, в том числе 320 истребителей (по другим данным: полностью уничтожено — 76, сдан в ремонт — 51 аппарат) [1.С.87-101]. «За весь период войны финская авиация не совершила ни одного налета крупными соединениями, а действовала в большинстве случаев отдельными самолетами. Наибольшей дальностью проникновения авиации противника являлись границы Кировской железной дороги, ст. Грузино, Белоостров и о. Гогланд» [2]. Итоги Зимней войны были обобщены и проанализированы на мартовском пленуме ЦК ВКП(б) 1940 г. Были выявлены серьезные просчеты и недостатки в управлении и организации командным составом ведения боевых действий и тыловых служб. В результате был подготовлен документ «Боевые действия ВВС Красной армии в войне против белофиннов», который отражал результаты конфликта, его ошибки, рекомендации и способы улучшения обороноспособности страны [9].

Целый год до июня 1941 года страна работала над укреплением обороноспособности страны. Разрабатывались новые виды техники, в авиационной отрасли активно появлялись и поступали в войска такие самолеты: Як-1, Лагг-3, Миг-3, Пе-2, которые пока не превосходили немецкие машины, но уже несколько им не уступали. К тому же, интересен тот факт, что Нацистская Германия поставляла нам образцы своей техники в 1940-1941 годах. Советский союз знал любые мельчайшие подробности самолетов будущего врага, но не сумел должным образом воспользоваться полученной информацией. Почему Германия поставила нам данные типы машин есть множество версий, «исходя из мнений А.С.Яковлева, А.И. Шахурина и И.Ф. Петрова, которые полагали, во-первых, что немцы собирались в ближайшее время напасть на СССР и поэтому раскрывали секреты своей авиации и не боялись использования своих технических достижений советской стороной, а во-вторых, стремились подавить и запугать советских экспертов мощью своей авиации» [10.С. 57]. «На начало войны 22 июня 1941 года Советская авиация из общего числа 5700 самолетов в передовых частях полностью боеготовыми были только приблизительно 1500 истребителей и 1300 бомбардировщиков» [11]. «Все же большинство авиационного парка составляли устаревшие самолеты истребители бипланы И-15 и монопланы И-16,

и только 1400 штук из всего количество относились к современным типам как Миг-3 и Як-1» [3.С.8]. Вот несколько общих причин первых неудач начального периода войны, по мнению генерал-майора люфтваффе Вальтера Швабедиссена:

- очень точно выбранное для нападения время;
- критическая слабость советских частей, находившихся в состоянии перевооружения;
- факт, что это перевооружение проводилось только на передовых аэродромах;
- концентрация советской авиации вблизи границы;
- плохое состояние советских аэродромов;
- большое количество самолетов, примененных немцами;
- беспечность русских;
- недееспособность советского командования [11].

Но, несмотря на все трудности, пилоты РККА храбро сражались даже в самые отчаянные дни и минуты против превосходившего врага. С отчаянием, фанатизмом, пилоты и даже их устаревшие машины делали фантастические усилия по борьбе с врагом. И совсем скоро, после множеств отступлений, поражений, но советский пилот будет бить «немца» в воздухе, а авиация СССР станет одной из самых сильнейших в мире.

Литература

1. ВВС Красной Армии в Зимней войне 1939-1940 // Спецвыпуск журнала «История Авиации». №2, 2006. 74 с.
2. ГВА Ф. 34980. Оп. 1. Д. 771. Л. 4
3. Еженедельное издание 100 битв, которые изменили мир Россия ООО « Де Агостини», г. Москва, 2014.-№141.
4. Зимняя война 1939-1940. Политическая история. Москва, «Наука», 1999. 379 с. [Электронный ресурс] // Библиотека Коммари [сайт]. URL http://aleksandr-kommari.narod.ru/talvisota_1.htm/ (дата обращения: 16.02.2015)
5. Кондратьев В.И. Битва над степью. Авиация в советско-японском вооруженном конфликте на реке Халхин-Гол. — М.: Фонд содействия авиации «Русские витязи», 2008. 144 с.
6. Кондратьев В.И Халхин-Гол: Война в воздухе. — М.: «Техники — Молодежи», 2002. 64 с. [Электронный ресурс] // Военная литература: [сайт]. [2014]. URL: [http:// militera.lib.ru/](http://militera.lib.ru/) (дата обращения: 16.02.2015).
7. Р. Котельников. Авиация в советско-польском конфликте сентября 39 года // Авиация и космонавтика вчера, сегодня, завтра. - 1999. - №9 (Выпуск 50). 5-10 с.
8. РГВА Ф. 29. Оп. 56. Д. 82. Л. 62.
9. РГВА Ф. 29. Оп. 34. Д. 542. [Л. 33-34.]
10. Соболев Д.А. Немецкий след в истории советской авиации. М., 1996 128 с.
11. Швабедиссен В. Сталинские соколы: Анализ действий советской авиации в 1941-1945 гг. — Мн.: Харвест, 2001. 338 с. [Электронный ресурс] // Военная литература: [сайт]. [2014]. <http://militera.lib.ru/> (дата обращения: 16.02.2015).

Әбікенов Ж.О.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСАЯСИ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Әртүрлі этностардың қоғамда бірігіп өмір сүріп, біркелкі дамуы әрбір көпұлтты мемлекет, соның ішінде Қазақстан үшін күрделі мәселе болып табылады. Егеменді елімізде тұратын ұлттардың өткені мен бүгінін зерттеу, республикада болып жатқан үрдісті жіті қадағалау мемлекеттің ары қарай дамып қалыптасуы үшін қажет. Тарих ғылымының тамаша бір ерекшелігі - адамзаттың өткен жолдары мен жылдарында кездескен кезеңдерді, оқиғаларды оңды-солды бұрмаламай нақты деректермен дәлелдеп көрсетуі.

Адамзат әртүрлі әлеуметтік топтардан тұрады. Этностар мен ұлттар күллі әлеуметтік топтардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылады. Себебі, кез келген адам өзінің тағдырымен тарихи ұштасқан этностың құрамдас бөлігі. Адамды этностан айыруға болмайды. Осы қасиетінің арқасында этнос қауымдастығы адамдардың әлеуметтік өмірінің ең сенімді нысаны болып табылады. Этностық қауымдастықтың қоғамдағы аталмыш сенімділігі мен шайқалмас тұрақтылығы сан қилы тарих беттерінде қатаң саясат пен біржақты идеология салдарына қарамастан бірнеше мәрте дәлелденді. Этностар әлеуметтік құрылысына, тілдік ерекшелігіне және т.б. белгілеріне байланысты әртүрлі

болады. Бұл этностардың өздеріне ғана тән әрқилы құрамдас элементтерден құралатындығын, әлемдегі халықтардың типологиялық қатынастарға байланысты бір-біріне ұқсамайтындығын білдіреді.

Осыған орай, мемлекет жүргізетін этносаясаттың негізін, оның мақсаттары мен міндеттерін, халық аңсайтын бейбіт өмір мен этносаралық тату қатынастардың мазмұны, жоғарыда аталған ұғымдардың алғашқы фундаменти болып табылатын «этнос», «ұлт» және осылардан туындайтын т.б. ұғымдар мен терминдердің түп-төркіні зерттеліп, теориялық-әдіснамалық қыры заманауи талаптарға сай жан-жақты талданады.[1]

Қоныс аудару үрдісін зерттеу, оның зардаптары, туған жерлеріне қайта оралу, орналасу және ортаға бейімделуін жөнге салу, ерекше назар аударуды қажет ететін мәселелердің бірі екені сөзсіз.

Қазақстанның полиэтникалық қоғамға айналу процесі ұзақ тарихи кезеңдерді қамтиды. Қазақстан тарихында ол кезеңдер үшке бөлінеді.

Бірінші кезең Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруімен байланысты. Нәтижесінде қазақтардың көшпенділіктен отырықшылыққа ауысуы арқылы өмір сүру стилі, құндылықты нормативтік жүйесі өзгереді. Осы кезеңде өмірлік маңызы бар құндылықтардың бастамашылары қазақ интеллигенциясы пайда болады.

Осы кезеңде Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс өңірлерін отарлаудың әскери-әкімшілік билігінің нәтижесінде славяндықтардың ареалы пайда болды. Олардың көшін казактар бастап келді. Жайық казак әскерінің құрамында славяндардан басқа башқұрт, түркімен, татар, қалмық, қарақалпақтар да болды.

Екінші кезең Қазақстанның КСРО құрамына енуімен байланысты. Осы кезеңде Қазақстанның саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми салаларында жаңа бетбұрыстағы алғышарттар құрылып, жаңа интеллектуалдық мүмкіншіліктер пайда болады, нәтижесінде Қазақстан мемлекеттілікке қол жеткізеді.

Екінші кезеңде Қазақстанның полиэтникалық құрамы жылдам қалыптасты. Оның негізі ретінде КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің 1924 жылғы 17 қазандағы «Отарлау мен көшірудің кезек күттірмес міндеттері туралы» қаулысын айтуға болады. Бұл құжаттың отарлаушылық маңызы КСРО аумағынан Қазақстанға адамдарды көшіріп орналастыру арқылы өңделмеген жерлерді шаруашылық айналымға енгізу еді. Бұл процесс екі бағытта жүзеге асырылды: бірі – халықты ерікті жолмен көшіру, екіншісі – күштеп көшіру. Шын мәнінде, ерікті деген болмады, екі акция да күштеп көшіру арқылы атқарылды. 1940 жылға дейінгі уақытта Қазақстанға 65 мың шаруа отбасы көшіп келді.[2] Оның ішінде Украинадан - 6478, Белоруссиядан - 2031, Воронеж облысынан - 1142, Курск облысынан - 1415, Рязанск облысынан - 574, Татарстаннан - 917, Чуваш республикасынан - 876, Мордовадан - 591, өзге де өңірлерден - 1068 отбасы көшіп келді.[3]

Үшінші кезең Қазақстанның тәуелсіздік алуымен және халықаралық қауымдастықтың субъектісі болуымен байланысты. Бұл кезеңде әрбір этникалық топтың еркін дамуына қол жеткізілді, этникалық ерекшеліктерін қайта түлетуге мүмкіндік туды. Кезінде елден еріксіз кеткен қандастарымыз елге оралуда. Қазақтың біріктіруші рөлін арқау ете отырып, елдің тұтастығы мен этносаралық келісімді сақтауда барлық әлеуметтік-экономикалық шаралар қабылданып, халықтың табиғи өсімі алға басып, балалардың дүниеге келуі артуда. Қазіргі таңда Қазақстанда жүз отыз алты этнос өмір сүреді. 2009 жылғы халық санағының қорытындысына сәйкес Қазақстан халқының саны 16402861 адамды құраса, оның ішінде қазақтардың саны – 10989916 (67 %), өзге этникалық топтар мүшелері – 5412945 (33 %).

Үшінші кезеңнің басты ерекшелігі **Қазақстандағы аз ұлттардың саяси тағдыры мен олардың мәдени даму үрдісі** мұрағат материалдары және ғылыми зерттеулер арқылы айқындалып, баға берілді.

1989 жылы 14 қарашада «Күштеп жер аударылған халықтарға қарсы қуғын-сүргін актілерінің заңсыздығын мойындау және олардың құқықтарын қамтамасыз ету» жөнінде КСРО Жоғарғы кеңесінің Декларациясы, ал 1990 жылғы 11 желтоқсанда РКФСР халық депутаттарының съезі «РКФСР-дағы саяси қуғын-сүргін құрбандары», 1991 ж. 26 сәуірде РКФСР Жоғарғы Кеңесі «Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау» жөнінде заң қабылданды. Бұл заңдар қалған шектеуліктердің барлығын алып тастады. 1993 ж. 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жөніндегі қаулысының негізінде шешен-ингуштер саяси қуғын-сүргін құрбандары болып есептеліп, ақталынды. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттар мен этностар сталиндік зобалаң нәтижесінде небір қиыншылықтардың басынан кешіріп, тек өздерінің жігерінің, қайсарлығының, еңбеккерлігінің арқасында ғана үлкен жеңістерге жетті.

1990 ж. бас кезінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканың барлық ұлттық мәдени қозғалыстарын бір ұйымға – Қазақстан Халқы Ассамблеясына біріктіру туралы ұсыныс жасап, 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халқын бірлікке шақыратын қоғамдық институттың жемісті жұмыс істеуі үшін 2002 жылы 26 сәуірде Елбасы «Қазақстан Халқы Ассамблеясының стратегиясы мен ережесі туралы» жарлығын шығарды. Аталған құжатта Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтудағы Қазақстан Халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі көтеру мақсатындағы қаулысында Қазақстан халықтарының мақсат-міндеттері, мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже, Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясын іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар қолданылуы сияқты мәселелерді көтерді. Одан кейінгі жылдарда да қабылданған Жарлықтарда ұлтаралық қатынастар саласындағы жұмыс басшылыққа алынып, Қазақстандағы ұлттық қарым-қатынасты дамытудағы жалпы азаматтық тенденцияларды күшейту іс-шаралары қойылды.[4]

Сонымен қатар, әрбір ұлттың ішкі қарым-қатынас мәдениеті оның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени ортасының даму деңгейімен, сондай-ақ, ұлттық сана-сезім, ұлттық таным деңгейімен айқындалады. Ұлттық сана-сезім мен психологияның ұлттық мінез, ұлттық сезімдер, ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық тұрмыс ерекшеліктері сияқты элементтері айрықша ұлттық мәнерлілік дарытады. Адамдар белгілі бір табиғи-климаттық жағдайларда, нақты табиғи-географиялық ортада тіршілік етеді, бұл да, сондай-ақ, олардың өзара қарым-қатынасына ықпалын тигізеді.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қоғамның, халықтың, тұлғаның рухани өмірінің белгілі бір құрылымдық компоненті болып табылады. Ол түрлі ұлт өкілдерінің рухани байланысы деңгейін сипаттайды, бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар нәтижесі ретінде танылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алпысбаев.Ж.Т Тұрақты ұлттық-демографиялық даму- тәуелсіздік тірегі//Академия Государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Сборник тезисов докладов научно-практической конференции аспирантов и слушателей магистерских программ «Инновационный Казахстан: реалии и приоритеты»- Астана, 2007.- Б.228-231.
2. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР (национальный аспект).- Алма-Ата, 1987.- Б.77.
3. Платунов Н.И. Переселенческая политика Советского государства и ее осуществление в СССР (1917-июнь 1941 гг.).- Томск, 1976.- Б.216.
4. Н. Назарбаев- Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы.- Алматы: Жеті Жарғы, 2006.-163 б.

Әбікенова С.М.

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ: БҮГІНГІ ЖОҒАРЫ САЯСИ МӘДЕНИЕТ КЕЛІСІМІ

XX ғасырдың 90-шы жылдарында КСРО-ның ыдырауы мен әлемдік биполярлы құрылымдағы социалистік жүйенің ыдырауы халықаралық қатынастардың жаңа субъектілерінің пайда болуы мен оның құрылымында өзгерістік жаңарулардың орын алуына алып келді. Бұрынғы кеңестік кеңістікте орналасқан ұлттық республикалар өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізіп, халықаралық қарым-қатынастардың тең құқылы мүшесі ретінде өздерінің сыртқы саяси-экономикалық және ішкі саяси-әлеуметтік қарекеттерін жүзеге асыра бастады. Орталық Азия елдері арасында Қазақстан бұл жағынан алғанда өзінің мемлекеттілік қаракетін алғашқы кезеңнен-ақ дұрыс жолға қою арқылы бүгінгі күні айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр.

Сонымен қатар тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап ұлтаралық келісімді нығайту шарасын мемлекеттік даму мен оның территориясындағы ұлттардың өсіп-өнуі, бірін-бірі сыйлауы мен құрметтеуінің негізгі принциптерінің бірі ретінде қарастырды.

Бүгінгі таңда Қазақстан ұлтаралық және дінаралық келісім мен ымырагершілікті негізге алған 140 астам ұлт өкілдері мен 40 астам дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктердің отаны

болып отыр. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында бұл стратегияның өміршеңдігін көрсетіп, оның бүкіл адамзат қауымының дамуындағы халықтардың өзара қарым-қатынас мәдениетінің қазақстандық үлгісінің қажеттілігін танытты.

Халықтардың өзара қарым-қатынасы мәдениетінің қазақстандық үлгісі – бұл қоғамдағы шиеленістік, қақтығыстық жағдайды жену ғана емес, сонымен қатар, оның болашақта ұзаққа созылған қарсылық пен мәңгілік жек көрушілікке ұласып кетпеуінің алдын алу болып табылады. Қазақстан қоғамының бұндай жетістікке қол жеткізуі оның халқының ұжымдық субъекті ретіндегі және оның әрбір мүшесінің өз бойында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары қоюында болып отыр. Бұған Қазақстан Республикасының алғашқы кезеңнен бастап зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде дамуды қолға алып, өз конституциясында республика территориясында тұратын кез-келген азаматтың толық құқықтылығына кепіл болуы үлкен ықпал етті. Қазақстан Республикасының Ата Заңында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп азаматтарының өз құқықтарын толығымен пайдалануына мүмкіндік жасаған [1, 8-бет].

Қазіргі таңда Қазақстандағы жалпы ұлттық құрылыстың негізгі құрамының бірі ретінде ұлттық плюрализм алынып отыр. Аталынған бағыттың жүзеге асырылуы барысында біршама жетістіктерге қол жеткізілген. Мысалы, біріншіден, әлеуметтік зерттеу деректеріне сай қазақстандық тұрғындардың басым бөлігі өздерін Қазақстан Республикасының азаматы деп санайтынын мәлімдеген. Екіншіден, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдеріне өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасалынған.

Ұлтаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асырылады: тұжырымдамалық деңгей; саяси-құқықтық (конституциялық) деңгей; институционалдық деңгей және ғылыми-әдістемелік деңгей. Тұжырымдамалық деңгей еліміздің ұлтаралық қатынастарындағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді және ол: әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ождандық, тұрмыстық және басқа да өзара тәуелді, толықтырушы факторларды есепке алу, Қазақстан ұлттарының өз мәдени дамуын еркін қамтамасыз ету және олардың мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру принциптеріне сүйенеді. Саяси-құқықтық немесе конституциялық деңгей мемлекеттің ұлтаралық қатынастар саласын реттейтін заңнамалық актілер және ұлттық саясатты жүргізуге қатысты басқа да құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Ұлтаралық келісімнің құқықтық негізі ретінде Қазақстан Республикасының Ата Заңы танылады. Тіпті Ата Заңның 39-шы Бабы: «ұлтаралық келісімді бұзатын кез-келген әрекет конституциялық емес деп танылады» деп көрсетілген. Сонымен қатар, Негізгі заңның 7 Бап («мемлекет Қазақстан халқының тілдерін дамыту мен оқуға жағдай жасайды») пен 19 Бап («әр азамат өз тілі мен мәдениетін пайдалануға құқылы») пен басқа да «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы», «ҚР тілдері туралы», «Мәдениет туралы», «Тарихи-мәдени мұралары объектілерін қорғау мен пайдалану туралы» заңдар Қазақстандық кез-келген азаматтың өз тілінде білім алу, дамыту мен мәдениетін уағыздауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Қазақстан ұлттары 2007 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде республиканың жоғарғы заң шығару органына өкілдер жіберу құқығына ие болды.[2, 18-б]

Ұлтаралық келісімде әділ де демократиялық қоғамның бекуі мен жетілуіне көпұлтты тұрғындардың күш біріктіруін қажет ететін, ұлттар бірлігінің шынайы өсу процесін айқындайтын сана қалпы көрініс табады. Бұл келісім мәдениеттің әлеуметтік құндылығы, ең алдымен, практикалық мақсатқа лайық болып табылады.

Ұлтаралық қарым-қатынас саласында орын алып отырған қарама-қайшылықтар мен проблемалар туралы айта отырып, мынаны ескеруіміз керек, бұлардың көбісінің тамыры отаршылдық саясат пен жеке басқа табыну кезеңдеріне барып тіреледі. Ұлттық проблемалардың күшеюінің маңызды себептерінің бірі жаппай репрессия болды, әсіресе бүкіл халықтардың тұрған мекендерінен мыңдаған шақырым қашықтықтағы Қазақстанға және туған жерлерінен басқа республикаларға, аймақтарға көшірілуі еді. Мысалы, 12 халық Қазақстанға күшпен көшірілген. Себепсіз ұлтшыл деген айып тағылып, көптеген ұлттық кадрлар қуғынға ұшырады. Мысалы, Қазақстанда А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Т. Рысқұлов, Ж. Аймауытов өмірлері қиылды. Бұл жағдай республикадан М. Әуезовтың жер аударылуына, О. Сүлейменов, О. Ысмағұлов кітаптарын айналымнан шығарып тастауға, М. Бегалин кинофильміне тыйым салуға, Алматы және республиканың басқа қалаларында студенттік жастардың бейбітшіл шерулерін жаншуға әкеліп соқтырды. Жеке басқа табыну дәуіріндегі

трагедиялық құрбандықтарды, тоқырау кезеңдерін бұрынғы КСРО халықтарының бәрі басынан кешірді. Мұнымен қоса, одақтық, автономиялық, ұлттық-аймақтық шекараларды белгілеуде, сондай-ақ олардың аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық прогресс қарқынында волонтаризм мен қателіктер жіберілді. Барлық осы және басқа да келеңсіз құбылыстар адамдар санасында терең із қалдырды, қазір де бұлармен түйісуге тура келеді. [3, 8-бет].

Қазақстан тарихының бір бөлігі-оны мекендейтін халықтардың этностық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы. Әлемдік тарихта әр түрлі ұлт өкілдерінің бір жерде, бір елде бірлесіп өмір сүруі тың құбылыс емес. Бұл ретте Қазақстанның көп ұлттылығы ғасырларға созылып, уақыттардан жалғасын тауып, сабақтасып келеді.

Өткенге мұқият қарасақ, Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын, қоғамдық ішкі қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауды саяси реттеудің басты тетігі ретіндегі елдің ынтымағы мен этносаралық келісімін қамтамасыз ету әрдайым өзекті мәселе. Саяси институттардың ең жоғарғы сатысынан орын алатын мемлекет өзінің бүкіл әкімшілік жұмысы барысында өз атауына сай төл азаматтарымен қатар басқа да этнос өкілдерінен құралған азаматтардың қамын күйттеп, олардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың өзара тыныш, келісімді де үйлесімді арақатынастарына тиімді әрі қауіпсіз жағдай жасауға, ынтымақты күйттеген этносаяси процестерді ұйымдастыруға қабілетті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін демократиялық әдіспен қамтамасыз етудің стратегиялық міндетін орындау қажеттілігін зор жауапкершілікпен мойындайды.

Ассамблеяны құру идеясы 1992 жылы өткізілген Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған 1 этникалық форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен ұсынылған болатын. Форумда сөйлеген сөзінде Президентіміз «біздің басты байлығымыз- халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырды. Бұл байлықты талан-таражға салуға, дәстүрлерімізді жоғалтуға біздің құқымыз жоқ. Ол ондаған жылдардың жемісі. Әр халықтың, әр ұлттың үні естіліп тұруы тиіс. Сондықтан форумды тұрақты негізге ауыстыру мақсатында жаңа қоғамдық институт құру қажет» деген болатын.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы консультативтік кеңесші орган ретінде құрылды. Уақыт өте келе оның құқықтық мәртебесі кеңейіп, “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заң қабылданып, ұйымдық жағынан күшейді. Парламент Мәжілісіне тоғыз депутат сайлауға құқылы болды.

Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI- сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген ұйғарым жасаған еді.[4]

Сонымен қатар, әрбір ұлттың ішкі қарым-қатынас мәдениеті оның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени ортасының даму деңгейімен, сондай-ақ, ұлттық сана-сезім, ұлттық таным деңгейімен айқындалады. Ұлттық сана-сезім мен психологияның ұлттық мінез, ұлттық сезімдер, ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық тұрмыс ерекшеліктері сияқты элементтері айрықша ұлттық мәнерлілік дарытады. Адамдар белгілі бір табиғи-климаттық жағдайларда, нақты табиғи-географиялық ортада тіршілік етеді, бұл да, сондай-ақ, олардың өзара қарым-қатынасына ықпалын тигізеді.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қоғамның, халықтың, тұлғаның рухани өмірінің белгілі бір құрылымдық компоненті болып табылады. Ол түрлі ұлт өкілдерінің рухани байланысы деңгейін сипаттайды, бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар нәтижесі ретінде танылады

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -Астана: Елорда. 2008 жыл. 8-бет.
2. Арзықұлов. А. Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі және оның қалыптасуының алғышарттары. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы/– Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 18-бет.
3. Әбсаттаров Р.Б., Садықов Т.С. Ұлтаралық келісімнің проблемасы және оы шешу жолдары. «Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі: жағдайы мен болашағы» ғылыми-тәжірибелік конференция/ -Алматы. 2007 жыл, 123-бет.
4. Назарбаев Н.А. Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі//Егемен Қазақстан. 2010 жыл, 21 қазан.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Егеменді Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніне жиырма бес жылдай уақыт болды, бірақ арада көп уақыт өткен жоқ. Осы қысқа мерзімнің ішінде Қазақстан Республикасының қалыптасып нығаюында ерекше орын алатын және маңызды рөл атқаратын - сыртқы саясат. Республикамыз мемлекеттілігін қалпына келтіргеннен кейін саяси билік алдында өзекті мәселе болып сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын толыққанды дипломатиялық қызмет құрудың күрделі міндеті тұрды.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қазақстанды бірден көптеген мемлекеттер мойында ала қойған жоқ, тек санаулы мемлекеттер ғана таныды. Әлем мемлекеттерінің біразы Қазақстанды кешегі КСРО шеңберінен жаңа шыққан, болашақтағы дамуының бағыт-бағдары белгісіз, қуатты ядролық қаруы бар, алдағы уақытта мемлекет болып аяғынан тұрып қалу-қалмауы белгісіз елі ретінде қабылдағанын білеміз. Сондықтан, еліміздің қысқа мерзім ішінде сыртқы саясатын тездетіп қалыптастырмайтын болсақ, халықаралық деңгейдегі мүдделерімізге орасан нұқсан келетіндігі айдан-анық болды.

Енді ғана еңсесін көтеріп келе жатқан мемлекетіміздің сын сағаттағы сыртқы саяси ахуалын Президент Н.Ә. Назарбаев: «Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары бәрі де оңай көрінетін. Әсіресе, сыртқы саясатымыздың келешегі еш күмән туғызбайтын. Егемендігімізді жарияласақ болды, күллі әлем есігін алдымыздан айқара ашып салады деп ойлайтынбыз. Бүгін көзіміз жетіп отыр: бәрі өздігінен бола салмайды екен; жеңіл ештеңе жоқ екен» - дегені мәлім [1; 97 б].

Мемлекетіміздің елдің сыртқы саяси ведомствосын қайта құру, оның бағыт-бағдарын жасау Президент Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асырылды. Осы шаралардың атқарылуы барысында «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы», «Халықаралық құқық», Қазақстан Республикасының заңдары т.б. ресми құжаттар зерттеліп, сараланды.

КСРО-ның ыдырауы салдарынан барлық экономикалық байланыстарымыз үзіліп, нарықтың қыспағына тірелген кезде, ауыр экономикалық дағдарысқа тап болдық, жас мемлекетізге шетел инвестициясын тарту үшін, ең алдымен, екі жақты дипломатиялық қатынас орнатудың қажеттілік шарттары туындады. Қазақстанмен ықпалдастыққа ынталы мемлекеттермен қарым-қатынастың кешенді құқықтық негізін жасау қажет болды.

Алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін, сыртқы саясатымызды айқындау үшін, шет елдерде мекемелердің жоқтығын ескере отырып, әлемдік аренада тәуелсіз Қазақстанның толық ауқымдағы таныстырылу рәсімі Президенттің және үкімет делегацияларының шет елдерге ресми сапарларын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Тәуелсіздіктің тек алғашқы екі жылында ғана Қазақстан Президенті әлемнің 19 еліне ресми сапар жасады, халықаралық 11 бас қосуға қатысты. Осы қатарда әлемнің жетекші елдеріне – Австрияға, Ұлыбританияға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Жапонияға, сондай-ақ Үндістанға, Пәкістанға, Қытайға және басқа елдерге сапармен бару стратегиялық әріптестікті орнату тұрғысынан неғұрлым маңызды оқиғалар болды [2; 132 б б].

Осы бағытпен жұмыс жасай отырып, қиын-қыстау кезеңде, қаншама қиыншылықтарды бастан өткере отырып, 1991-1992 жылдары Қазақстан дипломатиясы өзінің қалыптасуының алғашқы кезеңінен өтті. Елбасының тікелей араласуымен және қадағалауымен Сыртқы істер министрлігін қалыптастырудың құқықтық, әлеуметтік-саяси және ұйымдастыру, дипломат мамандармен қамтамасыз ету мәселелері оң шешімін таба бастады.

Мемлекеттік егемендікті қол жеткізуі Қазақстан Республикасының алдына, өзінің сыртқы саясатының жалпы принциптерін қалыптастыруға байланысты міндеттер қойды. Бұл елімізге халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік берді және Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сай келді. Бұның іргетасы – әлемдік саясаттың, геосаясаттың және геостратегияның, XX ғасырдың аяғына қарай қалыптасқан және мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін жалпы принциптері болды.

Қазіргі таңда Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде өзіндік орны мен ролі бар беделді мемлекет және сенімді сыртқы саяси серіктес ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасының ядролық қаруды таратпау және халықаралық лаңкестікпен күреске қосқан үлесін жоғары бағалайды. Халықаралық аренада Қазақстан көпұлтты және поликонфессионалды қоғамның озық үлгісі ретінде танылды.

Мемлекетіміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сыртқы саясатының және ішкі саясатындағы күрмеуі қиын күрделі мәселелермен бетпе кет-келді. Осы мәселелерді тәжірибелі шешу ғана мемлекет болашағының бұлыңғыр болмауының кепілі бола алды. Солардың ішінен ерекше тоқталатынымыз, ол сол уақыттағы Қазақстанның Ресей Федерациясымен өзара ықпалдастығының құлдырауы басты себептердің бірі болды. 1990-1994 жылдар аралығында Ресейдегі саяси элитаның бұрынғы кеңестік мемлекетермен қарым-қатынастарды өздеріне тиімсіздігі жөнінде саяси пікірлер мен көзқарастар пайда болды. Бұл негізінен сол кезеңдегі РФ сыртқы саясатында жылдам түрде Еуропа елдері қатарына кіру бағыты басшылыққа алынғандығына байланысты болды. Осы уақытта Ресейдің Орталық Азиядағы істерден оқшауланып, Батыспен өзара қарым-қатынастарға баса назар аударуымен сипатталады. Ресейдің сыртқы саяси стратегиясында өзін Еуропамен, бүкіл Батыспен теңестіруге ұмтылыс жасағаны анық байқалды. Осыған байланысты Орталық Азиядағы мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан да Ресейдің батыс еуропалық өркениетке жылдамырақ енуін тежейтін кедергілер ретінде қарастырылды. [3; 5б б]

1992 жылы 1 сәуірде РФ Жоғарғы Кеңесі территориялық бүтіндікті және егемендікті сақтау әр мемлекеттің өз міндеті екендігін жариялағаны барлық одақтас болған мемлекеттерге қиындық туғызды. Бұның нәтижесі Ресей парламентінің бұл қадамы бұрынғы КСРО-ның ортақ қарулы күштерінің тарауына және барлық посткеңестік республикаларда, оның ішінде Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттерінде де ұлттық армияның құрылуына әкеп тіреді. 1993 жылы Ресейдің бастамасымен Қазақстан рубль аймағынан шығарылып, өзінің ұлттық валютасы - теңгені енгізді. Бұл Мәскеудің өзінің жақын көршілерімен қарым-қатынастарға деген қызығушылығының төмен деңгейін көрсетті.

Сонымен қатар, Қазақстан сыртқы саясатын қалыптастыру кезеңінде ең қиын мәселе болғаны – Кеңес Одағынан қалған ядролық қару арсеналы еді. Сол кезеңде Қазақстанды ядролық державаға айналдыруы мүмкін стратегиялық арсеналды қалай пайдалану жөнінде әртүрлі пікірлер мен сын-ескертпелер айтылды. Бір тараптан, осы ядролық қаруды сыртқы басқыншылықтан қорғандық кепілі ретінде қарастырылса, екінші жағынан оны пайдалана отырып, азиялық субконтинентте көшбасшы болудың құралы айналдырғысы келгендер де табылды. Қазақстан сыртқы саясатындағы ең өзекті мәселелердің бірі – Шығыстағы алып көршісі Қытай Халық Республикасымен тең дәрежеде қарым-қатынастар қалыптастыру басты мақсаттарының бірі болды.

Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынастар көптеген жылдар бойы шиеленісті жағдайда болғандығы белгілі. Қазақстан Бейжіңмен қарым-қатынастарды жаңадан қалыптастыруға мәжбүр болды. Осы шешуші кезеңде Кеңес Одағынан қалып қойған шекаралық мәселелерді ескерсек, әлі мемлекеттілігі қалыптасып үлгермеген Қазақстан үшін жаңылыс қадам басу халқы миллиардтан асып жығылатын экономикалық әлеуетті көршісімен келіспеушілікке алып келуі әбден мүмкін болатын [4; 9 б].

Геосаяси шындықтарды ескере отырып дүниежүзі картасына үңілсек, Қазақстанның Ресей және Қытай сияқты әлемдік державалардың арасында орналасуы ешкімді бей-жай қалдырмайтыны анық. 90-шы жылдардың басында еліміздің әлемдік саясатта алғашқы қадамдарын баса бастаған кезде алпауыт көршілерімен өзара қарым-қатынастарда қателік жасау мемлекетіміздің ары қарай дамуы мен болашағына да зор қауіп төндіруі хақ еді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ең өзекті мәселелердің бірі – қысқа уақыттың ішінде жас тәуелсіз мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясын жасап шығатын және Қазақстан Республикасының шетелдерде ұлттық мүдделерін кәсіби түрде қорғай алатын дипломатиялық және сарапшы-мамандардың жеткіліксіздігі еді. Ұзақ жылдар бойы Кеңес Одағының құрамында Қазақстан өзінің дербес сыртқы саясатын жүргізу мүмкіндігі болмағандықтан сыртқы саяси қызмет тәжірибесінің жеткіліксіздігі де үлкен мәселелердің бірі болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары негізгі сыртқы саяси функциялардың Президенттің қолына шоғырландырылуы Қазақстанның әлемдік саяси кеңістікке орнығу үрдісін кешеуілдетпеуге бірден-бір кепіл болды. Елбасының жоғары деңгейде орнатқан жеке қарым-қатынастарының нәтижесінде ҚР сыртқы саясатының қалыптасуындағы негізгі міндеттерді кешіктірмей шешуге мүмкіндік берді.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін әлемде күштер тепе-теңдігі және геосаяси әсерлердің ауысуына әсер еткен үрдістер жүрді. XX-ғасырдың 90-шы жылдарының басына дейін өмір сүрген биполярлы халықаралық қатынастар жүйесі жойылып, оның орнына келген жаңа әлемдік құрылым барлық мемлекеттерді өздерінің сыртқы саяси қайта қарастыруына алып келді. Қазақстан өзінің сыртқы саясатында көпвекторлық бағытты жариялаған кезде халықаралық аренада әртүрлі пікірлер туғызғаны белгілі Белгілі Ресейлік саясаттанушы Е.Ф Троицкий «Қазақстан сыртқы саясатының қалыптасуы мен

дамуы» атты мақаласында Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын сынға алады және бұл сыртқы саяси тұжырымдаманы мәжбүрліктен туындағанын айтады. Аталған мақалада Е. Троицкий Қазақстан сыртқы саясатының қалыптасуындағы негізгі факторларға тоқталып, Қазақстанның географиялық орналасуының сыртқы саяси доктринаның қалыптасуында үлкен роль атқарғанын жоққа шығармайды.

Атап айтқанда Қазақстанның Ресеймен 7,5 мың км, Қытаймен 1,7 мың км-ге жуық ортақ шекараларының болуы сыртқы саяси бағыттардың тең дәрежеде жүргізілуі маңызды болып саналады. АҚШ-тың Орталық Азияда саяси мүдделерінің артуы нәтижесінде аймақ мемлекеттері, оның ішінде Қазақстан үшін ең маңыздысы – аймақта сыртқы күштердің бәсекелестігі артқан жағдайда қарым-қатынастарда байланысты сақтай отырып, ұлттық мүддемізге нұқсан келмейтіндей бағытта даму болды. Бұл өз кезегінде Қазақстан үшін де шетелдерден экономикаға үлкен көлемде инвестициялар тартуға мүмкіндік берді. Яғни бұл жерде Троицкийдің Қазақстан сыртқы саясатында көпвекторлық саясат мәжбүрліктен туындады деген пікірімен келіспеуге болады [5; 97 б].

Осылайша 90-шы жылдары жарияланған ҚР сыртқы саясатындағы бағыт қазіргі таңда өзінің өміршеңдігін және тиімділігін толық мағынада дәлелдеді. Тәуелсіздігінің қалпына келтірілгеннен бергі 24 жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан Республикасы сыртқы саясатта және халықаралық аренада үлкен жетістіктерге жетті. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары ядролық қарудан бас тартуы және ядролық қаруды таратпау режимін нығайтуға қосқан үлесі әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды. Бұл шара да Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бастамасымен жүзеге асты. Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері 24 жыл ішінде шекаралас мемлекеттермен барлық территориялық мәселелерін толығымен шешіп, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстанмен 14 мың км-ге созылған мемлекеттік шекараларды делимитациялау туралы келісімдерге қол қойылды [6; 132 б б].

1991-2010 жж аралығында Тәуелсіз Қазақстан өзінің сыртқы саясатының негізін қалады және сыртқы саяси тұжырымдамалар мен доктриналарын қалыптастырды. Жаңа әлемдегі Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуында ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың атқарған еңбегін ерекше атап өту қажет. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен әлемдік қауымдастық істеріне қатысуы негізгі дәстүрлі бағыттар бойынша қарқынды түрде дамып келеді. Оған дәлел ретінде Қазақстанның БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ сияқты беделді ұйымдарға мүше болуын, НАТО, ИЫҰ ұйымдарымен ынтымақтастығын атап көрсетуге болады.

Екіжақты қарым-қатынастар бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясы, Орталық Азия елдері мен ТМД, ҚХР және АҚШ, ЕуроОдақ елдерімен, АТА және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерімен тығыз байланыс орнатқан. Осылайша Қазақстан сыртқы саясаты негізгі үш бағытқа: халықаралық құқық, көпжақты қарым-қатынастар, екіжақты қарым-қатынастарға негізделген [7; 112 б].

90-шы жылдардың басынан бастап Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстан қатысуымен аймақта әртүрлі деңгейде интеграциялық бірлестіктер құрылды. Олардың ішінде Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауда маңызды роль атқаратын ұйымдардың қатарына құрамына әлемнің 15-тен астам мемлекеті мүше болып табылатын және 10-жуық мемлекет бақылаушы болып табылатын, беделді халықаралық ұйымдар да қатысатын АӨСШК ұйымы.

Қазақстан сыртқы саяси қызметіндегі атқарылған ең ауқымды маңызды шаралар – 2010 жылғы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы болды. 2010 жылы 1-2 желтоқсанда өткізілген ЕҚЫҰ-ның Астана саммиті әлем жұртшылығының назарын аударған маңызды халықаралық оқиға. Астана Саммиті Еуразия аумағында қауіпсіздікті сақтаудың жаңа жүйесін қалыптастырудағы әлем мемлекеттерінің конструктивті диалогының айқын көрінісі [8; 28 б].

Осы жоғарыда келтірілген дәйектерге байланысты дипломдық жұмыстың өзектілігі келесі төмендегі мәселелермен түсіндіріледі:

Біріншіден, басқа елдермен, оның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен халықаралық байланысты өркендету.

Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар, олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу.

Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дүниежүзілік соғысты, ядролық қаруды қолдануды болдырмау.

Қазақстанның ұлттық мүддесіне сәйкес сыртқы саясаттағы негізгі күш-жігер мынадай негізгі мақсаттарға қол жеткізуге шоғырландырылады:

1) елдің ұлттық қауіпсіздігін, қорғанысқа қабілеттілігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын жан-жақты қамтамасыз ету;

2) «2050 Стратегиясын» ойдағыдай іске асыру, халықтың жоғары тұрмыс деңгейіне қол жеткізу, көпұлтты қоғамның, құқықтық мемлекеттің және демократиялық институттардың бірлігін нығайту, адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау;

3) әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену;

4) Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) орталық және үйлестіруші рөлі арқылы әділ әрі демократиялық әлемдік тәртіпті орнатуға ықпал ету;

5) орнықты ұстанымдарды қамтамасыз ету және әлемдік қоғамдастықта мемлекеттің жағымды бейнесін қалыптастыру;

6) шет елдерде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарын, олардың жеке, отбасылық және іскерлік мүдделерін қорғау;

7) шет елдердегі қазақ диаспорасына және қазақ тіліне қолдау көрсету.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жыл, осы кезеңдерде елімізді сыртқы саясат бағытында төмендегідей бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- сыртқы саясат зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері нақтыланды;

- халықаралық қатынастар теориялары жүйелендіріліп, қазіргі уақыттағы саяси, экономикалық және әлеуметтік үдерістермен байланысы анықталды;

- қоғамдағы сыртқы саяси тұрақтылық пен ынтымақтасты келісімді нығайтуға пәрменді сыртқы саясатты жүзеге асырудың факторлары айқындалды;

- Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуының жалпы және өзіне тән ерекшеліктері белгіленді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Н. Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы Атамұра 2003, 220-б

2.Султанов Б.К. Музапарова Л.М. Становление внешней политики Казахстана. Алматы. ИМЭП баспасы 2005 5-6 б.

3.Казахстан в современном мире: реалии и перспективы. Под. ред. Султанова Б. К. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан, 2008. – 348 с.

4.Поздняков Э.А. Философия политики. – М., 1994, 302-стр

5.Аубакирова А.А. Геополитические и географические факторы формирования внешнеполитической стратегии Республики Казахстан.- Алматы: Экономика, 2003, 224-стр.

6.Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы.

7.Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы,- 2003.- 143 б.

8.<http://www.mfa.kz> Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрлігінің ресми сайты.

Баудиярова К.Б., Исаева А.И.

ОТРАЖЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СЕМЬИ НА ЕЕ БЛАГОПОЛУЧИИ В КАЗАХСТАНЕ

Известно, что семья как социальный институт возникла одновременно с формированием общества, она развивается самостоятельно, но семейные отношения находятся в тесной связи с обществом, так как не существует вне общества и окружающей среды. Поэтому институт семьи у народов Казахстана, как и других стран ближнего и дальнего зарубежья тесно связан с их историей, что адекватно проецируется и по отношению к коренному казахскому этносу.

Создание семьи, его цели, содержание всегда интересуют не только их близких, но и общественность. В исследуемом нами Казахстане, как и во всех его регионах количество семей, по сравнению с 1999 г. повысилось, их численность представляется достаточно значительной (см. таблицу 1).

Таблица 1. Число и доля семей по типам в Республике Казахстан в 1999 и 2009 гг. [1, с. 51]

Типы семьи	Семьи					
	Всего		Городские		Сельские	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Все семьи, количество из них:	4160216	4391759	2679954	2712767	1480262	1678992
семьи, состоящие из 1 человека, %	14,3	14,6	18,4	18,5	7,0	8,2
нуклеарные семьи, % из них:	61,6	52,9	60,6	51,7	63,4	54,8
семьи, состоящие из супружеской пары с детьми и без детей, %	49,9	41,0	47,3	38,5	54,7	45,0
семьи, состоящие из матери с детьми, %	10,7	10,3	12,3	11,6	7,9	8,3
семьи, состоящие из отца с детьми, %	1,0	1,6	1,0	1,6	0,8	1,5
расширенные семьи, %	22,6	29,8	19,2	26,3	28,7	35,5
составные семьи, %	1,5	2,7	1,8	3,5	0,9	1,5

Вместе с тем, в межпереписной период 1999 и 2009 гг. мы наблюдаем и другую тенденцию. Происходит рост количества одиноких, вызванных как демографическими факторами (смерть одного из супругов), так и последствиями разводов и нежеланием вступать в семейно-брачные отношения. Здесь нельзя исключать и того фактора, что незначительная часть казахстанцев живет в гражданском браке, не регистрируя их в органах ЗАГСа. За указанный десятилетний период мы имеем налицо уменьшение количества моногамных или нуклеарных семей, что отразилось и на составе семей, состоящих из супружеской пары с детьми или без них. В то же время происходит рост расширенных или неразделенных семей, состоящих из представителей трех поколений: старшего (дедушки и бабушки или одного из них), среднего (супружеская пара) и младшего (детей и внуков). Нередко данный тип семьи представляется переходным или транзитным: нуклеарная → расширенная → нуклеарная, вызванная особенностями казахстанских реалий, включая сложных рыночных отношений.

В республике состав семьи определяется под влиянием этнических, социальных факторов, включая численности детей в семье. Для казахов в основном характерны средне-и многодетные семьи. Приоритетным для счастливой, духовной, культурной жизни супругов считается рождение и воспитание в семье большого числа детей. По этому поводу в казахском народе имеется прекрасная поговорка: «Бала – адамның бауыр еті (дита – ближе чем печень человека)». Многодетность воспринимается казахами как проявление счастья и благополучия. Ребенок считается продолжением жизни своих родителей, надеждой родителей в настоящем и будущем, смыслом их жизни, их наследником, хранителем очага (шанырака). Поэтому, казахи искренне и трепетно любили детей, как родных, так и близких.

С конца 1980-х и с начала 1990-х годов во всех регионах Казахстана, наблюдаются негативные явления: а) уменьшение рождаемости; б) снижение числа детей, отсюда уменьшение численности этносов; в) позднее вступление в брак. Факторы, способствовавшие такому положению, характерные для всех этносов Казахстана: вынужденное занятие женщинами тяжелой работой, влияние урбанизации на село, болезненный переход к рыночной экономике, отсюда – ухудшение материального положения, обострение жилищных проблем, низкий показатель социальной помощи малообеспеченным.

Одним из важных функций семьи, напрямую влияющей на стабильность и благополучие семейно-брачных отношений, является социализация детей и подрастающего поколения. Традиционно этим занимались матери, так как духовный настрой в семье в первую очередь зависел от нее. Мужчина, насколько бы он не был знатен или занят, постоянно нуждается в присутствии заботливой супруги, в ее ласке и уходе. Отсюда ясно, что мужчина свое счастье и свою трагедию находит только с женщиной, супругой. Поэтому забота и внимание супруги, ее приспособляемость к мелким бытовым нюансам, изменениям, напористость в преодолении преград для семьи, выдержка и терпение – позволяют мужчине плодотворно использовать свои силы и труд во благо семьи и детей. Благосклонное отношение жены укрепляет в супруге веру в себя, в свои силы. Русский писатель и мыслитель Л.Н. Толстой говорил: «Все счастливые *семьи* похожи друг на друга, каждая несчастливая *семья* несчастна по-своему» [2, с. 28], тем самым подчеркивая, что семья является гнездом, откуда происходит счастье, откуда появляются счастливые люди.

Одним из существенных факторов, оказывающих сильное влияние на стабильность браков являются нутрисемейные отношения. Несомненно, семейное благополучие складывается из множества

составляющих, образцов воспитания, поведения и действий членов семьи. Есть множество тонких связей между членами семьи, которые нельзя заменить и никто их не может отменить. Например, у казахов отец не может обращаться к взрослому сыну в шуточной форме в присутствии его жезде. Другой пример, когда матери сложно объяснить подростковой дочери весьма важные нюансы интимного характера, который может легко и просто донести девушке ее женге – жена старшего брата. Последние обстоятельства могут впоследствии опосредственно сказаться на благополучии будущей семьи. Перечисленные нюансы и взаимосвязи внутри семьи выстраивают стройную и логическую схему доброжелательности и человечности.

К тому же во многих сельских районах, особенно в моноэтнических, с преобладанием коренного казахского населения наблюдается тяжелая социально-экономическая ситуация, когда безработица, в том числе в ее «скрытой» его форме, оказывают свое негативное влияние. В указанных районах, особенно аграрных, постоянный денежный доход имеют только предприниматели, учителя, работники бюджетных организаций и пенсионеры. Поэтому, начиная с начала 1990-х годов большинство состоящих в браке людей молодого и среднего поколений стараются проживать совместно с родителями, имеющими стабильную пенсию. Такое явление является новым не только для южных областей республики или регионов с преобладанием казахского населения, но и для всего Казахстана. Если женатый сын проживает с родителями, не достигшими пенсионного возраста, то главой семьи фактически считается обеспечивающий семью финансовыми или материальными средствами работающий сын. В тех случаях, когда родители живут вместе с работающим зятем, то указанный нами выше фактор не распространяется на зятя. Естественно, данная тенденция характерна большей частью для казахов, узбеков, уйгур, турков, азербайджанцев и для представителей других тюркских этносов или других народов, исповедующих мусульманскую религию – дунган, чеченцев, ингушей, таджиков и пр.

Тем не менее, наряду с авторитарными семьями существуют и эгалитарные, построенные на равноправных отношениях. Например, среди представителей указанных выше этносов они характерны для представителей молодого и среднего возрастов, для лиц с высоким социально-профессиональным статусом или имеющих значительный разрыв в материально-финансовом благополучии. Отметим, что в то же время в настоящее время нет точных рамок для определения главенства в семье, так как в современной семье учитывается мнение каждого взрослого члена семьи. Несмотря на высокий статус мужчины, примерно в 5-10% казахских семей главенство принадлежит женщине – матери, жене. Как мы отметили выше, такое положение чаще встречается в среде молодого и среднего поколений, если жена имеет более высокий статус благодаря образованию, обеспеченности. Естественно, такая тенденция еще выше среди вдов или разведенных женщин, проживающая совместно с детьми, подростками или с женатыми сыновьями вне зависимости, где они проживают – в городе или в сельской местности. Такой статус характерен большей частью для женщин, занятых на производстве или в другой сфере трудовой деятельности, а также для тех, которые имеют достаточное количество детей, пользуются авторитетом среди близких и родственников. Необходимо отметить, что в настоящее время повсеместно в республике понятие «глава семьи» является относительным и не имеет былого абсолютного значения. Нередко при решении важнейших семейных вопросов или проблем учитывается мнение не только мужа или жены, но и взрослых детей. Бесспорно, данное обстоятельство больше встречается среди русскоязычного населения и для горожан, менее – менее среди коренного казахского населения, тюркоязычных этносов, равно как и среди народов, ориентированных на нормы ислама, а также в сельской среде. Как было подчеркнуто нами ранее, данный факт объясняется также следующими причинами: а) при отсутствии в семье мужа (неполных семьях), где имеются несовершеннолетние дети, где авторитет вдовы достаточно высок; б) при переходе бразды правления в семье в руки женщины в зависимости от экономических и объективных обстоятельств, когда она фактически является кормилицей семьи, включая оплату в сельской среде за топливо, электроэнергию и прочие расходы. Таким статусом обладают женщины с более высокой заработной платой по сравнению с супругом.

Бесспорно, в русских, украинских, белорусских, немецких семьях роль жены традиционно выше, чем в семьях казахов, узбеков, турков, азербайджанцев или уйгур. При здравствующем муже в каждой третьей русской или немецкой семье главой выступает жена, а среди украинцев – в каждой пятой семье. Еще раз отметим, что авторитарный тип семьи более всего присущ для казахских и узбекских семей в моноэтнических районах исследуемого нами региона. При росте образовательного уровня супругов возрастает равенство в правах и главенстве в семье. В других случаях наблюдается

традиционный приоритет главенства мужчины. Тем не менее, в настоящее время даже в авторитарных семьях происходят определенные изменения в вопросах распоряжения финансами.

Несомненно, отлаженная и жизнеспособная система внутрисемейных отношений оказывает огромное влияние на стабильность браков. Равноправие членов семьи – супругов, детей, стариков и внуков также стабилизирует семейно-брачные отношения.

В целом, в республике, как и во всех ее регионах широко распространена нуклеарная семья, впрочем как и в проживающих здесь различных этносах. Сложная семья больше характерна для сельской местности. Также на селе лучше сохранились традиции и обычаи. Считаем, что обычаи и традиции, национальное сознание, мировоззрение благоприятно сказываются на жизнедеятельности семьи и внутрисемейных отношений, тем самым оказывая непосредственное влияние на стабильность браков. В большинстве казахских семей сохраняется традиционное главенство мужчины. Разделение труда в семье происходит исходя из возможностей членов семьи. Рост уровня культуры и образованности способствует демократизации семейных отношений. Во внутрисемейных отношениях мы наблюдаем равноправие супругов и других ее членов.

Нами выявлены следующие факторы, оказывающие значительное влияние на стабильность браков. Во-первых, наличие этнических ценностей, например, уважение к старшим членам семьи. Их реализация происходит в процессе воспитания молодого поколения и накопления практического опыта человеком. Данное обстоятельство характерно для семей, где проживают представители старшего поколения, которые бережно сохраняют национальные традиции и передают их молодому поколению. Во-вторых, стабильность брака и формирование семейных ценностей зависит также от влияния этнической среды, в которой выросли сами супруги. Так, высокий уровень стабильности браков в районах с моноэтническим казахским населением можно объяснить традициями прочных, крепких семей и благоприятным влиянием их на молодоженов. Старшее поколение стремится контролировать молодых, чтоб не произошел разлад в семье. Те молодые супружеские пары, которые допускают отход от принятых в данной среде норм поведения, испытывают трудности при общении с социумом, близкими и родственниками, что в конечном счете может способствовать возникновению конфликтной ситуации, привести к разводу, разрушению семьи, к искалеченным детским судьбам.

Литература:

1. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Аналитический отчет / Под ред. А.А. Смаилова. – Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2011. – 65 с.
2. Толстой Л.Н. Анна Каренина. – М.: ЭКСМО, 2013. – 960 с.

Бегалинова К. К., Бегалинов А.С.

ДУХОВНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ КАЗАХСТАНСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Особо значимой датой для нашей страны является 16 декабря 1991 года. В этот день был принят закон о независимости Казахстана, который заявил о появлении на карте мира нового суверенного государства. Это – огромной важности планетарное событие в жизни многонациональных народов нашей страны. Суверенитет Казахстана подтверждается фактом его политической и экономической независимости. Политическая независимость воплощена в Конституции Республики, экономическая утверждается развитием экономики современного Казахстана, который на постсоветском пространстве выступает государством с поднимающейся экономикой, с растущим социальным уровнем жизни людей. Это демонстрирует, показывает, что любой народ способен к суверенитету и самостоятельному развитию. И подобное развитие государства зависит не только от политики и экономики, но и от других, сущностных и существенных основ, к числу которых в первую очередь относятся духовные, культурные, своими истоками уходящими в седую глубь веков.

Как и всякая мировая, казахская культура начинается с мифологической, начало которой относится к временам «кельтеминарской», андроновской, бегазы-дандыбаевской культур. Сущностной чертой этого периода являлось первое крупное общественное разделение труда, выделение скотоводческих племен. Скотоводство начинает выступать доминирующим, преобладающим типом жизнедеятельности наших предков. Кочевой, номадический образ жизни оказал влияние на

духовную культуру казахов, которая была космоцентричной по своему содержанию. Природа для кочевника была абсолютным и вечным началом. Человек подчинялся этой природе, она выступала как Вселенная, которая диктует человеку формы и способы его бытия. Непосредственная близость казахов к природе выразилась в понимании времени, пространства, внутреннего мира человека, смысла его существования, его нравственности. Это и формирует национальный образ мира, миропонимание, который и составляет самобытность духовной культуры народа.

Особую роль в жизни кочевников играло и понятие «путь», «дорога». Оно означало не только физическую пространственную величину, но и всеобъемлющее мировоззренческое понятие жизнь, судьба как путь, принцип поведения и т.д. «Человек должен двигаться, потому что солнце, месяц, звезды, животные, рыбы – все движется, только земля и мертвые остаются на месте!». Вся жизнь кочевника – это путь, движение, который измеряется временными циклами, пробегами коня. С незапамятных времен кочевники говорят «Жолын болсын!» (Пусть состоится твоя дорога!), «Жол урсын» (Пусть тебя ударит дорога) и т.д.

Пространство юрты представлялось кочевнику небесным сводом, опрокинутым на землю и включающим ее в себя. Юрта имела круговую форму и это не случайно. Круг для казаха имел символический характер. Если возьмем все предметы быта, то они имели круговую форму – шанырак, очаг, и даже продукты питания – лепешки, баурсаки. Шаманы также совершали полный круг при лечении больного. И отсюда самым ласковым словом у казахов было слово айналайын, содержание которого означало: я обхожу тебя и принимаю на себя все твои болезни, все твои неудачи, печаль, горести, то есть я не безразличен, а сопричастен к тебе.

По представлениям казахов Космос структурирован, в нем выделялись иерархические уровни, верхним из которых являлось Небо – обиталище Тенгри и добрых, светлых духов, средний – мир человека, и нижний, Тартар – царство мертвых, царство тьмы. Каждому из этих миров соответствовал конкретный вид животного. Символом высшего мира являлась лошадь, земного, материального – баран, а потустороннего, мира мертвых – корова. Объединяющим всех животных, а значит и миров, началом был верблюд. Верховным тотемом, священным животным у казахов являлся волк. Обоожествление, сакрализация животных легла в основу созданного степью искусства «звериного стиля», запечатленного как в поэзии, так и в наскальных рисунках, в произведениях прикладного, орнаментального искусства. Казахи являлись великими астрономами, астрологами. Они прекрасно ориентировались в звездном небе. Они верили во влияние звезд на человеческое счастье. Счастливого человека, покровительствуемого судьбой, они называли «человеком со звездой».

Подобное понимание было мифологическим и оно являлось исторически первым мировоззрением казахов, которое имело длительный характер существования. Духовной идеологической основой казахского народа явилось тенгрианство. Верховным божеством являлся Тенгри, местом обитания которого считалось Небо. Тенгри – деятельен, всемогущ, всезнающ, мудр. Он – олицетворение гармонии, порядка в Универсуме. Нарушением гармонии является смерть. При благословении Тенгри появилось все сущее, в том числе и человек. Он выступает крошечным синтезом Универсума, микрокосмом.

В пантеоне тенгрианских божеств немаловажную роль играло и божество земного мира – Жер-Су, женское божество Умай, «Ала атты жөл тәнірі» (Бог пути на пегом коне) и «Қара атты жөл тәнірі» (Бог пути на черном коне) и другие. Древние тюрки верили в существование добрых и злых духов. Добрыми являлись духи предков, которым они поклонялись, им приносили жертвоприношения, а злых духов – албасты, жың, жезтырнак и т.д. отпугивали ворожкой, кружением, талисманами и т.д. Прибегали и к помощи шаманов (баксы), авторитет которых был непререкаем, могущество их заключалось в том, что они вступали в прямые контакты, непосредственное общение не только с духами – добрыми и злыми, но с самим Тенгри. Одним из первых шаманов, их покровителем является Коркыт-ата.

Итак, тенгризм, шаманизм в сочетании с кочевым (номадическим) образом жизни сформировали специфику казахской культуры, которая прежде всего заключалась в открытости, целостности, универсальности, космичности и благоговения перед природой, жизнью. И эта культура, духовность оказала влияние на все последующее ее развитие, особенно на этапах перехода от родоплеменных отношений к государственным.

Одним из первых государственных образований на территории Казахстана были уйсун. Основным занятием жителей этого государства было кочевое скотоводство. Оседлое население занималось различными ремеслами, торговлей и небезуспешно. Дошедшие до нас материальные памятники культуры уйсуней показывают, что они были прекрасными художниками, ювелирами, скульпторами, архитекторами. Ими были основаны мощные города-крепости Чигу, Джетысу, Битень.

Преемниками уйсуней становятся мощное государство Тюркский каганат, просуществовавший несколько веков и менее долговечное государство Карлуков, созданное наканунеарабской экспансии казахских степей. Арабское иго в лице государства Караханидов способствовало духовному развитию казахского народа. Именно в это время создавалась та среда, которая породила такие личности, как аль-Фараби, Жусуп Баласагуни, Кожа Ахмет Йасауи и др. Их учение явилось этапом, эпохой в развитии казахской мусульманской духовности, науки.

Ведущей тенденцией жизнедеятельности казахов в этот период продолжает оставаться кочевая образ жизни. Именно благодаря этой деятельности наши предки-номады осваивали в жестоких битвах необъятные широкие просторы степей, в которых живем мы и сегодня.

Жестоким испытанием для нашего народа явилось вторжение в казахскую степь монгольских кочевников, которые на несколько столетий приостановили естественный ход развития государственности у казахов. Монгольские завоевания сопровождались страшными разорениями, опустошениями, жестокостями, что нашло отражение в памятниках народного творчества тех времен – в жырау, в героических эпосах, различных сказаниях.

Историческим годом для нашего народа явился 1461 год. В это время происходит разделение Мавераннахра и Хорасана, положившее начало процессам создания Казахского ханства, раскинувшегося на огромных просторах Дешт-и-Кипчака. Этот процесс сопровождался оформлением казахов в этнос (нацию) и формированием собственного менталитета.

Безусловно, все завоевания не могли пройти бесследно. Так, этногенетическими наследниками наших предков-номадов стали как скифы, гунны, огузы, саки, уйсун, канглы, кипчаки, тюрки, так и арабы, монголы, каждый из которых вносил определенные морфологические изменения в биопсихотип казахской народности.

Социополитическая, религиозно-духовная канва жизни Казахстана той эпохи рождает плеяду мыслителей, поэтов, как Асан-Кайгы (прибл. 1361-1370 гг. рожд.), Шалкииз-Жырау, Базар-Жырау, Исхак Вали и других личностей планетарного масштаба. Они, будучи маргинальными личностями, смогли сохранить и продолжить духовную культуру народа. Все они были мудрецами – жырау, акынами и свои идеи передавали импровизационно, в пении, в своеобразной форме – айтысы – поэтическидиспуты, шеше – афористические речи, ундеу – поэтические обращения, арнау и мактау – поэтические послания и оды, толгау – назидательные философские размышления, терме – назидательные стихотворения и т.д., через которые дошли до нас особенности духовно-культурной жизни народа, решение ими проблем бытия человека и мира в специфической степной интерпретации.

Социальным идеалом Асана-Кайгы (Хасана Сабит улы) являлось государство Жеруйык, где процветают благоденствие, счастье. Условия жизни в нем наиболее благоприятны для кочевников – дни беспечальны, зеленые луга, богатые пастбища, обилие воды, «жаворонки мирно выют гнезда на спине овцы». Люди живут большой общиной, в полном согласии со своей природой. Они прислушиваются к советам аксакалов, являющихся генераторами и трансформаторами знаний, носителями общечеловеческих ценностей, многовековых традиции и обычаев предков. Поэтому в Жеруйыке ценят и любят аксакалов. Повсюду торжествует Добро и Справедливость. В этом обществе нет места злу и другим дурным порокам человека.

В поисках Жеруйыка, земли обетованной, на своей Желмая (быстроногой верблюдице) Асан-Кайгы много путешествовал. Но везде он сталкивался со злом, жестокостью, насилием. Корни этого зла он видит прежде всего в невежестве народа, которое разделяло их, противопоставляло по родовым и прочим признакам.

Глубоким сочувствием к страданиям народа пронизано и творчество Бухар-Жырау Калкаман улы (1693 – 1787 гг.), советника Аблай хана, внесшего существенный вклад в дело объединения трех казахских родов и создания сильного централизованного казахского государства.

Деятельность его падает на время, характеризующееся в исторической литературе как время сверхвысокого напряжения и жестоких испытаний, година «великих бедствий» и лихолетья. Набеги джунгар, китайцев участились, особенно трагичным для казахов оказался 1723 год. В следующих 1724–1725 гг. джунгарами были разрушены Туркестан – духовная обитель казахов, родина великого Кожа Ахмета Йасауи и г. Ташкент. Джунгары как смерч налетали на населенные пункты Казахского ханства, опустошали, сметали, уничтожали все живое на своем пути. Перед казахами остро встал вопрос о дальнейшем их существовании как этноса. В этих условиях вопрос о принятии российского

подданства встал особо остро. И Аблай хан принимает в тех условиях единственно правильное решение – обращается за помощью к России.

Тем не менее Казахстан, находясь на правах российской колонии, оказался в полосе исторического отставания. Огромные казахские степные просторы стали легкой добычей на пути хищных стратегических интересов Российской империи. Этой империей была разрушена исторически сложившаяся национальная система правления, нарушена этнотерриториальная целостность, разорваны все бывшие традиционные родо-племенные связи, крепившие единство народа. И казахи на своей исконной земле очутились в роли бесправного пришельца. Но казахский народ не хотел мириться с такой участью. И это положило начало целой серии крупных восстаний конца XVIII – начала XIX веков под руководством Срыма Датова, Исатая Тайменова и Махамбета Утемисова, движению Кенесары Касымова. К сожалению, все эти выступления были жестоко подавлены царским самодержавием.

На этом этапе формировалась новая духовность, основу которой составляли мифологическая культура, доисламские верования и ислам. Главную цель своих учений мыслители этой эпохи – Джаухари, Аяз-би, Жиренше-шешен, Казтуган, Доспамбет, Маргаска, Абай Кунанбаев, Шакарим Кудайбердыев и многие другие видели в совершенствовании человека, его души. Они воспевали любовь к Богу как любовь к природе, к окружающему миру. Основной идеей их творчества являлось то, что все в Универсуме совершенно и взаимосвязано, начиная от простейших и заканчивая человеческим разумом.

Становление новой, оседлой цивилизации совпало с вхождением Казахстана в состав Советского Союза. Большие ожидания у казахского народа были связаны с созданием Советского государства. Однако, СССР при всех его позитивных моментах для ряда окраинных республик выступил с позиции тотального интернационализма, игнорируя при этом национальные особенности. В начале XX столетия у Казахстана благодаря деятельности движения «Алаш» появилась возможность обретения самостоятельности, прорыва в большой мир. Против деятельности «Алаш» выступили большевики, которые, одержав победу в гражданской войне, ликвидировали «Алаш» как движение, а его руководителей подвергли репрессиям.

В начале 90-ых годов происходит распад Советской тоталитарной системы и Казахстан встает на путь самостоятельности, обретает подлинную независимость, суверенитет. И сегодня мы можем говорить, что Казахстан, опираясь на такую крепкую историческую духовно-культурную основу, состоялся как самостоятельное государство, что уровень его экономического и политического состояния таков, что он обеспечивает свою независимость, свое вхождение в мировое сообщество на уровне многих развитых государств мира.

Бекжанова М., Өтешова А.Қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ТИГІЗЕН ӘСЕРІ

Қазақстан Республикасы қазіргі таңда бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. 2050 жылдары Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарынан табылады деп Елбасымыз нық сеніммен стратегиялық бағдарламасында көрсеткен болатын [1].

Осындай даму жағдайына жетудегі басты экономикалық салалардың бірі кәсіпкерлікті, шағын бизнесті мейлінше дамыту болып табылады.

Елімізде 20 ғасырдың 90-жылдары белсенді түрде жүргізілген жекешелендіру үдерістері шағын кәсіпкерліктің қалыптасып дамуына жол ашты. Республикада шағын бизнестің дамуы экономиканың ойдағыдай реформалануы көрсеткіштерінің бірі болып табылады [2].

Экономикалық өсуді ынталандыру – кез-келген елдің экономикалық саясатының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені экономикалық өсу – халықтың әл-ауқатының артуына жағдай жасайды. Шағын бизнес экономикалық өсу факторларының бірі болып табылады. Аса өзекті экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу барысында шағын бизнестің рөлі ерекше. Мемлекет тарапынан елеулі шығындарды талап етпестен, шағын бизнес «салауатты» бәсекелі ортаның қалыптасуына, нарықтық тепе-теңдіктің орнауына, жана жұмыс орындарының құрылуына, жағдайы орташа тұрғындар тобының қалыптасуына, тұрғындардың әр-түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасайды, ал бұл – ақыр соңында, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Шағын бизнестің даму мәселелері біздің еліміздің басшылығы үшін әрдайым басымдықты мәселе болып табылады. Мемлекет тарапынан қолға алынған, жеке кәсіпкерлікті қолдау шаралары ТМД елдерінің арасындағы ауқымы бойынша теңдессіз болып табылады. Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында шағын және орта бизнестің дамуын – еліміздің экономикалық саясатының басымдықты бағыттарының біріне жатқызған. Шағын бизнесті дамыту – Қазақстанның ХХІ ғасырдағы индустриалдық және әлеуметтік жаңаруының басты құралы болып табылады. Біздің экономикамыздағы шағын және орта бизнестің үлесі қаншалықты көп болса – Қазақстанның дамуы да соншалықты тұрақты болады.

Республикамызда шағын бизнесті дамыту үшін мынадай шаралар жүргізілуде және жүргізілуі қажет:

- салық салу базасын жетілдіру
- салықтың түрлерін анықтауға қатысты салық заңдарына өзгерістер енгізу;
- қаржы операцияларын жүргізуге мұрындық болатын салық ставкаларын азайту және соған сәйкес тиісті салықты төлеуді жетілдіру;
- несиелер беру мерзімдерін ұзарту және аймақтық мәні зор шағын өндірістік кәсіпорындар үшін пайыздық ставкаларды төмендету арқылы отандық өндірістерді ынталандыру және сапасы төмен арзан қолды тауарларды тасып әкелуге тосқауыл қою;
- шағын бизнесті несиелендіру механизмдерін жетілдіру үшін лизингтік несиелерді, венчурлық қаржыландыру, факторинг, сонымен бірге, кепілдік қорларды құру және өзара несиелендіруді қалыптастыру

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік орта мен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасауына бағытталатын болады. Аймақтарда шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту тек халықты жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, рухани, экономикалық іргелі мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді. Жастар арасында жұмыссыздық салдарынан кездесіп жүрген нашакорлық, ішімдіктерге бой алдыру сияқты қоғамға жат қылықтарды болдырмауға шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытудың және қолдаудың әсері мол деп санаймын [3].

Кәсіпкерлікті қаржылай қолдау едәуір шығындарды талап етеді, ал мемлекеттік бюджеттің мүмкіндігі шектеулі. Мұндай жағдайда қаржының пайдаланудың коммерциялық механизміне көшу қажет. Қазір банктер сату-сатып алуды несиелейді немесе ірі тауар өндірушілерді несиелерді қолайлы көреді. Шағын бизнес өтімді кепілдік базаның жоқтығынан несиелік ресурстарға қолы жете алмай тұр. Осыған байланысты шағын кәсіпкерлікке лизингтік несиелер, сақтандыру, франчайзингті дамыту қажет. Кәсіпкерлікті қаржылау қолдау саясаты орташа және ұзақ мерзімді несиелеуді, аймақты деңгейде кепілдік қорлар мен несиелер серіктестіктерін құруға бағытталуы қажет.

Шағын бизнес субъектілеріне салық салудың әділ жүйесін құрудың негізгі принципі жалпы экономикалық мүдделердің фискальдық мүдделерден басым болуы тиіс. Шағын бизнес субъектілерінен салық салудың әділ механизмі кәсіпкерлердің табысын анықтаудың байыпты тәртібінің болуын көздеу мүмкін. Кәсіпкерлердің табысына бірыңғай жеңілдікті мөлшерлеме енгізу немесе потенттік төлем кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетеді. Ағымдағы және аванстық төлемдер төлеудің қазіргі тәртібін жою керек. Өндірісті дамытуға, бәсекеге түсе алатын экспортқа бағдарланға немесе импортты ауыстыратын өнімдер шығаруға қаржы жұмсайтын шағын кәсіпкерлер үшін табыс салығын есептеген кезде салық салынатын табысты осы қаржыға кеміту қажет. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың басты бағыттарының бірі-кеден баждарын төлеу кезінде шағын кәсіпорындарға жеңілдіктер беру. Қазақстанда өндірілмейтін шикізаттарды импорттаған кезде қосымша күн салығын салуды кейінге қалдыру қажет [4].

Дегенмен, қазір Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға барлық жағдай жасалуда деп айтуға толық негіз бар. Өйткені, аталған саланы реттейтін құқықтық нормативтік актілер мен заңдар заман талабына сай жетілдіріліп жатыр. Бақылаушы-қадағалаушы органдардың жөн-жосықсыз тексерістеріне заң жүзінде шектеу қойылды. Мұнымен қоса, рұқсат берумен, лицензиялаумен айналысатын органдардың саны айтарлықтай қысқартылды. Елбасы жанынан кәсіпкерлер кеңесі құрылып, жергілікті жерлерде сарапшылық кеңестер ашылып, жұмыс жасауда. Мұнымен қоса «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңда мәртебесі бекітілді. Бұдан былай кәсіпкерлікке қатысты заң жобаларының барлығы осы сарапшылық кеңестің сүзгісінен өтетін болды. Сонымен қатар қазір парламентте шағын кәсіпкерлік туралы заңның жаңа жобасы талқыланып жатыр. Республикамызда кәсіпкерлерден берушігердің «Атамекен» жалпыұлттық одағы құрылып, жұмыс істеуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030 Қазақстан халқына жолдауы.
2. Кошанов А.К. Казахстан на пути к рынку. – Алматы: Ғылым, 1991.
3. Сәбден О. Тоқсанова А. Шағын кәсіпкерлікті басқару. – Алматы: «Білім», 2002. – 304б.
4. Бажиева, Манабаева. ҚР-да шағын бизнестің қалыптасуы және дамуы. ҚазҰУ хабаршысы – 2006. №4, 58-63б.

Бимақанова З.Ш, Тленчиева А.А.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МҰРАТЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУ

*Жүректің түріп құлағын,
Ойланып тағы қарашы.
Кімсің сен, қайда тұрағың,
Енді қайда барасың?
(Омар Һайям)*

«Мың жылдығыңды ойласаң – ұрпақ тәрбиле» деген қазақ даналығы. Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Қазақстан – қазіргі заманғы мемлекет. Біздің мемлекет кемелдікке жетті. Сондықтан да бүгінгі күн тәртібі мемлекеттің қалыптасуы кезеңдегіден өзгеше. Қазақстанның әлемдік қауымдастық елдері арасындағы беделі артып, Еуразиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Бұл жоғарғы лауазым Қазақстанға орасан зор жауапкершілік жүктеп қоймай, еларалық, дінаралық, мәдениетаралық сұхбатқа үндейтін, демократиялық оң өзгерістерге жетелейтін жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл жаңа ғасырдағы біздің Отан тарихының шешуші кезеңдерінің бірі болды. Әлем тарихының көзқарасы бойынша қысқа мерзім ішінде Қазақстан қарқынды дамып келе жатқан демократиялық мемлекет, саясат және экономикалық сенімді серіктес, көптеген халықаралық интеграциялық және бітімгерлік бағдарламалар бастамашысына айналды.

2010 жылы Қазақстан саяси белсенділіктің орталығын Батыстан Азияға көшіріп, қауіпсіздік аясын еуро-атлантикалықтан еуроазиялыққа кеңейтіп, ЕҚЫҰ-да басшылық етті. Әлемдегі әрбір елдің басшысының өз халқына жолдауы – билік пен саяси мәдениетте қалыптасқан берік дәстүрі бар. Сол дәстүр елімізді шынға, өркендететін «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Елбасымыздың «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық» – деп нақтылаған болатын Елбасы өз Бағдарламасында. Ол «Мәңгілік Ел» идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел!, - деді Президент.

Тәуелсіздігімізді Мәңгілік сақтай білуімізде еліміздің шынайы патриоты болатын ұрпақ тәрбиелеуге бар күш жігерімізбен еңбек ету бүгінгі күннің негізгі атрибуты деп айтуға болады. Елбасы Жолдауындағы басты нысан – Мәңгілік ел, оның азаматы, өмірінің сапасы, ертеңге деген сенімі. Ал, бұл білім мен ғылымның дамуы, қоғамның көкейтесті сұранысына сай білікті маман даярлау, интеллектуалды, отаншыл орта қалыптастыру арқасында ғана лайықты болатын іс. Алдыға қойған ұлы мақсаттары бар ертеңіне сеніммен қарайтын, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса Елбасымыз салған сара жолдан таймайық, елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. Бүгінде көптеген табысты елдер – Қытай, Малайзия, Түркия ұзақмерзімді жоспар бойынша жұмыс істеуде. ХХІ ғасырда стратегиялық жоспарлау ең өзекті қағида болып саналады.

Сол секілді қазірде еліміздің қандай болатынын әрқайсысымыз елестетерліктей нақты кезеңдерден тұратын стратегиямыз бар. Мақсат айқын болмай, бағыт түзу болмайды демекші «Қазақстан 2050» стратегиялық жоспарындағы мәңгілік ақиқат – дйттеген нысана «Мәңгілік Қазақстан» ұлттық

идеясы. Ұлттық идея – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына үлкен мән беріп қарастырады. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы күллі әлемге жар салуы. Қортындыласақ, Ұлттық идея - мемлекеттің мұраты дей отырып, жалпы стратегия мақсаты – Қазақстанның .

2015 жылғы 30 қарашадағы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айтып өткен болатын. - Иә, міне бұл уақытта жақындап қалды. 2016 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойын атап өтпек. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіздікке жету жолы оңай болған жоқ, әсіресе осы қиын жолда қаза тапқан желтоқсан құрбандарын еске алмау мүмкін емес. 1986 жылы желтоқсан айында Алматы қаласының орталық алаңына қазақ жастары жиналып, Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың орнына Қазақстанда бір күн де жұмыс істемеген және есімі де елге белгісіз Геннадий Колбиннің тағайындалуына қарсылық танытты. Қазақ жастарының бұл наразылығы бүкіл әкімшіл-әміршіл жүйеге наразылыққа ұласты. Кремль саясатына қайшы келетін шеру қатыгездікпен жаншылды. Жастарды таратқаннан кейін қуғын-сүргін басталды. Бұл уақиға жайлы советтік баспасөз тіс жармағанын, жазса да жастарды аяусыз сынағанын «Казахстанская правда» мен «Ленинская смена» газеттерінде 1986 жылдың соңында жарық көрді. Талай қазақ қыздары мен жігіттерін арамыздан алып кеткен «Құйын – 86» деген атпен желтоқсан оқиғасы баршамыздың мәңгі есімізде қалады. Егеменді еліміздің келешегі үшін жанын пида еткен батыр жастары: Сабира Мұхамеджанова, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков. Олардың есімі мәңгі сақталады біздің жадымызда, тарихта, ұмытпаймыз!

Тәуелсіздік күні – тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді. Сонымен қатар еліміз Әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енген болатын. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді.

Қазақ елі бас – аяғы 25 жылдың ішінде егеменді ел ретінде қалыптасып қана қойған жоқ, сонымен бірге әлем мойындаған мемлекетке айналды. Әлемнің ең мықты деген сарапшыларының өзі біздің елбасымыздың қызметіндегі стратегиялық бағдарламалардың құндылықтарын енді түсіне бастағандай. Ең әуелі Қазақстан Республикасы деп аталатын тәуелсіз мемлекетті құру, әлемге мойындату кезінде тұңғыш Президентіміз шекараларды нақтылау ісімен бірге түптің түбінде осы шекаралардың «ашық жағдайда» жұмыс істейтін ұсыныстарды күн тәртібіне шығарып жүрді. Мысалы, Ресей Федерациясымен мәңгілік достық туралы декларацияға қол қойды. Сонымен бірге Қытай жағымен дипломатиялық қарым – қатынас орнатып «Достық» бекетін жұмыс істеу жағдайына көшірді. Келіссөздер кезінде «Ұлы жібек жолын» XXI ғасыр талабына сай қайта жаңғырту жан-жақты тиімді болатынын дәлелдеді. 1994 жылғы Мәскеудегі М.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетіндегі дәріс оқыған кезде Ресей астанасы ғұламалары мен зиялы және ықпалды қауымына «Еуразиялық интеграциялық одақ» туралы ұсынысын жария етті. Әлі де экономикалық тығырықтан шыға қоймаған, сонымен бірге әлем толық танып білмеген жаңа Қазақстан Республикасының басшысы аузынан шыққан мұндай ұсыныстар кезінде мақұлдау түгіл үлкен қарсылықтарға кезіккенін де білеміз. Десек те, уақыт өте келе Н.Назарбаев ұсынысының дұрыстығын сол қарсылықтардың өздері мойындауына тура келді. Олай етпесе болмайтынын елбасымыз әуел бастан білген.

Тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық болған заманда ел экономикасын дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру сынды мәселелерде қарқынды жұмыстар атқарылуда. «Қазақстан 2050» стратегиясы, «Бизнестің жол картасы - 2020» сынды бағдарламалар, өзге елдермен жүргізіліп отырған сауда – саттық бойынша келісімдер, елімізге тартылып жатқан инвестициялар бұған дәлел. Қазақ елі қастерлейтін хандардың барлығы тарихта өз тағылымы мен ел басқарудағы ерекше қырағылығы, сондай-ақ көрегенділігімен көзге түскен. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» ел тарихында мәңгілікке қалған. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның стратегиялық даму бағыты мен бағдары белгілеп, мақсатын айшықтаған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы да осы аты аталған тұлғалар салған жолдардың ізбасары іспетті. Менделеев кестесіндегі бар элемент табылатын жеріміз табиғи пайда қазбалар ошағы. Мұнайдан бастап, уранға дейін табылады. Бүгінде

экспортталатын тауарлардың басым бөлігін де табиғи байлықтар құрауда. Қазбамен емес, білімді азық етіп даму үшін бүгінде Ұлы Дала елі үдемелі индустриалды-инновациялық даму жолында. Яғни, ғылыми жаңалықтар мен технологияны, техниканы өндіріспен тығыз байланыстырып отыр. Осындай саясат арқасында тек Жер Ана бұйыртқан байлықпен емес, жаңашылдықтың арқасында біз үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған мемлекетке айналуымыз. Отандық өндіріс өнімдерінің де өрісі кеңеюде. Өз өнімімізді тұтынатын күнге де жеттік. Осы орайда, отандық кәсіпкерлерге де Үкімет тарапынан мол мүмкіндіктер туындатылып отыр. Бұл сала да индустриалды-инновациялық саясатымыздың бір бөлшегі. Тарих толқынында талай белесті өткеріп, сын сағатта сыналған, өз елі үшін өзін құрбан еткен есіл ерлердің арманы – Тәуелсіз Қазақстан бүгінгі қанатты барыстай шырғандарды бағындыру, әлемдік аренада ықпалды елге айналу жолында. Осы жолда әр қазақ өз үлесін қосып, салт-дәстүрін сақтап, ата-баба үмітін ақтай білсе, қадымдап бастаған қадамымыз қарыштай түсері анық.

Еуразия төріндегі ұланғайыр аймақты мекендеп келе жатқан халқымыздың ұлы дала төсіне ат тұяғымен жазып қалдырған барша тарихы – Тәуелсіздік, еркіндік, ұлт ретінде сақталып қалу жолындағы жанкешті күрестерге толы шежірелі тарих. Бүгінгі Қазақстан – ата-баба аманаты – ұлан далада әлем жұртшылығы сүйсінген Елордасы бар, бірлігі берекеге, ынтымағы ырысқа айналған, тұрақтылық пен тыныштық салтанат құрған, экономикасы әлеуетті, болашағы жарқын жаңа мемлекет. Тәуелсіз мемлекетіміздің қыран қанат көк туын биікке көтеру – әрбір қазақстандыққа тағдыр сыйлаған ұлы бақыт. Ал, «бақыт - бағалай білгеннің басында ғана тұрады», - дейді дана халқымыз.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев - еліміз өз тәуелсіздігін алып, дербес даму айдынына бет алған алғашқы сәтінен бастап халыққа берген антын қалтқысыз орындап келе жатқан заманымыздың ұлы тұлғасы. Тұңғыш Президентіміз тәуелсіз қазақ мемлекетінің іргетасын қалап, негізін салды, Туын көтеріп, оны дүниежүзілік қоғамдастыққа танытып, мойындатты, әлемдік дәрежеде сыйлатты. Ел ішіндегі мемлекеттік саясатты қолдаушы да жүзеге асуына белсене атсалысып келе жатқан бірден-бір қоғамдық ұйым ретінде «Нұр Отан» партиясының қоғамның ықпалды күшіне айналуы да тікелей партия жетекшісінің саяси қызметінің нәтижесі. Еліміз кешенді реформалардан, түбегейлі өзгерістерден өтті. Адамның, қоғамның санасы өзгерді. Өмірге жаңа ұрпақ келді. Тәуелсіздікті құрметтеу, қастерлеу, қорғау – әрбір азаматтың борышы, парызы екенін қоғам түсінді. Тәуелсіздік, оның қауіпсіздігі – санамызда ұлттық идея болып қалыптасты.

Осылайша Тәуелсіздіктің арқасында мемлекетіміздің рухын асқақтататын көк байрағымыз көкте желбіреп, Әнұранымыз әуеде шырқалып, Елтаңбамыз елдігімізді танытып келеді.

Қорытындылай келе, «Тәуелсіздіктің мұраты – мәңгілік ел болу» мұратымыз халқымыз ежелден аңсап келген асқақ арманына қазіргі таңда қол жеткізгенін айқын көре аламыз. Бүгінгі Қазақстан терезесі тең, іргесі берік, экономикалық-инновациялық дамуы қарқынды тәуелсіз елу елдің қатарында тұрып, көк туын биікке желбіретуде. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 25 жылда еліміз жан-жақты салада жоғары жетістіктерге жетіп, өзінің жарқын келешегін айқындады. Яғни, тәуелсіздік - Қазақстанның жарқын болашағын көрсететін негізгі алтын дінгек. Сондықтан да тәуелсіздігімізді алғаннан кейін Қазақстан барлығынан тәуелсіз өзіндік даму сатысына көтерілді. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің өткізілуі осы дамудың биік белесін көрсететін жетістігіміз. Осылайша мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі рөлі артып, еліміздің мәртебесі жоғары дәрежеге көтерілуде. Бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстанның алдағы өмірінің жарқын да бейбіт болатынына кәміл сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж. 14 қаңтар.- 60 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 2014 жылғы 14 қаңтар Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан газеті, 2014 ж. 14 қаңтар.
3. Сегізбаева Э.У. Тәуелсіздіктің ақ таңымен бірге Қазақстанға 25 жыл энциклопедиялық кітап.(мақалалар, естелік сұхбаттар, өмірбаяндар) - Астана, 2016.-424 бет.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих Толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
5. Назарбаев Н.Ә. - тәуелсіз мемлекеттің негізін салушы. Жақып Б. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 228 бет.
6. <http://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/Qazaqstanym/35256/>

ҚАЗАҚСТАН ЕГЕМЕНДІ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ӨМІРІ

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының өз сөзінде: «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезенді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр [1,25].

Қазақ елі бір тудың астына жиылып, біртұтас ел болуды армандаған қазақ елінің ұлы тұлғалары, ұлдары Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедов, Әлейхан Бөкейхановтар және тағы басқа қоғам қайраткерлері бар еді. Олар қазақ елінің тәуелсіздігі үшін өмірлерін қиды. Алаш ұлдарының арман тілегі аспай қалғанымен, ұлттық сананы оятуда қазақ тарихында рухани түрткі болды. Олар қазақ елінің болуы мен өркениеті ел қатарына қосылуын қалады.

Осы тұлғалардың армандары бүгінгі таңда орындалды, яғни тарих бізге 1991 жылдың 16-желтоқсанынан бастап Тәуелсіз мемлекет құрудың сыбағасын ұсынды. Сөйтіп, еліміздің тар жол, тайғақ кешулі қасиетті сапары, азаттықтың арпалысқа толы ақ жолы басталып еді. Елбасы өзінің туған халқына деген сеніммен тәуекел деп тәуелсіз елдің іргетасын қалауды, оны нығайтуды қолға алған болатын.

Қандай да бір дербес мемлекет болмасын оның өмір сүру принциптерін, тұрмыс негіздерін, қоғамдық құрылысын, жеке адамдардың құқықтықтары мен қоғам алдындағы міндеттерін белгілейтін негізгі заңының болуы тарихи тәжірибеде ежелден бар. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасының Конституциясы қазіргі өркениет ауқымындағы тәуелсіз қазақ мемлекетінің негізін қалап отырған Ата заңы екендігін ерекше айтуымыз керек. Себебі, әлі күнге дейін тарихымызда қазақ мемлекетінің құрылымы, оның әдет-ғұрыптары мен заңдары туралы жазба түрінде сақталған деректер әліде толық зерттеліп, табыла қойған жоқ. Алайда, әр дәуірде қазақ жерінде өмір сүрген тайпалық одақтар мен алғашқы қазақ хандықтары мемлекеттерінің бұған айрықша көңіл бөлгені белгілі.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет басшылығына келген алғашқы сәттен бастап айрықша ерекшелігі бар өзгеше бір халықаралық және ұлтаралық мәселелер шиеленісінің шешуін асығыстыққа салмай, арандататын пікірлердің ығы мен ырқына жығылмай, әліптің соңын баға сабырмен, уақыттың талабына, қазақстандық жолдың ерекшелігіне үйлестіре, жан-жақты мүдделердің түйісу нүктесін таба біліп шешудегі даралығымен бірден әлем назарын аударды. Елбасы өзінің қол жеткізсем-ау деген саяси және ұлттық биік мақсаттарын әрдайым есінен шығармаумен бірге, оған жету үшін де жалаң ұран көтеріп, жақсы атақ алуға қызықпады. Қандай мәселеде болсын қолдан келетін нақты мүмкіндіктерді ғана түгел пайдаланып, эволюциялық жолмен тұрақты ілгері жылжи бергенді дұрыс санады. Дамудың қазақстандық жолын іздестірді, өзіндік бағытты тандады. Сол қазақстандық даму жолынан өзге даму жолдарының ешқайсысын да, тіпті бірде-бірін жоққа шығарған емес, керісінше өзге даму жолдарының қажеттісін алып та, пайдалана білді.

Елімізде дамудың өзіндік жолы таңдалса да, мемлекет тәуелсіздігінің мүдделері өзімен бірге шешілуі қиын мәселелердің де тұтас тобын алға тартты. Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы басты кедергілердің бірі тоталитарлық жүйе кернеуінің тәуелсіз ел мүдделерімен қиыса бермейтіндігінен де болып жатты. Бұрынғы жүйенің елесі мемлекет пен қоғам өмірінің көптеген қырларынан белгілі бір дәрежеде көрініс беріп те жатты. Мұның өзі шаруашылық жүргізу мен басқарудың ескі тәсілдеріне бой ұрушылықтан ғана байқалып қойған жоқ, халықтың басым бөлігінің бойға біткен енжарлығынан, өкімет асырайды дейтін бұрынғы пиғылынан да танылып жатты. Көзге көріне бермейтін бұл кедергілерді де Елбасының байсалды саясатының арқасында жеңіп, еңсере білдік.

Тоқсаныншы жылдардың бас кезіндегі кеңестік жүйенің жаппай ыдырауы мен идеологиялық бос кеңістік жағдайында Қазақстан да терең бір жартастың жағалауына таяп қалған еді. Бір сөзбен айтқанда кеңес үкіметі орнықтырған тұтас қоғам бөлініп-жарылудың аз-ақ алдында тұрды. Солшылдар, оңшылдар, неше түрлі ұлтшылдар – бәрі де елдің қоғамдық және экономикалық құрылымының қандай болуы керектігі туралы айтысты, өз дәлелдерін жеткізуге тырысты. Бәрі де әлеуметтік, ұлттық, экономикалық әділеттіліктің қалпына келуін талап етті. Солардың бәрі де өз айтқандарын ғана дұрыс санайтын. Тіпті олардың уәждері мен талап-тілектері де кәдімгідей иланымды естілетін. Дегенмен де

бәрі қосыла келгенде әбден шатысқан және кереғар түйінге айналатын, ол түйін барған сайын тарыла келіп, жас тәуелсіз мемлекеттілікті түншықтыру қаупін тудыратын. Қысқаша айтқанда, бұл кезде саясат экономиканың алдына шығып кеткен еді. Осындай жағдайда Елбасы бәріне де сабырлықпен қарап, бәрінің де сөзін де, бәзін де тауып қоғамның жалпы ыдырауының, саяси көзқарастардың бөлшектеніп кетуінің алдын ала білді.

1985 жылғы сәуір айында Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Онда Ор-талық партия Комитетінің Бас хатшысы М. С. Горбачев баяндама жасап, қоғамды демократиялық бағытта қайта құру жөнінде шешім қабылданды. Бірақ бұл шешім тек сөз жүзінде қалды. Іс жүзінде ол кеңес қоғамын ыдыратуды тездетті. Оны Қазақстанның партия, кеңес органдары қызметінен байқауға болады.

Тоқырау жылдарында Одақтың барлық ауқымында, оның ішінде Қазақстанда да басқару ісінде жағымпаздық, паракорлық, рушылдық, жершілдік сияқты көптеген ке-леңсіз құбылыстар орын алғаны белгілі. Бұл жылдары ұлт саясатында, әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселе-лерінде кептеген ауытқушылыққа жол берілді. Жалпы бар-лық кеңес қоғамында бұл кезде қоғамдық ойдың мәні өзгеріп, сөз бен істің арасында алшақтық, қайшылық кең өріс алды. Кадр мәселелерін шешу партия комитеттерінің тек бірінші басшыларының айтуымен, солардың таңдауымен жүретін болды [2,130].

Олар көптеген күрделі және маңызды мәселелерді партия комитеттерінің дер кезінде шешпейтінін, олардың қызметі ауқымынан тыс қала-тынын, күрделі мәселелерді шешуге ескіше қараудың кеңі-нен орын алып отырғанын ешқандай бүкпесіз айтып берді. Қазақстанның жоғарғы органдарына орталықтан басшы кадрлар жіберу кеңінен орын алды. Оларды қызметке жібергенде жергілікті жердің пікірі, республиканың тарихи жағдайы, оның салт-дәстүрі есепке алынбады. Мұндай жағдай 1986 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. А. Қонаевты орнынан алған кезде айырықша көзге түсті.

Пленум мәжілісі небары 18 минутқа созылды. Осы уақыт ішінде 22 жыл Қазақстан Компартиясыш басқарған Д. А. Қонаев қызметінен алынып, оның орнына Мәскеу жіберген Г. В. Колбин сайланды. Мұның өзі қайта құру мен демократиядан үлкен үміт күтіп отырған республика халқының, соның ішінде қазақ жастарының наразылығын туғызды. Пленум өткеннен кейін екінші күні Орталық партия Комитеті үйі алдындағы алаңға өздерінің Пленум шешімімен келіспейтіндігін білдіру үшін жұмысшы және студент жастар, оқушылар, т. б. жиналды. Олардың қолдарында ұстаған ұрандарының арасында: «Әр халықтың өз ұлттық көсемі болу керек» деген ұран болды. Мұндай көсемнің Қазақстанда тұратын орыс халқы өкілдерінен де мүмкін екендігі айтылды. Міне, осындай күрделі жағдайда Г. В. Колбин партия Орталық Комитетінің бюро мәжілісін шақыртып, оған С. М. Мұқашев, Н. Ә. Назарбаев, З. К. Камалиденов, О. С. Мирошкин, М. С. Меңдібаев А. П. Рыбников, Л. Е. Даулетова, В. Н. Лобов, т. б. катынасты. Бірақ олар алаңға шыққан жастардың жүрегіне жол таба алмады [3,93].

Алаңда болып жатқан жағдай, республика басшыларының, соның ішінде Г. В. Колбиннің ойында қазақ жастарының арасында елдегі социалистік құрылысқа қарсы астыртын әрекет, ұлтшыл ұйым бар деген пайымдау мен арам пиғылды туғызды. Бірақ ондай ұйымның бар-жоқтығы кейін канша тексерсе де анықталмады. Алаңда жиналған халық пен милиция және әскерлер арасында қақтығысулар жүрді. Ереуілге қатысушылар таспен, таяқпен қаруланып жазалаушыларға қарсылық көрсетті. Олар жастарға мұздай су ша-шып, алаңнан қуу үшін алаңға әкелінген бірнеше өрт сөндіргіш машиналарды өртеп жіберді. Қақтығысудың ба-рысында Е. Сыпатаев және С. Савицкий деген азаматтар қаза тапты. Осыған байланысты үкімет органдары алаңға шығушыларға қарсы күш қолдана бастады. Алматыға ба-сқа жерлерден арнайы әскери бөлімдер әкелінді.

Жергілікті кадрларды қуғынға салған Г. В. Колбин Орталық партия Комитеті бюро мүшелерінің пікірімен санаспады, олардың талаптарын қабылдамады, мәселелерді көп жағдайда өз еркімен шешті. 1989 жылы наурыз айында Г. В. Колбин Халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып тағайындалып Мәскеуге кетті. Оның орнына сол жылғы шілдеде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Н. Ә. Назарбаев сайланды [4,280].

Мәселені әрі қарай тексеру үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жанынан арнайы құрылған, Мұхтар Шаханов бастаған комиссия егжей-тегжейлі тексерді. Оның барысында, қазіргі кезеңнің талабымен қарағанда, алғаш рет демократия және жариялылық жағдайындағы халықтың еркіндік үшін көтерген талабы мен ескі партиялық ойлау арасындағы қақтығыстың болғандығы ашып көрсетілді.

Сондықтан бірқатар ұлт республикалары Одақтан бөлініп шығу, өздерінің егеменді мемлекет болуы жөніндегі талаптарын қойды. Міне, осының нәтижесінде 1988 жылдың Қараша - 1989 жылдың

мамыр айлары аралығында Балтық жағалауындағы Эстония, Литва, Латвия республикалары өздерінің егемендігі туралы алғашқы құжаттарын қабылдады. Сөйтіп, олар КСРО құрамынан шығып, жеке тәуелсіз мемлекетке айналды. Осыдан кейін, көп кешікпей-ақ, яғни 1989-1990 жылдары егемендік туралы Декларацияны КСРО-ның басқа республикалары да қабылдады. Сөйтіп, 74 жыл бойы өмір сүрген республикалар Одағы ыдырады.

1991 жылғы 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік-тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма бес жыл уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік-біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Иран - Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті. Ал «Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады» деген сөздің ақиқат еместігін білгеніміз жөн. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілін ашты, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Физзатов келтірген. Алғашқы күндері әлемнің салмақты елдері мойындап, кейіннен басқа да елдер мойындап жатты. Осылайша әлемдік саясат аренасында ҚАЗАҚСТАН деген мемлекет тәй-тәй басты. Небары бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар басталды. АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Германия, Франция, т.б. ірі-ірі мемлекеттер Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың соңына дейін мойындады [5,256].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-на кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көп-жақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды.

Қазір тәуелсіз қазақ елінің тарихы жасалды. Бірақ оны қазақ елінің Көшбасшысы бола алған Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылы бүкіл халықтық сайлаудан кейін қолға алған басшылық қызметінсіз көзге елестету мүмкін де емес. Өйткені, тәуелсіздік қарсаңындағы және тәуелсіздіктің сан қырлы соқпақты жылдарындағы оның тізгінін ұстаған Мемлекет басшысы, оның тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқарған қызметінсіз тәуелсіз ел тарихының парақтарын жазып шығу мүмкін де емес, Өйткені, бұл тарихта тәуелсіз еліміздің іргетасын қалап, керегесін керіп, оның әрбір уығын шаншып, шаңырағын көтерген, бар-жоғын түгендеп, іргесін кеңейткен, оны әлем елдері мойындаған мемлекетке айналдырған, онымен санасуға мәжбүр еткен Қазақстан Республикасының Президенті, оның Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолтаңбасы, қабылдаған тарихи шешімдері, ұстанған саясаты, саяси қызметі, өзіндік дара жолы жатыр. Тақырыптың өзектілігі міне, осыдан да туындайды.

Осыдан жиырма бес жыл бұрын Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қабылданғаннан кейін ғана халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене құлшыныспен кірісті, елдің ішкі және сыртқы саясатын, өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбірінен өзгеше жаңа, демократиялық қоғам құру принциптерін дербес айқындады. Әрине, ең алдымен бұрынғы жүйенің құлауының зардаптарын, әлеуметтік-экономикалық күйреу мен дағдарысты бастан кешірдік. Соған қарамастан Қазақ мемлекеті өркендеуде өз жолын таба біліп, өркениетке өз үлесін қоса бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә Назарбаев Бейбітшілік кіндігі Алматы.,200.25-б
2. М. Қозыбаев. Киелі Тәуелсіздік. Алматы, 2009. 130-б.
3. М. Тынышбаев. Таңдамалы. Избранное. Алматы, 2001. 93-б.

4. Н.Ә Назарбаев Елмен сырласу. I том. –Астана: Күлтегін, 2008.280 б.
5. Н.Ә Назарбаев Елмен сырласу. II том.Астана: Күлтегін, 2009. 256 б.
6. Д.А. Қонаев Ақиқаттан аттауға болмайды.— Алматы, 1994. 30-б.

Даркенов Қ.Ф.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ АССАМБЛЕЯНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстанда этносаралық қатынастарды жетілдіру мен тұрақтылық қазіргі кезеңде теориялық және практикалық тұрғыда өзекті мәселе. Ел ішіндегі саяси-экономикалық, рухани тұрақтылық, этностар арасындағы өзара түсіністік және өзара сенім – бұл келешекке, даму мен модернизацияға жасалған инвестиция.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Этносаралық келісім – ол өміршеңдік оттегі. Біз демалған кезде оны байқамаймыз, ол өздігінен болады. Біз тек өмір сүреміз. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз. Оны біз үшін ешкім ешқашан сырттан келіп жасамайды, - деп этносаралық келісімге ерекше маңыз берді. Ел ішіндегі тұрақтылық пен сенім бейбітшіліктің негізін қалайтындығын атап өтіп, оған кең көлемде, әрі нақты «...Бейбітшілік – ол әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларының бақыты. Бейбітшілік – ол тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық – күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік» - деді [1].

Аймақ елдеріндегі этносаралық қатынастардағы жағдай, шиеленістердің тууы мен себептерін зерттеу, терең аналитикалық талдау жасау қандай да болмасын қауіпті синдромның алдын алуға мүмкіндік береді. Поскеңестік кеңістік елдері Украина, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б. әлеуметтік толқу мен наразылықтың тууы, себептері, пайда болуы көзі, оның салдары қазақстандық саясаттану, аймақтану, әлеуметтану мамандары алдына жаңа сұрақтар қойды.

Қазақстан неғұрлым тұрақты, этносаралық мәселелер есепке алынған мемлекет, қандай да болмасын шиеленіс, қақтығыстың тууына негіз жоқ деген пікірлердің басым болғандығына қарамастан, қоғамның трансформациялану және модернизациялану үрдісіне сергек қарау маңызды. Сырттан, өзге аймақтардан жаһандану жағдайында конфессия аралық, этносаралық т.б. шиеленістерге негіз болуы мүмкін жағымсыз құбылыстардың Қазақстанда байқалуын сараптау да өте қажетті мәселе. Ел ішінде жағымсыз тенденциялардың тууы, оның таралу, орнығу және қауіптілік деңгейін айқындау, қауіп-қатердің алдын алу шараларын белгілеу және жүзеге асырумен тығыз байланысты. Сондықтан да этносаралық мәселе зерттеу нысанасы ретінде кешенді түрде қарастырылады. Солардың қазіргі кездегі өзекті тарамдарын қарастырсақ:

- Мемлекет құраушы ұлт тарапынан басқа этникалық топтарға жанама немесе тікелей түрде қысым байқала ма.
- Азшылық этностардың ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын сақтауы мен дамытуы, қолдану деңгейі қандай.
- Мемлекет аумағындағы этникалық топтар арасында қандай мәселеде шиеленіс, қақтығыс тууы мүмкін.
- Этностар арасында шиеленіс, қақтығыстың тууына, өрістеуіне сыртқы күштердің ықпалы қандай болуы мүмкін.
- Азшылық болып саналатын (диаспора) этностар тарапынан унитарлы мемлекеттің тұтастығын бұзатын сепаратистік әрекет, бағыт байқалмайды ма.
- Ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін сепаратистік ағымдардың алдын алу, қауіптілік деңгейінің көтерілуіне жол бермеу шараларының деңгейі қандай т.б.

Мемлекеттің қауіпсіздігі мен этносаралық тұрақтылықты сақтауда осы аталғандар немесе қолданылу аясы ауқымды басқа өзекті мәселелерді назардан тыс қалдырмау қажеттілігі туындайды. Сондықтан, зерттеу объектісі бойынша үнемі, үздіксіз зерттеулер жүргізу арқылы ғылыми негізде жауап табу және теориялық, практикалық тұрғыда айналымға енгізу маңызды.

Мамандар пікірінше қоғамда демократияның бел алуының шарттарының бірі – халық көпшілігінің ұстанымдары (діні, тілі, мәдениеті) басымдық алуы керек [2]. Сонда ғана этнос өкілдерінің

рухани құндылықтары, тарихи жады, мұрат мақсаттарының құрметтелуі этносаралық қатынастарды нығайтуға жол ашатыны айқын.

Осы тұрғыда елбасының этносаралық және конфессияаралық келісім моделін құрудың стратегиялық қағидасы ретінде мемлекеттік тілді насихаттау және дамыту [3, 23] мәселесін қадап, нақты айтты. Қазақстан Халықтары Ассамблеясының қатысушыларына сөйлеген сөзінде: «...барлық азаматтардың қазақ тілін білуі – бұл жай лозунг емес, бұл дегеніңіз, олар тілмен бірге елдің тарихын, қазақ халқының өткен дәуірлерден бастап, бүгінгі таңға дейінгі тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білу деген сөз. Бұл барлық қазақстандықтардың бір-бірімен жақындаса түсуіне ықпал етеді және біздің арамьздағы сенімнің күн өткен сайын нығая түсуіне мүмкіндік береді. Ассамблея жұмысының басты мақсаты да – осы» деп айтуы Қазақстандағы этносаралық қатынастарды жетілдірудің бірден бір кілті, дұрыс жолы ретінде қазақ тілін меңгеру екендігін нақтылады. Осы тұрғыда Ассамблеяға да айқын мақсат көрсетіп, жұмыс бағдарын анықтап берді.

Сонымен қатар, президент «Сондай-ақ, біз барлық этностық топтардың мәдениетін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауға және дамытуға, біздің аса бай ортақ тарихи-мұрамызды сақтап қалуға тырысқан жөн. Бұл ел ішінде тұрақтылық, бейбітшілік пен келісімнің болуы, елдің гүлденуі үшін тұрақты түрде жүзеге асырылуы қажет», – деп ауқымды мәселені қамтып, этносаралық қатынастағы маңызды жұмыстар бағдарын айқындады [4].

Ел ішіндегі тұрақтылық, бейбітшілік пен келісімнің орнығуы бір бірімен тығыз байланысты бірнеше компоненттерден тұрады. Олар:

- ❖ Ел ішінде барлық салада этностар құқықтарының бұзылмауы;
- ❖ Әлеуметтік әділеттілік пен теңдіктің сақталуы;
- ❖ Этностық топтардың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен мәдениетін сақтау мен дамытуға мүмкіндігінің болуы;
- ❖ Тұрақтылық, бейбітшілік және этносаралық келісімді нығайтуға мүмкіндік беретін кешенді шаралар өткізу;
- ❖ Өткен тарихи кезеңдегі болған этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарды өршітуге жол бермеу;
- ❖ Этносаралық қатынастарда жалғандыққа, тарихи оқиғалар мен құжаттарды бұрмалауға, үстірт қарау мен айыптауға жол бермеу;
- ❖ Этносаралық қатынастарда мемлекеттік, ұлттық мүденің басымдылығын сіңіру;
- ❖ Этносаралық қатынастарды нығайту үрдісінде даңғаз, дақпырт, бір мезеттік жалған, фасадтық әдіс, тәсілдерден бас тарту т.б;
- ❖ Этносаралық тұрақтылық, үйлесімді даму, жасампаздық, жаңашылдық идеясын кешенді түрде зерттеу мен басқа елдер тәжірибесін үйрену;

Әрине, бұл аталғандар этносаралық қатынастарға қатысты мәселені толық қамтымауы мүмкін. Дегенмен, тұрақтылық, этносаралық келісім мен бейбітшілік сақталуы үшін жоғарда көрсетілгендер бірінші кезекті қажетті талап.

Бұлардың іс жүзінде нақты іске асырылуына мемлекеттік билік құрылымы ғана емес, көп функционалды қызмет атқаратын Қазақстан халықтар Ассамблеясы да жауапты. Сонда, Қазақстан халықтар Ассамблеясы тірі, белсенді организм ретінде танылады.

Осы арада, сәл шегініс жасасақ, өткен 90-жылдардың басында бұрынғы кеңестік идеологиялық догмалар бұзылып рухани салада дағдарыс пен адасушылық туған кезде, көптеген этнос өкілдері мекендеген Қазақстанда, ертен не болады және «...біз кімбіз және жақын әрі алыс болашақта кімге айналамыз?» деген сұрақ туғаны белгілі [5, 32]. Бірнеше мың этнос өкілдерінің тарихи отанына оралды. Ертеңгі күнге күмәнмен қараушылар да болды. Себебі, тәуелсіздік алып жаңа мемлекеттік құрылымдар қалыптасу үрдісінде, этносаралық қақтығыстар туғаны да өткен тарихтан мәлім болатын. Мысалы, Оңтүстік Азияда Үндістан мен Пәкстанның тәуелсіздігін жариялауы, ұлттардың бөлінуі этносаралық шиеленіс, қарулы қақтығысқа дейін ұласқан. Күні бүгінге дейін Кашмир өзекті мәселе. Посткеңестікте де этносаралық қақтығыс сипатындағы оқиғалар пайда болды. Мұндай келеңсіз көріністер Қазақстанның бірқатар облыстарында да байқалды. Осындай тарихи негативті оқиғалар тізбегі мен нақты көрініс берген оқиғалар жауабы жоқ көптеген сұрақтар туғызды. Міне осындай жағдайда «...республикада ұлтаралық келісімді сақтау және келешекте бекіту үшін жаңа қоғамдық институт – Президенттің консультативтік және кеңесші органы ретінде Қазақстан халқының келісім және бірлік Ассамблеясын құру қажеттілігі туындады. ...туындайтын қайшылықтар мен мәселелерді

шешу кезінде саяси ымыраларды іздеу, ұлттық мүдделерді қозғайтын заңнамалық актілер жобаларын аса мұқият сараптау басым болуға тиіс» болды [6].

Әрине, Қазақстан халықтар Ассамблеясының ұстанатын бағыты әр жылдары бірнеше рет нақтыланып, қызмет аясы да кеңейтілді. Ел бірлігін, тұрақтылық пен өзара сенімді орнықтыру мен сақтау тәуелсіз жас мемлекеттің қалыптасуы мен өркендеуінің басты шарты екендігін әрбір қазақстандық түсінді. Сондықтан, «Ассамблея жұмысында ..ең алдымен, ұлттық тәрбие беру, азаматтық пен мемлекеттік тілді бекіту, этносаралық және конфессияаралық келісім сияқты бағыттар бойынша жұмыс істеу» араға жылдар түскенімен бүгінге дейін күн тәртібінен түскен жоқ [7].

Әрбір қазақстандықтың санасында тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап қарапайым, бірақ өте маңызды «бейбіт елде бейбіт өмір сүру, бір біріне сеніммен, құрметпен қарау» ұғымын сіндіру – тұрақтылық орнаған, жасампаз елдің келешегіне жол ашатын.

Сондықтан да болар, қоғамдық институт Қазақстан халықтары Ассамблеясына аса маңызды міндеттер жүктелді.

«Қазақстан халықтар Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, қоғамдық институттың негізгі қызметтік принциптері анық белгіленді: Олар, «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы; халық пен мемлекет мүдделерінің басымдылығы; нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген қатынасына, нанымдарына немесе кез келген өзге де жағдайларына қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; Ассамблея мүшелерінің тең құқылығы және оның құрамындағы қызметі үшін дербес жауапкершілігі; жариялылықты толықтай дәлелдеп, іс жүзінде халықтың дипломатия мен негізгі механизмі болу» [8].

Осы тұрғыда Қазақстан халықтары Ассамблеясы – мемлекет құраушы ұлт қазақ ұлтымен тағдырлас қана емес, мүдделес, мақсаты бір қазақстандық этностардың қалыпты, үйлесімді дамуын қамтамасыз етуші қоғамдық институт. Ішкі және сыртқы күштер тарапынан тууы мүмкін қайшылықтар мен шиеленістердің алдын алу мүмкіндігін қамтамасыз етуде, этносаралық қатынастарды жүйелі дамытуда кеңесші орган. ҚХА белсенді қимылы, іс әрекеті, қандай да болмасын, ел бірлігіне нұқсан келтіруші элементтерге, әр түрлі сипаттағы арандатушылық әрекеттерге жол бермей, әшкерлеуі қоғамдық ұйымның белсенді субъекті, организм ретіндегі беделін өсіреді. Пассивті, монотонды қызметін әртараптандыру, оған көп қырлы сипат беру елдегі тұрақтылықты сақтайды, этносаралық байланысты нығайтады.

Қазақ тілін меңгеру, іс жүзінде оны қарым қатынас құралы ретінде қолдану этносаралық бірлікті, өзара түсіністікті нығайтатыны сөзсіз. Бұл бір жағынан қазақ халқына құрмет қана емес, өзара сыйластың маңызды элементі деп тар едік.

Сонымен қатар, ұлттық астамшылық пен оқшаулануға жол бермеу, жағымсыз көріністерге ымырасыздық танытып белсенді түрде әлеуметпен қызмет орындарында кездесу, өзара пікір алмасу қоғамдық институт жұмысын жандандырады. Әсіресе, жастармен, оның ішінде студенттермен жүйелі түрде кездесу өткізу, тәжірибелерімен бөлісу, ел тарихында есімі қалған танымал тұлғалардың өнегелі өмірінен этносаралық бірлікті нығайтатын мысалдар келтіру, оларды жат ағымдар ықпалынан сақтандыру ел келешігі үшін өлшеусіз үлес. Бұл елдегі тұрақтылық пен өзара құрметтің нығаюына, ертеңгі күннің қауіпсіздігі мен кепілділігіне сенім орнықтырады.

Американдық социолог, публицист Дэниел Белл: «Постиндустриальдық қоғам концепциясының негізгі түйіні техникалық, экономикалық даму мәселесі, мәдениет пен адамның дамуына жол ашу» [9] деген болса, Қазақстан өз жерін мекендеген барлық этнос өкілдерінің еркін дамуын қамтамасыз еткен, өзара сенім мен тұрақтылық концепциясын ұстанып отырған ел.

Бүгінгі өзгермелі әлемдегі Қазақстанның ұстанып отырған принципі «Бір ел – бір халық – бір тағдыр». Осы тұрғыда біз бір елміз, бір халықпыз және бәрімізге ортақ бір тағдырымыз бар деп сеніммен айтамыз. Бұл басты құндылық – Қазақстанды, ортақ үйімізді әлемге танытудың және көркейтудің кепілі.

Список литературы:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. <http://www.akorda.kz/kz/addresses/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-11-karasha>
2. Саясат Policy 2010, март. №3. 38 б.
3. Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел тарихында. – Алматы, «Қазақпарат»: – 2015. – 266 б.

4. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың ҚХА ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі. //http://www.akorda.kz»
5. Назарбаев Н.Ә Қазақстанның егемен мемлекет ретінде дамуы және қалыптасуының стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 32 б.
6. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В Қазақстан халқы Асамблеясы: тарихи очерк. – Алматы: Раритет, 2010. – 94 б.
7. Назарбаев Н.Ә. Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз. // Н.Ә.Назарбаев Президент пен қазіргі заманғы Қазақстан: 3томдық құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 2010. – Т. 2. – 240 б.
8. «Қазақстан халықтар Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы //http://www.assembly.kz
9. Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования. – Москва.: Academia, 1999. – 786 б.

Екібаев Р.Ж.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстанда азаматтық қарама қарсылық жылдарында жүзеге асырылған әскери коммунизм саясаты күштеу әрекетімен жүргізіліп, өлкедегі тұрғындар үлкен қиыншылыққа ұшырағандықтан большевиктік басшылық әлеуметтік-экономикалық реформаларға баруға мәжбүр болды. Сондықтан да 1921 жылы наурыз айында өткен партияның X съезінде ЖЭС-ке көшу мәселесі талқыланды. Бұл бағыттың басты мақсаты – сауда мен ұсақ өнеркәсіп саласында нарықтық қатынастарды және жеке меншікті қалпына келтіру, ірі өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын оңалту болып табылды.

Жаңа экономикалық саясатты қолданудың басты шарты есебінде жеке меншік өндіріс пен тауар айналымды пайдалана отырып, елдегі шаруашылықты нығайту болып табылса, тағы бір мақсаты пролетариат одағы мен шаруаларды біріктіріп, пролетариат революциясын кеңейту керек деп есептелінді. Қырғыз (Қазак) Коммунистік ұйымы құрамының 70 пайызы ұсақ буржуазиялық өкілдерден тұрады деп атап көрсетіліп, капиталистік мазмұндағы түрлі шаруашылық қатынастарға партия өз тарапынан үлкен назар аударып, басты шарт – таптық сана сезімнің таза болуын қамтамасыз ету керек деген қағида ұстанды [1].

Сонымен қатар, жаңа экономикалық саясаттың енгізілуі кеңестік аппараттағы бюрократияны күшейте түскен болатын. Жалпы большевиктік өкімет жаңа экономикалық саясатты мемлекеттік және жеке меншік капитализмнің бірігуі нәтижесінде елдегі экономиканы қалпына келтіру мақсатында ғана қолданды. Большевиктер өздерінің диктатурасын сақтап қалу мақсатында ашық саудаға жол бергенімен, қоғамды саяси демократияландыруға шектеу қойды. Керісінше, ішкі большевиктік оппозицияны мейлінше бейтараптандырып, бір партиялық жүйені күшейтуге бет алып, қоғамға қатаң бақылау орнатуға тырысты. Бұл жөнінде В.И.Ленин өзінің сөзінде: «Введение НЭПа не означает отказа от террора против классовых врагов, а борьба есть и будет еще более отчаянная, еще более жестокая, чем борьба с Колчаком и Деникиным. Величайшая ошибка считать, что НЭП положил конец террору. Мы еще вернемся к террору, и к террору экономическому» - деп экономикада нарықтық қатынастарға жол берілгенімен, саясат саласында социалистік құрылысқа қарама-қайшы келетін жат элементтермен күресу өз жалғасын таба беретіндігін баса айтты [2].

Осы уақыттардағы қазақ халқының жалпы шаруашылығын алсақ, оның негізі малшылық пен егіншілік болды, бұған қосымша демеуші ұсақ кәсіпкерлік те көрініс берді. Ал, біз қарастырып отырған аймақта мал шаруашылығын өркендету қолайлы еді. Осыған орай қазақтардың ата кәсібі мал шаруашылығын өркендету бойынша Кеңес үкіметі жаңа міндеттер қойды. Халық шаруашылығын өркендету үшін еңбекші шаруаларды ұжымдық шаруашылыққа біріктіру көзделді. Бұл мәселенің саяси түйіні ұсақ шаруашылықтарды тікелей Кеңе өкіметінің бақылауымен ұйымдастыру, елдің шаруашылық өмірін кооперация арқылы социалистік құрылысқа бағыттау еді.

1920 жыдары Кеңес өкіметі ауыл шаруашылығын социалистік құрылысқа бейімдеу мақсатында кооперативті кедей шаруашылықтарының көптеп ұйымдастыруға жол ашты. Ал, жалпы алғашқы коммуналар Шығыс өңірде 1918 жылы 2 сәуірде құрылған болатын [3].

1923 жылы 1 ақпанда Семей губерниясы бойынша 146 тұтыну кооперациясы болды. Семейде – 27, Павлодарда – 49, Өскеменде – 33, Зайсан өңірінде – 7 тұтыну кооперациясы жұмыс жасады. Қа-

зақ ауылдары мен орыс деревняларында кооперативтің кеңінен тараған түрі тұтыну кооперативі еді. Мысалы, Бұқтырма уезінің Шыңғыстай болысында сарымсақ пен пияз дайындап сататын, 70 адамнан тұратын тұтыну кооперативі ұйымдастырылды. Осы тұтыну кооперативінде 1925 жылы адам саны 417-ге жетіп, тауар айналымы 173 277 сомды құраған[4].

1924 жылғы мамыр айындағы партияның XIII съезінде «Кооперация туралы» қаралған қаулысына сәйкес, кооперацияның аса үлкен шаруашылық және мәдени маңызы болғандықтан, КСРО-ның ұлттық республикаларында кооперацияны дамытуды қолға алып, жергілікті тұрғындарды кооперация ісіне тарту үшін мемлекет тарапынан материалдық көмек көрсетілуі тиіс- деп, Одақ көлемінде кооператив ісін жандандыруды қолға алады.

Аймақтағы кейбір қарапайым кооперативтер өңірде ауылшаруашылық өнімдерін өңдеумен және тұрғындарды осы өнімдермен қамтамасыз ету бағытында жұмыс жасады. Семей губерниясы бойынша кооперативтерде 1000 май зауыты мен ірімшік қайнату зауыты болды. Кооперативтер жергілікті жердегі мектептерге демеушілік жасап, оқу орындарының маңында өздерінің бау-бақшаларын ұстады.

Жалпы, осы жылдары жергілікті тұрғындар төменгі тұтыну кооперативтеріне аса қызығушылық таныта қоймаған болатын. Сондықтан да олар өздерінің тауар айналымын көбейте алмады. Өңірдегі кооперативтер губерниялық және аудан орталығындағы бөлімшелердің тапсырмасын ғана орындап, ал өздері жекелеген сауда операцияларын жасай алмады. Және тұтыну кооперациялары арқылы жергілікті жердегі қазақ ауылдары мен орыс шаруалары өз қажеттіліктерін өтей алмаған болатын. Семей губерниясы бойынша бір тұтыну қоғамы 7616 тұрғынды, 1236 шаруашылықты қамтыды[5, с.140-141]. 1923 жылдан бастап Семей губерниялық жер басқармасы ауылшаруашылық кооперацияларына несие ашу шешімін шығарады. Бірақ та, несиелік тұтыну кооперациясы өзіне қажетті міндетті орындай алмай және оларды өз шығарған өнімдерін көбейте алмады. Өйткені бұлар көбінесе кедей шаруашылықтардан тұрған болатын.

Жаңа экономикалық саясат жылдарында кооперацияның жандануына әсер еткен біріншіден – әкімшіл-әміршіл басқару жүйенің әлі де толық орнықтағаны болса, екіншіден – нарықтық қатынастардың толық жойылмай және жеке меншік сауданың ашық жүруі еді.

Осы уақыттарда қазақ ауылындағы тұрғындарды ауылшаруашылығы кооперативтеріне тарту ісі де алға қойылған болатын. Егер де өлкеде 277 бастауыш кооперативтері болса, оның 52-сі немесе 20 пайызы өңірдегі тұрғылықты қазақтарға тиесілі болып, онда үш мыңға тарта адам мүшелікте болды[6, с.50].

Кооперативтік құрылысты жүзеге асыру барысында 1920 жылдардан бастап халықты кооперацияға тарту үшін факториялар ұйымдастырылған болатын. Фактория – кооперацияның бір түрі. Ол жартылай көшпелі және көшпелі қазақ ауылдарына біраз танымал кооперацияның түрі еді.

Семей губерниясында 1923 жылдың аяғына қарай алғашқы факториялар құрыла бастайды. Павлодар уезінің Лебяжье селосында №1, Ақкөл болысында №2 және Ақкелін болысында №3 фактория ұйымдастырылады. Құрылғанына бір ай болған Павлодар аумағындағы №1 факторияда 100 адам мүшелікке өтіп, 5000 сомның тауары сатылған[7]. Факториялар құрылған жерлерде тауар айналымы өсіп, жұмыстар жанданды. Шаруалардан шикізат сатып алып, оларға несие берілді. Оларды ауылшаруашылық заттарымен қамтамасыз етті. Факториялар ісіне белсенді қатынасқан шаруаларға жеңілдік жасалынды.

Өлкедегі факториялардың ұйымдастырылуын қолдаған Кеңестердің IV съезі де өз шешімдерінде кооперативтердің дамуына жағдай жасалынбаған жерлерде тұрғындарға қызмет көрсету үшін факториялардың ашылу керектігін айтты [8, с.133-134]. Факториялар құрудағы мақсат алыста жатқан ауылдардағы еңбекшілердің әл-ауқатын көтеріп, оларды ең керекті тауарлармен қамтамасыз ету еді.

Қазақ шаруаларын кооперативтік қозғалысқа тарту, серіктіктер құру, тұтыну кооперативтері, факториялар арқылы кедей және орташаларға тиімді көмек көрсету, өңірде мал шаруашылығын өркендетуге, жалпы ауыл шаруашылығын дамытуға өз септігін тигізді. Бұл жаңа экономикалық саясатты іске асырудағы игі қадамдар болған еді. Өлкеде елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болып өтіп, қазақ ауылын кооперативтендіру процесі өрістей түсті.

Жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне байланысты өңірде сауданың да дамуына жол ашылды. Аймақтағы қоғамдық-саяси жағдай тұрақтанғаннан кейін 1922 жылдың сәуір айында Ертіс өзені бойында және Павлодар, Өскемен қалаларында сауда базарлары ашыла бастады. Сауда қатынасының жандануымен ескі сауда орындары жөнделіп, жаңа дүкендер тұрғындарға қызмет көрсетті. Губерниялық атқару комитеті саудамен айналысуға және жеке меншік өндірістік шеберханалар ашуға ниет білдірген азаматтарды тіркеп, оларға сауда жасауға рұқсат берген болатын.

Семей губерниясында темір жол қатынасының болмауы, Ертіс өзені бойындағы су жолынан басқа жолдардың нашарлығы және қазақ аудандарында кооперативтердің баяу дамуы аймақта мерзімдік жәрмеңкелердің ашылуына себеп болды. Жәрмеңкелердің ашылуы қыр қазақтарына өте пайдалы еді. Өйткені көшпелі тұрғындар өздерінің шаруашылықтарына қажетті заттарды алып-сатарлардың көмегінсіз-ақ тікелей сатып алды. Бұл сауда қатынасы қазақтарға ежелден таныс болғандықтан, жаңа экономикалық саясат тұсында жәрмеңкелер қарқынды дамып, ондағы сауда айналымы үлғая түсті.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесі 15 маусым мен 15 шілде аралығында, Бұқтырма уезіндегі Алтай жәрмеңкесі 20 желтоқсан мен қаңтар айының 2-іне дейін, Павлодар уезіндегі Баянауыл жәрмеңкесі қазан айының 15-30 аралығында және Семей уезіндегі Шар жәрмеңкесі 15 маусымнан 15 шілдеге дейін жұмыс жасады[9].

Қоянды жәрмеңкесіне мемлекеттік, кооперативтік және жеке меншік сауда ұйымдары қатынасты. Олар негізінен ауылшаруашылығы тауарларын сатты. Жалпы, сауда орынында 173 сауда кәсіпорындары тіркеліп, оның 12-сі мемлекеттік, 4-і аралас, 30-ы кооперативтік және 127-сі жеке меншік болды. Жәрмеңкеге қатысушылардың саны 1925 жылы 2,5 есеге өсті. Қоянды жәрмеңкесі көрші губернияларды да қамтып, тіпті Батыс Қытаймен және Моңғолиямен сауда қатынасын орнатты[10, с.86].

Сонымен қатар, жәрмеңкелер сауда-саттық орыны ғана емес, халықтың көңіл көтеретін жері болды. Арнайы цирк келіп қойылымдар қойды. Жергілікті халық ұйымдастырылған жәрмеңкеден өздеріне керекті заттарын алып қана қоймай, алыстағы ауылдар бір-бірімен жүздесіп, ойын-сауық құрған. Жиналған көпшілікке арналып арзан бағаға дәмхана, шайханалар ашылған. Қоянды жәрмеңкесінің бір күндік сауда айналымы 1000-3000 сомды құраған. Бұнда мемлекеттің үлесі – 60-70 пайыз, кооперативтер – 15 пайыз, жеке меншік иелерінің үлесі – 30 пайызды құраған.

Жаңа экономикалық саясат негізінде өңірдегі әлеуметтік-экономикалық даму біршама жақсарған болатын. Алайда, жоғарыдағы билік пен партияның авторитарлы билік жүргізуге ұмтылуы, жаңа экономикалық саясаттың негізгі заңдылықтарына сәйкес жұмыс жасалуына мүмкіндік бермеді. Сондай-ақ, өлкедегі кеңестік саясатты жүзеге асыру барысында жүргізілген саяси-экономикалық, шаруашылық науқандар барысында қазақ ұлтының ерекшеліктерін ескерілмей жасалған іс-шаралар көптеп кездесті. Большевиктік билікті нығайту мақсатында партиялық басшылық ұлттық мүдденен гөрі таптық мүддені жоғары қойды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 139-қ, 1-т, 929-іс, 14-п.
2. Ленин В.И. Полное собрание сочинений.- 5-е изд.-М:Политиздат, 1981.-Т.33.-434с.
3. Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы (бұдан былай- ШҚО ҚЗТҚО) 752-қ, 2-т, 1-іс, 10-11-пп.
4. Қазақ тілі. 1924.- 20 наурыз. Б.3.
5. Харитонов П.Г. Потребительская кооперация в КССР// Советская Киргизия. 1923.-№1.- С.136-144.
6. Работа Семипалатинского губернского комитета РКП (б) с IV по V губпартконференции. Семипалатинск, Изд.Губ. РКП (б). 1924.-167 с.
7. ШҚО ҚЗТҚО 1-қ, 1-т, 783-іс, 103-п.
8. Резолюции и постановления IV-го Всекиргизского Съезда Советов. // Советская Киргизия. 1924.-№1-2.- С.130-144.
9. ШҚО ҚЗТҚО 73-қ, 1-т, 281-іс, 64-п.
10. Семипалатинская губерния в 1924-1925г. Обзор состояния основных областей экономической и социально-культурной жизни губернии в 1924-25г. Семипалатинск, Изд.Губисполкома, 1926.-213с.

**Еришева Т.А., Башпаева К.Ж.,
Шаржанова Н.К.**

СПОСОБЫ «ВООРУЖЕНИЯ» ОТЕЧЕСТВЕННОЙ МОЛОДЕЖИ ИДЕЕЙ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Начало 2014 года ознаменовалось традиционным выступлением Лидера нации Н.А.Назарбаева с посланием к народу. Данное послание отличается от всех предыдущих своей особой значимостью,

а именно развитием качественно новой интеллектуальной ступени ментального развития, созданием патриотического акта «Мәңгілік Ел».

Выступая с посланием, президент Нурсултан Назарбаев сказал следующее: «Мы, казахстанцы, единый народ! И общая для нас судьба - это наш Мәңгілік Ел, наш достойный и великий Казахстан!» [1].

Мы, как будущие преподаватели отечественной истории, активно заинтересовались данной идеей. «Мәңгілік Ел» - это идея о вечном существовании Казахстана на политической карте мира в качестве независимого, процветающего государства. Это идея о ценностях, которые необходимо беречь и культивировать, чтобы обеспечить устойчивое развитие нашей страны, а значит и благополучие каждого из нас [2]. Историк, как известно, это идеолог, и следовательно, как нами будет преподнесена данная национальная идея, таким же будет и отклик и результат. Выбрав тему «Способы «вооружения» отечественной молодежи идеей «Мәңгілік Ел», перед нами возник первый вопрос: На сколько на сегодняшний день молодежь имеет представление о «Мәңгілік Ел»? И чтобы предложить способы «вооружения» отечественной молодежи идеей «Мәңгілік Ел», первоначально мы занялись поисками ответа на заданный выше вопрос. Нами был проведен социологический опрос среди студентов в возрасте 18-22 лет. Респондентам было предложена следующая анкета.

Таблица 1

Что вы знаете о национальной идее «Мәңгілік Ел»?	<ul style="list-style-type: none"> a. Знаю хорошо. b. Слышал, но не знаю суть. c. С данной идеей не знаком.
Как вы относитесь к данной идее?	<ul style="list-style-type: none"> a. Положительно b. Отрицательно c. Затрудняюсь ответить

Количество респондентов составило 120 человек. Из них 20 % «знают хорошо», 12 % «с данной идеей не знакомы», 68% «слышали, но не знают суть». Положительно относятся 74%, отрицательно 2%, 24 % затрудняются ответить.

Диаграмма 1





Диаграмма 2



Из проведенной работы можно сделать вывод: молодежь положительно настроена к национальной идее, осталось лишь доступно объяснить и разъяснить основные положения патриотического акта «Мәңгілік Ел».

Итак, выполнив первый этап работы, мы приступаем ко второму, а именно переходим к раскрытию способов «вооружения» отечественной молодежи идеей «Мәңгілік Ел» [3].

Дети, как известно, это наше будущее! И то, как мы будем воспитывать их сегодня, зависит наше завтра. Приведем небольшой пример: на телеканале «Балапан» большинство мультфильмов являются казахской озвучкой иностранного продукта. Данные мультфильмы, ни каким образом не придают чувство патриотизма, не развивают наших детей. Мы предлагаем заняться работой по созданию мультфильмов о родной стране, казахских батырах, истории Казахстана. Чтобы идеалом детей были не Супермен и Клуб волшебниц Винкс, а Алпамыс-батыр, Ер-Таргын, Кобыланды-батыр [4].

Так же очень результативно будет создание газеты, одноименно патриотическому акту «Мәңгілік Ел». Вы, конечно, можете задаться вопросом: Чем же эта газета будет отличаться от других газет? Ведь на сегодняшний день существует журнал «Мәңгілік Ел», с которым можно познакомиться на портале E-history.kz. В данной газете бесплатно будут публиковаться статьи школьников и студентов на темы: история Казахстана, выдающиеся личности Казахстана, Казахстан в будущем, Что я могу сделать для своей страны. Так же будет иметься рубрика поэтическая страничка «Мой родной Казахстан». Эта газета будет полностью независимым продуктом совместного труда школьников и студентов.

Мы предлагаем внести поправку в Конституцию Республики Казахстан, в соответствии с патриотическим актом. Это усилит значимость этой идеи и подымет ее на новый уровень.

Приходя домой с учебы, работы мы включаем телевизор. Переключая каналы, наше внимание привлекают всевозможные рекламы, заставки. Среди этой пестроты особо выделяется канал «Россия», тем, что, между телепередачей, либо фильмом и рекламой, транслируются небольшие видеоролики про отдельные регионы страны. Идет названия региона, например, Краснодарский край, и показываются его основные, ни с чем несравнимые достопримечательности. И это очень интересно. Поэтому возникает вопрос, почему бы и нам, на примере канала «Россия» не запустить в эфир небольшие видеоролики о достопримечательностях и особенностях нашей замечательной страны. Ведь Казахстан богат уникальными историческими местами. И многие всю жизнь живут в одном регионе и по каким-либо причинам, не имеют возможность посетить основные достопримечательности страны, а зачастую даже и не знают об их существовании. Поэтому данные видеоролики будут демонстрировать в который раз уникальность, безграничность и красоту природы нашей Республики. Тем самым будет рождаться чувство гордости, восхищения за нашу страну, и воспитывать в нас чувства ответственности за будущее нашей независимой республики.

Помимо этого, нужно внедриться в повседневную жизнь людей. На автобусных остановках, в общественном транспорте, в магазинах, больших торговых центрах, в кинотеатрах, в театрах и т.д. разместить не большие полки с буклетами и красочными книжками, которые будут информировать население об основных положениях идеи, об истории ее создания, о необходимости патриотического акта на сегодняшний день, ее значение и наше совместное будущее. Ожидая автобус, пройдя за покупками, или просто посетив с друзьями кинотеатр люди, будут невольно читать, рассматривать данную литературу, и в конечном итоге помимо возникшего интереса, у них появится своя точка зрения.

По всей пройденной проведенной работе можно сделать вывод, что среди всех ценностей, особое место занимает такое чувство как патриотизм и любовь к своей Родине. Наступает время переосмысления нашего прошлого и, конечно же, нашего будущего, наступает время нового Казахстанского патриотизма. Все мы едины, и объединяет нас общий дом, наша общая идеология «Мәңгілік Ел».

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». //www.akorda.kz
2. Бек Т. Создавать условия для творчества. //Казахстанская правда, 2014. -7 февраля. //www.kazpravda.kz
3. Магер Ю. Ассамблея доброты, мира и согласия. //Казахстанская правда, 2014. - 1 марта. //pravo.zakon.kz
4. Верменичев А. «Мәңгілік Ел» – идея, которая должна присутствовать во всех сферах жизни страны. // Литер, 2014. - 12 февраля. //liter.kz

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ДАМУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Көне түркілердің асқақ рухы мен тәуелсіздікті мақсат тұтқан мұқалмас жігерін сипаттайтын, Түрк(і) Елі босағасының беріктігі мен жасампаздығын сақтаудың маңызды тетігі – *Beṅgь El* «Мәңгі Ел» идеясының бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық мұратына, ел экономикасын дамытудың рухани мәніне айналуы жалпытүркілік сана жаңғырысының көрінісі.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан рухани құндылықтарды ғылыми-теориялық және функционалдық-практикалық тұрғыдан игеру, көне түркілерден бастау алатын «Мәңгі Ел» идеясының тұғырын бекітіп, ғылыми-методологиялық тұрғыдан негіздеу түркітану ғылымының үлесінде. Бұл көне түркілер дүниетанымындағы *Beṅgь El* идеясын бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық идеологиясының алтын қазығына айналдырудың ғылыми-теориялық негізін құрайтын түркітану ғылымын жан-жақты дамытудың мәні мен маңызын анықтайды.

Түркі мәдениетінің ірі құндылықтары – көне түркі, орта түркі жазба мұраларының жалпы ескерткіш ретіндегі мәні алдымен рунологиялық, грамматологиялық және тарихи - салыстырмалы негізде тіл білімінің аясында зерттелуі түркітанудағы лингвистиканың басымдылығын сипаттайды. Түркі әдебиетінің қайнар көзі саналатын ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау, орта ғасырларда дүниеге келген түркі жазба мұраларының сюжеттік, көркемдік қырларын зерттеу, әдеби аудармаларын жасау мәселелері де алғашқы түркологиялық ізденістер қатарында болды. Сондықтан да түркітандың өзегі тіл білімі мен әдебиеттану салаларының басын қосатын филология ғылымы болып табылады.

Заманауи тіл білімінде лингвистиканың дәстүрлі құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасымен қатар тілді сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, яғни, белгілі бір тілдің функционалды әлеуетін пайдаланатын этно-ұжымдық ортамен, олар өмір сүретін әлеуметтік қоғаммен, тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен, мәдениетімен сабақтастыра зерттеу қолға алынуда [1,5]. Бұл адамзат өркениетіндегі адам факторына басымдық беріп отырған заман талабы. «Этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады» [2,11]. Лингвистикалық түркітану ғылымында да антропоэзектік парадигма аясына кіретін жалпытүркілік таным, жалпытүркілік сана, жалпытүркілік тілдік сана, жалпытүркілік мәдениет, жалпытүркілік руханият, жалпытүркілік тұтастық, жалпытүркілік кеңістік мәселелері өзектелуде. Соған орай түркі жазба ескерткіштерін, ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем әдебиетті, жалпытүркілік тілдік жүйені құрайтын басқа да жанрлық, стильдік қолданыстарды (бұқаралық ақпарат құралдары тілі, ғылыми тіл, жарнама тілі, ауызекі сөйлеу тілі т.б.) этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвофилософиялық, тұрғыдан зерделеп, тіл иесі – халықтың дүниетанымын, мәдениетін, жалпы болмысын сипаттайтын концептілер жүйесін саралау; дүние бейнесінің тілдік репрезентанттарының этно-мәдени мазмұнын ашу; түркі тілдері дамуының әрбір кезеңіндегі тілдік тұлғалардың сапалық мазмұнын талдау мәселелеріне маңыз берілуде.

Түркі тайпаларының жазба әдеби дәстүрлері түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты бір жазу жүйесінен келесі бір жазу жүйесіне (руникалық, көне ұйғыр, манихей, брахма, араб, латын, армян) алмасып немесе қатар қолданылып, сондай-ақ бірде дамып, бірде әлсіреп, үзіліссіз жалғасып отырды [3, 43-47]. Түрлі хронологиялық, локальдық, лингвистикалық ерекшеліктері бар барлық түркі жазба ескерткіштерін толық жинақтап ғылыми айналымға енгізу де түркітанудың өзекті мәселесі болып табылады.

Ежелгі түркі халықтарының қоршаған орта, адамзаттың пайда болуы, адами қасиеттер жайлы таным-түсініктері туралы, жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін маңызды дерек көзі – ауыз әдебиеті үлгілері. Фольклор – қай халықтың болмасын өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мифологиялық, діни наным-сенімдерінен мағлұмат алуға мүмкіндік беретін асыл мұра болып табылады. Сондықтан лингвистика мен әдебиеттанудың (фольклортану) сабақтастығына негізделген лингвофольклористика мен лингвомифологияны дамыту да өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Антропоэзектік бағыттағы этнолингвомәдениеттанудың құрамдас бөлігі болып табылатын түркі лингвофольклористикасының мақсат-міндеттеріне ауыз әдебиеті үлгілерінің мазмұны мен тілі арқылы мифтік сана мен эпикалық санада сақталған этно-мәдени және тілдік кодтарды анықтау; мифтік-эпикалық сана мен тарихи сананың сабақтастығын тілдік сананың ақпараттық әлеуеті арқылы көрсету; эпикалық/мифтік тұлғаның сапалық белгілерін талдау; дүниенің мифтік/эпикалық бейнесінің тілдік бірліктерінің этномәдени мазмұнын саралау т.б. мәселелері жатады.

Түркітанудың кешенділік сипатын айқындайтын пәнаралық сабақтастықтағы ізденістердің барлығының дерлік ең басты зерттеу тетігі дискурстық, контекстік, синтаксистік немесе лексемалық деңгейдегі – тіл бірліктері (ескерткіштер тілі, фольклор тілі, фразеологизмдер мен паремиялар, этнонимдер, топонимдер, антропонимдер басқа да мәдени лексемалар), тілдік бірліктердің ақпараттық-деректанымдық әлеуеті мен этно-мәдени мазмұны, этимологиялық негізі мен семантикалық уәждемесі. Бұл лингвистикалық түркітанудың зерттеу амалдары мен ғылыми ұстанымдары түркологияның барлық салаларына қатысты зерттеу парадигмасының негізгі элементтерін құрайтынын көрсетеді.

Лингвистикалық түркітану зерттеу пәніне байланысты өзара сабақтас бірнеше зерттеу бағыттарын қамтиды: YI-IX ғасыр көне түркі жазба ескерткіштері тілі; орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілі; XYI-XVIII ғасырлардағы ескі түркі түркілері; қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолы; түркі тілдерін диахронды тұрғыдан салыстыра зерттеу (салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімі); ежелгі түркі тілдері немесе палеотүркологиялық бағыттағы прототүркі, пратүркі тілдерін реконструкциялау мәселесі; этимология және лингвоархеологиялық мәселелер; түркі тілдерін синхронды тұрғыдан салыстыра зерттеу (салыстырмалы түркі тіл білімі); түркі халықтарының жазу жүйесін диахрониялық және синхрониялық аспектіде саралау (түркі грамматологиясы); түркі тілдерінің аударма, түсіндірме т.б. сөздіктерін түзу (түркі лексикографиясы). Сондай-ақ, түркі тілдеріндегі кірме элементтерді және басқа тілдердегі түркізмдерді ажыратып, әр жүйедегі тілдердің байланысы мен өзара ықпалдастығын саралау (лингвоконтактология), түркі тілдерінің лексика-грамматикалық табиғатын тереңірек аша түсу мақсатында және глоттохронологиялық сипаттамасын біршама нақтылау мақсатында түркі тілдерін басқа басқа жүйедегі тілдермен салғастырмалы тұрғыдан зерттеу де (салғастырмалы-типологиялық тіл білімі) лингвистикалық түркологияның үлесінде.

XXI ғасыр тіл білімінде адамзат өмірі мен тіршілігінің ең маңызды құралы болып табылатын тіл табиғатын – фонологиялық, морфемалық, лексемалық, синтаксистік, контекстік, дискурстық деңгейлердегі тілдік бірліктердің мазмұны арқылы; тілдік бірліктердің мазмұндық ерекшеліктерін адам танымындағы ойлау, пайымдау, ақпаратты қабылдау, ақпаратты жеткізу үдерістері шеңберінде; басқа да туа біткен, кейін қалыптасқан адами қасиеттердің көрінісі тұрғысынан; тарихи, қоғамдық, әлеуметтік факторлардың ықпалын қабылдаған лингвоқұрылым ретінде; жалпы адам болмысын сипаттайтын дүниетаным мен рухани мәдениеттің мәні тұрғысынан саралаудың өзектелуі, лингвистиканың пәнаралық сипаты мен зерттеу мүмкіндігін арттыра түсті.

Түркологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеулерді жүйелі түрде жүргізу түркі халықтарының өткені мен бүгінін қамтитын тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне, басқа да рухани-мәдени және материалдық құндылықтар жүйесіне қатысты кешенді ғылыми білім жүйесін қалыптастырумен ұштасып, этнолингвомәдени тегі бір түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы мен рухани тұтастығын қамтамасыздандыруға бағытталған жалпытүркілік идеологияның негізін құрайды. Кез келген мәдениетті танып білу ең алдымен сол мәдениет иесінің тілін меңгеруден, тіл табиғатын түсінуден басталады. Сондықтан компаративті түркі тіл білімі түркі дүниесіне ортақ – көнетүркілік *Beṅg̃ El* мұратының мән-маңызын түсінуге ықпал етеді.

«Мәңгілік ел» идеясын дамытудың лингвистикалық негіздері. «Мәңгілік ел» идеясының тұғырын бекітудің лингвистикалық негіздерін бірнеше бағыттағы түркологиялық зерттеулер құрайды:

- YI-X ғасыр түркілерінің *Beṅg̃ El* идеясының мән-маңызын түсіндіру мақсатында көне түркі жазба ескерткіштері тілін терең зерттеп, бабалар тілінде сақталған жалпытүркілік рухани мәдениетті, «түркілік рух» пен «түркілік патриотизмді» сипаттайтын тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын ашу; қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісін анықтау;

- XI-XV орта түркі жазба мұралары тілін, XYI-XVIII ғасырлардағы ескі түркі тілдерін құрылымдық, антропоэлектік тұрғыдан жан-жақты зерделеу; орта ғасыр түркілері тілі мен қазіргі түркі тілдерін салыстыра талдап, ортақ рухани бастаулар мен жекелеген түркі халықтарына тән дара руханияттың жігін ажырату;

- Ежелгі түркі халықтарының қоршаған орта, адамзаттың пайда болуы, адами қасиеттер жайлы таным-түсініктері туралы, жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін маңызды дерек көзі – аңыз әңгімелер, эпостық жырлар т.б. ауыз әдебиеті үлгілері тілін зерттеу арқылы мифтік сана мен эпикалық санада сақталған этно-мәдени және тілдік кодтарды анықтауға мифтік-эпикалық сана мен тарихи сананың сабақтастығын тілдік сананың ақпараттық әлеуеті арқылы көрсетуге бағытталған лингвофольклористикалық, лингвомифологиялық зерттеулерге басымдық беру;

• Түркілердің «Мәңгілік Ел» мұратының мән-маңызын, халықтың өмірлік ұстанымдары мен патриоттық сезімдерінің, рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін айқындауда мақал-мәтелдердің орны ерекше. Сондықтан түркі тілдеріндегі паремиологиялық жүйені жеке тіл деңгейінде де, туыс тілдер бойынша салыстырмалы тұрғыдан да, ескерткіштер тілі мен қазіргі тілдер бойынша тарихи-салыстырмалы негізде де жан-жақты зерделеу аса маңызды. Халықтың өмірлік тәжірибесі мен аялық білім қорының нәтижесі жинақталған мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұны ұлттық рухты нығайтуға, «Мәңгілік Ел» идеясының лингвистикалық тұғырын бекітуге қызмет етеді;

• Түркі тілдерінің функционалдық әлеуетін арттырудың, түркі лексикалық қорын жинақтаудың, түркі тілдерінің тілдері экологиялық ахуалын жақсартудың, жойылып бара жатқан шағын этнос тілдерін сақтап қалудың тетігі; түркі тілдерінің экологиялық ахуалын жақсартудың, жаңа ұғымдарды атауда төл лексиканы мейлінше сарқа пайдаланудың, кірме элементтерді қабылдауды біріздендірудің, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық жүйе қалыптастырудың, түркі халықтары тілдері арасындағы алшақтықты өсірмеудің материалдық базасы ретінде түркі лексикографиясын теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дамыту қажет. Түркі тілдерінің арасында екі тілді аударма және көп тілді салыстырмалы сөздіктер құрастыру туыс халықтар арасындағы рухани жақындық, үйлесімділікті қамтамасыз ететін тетік қызметін атқарып, «Мәңгілік Ел» идеясын жалпытүркілік деңгейде дамытуға үлес қосады.

«Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді...Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны...ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» («Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. 17.01.2014.). Мемлекеттік тілді ұлттың ұйытқысына айналдыру, қазақ тілінің лексикалық қорын жинақтап, сапалы сөздіктер түзумен, қазақ лексикографиясын жалпытүркілік деңгейде (түркі лексикографиясы аясында) ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дамыту мәселесімен ұласады;

• Қазіргі түркі тілдерінің синхрониялық қалып-күйін деңгейлік жүйе бойынша (фонетика-фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік) компаративтік негізде саралап, түркі тілдерінің жүйелі салыстырмалы-синхронды корпусын сомдау; интеграциялық және дифференциациялық лингвоиндикаторларды толық қамтитын түркі тілдері грамматикалық құрылымының бірізді моделін түзу;

• Қазақ тілінің қалыптасу, даму тарихын, қазіргі қалып-күйін жүйелі түрде сипаттайтын, тілдің деңгейлік салаларын толық қамтитын қазақ тілінің тарихи грамматикасын дайындау; қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнын анықтау; қазақ халқының этникалық дамуы монғолдармен тығыз байланысты болуына орай қазақ (түркі)–монғол тілдерінің тарихи байланыстарын алтаистикалық аспектіде жан-жақты саралау. Халық рухының биіктігі тарихи тамырдың тереңдігімен өлшенетіндіктен, Мәңгілік Ел идеясын бекітудің бір қыры ретінде түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің түпкі тамырын тектілік деңгейде, «Тұран тілдік одағы» аясында, алтаистикалық зерттеулер ауқымында, қарастыру аса маңызды.

XXI ғасыр лингвистикасы «тіл және адам» проблематикасының біртұтас теориясын қалыптастыруға бетбұрыс жасауымен, ғылыми зерттеудің теориялық-методологиялық негізіне тілді адаммен, оның ой-санасымен, рухани-практикалық іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастыруды, яғни антропологиялық ұстанымды басшылыққа алуымен сипатталады. Лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы тілді сол тіл қызмет ететін қоғаммен, әлеуметтік ортамен, тіл иесі – халықтың сан ғасырлық тарихымен, таным әлемімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен байланыстыра қарастыруды дйттейтін тіл біліміндегі ауқымы кең зерттеулерге жол ашты. Соның нәтижесінде тіл мен адам болмысы, тіл мен таным, тіл мен мәдениет, тіл мен халық арасындағы тығыз байланыс, өзара сабақтастық проблемасын жан-жақты зерттеуді мақсат ететін интеграциялық жаңа үрдістегі лингвофилософия, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этнопсихоллингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты ғылыми бағыттар қалыптасып, XX ғ. соңғы ширегінде жедел қарқынмен дами бастады. Олардың әрқайсысының зерттеу нысанын нақтылауда, я болмаса ғылыми теориялық және методологиялық негіздемесін жасауда тіл бірліктері басқа ракурста, яғни адам санасымен, ойлау әрекетімен, бүкіл адами болмыспен біртұтастықта қарастырылуда.

Түркітілдес халықтардың мәдениетаралық қарым-қатынастарын жаңғыртуды сапалық жаңа деңгейге көтерудің, жаһандану үрдісі жағдайында жалпытүркілік лингвоэтномәдени құндылықтарды

сақтап қалу және насихаттаудың түркі әлемінің ғылым және білім кеңістігіндегі, түркі халықтарының өзара ықпалдастығы мен ынтымақтастығын арттырудағы маңызы зор. Мұнда түркі тілдерінің әр қайсысының қоғамдық қарым-қатынастардың барлық саласындағы атқаратын әлеуметтік рөліне айрықша мән беріледі.

Тілдің «имманенттік» лингвистика аясынан шығып, этнос болмысы, діл және дін, ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, әлеуметтік-қоғамдық орта, ондағы жеке тұлға сияқты ұғымдармен сабақтастықта қарастырылуы лингвистикалық әдіс-тәсілдерді философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, этнография, логика сияқты ғылым салалары қолданатын әдіс-тәсілдерімен тоғыстырудың қажеттігін тудырды. Соған сәйкес көнетүркілік Веңь Еі идеясының қазақ тіліндегі, жалпы түркі тілдеріндегі көрінісін анықтау түркітанудың ішкі салаларын өзара ұштастыра отырып, дәстүрлі құрылымдық және заманауи зерттеу парадигмаларының сабақтастығы негізінде қарастыруды міндеттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
2. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – 700 б.

**Жетібаев К.М.
Исаев М.С.**

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНІҢ МӘНІ

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдау арнауы дәстүрге еніп, тәуелсіз еліміздің халқын ауқымды да жасампаз істерге жұмылдыруға арналған ұлттық идеялар қалыптастырушы институтқа айналды. 2014 ж 12 қарашадағы мемлекет басшысының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы...» [1] деп, «Мәңгілік Ел» идеясының мәні мен мазмұнымен бірге оның бастауы тым тереңде жатқандығын атап көрсетті. Шындығында, қазақ тарихының мазмұнында осы идеяға тұғыр болатын, ұлттық мақтанышқа айналған тарихи оқиғалар мен құбылыстар аз емес.

Түрік қағанатында дүниеге келген «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасуы Л.Н.Гумилев, А.Ташағыл, Х.Әбжанов, С.Сыздықов, С.Қанаев, Ж.Жеңіс, Қ.Сартқожалы және т.б зерттеулерді атаймыз. Бұл зерттеулерде «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасуының тарихи негіздері мен мән-мағынасы айқындалған.

Құндылық категориясын әдіснамалық, тарихи және педагогикалық тұрғыда қарастырған зерттеулердің қатары мол. Құндылық ұғымының анықтамасы, құрылымы, атқаратын әлеуметтік қызметінің мазмұны анықтап, жүйелеген зерттеулер қатарында философтардың: А.Ж.Тұрсынов, Г.Риккерт А.У.Уразбеков, Г.Ж.Нұрышева, М.А.Дорохова, педагогтардың: Г.К.Нұрғалиева, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев; Т.Қ.Әтемова, А.Қ.Қаптиева, Т.С.Слаббекова, Б.Гершунский, әлеуметтанушылар: С.Е.Нұрмұратов, т.б. атауға болады.

Сонымен, Ұлттық энциклопедияда құндылыққа мынадай анықтама беріледі. Құндылық дегеніміз – әлемдегі бар халықтың, ұлттың атамекенін, тілін, дінін, ділін, тарихын қоғам дамуына сай әлеуметтейтін құбылыс, мәңгі идеалды әлем. Аталған құндылықтар мемлекеттің даму бағытын айқындайды [2].

Профессор М.Қойгелдиев соңғы зерттеулерінде ұлт-азаттық қозғалыста саяси күрестің дәлелі ретінде «ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман сұранысына сай етіп бейімдеу мәселесін қоюында» [3, 127 б.] үлкен тарихи маңыз болғандығын атап көрсетеді.

Соңғы ғасырда ішінара өзгерістерге ұшырағанымен егемендік алғалы ұлттық сана бой көтеріп, ұлттық құндылықтарға рухани сұраныс пайда болды. Қазіргі таңда халқымыздың өркениетті, жан-жақты дамып, мүмкіндігінше заман ағымының талаптарына орай жанданып, түлеп, жетілген кезінде қазақ ұлтына тән құндылықтар тұғырлы мәселе болып отыр.

Тарихымызды, мәдениетімізді жаңғырту, өткенге жаңаша көзқараспен қарау, жаңа мың жылдыққа ұлы көшпен қадам басқан еліміздің рухани жаңаруы, өркениеттік бағдары ұлттық құндылықтарымыз.

«Мәңгілік Ел» идеясы қазақ халқының ата-бабаларынан, яғни ортағасырлық түркілік заманнан бастау алса, қазақ халқы тарих сахнасына шыққанда осы идеяны жалғастырып, бүгінгі күнге дейін алып келді. ... Сонымен қатар, Елбасы таяуда ғана тәуелсіз мемлекетіміздің атауы «Қазақ елі» болып өзгеру мүмкіндігін де айтты. Мұның да ел-жұрттың талқысына уақытында қойылғанын ерекше атаған жөн. Өйткені, «Мәңгілік ел» идеясы мен «Қазақ елі» атауы тарихи тұрғыдан сабақтастықты жалғастырып, бірін-бірі толықтырып тұратын маңызды әлеуметтік түсініктер [4, 4 б.].

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктастағы дәстүрлі түркілік тарихи ойда алғаш рет жария етілген. Осы тарихи ескерткіштің мазмұнынан «Түркі жұртының мұраты – «Мәңгілік Ел» - идеалды қоғамын, мемлекеттіліктің бейнесін көреміз. Ежелгі түріктердегі осы идеал белгілі бір құндылықтар жүйесінің бағыт бағдарын көрсетеді. Мәселен, «Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт қылдым. Жаусыз қылдым. Бағынып менің қоластыма кірді. Ісін-күшін берді» [5, 324 б.] деген жолдардан тарихи жадта халықтың бірлігі бейбіт өмір сүруі және билікке бағынып, саяси келісімге келуі бастапқы мақсатқа қол жеткізгендігінің нәтижесі, яғни «Мәңгілік Ел» мақсаты мен құндылықтарының біріне айналғандығын көреміз. Бұл құндылықтар дала өркениетіндегі жалпы адамгершілікті негізге алған түркілердің тарихи-философиялық дүниетаным жүйесінің ерекшелігі.

Десекте, маркстік идеологияның қожырауы нақты мағынадағы құндылықтардың құнсыздануы дегенді білдірмейтінін анықтау міндеті тұрды. Мәңгілік әмбебап құндылықтар өзгермейтін құндылықтар күйінде қалады, олар: ақиқат, мейірім-шапағат, сұлулық, махаббат, адалдық, ар-намыс... тегінде, құндылықтардың жаңа жүйесін әзірлеу, қоғамдық сананың, Қазақстан қоғамының ерекшеліктеріне және өзіндік қалпына сай келетін қоғамдық сананың өзге дүниетанымдық үлгісін айқындау міндеті де қойылды [6, 604 б.].

Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңде қалыптаса бастаған құндылықтардың жаңа жүйесін, қоғамдық сананың жаңа құндылық бағдарларын қасаң қағидалы марксизм мен ресми идеологияның орнына келген қазақстандық философия теориялық тұрғыда негіздеді [7, 291 б.].

Н.Ә.Назарбаев «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. ... Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық ...» [8] деп алғаш рет «Мәңгілік Ел» идеясын тұжырымдап, ұсынған еді. Қазіргі кезде уақыт сынынан өткен қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтар жүйесі айқындалып отыр (Сурет 1).



Сурет 1 - «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтар жүйесі

«Мәңгілік Ел» идеясы қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде мынадай функцияларды атқаратын болады: мән-мағына түзу, этнос қалыптастыру, құндылықтар бағдарын анықтау, қоғамды біртұтастандыру функцияларын атқарады. Ол ұлт руханияты, туған халқының тарихи келбеті мен шығармашылық әрекетіне деген сүйіспеншілік сезім, халықтың рухани күш-қайраты мен рухани бейімділігіне деген сенім, халықтың төл мәдени болмыс-бітімі мен рухани миссиясын түйсіне пайымдауы, тарихи жады мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген [9, 87 б.].

Біздер «Мәңгілік Ел» құндылықтары деп, қоғам дамуына сай елдің тәуелсіздігін сақтауға және оның дамуына кепілдік пен бағдар беретін әлеуметтік-саяси, ғылыми, экономикалық, этикалық, діни құндылықтардың бірлігін түсінеміз.

«Мәңгілік Ел» идеясындағы «Ел» термині көне дәуірдің тұрмыс салтында әрқалай қолданыс тапқан. Ел – адамның атамекенінде жетілуі, атажұртта әлеуметтену жолдары. Елді табиғаттан және туған, өсіп-өнген ортадан ажырата алмаймыз. Осы қос бағыттағы қауымдастықтардың есеюі, өсіп өнуі – ел болудың алғышарттары.

Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде ел атауы қауымдық-туыстық құрылымның (патриархалды отбасы, ру-тайпа, мемлекеттік бірлестік) жоғары деңгейін білдіретін мағынаға ие болды.

Зерттеулерге сәйкес «құндылық» ұғымының мәніне терең талдау жасадық. «Мәңгілік Ел» идеясының негізін құндылықтар түзеді. «Идея» мен «құндылық» ұғымдары бірін бір толықтыратын және идеяның өміршеңдігін түзетін құндылықтар деп білеміз. «Идея» ұғымына берілген анықтамалардың кейбірін төменде келтірдік.

Н.Ә.Назарбаев «Ұлттық идея ол ең алдымен өзінің ұлттық тұтастығын айқын түсінуге негізделеді. Ұлттық идея қоғамның өз ішінде пісіп-жетіледі. Онда сырттан таңылған сипат болмайды. Ұлттық идея идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады. Ұлттық идеяны қалыптастыруымыз өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болмақ» [10] деп ұлттық идеяның мәні мен мазмұнын атап көрсеткен.

Қалыптасқан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының барша Қазақстан халқы үшін маңыздылығы ғылыми-әдіснамалық қағидалар арқылы айқындалған. «Ұлттық идея» ұғымының мәні көптеген зерттеулерде анықталған [11; 115 б.].

Нағыз ұлттық идея – бұл жетілу, әсіресе, халықтың бүкіл рухани жетілу идеясы. Бұл идея - ерекше әмбебап идея. Осы тұрғыда ұлттық идея ұғымын халық өмірін орнықтыру қағидасы ретінде қарастыруға болады. Бұл халық ақылына, парасаты жанына сәйкес келетін өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі буынның болашақ туралы армандарымен астасып жатады. Бұл халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету принципі ретінде туған Жер, байлығын ұқыпты пайдаланумен байланысты [12] болып келеді.

Сондай-ақ, ұлттық идея халықты ұйыстыруға бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағыттардың, құндылықтар мен мұраттардың кешені, қоғамның тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Ұлттық идеяны жай ғана ойдан жасауға болмайды. Оның бөліктері ұлттың болмыс келбетін білдіретін ұлттық сана сезімнің терең қатпарында жатыр, оның мағынасы философияда, тарихта, ғылымда, поэзияда, әдебиетте, музыкада, бейнелеу өнерінде, биде халық тілінде [13] көрініс табады. Осындай теориялық негізге сүйеніп, қазіргі уақыт талабына сай жүйелеп ұсынылған ұлттық идеяның ЖОО және мектепте, балабақшада оқу-тәрбие жұмыстары, топтық, тұлғалық қарым-қатынастар арқылы жүзеге асырылатынын көруге болады.

Тарих ұлттық идеясы мен идеологиясы бар мемлекеттің идеологияландырылмаған мемлекеттен анағұрлым күшті екендігін растайды. Идея жетістік стратегиясы ретінде әсер етеді. Шығыс даналығы айтқандай «егер қайда жүзеріңді білмесең, онда саған ешқандай ілеспе жел көмектесе алмайды» [14] деген мазмұнда да ұлттық идеяға қатысты тұжырымдар жасалған. Осының бәрі айқын көрсеткендей, ұлттық идея ұлттық сана сезімнің ерекше түрі бола отырып, қоғамның рухани өмірінің бөлігі ретінде мағына құрушы, этносқалыптастырушы, құнды бағыт беруші және қоғамдық ұйыстырушы қызметтерін атқарады.

Ұлттық идея ұғымымен ұлттық мұрат ұғымы тығыз байланысты болып табылатыны философтардың еңбектерінде терең сипатталған [15, 16]. Ұлттық мұрат ұлттық сана сезімнің дамуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Жоғарыда айтылған ойларда маңызды үш қағида сөз болады:

1) ұлттық идеяны ойдан шығару мүмкін емес. Оның құрамдас бөліктері ұлттық сана-сезімнің түпкірлерінен орын алған;

2) ұлттық идея дегеніміз тұлғаның ұлттық сана-сезімінің айрықша түрі;

3) ұлттық сана-сезімнің айрықша түрі бола отырып, ұлттық идея қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде мағына түзу, этнос қалыптастыру, құндылықтық бағдар беру және қоғамды біртұтастандыру функцияларын атқарады.

Ол ұлт руханияты, туған халқының тарихи келбеті мен шығармашылық әрекетіне деген махаббат, оның рухани күш-қуатына деген сенім, рухани парызы, халықтың төл мәдени болмысы мен рухани миссиясын, қоғамдық дамудың терең қатпарлары мен басымдықтарын түсіне пайымдауы, тарихи жады мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген [11].

Ұлттық идея дегенде, біз, жалпы Қазақстан халқының немесе Қазақ елінің идеясы туралы сөз болып отыр деп түсінген жөн. «Мәңгілік ел» идеясы Қазақстанды мекендеген, тағдыр талайы бір ұлттар мен этностық топтардың қатысуымен тарих сынынан өтіп, бүгінде жаһандану үдерісінде жасампаз ұлттық идеяға айналып отыр. Жалпыұлттық идеяны жасау арқылы елімізді біртұтас азаматтық және саяси қауымдастыққа айналдыру – мемлекетіміздің этносаралық қатынастар мен конфессияаралық толеранттылықты тұрақты етудегі басты мақсаттардың бірі [4, 5 б.].

Ұлттық идеяның жалпы жұрт қабылдаған белгілері бар, олар: ол шағын және түсінікті болуы; көру бейне-нышаны болуы және идеологияға сүйенуі; тарих, аңыз, әфсаналар арқылы бабаларымызға тиесілі болуы; адамға да, қоғамға да, билікке де тиімді болуы.

Құндылыққа қайта бағдарлану жағдайын тиімді пайдалануымыз үшін қоғамның барлық күшін жаңа құндылықтық бағдарға жетелейтін тегікті анықтау оның тұрақтылығы мен бір бүтіндігіне кепіл болады. Бұл жаңадан ұсынылатын құндылық түбегейлі жаңа емес, ұрпақтар сабақтастығымен жалғасын тапқан құндылықтар жүйесі. Яғни, бүгінгі «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары Тәуелсіз Қазақстанды тұрақтылықта, бір бүтін бірлікте дамуға талпындыратын ортақ мақсат. Бұл басқа бір өркениеттің немесе мәдениет түрінің ұсынған құндылықтары емес, ол тарихын тереңнен алатын құндылықтар жүйесінің уақыттық тізбегі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы Жол – Болашаққа Бастар Жол». Астана. 12 қараша 2014 ж.
2. Ұлттық энциклопедия, 1- том, 247-253 бб.
3. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. –Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 б.
4. Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. - 320 б. 4б.
5. Сартқожаұлы Қ. «Орхон мұралары». - Алматы: Абзал-Ай. 2012. - 324 б.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 688 б.
7. Исаев М.С. Тарихнама пәнінің ғылыми және теориялық мәселелері // «Байтанаев оқулары – 4: Қазақстанда заманауи білім беру болашағы: реформалар және дамуы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 1 бөлім. - Шымкент, - 2016. 289-293 бб.
8. «Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2012 ж.
9. Исаев М.С. «Тарихнама» пәнінің мазмұны – болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлауда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтарына бағдарлау факторы // Қазіргі кезеңдегі тарих және қоғамдық пәндерді оқытудың әдістемесін дамыту мен жетілдірудің өзекті мәселелері тақырыбындағы: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2016. – 304 бет.
10. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
11. Қасымбаев М.Б, Пралиев С.Ж, Жампеисова К.К. және т.б. Мәңгілік Ел. Оқулық. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: Ұлағат. 2015. 336 б.
12. Телемтаев М. Национальная идея российского народа. М., Изд. ЭКО. 2005. 406 с.
13. Нысанбаев А.Н. Национальная идея: мировой опыт и Казахстан. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. / Под ред. А.Н.Нысанбаева. Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК. 2006. 412 с., 118 Нысанбаев А., Кадыржанов Р. Национальная идея Казахстана: гражданская или этническая? <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1166999820>
14. Асланова Р.А. Национальная идея: на пути, пройденном от символа независимости к будущей модели развития // [1news.az/authors/oped/...](http://1news.az/authors/oped/)

15. Кант И. Критика чистого разума. – СПб., 1993. С.341, 121

16. Кумыков А.М. Национальный идеал российской государственности: социально-философский анализ. Автореф. дисс. д. Философ. Наук, 09.00.11 Ростов-на-Дону. 2008. 27 с.

Жұмабеков Ж.А.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

Ассамблеяны құру идеясы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев тарапынан 1992 жылы Тәуелсіздігіміздің бірінші жылына арналған форумда айтылған болатын. Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы идеяны Президент Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен ойластырды» деп, Ассамблеяның құрылуы Қазақстанның Тәуелсіздік алған кезінен басталған идея екендігін айқындады [1, б.82]. 1995 жылы 16 ақпанда Н.Ә.Назарбаев еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесіп, республикадағы ұлтаралық татулықты сақтау мақсатында жаңа қоғамдық институттың қажеттігі туралы сөз қозғады [2]. Осыдан кейін әрбір облыстарда Кіші Ассамблеялар құрылып, олардың құрамынан алғашқы сессияға 260 делегат сайланды. 1995 жылы 1 наурызда еліміздің қоғамдық аренасында Президент жарлығымен жаңа құрылымы - Ассамблея пайда болды. Ол Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде құрылды. Ассамблеяның басты мақсаты келесідей айқындалды: «Ассамблеяның мақсаты республикадағы оқиғаларға баға беру мен саяси ахуалды болжамдау негізінде қоғамның топтасуын қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік тегіне, діни сенімі мен нанымына қарамастан Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтары сақталуының кепілі ретіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне жәрдемдесу болып табылады» [3]. 1995 жылы 24 наурызда «Біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісім үшін» деп аталатын Ассамблеяның алғашқы құрылтай сессиясы Алматы қаласында өтті. Сессияға 40 ұлттық мәдени орталықтың өкілдері қатысты. Сессияда Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев баяндама жасап, еліміздегі татулық пен бірліктің негізі Ассамблея болатынын білдірді: «Қазақстан халықтары ассамблеясының делегаттарына, ал оларға 120 ұлттың мүдделерін білдіру жүктеліп отыр, әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағы үшін орасан зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр» [4, б.17].

1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы Президенттің өкілеттілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін созуға арналған республикамыздың тарихындағы алғашқы референдумды өткізуге ұсыныс жасады. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум бойынша Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Ассамблея қабылданған Конституцияға үлкен қолдау білдірді.

Осы іс-шаралардан кейін Ассамблея еліміздің саяси өмірінде белсенді орын алды. Осы жылы мауысым айында Ассамблеяның «Өткенді ұғыну және қоғамның демократиялық реформалануы» атты екінші сессиясы да өтті. Бұл жыл сайынғы Ассамблея сессияларының өткізілуі дәстүрінің бастамасы болды. **Ассамблея сессиясы (Ассамблея мүшелерінің жиналысы) – оның жоғары басшылық органы болып табылады және сессияның мәжілісін Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілікке қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады [5].**

Қазақстан халқы Ассамблеясында 1996 жылдан бері 1 мамырда Қазақстан халқы бірлігі мерекесі ретінде атап өту идеясын туған еді [6].

1996 жылы 15 шілдеде Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім беру тұжырымдамасы бекітілді [7, б.103]. Тұжырымдама республиканың білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламаларының мазмұны үйлесімді тұлғаны дамытуға, білім алушылардың бойында отансүйгіштік, азаматтық, интернационализм, жоғары мораль мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

2006 жылы Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жж. Арналған тұжырымдамасы ұлттық-мәдени бірлестіктердің мәртебесін қазақстандық азаматтық қоғамның маңызды институты ретінде айқындап берді.

2007 жылы елімізде конституциялық реформаның маңызды жаңашылдығы Парламент Мәжілісіндегі депутаттар санын 107 адамға арттыру, оның 9-ын Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайлау болды. Осы өзгерістерге сәйкес Қазақстан халықтарының Ассамблеясы деген атау Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді. Ассамблея толыққанды конституциялық орган болып қалыптасты.

2008 жылы қазан айында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды [8]. Заңның 1 бабының 1 тармағында Ассамблеяның мәртебесі анықталды: «Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі — Ассамблея) — заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме». Сондай-ақ Ассамблеяның мақсаты да жетілдіріліп, нақтыланды: «Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бөсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады» [8].

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Астана қаласында – Бейбітшілік және келісім сарайы салынды. Мұнда жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, әлемдік дәстүрлі діндер съездері, өзге де маңызды іс-шаралар өтеді. 2010 жылдан бастап Бейбітшілік және келісім сарайында ұлттық костюмдер музейі қызмет көрсетеді [9].

2014 жылы 17 мауысымда Қазақстан Президентінің Жарлығымен «Қоғамдық келісім» мемлекеттік ұйымы құрылды. «Қоғамдық келісім» Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету, оның іс-шараларын өткізу мақсатында құрылған мемлекеттік мекеме болып табылады. Қоғамдық келісім кеңесінің ережесі арқылы оның негізгі міндеттерін көре аламыз: «Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоғамдық келісім кеңестері (бұдан әрі – Кеңес) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аудан (облыстық маңыздағы қала), ауыл әкімдері жанындағы немесе еңбек ұжымдарындағы консультативті кеңесші орган болып табылады» [10].

2015 жылы ҚХА-ның құрылғанына 20 жыл толды. Соған орай 2015 жыл Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды.

2015 жылғы 23 сәуірде Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясы өтті. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 7 жаңа міндет қойып, оны жүзеге асыру ісіне Ассамблея тікелей қатысуы тиіс болды. Олар:

- бүкілқазақстандық мәдениетті дамыту
- халық бірлігін ортақ рухани-моральдық құндылықтар негізінде нығайту
- жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу
- мемлекеттік тілді және үштілді білім беруді одан әрі дамыту
- транспарентті мемлекеттегі қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету
- этносаралық қатынастарды саясиландыруға жол бермеу
- сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы серіктестермен мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту жұмыстары.

Сондай-ақ 2015 жылы «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы» қабылданды. Бұл тұжырымдамада Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму жоспары айқындалған.

2016 жылғы 14 қаңтарда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды Қазақстанда Алғыс айту күні деп бекітті [11].

2016 жылғы 26 сәуірде Астанада Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясы өтті. Сессияның басты жетістігі «Мәңгілік ел» Патриоттық актісін қабылдауы болды.

«Мәңгілік ел» Патриоттық актісі жан-жақты әзірліктен өтіп барып қабылданды. «Мәңгілік ел» Патриоттық актісін әзірлеу туралы мәселені Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 5 институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның 85, 89 қадамдарында нақтылап көрсетілген болатын «85-қадам. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» патриоттық актісі жобасын әзірлеу; 89-қадам. «НҮРЛЫ БОЛАШАҚ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЕНГІЗУ» [12].

Қорыта айтқанда, Қазақстан халқы Ассамблеясы 20-жылдық тарихында бірнеше даму кезеңдерінен өтіп, қазіргі уақытта қоғамның саяси өміріндегі белсенді мүшесі ретінде қалыптасты. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдағы татулық пен келісімді сақтауға бағытталған маңызды институтқа айналып, Қазақстанның тәуелсіздігіне үлкен үлес қосып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ассамблея народа Казахстана в истории страны. Алматы: КАЗақпарат, 2015. – 264 с.
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы – объективті қажеттілік // <http://rukhanialem.psu.kz/index.php/ru/etnokultura/istoriya-sozdaniya-assamblei>
3. ҚР Президентінің Қазақстан Халықтарының ассамблеясын құру туралы қаулысы
4. Қазақстан халқы Ассамблеясы: алғашқы қадамдар (1995-1997 жж.). Құжаттар мен материалдар жинағы. Астана: Жасыл Орда ЖШС, 2015. – 206 б.
5. Қазақстан халқы Ассамблеясы // http://www.akorda.kz/kz/national_projects/page_kazakstan-khalky-assambleyasy_1352453861
6. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы – объективті қажеттілік // <http://rukhanialem.psu.kz/index.php/kz/etnokultura/istoriya-sozdaniya-assamblei>
7. Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. Алматы, «ҚАЗАқпарат», 2015. – 342.
8. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы N 70-IV Заңы
9. Национально-культурные центры в Казахстане Источник: <http://e-history.kz/ru/contents/view/740>
10. ҚХА Қоғамдық келісім Кеңесі // <http://assembly.kz/kk/kazakstan-halky-assambleyasy-kogamdyk-kelisim-kenesi>
11. Алғыс айту күні // <http://assembly.kz/kk/press/algys-aytu-kuni>
12. Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы // <http://www.inform.kz/kaz/article/2777949>

Жүзтаева Б.Н.

ҚАЗАҚСТАН - ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ЕЛ

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жиырма бес жыл ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп, өз дамуының жаңа деңгейіне аяқ басты. Өзара сенімділік қағидаларына негізделіп, теңдестірілген көп векторлы сыртқы саясаттың арқасында Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың егеменді субъектісі ретінде қалыптасты.

Бүгінгі таңда «әлемдік қауымдастықтағы Қазақстан» сөз тіркесі ғылыми әдебиеттерде, баспасөз ақпарат құралдарында жиі қолданылады, саяси мінберлерден жиі естіледі. **«Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»** деп аталатын 2012 жылғы 14 желтоқсандағы ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында да Қазақстан Республикасының өзін әлемдік қауымдастықтың жоғарғы деңгейдегі халықаралық мойындауына қол жеткізгендігі айтылды [1].

Әлемдік қауымдастық – жаһандану барысында қалыптасатын ғаламдық әлемдік жүйе. Ғаламдық деңгейдегі құбылыс ретінде өткен ХХ ғасырдың соңғы ширегінде танылып, халықаралық қауымдастық, ғаламдық қауымдастық терминдерімен қатар ғылыми айналымға енді. [2].

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықпен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ белсенді түрде жұмыс істей бастады. 1992 жылдың 2 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымының 46-сессиясының шешімімен Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының 168-мүшесі болып қабылданды. БҰҰ жанынан елдің Тұрақты өкілдігі ашылды. Тек 1991-1995 жылдардың өзінде ғана БҰҰ-ның отыздан аса Қарарының тең авторы болды. Қазір 70 халықаралық ұйым мен өкілдіктің мүшесі болып табылады, әлемнің 100-ден аса елінде елшіліктері, консулдықтары мен өкілдіктері бар [3].

Бүгінгі таңда Қазақстанның негізгі басымдықтары республиканың үдемелі экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуына қажетті қолайлы сыртқы саяси жағдайды қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, геосаяси тұрғыдан алғанда Еуразия құрлығының орталығында орналасуы арқасында Қазақстан іс жүзінде Шығыс пен Батыстың аралығындағы өзіндік бір көпірге айналды. Осы жағдай Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО елдері мен мұсылман әлемі секілді ірі әлемдік және аймақтық державалар арасындағы күрделі геосаяси жағдайда сындарлы мүдделер теңдігін сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық басшылықтың маңызды шешімдерінің бірі ретінде тек Орталық Азия аймағының ғана емес, сонымен қатар жалпы әлемдік деңгейдегі қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған өзінің айқын сыртқы саяси ұстанымын нақтылауы болды. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Кеңес одағының ядролық қару-жарақ қоймасы мен жаппай қырып-жою қаруларының (ЖҚЖҚ) едәуір бөлігін мұрагерлікке алды. Осындай жағдайда жас мемлекеттің алдында

атом қаруын сақтай отырып, әлемдегі төртінші ядролық держава болу немесе бас тартып, ядросыз әлемге қадам басу секілді өте үлкен таңдау түрды.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың сол кезеңде жаппай қырып-жою қаруынан бас тарту туралы шешімі әлемдік қауымдастық тарапынан үлкен қолдауға ие болған еді. Республика басшылығының өз еркімен ядролық қарудан бас тартуы мен Семей ядролық полигонын жабуы арқылы ядролық қарусыз, қауіпсіз әлем құру жолындағы табанды шешімі ЖКЖҚ-дан өз бастамасымен бас тартқан ел ретінде құрметті алғашқы орынды иемденуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар тағы да атап өтетін өте маңызды нәрсе – ол біздің Елбасымыздың ұсынысы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының 29-тамызды ядролық сынақтарға қарсы халықаралық әрекеттер күні етіп жариялау болды. Бүгінде Қазақстан – ядролық қарусыз әлем қозғалысының көшбасшыларының бірі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстан өзін халықаралық қатынастардың маңызды мүшесі ретінде көрсете білді. Бүгінгі таңда еліміз жетекші интеграциялық құрылымдар мен әлемдік қауымдастық өміріндегі өзінің сындарлы қызметінің арқасында заманауи әлемінің экономикасы мен саясатында белсенді рөл атқаруда. Республикамыздың халықаралық мәртебесінің жоғары екендігінің мысалы ретінде Қазақстанның ТМД, ШЫҰ, ЕврАзЭҚ, ЕҚЫҰ және ИЫҰ сияқты беделді халықаралық құрылымдарға төраға ретінде сайлануын алуға болады. Сонымен қатар өз кезегінде Қазақстанның бастамалары да әлемдік қауымдастық тарапынан қолдауын тауып отыр.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясындағы Азиядағы өзара әрекеттестік және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы бастамасы әлем елдерінің қолдауына ие болды. Жаһандық саяси кеңістіктің жаңаруы жағдайындағы Н.Ә. Назарбаевтың бұл ұсынысы ерекше өзекті болды. Елбасының Еуразиядағы бейбітшілікті сақтау мәселелері мен халықаралық қауіпсіздіктің кең белдеуін қалыптастыру жолындағы белсенді саясаты әлемдік қауымдастық алдында Қазақстанның бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретіндегі жағымды беделінің қалыптасуына ықпал етті.

Қазіргі таңда АӨСШК ұйымына жиырмадан астам азиялық ел мүше- мемлекеттер ретінде кірсе, әлемнің түрлі құрлықтарының оннан астам мемлекеттері бақылаушылар болып табылады. Сонымен бірге Азиядағы өзара әрекеттестік және сенім шаралары жөніндегі кеңес жұмысына БҰҰ, ЕҚЫҰ және АЕЛ секілді халықаралық ұйымдар ат салысуда. Республикамыздың азиялық және еуропалық қауіпсіздік құрылымдарында жауапты мүше ретінде араласуы оның беделін арттырып, түрлі пікіралмасу алаңдарындағы өкілеттілігін кеңейтті. Еліміздің басшылығы мен дипломатиялық кешенінің ерен еңбегінің негізінде еліміз көп жақты ынтымақтастықтың жаңа сапалы деңгейіне шықты.

Республикамыздың халықаралық деңгейдегі беделінің өскендігін Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі тағы да бір рет дәлелдеді. Бұл беделді еуропалық ұйымның модераторы рөлін орындай отырып, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Астанада ЕҚЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшыларының саммитін өткізу туралы бастама көтерді. Қазақстандық сындарлы және үйлестірілген сыртқы саясаты халықаралық қауіпсіздіктің көкейкесті мәселелерін талқылау үшін саясатшыларының жоғарғы деңгейдегі кездесуін ұйымдастыруға мүмкіндік берді. ЕҚЫҰ-ның саммитіне ұйымның 56 мүше-мемлекеті мен ынтымақтастық жөніндегі 12 әріптес елдің мемлекет және үкімет басшысы, ресми тұлғалары, сонымен бірге басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері қатысты. Он жылдық үзілістен кейінгі ЕҚЫҰ елдерінің басшылары кездесуінде, қауіпсіздікке сенім және ашықтық негізінде қарайтын Ұйымының жалпыны қамту жолын қайта растаған «Қауіпсіздіктің қауымдастығына апарар жолда» атты Астана декларацияны қабылданды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы мен Астанадағы өткізілген басқосу әлемдік қауымдастық пен шетел мемлекеттерінің ықпалды көшбасшылары тарапынан жоғары бағаланды.

ЕҚЫҰ, ИЫҰ және ШЫҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардағы өз төрағалығы аясында Қазақстан аймақтық қауіпсіздік жүйесінің нығаюына және де көп жақты ынтымақтастықтың бұдан ары орнығуына өзіндік үлесін қосып келеді. Мысалы, ШЫҰ-ның төрағасы ретіндегі Қазақстанның негізгі басымдықтарының бірі – Орталық Азия аймағындағы бейбітшілікті, тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтау. ШЫҰ-ның Ташкент қалысындағы саммитінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей, «Қырғызстанға көмек көрсету және ауған мәселесін шешуде қолдау таныту Қазақстанның ШЫҰ-дағы төрағалығының басты басымдықтарының бірі болады».

Қырғызстандағы 2010 жылдың сәуір және шілде айларындағы оқиғаларға алғашқылардың бірі болып назар аударған ШЫҰ болған еді, өйткені Қырғыз елінің әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі шиеленістік жағдайлардың бүкіл Орталық Азия аймағы үшін дағдарыстық салдарлары

болуы мүмкін болатын. ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің бірлескен күш-жігері арқасында бұл елдегі тұрақсыздану жағдайы тоқтатылып, ел ішіндегі азаматтық қарсы тұрушылықтың алдын-алуға қол жеткізілді.

Осылайша, Еуразия құрылығының орталығындағы күрделі жағдайдың қалыптасуын есепке ала отырып, Қазақстан ШЫҰ-ның төрағасы ретінде аймақтық және жаһандық тұрақтылықтың нығаюына бірінші кезектік мән берді. Бұл мәселеде Ұйымның БҰҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ИЫҰ, НАТО, ҰҚКҰ және де басқа да халықаралық интеграциялық құрылымдармен өзара тығыз әрекеттестік орнатуы маңызды рөл атқарады.

2011 жылдың маусым айында Астана қаласында ШЫҰ мүше-елдері басшыларының 10-шы мерейтойлық бас қосуын өткізуі Қазақстанның әлемдік саясаттың субъектісі ретіндегі ролінің артқанын білдіретін тағы бір мысал болды.

Бұдан басқа, 2011 жылдың жазында Ислам конференциясы ұйымына төрағалық ету мандатын қабылдап, 57 мұсылман елінің басын қосатын Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына зор абыроймен төрағалық етуі жағынан алғанда, еуропалық қауіпсіздіктің негізгі құрылымдарының бірі – ЕҚЫҰ-на төрағалық етудің белсенді кезеңін бастан өткерген қазақстандық дипломатияның ИЫҰ басшылық ету барысында «өркениеттер пікіралмасуы» жаңа тегігін жұмысқа қосуға қажетті тәжірибесі болды.

Осы жерде айта кететін тағы бір маңызды мәселе – қазақстандық басшылықтың соңғы жылдарда жүргізіп келе жатқан өркениеттер мен діндер арасындағы пікіралмасуды тереңдету мен дамыту саясаты аса маңызды сыртқы саяси қарекет екендігі. Қазақстан 2003, 2006, 2009 және 2012 жылдары әлемнің негізгі конфессияларының діни өкілдерін жинаған «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының» төрт съезін өткізген болатын.

Өткен съездер барысында Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың бастамасы бойынша өркениетаралық және дінаралық қатынастардың барынша өзекті мәселелері талқыланды. Бұл форумдардың негізгі мақсаты әлемдік діндердің өзара бейбіт дамуы және де діндер диалогын жүзеге асырып, бірлескен шешімдер қабылдауға қажетті тұрақты жұмыс істейтін халықаралық дінаралық институт құру болып табылады.

Қазақстан сыртқы саясатының тағы бір маңызды векторы ретінде ТМД кеңістігіндегі интеграция мәселесін алуға болады. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев алғаш рет 1994 жылы наурызда Мәскеу мемлекеттік университеті қабырғасында Еуразия одағын құру туралы бастамасын көтерген болатын. Еуразиялық бастаманың нақты жүзеге асуының мысалы ретінде бірнеше мемлекетаралық құрылымдардың жұмыс жасауын, оның ішінде ЕврАзЭҚ және соның негізінде құрылған Қазақстан, Ресей және Беларусь елдерінің Кедендік одағын атауға болады.

Астана экономикалық форумында Қазақстан **диалогтың жаңа форматын – G-global-ды** ұсынды. Бұл бастаманың мәні – әділетті де қауіпсіз әлем сипатын жасау ісінде күш-жігерді **біріктіру**.

Қазақстан Республикасы **жаһандық энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін** қамтамасыз етуге лайықты үлес қосуда. Дүние жүзі мемлекеттерінің ең озық, ең бәсекеге қабілетті, ең инновациялық жетістіктерінің көрмесі саналатын «ЕХРО-ны» 2017 жылы Астанада өткізу туралы шешімге әлемнің 103 елінің жақтап дауыс беруі Қазақстанның саяси, әлеуметтік және экономикалық саладағы ерен табыстарын ерекше мойындау деп қабылдауға болады.

Қорыта келгенде, Қазақстан бүгінгі таңда сыртқы саясаттағы алдына қойған барлық мақсаттарына жетті деп сеніммен айтуға болады. Бұған осыншама қысқа мерзімде қол жеткізілген халықаралық бедел мен еліміздің әлемдік танымалдығы мысал болады. Қазақстан әлемдік саясатта маңызды рөл атқара бастады, және де Қазақстан Республикасының кейбір бастамалары да әлемдік қауымдастық тарапынан қолдау тапты. Сындарлы саясатының арқасында Қазақстан Орталық Азия секілді тұрақсыз аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік аралына айналып қана қоймай, сонымен қатар экономикасы қарқынды дамып, халқының әл-ауқаты үнемі артып келе жатқан гүлденген мемлекетке айналып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1.«Қазақстан - 2050» Стратегиясы – **қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты**. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14. 12. 2012 // www.akorda.kz – ҚР президентінің ресми сайты.

2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

3. Қалиева Р. Қазақстан жаһандық саясатта: әлемдік кеңістікке кіруінің қысқаша шолуы және ерекшеліктері // Дипломатия жаршысы. – 2011. – №1. – 57-59 б.

4. Казыханов Е. Внешней политике Казахстана – 20 лет // Дипломатия жаршысы. – 2012. – №2. – С. 5-6.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯНЫ ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Жаңа саяси технологияларды қолдану арқылы әлемдегі саяси жүйелер өзіндік дамудың түрлі жолдарын қалыптастырып жатыр. Қазақстан Республикасы да Конституциялық талаптар шеңберінде еліміздегі басқару нысанына өзгерістер енгізді. Ендігі жерде еліміздегі саяси коммуникацияны жетілдірудің жолдарын қарастыру міндеті түр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына кезекті Жолдауында: «Біз әкімшілік-әміршілдік жүйенің басқару дәстүрлерінен түбегейлі бас тартып, басқарушылардың заманауи әрі тиімді корпусын құруға тиіспіз. Барлық азаматтар тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болатын, кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың біз жасаған жүйесі мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігі мен ашықтығының барынша жоғары деңгейін қамтамасыз етеді» [1] деп көрсеткен. Біз әлі де даму үстіндегі мемлекетпіз, сондықтан билік пен қоғамның болашағына қатысты мәселені нақты жетілдіру мен тиімділігін арттырудың түрлі жолдарын қарастыруымыз қажет. Қандай мәселе болсын өзінің алдына қойған мақсатының тиімді болуын көздейді. Дегенмен, саясаттану ешқандай да өлшеммен анықталатын дәлді ғылым емес. Оның өзінің зерттеу тәсілдері мен саяси ілімдері қалыптасқан. Демек, бұл арада біздің сүйенетініміз саяси болжам бағыты. Саяси болжамдар жасау арқылы, біз алдыға қойған міндеттеріміздің қаншалықты орындалып, тиімді нәтиже беретіндігін анықтай аламыз. Алайда, бұл болжам да жүз пайыз орындалады деп айтудан аулақпыз. Саяси болжам жасамас бұрын, нақты стратегиялар мен тактикалар арқылы дамудың бағыттары айқындалады. Соның негізінде, тиімділік нәтижелері белгілі болады. Саяси коммуникацияның тиімділігін анықтамас бұрын оның қызмет ету аясын жетілдіруді қарастырған жөн. Өзінің қызметі жағынан нығайған база, қандай жағдайда да тиімді нәтиже беретіні ғылымда дәлелденген дәйек.

Саяси коммуникацияда тиімді нәтижелерге қол жеткізудің бірі – саяси маркетингке алып келеді. Саяси маркетинг (ағылш. market – базар, нарық) – саясат субъектілеріне, әлеуметтік, таптық, этникалық, кәсіби, аймақтық қауымдастыққа ықпал ету құралдары мен тәсілдерінің жүйесі; азаматтардың (сайлаушылардың) саяси мұқтаждықтарына, саяси нарық талаптары мен ұстанымдарына бағытталған саяси қызметті басқару және ұйымдастыру тетігі. Саяси маркетинг – қымбат, бірақ саясат субъектілерінің белсенділігін арттыратын тиімді құрал. Саяси маркетинг келесі элементтерден тұрады: 1) саяси жағдайды зерттеу, 2) саяси конъюктура туралы ақпарат жинау; 3) субъектілердің шынайы мүмкіндіктерін есепке ала отырып саяси акцияларды жоспарлау [2, 496 б]. Бұдан саяси коммуникацияның саяси маркетингі қолдануы арқылы да ұтымды жүргізілетіні айқындалады.

Саяси коммуникацияның тиімділігін жетілдіруде, саяси жарнаманың атқаратын рөлі ерекше. Мәселен, мемлекетіміздегі саяси жарнаманың жеткілікті түрде кең тараған түрі, жаңа бағытта іске асырылатын саяси биліктің бағдарламаларынан қысқаша мәліметтер беретін – листовкалар тарату болып қалады. Мұндай саяси жарнама үлгілері АҚШ-тың, Ресейдің сайлаушыларының алдында заңдылық ретінде қабылданып, түрлі-түсті, сапасы жақсы қағаздарға басылған әртүрлі ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл дәстүр Қазақстандағы сайлауалды кампанияларында да қалыптасқан. Мәселен, 2007 жылдың 18 тамызында өткен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен жергілікті мәслихатына сайлау алдында таратылған түрлі листовкалар осыған дәлел. Мұнда Мәжіліс пен мәслихат депутаттығынан үміткер-кандидаттар өз листовкаларын сапалы қағаздарға фотосуреттерімен бірге басқызып, пошта жәшіктеріне ғана емес, пәтерлердің есігіне, көшелердегі тақташаларға іліп, арнайы сайлау кампанияларының көмекшілерімен қала, облыс, аудан және ауыл көшелерінде таратып жүрді. Бұл арада мәселе листовкалардың таратылуында ғана емес, сонымен бірге ол саяси субъектілердің саяси мақсаттарының халық арасында кеңінен танымал болып, қоғамдық қолдауға ие болуға ұмтылуында екендігі анық жайт. Ал, «Ақ жол» демократиялық саяси партиясы таратқан листовкаларда «Сен өз арманыңа лайықсың», «Шынайы істер партиясы» деген ұрандармен қатар, 5 жылдың ішінде аталған партияның әр жылдардағы Президентке, Парламентке, Үкіметке жасаған ұсыныстары мен оны мақұлдаған Парламент мөрі қойылған листовкалар таратылды. Бұл қазақстандықтардың партияның болашағы мен бағдарламаларына деген сенімін арттыра түсіргенін байқатады. Мұндай листовкаларды басқа саяси партиялар да ұтымды қолдана білді. Демек, бұл елімізде саяси коммуникация құралдарының осындай шаралар арқылы тиімді жүргізіле бастағандығының белгілері болып саналады.

Қазақстанда медиа жүйе ескі және жаңа коммуникациялық технологиялардан тұрады. Бір жағынан, аймақтық хабар таратуда моральдық түрде ескірген технологиялар күйіне жатады, ал

екінші жағынан – жалпымемлекеттік саясат қазақстандық коммуникациялық технологиялардың дамуына мүмкіндік жасайтын KazSat сияқты жеке ғарыштық спутниктік байланысты жібере отырып, жаңа технологияларды дамытуда. Алайда, бұл модернизация технологияларын пайдаланудың өзі ең жаңасына жатпайды екен, шетелдік әріптестер әзірге алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуге құлық танытып отырған жоқ, ал жаңа технологияларды жасап шығаруға өзіміздің күшіміз жеткіліксіз. Сондықтан коммуникация технологияларының саласында біз алдыңғы қатарлы орындарда емеспіз [3, 7 б]. Дегенмен, қазіргі заман талабына сай, ақпараттық технологияларды игеру туралы ҚР-ның «Ақпараттандыру туралы», «Байланыс туралы» Заңдарында көрсетілген. Технология қанша дамыды десек те кейде техникалық ақаулар жиі болып коммуникацияға тікелей кедергі келтіреді. Мәселен, теледидардан тікелей эфирде беріліп жатқан жаңалықтар легі болмаса маңызды кездесулерді көрсету кезінде техникалық ақау салдарынан, көрсетілім үзіліп қалған немесе кадрлардағы бейнелердің қозғалмай қалуы тәрізді құбылыстарды жиі байқаймыз. Мұндай кедергілерді болдырмас үшін, арнайы маманданған техник кадрлар күшті деген техникалық құрал-жабдықтарды жиі тексеруден өткізіп, қадағалап отыруы тиіс. Сонда ғана болжанған түрде, саяси коммуникациядағы техникалық кедергілердің алдын алуға болады деп білеміз.

Қазіргі кезде түрлі қатынас технологияларының нәтижесінде адамдар арасындағы өзара ақпарат алмасу мәселесі ыңғайлы да жылдам екені мәлім. Оның қолайлылығы мен жылдамдығына қазіргі ұялы телефондармен WhatsApp арқылы, спутниктік байланыс жүйелері, портативті компьютерлер мен түрлі гаджеттер, скайп арқылы, ВК, Фейсбук, Инстаграм сияқты әлеуметтік желілерде мүмкіндік береді.

«Сандық» үлгіге өту «жаңа БАҚ» деп аталатын, негізгі артықшылығы – интерактивтілігі болып табылатын мүмкіндіктерді пайдалануды жылдамдатудың қажеттілігін тудырады. Кандидаттар «жаңа» сандық БАҚ-ты кеңінен пайдаланудың арқасында, өздеріне сайлаушыларға тікелей қатысуды қамтамасыз етеді. Сандық үлгіні игеру, сондай-ақ, кандидаттардың сандық спутниктік және компьютерлік технологиялар көмегімен сайлаушылармен тікелей байланыс орнатуы, кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл «тікелей демократия концепциясын орындаудың алғашқы кезеңі. «Тікелей демократия», басқаша айтқанда делдалдарсыз демократия (саяси партиялар, журналистер), - сайлаушылар мен кандидаттар арасында тікелей байланыстың болғандығын белгілеуге мүмкіндік береді. Бірақ, байланыс технологияларының жаңа дәуірі келгеніне қарамастан, ол электоралды процесті түгел өзгерткен жоқ [4, 19-20 б]. «Электронды үкіметті» батыс елдерінде құру – бірінші кезекте азаматтардың қажеттіліктері мен талаптарына құрылған ақпараттардан тұрады. Ресей негізі батыстық тәжірибені алуға ниеттеніп келе жатыр. Біздің елімізде өзіндік дамуды ұстануға тырысуда, дегенмен бізде де ақпараттың «жоғарыдан төменге» түсетіні жасырын емес. Қазақстанның демократияны қалыптастыру мен нығайту үстіндегі мемлекет екендігін ескерсек, біздегі билік пен қоғамның өзара қатынас мәселесін кеңінен қарастырып, қалыптастырудың өзіндік жолын таңдап, даму сатысындамыз деп нық сеніммен айта аламыз.

Шетелдің саяси технологияларды қолдану тәжірибесін зерттей келе, Қазақстанда сайлау кампаниясы кезінде дұрыс және бұрыс технологиялар қолданылды. 2005 жылы сайлау кампаниясын талдауда негізгі қандай технологияларды қолданылғаны анықталды. Өркениетті технологияларға келесілер жатады:

- Қазақстанның экономикалық жетістігін насихаттайтын технологиялары. Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары бұрынғы кетіп қалған отандастарының Германия, Канада, Израильден келіп жатқанын көрсетті. Оның себебі, Қазақстанның экономикалық өсуі. Осы фактілерді Президенттің сайлауалды штабы көп қолданған болатын.

- Сайлауда үгіттеуді Қазақстан Халық Ассамблеясы көмегімен жүзеге асыру саясаты. Сайлауалды үгіт-насихат кезінде сондай қазақстандық ерекше ресурс қолданылды.

- Агитациялық кампаниядағы рәміздер мен атрибуттарды қолдануы. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, сайлауалды күресте сыртқы атрибуттар маңызды болып табылады. Сайлауалды штаб президенттің өз кампаниясын жүргізуде сары түсті таңдады.

- Саяси кампанияны саяси-әкімшілік басқару. Дәстүрлі және негізгі рөлді сайлау кампаниясын жүргізуде жергілікті билік органы атқарады.

- Президентке үміткер кандидаттарға қолдау көрсету мақсатындағы шаралар мен митингтер.

- Президенттің әр түрлі шараларға қатысуы. Сайлау кампаниясының ең соңғы күні – Н.Ә.Назарбаевтың шет елдерге сапары.

- Теледебаттар. Президенттікке үміткер үш кандидат дебатқа қатысты. Сапар мерзімінің сәйкес

келуіне байланысты елбасы теледебатқа қатыса алмады. Өркениетті сайлау технологияларына, сайлау заңына мыналар қайшы келеді: керек емес жерде үгіт-насихат жүргізу; агитациялық кампанияның мерзімінің сақталуы; сайлаушыларды сатып алу немесе қысым көрсету; бәсекелестерге қарсы «компрометтерді» баспаға шығару; билікті негізсіз сынға алу [5, 56-57 б]. Сонымен, саяси субъектілердің билік үшін күресінде өркениетті технологияларды орынды пайдалану, дұрыс бағдарламалар жасай білу және оларды дер кезінде электоратқа жеткізе білу, олармен өзара байланысқа түсудің нәтижелері саясатта жеңіске жетуге болатындығының нақты дәлелі бола алады.

Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарын дамытудың Тұжырымдамасы бойынша мынадай кезеңдерді қамтиды:

бірінші кезең 2006-2008 жылдар.

Азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға бағытталған заң жобаларын әзірлеу жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдар, бизнес пен азаматтық қоғам институттары ынтымақтастығының тетіктері нығайтылады. Азаматтық форум мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам үшін тиімді, тұрақты жұмыс істейтін үндесу алаңқайына айналады.

Тұжырымдаманың басымдықтары бойынша ақпараттық бағдарлама іске асырылады.

Екінші кезең 2009-2010 жылдар.

Көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде азаматтық қоғам институттарын дамытуда сапалық өсуге қол жеткізіледі.

Үшінші сектордың белсенді жұмысы халықтың саяси мәдениеті мен құқықтық сауаттылығының жоғарғы деңгейін қалыптастырады. Қоғамдық санада азаматтық қоғамның нормалары мен құндылықтары орнығады және күнделікті практикаға енеді [176, 29-30 б]. Аталған бөлімдерде мемлекеттің заң шығару базасын нығайтуды, үкіметтік емес ұйымдар қызметін жандандыруды, билік құрылымдарының халық алдында бұқаралық бағытта есеп беруін жетілдіруді көздейді.

Үшінші кезең 2011 жылдан басталады.

Азаматтық қоғам институттарын дамыту жүйелі және үдемелі сипатқа ие болады. Бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасауын оңтайландыру үшін олардың қатынастарына түзетуші өзгерістер енгізіледі. Қазақстандық қоғамды дамыту проблемалары бойынша жыл сайынғы баяндамалар жарияланып, жыл сайынғы тыңдаулар өткізіледі [6, 31 б]. Демек, жүргізілетін қайта құрулардың қойылған мақсатпен сәйкес келуі маңызды болып саналады. Демократиялық мемлекетті құру биліктің барлық мәселелерін шешуге қоғамның бірге қатысуын талап етеді. Бұл жағдайлар Қазақстанда реформалар ашық және жариялы түрде болғанда, қоғам үшін билік қызметі ашық болғанда ғана жүзеге асырылады. Егер қоғам реформаларға өзінің қатысатындығын сезінбесе, биліктен шеттетілу болып, наразылықтар туындайды, билікке қарсы түрудың ашық немесе жасырын түрлері ұйымдастырылуы мүмкін. Билік те жауап ретінде қоғамға күштеу тәсілдерін қолдануы ықтимал. Сонымен біздіңше, билікте саяси коммуникацияның көлденең бағыты орын алғаны Қазақстан қоғамы үшін тиімді болары анық.

Тәуелсіздік алған уақыттан бері біздің еліміздегі партиялар саны бірде азайып, бірде көбейіп отырды. Бұл арада айта кететіндігі, мәселе партиялардың санында емес, атқаратын қызметтерінің сапасында. Қазақстандағы саяси партиялардың қызметтері тұрғысынан алып қарастырсақ, саяси партиялар азаматтарды саяси әлеуметтендіру, қоғамның талаптары мен тілектерін билік органдарына жеткізу жағынан ерекшеленеді. Мәселен, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының бастамасының нәтижесінде, жастар саясатын қолдау мақсатымен, жастарды еліміздің саяси өміріне белсене тарту мақсатында құрылған «Жас Отан» жастар қанатының атқаратын қызметі де ерекше. Осы құрылған партияның негізінде жастар саясаты, олардың мүдделері билікте ескерілетіндігі қазақстандық қоғамда тағы бір мәрте дәлелденгендей болды. «Нұр Отан» партиясының халық алдындағы беделі айтарлықтай деңгейге көтерілуде. Әсіресе, қазіргі қоғамда жемқорлық жайлаған заманда, сыбайлас жемқорлықпен күрес, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталаған түрлі шаралары арқылы халықтың қолдауына ие болуда. Халықтың қолдауы қашанда саяси билікті нығайтатыны белгілі. Қазақстандағы басқа да саяси партиялардың мақсаттары мен бағдарламалары бір-біріне өте ұқсас болғандықтан да халық олардың көпшілігімен таныс емес екендігін атап айтуға болады.

Бұл, Қазақстандағы саяси партиялар өздерінің ұстанымдары мен бағдарламаларын халыққа кеңінен таратуда жеткіліксіз жұмыс жасап отырғандығын анықтайды. Саяси билік үшін күресті сайлау науқанында ғана жүргізетін біздің еліміздегі саяси партиялар сайлау науқанынан тыс уақытта үн қатудан қалады. Бұл сайлау науқаны кезінде партия мүшелерінің өз пайдасын ойлайтындықтарын

білдірсе керек, себебі, ресми түрде тіркелген саяси партия билік үшін күресін жеңіске жетпесе де міндетті түрде жалғастыруы заңдылық. Өйткені, саяси партиялар билік пен халық арасындағы делдалдық қызметін атқаруы тиіс. Өз мүдделері ескерілмеген соң, қоғамда саяси субъектілерге деген сенімін төмендетеді. Ал, саяси билік үшін күресте саяси қолдауды жоғалту, саяси субъектілердің билікке жақын қадамдарынан алшақтағанын білдіреді.

Қорытындылай келе, Қазақстанда саяси коммуникация каналдарының және құралдарының тиімділігін жоғарылатудың негізгі мүмкіндіктерін былай бөліп қарастыруға болады:

- Жалпы қоғамға жеткізілетін ақпарат мейлінше объективті, шындыққа жанасымды болғаны дұрыс. Сонда ғана, алынған ақпарат мәліметтеріне сенім қалыптасады.

- Қоғаммен байланыс жасау үшін оның талап-тілектерін ескеріп, оларға дер кезінде жауап қайтаруға яғни кері байланысқа түсудің жолдарын қарастыру қажет.

- Саяси коммуникацияның басты мақсаты – билік пен қоғамның өзара тиімді және сенімді ақпарат алмасу екендігін есте ұстаған жөн. Сол себепті, бұқаралық коммуникация құралдары арқылы таралған ақпарат мәліметтеріне қоғамның қолдауын туғызу үшін, мәліметтер мен қоғамның мүддесі бір-біріне жақын болуы тиіс.

- Саяси коммуникацияның көлденең таралу жолын дамытқан жөн. Бұл демократиялық принциптерді нығайту жолына түскен біздің еліміз үшін, дәл қазіргі уақытта аса қажет бағыт. Бізде, халықтың талаптарын, ұсыныстарын билікке жеткізіп, дұрыс шешімдер қабылдай білуге бағытталған нақты мүмкіншіліктер бар, бірақ соны биліктегі халық өкілдері дұрыс қолданғаны орынды болар еді деп нақтылаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы//Интернет-ресурс: <http://www.inform.kz/> -2012. – 14 желтоқсан.

2 Саяси түсіндірме сөздік. - Алматы, 2007. - 616 б.

3 Ибраева Г.Ж. Казахстан на пути к информационному обществу: краткий медиа дискурс. Теория массовой коммуникации и новые технологии //Материалы международной научно-практической и теоретической конференции Алматы: КазНУ им. Аль-Фараби, 2006. - С.7-9.

4 Бұқаралық ақпарат құралдарының электоралды процестердегі рөлі. Ред. алқа: Қасаболатова С., Мұрашева Ж. - Талдықорған: Талдықорған аймақтық демократияны қолдау орталығы, 2004. - 132 б.

5 Рысбаева С.Ж. Қазақстан Республикасында сайлауда қолданылған саяси технологиялар //Қаз.ҰУ Хабаршысы. Философия. Саясаттану. Мәдениеттану сериясы. - 2007. - №3 (29). - 54-58 бб.

6 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған Тұжырымдамасы //Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі №154 Жарлығымен бекітілген. - Астана, 2006. - 32 б.

Ковальская С.И.

ФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕКАЗАХСТАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И ИСТОРИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ

В первые годы независимости практически вся гуманитарная сфера в деле формирования массового сознания была выдвинута на периферию. Это было время преобладания технократического подхода, который на время позволил осуществить «приватизацию» истории и создать так называемую непрофессиональную историографию. Однако уже в 1995 году Институтом истории им. Ч. Валиханова была разработана «Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан», которая была нацелена на поиск основных ориентиров исторического знания; обозначения главных проблем исторической науки в переходный период и направления их решения; намечала пути реформирования исторического образования [1]. Концепция, по сути, предлагала изучать Историю Казахстана не как исключительно часть российско-советского пространства, но как часть мировой истории, кочевой цивилизации, тюркского мира, центрально-азиатского региона. Тем самым утверждался переход от моноцентристского подхода к изучению истории к полицентристскому, позволявшему увидеть исторический процесс как дорогу с двусторонним движением.

На всех этапах развития национальная история остается главным жанром историописания, важным компонентом процесса государствообразования, создавая из населения народ, территориально очерчиваемый установленными пространственными границами и соединяемый конструируемой версией общего и автохтонного происхождения.

Поиск новой общегосударственной идеи – эта задача стоит на повестке дня современного Казахстана и исторической науки. С 2004 года начала реализовываться государственная программа «Культурное наследие», которая осуществлялась поэтапно вплоть до 2011 года.

По инициативе президента Н.А. Назарбаева в 2013 году была разработана специальная программа под названием «Народ в потоке истории». Её главные цели – создание условий для качественного скачка исторической науки Казахстана на базе передовой методологии и методики; расширение горизонтов национальной истории казахов, формирование нового исторического мировоззрения нации; осмысление двух десятилетий новейшей истории Казахстана. Выступление Госсекретаря Республики Казахстан М. Тажина в июне 2013 года в стенах Евразийского национального университета им Л.Н. Гумилева тому подтверждение [2].

Приоритеты дальнейшего развития исторической науки Казахстана были сформулированы следующим образом:

- Национальная история должна стать центральным звеном среди общественных наук.
- Нужно выработать на качественно новом уровне общую концепцию истории Казахстана. Она должна быть тесно увязана со всемирной историей, четко показывать место Казахстана в глобальных исторических процессах, системе их взаимосвязи и научной периодизации.
- Первостепенное внимание уделять сбору, систематизации и классификации всего имеющегося у нас и за рубежом исторического материала о Казахстане. Нужно тщательно исследовать все основные зарубежные хранилища исторических артефактов (это касается и новейшей истории), а также изучить вопрос о возможности репатриации этих исторических материалов в страну, либо, если это невозможно, осуществить их копирование с обеспечением последующего доступа для ученых и широкой публики.
- Среди приоритетов – изучение центрально-азиатской номадической цивилизации, хранителем которой в настоящее время является казахский этнос.
- В повестке дня остро стоит вопрос подготовки качественных учебников по истории.

Как мы видим, основной акцент сделан практически исключительно на дальнейшем развитии собственно национальной истории, что и понятно. Сформировавшись как отдельная отрасль научного знания в середине XX века, историческая наука Казахстана продолжает активный процесс самопостижения нации, столь усиленного событиями тектонического характера конца XX века – распадом СССР и получением возможности написания собственной национальной истории, которая все еще только создается.

При этом нельзя не понимать, что в результате проблематика всемирной истории остается совершенно неохваченной. Специалистов по всемирной истории в республике можно по пальцам сосчитать. Причем, и в формирующемся новом поколении исследователей мы также практически не найдем тех, кто бы писал работы и защищал PhD диссертации по проблемам мировой истории.

Следующим шагом на пути формирования исторического самосознания и процесса нациестроительства стала идея Патриотического акта «Мәңгілік Ел», который в наиболее полной форме прозвучал в Послании Президента «Нурлы жол – путь в будущее» 17 января 2014 года.

Из выделенных Президентом Республики Казахстан глобальных вызовов XXI века нам бы хотелось выделить ускорение исторического времени и кризис ценностей нашей цивилизации. Ответом Казахстана на эти вызовы станут 7 новых приоритетов развития страны, среди которых новый Казахстанский Патриотизм. Патриотический акт «Мәңгілік Ел» нацелен на *воспитание нового казахстанского патриотизма; равенство прав граждан всех этносов; развитие казахского языка и триединство языков; возрождение культуры, традиции и самобытности; поднятие роли национальной интеллигенции; укрепление светского характера государства.*

История Казахстана – это часть мировой истории и, хочется надеяться, что её развитие будет продолжаться в контексте современных тенденций, существующих в мировой исторической науке. Кроме того, история Казахстана будет продолжать изучать историю соседних государств, с которыми мы объединены географически и геополитически, имеем общую историю и разноуровневый характер взаимоотношений.

Задача современной исторической науки Республики Казахстан – существенно наполняться качественным содержанием, создать ситуацию научной конкуренции воззрений и выбора дальнейших перспектив исследований. Всё это будет только способствовать её дальнейшему развитию.

Список литературы

1. Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан// Deutsche Allgemeine Zeitung.-№28.-15 июля 1995
2. Тажин М. Состояние и перспективы развития исторической науки Республики Казахстан. Ссылка доступа –<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1370550180>).

Косжанова Г.С.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТЕРІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің үшінші түрі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады.

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болып, нарықтық қатынастар заңымен өмір сүруге бет бұрып, шет елдік мемлекеттермен терезесі теңесіп тұрған кезеңінде, білім беру жүйесі де өз алдына бөлек дамып, күрделене түсуде. Бұл өз кезегінде қазіргі таңдағы педагогика саласындағы оқу үрдісінің басты мақсаттары мен міндеттерінің жоғары деңгейде қойылуына өз әсерін тигізуде. Білім беру жүйесінде білім алушылардың білім сапасын арттыру мәселесінде ғылым мен тәжірибенің бір-бірімен өзара байланысқан, көптен қалыптасып келе жатқан қарама-қайшылықтарын шешу басты мәселелердің бірі болып табылады. Сол мәселелердің ішіндегі ең бастысы оқыту үрдісіндегі оқытудың әдістері мен формаларының мазмұнының сәйкес келмеуі. Осы орайда, әлі де жаңа инновацияның бірі болып табылатын, өте қызықты және алдынан үміт күттіретін оқыту әдісінің бір түрі-ойын арқылы оқыту әдісі.

XXI ғасыр мектебі түбірлі өзгерістерді талап етеді. Оқушы әлемдегі болып жатқан өзгерістерге тез бейімделіп, өзін терең білімді, жан-жақты дамыған, шығармашылықпен, өз бетінше оқи алатын тұлға ретінде көрсете алуы тиіс. Осыған орай қазіргі заман талабына сай оқушы тек бір тілді ғана емес, бірнеше тілді де меңгеруі тиіс. Сол себепті бүгінгі таңда ағылшын тілі пәні оқушылар үшін өте қажетті пән ретінде саналып отырғаны бәрімізге белгілі.

Шет тілін ерте жастан оқыту – баланың дүниеге келген кезден бастап мектепке барғанға дейінгі интуитивті-тәжірибелік негізде жүретін оқыту. Шет тілін оқыту әдістеменің бір тармағы ретінде XIX ғасырда дами бастады. Бұл кезде балаларды ерте жастан шет тіліне оқыту Ресейде кеңінен тараған. Кейбір ақпараттарға қарайтын болсақ, Ресейде XIX ғасырда бір емес үш шет тілінде: ағылшын, француз, неміс тілдерінде сөйлей алатын балаларды кездестіруге болатын.

Еске сақтау — адамның бұрын көрген, естіген, білген нәрселері мен бейнелерін ойында ұзақ уақыт сақтап, қажет кезінде қайта жаңғырту қабілеті, жүйке жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі. Адамның есте сақтау қабілеті үнемі дамып, жетіліп отырады. Ертедегі грек философы Аристотель әр түрлі нәрселер мен бейнелердің есте әсерлену (яғни сақталу) сипаттарын үш топқа бөледі:

- а) әсерленген нысанның белгілі бір кеңістік пен уақытқа ұштаса қабылдануы;
- ә) әсерленген нысанның басқа бір нысанға өзара ұқсастығы;
- б) олардың бір-бірінен айырмашылығы мен қарама-қарсылығы.

Осыған орай ол нәрселер мен бейнелердің есте ассоциациялануы түрлерін алғаш зерттеп тұжырымдады:

- 1) аралас не іргелес ассоциациялар (мысалы, түс — сары);
- 2) ұқсас ассоциациялар (мысалы, қарындаш, дәптер);
- 3) қарама-қарсы ассоциациялар (мысалы, ақ — қара; ұзын — қысқа).

Естің физиологиялық сипатын орыс физиологы И.П. Павлов зерттеді. Ол ассоциацияларды шартты рефлекс теориясымен түсіндіріп, ми қабығындағы екі қозу процесінің қабаттасып келуінен пайда болып, сан рет қайталау нәтижесінде бекіп отыратын уақытша байланыстар деп атады. Қазақ ғұламасы Абай ес туралы “Отыз бірінші сөзінде”: “Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: бірінші — көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде иә көргенде ғибратлану

керек, көңілденіп, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші — ой кеселді нәрселерден қашық болу керек”, — дейді. Ес адамның әр алуан іс-әрекеттерімен байланысты болып, тіршілікте аса маңызды қызмет атқаратын болғандықтан, оның түрлері мен көріністері де әр қилы. Ес және оның балалық кезеңде дамуы. Қазіргі психологияның кез келген тарауын алып қарасақ идеалистік және материалистік теориялардың ес процесіне қатысты талас-тартысын, көзқарастардың әрқилы жағдайларыш жиі кездестіреміз.

Сондықтан психологияның бұл тарауын бірнеше ондаған жылдар бойы келе жатқан шиеленісті пікірталастардың ара-жігін ажыратып зерттеу ес процесіне қатысты мәселелердің мән-жайын кеңінен ашып көрсетуге көмектеседі.

Ерте жастан ағылшын тілін үйретудің тиімділігін оқушылардың тілге деген құштарлығынан, жаңа сөздерді жаттау қабілеттерінің ересек оқушыларға қарағанда жылдам жаттауынан және де оқулықтан, жұмыс дәптерінен тапсырма орындағанда тиянақты, ұқыпты орындауларынан байқауға болады. Балаларды ерте жастан оқытқан кезде олардың бойларынан:

1. Ақпаратты тез қабылдауын;
2. Ойлау, ауызша сөйлеу іскерліктерінің дамуын;
3. Есте сақтау қабілетінің жоғарылауын;
4. Ойлау жүйріктігі дамуын;
5. Қызығушылықтарының молдығы мен әртүрлілігін;
6. Танымдық іс-әрекеттерінің басымдалуын;
7. Жаңа ақпаратты ойын іс-әрекеті түрінде тез қабалдауын;
8. Қиялының дамуын байқауға болады.

Жоғарыда айтылған бала бойындағы қасиеттерді бала бақшадан, бастауыш мектептен бастап оқыта бастау қажеттігін дәлелдей түседі.

Адамның есте сақтау қабілетінің мәні мен маңызы ерекше. Мектеп қабырғасында тиісті пән бағдарламаларын меңгеріп, үздік оқу үшін, одан әрі жоғары оқу орнына түсіп, білімі мен білігін дамыту үшін оқушыға көп оқуға және ізденуге тура келеді. Осыншама қиын және қыруар жұмысты қайткенде оңай, дұрыс және тиімді үйлестірген жөн. Айта кетер жайт, жыл өткен сайын меңгертілетін пәндердің саны артып, мазмұны да күрделене түседі. Оған қоса көптеген оқушылар жекелеген пәндер бойынша өз бетімен білімін жетілдіріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де шұғылданады. Сәйкесінше, баланың есте сақтау қабілетіне түсер жүк те арта түседі. Есте сақтау қабілетінің жұмысын жеңілдету үшін, сондай-ақ оның ішкі беймәлім қуат көзін арттыру үшін мәліметтерді есте сақтаудың тиімді әдістері мен тәсілдерін меңгеру қажет. Сонымен қатар, есте сақтау қабілеті жайлы теориялық тұрғыдан меңгертіп қана қоймай, оны оқушыларға білім беру тәжірибесінде және мұғалімдердің өзге тілді оқыту іс-тәжірибелерінде пайдалана алулары қажет.

Бергсонның «Материя және ес» деген кітабы материя мен рух арасындағы қатынасты зерттеуді негізгі мәселе етіп қойды. Сөйтіп ес процесінің мәселесі материя мен рухты нақтылы жағдайға қолдану құралына айналды. Бұл жұмысында Бергоон жан дүниесінің күйзеліске ұшырау себептерін, амнезия мен афазияға, ұмыту мен адам сөйлеуінің зардап шегуін мидың зақымдалу себептерімен байланысты түрде баяндаған көптеген фактілерге тіректелген материалдарды жинақтады.

Мұғалімнің қоғам өмірінде алатын орны мен олардың атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Назарбаев «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең елжанды, ең санампаз бөлігі болып табылады» деп атап көрсетті [1]. Яғни, әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, заманауи әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы қажет. Соның бірі компьютерлік технология.

Мектептерде де компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Сонымен бірге оқушының сөйлеу дағдысын арттыра отырып білім нәтижесіне көзін жеткізеді. Заманға сай техникалық құралдарды ағылшын тілі сабақтарында қолдану – мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол. Компьютер – мұғалім мен оқушының арасындағы байланысқа кедергі емес. Көптеген мұғалімдер сабақты компьютер жәрдемімен өткізу кезінде, оқушылар жұмыс жасағанда аудиторияға көбірек қосымша көңіл бөлу керек және компьютерлік сабақ ұзақ жағдайда өтеді деп ұғынады. Мұндай ұғым компьютерлік сабақтарды дұрыс пайдаланбауға негізделген. Компьютер оқушымен арақатынасын бұрынғыдан да күшейтіп, оқушыға қосымша көмек көрсетеді:

- Біріншіден, компьютер оқушылардың реакция қателіктерін ескеріп, көптеген функцияларға бақылау жасайды. Оқушылардың қателігі компьютермен анықталады, бұл өзінің қателігімен қайта

жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Компьютер алдында отырған оқушылармен жеке-жеке жұмыс жасауға және оқушымен қатынасқа мұғалімнің көп уақыты қалады;

- Екіншіден, компьютер оқушымен тығыз байланыста болып, мұғалімнің оқушылармен тығыз жұмыс жасағанда жеңілдіктер туғызады. Сыныпта оқушылар «өзімен-өзі» жұмыс жасау нәтижесінде сыныптағы жағдайды мұғалім біліп, анықтауға мүмкіндік береді, осыдан барып мұғалім жекелеген оқушыларға көңіл бөледі. Дегенмен, сыныпта техникалық, ақпараттық және сабақ әдістемелерімен қамтамасыз етілуі тиіс, ал мұғалім компьютермен жеткілікті және жалпы жұмыстарды жеңіл түсіне білу керек.

Компьютер арқылы оқыту орта мектепте мынадай міндеттерді қамтиды: оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашу; оқыту, тәрбиелеу үдерісіндегі ақпараттық алмасу сипатын айқындау; дайын бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру; ойлау қабілетін дамыту; сөйлеу дағдысын дамыту; компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пәндік материалда меңгеруді қолдана білуге үйрету; компьютерлік технология уақытты үнемдеп, күтілген нәтижеге қол жеткізеді; компьютерлік технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады; болашақта да, яғни жоғары оқу орындарында, жұмыс барысында компьютермен еркін жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастырады.

Осыған орай оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін ең күрделі түрі: «Компьютер арқылы ағылшын тілінде сабақтар өткізу». Бұл, сөз жоқ, оқушылардың пәнге деген қызығуын арттырады, сөйлеу дағдысын дамытады, еске сақтау, тияқнақты білім алуына жағдай туғызады. Сабақ үстінде өз бетінше берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушының оған қызығуы арта түседі. Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары: түрлі-түсті иллюстрациялар, музыка, видео, анимациялар есте сақтау процесі үшін және көрген материалдарды сипаттап, әңгімелесу үшін тиімді.

Ағылшын тілін оқыта отырып, есте сақтау қабілетін жақсартуға жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тиімділігін анықтау сатылы түрде кешенді дамып отыруы қажет. Әрбір оқушының тілге деген қызығушылығы, зейіні, танымдық әрекеті, шығармашылық белсенділігі, ізденімпаздық қасиетін дамытып отыру қажет. Заман талабына сай шет тілді меңгерудің кеңеюі, оның лексикалық және семантикалық тынысының мүмкіндіктері, білім беру орындарында жаңа типтік бағдарламалармен оқытудың ең озық жүйелері мен инновациялық технологиялары осы күндері басым болып келеді. Интерактивті, яғни жоғары белсенділікті арттыратын, жаңаша жаңғыртып оқыту (инновациялық) әдістің тиімді жақтарын есте сақтау қабілеттерін дамытуда пайдалану, шетел тілін типтік бағдарламаға сәйкес жасалған оқу-әдістемелік құралдарды басшылыққа ала отырып оқыту кең таралған.

Осы орайда ағылшын тілін үйрену барысында оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту бағытында жұмыс жасайтын ұстаздарға күнделікті қоғамда болып жатқан өзгерістерге сай, жаңа технологияларды пайдалана отырып, ізденіспен жұмыс жасауды қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Амандықова Г.Н., Ш.Е. Мұхтарова., Б.С. Бисенғалиева. Шет тілін оқыту әдістемесі. - Астана: 2007.- 40 б.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. – Алматы, 2009. – 78б.
3. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №4(52) шілде/тамыз2011, 20-

22-б.

Қалиев Н.

**ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ:
САПАЛЫҚ ТҮЗІЛІСТЕР ЖӘНЕ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ**

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан мемлекеті мен оның саяси жүйесінің табиғаты мен құрылымында сапалық түзілістер болды Ол түбегейлі түзелістердің мәні мен мазмұны, сапасы неден көрінеді? Қазақстан қандай мемлекет болмақ және ол қай жолмен дамиды? 1991 жылғы 16 желтоқсанында тәуелсіздік жариялағаннан кейінгі еліміздің саяси басшылығы мен интеллектуалдық күштерінің алдында тұрған ең күрделі, ең тағдырлы сұрақ осы еді. Н. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты тәуелсіздіктің саяси шежіресі іспеттес, сараптамалық рухтағы белгілі еңбегінде ағынан жарылып: «Мен Қазақстан егемен мемлекеттер федерациясының құрамында болады деп ойладым. Сол жолда күш

салып бақтым. Оның үстіне, жаңа Одақ Келісім шарты жобасы бойынша үлкен жұмыс жүріп жатты. Бірақ 1991 жылғы тамыз тарихта күрт бетбұрыс жасады. Жаңа жағдайды ескеріп, бұрынғы жоспарды қайта өзгерту керек болды» [1]-деп түйіндейді. Елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай сол кезеңде тым күрделі, тіпті қорқынышты сипат алып тұрды. Жаңа мемлекеттің құрылысын анықтау, оның Конституциялық тұғырын бекемдеу тәрізді төтенше маңызды саяси міндетпен қабаттасып, жағдайды одан сайын күрделендірген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бүкіл бір күрделенген, асқынған, тізбесі тұрды. Сол тұста ізге басқарудың кеңестік жүйесінен еншіге тигені күйзелген шаруашылық, жүйесі сөгіліп, жон арқасы қираған экономика, тұралап, мешеуленген өндіріс, терең тығырыққа тіреліп, кетеуі кеткен ауыл шаруашылығы кешені еді. Еліміздің Шығысында сепаратизмнің, Батысы мен Солтүстігінде казачествоның өшпенді өлермендікпен бой көтеруі – жас мемлекеттігіміз үшін нақты қатерлер еді. Оны біз – аға ұрпақ өкілдері сарапшы, саясаттанушы ретінде қалай ұмытармыз?! Осындай аласапыран, тар жол, тайғақ кешу жағдайының өзінде мемлекетті, оның саяси, басқару жүйесін құруда, мемлекеттік машина мен оның басқарушы кадрларын іріктеп, орналастыруда аяқты шалыс басуға болмайтын еді. Уақыт тым қатерлі еді. Ұлттық мемлекеттік машинаны тез арада іске қосып, оның ырғақты жұмыс істеуін қамтамасыз етудің төтенше жауапкершілігі тұрды. Еңсесін енді ғана көтерген жас мемлекеттігіміздің «мемлекет» деп аталатын, өркениеттер мен демократиялар тарихында етене қалыптасып, қабылданған, анықталған осы әмбебап саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-интеллектуалдық аса күрделі институтқа, сәйкес, сайма-сай, барабар келуін қамтамасыз ету сол саяси кезеңнің ең өзекті тағдырлық міндеті еді. «Сәйкестілік» мәселесі қалыптасу үрдісіндегі кез келген әлеуметтік-саяси, экономикалық, этникалық организмнің алдынан көлденең тұрар проблема. Ол жас мемлекеттердің қалыптасуы кезеңінде ерекше өткір тұрады. Мемлекеттік сәйкестілік дегеніміз – мемлекетке тән барлық қасиеттер мен белгілердің, оның төл саяси институттары мен құрылымдарының, қабылдаған заңдарының, ең бастысы Конституциясының тәуелсіз мемлекет шеңберінде толық қанды және тиімді қызмет жасауы. Жиырма бес жылдық жолымызда айтылар, бағаланар, сараланар жеңістеріміз бен жетістіктеріміз аз емес. Ұтылыстарда бар. Бәрін айту, қамту мүмкін емес. Өз пайым-танымымыз, саяси таңдауымыз және талғамымыз деңгейінен кейбіріне ғана тоқталмақпыз. Бұл жердегі тағы бір маңызды дүние – тарихтың саяси сабағында, тағылымдарында жатыр. Әлемдік тарихи тәжірибеде саяси азаттығын жариялаған көптеген жас елдер өздерінің мемлекеттік сәйкестілігіне қажет саяси жүйенің құндылықтары мен билік институттарын дәл анықтап, түгендеп, болжамдай алмай ішкі саяси тартыстар мен шиеленістерден, азаматтық соғыстан көз ашпай келеді. Соның нақты мысалы Ауғанстан, Сомали, Нигерия, Никарагуа және тағы басқа мемлекеттер. Ондай ахуалдың кейбір белгілері Қырғызстан, Молдова, Украина тәрізді кешегі бізбен бір саяси жүйеден шыққан ТМД елдерінде әлі де орын алып отыр. Мемлекеттік сәйкестілік мәселесін еліміз басшылығын әуеліден ерекше ойландырды. Оның нақты дәлелі Президент Н. Назарбаевтың 1996 жылғы 24 сәуірдегі Өкімімен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы». Өйткені, социалистік қоғамдық қатынастар, кеңестік мемлекеттік құрылыс уақыттың саяси сынынан, өте алмады. Тарихтың күрт бұрылысындағы әлеуметтік-экономикалық тегеурінге шыдамады. Енді кеңестен кейінгі жас мемлекеттік құрылымдар алдында өздерінің ұлттық егеменді мемлекетінің конституциялық архитектурасын анықтап, мемлекеттің іргетасын берік әрі қателеспей қалауы жауапкершілігі тұрды. Сол кездің өзінде-ақ Қазақстанда да алғашқы қуаныш дүрбелені мен эйфория басылғанан кейін мемлекетті құру, оны қалыптастыру үшін тәуелсіздікті жариялау, аса маңызды саяси шаралар, оның айқын нышандары Туды, Елтаңбаны, Гимнді, анықтау, тіпті Президент лауазымын белгілеу аздық ететіні белгілі болды.

Бүкіл халықтық референдумда 1995 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің саяси жүйесінің жаңа архитектурасын қалыптастырды. Осы жылдан еліміз саяси жүйесі дамуының жаңа кезеңі басталды. Саяси жүйеде белгілі бір мүдделер негізінде оның құрамына енетін құрылымдар қызметінің нәтижесінде институттық қатынастар мен рөлдер қалыптасады.

Ғылыми әдебиетте мемлекеттің негізгі аса маңызды, сөзсіз, қоғамдық қатынастар табиғаты мен мүдделеріне жауап беретін және тиімді мемлекет құру мүддесіне сәйкес келетін белгілеріне отандық және шет елдік зертеушілер дәлелдеуі бойынша бойыншы мыналар жатады: аумағының; азаматтығы бойынша біріккен халқының; белгілі ішкі және сыртқы функциялары анықтғы, қоғамдық қатанастардың барлық саласын ретуге қабілетті, қажетті адами, материалдық және қаржылық ресурстарға ие тармақталған басқару аппаратының болуы; халықаралық қауымдастық мойындаған шекарасының;

елдің егемендігін, тұтастығын қорғанысын, азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық армиясының, құқық қорғау органдарының (сот, прокуратура, милиция, арнайы қауіпсіздік қызметтері және т.б.) болуы. Қазақстанда жиырма бесжылда осы аталған белгілер мен қасиеттерге сай келетін егемен, әлеуетті, әлем мойындаған және санасатын мемлекет қалыптасты. Ал елде қалыптасқан мемлекеттік құрылыстың табиғаты, демократияның деңгейі оны саяси жүйесі қызметінен көрінеді.

«Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Президент Н.Назарбаев өткен жолымызды – «қалыптасқан мемлекет» категориясына сиғызып, оның жаңа сипат-тұжырымын берді[2]. Қалыптасқан мемлекеттің саяси жүйесінде қандай өзгерістер болды?

Американдық белгілі әлеуметтанушы ғалым Т. Парсонс кезінде дөп айтқандай, белгілі бір құрылымдар әлеуметтік жүйенің «анатомиясын» құраса, олардың функциясы «физиологиясын» құрайды». Бұл қағиданы қоғамның саяси жүйесіне де толық қолдануға болады. Өткен кезеңде Қазақстанның саяси жүйесінің «анатомиясы» да «физиологиясы» да түбегейлі өзгерістерге түскені хақ. Әрине, ең бастысы, тәуелсіз еліміздің саяси жүйесінде түбегейлі демократиялық-құқықтық реформа жасалып, ол конституциялық, институтционалдық-құрылымдық, мазмұндық-функционалдық терең өзгерістерге түсті.

Еліміздің саяси жүйесі құрылымындағы жаңаша түбегейлі «анатомиялық» түзілу мен түрленудің мәні мен мазмұнын жиырма бес жыл деңгейінен жинақтай айтсақ, біздің пікірімізше, негізінен мыналарға келіп саяды:

– ең алдымен еліміздің саяси жүйесінде бұрын болмаған Президенттік институт, қос палаталы, кәсіби негізде жұмыс істейтін Парламент, көппартиялылық, идеологиялық әр алуандылық институттарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрізді принципті жаңа саяси құрылымдардың түзіліп, қалыптасуы және қызмет жасауы;

– қоғамдағы демократия мен сөз бостандығының даму деңгейі мен пәрменділігінің басты көрсеткіштерінің бірі тәуелсіз, беймемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының дербес те әлеуетті жүйесінің пайда болуы;

– халықаралық танымал демократиялық институттар негізінен біртіндеп мойындаған еліміздің жаңа сайлау жүйесінің қалыптасуы;

- биліктің негізгі үш тармағының: Президент, Парламент және Үкіметтің біріккен еңбегінің нәтижесінде еліміздің саяси жүйесінің барлық құрамдас бөліктері қызметінің құрылымдық, ұйымдық-құқықтық және өзара қарым-қатынасы мәселелерін жан-жақты реттейтін, еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнату бағытында әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін заң жүйесінің жаңадан түзіліп, қабылдануы және бұл үрдістердің қоғамдық қатынастардағы қажеттіліктерге байланысты үнемі жетілдірілуі.

Қалыптасқан Қазақстан мемлекеті саяси жүйенің – аумақтық, заңды, жария, егемен, легитимді, құқықты, жоғары деңгейде институттанған, жалпыға бідей әмбебап ұйымы. Ол қоғамның саяси жүйесінің бір бөлігі бола отырып мақсатты, жария, ашық, заңды, ел мен халықтың егемендігінің бірден бір көзі, субектісі және егесі ретінде қызмет істейді. Мемлекет саяси жүйенің бір бөлігі, ал ол сонымен бірге оның барлық кіші жүйелері мен салаларын қамтитын, біріктіретін, заңдар аясында олардың бүкіл қызмет-тіршілігін реттейтін, олар үшін бір тұтас, ажырамас және бөлінбес орталық ұйым болып табылады.

Сөз жоқ, жаңа тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесіндегі ерекше орында, бұрын болмаған жаңа құрылым – президент институты тұр.

Еліміздің 1995 жылы қабылданған Конституциясы, оған 1998 және 2007 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздегі бүкіл билік жүйесінде президент институтын үнемі нығайту бағытында. Ең алдымен, еліміздегі басқару жүйесі «президенттік басқару нысанында» деп сипатталады.

Ғылыми әдебиеттерде, «басқару нысаны» деп әдетте республика немесе монархия есептеледі. Осылай атау әбден қалыптасқан, ғылыми ортада бекіген түсініктер. Ал «президенттік басқару нысаны» деген түсінікті Конституция авторларының төл шығармашылдығы, қазақстандық конституциялық теориядағы ізденіс, басқару нысанын анықтаудың қазақстандық нұсқасы деп түсінген абзал.

Конституцияда президентализмнің демократия институты ретіндегі саяси жүйедегі орны, мәртебесі өкілдіктері көрсетіліп, 40-шы бапта: «Президент - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі», - деп нақты көрсетілген.

Саяси жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын – президенттік институттың қалыптасып, дамуы, оның бедел алуы ұзақ, күрделі процесс. Сөз жоқ, президенттік институттың қоғамның саяси

жүйесіне етене, икемді, ажырамас құрамдас бөлігі ретінде кірігіп кетуі, саяси бейімделуі бедел алуы уақытты, тәжірибені, үлкен заң шығарушылық қызметті қажет етеді. Ал бұл процестер біздің елімізде терең саяси тартыстарсыз, саяси сілкіністерсіз, эволюциялық жолмен өтті.

Президенттік институт саяси жүйедегі ерекше институт және барлық партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар қызметінің кепілі болғандықтан ол бүкіл саяси жүйеге немесе оның басым көпшілігіне сүйенгенде ғана саяси жүйеде топтастырушы, байланыстырушы рөл атқарады. Бұндай тірек-сүйенішсіз президенттік институттың әлеуметтік-саяси базасы әлсіз болуы мүмкін.

Қазақстандағы осы саяси-мемлекеттік институттың қызметіне келсек, жиырма бес жылдан астам уақыт президенттік институттың ұтымды жақтарын көрсетіп берді.

Біріншіден, Президентті бүкілхалықтың сайлауы, бүтіндей алғанда, саяси жүйенің демократиялық легитимділігін көрсетеді, өйткені Президент қызметі қашан да көпшілік сайлаушылардың мүддесін білдіреді.

Екіншіден, билік тармақтарының ара жігінің анықталып, президенттік институттың қызметі демократиялық саяси жүйедегі әртүрлі шектеулер мен өкілдіктер арқылы саясат таразысын тең ұстауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бүкілхалықтық сайлау арқылы сайлаушылар саяси жүйенің бүкіл қызметіне принципті, жанды өзгерістер енгізе алады, саяси құндылықтар мен басымдықтарда сабақтастықты қалыптастырады.

Тәуелсіздік жылдары жаңадан қалыптасқан, кеңестік жүйеде болмаған биліктің маңызды тармағы – қос палатадан тұратын Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы қос палаталы Парламент болды.

Қазақстанның кәсіби парламентаризмге келер жолы күрделі де қайшылықты, саяси шиеленісті, бұраланды болды. Осы тартысы көп, қиын жолда бұрынғы Конституциялар бойынша (1978 және 1993 ж.) сайланған Республика Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылы сайланған он екінші, 1994 жылы сайланған он үшінші құрамдары саяси себептерден өкілділік мерзімі аяқталмай, мерзімінен бұрын таратылды. Соңғы құрамы бір жылдай ғана жұмыс істеді. Елімізде парламенттік демократия, парламентаризм көптеген қиындықтармен, саяси тартыспен, қайшылықтар арқылы, біртіндеп қалыптасып келеді.

Ел Парламентінің 1995 жылғы Конституция және «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық Заңының негізінде жиырма жылдан астам уақыт ішіндегі белсенді заң шығарушылық, өкілді және саяси қызметінен белгілі бір тарихи-саяси, демократиялық қорытындылар шығаруға болады.

Біріншіден, Парламент негізгі саяси және әлеуметтік күштердің, ірі этнос өкілдерінің мүддесі тоғысқан, белсенді қызмет жасаушы коллегиялық органға айналып, маңызды мемлекеттік билік институты ретінде қалыптасты. Парламентсіз елімізде шынайы демократия, құқықтық мемлекет орнату мүмкін еместігіне бүкіл қоғамымыздың көзі жетті.

Екіншіден, конституционализм талаптарын сақтай отырып, өзінің сан-салалы заң шығарушылық қызметі арқылы Парламент заңдардың күрделі архитектурасын анықтап, бүкіл мемлекеттік құрылысты заңнамалық нығайтудың әлеуетті кепіліне айналды. Қазақстан Парламенті өзі қызмет еткен жиырма жылда - 1996 жылдың 30 қаңтарынан Конституция негізінде және оның қағидаттары мен талаптарын қоғамдық қатыныстардың түрлі салаларында жүзеге асыру және реттеу мақсатында 3 мыңнан астам заң қабылдап, еліміздің саяси экономикалық, және әлеуметтік рухани жаңаруын заңнамалық тұрғыдан кешенді де түбегейлі қамтамасыз етті. Бүгінде Парламенттің заң шығарушылық қызметінен тыс қалған, мүдделері еске алынбаған бірде бір маңызды қоғамдық сала немесе әлеуметтік топтар жоқ деп айтуға толық негіз бар.

Үшіншіден, Парламент пен парламентаризмнің демократиялық және бай құқықтық-заңнамалық, танымдық, тәрбиелік ұлағатынан өткен депутаттар корпусы ұлттық элитаның қатарын, жоғарғы мемлекеттік органдарды жаңа, тың күштермен толықтырудың жемісті саяси мектебіне айнала бастады деуге толық негіз бар. Әрине, Парламент саяси элитаны қалыптастырудың бірден бір мектебі емес. Олар Президент Әкімшілігі жүйесінде, ғылыми ұжымдарда, Үкімет құрамында, облыстық әкімдіктердің жоғарғы буынында, саяси партиялар жүйесінде де қалыптасады. Алайда саяси жариялылық пен ашықтықтың, билік легитимдігінің мектебі болып табылатын, бүкіл тіршілігі халықтың көз алдындағы парламентшілердей басқа топтар әлеуетті, саны жағынан көп емес.

Парламенттің нығаюымен бірге парламентшілердің өздері де өсіп, саяси, демократиялық, интеллектуалдық құқықтық, рухани тұрғыдан толысып, кемелденді. Олар парламентаризм мектебі

аясында елдегі күрделі қоғамдық қатынастардың табиғатына үңіліп, зерделеп, ондағы қайшылықтарды, заңмен реттелмеген проблемаларды көріп, талдауды, елдегі кезек күттірмейтін, халықты алаңдатып отырған әлеуметтік-экономикалық, рухани өзекті мәселелерді Үкімет алдын қойып, шешілуін талап етуді игерді.

Республика саяси жүйесіндегі келесі бір елеулі өзгеріс – әзірше әлжуаз, әлсіз де болса көппартиялылықтың қалыптасуы. Бұл үдеріс елімізде қайшылықты, күрделі болды. Саяси партиялар да қалыптасудың, дамудың «балалық ауруын» өз бастарынан кешті. Олай болу табиғи да заңды еді. Біздің халқымыздың да, оның саяси, партиялық лидерлерінің де саяси және идеологиялық әр алуандықта өмір сүру, дербес мемлекетті басқару тәжірибесі болмады. Барлығы дерлік кешегі СОКП-ның саяси мектебінен шыққан жандар еді. Оларға тәуелсіз, көпұлтты, халқының саяси және әлеуметтік жіктелуі аяқталмаған мемлекеттің жаңа саяси жүйесінде жаңа бағдарламаларға негізделген саяси партиялық құрылысты қалыптастыру оңайға түспегені белгілі.

Бүтіндей алғанда, елімізде «партия» деп аталатын көпфункционалды әлеуметтік-саяси феномен талаптарына толық сай келетін партиялардың қалыптасуына қажетті сындарлы және берік конституциялық, заңнамалық негізінің болуына қармастан, біздің пікірімізше, қайшылықты, созылмалы сипат алды. Оның әртүрлі объективті және субъективті себептері болды:

- партиялардың әлеуметтік базасының әлсіздігі, мүшелерінің аздығы, олардың көпшілігінің жастардың, интеллигенцияның арасында беделінің төмендігі;
- халықтың саяси мәдениетіндегі олқылықтар, партиялардың саяси-ағартушылық, халықты саяси әлеуметтендіру, әртүрлі мүдделерді артикуляциялау, агрегациялау сияқты партияларды ең маңызды функцияларын игере алмауы немесе олардың маңызын жете бағаламауы, бұқарамен жұмыстың бүгінгі заманғы әдістері мен техникасын меңгере алмауы.

Қазақстанның егеменді мемлекет кезеңінде саяси жүйенің құрылымдық дамуындағы сапалық өзгерістердің бірі – оның құрамдас бөлімі ретіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) жаңа, өскелең рөлі. Еліміздің саяси жүйесіндегі БАҚ-тың институттану үдерісі тегеурінді жүріп жатыр. Ол аса маңызды көпсалалы, көпқырлы әлеуметтік-саяси, ақпараттық, қоғамды топтастыру және әлеуметтендіру, танымдық және білім берушілік, қоғамдық пікірді қалыптастыру функцияларын атқаратын, демократиялық, азаматтық, саяси және идеологиялық әр алуандықты білдіретін институт ретінде түзілуде деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен, бүгінде БАҚ – саяси жүйеде ақпарат көзі ғана емес, ол көп функционалды, саяси реттеудің, саяси тұрақтылықты бекітудің, әлеуметтік инновацияның тегеурінді де қуатты тетігі. Қазақстанның демократиялық саяси жүйесін бүгінде БАҚ қызметінсіз елестету мүмкін емес. Мына бір деректер елімізде бұл салада өзгерістерді толық сипаттай алады. Егер 1990 жылы елімізде 10 республикалық мемлекеттік газет пен журнал басылып, эфирге 251 теле- және радио канал шыққан болса, қазірде Қазақстанда 7281 БАҚ жұмыс істейді, олардың 1170-і газет, 460-ы журнал, 158-і теле- және радио компаниялар, 15-і ақпараттық агенттіктер.

Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі саяси үдерістерде БАҚ-тың араласпайтын саласы жоқ. Қазақстанның саяси жүйесі дамуында бәрі қазіргі заманғы кемел демократияларға сәйкес деп айтуға болмайтындығы – ақиқат.

Саяси жүйе қызметін жетілдірудегі алдағы саяси кезең мен кеңістіктегі ең басты проблема, біздің ойымызша, – оның құрамындағы орталық және жергілікті өкілді органдардың ролін нығайтып, билік тармақтары арасындағы шынайы, тежемелік әрі тепе-теңдік механизмді жетілдіру.

Президент Н.Назарбаев 2011 жылғы президенттік сайлау алдындағы бағдарламасында және ұлықтау рәсіміндегі сөзінде еліміздің саяси жүйесін демократияландыру, Парламенттің өкілдіктерін кеңейту және оның құрамына бірнеше партиялар өкілдерінің сайлануы мәселесін көтерді. Парламенттің мемлекеттік бағдарламалардың (мысалы: индустриялы-инновациялық, білім, денсаулық және т. б.) орындалуына бақылау жасау керектігін айтты. Бұл, біздің пікірімізше, келешекте парламент өкілдіктерін кеңейту жөнінен заңнамалық өзгерістерге батыл баруды қажет етеді. Демек, бұл шаралар келешекте халық билігін демократияның мәні, мақсаты ретінде нығайтудың сара, өрісті жолы болады деген сөз.

Осы ретте конституциялық теория саласындағы белгілі неміс ғалымы В. Гессеннің: «Нағыз демократиялық мемлекеттің парламенттік болмауы мүмкін емес, парламентаризм конституциялық режимнің тәжі болып табылады» [4] деген тұжырымын еске салғымыз келеді. Қазақстанның да конституциялық режим мен конституциялық жетілуі жолындағы аса маңызды қажеттілік ең алдымен

Парламенттің, әсіресе, Мәжілістің құзыреттерін кеңейту. Конституциялық дамуымыздың келесі сатысында парламентке бүгінгі конституциялық өрісте белгілі бір бақылау функциялары берілуі керек деп есептейміз. Нақты бақылау функциялары жоқ парламент – халық өкілеттігі мен билігін пәрменді жүзеге асыра алмайды.

Мәжіліс Н.Назарбаев айтқандай демократия мен жаңарудың жақсы мектебі, әділеттілік мектебі, әлеуметтік әділдіктің мектебі болуы, өзінің бақылау функцияларын неғұрлым пәрменді жүзеге асыруы үшін, біздің пікірімізше ең алдымен бірнеше заңнамалық бастамалар жасап, мынадай заңдардың қабылдануына жетісуі керек деп есептейміз.

Қазақстандағы соңғы – 2007 жылғы конституциялық өзгерістердің мәнін Президент біртіндеп президенттік-парламенттік басқару нысанына ауысу деп бағалағаны белгілі. Осы конституциялық өзгерістердегі парламент институтының рөлін көтеруге жасалған қарапайым қадамдар белгілі бір мөлшерде парламентаризм институтын нығайтуға бағытталғанымен, біздің пікірімізше, ол әлі жеткіліксіз. Парламентаризм институты беделін нығайтудың түбегейлі мәселелерін шешкен жоқ. Ал өкілді органның пәрменді де көпсалалы қызметінсіз қазақстандық демократиялық және саяси, әлеуметтік жаңаруға қажетті құқықтық өрісті қамтамасыз ету, жаңа мемлекеттік аппараты қалыптастыру, мемлекеттің тиімділігіне, трансперенттігіне, жалпыұлттық біртектілікке қол жеткізу, әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресу, елді демократиялық басқару стилін қалыптастыру мүмкін емес.

Келешекте еліміздің мемлекеттік құрылысы парламенттік-президенттік басқару нысанына қарай дамитын болса, ондағы алғашқы маңызды қадам – парламентке, оның төменгі Палатасына неғұрлым кең де нақтылы бақылау функцияларын беріп, оған атқарушы биліктің қызметіне нақты бақылау жасау механизмдерін конституциялық-заңнамалық түрғыдан дәл анықтап, бекемдеу. Сонда біз нағыз парламентаризм институтына қарай тағы нақты қадам жасаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. -Алматы, «Өнер»1997, 128 бет
2. Назарбаев Н. «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

Кошман Т.В.

К ВОПРОСУ О КАЗАХСТАНСКОЙ МОДЕЛИ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ

Развитие Казахстана за годы независимости показывает, что в Казахстане межэтнические отношения функционируют как единая органическая система, цепь разнообразных взаимосвязей и взаимодействия всех народов, проживающих в республике в различных сферах общественной деятельности.

Опыт нашего государства свидетельствует, что народы с различной национальной психологией, культурой, ментальностью, могут благополучно жить и устанавливать конструктивные связи, перерастающие в отношения дружбы и духовной близости.

Но это не стало результатом одного дня. Казахстанцы всегда гостеприимно принимали всех, кто в силу объективно-исторических причин оказывался на казахской земле. Это было и в XIX в., когда на территорию Казахстана шел поток переселенцев с внутренних районов России, а так же переселение уйгур и дунган. В XX в. Казахстан стал местом, куда были депортированы немцы, чеченцы, ингуши, азербайджанцы, корейцы и другие. Чуть позже трудовые миграции целинников и трудовых резервов. Как следствие, историческая земля казахов стала Родиной для представителей более чем 130 народов и наций, представляющих сегодня 17 различных конфессий.

Межэтнические отношения в Казахстане достаточно глубоко интегрированы во все существующие социально-экономические, политические, культурно-бытовые структуры, отношения и процессы.

В первую очередь это оказалось возможным благодаря многовековому опыту совместного проживания народа на одной территории, развивавшихся на пути формирования единого казахстанского народа. Казахстан избежал межэтнических столкновений именно благодаря своей здоровой основе народов и управления, благодаря культуре взаимоотношений.

У Казахстана сегодня есть огромный позитивный потенциал для успешного развития образованность населения, высокая культура общения, традиции, почитаемые всеми народами, общая история.

Вековой опыт совместного проживания десятков народов разных этносов, рас, культурных традиций, религиозных убеждений привел к выработке элементов особой специфической казахстанской субкультуры.

В книге главы государства Н.Назарбаева «На пороге XXI века» говорится: «Превращение национальной идеи в идею национальной исключительности губительно для самого этноса... Многие государства, где не сумели вовремя распознать позитивные и негативные начала подъема этничности в сознании, стали ареной затяжных войн. Примеры этого – Югославия, Алжир, современный Афганистан, многие африканские государства» [1, 128].

С обретением независимости перед Казахстаном возник важный вопрос определения модели межэтнических отношений. У каждой модели межэтнических отношений есть свои принципы взаимосвязи, опереляющие поведение, сознание и культур людей, проживающих совместно.

На XIV-ой Сессии АНК в октябре 2008 года были выработаны и апробированы практикой принципы национально политики в Казахстане. В казахстанской модели межэтнического согласия можно выделить следующие аспекты: консолидирующая роль казахского этноса; толерантность; этническое, конфессиональное, культурное, языковое многообразие; условия для развития культуры и языков этносов Казахстана. Все они выдержали проверку временем.

Сложным и актуальным в развитии современного общества является вопрос идентификации и самоидентификации его членов. Выбор основ идентификации в обществе не так уж и разнообразен, это могут быть этничность, религия, язык, место проживания, гражданство.

Поскольку он означает, насколько человек себя отождествляет или не отождествляет с обществом. Это чувство принадлежности индивида к обществу, это основа его активного поведения, принятие им норм и ценностей данного социума. Осознание человеком своей принадлежности к определенному сообществу ведет к усвоению им стереотипов поведения, своей роли в нем. В этом случае история, культура, традиции, обычаи, идеалы и ценности общества становятся неотъемлемыми элементами внутреннего содержания личности.

В Казахстане с самого начала независимости был избран путь решения проблем идентификации населения в единстве с процессом построения и развития гражданского общества. Суть его в том, что общегражданская идентификация опирается на этничность, ее сохранение, они не противоречат друг другу. Напротив, значение этничности возрастает, это потенциал развития, а гражданское общество создает условия для роста этого потенциала.

В программном документе «Казахстан – 2030» Президент Н.А.Назарбаев подчеркивал: «Не каждый сегодня сможет ответить на такой, казалось бы, простой вопрос: «Кто же мы такие – казахстанцы? Требуется время и определенное историческое развитие, чтобы решить проблему самоидентификации».

Идентичность в Казахстане формируется путем единства всех этносов на основе духовно-культурной и гражданской общности при консолидирующей роли государственного языка и культуры казахского народа. Осуществляется принцип формирования идентичности на базе общего гражданства, единства и целостности всего народа.

Еще в 1999 году на шестой сессии Ассамблеи народов Казахстана глава государства Н.А. Назарбаев отмечал: «Казахстан – это общность граждан разных национальностей, а не новая этническая общность. Интеграция наших народов основана на сохранении этнической уникальности нашей страны» [2].

Национальное единство – это сплоченность полиэтнического общества на основе общей истории, в результате государственно-политического регулирования и организации общей хозяйственной деятельности, формирования толерантной культуры, взвешенной языковой политики, соответствующей идеологии, норм и обычаев.

Межнациональные отношения начинаются, как правило, с межнациональных контактов и в первую очередь в области культуры, с понимания национальных культур, их взаимодействия, взаимовлияния и взаимообогащения. А это в конечном итоге в свою очередь формирует и развивает культуру межнациональных отношений. Особо следует выделить то положение, что понятие «культура межнациональных отношений» сложное, оно состоит из трех слов, где главная роль принадлежит

культуре. Поскольку культура, включающая в себя нравственность, искусство, философию, религию является ареной наиболее устойчивого взаимодействия наций, их взаимопонимания и взаимообогащения.

Культура межэтнических отношений основывается прежде всего на взаимном уважении, доверии между представителями различных наций, их взаимопомощи. Она означает тактичность в межнациональных отношениях, уважение национального достоинства, проявление уважения к национальному языку, традициям, обычаям, ценностям.

Кроме того, культура межэтнических отношений включает в себя активные контакты между представителями различных этносов, поскольку она проявляется именно в их общении, ей чужды национальная замкнутость, ограниченность, изоляция. Причем она предполагает общение между представителями разных этносов не только в трудовом процессе, на уровне общественной деятельности, но и в личной жизни, в быту. Мерилом зрелости культуры межэтнических отношений является активная позиция представителей различных национальностей, которая проявляется в их готовности оказать помощь и поддержку человеку независимо от его национальной принадлежности; нетерпимость к проявлениям любых форм национальной дискриминации.

Сегодня культура межэтнических отношений призвана выполнять ряд задач или функций. Во-первых, познавательную. Она несет знания истории, обычаев, традиций совместно проживающих этносов, без которых трудно себе представить их общение. Во-вторых, воспитательную. Она целенаправленно формирует определенные качества личности, проявляющиеся в межнациональном общении и знакомстве и приобщению к общечеловеческим и национальным ценностям. В-третьих, она готовит человека к межэтническим контактам, в ходе которых действует ее коммуникативная функция. В-четвертых, культура межэтнических отношений призвана в итоге консолидировать этносы для достижения их единства, как основы общественного спокойствия в целом.

Для того, чтобы межэтнические контакты, лежащие в основе межэтнического общения, были конструктивными и плодотворными, они нуждаются в регулировании. И здесь культура межэтнических отношений выступает в роли регулятора.

Недостаток культуры межэтнических отношений может проявляться в отношениях между представителями различных наций в виде недоверия, подозрения, националистических настроений, национальной замкнутости, национального эгоизма.

Толерантность народа Казахстана стала фундаментом обеспечения мира, стабильности и экономического прогресса Казахстана, который, несмотря на кризис, продолжает завоевывать все новые и новые позиции в мире, постоянно стремясь совершенствовать все сферы жизни. Сохраняемое и укрепляемое межэтническое и межконфессиональное согласие стало той основой, которая позволила динамично провести кардинальные и масштабные преобразования, обеспечил успехи в политической, экономической и социальной сферах.

Для казахстанцев принцип толерантности стал не только нормой политической культуры, но и одним из ключевых принципов государства, который самым решительным образом поддерживается и укрепляется руководством страны.

В заключении можно сказать, что выделить некоторые особенности казахстанской модели межэтнической толерантности. Во-первых, все этнические группы, вне зависимости от численности, имеют чрезвычайно высокий гражданско-правовой и общественный статус. В казахстанской модели заложен консолидирующий принцип — «Единство — через многообразие». Сохранению и умножению культурного многообразия способствует целевая политика государства по поддержке этнических языков и культур. Важным элементом формирования толерантности стала реализация Концепции этнокультурного образования. Во-вторых, казахстанская модель строилась на основе общественных организаций этносов, в лице этнокультурных объединений. В-третьих, представительство и политическая реализация интересов казахстанских этносов осуществляется на высшем государственном уровне. Председателем Ассамблеи народа Казахстана является сам Президент Казахстана - гарант Конституции, и этим определён высокий статус Ассамблеи народа Казахстана. Интересы этнических групп обеспечиваются через парламентское гарантированное представительство Ассамблеи, в результате которого избираемые от Ассамблеи депутаты Мажилиса представляют её интересы, как совокупность интересов всех этносов страны.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века.- Алматы: Атамұра, 2003. – 256 с.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на шестой сессии Ассамблеи народов Казахстана (10 декабря 1999 года) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30007172#pos=1;-282

**Көмеков Б.Е.
Талғатбек М.М.**

КИЕЛІ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫ - ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІНДЕ

Қазақстан халықтары Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойын қуанышпен атап өтуде. Бұл – бейбітшілік, келісім мен жасампаздықтың жиырма бес жылы. Тәуелсіздік – халқымыздың басты мұраты, біздің тарихи таңдауымыз және тағдырымызды өзіміз айқындау құқығы.

«Тәуелсіздік» - деген тарихи ұғым. Ол жеке адамның, немесе жеке қауымның, не жеке мемлекеттің тәуелсіздігі. Оның замана деңгейіне қарай ішкі мазмұны, оған септік ететін ортасы өзгеріп отырады.

Киелі тәуелсіздігіміздің 25 жылы ішінде еліміздің интеллектуалды әлеуеті жаңа ізденістер негізінде тапқанымыз бен жоғалтқанымызды ақиқат биігінен саралауда, сүбелі еңбектерімен танылуда.

Қазақ елі тарихында қуанышты сәттермен қатар, қайғылы да қаралы беттері аз болмаған. Осы бір үрдістің бойына терең бойлап, тебірене толғансақ, халқымыздың бастан кешкен телегей – теңіз тарихын көз алдыңнан тізбектеп өткізесің. Әрбір тізбектің өзіндік бір тарихы, күресі бар. Сол күрестің тәуелсіздік тұғыры - ұлттық сананы оятып, халықтану жолына үнілдірді. Тәуелсіздік үшін сан ұрпақ атқа мінді, айбалта ұстады, «аттан қазақ» деп жар салды. Ол, ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының дабылды да дауылды күресінің заңды жалғасы. Жатса түсінен, тұрса есінен бір сәт кетпеген бабалардың ғасырлық арманы болды.[1,16]

XXI ғасыр руханият, мәдениет, ақпарат кезеңі екені баршамызға аян. Бүгінгі таңда ғасырларға созылған тарихта тұңғыш рет байырғы қазақ жерінде абсолютті халықаралық легитимділікке ие мемлекет орнады. Соның бір айғағы ретінде қоғамның дәуірлеген кезеңдерінде де, қиыншылықтар мен қырғын соғыстардан да, отаршылдық пен бодандықтардан да өтіп, міне бүгін жеке мемлекеттік тәуелсіздігінің аясында толыққанды ел ретінде өмір сүрудеміз. Тәуелсіздік біздің ұлттық мақтанышымыз. Тәуелсіздігімізді әлем таныды, Қазақстан мемлекеттілігі қалыптасты, кеңестік экономика мен идеология ыдырап, өмірдің барлық саласында нарықтық қатынастар, идеологиялық әр алуандық орнықты. Жаңа Астана бой түзеді, қазақтар мемлекет құраушы ұлтқа айналды, әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа ұшыраған діни сенім бостандығы сынды мәдени-рухани құндылықтар қайта тірілді. Тарихты қалыптастыратын халық екені рас. Бірақ, сол халықтың күш-қуатын дұрыс арнаға бағыштап, бабалар сөзінен айырылып, еңбегінің еш, тұзының сор болмауы үшін Тұлғаның қазіргі егеменді даму жағдайымыздағы көрегендігі, қайраткерлігі, елге, жерге, туған халқына адалдығы қажет. Барымыз бен жоғымызды зерделеуде, азаттықтың тарихы мен тағлымын тереңнен талдауға ұстанымды бағыт сілтеп, зерделі ой толғаған, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қойған, тәуелсіздіктің басы-қасында тұрған, бостандық пен егемендіктің туын тіккен, еңсесі биік қазақ ордасын құрған, ел бастаған көсем, сөз саптаған шешен, қолбастаған сардар, әлемдік деңгейге көтерілген халықаралық тұлға - Н.Ә.Назарбаев.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы 25-жыл уақыт шеңберінде өмір сүріп келеді. Осы белесте Н.Ә.Назарбаев өзін әлемге Елбасы ретінде, әлемдік дәрежедегі саяси қайраткер ретінде таныта білді. Әсіресе нарыққа өту жолындағы еліміздегі тәуелсіздіктің баянды болуы білім мен ғылымдағы жаңа саясат нағыз кемел мақсатта болуының жаңа үлгісін де әлемге таныта білген тұлға.

Тәуелсіздігімізді баянды ететін ғажайып күштердің бірі – тұғырлы – ойлы саясат, білім, ғылым және интеллектуалдық әлеует.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап жүргізіп келе жатқан дана саясатының негізі – мемлекеттің білім беру әлеуетін арттыру, ең бастысы қазақстандықтардың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға басты назар аударды. Президенттің көрегенділігі – қазақстандықтардың білімді болуы біздің еліміз Корея, АҚШ, Қытай, Ресей, Сингапур сынды алпауытты елдермен бәсекеге түсе алатындай іргесі тең елге айналуының кепілдігі екендігін алғашқы кезеңнен - ақ байқағандығында. Елбасымыз мемлекеттің интеллектуалдық әлеуетін дамытуға

қатысты келелі ойын «Қазақстан - 2050» стратегиясында жария етіп, онан кейін Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларында жетілдіре түсті. [2,6]

Елбасы саясатының негізі – еліміздегі қалыптасқан интеллектуалдық әлеуеттің білім деңгейлерін заманауи ағысына сәйкес үздіксіз тереңдете дамыту отырып, үкімет пен бүкіл мемлекеттік аппаратты Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған саясатын біліктілікпен жүзеге асыруға жұмылдыруда. Атап айтқанда, ҚР Үкіметі Президенттің тапсырмасы бойынша жоғары білім беруді қаржыландырудың жаңа сұлбаларын әзірледі.

Ұлт көшбасшысы мемлекет қаражатын білім беру мен кәсіби оқыту сынды экономикалық өсуді, қазыналық түсімдердің түсуін қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға ықпал етуде. Президентіміздің бастамасы бойынша бүкіл қазақстандық білім беру жүйесі 100 – пайызды компьютерлендірілді. Қазақстанда интеллектуалды тұрғыдан дамыған әлеуетті қалыптастыру бағытында Президент мектеп жасына дейінгі балалардан бастап тұрғын халықтың барлық санаттарының білімі мен интеллектуалдық әлеуетін арттыруға назар аударды. Атап айтқанда, 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасында білім беру үрдісінің барлық түрлерін дамыту көзделген: әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен білім бағыттарын жас ерекшеліктеріне сай сәйкестендіру, орта білім беруді, техникалық жәні кәсіби білім беруді, жоғары, жоғары білім алғаннан кейінгі және ғылымды реформалау жөніндегі нұсқаулары. **Экономиканың тұрақты өсуі үшін білім беру саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сапалы білім беруге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы адам капиталын ұлғайту құзыретінің негізінде білім беру саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны қабылдауда Ұлт Көшбасшысының үлесі өте зор. Аталған бағдарламаның қабылдануы интеллектуалды дамыған қоғамды қалыптастырудың алғышарты болып табылады.**

Ел Президенті Қазақстан тәуелсіз, егеменді ел ретінде қалыптасқан кезде әзірлеген ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2030» Жолдауында білім беру саласы мемлекет қызметінің маңызды басым бағыттарының бірі ретінде танылған. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты – білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік – экономикалық ортаға бейімдеу.[3,12] Аталмыш бағдарламалы құжатта, білім беру жүйесін жетілдіруде біздің еліміздің әлемнің бәсекеге аса қабілетті елдер қатарына қосылуының маңызды алғышарттары ретінде белгіленген.

Тәуелсіздік жылдарында орын алған дағдарысты жағдайларға қарамастан Ел Президенті білім мен ғылым салаларын дамытуға үлкен назар аударды. Себебі, елдің өсіп – өркендеуі, өркениетті өмірден өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім деңгейіне, даму бағытына тікелей байланыстылығын «2050» даму стратегиясында ерекше атап көрсетті. Осыған орай, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясы және әрбір білім дамуының кезең - кезеңін қамтитын стратегиялық жоспарлары әзірленді.

Қоғамдық-саяси өмірде орын алған қайта құрулар Қазақстанның білім беру жүйесі мен ғылым саласын ұйымдастыруда да жаңа өзгерістер жасауға негіз болды. Тәуелсіз Қазақстанның білім реформасы бірнеше кезеңдерден тұрды. Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінің құқықтық негізін қалыптастыру, оны заңдық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылы «Білім туралы», 1993 жылы «Жоғары білім туралы» Заңдар қабылданды. [4,11] Бұл заңдарда жоғары білім жүйесін реформалаудың құқықтық негізі жасалып, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдары айқындалды.

Міне, осы орайда, Киелі тәуелсіздігіміздің басты бағыттарының бірі - ХХІ ғасырдың білім мен ғылым ғасыры болатындығын назарымызда ұстай отыра, ғылыми әлеуетті дамыту, қолданбалы ғылымды өндіріс пен бизнеске мейлінше жақындату, бағыттау мүмкіндіктері туындауда. Бізде экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі, болашақ ертеңіміздің өсіп-өнуіне ғылым мен білімнің, оны игеретін әлеуеттік топтарының қосар үлестерінің аз болмайтындығы аңғарылады.

Қазақ қоғамы білім мен ғылымның құдіретін ертеден білген. Есте жоқ замандардан жеткен: «Оқу инемен құдық қазғандай», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөздер осының куәсі. Оқу-білімді ұлықтаған қағидаттар әл-Фарабидің, М.Қашқаридің, Шоқан мен Абайдың шығармаларында молынан кездеседі.

Айдарлы бастаманың негізінде білім беру сапасы артып, білім беру ұйымдарының материалдық базасы нығайтылды. Дарынды балаларға арналған мамандырылған мектептер желісі құрылды. Қазіргі кезде республикада үш тілде бірдей білім беретін мектептер қызмет етуде.

2050 Стратегиясын негізге ала отырып Қазақстан қауіпсіздік пен демократия жағдайында өмір сүретін білімді елдің болашақ дамуының іргетасын қалады. Сонымен қатар, 2020 жылға дейінгі стра-

тегиялық жоспарының жаңа сападағы білім берудің өзіндік жолдарын ұсынды: 2020 жылы Қазақстан білімді ел ретінде қалыптасуы тиіс. Білім саласын дамыту үрдісі болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік – саяси өркендеуінің негізі болып табылады.

Ұлт көшбасшысының «Өмір бойы білім алу» қағидаты әрбір қазақстандықтың жеке ұстанымы болуы керек екендігін өмірдің өзі күн өткен сайын нақтылай түсуде. Сонымен қатар, Президенттің тапсырмасы бойынша бүкіл Қазақстан бойынша ашылып, қызмет ететін 20 интеллектуалдық мектептер де келешекте үздік жоғары оқу орындарында оқитын дарынды балаларды даярлаудың негізгі базасына айналуға тиіс. Осының өзі Елбасының қазақстандықтардың интеллектуалдық әлеуетін арттырудағы, интеллектуалдық әлеуетті қалыптастырудағы зор әрі келелі істерінің бірі.

Білім мен ғылым және оның интеллектуалдық әлеуеті қоғамның жемісті дамуының кепілі, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін, ұлттың келешегін айқындайды. Білім – экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды, білім болашаққа салынған сенімді инвестиция көзі. Кез-келген елдің қарқынды дамуы тек табиғи байлық көздерімен ғана емес, азаматтардың сауаттылығына да тікелей байланысты. Осыған орай, Елбасымыздың аталған саланы дамытуға барынша атсалысуы бүгінгі күні өз жемісін берді: еліміз интеллектуалды әлеуеті дамыған, білімді әрі көзқарасы кең, дана әлеуеті бар мемлекетке айналды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 2003. -288б.
2. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан - 2050». Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – 2014 жыл.14желтоқсан.
- 3.Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. // Егемен Қазақстан. 15 желтоқсан. 2015 жыл.
- 4.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығы //Егемен Қазақстан. 11-желтоқсан, 2015 жыл.

Қабылшаев К.И.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕМІРЖОЛДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕР

Қазақстан Республикасының тәуелсіз, дербес мемлекет болғанына, міне, жиырма бес жыл толғалы отыр. Осы жылдар ішінде еліміз басынан көптеген қиыншылықтарды өткеріп, биік белестерді бағындырды. Әрине, тарих үшін жиырма бес жыл ұзақ уақыт емес, бірақ біздің жас мемлекетіміз үшін бұл – үлкен кезең.

Теміржол көлігі Қазақстанның жүйе құраушы инфрақұрылымы болып табылады. Ол елдің индустриялық-технологиялық құрылымға өтуін қамтамасыз етті және бүгінде әлемнің ең дамыған 30 елдердің қозғалыс авангардында тұр.

Теміржолдар пайда болған кезінен бастап еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында шешуші рөл атқаруда. Теміржол желілерінің бойында жаңа елді мекендер, қалалар салынды, өнеркәсіп салалары пайда болып, дами түсті, әлеуметтік инфрақұрылым қалыптасты. Теміржолдар желісі еліміздің барлық өңірлерін көлік артерияларымен жалғады және Қазақстанның сыртқы әлеммен көлік коммуникацияларын және саудасын қамтамасыз етті.

«Қазақстанның болат магистральдарының тарихы даңқ пен ерлікке толы». Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан теміржолдары қалыптасудың негізгі кезеңдері.

Қазақстан теміржолдары желісінің қалыптасуы 1904 жылы алғашқы Орынбор-Ташкент трансқазақстандық магистралінің солтүстік бөлігі бойынша пойыздар қозғалысының ашылуынан басталды. Салынған желі солтүстік батыстағы Ресей шекарасынан оңтүстіктегі Өзбекстанмен шекараға дейін 1668 шақырымға созылған алғашқы трансқазақстандық магистраль болды.

Жылдар биігінен қарасаң, болат магистральдардың алғашқы құрылысшыларының еңбек ерлігін тереңірек сезінесің, олар қуатты механикаландыру құралдарынсыз құрылыс жұмыстарының орасан зор көлемін орындады. Құрылыс басына материалдарды, суды және адамдарды тасымалдау үшін көлік-арбалар қолданылды. Кейбір кезеңдерде құрылысқа 50 мыңға жуық адам қатысты. Теміржол желісі

бойында Ақтөбе, Орал, Түркістан, Қызылорда, Арал және т.б. қалалар мен өнеркәсіп орталықтары бой көтерді.

1905 жылы Арыс стансасынан Алматыға дейінгі Жетісу теміржолы іске қосылды. Қазан революциясы оқиғалары оның құрылысын тоқтатып тастады. Содан тек 1921 жылы теміржол желісі Әулиета (Тараз) қаласына жетті.

Революциядан кейінгі алғашқы айларда Қазақстанда 875 шақырымнан астам теміржол салынды. Алайда бұл жеткіліксіз еді. Аймақтың дамуы Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандары арқылы өтетін, Сібір мен Орта Азияны жалғайтын ірі теміржолдардың салынуын талап етті.

1927 жылдың көктемінде Түркістан – Сібір магистралінің құрылысы басталды. Жұмыстың қолмен жүргізілгендігіне қарамастан жол төсеу жылдамдығы сол уақыт үшін өте жоғары болды – тәулігіне 1,5 шақырым, ал кейбір күндері 4 шақырымға дейін де жол төселді. 1931 жылғы қаңтар айында астығымен, орманымен және көмірімен бай Сібірді Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның мақта өсіретін аудандандарымен барынша қысқа уақытта жалғайтын ұзындығы 1444 шақырымдық жол тұрақты пайдалануға берілді.

Түркісіб Қазақстанның шығыс өңірінің өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының дамуын ынталандырған екінші транс-қазақстандық магистраль болды. Мұнда саланың алтын қорын құрған көрнекті инженер-техник кадрлар өсіп, кәсіби тұрғыдан шыңдалды.

Теміржол көлігі Кеңес дағының Ұлы Отан соғысында жеңіске жетуіне орасан зор үлес қосты.

Майданға стратегиялық резервтердің жеткізілуін, уақытша оккупацияланған аумақтардан материалдық құндылықтар мен адамдардың эвакуациялануын, сондай-ақ халықтың өндірістік қажеттіліктерін барлық керегімен жабдықталуын қамтамасыз ете отырып, теміржолдар майдан мен тыл арасын жалғайтын желі болды. Соғыс кезінде майданға жақын жерлерден Қазақстанға 220 зауыт пен фабрика көшірілді, миллионнан артық халық эвакуацияланды.

Осындай күрделі кезеңде теміржол магистральдарының құрылысы жалғаса берді. Гурьев – Кандыағаш – Орск (1936-1944 жж.) жолы Жем мұнай кен орындарын Оралға қосты. Жаңа салынған Ақмола – Қарталы желісі (1939-1943 жж.) Қарағанды көмірінің Оңтүстік Оралға тез жеткізілуін қамтамасыз етті. Көксу – Текелі – Талдықорған және Атасу – Қаражал учаскелері салынды. Қазақ теміржолдарының ұзындығы бұл кезеңде 10 мың шақырымға жетті.

Теміржол желісінің дамуы Қазақ елінің барлық өңірлерінің ресурстық базасын айналымға тартуға мүмкіндік берді.

1950 жылы Транссібір магистралі Түркістан – Сібір магистралімен қосылып, Петропавел – Көкшетау – Ақмола – Қарағанды – Шу желісі бойынша солтүстіктен оңтүстікке созылған жаңа меридиандық желі салынды.

Тура 62 жыл бұрын, 1954 жылы бүкілодақтық тың игеру бағдарламасы басталды, оны Н.Ә.Назарбаев, «жиырмасыншы ғасырдың орасан зор әлеуметтік-экономикалық жобасы», деп атады.

Бағдарлама шеңберінде миллиондаған тонна астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдау үшін солтүстік Қазақстанның дамыған теміржол желісі қалыптастырылды.

1964 жылы Қазақстандағы алғашқы жол учаскесі (Целиноград – Қарағанды) электрлендірілді, сөйтіп қазақстандық теміржолдарды белсенді электрлендіру басталды. Бүгін магистральдық желінің электрлендірілген учаскелерінің ұзындығы 5 мың шақырымнан асады.

Қазақстанның солтүстік-шығысында теміржолдар желісінің дамуы Екібастұз отын энергетика кешенін қалыптастыруға және Орта Азия мен Орал – Сібір аймағының жылу электр стансаларына көмірдің орасан зор көлемдерінің тасымалдануын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Көмір ағындарын оңтайландыру үшін тасымалдауларды ұйымдас-тырудың жаңа технологиялары енгізілді. 1986 жылғы 20 ақпанда ауыр салмақты жүк пойызының әлемдік рекорды тіркелді. Тың теміржолдың Екібастұз – Целиноград учаскесінде жалпы салмағы 43 мың тоннадан асатын көмірді жүк пойызымен тасымалдау асырылды.

1980-ші жылдардың соңында құрамында Алматы, Тың және Батыс Қазақстан теміржолдары кіретін Қазақ маистральдық желілерінің жалпы ұзындығы 14 мың шақырымға жетті.

«Теміржолдар – республика экономикасының негізі». **Нұрсұлтан Назарбаев.**

Тәуелсіздік релістерінде. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бері Елбасы Н.Ә.Назарбаев теміржол көлігінің дамуына көп көңіл бөлуде.

Елбасының тапсырмаларына сәйкес экономика трансформациясының теріс салдарын ойдағыдай жеңіп шығуға мүмкіндік берген темір-жол көлігінің терең институционалдық реформалары жүзеге асырылды.

Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасы бойынша Қазақстан теміржол көлігін басқарудың жаңа жүйесі қалыптастырылды.

Бұрын Қазақ теміржолдары КСРО Қатынас жолдар министрлігінің құрамына кіргендіктен салалық министрліктің құрамында теміржол көлігі бойынша бейінді құрылымдар құрылды.

Қазақстанның үш теміржолының негізінде «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылып, кейіннен ол акционерлік қоғам болып қайта құрылды.

Н.Назарбаев бастамасымен ТМД Теміржол көлігі жөніндегі кеңесін құру және Қазақстанның Теміржолдар ынтымақтастығы ұйымына кіру арқылы посткеңестік теміржол көлігінің интеграциясын сақтап қалу бойынша дипломатиялық іс-шаралар жүргізілді.

Осылайша. Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық тасымалдаула-рының құқықтық негіздері құрылды.

Елбасының осындай қолдауы арқасында теміржол көлігі отандық өнімнің халықаралық нарықтарға шығуын, экономиканың қалыптасуын және елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде басты рөл атқарды.

Экономикалық нарық рельстеріне ауысуы және ескі шаруашылық байланыстардың үзілуі нәтижесінде Қазақстан өнеркәсібі жаңа жұмыс жағдайларына бейімделіп, жабдықтау-өткізу желілерін қайта құрып, жаңа өткізу нарықтарына қайта бағдарланды.

Өтпелі кезеңнің күрделі жағдайларында тасымалдаулардың тол-ассыздығын қамтамасыз етіп және көрсетілетін қызметтер бағаларының қолжетімді деңгейін ұстап, тіпті кейде тұтынушыларға қызметін кредитке көрсету арқылы теміржол көлігі өнеркәсіп орындарының және халықтың жаңа жұмыс жағдайларына ойдағыдай бейімделуіне жағдай жасады.

Аймақтар арасындағы ішкі коммуникацияларды қамтамасыз ету, Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін артыру үшін Президент Н.Назарбаевтың тапсырмаларына сәйкес тәуелсіздік жылдары Ақсу – Дегелең (187 км), Хромтау – Алтынсарин (404 км), Шар – Өскемен (150 км), Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара (146 км), Жетіген – Қорғас (293 км) жаңа теміржол желілері салынды.

Биыл Жезқазған – Бейнеу (988 км) және Арқалық – Шұбаркөл (214 км) желілері бойынша пойыз қозғалысы ашылады. Бұл желілердің жалпы ұзындығы 2 500 шақырымға жуық.

Құрылыс нәтижесінде ішкі, экспорттық және транзиттік қатынастарда солтүстік-оңтүстік және шығыс-батыс бағыттарындағы тасымалдаулар үшін теміржолдардың оңтайлы конфигурациясы қалыптас-тырылды.

«Инфрақұрлым экономикалық өсу мүмкіндіктерін кеңейтуі тиіс».

Нұрсұлтан Назарбаев.

«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ – бүгінде бұл ел экономикасының инфрақұрылымдық негізін құрайтын, айналым және капитал көлемі бойынша жетекші корпорациялардың бірі. Компания жүк айналымы бойынша әлемнің ірі теміржол компаияларының бірінші ондығында кіреді.

2013 жылы «КТЖ» ҰҚ» АҚ жүк айналымы 231,2 млрд. тонна шақырымды, жолаушы айналымы 16,9 млрд. Жолаушы-шақырымды құрады.

Кірістері мен таза пайдасы тиісінше 8,94 млрд. Теңгені және 117,2 млрд. Теңгені құрады, бұл 2008 жылдың дәл осындай көрсеткіштерінен 1,8 есе артық.

2008 және 2013 жылдар аралығындағы кезеңде локомотив, 35 055 жүк вагоны, 937 жолаушы вагоны жаңартылды, 3 390 шақырым жолдың күрделі жөндеуі мен жетілдірілуі жүзеге асырылды. «КТЖ» ҰҚ» АҚ компаниялар тобы бойынша күрделі қаржы салымдарының сомасы 1,8 трлн.-нан астам теңгені құрады.

Нәтижесінде 2013 жылы 2008 жылмен салыстырғанда локомотив-тердің тозуы 78 пайыздан 64 пайызға дейін, жолаушы вагондарыныңкі 75 пайыздан 58 пайызға дейін, жүк вагондарыныңкі 71 пайыздан 46 пайызға дейін төмендеді.

Өндірістік процестерге озық инновациялық технологияларды енгізу, басқару жүйесін жетілдіру және негізгі активтерді жетілдіру 2007 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігі көрсеткіштерін 2 есе, жүк қозғалысындағы локомотивтердің орташа тәуліктік өнімділігін 8,1 пайызға, энергия тиімділігін 16,3 пайызға жақсартуға мүмкіндік берді.

«Теміржол машина жасау саласын дамыту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, ел тарихында алғаш рет электровоздар, тепловоздар мен жолаушы және жүк вагондарын шығару жолға қойылды».

Нұрсұлтан Назарбаев.

Компания өндірістік активтерді жаңартудағы қажеттіліктерін негізінен өз өндірісі есебінен қамтамасыз етеді. Тәуелсіз Қазақстанда әлем көшбасшыларымен серіктесе отырып, 2013 жылы 206 млрд. Теңге өнім шығарған және 2015 жылы 300 млрд. Теңге мөлшеріндегі өнім көлемін шығару жоспарланып отырған көліктік машина жасаудың жаңа саласы құрылды.

Пайдалануға берілген зауыттар қазақстандық құрамды бірізді өсіре отырып және отандық қуаттылықтардағы өндірісті кеңейте жүріп жинақтаушылардың өндірісін игеруде.

Жаңа техниканы өткізу географиясы Қазақстанды ғана емес, ТМД және Балтық елдерін қамтиды.

2009 жылы General Electric технологиясы бойынша, экстремальдық климат жағдайларында жұмыс істеуге бейімделген жаңа буын тепловоздарын шығаратын зауыт ашылды.

Осы кезде 265 магистральдық жүк тепловозы шығарылды, биыл магистральдық жолаушылар тепловоздары, ал 2015 жылы маневрлік тепловоздар шығарыла бастайды.

2012 жылы жылдам жүретін заманауи «Тұлпар-Тальго» жолаушы вагондарының өндірісі басталды. Зауыт іске қосылғаннан бері түрлі сериядағы 212 вагон шығарылды. Жаңа вагондар заманауи жайлылық деңгейін және жолаушы пойыздарының жоғары қозғалыс жылдамдығын қамтамасыз етеді.

Екібастұз қаласындағы жүк вагондарын шығару жөніндегі зауыт жоспарланған жобалық қуаттылығына шықты. Қазіргі сәтте барлығы 3 504 жүк вагоны шығарылды.

2012 жылы «Алстом» компаниясымен және «Трансмашхолдинг» ЖАҚ-пен бірлесіп қуатты жүк және жүрдек жолаушы электровоздарын шығару жөніндегі зауыт іске қосылды.

2014 жылы қуаттылығы жылына 430 мың тонна илек, соның ішінде ұзындығы 120 метр 200 мың тонна рельс болатын, Сименс технологиясы бойынша рельс-арқылы зауытының құрылысы аяқталуда.

General Electric және «Трансмашдизель» компанияларымен бірлесіп жалпы қуаттылығы 300 бірлік болатын дизельдік қозғалтқыштар өндірісін ұйымдастыру жобасы іске асырылуда. Бірінші қозғалысты шығару 2014 жылғы желтоқсан айына межеленіп отыр.

Жолаушылар тасымалын дамыту. Жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында Жүрдек жолаушылар қатынасын дамыту бағдарламасы іске асырылуда, оның нәтижесі пойыздардың жолда болу уақытын орташа алғанда екі есе қысқарту болып табылады.

Қазіргі уақытта «Тұлпар-Тальго» зауытының вагондарына құрылған жүрдек жолаушы пойыздары 7 маршрут бойынша қатынайды: Алматы – Астана, Алматы – Шымкент, Алматы – Петропавел, Ақтөбе – Астана, Алматы – Атырау, Астана – Атырау, Астана – Шымкент. Ағымдағы жылы тағы 4 жүрдек пойызы іске қосылады (Астана – Қызылорда, Ақтөбе – Алматы, Алматы – Защита, Астана – Защита).

Алысқа қатынайтын және қала маңына қатынайтын пойыздардағы жайлылық сервис деңгейін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Жылжымалы құрам жаңартылуда, жаңа маршруттар пайда болуда, фирмалық пойыздар номенклатурасы ұлғайған. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың жүруі үшін жағдай жасалуда, Жолаушыларға қызмет көрсетудің заманауи нысандары белсенді енгізіліп жатыр. Билеттер интернет пен терминалдар арқылы сатылап, тасымалдау электрондық билет бойынша жүргізілуде.

«2016 жылға қарай Қазақстан өңірдің сауда, логистикалық және іскерлік хабы болуы тиіс».

«ҚТЖ негізінде халықаралық деңгейдегі қуатты көліктік-логистикалық компания құру қажет». **Нұрсұлтан Назарбаев.**

Қазақстан аумақ мөлшері бойынша әлемдегі тоғызыншы мемлекет, Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде тұрып, айтарлықтай транзиттік әлеуетке ие.

Қазақстан аумағы төрт көлік дәлізі өтеді. Олар – Трансазиялық теміржол магистралінің Солтүстік дәлізі, ТАТМ Оңтүстік дәлізі, ТРАСЕКА, Солтүстік-Оңтүстік.

Еуразияның көлік кеңістігі соңғы жылдары елеулі түрде өзгеріп, жаңа альянстар пайда болуда. Сөйтіп, жаңа маршруттар дәстүрлі тасымалдауға айтарлықтай бәсекелестік туғыза бастайды.

Жоғары технологиялық өнім үлесінің өсу үрдісі бар. ҚХР мен Еуроодақ елдері арасындағы өзара сауданың тұрақты өсуі теңізге балама, икемді көлік-логистикалық шешімдерге деген сұранысты қалыптастыруда.

Осыны ескере отырып, Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – Жаңа Жібек жолы» бастамасын көтерді. Ол ортаазиялық өңір үшін Қазақ-танның іскерлік және транзиттік хаб болып қалыптасуын көздейді.

Құрлықтық сауда маршрутының негізгі тораптары арқылы Ұлы Жібек жолының экономикалық белдеуін қалыптастыру жөніндегі Қытайдың ниеті, ЕЭО елдерінің біртұтас көлік кеңестігін құруы транзит пен ғаламдық инфрақұрылымдық интеграция үшін күрестегі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда.

«Қазақстан темір жолы» мульти-модальдық көліктік-логистика операторы болып белгіленді. Енді оның міндеті – трансқұрлықтық қатынастағы транзиттік тасымалдаулар сегментінде ықпалдастырылған мультимодальдық қызметтерді дамыту. Жаңа құзыреттер мен тиісті инфрақұрылым ұлттық теміржол компаниясының басқаруымен үдемелі қарқынмен дамып келе жатыр.

Компания графиктің бұзылмайтын тіндері бойынша жүрдек транзиттік контейнерлік пойыздарды ұйымдастыру арқылы олар үшін жеткізу мерзімдері және жүктердің сақталуын қамтамасыз ету маңызды болатын құнды жоғары жүктерді тасымалдайды.

Ұдайы қатынайтын контейнерлік пойыздарда жүк тасымалдау қызметтері бәсекеге қабілетті логистикалық өнім болып табылады. (Қазақстан аумағы бойынша қозғалу жылдамдығы тәулігіне 1000 кило-метрден артық).

Қазір ұдайы қатынайтын контейнерлік пойыздар қозғалысы Чунцин (Қытай) – Достық – Дуйсбург (Германия), Чэнду (Қытай) – Дотық – Лодзь (Польша), Ухань (ҚХР) – Достық – Пардубице (Чехия), Чженчжоу (Қытай) – Достық – Гамбург (Германия), Ухань (Қытай) – Достық – Лодзь (Польша) маршруттары бойынша жүзеге асырылды.

Тұтас алғанда, өткен жылы контейнерлік пойыздар трафигі 1653 құрам болды, бұл 2012 жылдағыдан 24 пайызға артық. Қатынау қарқындылығы бұл ретте тәулігіне 5 пойызға жетті.

2014 жылы 6 ай ішінде осы контейнерлік пойыздармен Қытай – Еуропа қатынасында жүк тасымалдау көлемі 2013 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,5 есе өсті.

2014 жылы контейнерлік пойыздардың жалпы трафигін 20 пайыз өсіру жоспарланып отыр. Жаңа клиенттерді тарту, тиімді серіктестік қарым-қатынастарды дамыту және Ляньюньганнан, Чунциннен, Сианьнен және Қытайдың өзге облыстарынан Қазақстан арқылы жүк транзитін ұлғайту үшін ағымдағы жылғы маусым айында Гонконгте ҚТЖ-ның жаңа офісі ашылды.

Магистральдық инфрақұрылымды, мемлекетаралық түйісу пунктте-рін және Ақтау теңіз портын стратегиялық халықаралық бағыттарда жетілдіру мен дамыту экспорт және транзиттік әлеуметті дамытуға мүмкіндік береді.

Мәселен, Алтынкөл – Қорғас шекара өткелін пайдалануға беру Қытаймен арадағы шекаралық өткелдер арқылы тасымалдау көлемін 2013 жылы 19,4 млн. тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік берді, бұл 2013 жыл деңгейінен 17 пайызға жоғары.

Қол жеткізілген уағдаластықтарды ескере отырып ағымдағы жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынаста тасымалдау көлемін 21,5 млн. тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

2013 жылғы мамыр айында Өзен – Болашақ – Берекет – Горган теміржол желісінің қазақстандық учаскесін ашу нәтижесінде Болашақ – Серхетяка мемлекетаралық өткелі арқылы 330 мыңнан астам тонна металл илегі, астық, ұн және азық-түлік жүктері экспорттық және транзиттік қатынаста тасымалданды. Құрылыс аяқталған және түрікмен мен иран учаскелері түйіскен соң тасымалдау көлемін 2020 жылға қарай 15 млн. тоннаға жеткізу жоспарлануда.

2013 жылы Ақтау прты арқылы тасымалдау көлемі 10 млн. тоннаға жетті. 2014 жылы жүктердің негізгі түрлерін, контейнерлер мен астықты қайта тиеуге арналған 3 терминал құрылысының аяқталуы Ақтау портында қайта тиеу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жезқазған - Бейнеу теміржолын салу жобасының іске асырылуын, Ақтау портының кеңеюін, Карс – Ахалкалаки теміржол құрылысының аяқталуын, Босфор шығанағы арқылы өтетін туннельдің іске қосылуын ескергенде Ақтау порты арқылы өтетін көлік дәлдізінің әлеуеті елеулі өсуде.

Ақтау теңіз портын және «Қорғаныс – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын тиімді басқару және оларды байланыстыру мақсатында DH World компаниясы таратылды.

2013 жылы дедвейті 5 мың тонна құрғақ жүк тасымалдайтын «Бекет ата» және «Түркістан» кемелерін сатып алған соң Компания кемелік мәртебесіне ие болды. 2020 жылға қарай қазақстандық құрғақ жүк флоты кемелерінің санын 20 бірлікке жеткізу жоспарлануда.

Компания стратегиясы жүк ағындары пайда болатын, біріктірілетін және дистрибуцияланатын орталықтарда көліктік-логистика орталық-тары мен терминалдар желісін хабтардан өңірлік дистрибуциялауды көздейді. Ляньюньган, Гонконг, Чунцин, Сиань, «Қорғаныс – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы мен Ақтау теңіз порты қалып-тастырылып жатқан желінің стратегиялық

тораптары болып табылады.

Ағымдағы жылғы 19 мамырда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен Ляньюньган портындағы жалпы аумағы 22 гектар Қазақстан-Қытай логистикалық терминалының бірінші кезегін ашты. Терминал қазақстандық транзиттік жүктерді өңдеу және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне, Австралия мен Канадаға қайта тиеу, сондай-ақ кері бағыттағы, Қазақстанға дейін және әрі қарай баратын жүктерді өңдеу және қайта тиеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының және Ақтау теңіз портының инфрақұрылымы мен логистикалық қуаттылық-тары дамуда.

«Zurich Airport International» компаниясымен бірлесіп әуежайларды басқару жөніндегі «Airport Management Group» компаниясы құрылды. Қазақстанның әуежайлық инфрақұрылымын жетілдіру бағдарламасын іске асыру және мульти-модальдық логистикалық шешімдерді енгізу 2030 жылға қарай әуе көлігімен жүк және жолаушы тасымалдауларының көлемін 5 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Межеленген жоспарларды жүзеге асыру Қазақстан бойынша транзиттік тасымалдаулар көлемін 2020 жылы 36 млн. тоннаға жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте Қытай мен Еуроодақ елдері арасындағы жалпы контейнер айналымдағы трансқазақстандық маршруттар үлесі 8 пайызға дейін өседі.

«Бүгінде әлеуметтік дамудың галамдық тренді «жалпыға бірдей еңбек қоғамына» өтуден тұрады». **Нұрсұлтан Назарбаев.**

Теміржолдың дамуы тарихы еліміздің тарихымен, мыңдаған адам-дардың, тұтас ұрпақтарының тағдырымен тығыз байланысты.

Болат магистральдардың еңбеккерлері экономика мен халықты тасымалдауларға қажеттілігін, теміржол көлігінің дамуын қамтамасыз етіп, өз жұмысын лайықты атқаруда.

Теміржол сенімділік, әрдайым алға жүру және дамуға ұмытлу нышаны болды, ал теміржолшы кәсібі еліміздегі ең қажет әрі құрметті кәсіп болып табылады. *А.Урсати, Т.Рысқұлов, М.Тынышпаев, М.Брехунец, М.Қазыбеков, Д.Омаров, К.Әбібеков, А.Еремеев, В. Дүйсенов, И.Задорожный, С.Байжанов, Б.Рубинштейн, М.Бисимбаев, Қ.Көбжасаров, К.Ержанов, Т.Әлтаев, Т.Әуесбаев, Г.Виноградов, Қ. Сәмбетов, А.Иоктон, А.Тұрғанбаев, Ә.Сарқынишақов, А.Стародуб, Н.Исингарин, Е.Голозубов, А.Селбаев, А.Омаров, А.Қасымов, Ю.Лавриненко, Н.Байдәулетов және басқа есімдер ел тарихына алтын әріппен жазылды.*

«Қазақстан темір жол» ҰҚ» АҚ құрылғаннан бері оны Е.Қалиев, А.Мырзахметов, Б.Баймұханов, Е.Атамқұлов, Ж.Құлекеев басқарды.

Теміржолда теміржолшылардың даңқты дәстүрлері, өте жоғары жауапкершілік, отансүйгіштік, өз ісіне берілу сияқты қасиеттер сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуде.

Экономиканың дамуын теміржолсыз көзге елестету мүмкін емес. Теміржол кешенінің ширақ және толассыз жұмыс істеуі мыңдаған адамдар – машинистер мен жолсеріктер, диспечерлер мен жол еңбек-керлері жұмысының нәтижесі, Тасымалдаулардың қауіпсіздігі мен жеделділігі, жолаушылардың жайлы жол жүруі мен жүктерді жеткізу жылдамдығы солардың кәсібилігі мен жауапкершілігіне тәуелді. Темір-жолшылар кез келген кез келген қиыншылықтарға төтеп беретіндігін әлденеше рет дәлелдеген.

Компания қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен денсаулығын сақтауды жақсарту, олардың кәсіби тұрғыда және жеке тұлға ретінде дамуы үшін өз тарапынан қолынан келгеннің барлығы жасап бағуда.

Тұрғын үй бағдарламасы іске асырылуда, жас теміржолшылар үшін барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр.

Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетел санаторий-профилакторийлерінде компания қызметкерлері, зейнеткерлері және қызметкерлердің балалары үшін демалу әрі емделу тұрақты негізінде ұйымдастырылады.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін ұстана отырып, Компания қайырымдылық жобалары мен акцияларына ерекше көңіл бөледі, медициналық пойыздар жұмысын ұйымдастырады.

Теміржолшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында Қазақстан теміржолшыларының 112-жылдық эстафетасын лайықты алып келе жатқан мыңдаған сала қызметкерлері мен ардагерлерін құттықтаймын.

Бұл ретте Елбасы қойған стратегиялық мақсаттарға сәйкес «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ішкі коммуникациялар мен логистикалық тізбектерді тиімді қамтамасыз ету, еліміздің

экспорттық және транзиттік әлеуетін іске асыру арқылы экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, дамудың жоғарғы динамикасын сақтайды деп сендіргім келеді.

Қанғабыл І. Қ.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңда мемлекеттің тарихи сана қалыптастыру мақсатына жетудегі міндеттердің бірі – «тарихи ілім-білімнің негізгі-негізгі нысаналарын айқындау» болып отыр [1,16].

Тарихи сана қауымдастық өмірінің қуатты реттегіштерінің бірі екендігі және оны қалыптастыру қажеттілігі қоғамның пайда болуының алғашқы сатыларынан-ақ белгілі болып келеді. Аңыз-әңгімелерде, ертегілерде, батырлар жырларында ата-баба рухына тағзым ету, өз қауымдастығының өткенін, яғни тарихын білу дәстүрі бекітіліп келді. Ерте өркениеттер дәуірінде тарих адамды әлеуметтік тәрбиелеудің үлгі-өнеге құралы болып келсе, Жаңа заман уақытында өткенмен сырласу адам үшін әлемді тану, ағарту, өзін-өзі тану мен тұлғалық даму құралы болып саналды. Бүгінгі таңда тек тарихты оқу негізінде өркениет дамуының барлық тәжірибесін, жалпы адамдық мәдениет құндылықтарын меңгеріп, туған Отанының өзіндік ерекшеліктерін сезінуге болады.

Осылайша тарихты оқу барысында тарихи сана қалыптасады. Тарихи сана - қоғамдық сананың маңызды жақтарының бірі болып табылады. Ғылымда тарихи сана ұғымының астарында қоғамның өзінің әлеуметтік қауымдастықтары мен өткен-кеткені және бүкіл адамзаттың өткені туралы жалпылама түсініктердің жиынтығы жатыр. Жалпы барлық ұлттық және әлеуметтік қауымдастықтарда өздерінің пайда болулары туралы, өз тарихындағы елеулі және маңызды оқиғалар туралы, өз тарихының басқа халықтың, тіпті бүкіл адамзаттың тарихымен қандай арақатынастары мен байланыстары бар екендігі туралы белгілі бір шеңбердегі білімдері мен түсініктері бар. Ата-бабалардың еңбек қызметтері, саяси-әлеуметтік қарым-қатынас салаларындағы тәжірибелерді меңгеру арқылы келер ұрпақ өткенді сараптап, қазіргіні бағалап, болашаққа қатысты шешімдер қабылдауды үйренеді. Ал тарихты, соның ішінде отандық тарихты тиісті деңгейде оқыту жастар мен жасөспірімдерді азаматшылық пен патриоттық рух тұрғысынан тәрбиелеуге мүмкіндік береді [2, 1046].

Соңғы уақыттарда барлық салаларда етек жайған тамырлы реформалық үдерістер халықтың қалың бұқарасы арасында тарихи сананы қалыптастыруды тиісті ғылыми тұрғыда қарастырмай келеді, нәтижесінде тарихи білім деңгейі төмендеп, халық пен мемлекеттің өткен-кеткеніне негативтік көзқарастар қалыптасып отыр. Тарихи сананы қалыптастырудың маңыздылығын бағаламаушылық көрініп тұрғандай патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілік деңгейінің төмендеуіне алып келіп, тиісінше ол өз кезегінде елдің экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму қарқынының бәсеңдеуіне себепші болады.

Ақыры тақырыбқа маңыздылық пен мәнділік беретін, назарсыз қалдыруға болмайтын тағы бір мәселеге тоқала кетсек. Бүгінгі күннің шындығы ол кең етек жайып келе жатқан жаһандану (глобализация) үрдісі. Іс-тәжірибе көрсетіп отырғандай ол тек қана ұлттық экономиканың бүкіл әлемдікке қосылуы мен жұмыс күштері мен тауар-қаржы жүйесінің бір елдең екінші елге өту жолындағы кедергілердің алынып тасталуы ғана емес, сонымен қатар ол деген барлық ұлттық мәдениеттердің негізгі құндылықтарын талқандайтын күрделі процесс болып табылады.

Ал тарихи сананы қалыптастырудың деңгейлерінің бірі мектеп қабырғасында алған және кейін жоғарғы оқу орындарында толықтырып, жетілдірілген білімдер болып табылады. Сондықтан бұл мәселеге деген көзқарасты өзгертіп, оны мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың назары объектісіне айналдыру маңыздылығы туындауда.

Осылайша жаңадан туындап отырған жағдайлар тарихи сананы қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен тәсілдерін қалыптастыруды керек етіп отыр [3, 526].

Жаңарған Қазақстанның қоғамдық өміріндегі білім саласында болып жатқан батыл өзгерістер тарихи білімге деген қызығушылықты арттырып отыр, сонымен қатар жоғарыда баяндалған ой тарихи сананы қалыптастырудың жаңашыл, сапалы жолдарын талап етіп отырғандықтан, бұл өз кезегінде тарихи сананы қалыптастырудың өзектілігі мен көкейкестілігін айқындап береді.

Сонымен тарих - оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін мектептегі, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарында барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың өзегін құрайды.

Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқу орындарындағы жаратылыстану - математикалық және технологиялық циклдағы оқу пәндерін оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Яғни байқағанымыздай оқу жүйесіндегі тарих пәнінің маңыздылығы аса жоғары. Осы пән арқылы оқушылардың дүниетанымдық іргетасы қаланады. Тарих басқа пәндер арасындағы байланыстыту жүйесі қызметін атқарады десек артық айтпағанымыз.

Қазіргі заман маманы тек белгілі бір кәсіби білімдер мен біліктерді ғана игеріп қоймай, сонымен қатар бай жалпы мәдениет құндылықтарын да бойына сіңірулері тиіс. Сондықтан да, білім беру бірінші кезекте тұлға қалыптастыруға бағытталуы керек, яғни ол тек мемлекеттік құрылымның пайдакүнемдік қажеттіліктерін ғана іске асыруға бағытталған шағын кәсіптік білімдерді ғана беру ісімен шектеліп қалмауы тиіс. Адамзаттың жалпы мәдениеті гуманитарлық ғылымдардың ықпалымен қалдыптасады. Олардың ішінде маңызды орынға тарих ғылымы ие. Тарихты оқыту барысында білімгерлерде тарихи ойлау жүйесі құрылады, тарихи тәжірбиелер, сабақтар мен тағдырлар арқасында тарихи санасы қалыптасады. Ғылымда тарихи сана ұғымының астарында әлеуметтік топтардың және жеке адамдардың, өздерінің және жалпы адамзаттың өткені туралы түсініктердің жиынтығы жатыр. Яғни тарихи сана-үздіксіз тарихи білімдердің жинақталу үрдісі мен танымдық іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады [31].

Тарихи сананы, тарихи танымды қалыптастыру бірқатар әлеуметтік қажеттіліктерден туындап отырған жағдай. Бірінші кезекте ол тарихи және әлеуметтік сана-сезімнің туындауына алып келеді. Оларсыз негізінен болашақ техникалық маман иелері дербес әлеуметтік іс-әрекеттер атқара алмайтын болады. Өз халқының, өз мемлекетінің тарихи тәжірбиесінен қол үзгендер келешектен тыс қалып, тек бүгінгі күнмен өмір сүруге мәжбүр болады. Ондай мамандар техникалық және әлеуметтік өрлеу мен ілгерлеуге ұмтылмайды, себебі олар үшін бұл керек емес. Яғни тек тарихи таным маңызды әлеуметтік мінез-құлық пен тәртіптің үлгілерін көрсетіп, өзіндік әлеуметтік бағыт-бағдар береді [3,536].

Тек тарихты оқу негізінде білімгер, өркениет дамуының барлық тәжірбиесін, адамзат мәдениетінің құндылықтарын меңгеріп, Отанының өзіндік ерекшеліктерін сезініп, халқы қалай әлемдік мәдениеттен сусындаумен қатар оны толықтырғананын байқай алады. Бұл білімгерлер бойында Жерде болып жатқанның бәріне қатысы бар екенің сезіндіріп, тарихты «жасауға» деген қызығушылықтарын оятады, жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар жастар Отанының жеңілісі мен жетістіктерің, қайғы мен қуанышын «көре» отырып патриоттық сезімдерің қалыптастырып нығайтады және ұлттық құндылықтары мен дәстүрлеріне деген мақтаныштарын туғызады. Бұл бүгінгі жаһандану үрдісінде ерекше маңызға ие болып отырған мәселе.

Қазіргі уақыт, әртүрлі әлеуметтік топтардың өздерінің өткен-кеткеніне көңіл бөлуімен сипатталып келеді, әсіресе бұл құбылыс білімгерлер бойынан ерекше байқалып тұр. Сондықтанда бұл қызығушылықты, тұлғанаң жан-жақты дамуының бірден бір кепілі ретінде тарихи сананы, ойлау мәдениетің қалыптастыруға итермелеу маңызды мәселе болып тұр. Адамдардың зердесі көлемдірек болған сайын тұтас қоғамның рухани байлығы молырақ болады, сонын арақсында болып өткен буынның әлеуметтік-экономикалық және мәдени тәжірбиесіне тереңірек үңілуге мүмкіндік туады, осылардың арқасында білімгердердің болашақ іс-әрекеттері айқын әрі алғыр болады [2,1056].

Бір сөзбен айтқанда тарихты оқу тұлғаның адамгершілігінің дамуына, азаматтықшылықтың қалыптасуына, жалпы адамзаттық құндылықтардың сақталуы мен жүйеленуіне, өнерпаздық ойлау жүйесінің дамуына, барлық әрекеттердің, білік пен дағдылардың қоғам пайдасына жұмысалуына көмектеседі. Тарихи сана мен тарихи ойлау дағдысының маңыздылығы туралы ұлы орыс тарихшысы В.О.Ключевский былай деп жазады: «Өз іс-әрекетіміздің мақсаттары мен бағыттарын анықтау барысында, адал және саналы азамат болуымыз үшін, ең алдымен әрқайсымыз белгілі-бір дәрежеде тарихшы болуымыз керек» [3,546].

Жоғарыда айтылғандай тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Іс жүзінде тарихи сана ұғымы мен оны қалыптастыру жолдарын зерттеу мәселесі көп сатылы және күрделі процесс. Айтылып отырған рухани білім туралы ғылыми еңбектердің көп қырлы және бір-біріне қарама-қайшы болғанына байланысты «тарихи сана» ұғымының мәні мен мағынасын анықтауға тиесілі бірқатар сұрақтар әлі де жауапсыз қалуда.

«Тарихи сана» түсінігін талдау материалын қорытындылай келе, оның негізгі ерекшеліктеріне көңіл бөлейік:

- Қоғамның рухани өмірінің даму ерекшеліктері мен даму барысындағы өзгерістерге назар аудартады;

- Рухани құбылыстардағы даму қарқының ашып көрсетеді;
- Кең көлемдегі пәндік құрылымдарға ие;
- Әр түрлі аспектілерді қамтиды: аксиологиялық, онтологиялық, әлеуметтік, гносеологиялық.
- Тарихи сана – ұлттық сананың негізі, іргетасы. Демек, негізгі берік іргетасыз сапалы ұлттық сана қалыптаспайды.

Ғылымда тарихи сана ұғымының астарында қоғамның өзінің әлеуметтік қауымдастықтары мен өткен-кеткені және бүкіл адамзаттың өткені туралы жалпылама түсініктердің жиынтығы жатыр. Тарихи сана қауымдастық өмірінің қуатты реттегіштерінің бірі екендігі және оны қалыптастыру қажеттілігі қоғамның пайда болуының алғашқы сатыларынан-ақ белгілі болып келеді. Аңыз-әнгімелерде, ертегілерде, батырлар жырларында ата-баба рухына тағзым ету, өз қауымдастығының өткенің, яғни тарихын білу дәстүрі бекітіліп келді. Ерте өркениеттер дәуірінде тарих адамды әлеуметтік тәрбиелеудің үлгі-өнеге құралы болып келсе, Жаңа заман уақытында өткенмен сырласу адам үшін әлемді тану, ағарту, өзін-өзі тану мен тұлғалық даму құралы болып саналды. Бүгінгі таңда тек тарихты оқу негізінде өркениет дамуының барлық тәжірибесін, жалпы адамдық мәдениет құндылықтарын меңгеріп, туған Отанының өзіндік ерекшеліктерін сезінуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 1995. – 30 маусым.
2. Исахметұлы Ж. Қазақстанда тарихи сана мен тарихи танымды қалыптастыру және тарихты оқытудың өзекті мәселелері // Мектепте құзыреттілік білім беруді енгізу жағдайында педагог кадрларды дайындау» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның еңбектері: 6-7 желтоқсан.- Тараз, 2006.- Т.2.- 104-109 б.
3. Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.): тарих ғыл.док.авторепф. –Алматы, 2010. – 53 б.

Қасабекова А.И.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

1991 жылы 16 желтоқсанда қол жеткен Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арманы мен мақсаты болды. Ол оңайлықпен келген жоқ. Талай жанның қаны төгіліп, мерт болды. Оған тарих куә.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылы 16 желтоқсанда кезектен тыс шақырылған сессиясында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы Қазақстанның тәуелсіз ел екенін жариялап, дамудың сара бағытына жол ашты. Тәуелсіз Қазақстанның ең жаңа тарихындағы аса маңызды қадам болып табылатын демократиялық ұстанымдарға және адам құқы мен еркіндігін сыйлауға негізделген президенттік билік мемлекеттің саяси жүйесінің тұғыры бола бастады.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық полигонын біржола жауып, ерлікке парапар қадам жасады. Кейін ядролық қарудан мүлдем бас тартты. Қазақстан халықаралық аренада бейбіт өмірдің символына айналды. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстан үлгісіне әлемді шақырамын деді.

1992 жылы Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Елтаңба, ту, әнұран сияқты мемлекеттік нышандар белгіленді. 1993 жылы 28 қаңтарда Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы, 1995 жылы 30 тамызда Жаңа Конституция қабылданды.

Н.Назарбаев ХҮІІІ ғасырдың аса ірі мемлекет қайраткерлері Төле, Қазыбек және Әйтеке билерді еске алуға арналған Ордабасында өткен салтанатты жиналыста: «Тәуелсіздік туын берік ұстау – әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның басты борышы, ең биік мақсаты... Конституцияны білу, заңдылықты сақтау – құқықтық мемлекет құрудың бірінші шарты. Әз Тәукенің тұсындағы қазақ қауымының дәуірлеуі осы заңға жүгінуіне байланысты болғанын ұмытпауымыз жөн. Заңды жетік білмейінше, оны сыйламайынша, берік ұстамайынша, біз өмірдің қай саласында да қиыншылықтан арыла алмаймыз», - дейді [1-366-б].

Президенттің тікелей басшылығымен мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық, мәдени құрылыстарды реформалау жүзеге асты. ЮНЕСКО-ның күнтізбесіне Абайдың 150, М.Әуезов пен Қ.Сәт-

баевтің 100 жылдық, Түркістанның 1500, Тараздың 2000 жылдық мерейтойларының енуі, «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы тарихымыз мен мәдениетіміз әлемге танылуда.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қыруар іс атқарылды. Бірақ солардың ішінде екеуін ерекше атап өту қажет. Біріншісі - 1997 жылы Президент Н. Назарбаев ұсынған «Қазақстан - 2030» даму стратегиясы, екіншісі - елорданың Алматыдан Астанаға көшірілуі, 33 жылға бағытталған құжатта Елбасы әлемдік тәжірибені ой елегінен өткізіп, Қазақстанның сан ғасырлық тарихы мен тағдырын ескере отырып, оның геосаяси, территориялық, демографиялық ерекшеліктерін назардан қалдырмай, ұзақ мерзімді басымдықтарды анықтады, таяу болашақта алатын межелерді анықтады. Ал, жаңа Астана еліміздің болашағының символына айналғанына енді ешкім де күмәнданбайды. Бас айяғы 2-3 жылда Сарыарқаның нақ төрінде Батыс пен Шығыс өркениеттерінің мәнді белгілерін бойына жинаған әсем шаһар пайда болды. Бүгінгі Астанада Елбасымыз Американың, Европаның, Азия мен Африканың 1-ші басшыларымен салиқалы кездесулер өткізіп, Қазақстанды әлемге танытуда, Қазақстан әлемді тануда.

Жаңа елордамыз – Астана – заманауи қала, біздің мақтанышымызға айналды. Еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін ұтымды пайдалана алдық. Әлемдік қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдап алды.

2010 жылдың сәуірінде Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздік мәселесі бойынша өткен әлемдік саммитке Н.Назарбаев арнайы шақырылды. Осы жылы ТМД мемлекеттер ішінде бірінші болып Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп, 11 жыл қатарынан өткізілмей келген ЕҚЫҰ-ның Астана саммитін жоғары деңгейде өткізді. 56 мемлекеттен бес мың делегаттар келді.

тәрбие алуын, білім сапасының әлемдегі таңдаулы елдермен салыстырғанда ешқайсысынан да кем болмауын қамтамасыз еткеніміз жөн. Президентіміз Н.Назарбаевтың «**Адамға, оның білім алуына, мәдениетке қаржы салу – бұл мемлекеттің болашағына қаржы салу**» деген сөзі – осы ойымыздың нақты айғағы. Мәңгілік ел болудың басты шарттарының бірі де сол білімді, тәрбиелі, қай жағынан болса да бәсекелестікке қабілетті ұрпақты бүгіннен бастап дайындау, олардың өз замандастарының алды болуларына жағдай жасау. **Әл-Фараби** бабамыз кезінде «**Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары**» деген еңбегінде елдің бақытты да баянды өмір сүруі үшін, мемлекеттің адамдары он түрлі нәрсені білуі керек екендігі туралы айтып кеткен. Онда қала тұрғындарының жаратылыс туралы, өздерінің құқықтары мен адамгершіліктерінің үйлесімділігі туралы, керек десеңіз, аспани денелер туралы толық мағлұматтарының болуын да қала тұрғындарының бақытты өмір сүрулерінің алғышарты ретінде ұсынады. **Ғұлама бабамыздың** ойынша, елдің бақытты, бейбіт ұзақ өмір сүруі білімге тікелей байланысты болмақ. Ол ой барлық түркі ғұламаларының еңбектерінде жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. **Ахмет Иасауи, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни**, он тоғызыншы ғасырдағы қазақтың ағартушылары **Шоқан, Абай, Ыбырайлар** да білім мен ғылым бостандықтың, тәуелсіздіктің алғышарты, мемлекеттің тірегі екендігін өз еңбектерінде атап көрсетіп кеткен. Білім мен ғылымның біздің тәуелсіз мемлекет үшін өзекті мәселе екенін елбасы да өзінің сөздерінде атап айтып, Қазақстан жастарының терең білім алуларына барлық жағдайды жасауға әрдайым көңіл бөліп отырады. Осы жиырма жылдан асатын аз ғана уақыт ішінде еліміздің қаншама жастары әлемдегі озық елдердің жоғары оқу орындарында оқып, білім алып қайтты, көптеген мамандарымыз тәжірибе алмасып, өздерінің салалары бойынша білімдерін жетілдіріп келіп жатыр. Мұның бәрі елдің қарыштап дамуы үшін, егемендігіміздің еңселі, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы жолында жасалып жатқан іс-шаралар. Кәсіби білімді, өз саласын жете меңгерген маман қай уақытта болса да, мемлекет үшін рухани құндылық болып саналған.

Әрине, білім мен тәрбиені екі бөліп қарауға болмайды. Өз **Отанын** жан-тәнімен сүйетін, осы елдің болашағын өз болашағым деп ойлайтын, осы елге адал қызмет ететін жастарды тәрбиелеу – тек педагог мамандардың ғана емес, барша қазақстандықтардың азаматтық борышы. Отансүйгіштік әрбір отбасындағы ата-ана тәрбиесінен бастау алуы тиіс. Үлкенге құрмет, кішіге ілтипат білдіру – біздің ата-бабамыздан келе жатқан тамаша дәстүріміз. Сол өміршең дәстүрді біздің ұрпақтарымыз біліп қана қоймай, өзгелерге насихаттай білсе, нұр үстіне нұр болар еді. Тәрбиелік мәні жоғары дәстүрлеріміздің өміршендігі – ұлттық ерекшелігімізді айшықтап, елдігіміздің мәңгілігін танытатын рухани болмысында жатыр деп ойлаймын.

Қазақ «кемедегінің жаны бір» дейді. **Біз – қазақстандықтар** - мынау ұланғайыр даланың тұрғындары, үлкен бір отбасының мүшесіміз. Сондықтан да ел боламыз десек, жастар тәрбиесі бәрімізге де қатысты болу керек.

Мәңгілік ел ол ел ішіндегі тұрақтылыққа, төзімділікке тікелей байланысты. Қазір әлемде болып жатқан оқиғаларға көз жібере отырып, бір елді екіншісіне айдап салу, сол елдің ішіндегі сан алуан діни көзқарастар мен саяси ала-құлалықты өз мүддесіне пайдаланып отырған кейбір жымысқы топтардың әрекеттерін айқын аңғаруға болады. Олардың көксейтіні сол қантөгіс оқиғалардан өздеріне тиімді пайда табу ғана. Ал екі ортада қарапайым халық зардап шегеді, жазылмас қайғы-қасірет арқалайды. Ондай топтардың біздің елде де өз әрекеттерін іске асыруға ұмтылатындықтары айдан анық. Соңғы жылдары әр жерден қылаң беріп қалатын террорлық әрекеттердің астарында сол қаскөй топтардың қолтаңбалары жатыр. Оның алдын алу, айлакерлікпен жүргізетін азғыруларына ілесіп кетпеу үшін біріншіден саяси сауатты болу керек, екіншіден өзіміз өмір сүріп жатқан отанның шынайы патриоты болуымыз керек. Ал отаншыл болу деген сөз ол тек осы өзіміз тұрып жатқан жерді ғана жақсы көру емес, сол жерде бізбен бірге өмір сүріп, күнделікті аралас-құралас жүрген барлық адамдарды жақсы көру деген сөз. Әрине барлық адам баласы бірдей емес екені де түсінікті, бірақ бір жерде, бір елде тұрған соң әркімнің адами болмысына, адамгершілік қасиеттеріне, ұлттық дүниетанымына, діни көзқарастарына түсіністікпен қарасақ, олар да біздің дінімізді, тілімізді, ділімізді дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауы маңызды болмақ.

Мәңгілік - ол саналы адам үшін аяқталмас шексіз ғұмыр. Елдің мәңгілігі оның шаңырағының шайқалмауы, өз тәуелсіздігін баянды етуі деген сөз. Сол баяндылықты сақтау үшін барша халық болып **Ата заңымызды** қабылдадық. Онда Қазақстан республикасындағы азаматтардың еркіндіктері мен құқықтары көне дәстүрлерімізді ескере отырып, жаңа заманға лайық сипатта нақты жазылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің әр бір азаматына оның ұлтына, тегіне, әлеуметтік жағдайына қарамастан оқуына, еңбек етуіне, демалуына, шығармашылықпен айналысуына, жеткілікті тұрмыста өмір сүруіне, ұрпақ өсіруіне т.б тең құқық беретін басты кепілдік.

Ата заңымыздағы әр бір баптың дұрыс орындалуын сақтай отырып, кез-келген қазақстандық азамат өзін рухани және кәсіби тұрғыда дамытуы тиіс. Елімізде әр бір азаматтың кемелденген жеке тұлға болып қалыптасуы ол біздің мемлекетіміздің байлығы, елдігімізді сақтаудың алтын арқауы. Қазақстан азаматтарының сапалы білім алуларына, олардың салауатты өмір сүрулеріне, әлеуметтік жағдайларының заман талабына сай бай-қуатты болуларына ел үкіметі әрдайым жіті назар аударып, оны дамыған елдер қатарына қосу жолында әр алуан ізденістер жасауда.

Күні кеше қабылданған **«100 – нақты қадам» Ұлт жоспарында «Мәңгілік Ел»** жобасының аясында қазақстандық қоғамның жаңа сапалық сипаттағы келбетін қалыптастыру, рухани-мәдени санаттағы құндылықтарымызды дұрыс түсіну, оны қабылдаудың тың үлгілерін жасау және жаһандық кеңістікке барынша танымал ету Ұлт жоспарындағы «Біртектілік пен бірлік» бөліміне енгізілген қадамдардың басты идеясы.

Ендеше, Қазақстан Мәңгілік ел арнасында қуатты елдіктің терең идеясын іс жүзінде өрістете алатын мемлекет болатыны сөзсіз. Оның жарқын көрінісі әлемдік қауымдастықтағы Тәуелсіз Қазақ Елінің өмірлік өрістердегі жетістіктері болатыны анық мәселе.

Әлемдегі мемлекеттердің әрқайсысының белгілі шекарасы, өздеріне тән тілі, ділі мен тарихы, жарқын келешегін көкसेген мақсаттары мен өзгелерге ұқсамайтын тағдыры бар. Әлемдегі елдердің тарихтарына көз жіберсек, расында да, мемлекеттер тағдыры сол мемлекеттерді құрайтын адамдар тағдырына ұқсайтынын байқаймыз. Олар да адамдар сияқты пайда болып, өсіп-өркендеп, кейбіреулері әлсіреп, енді біреулері із-түзсіз жер бетінен жоғалып, қайсыбіреулері дамып, гүлденіп, жалпақ жаһанға танымал болып, айбыны асқақтап, мерейі тасып жатады. Сондықтан да сол мемлекетті құраған халық өздері шаңырағын көтерген елдің ғұмырының ұзақ болуын, онда өмір сүріп жатқан барлық адамның тоқшылықта, уайым-қайғысыз өмір сүруін қалайды, сол үшін тер төгіп еңбектенеді. Бұл сол мемлекетті құраушы халықтың алдарына қойған міндеті, азаматтық парызы.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылғанына жиырма бес жыл. Адам өмірімен салыстырсақ, жалындаған жігіттің жасы, мемлекеттер ғұмырымен таразылап қарасақ, жалт етіп өте шыққан қысқа уақыт тәрізді. Ел болып ұйысқан халық өзінің болашаққа бастар бағытын, жүрер жолын, алға басар қадамын алдын ала ойластырып алатыны заңдылық. Бүгін біз әлемдік қауымдастықта дүниежүзі мойындаған тәуелсіз елміз.

Әлемде экологиялық апаттар күн сайын орын алып, біршама мемлекеттер ядролық қаруымен жарақталып отырған мына заманда елдің елдігін, ешкімге бодан болмайтын азат өмір сүруін сақтап қалу, тәуелсіз Қазақстанның мәңгі өмір сүруіне қолынан келгенше үлес қосу әрбір қазақстандық азаматтың Отан алдындағы борышы деп түсіну керек.

Оны жүзеге асырудың жолдары туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: **«Мәңгілік ел болу – бұл сан ғасырлық ата-баба арманы болып қалмай, бүгінде ел тәуелсіздігінің арқасында жүзеге асып жатқан ұлан-ғайыр игілікті істер, жарқын болашақтың стратегиясы деп білемін»**, - деп атап көрсеткен болатын.

Тарих тереңіне көз жіберсек, біздің қазақтың да бір кездері тәуелсіз елі болған, өзгелермен иық теңестірген, әр алуан саяси, экономикалық, мәдени байланыстар жасауға қабілетті мемлекеті болған. Ол мемлекетті басқа елдер мойындаған, бір елдер қолдау көрсетсе, енді бір ұлыстардың біздің аталарымыздың жәрдеміне зәру болғанын көнеден жеткен деректер растайды. Ата-баба тарихындағы **Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Сармат** кезеңдерінің бастапқы мемлекеттік құрылымының маңызды жақтарын білдіретін және әлемдік тарихи кеңістікте көрнекті орын алған **ТҮРКІЛІК дәуір мемлекеттерінің, Дешті Қыпшақ, Алтын Орда, Ақ орда мен Көк орда** және төл этникалық **Қазақ хандығының** жарқын тарихынан аса маңызды әрі мазмұнды материалдар топтамасы (тарихи құжаттардан, археологиялық және этнографиялық сипаттағы, рухани-мәдени контекстегі дүниетанымдық жүйесіндегі деректерден және тарихи-әдеби шығармалардан үзінділер) ғылыми тұрғыда екшеленіп отандық тарих ғылымының айналымына үздіксіз енгізілуде. Бұл жағдай өз кезегінде халқымыздың тарихи жадысын жаңғыртып, бай тарихымызды жете біліп игеруімізге жаңа мүмкіндіктер туындатты. Сонымен қатар, қазақ халқының **18 ғасырдың бірінші ширегінен 20 ғасырдың бірінші ширегіне** дейінгі аралықтағы тарихындағы жарқын жеңістері мен сырттан келген күштеу саясатына асқан қаһармандықпен қарсыластық көрсеткен тарихи жолын ұлттық бірліктің саналы әрекеті санатында қабылдаймыз.

20 ғасырдың бірінші ширегіндегі біртұтас Алаш идеясы аясында дүниежүзілік көлемде, соның ішінде америкалық, еуропалық және азиялық құрлықтардағы этникалық мемлекеттердің (мысалы: Англия, Франция, Италия, Германия, Жапония және т.т.) түзілуіндегі позитивті үдерістерді алуға деген ерен ынтасын, атап айтсақ: білім-ғылымдағы жаңашылдыққа үмтылу-игеру, мемлекет басқарудың әлемдік һәм батыстық мәнердегі үлгісін және экономикадағы даму жолын пайымды зерделеу елдіктің арқалы істері деп білеміз.

20-ғасырдағы Кеңестік Қазақстан дәуірі КСРО құрамындағы ұлттық-мемлекеттік нышандарымыздың саяси, әлеуметтік, экономикалық және рухани өрістердегі орын алған аса басты деп ұйғарылған тарихи оқиғалардың көп аспектілі жақтарының маңыздылығына қарай қорыту. Халық басынан өткерген қайғылы қасіреттер, ел болып жеткен табыстар мен жеңістер, рухани өмірдегі өзгерістер барысын қазақ халқының тарихи жолы тұрғысынан баяндалуы және оның көп астарлы сипаттарын салықалы саралау арқылы беруіміз өрелі елдің ірілігі.

Өткен және қазіргі **ғасырлар тоғысындағы** Қазақстан ұстанымы бүкіл әлемге жария. Өткен тарих халқымыздың тарихи жадында «**біздің ел**», «**Отан**», «**туған жер**», «**ана тілі**», «**ұлттық дүниетаным**», «**қазақ ұлты**» деген ұлағатты түсінік-ұғымдарды қалыптастырды, оны ұрпағының санасына мәңгі ұмытылмастай етіп сіңіріп кетті. Аталған ата ұрпақтың өкілдері туралы халық жадында әр алуан аңыздар мен жырлар сақталған. Ғасырлар тоғысы қарсаңында бәрі жаңғырды. Кез келген ел тәуелсіз болуы мүмкін, бірақ сол азаттықты тұрақтандырып, мәңгілік ел етуді ойлау, мемлекеттік дербестікті сақтап қалудың құрылымдары мен тетіктерін алдын ала ойластыру – сол елге көшбасшылық ететін ерлердің ғана пешенелеріне жазылған тағдыр сыйы.

Қазақтың жеке ел болып, шаңырақ көтергенін естіген сыртта жүрген бауырларымыз да атамекенге оралудың сәті түскенін сезіп, «**тәуелсіз қазақ елі мәңгілік болсын!**» - деп қуаныштан ақсарбас шалып жатты. Өз жерінде азайып қалған қазақтың санын арттырудың бір жолы сол қандастарды атамекенге әкелу екенін **Президент Н.Назарбаев** жақсы түсінді. Кезінде тағдыр талқысына түсіп, шетел асып кеткен алаш ұлын көк тудың астына жинай бастады. Сөйтіп, егесіз, іздеусіз қазақ жоқ екенін де жалпақ әлемге паш етті. «**Біз тығырықты заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын Атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің бірі болдық. Ендеше, тірі де боламыз, ірі де боламыз**», - деп Президентіміз Н. Назарбаевтың өзі айтқандай, қандас бауырларды атамекенге жинау ірілігіміздің, жас мемлекетімізді нығайтудың да бір жолы еді.

Өткен тарихты білмей бүгінгіні дұрыс жолға сала алмас едік, бүгінгімізді қадыр тұтпасақ, ертеңнің де баянды болуы екіталай. Олай болса, Мемлекет басшысының: «**Ұлттық идеяның тұжырымы ұлттық тарихи кеңістікте жатыр**» деген сөзін де естен шығаруымызға болмайды.

«**Қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел**» қағидасы **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының** елімізді тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма бес жылдың ішінде қалай аяғынан нық тұрғызып, әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосу жолындағы ерен еңбегінің, атқарған бірегей істері мен жаңа идеяларының, бастамалары мен реформаларының мәйегі деп қабылдануда.

«**Мәңгілік ел**» идеясы зайырлы қоғам орнатуға бағытталған жол ретінде аталған ғылыми тұрғыда қарастырылып келеді. Елдің өміршеңдігі мәңгілікті аңсаған тарихи санада қалыптасып, бізге бабалар рухы арқылы жеткенін де жадымызда ұстайық. Оншақты жыл көлемінде «**Мәдени мұра**» бағдарламасы бойынша рухани құндылықтарымызды дүниенің төрт бұрышынан іздеп, жинастырып, ғылыми айналымға енгізуіміздің де терең мәні «**тарихи кеңістіктегі**» елдігіміздің тұғырын бекітуге бағытталған. **Елбасы** өзі бастап берген «**Халық тарих толқынында**» мемлекеттік бағдарламасы тәуелсіз елдің шынайы тарихын зерделеуді жаңа әлемдік биікке көтерді.

Елордасы – Астана Президентіміздің жасампаздық идеясының перзенті. Астана – қазақ даласының төсіндегі мәңгілік елдің мызғымас тұғырына айналды. Елдің ордасын біздің мемлекет үшін саяси-экономикалық жағынан тиімділігі зор Есілдің жағасына әкеп орнаттық. Қазақ қазақ болғалы елдің басқару орталығы болып саналатын астана салып көрмеген халық едік, Елбасымыз оған да тәуекел етті. Ол жай ғана нар тәуекелдің ісі емес, бірнеше жылдарға созылған толғаныстың, сан рет өлшеп, талай рет салмақтаудың жемісі. Қазақ елінің бүгінгі елордасы ол әлемде тендесі жоқ сұлу қала!

«Ойланшы, кеше қазақ, кім едің сен,
Құлпырып, бүгін қайта түледің сен!
Ортаң Астананды орнатқаның,

Фасырдың оқиғасы біле-білсең!» - деп замана ақыны асқақтата жырлауының сырын осынау әсем қаланың келісті келбетінен ұға түскендей боласың. Сарыарқа төрінде бой түзеген алып та, айбынды ғимараттарға қарап ұлт көшбасшысының ел астанасын келешек ұрпақ қиялымен астастыра салғанын, уақыт өлшемі жағынан мәңгілікті көкसेген ойы мен арманының сәулетті таңбасын танығандай боласың. Астана сәулетінде қазақ ауыз әдебиетінде сақталған ежелгі ата-бабалар арманы, Қорқыт бабамыздың пәлсапалық ойы, Асан қайғының жерұйықты іздеу идеясы айшықты бейнеленген.

Мәңгілік ел болу - ол бір жылдың, не болмаса белгілі бір шектеулі уақыттың іс-шарасы емес, ол өмір бойы өзінің жалғасын тауып, жаңарып, толықтырылып отыратын жанды құбылыс. Ол идеяның өміршендігін дұрыс түсіну, оны қолдау елін сүйген әр азаматтың Отан алдындағы борышы. Президент тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды атап өтті.

Қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел идеясы игі істер атқара алатын қоғамымен, кәсіби мемлекеттілігімен бірлігі баянды халқымен жүзеге асырылатын идея .

Менисова Г.Е., Мейркулова А.Б.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ НАСИХАТТАУ МЕН ДӘРІПТЕУ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ.

Қазақстан Республикасының төл рәміздері - ән ұраны, туы таңбасы бар, олар еліміздің тәуелсіздігін танытады, оның егемендігін бейнелейді. Көгілдір көк аспан түсті мемлекеттік байрақтың астында демократиялық зиялы әлеуметтік қоғам құру, тәуелсіздікті баянды ету, еліміздің экономикалық, саяси, мәдени, ақпараттық, экологиялық қауіпсіздігін қорғау Қазақстан Республикасы азаматтарының абыройлы да қасиетті патриоттық – отанжандылық парызы [1, б. 218].

Мемлекеттік рәміздер әрбір мемлекет дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Символикалардың тарихы алғашқы тайпалардың төтемдік кезеңінен ортағасырлардағы хандық кезеңмен жалғасып өзінің ақпараттық жүктеме тұрғысынан күрделенгенін көре аламыз. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік символдар әрбір халықтың визиттік картасы бола тұра, сол елдің ерекшелігін, мәдениеті мен ділін суреттейді. Сол себептен де мемлекеттік символдар ел тарихының, мәдениеті мен ділдің көркем көрінісі болуы тиіс. Ал мемлекет азаматтарының өз елінің символдарына деген қатынастары – олардың қаншалықты өз елінің патриоты екендігінің көрінісі.

Мемлекеттік рәміздерге қатысты «насихаттау» түсінігін қолдану барысында ең алдымен сол символда не дәріптелгенін, яғни символдың идеясын түсініп, сол идеяға қатысты насихаттау жұмыстары жүргізіледі.

Дамыған мемлекеттерде атрибуттарды насихаттау мен құрметтеу фетиштік тұрғыда қарастырылады (фетиш – предмет, который становится культовым, ему поклоняются, его боготворят). Мысалы АҚШ-та, мемлекеттік атрибуттарды өздерінің тұрақты бейбіт өмірлерінің кепілі деп танып, рәміздерді ерекше құрметтейтіні байқалады. Түркияның мемлекеттік рәміздерге деген құрметі күнделікті тіршілігіне еніп кеткен. Мәселен, барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, банк тіпті тауар сататын орындар мен өздері тұратын үйлерінің ауласына туларын желбіретін қоюы, тәуелсіздік күні сияқты маңызды мейрамдарда барлық тұрғындар ауласына қызыл туларын жайғанда тіпті қалалары қызыл алаңға айналатынын атап өту керек. Бұл Түрік елдің патриоттық сезімдерінің биік екендігін дәлелдейтіндей. Осыны негізге ала отырып адамдардың мемлекеттік ту, елтаңба және әнұранға деген тиісті құрметпен қарауына адам ең алдымен өзін ұлттың ажырамас бөлшегі екенін сезінуі керек екенін анықтауға болады. Сонымен қатар осы рәміздерді құрметтеуді міндеттейтін үкіметті сыйлауы керек.

Мемлекеттік рәміздерді құрмет түту біздің елімізде Конституциялық маңызды нормалардың біріне жатады. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» жарлығында айтылғандай: «Қазақстан Республикасының азаматтары, сонымен қатар территориямызда мекен ететін адамдардың бәрі мемлекеттік ту, елтаңба және әнұранды құрметтеуге міндетті» деп көрсетілген [2, б. 87]. Көрсетілген мәнді міндеттердің шешімін табу мақсатында біршама іс-шаралар белгіленді. Солардың бірі мемлекеттік рәміздерді насихаттау болып табылады.

Мемлекеттік рәміздерді еліміздің азаматтарын патриоттыққа тәрбиелейтін атрибуттар деп танып, олардың болмысы мен мағынасын насихаттау іс болмақ. Жұмыстың нәтижелілігі мемлекеттік рәміздердің негізгі мағынасына назар аударудан басталады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының (авторлары: Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов) негізі-шаңырақ. Шаңырақ- мемлекеттің түп- негізі- отбасының бейнесі. Шаңырақ- Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті тәріздес. Шаңырақ- киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар- дала дүлдiлi, ер- азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар- қазақ поэзиясында кең тараған бейне. Ол үшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа күштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол- өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату- тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп- өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет- бейнесін паш етеді. Бес бұрыш жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жұлдызы бар. Яғни, мағынасына келетін болсақ, Қазақстан деген бір мемлекетке біріккен халықтың бірлігі, беріктігін дәріптейтіні белгілі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің бірі. Мемлекеттік ту көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабы бекітілген тұста- ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою- өрнек- алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. Тудың түсі аспан тәріздес көк түсті болып келеді. Көк түсті құрметтеу халқымыздың көне тарихынан белгілі. Тілімізде «көгеру», «көктеу», «көк шықты» деген сөздер мен сөз тіркестері бар. Олар өмір сүру, жаңарып- жасару, гүлдену, мақсатқа, мұратқа жету дегенді білдіреді. Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Тудан қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған. Бұлармен қатар, тудан қазақтың ою- өрнегін байқаймыз. Мұның өзі Тудың ерекшелігін- қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді. Осының бәрі жана даму жолына түскен тәуелсіз Қазақстанның оның халықтарының барлық жағынан гүлденіп, өркендеп, мақсатқа жетуіне көк түсті Ел Туы сәттілік тілеп тұрғандай сезімге бөлейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны (әні: Ш.Қалдаяқов, сөзі: Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің белгісі. Әнұран- тек салтанатты музыка мен сөз ғана емес, бұл ерекше музыка және дана сөз. Әнұран сөздері мен әні айтушыны жігерлендіріп, өз Отанына деген мақтаныш сезімін ұялатады. Әнұранда қазақ халқының ерлігі, даңқы, намысы, еліміздің кендігі, бірлігі, достығы туралы айтылған.

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау барысында оны тек жаттанды түрде емес, ондағы мағыналық тұсын ашып көрсетіп, дәріптеген игі болмақ. Сол кезде ғана біз атап өткен мәселенің шешімін таба аламыз. Мемлекеттік рәміздерге деген осындай қатынас көтеріліп отырған мәселенің шешімін табуға ықпал етеді.

Мемлекеттік анализдеу және мониторинг жасау бөлімінің азаматтарымыздың мемлекеттік рәміздерге деген қарым-қатынасын анықтау үшін жасалған әлеуметтік зерттеуінің нәтижесі бойынша мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран туралы білімдерін анықтауға мүмкіндік бар. Әлеуметтік зерттеу еліміздің 9 қаласы және де 9 ауданында өткізілген.

Сауалнама нәтижесінде мемлекеттік рәміздерді білу немесе білмеу дәрежесін жеке анықтауға мүмкіндік болды. Сараптама нәтижесі бойынша рәміздерден ең танымалы Ту болғаны анықталды яғни сауалнамаға жауап бергендердің 83 % Туда ненің бейнеленгенін толық айта алған. Елтаңбаның түсі мен элементтерін дұрыс атап өткендер 74,7% құрады.

Сонымен қатар «Мемлекеттік Әнұранның шумақтары жазып берініңіз?» деген сауалға 53,3% қатысушы ғана алғашқы шумақтарын жазып бере алған. Дұрыс емес жауап - 18,7%, жауап беруге киналғандар - 28% қатысушы.

Әнұран орындалу барысында қосылатындар - 47,2% қатысушы, қосылады алайда Әнұранның толық сөзін білмейтіндер - 30,5%, сөзін білмегендіктен қосылмайдындар саны - 20,1%.

Сауалнаманың нәтижесі бойынша қатысушылардың көпшілігі үшін мемлекеттік рәміздер олардың мақтанышы (91,0%) екенін көрсетті. Қатысушылардың жалпы санының - 5,1%-ы үшін мемлекеттік рәміздер немқұрайлық танытанын құбылыс деп танытынын көрсеткен.

Мемлекеттік рәміздерге қатысты мақтаныш және тамсану сезімдерін–Ту тудыратынын көрсетті (70,8%), Әнұранға қатысты бұл эмоциялардың пайызы - (67,6%) және Елтаңбаға (64,5%).

Әрбір рәміз десимпатия сезімін ұялатады деп 29% қатысушы көрсетті. Жағымсыз сезімдер тударатынын да атап өткенде де болды (1,1%). Сонымен қатар 2,3% қатысушы символдарға қатысты ешқандай эмоцияларының жоқтығын атап өтіп, селқостық танытқан.

Бұл сараптаманың толық нәтижесін саралай келе елімізде Мемлекеттік рәміздердің насихаттау жұмысы әлі де дұрыс жүргізілмейтіндігін атап өтуге болады.

Ең алдымен Мемлекеттік рәміздерді тану жаттанды түрде екенін атап өткен дұрыс деп есептейміз. Сонымен қатар рәміздердің күнделікті тұрмыста аз көрініс табады. Мысалы, рәміздерді тек мемлекеттік ұйымдар ғана қолданып, мемлекеттік емес ұйымдардың рәміздерді керексіз етуі бұл мәселенің тууына себеп болып отыр. Рәміздердің ресми бір құбылыс ретінде қабылдап азаматтардың күнделікті тұрмысынан алшақ бір дүние ретінде қабылдануы осы проблеманың негізі.

Бұл жағдаятты рәміздерді насихаттау мен оны тарату әдістерінің дұрыс жолға қойылмағандығымен түсіндіруге болады.

Осы сараланған мәселені қорыта келе төмендегі ұсыныстарды атап өтуге болады:

1. Мемлекеттік атрибуттардың маңыздылығын насихаттауды балабақша кезінен бастау. Осы бағытта білім беру ордаларында тәрбие жұмыстарының жүйесін жасау.

2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың барлығында дерлік рәміздердің болуын міндетті ету және оны қадағалау. Олардың тарихын, мазмұнын баяндайтын бұрыштар ашу.

3. Әнұранның мәтінін әрбір оқушы мен студенттің білуін қамтамасыз ету, әрбір тәрбиелік іс шаралардың өткізілуін әнұранмен бастауды іске асыруды қалыпқа келтіру.

4. Аталған мәселе бойынша БАҚ көздерін насихаттау шараларына жұмылдыру.

Қорыта айтқанда Жастарға патриоттық тәрбие берудің ең бастапқы қадамы мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін ояту болып табылады. Әр елдің тәуелсіз ел, мемлекет екенін білдіретін ең басты үш белгісі бар. Олар: Елтаңба, Туы және Әнұраны. Өз еліне ғана тән мұндай белгілері жоқ мемлекет дербес, тәуелсіз бола алмайды. Сондықтан да мемлекеттігіміздің бейнесі, тәуелсіз халқымыздың мақтанышы – мемлекеттік нышандардың насихаттап, оның тарихы мен маңызын барлық азаматтардың білуіне қамтамасыз ету, мемлекеттік маңызға, жалпы халықтық міндетке айналып, біздің алдағы тәрбие жұмыстарымызды айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М.Қозыбаев. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. - 6218.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 87 б.
3. А.Айталы. Ұлтшылдық пен Ұлтсыздық. Егемен Қазақстан. 27 маусым, 2012 –67.
4. Мемлекеттік анализдеу және мониторинг жасау бөлімінің ақпараттары.

Серік Ә.А.

ЕХРО 2017- ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ КҮШІ

Қазақстан- Еуразия жүрегінде орналасқан үлкен ауданы бар, қонақжай халқы бар дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі. Тарихқа үңіле отырып: «Кеше кім едік, бүгін кіміз, ертең кім боламыз?» - деп ойлансақ осыдан 1,5 мың жылдай бұрын біздің ата-бабаларымыз өздерінің тұңғыш ұлы мемлекетін-Түрік қағанатын құрды. Еуразиядағы көптеген мемлекеттер, оның ішінде біздің еліміз де сол қағанаттың бүгінге келіп жеткен сілемі болып табыламыз [1].

Осы ата-бабамыздан келген сенімді біз ЕХРО-2017 көрмесімен байланыстырғалы отырмыз. ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы бастама Мемлекет басшысына тиесілі.

2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. Сол сәттен бастап біздің республикамыз Астанада ЕХРО-2017 көрмесін өткізу құқығы үшін сайлау қарсаңы науқанына ресми түрде кірісті. Қазіргі күнге дейін дайындық өте қызу жүріп келе жатыр.

2012 жылғы 12 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас ассамблеясының 151-ші отырысында Астананың ресми таныстырылымы болып өтті. Аталмыш жарысқа Белгияның Льеж қаласы қарсылас атанып, Астана қаласы жеңіске жетті. Жиынның басында делегаттарға Қазақстан Президентінің арнайы бейнеүндеуі жолданды. Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде Астана жеңіп шыққан жағдайда, жобаның табысты жүзеге асырылуы үшін барынша күш-жігерін жұмсайтынына кепілдік берді. Біздің Астана ұсынған көрменің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталады, ол

баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналған. Осы арқылы біз энергияны тиімді пайдаланудағы жетістіктерге қол жеткіземіз.

2012 жылғы 22 қарашада ХКБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана жеңіске жетіп, EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын ретінде таңдалды. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. EXPO-2017 ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болмақ. Бұл біздің еліміз үшін үлкен жеңіс деп айтуға болады.

Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасатын болады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмеге 5 миллионнан астам адам қатысады деп күтіліп отыр. Бұл үлкен бір мемлекет халқының санымен тең көрсеткіш.

EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл бағытты Қазақстан ең бірінші болып қолға алып отыр.

Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу ісіне, соның ішінде көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына шағын және орта бизнес атсалысатын болады. Бұл ел дамуына зор үлесін қосатындығы сөзсіз.

EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттердің үндесетін орнына айналмақ. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады.

2012 жылғы 26 қарашада Мемлекет басшысы «EXPO-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау мен оны өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» №436 Жарлыққа қол қойды.

2014 жылғы сәуірде Президенті Назарбаев Университетіне таяу орын тепкен EXPO-2017 көрме кешені құрылысын бастап берді.

Кешен құрамында 4 мың пәтер, жана мейманхана, Конгресс-холл және университеттен орталыққа дейін ұласатын жабық қала салынады. Көрме аймағында ұлттық павильон, тақырыптық және корпоративтік павильондар, ойын-сауық және қызмет көрсету нысандары орналасады. Көрме кешенінің жалпы ауданы – 174 гектар. Мұндай жерге Ватикан елінің бірдей 4 жері сиып кетеді екен.

Нысандарды пайдалану үшін энергия үнемдеу технологиялары қолданылатын болады. Көрме кешенінің ғимараттары халықаралық BREEAM эко-стандарттары арқылы бағаланып, арнайы куәліктер беріледі.

Көрме өткеннен кейін EXPO-2017 базасында ерекше мәртебеге ие «Астана» қаржы орталығы құрылатын болады. Осы аталған қаржы орталығын әлемдік деңгейге көтеріп дамыту жолында тағы еңбек ету қажет.

Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып саналады және EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді [2].

«Болашақ энергиясы» жобасының түпкі ойы тұрақты қуат көздерін басқаруды қамтамасыз ететін шешімдер мен әдістерге қоғамдастық назарын аудару болып табылады. Әлемнің бет-назарын елімізге түсірсек, 30 дамыған мемлекеттің қатарына кіру оңайрақ түспек. Жобаның негізгі ой-түпкірі бірнеше әдістерден тұрады. Бұл әдістер: Ауа-райы өзгеруімен және көмірқышқыл газының шығарылуымен күресуге, баламақуаткөздерін пайдалануға ынталандыруға бағытталған, оның ішінде қалпына келтірілетін қуат көздерін пайдалану және энергетика імділік жөніндегі бағдарламаларды енгізу, энергиямен қамту сенімділігін қамтамасыз ету, энергияны өндіру, сақтау және пайдалануды басқару және тұрақты қуат көздеріне жалпы қол жетімділікті қамтамасыз ету – бұл шешімдер EXPO тақырыпшасында да көрсетілген: «Адамзаттың ең күрделі мәселесін шешу жолдары». Олар әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуға әсер етеді және ең күрделі мәселелерді шешу жолдарын анықтайды. Осы арқылы біз адамзатты қауіптен аман қалдыра аламыз.

Бүкіләлемдік көрмелер немесе EXPO осымен бір жарым ғасырдан аса уақыттан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында олардың танымалдығы өте артты – тіпті көрмелерді әлем чемпионаттарымен және Олимпиада ойындарымен салыстыратын болды. Сарапшылардың есептеуінше, 1851 жылы Лондонда алғашқы көрмені өткізгелі бері, EXPO-ға бүкіл әлемнен миллиардтан аса адам келген. Жұртшылықты техникалық жаңалықтарды бірінші болып тамашалау мүмкіндігі қызықтырады. Дәл осы EXPO-дан кейін телефон, рентген аппараты, сыдырма ілгек, балмұздаққа арналған вафлядан жасалған стакан, телехабар тарату, сенсорлық экран және т.б. дүниелер біздің күнделікті тұрмысы-

мызға жол тартқан. Ал ЕХРО-2017 бізді қандай жаңа техникалық дүниелерімен таңқалдырмақ? Өнертапқыштар қазір өз дүниелерін Астанада көрсетуге дайындалуда. Әзірше Бүкіләлемдік көрмелерде көрсетілген ең танымал деген 10 жаңалықты есімізге түсірейік. Тұңғыш телефон аппараты 1876 жылы Филадельфиядағы Бүкіләлемдік көрмені таңқалдырған дүниеге айналды. Өнертапқыш Александр Белл «сөйлейтін телеграф» қалай жұмыс жасайтынын көрсетті. Өнертапқыштың басқа бөлмеде тұрып Дат ханзадасының «Болу, я болмау» деген монологын оқығанын телефон тұтқасынан естіген кезде, көрме қазылар алқасының таңданысында шек болмады. Жүз жылдан астам уақыт ішінде, әрине, телефонның сыртқы түрі қатты өзгеріске ұшырады, алайда оның қызмет ету қағидасы бәз-баяғынша қалды. 1878 жылы Париждегі Бүкіләлемдік көрме кезінде фонографты (дыбысты жазуға және жаңғыртуға арналған құрылғы) таныстырғаннан кейін, оны ойлап тапқан Томас Эдисон үлкен танымалдыққа ие болды. Көптеген көрерменге фонографтың адам дауысын қайталауы таңғажайып сиқырдай көрінді, сөйтіп Эдисонға «Менло Парктың сиқыршысы» (Нью-Джерсидегі зертханасы солай аталатын) деген ат тағылды. Кейінірек фонограф идеясы граммофон, патефон және тіпті магнитофонда қолданыс тапты. Тұңғыш айналаны шолу дөңгелегі 1893 жылы Чикагода өткен Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Атағы жер жарған аттракционды Кіші Джордж Вашингтон Гейл Феррис жобалап шыққан. Дөңгелектің биіктігі 80 метрден асатын, ал оның салмағы 2 мың тоннаға дейін жететін. Американдықтар оны осының алдында Парижде өткен Бүкіләлемдік көрмеге орай салынған Эйфель мұнарасына жауап ретінде ойлап тапты. Ағылшын тілінде айналаны шолу дөңгелегі осы күнге шейін ferris wheel, яғни «Феррис дөңгелегі» деген атпен аталып келеді. Алғашқы сыдырма ілгек аяқ киімге арналған болатын. Оны 1893 жылы Чикагодағы Бүкіләлемдік көрмеде Уитком Лео Джадсон көрсетті. Ілгектің түрі қазіргі нұсқасына қарағанда өзгеше болатын: оның бір қапталында ілгек, екінші жағында «кілт-тілшік» көмегімен ілінетін ілмек қатары болатын. Джадсонның өнертабысы аяқ киімді түймелеуді айтарлықтай тездететін, сондықтан ол осындай атауға ие болды. Алғашқыда жаңа өнертабыс бірден көпшіліктің көңілінен шыға қойған жоқ, өйткені оны пайдалану үшін екі бетті алатын нұсқаулықты оқу керек болатын. Тек 20 жылдан кейін ғана сыдырма ілгек үлкен танымалдыққа ие болды. Жұртшылыққа рентген сәулелерінің қасиеттері 1901 жылы Буффалодағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл өнертабыс АҚШ президенті Уильям Мак-Кинлидің өмірін сақтап қалар ма еді. Көрме кезінде ол ауыр жарақат алды, себебі президентке оқ атылды. Дәрігерлер оның денесінен оқты табу үшін рентгенді пайдалануына болар еді, алайда олар бұдан бас тартты. 8 күннен кейін Мак-Кинли көз жұмды. Бірақ кейінірек рентген аппараты медицинада кең қолданысқа ие болды. Балмұздаққа арналған жеуге болатын стақан 1904 жылы Сент-Луистегі Бүкіләлемдік көрме кезінде таныстырылды. Бұған дейін балмұздақты тек қағаздан жасалған стақанда сататын. Вафлядан жасалған қауыз бен балмұздақты бірге үйлестіру көрмеге келушілердің көңілінен шыққаны соншалықты, балмұздақтар дереу сатылып кетті. Алғашқыда вафлялық стақандар қолдан жасалынатын, тек 1921 жылы ғана балмұздақ қауызын жасауға арналған машина пайда болды. Осындай әлем өзгерісіне әкелетін жаңалықтарды көбейту жолында жұмыстарды атқарып, өнертапқыштардың мектебін дамытуымыз қажет.

Кез келген матаны берік әрі созылғыш ететін жаңа синтетикалық материал – нейлонның таныстырылымы 1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрмеде өтті. Жаңалықты «Дюпон» химиялық компаниясы таныстырды. Көрмеде өте күшті жарнама өткізілді: нейлоннан жасалынған шұлықтар төңкеріс жасаған киім ретінде танылды. Бұл өнертабыс әйелдер жағынан тез өз бағасын тапты – нейлоннан жасалған бұйымдардың сатылымы күннен күнге дейін артты. Қазіргі күні нейлон киім өндірісінде ғана емес, сонымен бірге, төлке, пленка және жұқа жабындарды дайындауда қолданылады. 1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрменің көрермендерін тікелей эфирде телехабар тарату қатты таңдандырды – ол кездің өзінде телевизор әлі таңсық дүние болатын. Көрме өтіп жатқан уақытта АҚШ президенті Франклин Рузвельттің ЕХРО-ны ашып жатқанын тікелей эфирде көрсетті. Көрмеге келушілерді теледидардың техникалық ерекшеліктері айрықша әсерде қалдырды. Тіпті көбісі трансляцияны иллюзионистің фокусы деп те ойлады. Ал бүгінгі күні тікелей эфирде хабар тарату үйреншікті іске айналған. Тұңғыш ұялы телефонның алғашқы нұсқасы және ұялы байланыс технологиясы 1970 жылы Жапонияның Осака қаласындағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл нағыз төңкеріс болатын: бұған дейін қолданыста болған телефондардың барлығы розетка қосылмаса жұмыс жасамайтын. Алғашқы ұялы телефондар Осакадағы таныстырылымнан кейін бірнеше жылда кейін-ақ қолданыста пайда болды. Қазіргі ұялы телефондармен салыстырғанда олардың пішіні үлкен және ыңғайсыз болатын, оларды қалтаға салып жүру мүмкін емес-тін. Сенсорлық экран. Саусақтың басқанын сезетін экран алғашқы рет жұртшылыққа 1982 жылы Ноксвилдегі Бүкіләлемдік көрмеде та-

ныстырылды. Көрмеге келген әрбір адам сенсорлық экранды жеке өзі пайдаланып, байқап көре алды. 30 жылдан кейін бұл өнертабыс өте танымал бола бастады. Бүгінгі күні сенсорлық экрандар төлем терминалдары, ақпараттық дүңгіршектерде, қалта компьютерлерінде және ұялы телефондарда қолданылады [3].

Біз ЕХРО-да тұңғыш рет таныстырылған ең танымал деген өнертабыстардың тарихы туралы айтып бердік, бірақ көрмеде осындай мыңдаған өнертабыстар таныстырылған болатын. Әртүрлі Бүкіләлемдік көрмелерде жұртшылыққа жоғарыда аталғандарға қоса, Singer тігін машинасы, дизель моторы, электр розеткасы, Попов радиосы, Люмьер ағайындыларының киноқондырғысы, Ладыгиннің қыздыру шамы, алғашқы сериялық телевизор, IMAX жүйесі және тіпті IBM компьютерлері таныстырылған. Өзімізге үйреншікті болып кеткен осы заттардың барлығы әлемнің мойындауына жетіп, Бүкіләлемдік көрмедегі көрсетілімінен кейін коммерциялық қолданысқа түсті. ЕХРО-2017 әлемдік танымалдыққа жететін жаңа өнертабыс түрлерімен қонақтарды таңқалдырып, осы дәстүрді жалғастырады деп ойлаймыз [4].

ЕХРО 2017 иесі 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Астана үшін ХКБ-ның 103 мүше-мемлекеті дауыс берген, ал бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинады [5].

Осындай жеңіске жеткендіктен, сенімді ақтай отыра алдағы уақытта дұрыс бағытты ұстануымыз қажет. ЕХРО-2017 көрмесі- ел дамуына зор үлесін қосатына нық сенімдіміз, сондықтан ел саясатын көрмеге көңіл бөлуімен қатар, өнертапқыштарды біріктіретін мектеп ашуы және шет елдердің өкілдерімен тығыз байланыста болуға жағдай жасауы қажет.

Осы іс-шарамен шектеліп қалмай алдағы уақытта еліміздің танымал, даму жолындағы Алматы, Бурабай сынды елді мекендерді ЕХРО көрмесін өткізуге үміткер ретінде тіркеуіміз қажет. Аты шыққан осы жан-жақты жаңалықтар әлемнің дамуына келең өзгерістер әкелді. Қазақстанда өткізгелі отырған ЕХРО-2017 көрмесі туризмді дамытып қоймай, алдағы уақытта елдің өнертабыстылығына зор үлесін әкеледі деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елдің бағы. / Кабылдина, Сатаева. Бизнес центр «Аңсар». Астана, 2011. – 128 б.
2. <http://www.akorda.kz/> (Жолығу күні 20.09.2016ж.)
3. <http://massaget.kz/> (Жолығу күні 25.09.2016ж.)
4. <https://www.expo2017astana.com/> (Жолығу күні 29.09.2016ж.)
5. <http://www.theherald.com.au/> (Жолығу күні 01.10.2016ж.)

Сыздық Б.К.

ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ

2016 жылға Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығы, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы сәйкес келіп отыр. Алайда Желтоқсанның да, Тәуелсіздіктің де тамыры тереңде. Тек ХХ ғасырдың өзінде Қазақстанда бірнеше жүздеген көтерілістер болды. Олар аяусыз жаншып басылды. 1986 жылғы Желтоқсан – солардың заңды жалғасы, азаттық ұмтылудың жарқын бір көрінісі. Қазақстан Республикасы – өзінен бұрынғы Қазақ мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақ Республикаларының заңды мұрагері. Өйткені ол қазақтың байырғы Атамекенінде ту тігіп отыр.

Елторы Жалбағаев Қазақстанды, Орта Азияны зерттеуші Дж. Морган, Л. Кредер және Р. Каруц (1911 ж), А.З. Тоған (1910, 1925 жж.) және т. б. ғалымдарға сілтеме жасай келіп, түркітілді халықтардың ішінде ең көп халықтар қазақтар, оның саны 12-13 миллионды құрайды деген мәліметті береді және баршаға мәлім апаттар болмағанда 1926 жылы қазақтың саны 15 миллионнан асатын еді дейді [1, Б. 205-206, 231]. Содан бері бір ғасырдай уақыт өтсе де қазақ саны сол санға бүгін өзгеріс жетіп отыр. Бұл статистиканың тасасында қаншама текқырғын, зұлмат жатқаны бүгін жасырын емес. Тек әр нәрсені өз атымен ату жетіспей отыр.

Кенестік тар шекпеннің құрсауынан шыққан біздің ел жаңаша мемлекет құруда демократияның, республиканың, биліктің ұйымдастырылуының Батыстық модельдеріне ден қойды. Сол кездегі пайымдарда Батысқа көзсіз еліктеушілік, төл құқықтық, мемлекеттілік бастауларды тәркі етушілік

те орын алды. Дегенмен, ұлтшыл қозғалыстар мен қайраткерлердің ықпалымен қазақы нышандар да біршама ескерілді. Оның кейбір ішкі және сыртқы көріністері туралы Е. Шаймерденов танымдық тұрғыдан тамаша талдап берді [2]. Шындығында құқықты заманалық тұрғыдан пайымдау негізінде демократия, республика, биліктің тармақталуы және басқа да маңызды ұғымдардың барша елдерге ортақ үлгісі жоқ, болмаған және болмайды да емес деп тұжыруға болады. Әр ел өзіндік тамыр мен түбірден ажырамауы маңызды.

Тәуелсіз Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясының 1-бабында «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» – делінген.

Біз осындағы «республика», «демократия» жәнне «референдум» сөздерінің түбіріне, шығу тарихына сәл назар аударар кеткенді жөн көрдік.

Сөзімізге дәйек ретінде келесі ойларға назар аударуға шақырамыз. «...Біз «кәдімгі тіл» дейтін тілде алғашқыда осы салаларда (экономика мен құқықта – Б.С.) терминологиялық мәнге ие болған сөздер көп. Осы сөздер кәдімгі тілде қолданыла бастасымен бұл сөздер лезде «бей-терминдерге» немесе «шикітерминдерге» (түпнұсқада «недотермины» – Б.С.) айналады («недотермины» – приставка «недо» в том смысле, какой она имеет в слове – «непротеченный» – Б. Л.), өйткені ешкімнің де бұлардың терминологиялық мағынасы неге сайғанын білуге немесе бұлардың кәдімгі тілдегі жаңа мағынасын бекітуге мұршасы болмайды дейді итальяндық атақты заңгер Бруно Леони [3, Б. 47].

Б. Леонидің: «Осы сияқты жаңылысулардың басқа бір айқын мысалы «демократия» сөзін түрлі елдердегі түрлі адамдардың қазіргі таңда қолдануы. Бұл сөз саясат тіліне де, саяси институттар тарихына да қатысты. Қазір ол сондай-ақ ауызекі тілге де енді, сөйтіп көптеген түсінбеушіліктерге себеп. Оның туындауы мынада – адамдар – мәселен, қарапайым американдық және Ресейдің (бұл жерде Б. Леони Ресей деп Кеңес Одағын айтып отырғаны анық, сондықтан бұл ескертпесі кеңестік күпәйкеден шыққан бізге де – Қазақстанға да – қатысты болмақ – Б. С.) саяси жетекшілері бір сөздің өзін мүлде түрлі мағынада пайдаланады.

Сөздермен-«шикі терминдермен» байланысты жиі туындайтын жаңылысулардың себебі туралы мен былай деп топшылар едім: кәсібі тілдерде (мысалы, саясат тілінде) бұл сөздердің мағынасы әуелде басқа терминдермен байланысты болған, ал сол басқа терминдер оларды «аударудың» қиындығына немесе мүмкін еместігі себепті ауызекі тілге енбей қалған. Сөйтіп, сөзді әуелгі мағынасын айқын анықтаған қосымшалар жойылып кеткен.

Мәселен, «демократия» – Перикл дәуіріндегі Грекияның саяси тіліне жататын термин. «Полис», «демос», «эклезия», «изономия» және с. с. терминдерге жүгінбей біз оның мағынасын түсіне алмаймыз, сол сияқты біз заманалық швейцариялық «демократия» сөзінің де мағынасын *Landsgemeinde*, референдум және т. б. терминдерге сүйенбей ұға алмаймыз. Айта кеткен жөн, эклезия, полис, *Landsgemeinde* және референдум тұрпаттас сөздер басқа тілдерге әдетте дәйексөз (цитата – Б. С.) түрінде беріледі, алайда тәржімаланбайды, өйткені оларды түшынарлықтай тәржімалау мүмкін емес.

Терминдермен бастапқы байланысын жоғалтқан «шикі терминдер» мен «термин еместер» ауызекі тілде өте бұлдыр мағынаға ие болады. Бұлар бірдей дыбысталса да, түрлі адамдар оларды алуан мағынада қолдана алады. Ең жаманы бір сөздің түрлі мағынасы белгілі бір аспектілерде сай келмеуі де мүмкін, ал бұл түсінбеушіліктің ғана емес, тіпті даулардың немесе тіпті одан да зор келеңсіздіктердің тұрақты қайнар көзі болады» [3, Б. 48] деген сөздері оның 1958 жылы АҚШ-та оқылған дәрісінен алынса да, дәл бүгінгі саяси-құқықтық ахуалға дәл келетін өміршендігімен таң қалдырады.

Бұдан әрі қарай Б. Леони осы сияқты біршама мысал келтіреді. Соның ішінде мына біреуі тіпті ғажап әрі заңгерлер үшін ерекше дүние: Монтескье мен Вольтер заманынан бері өздерінің барша даналығына, оқымыстылығына әрі британ саяси жүйесіне ғашықтығына қарамастан құрлықтық Еуропа зерттеушілері британ конституциясының мағынасын дұрыс ұғатын күйде болмаған. Бұл сынның аясына ілігетіндердің арасында ең белгілісі Монтескье және оның Англияда биліктің тармақталуы туралы әлемге әйгілі пайымы болуы керек. Оның бұл пайымының (көп адам оны «қайта пайымдау» деген болар еді – Л. Б.) өз кезегінде ағылшын тілді елдерге зор ықпал еткені де Монтескьенің жаңсақ түсініктерге сүйенгенін жоққа шығара алмайды. Ағылшынның әйгілі ғалымдары да өз кезегінде

құрлықтық Еуропадағы конституцияларды дұрыс түсіне алмағаны үшін осындай сынға ұшырапты... [3, Б. 76-77].

Осы тұрғыдан келгенде мемлекет құрудың қазақы құқықтық мәдениетке тән өзіндік жолдары болғанын естен шығармау керек [4]. Келешекте ол бастауларға толықтай болмаса да, ішінара оралу мүмкіндігі сақталатыны айқын. Ерте үлгілерге тереңдемей-ақ республикалық құрылымға шолу жасайық.

Республика – – *res publica* — «ортақ іс» термині бүгінгі күні баршаға танымал. Ол «билікті атқарушылары сайланбалы халық өкілдерінен тұратын басқару нысанын» білдіреді. Дегенмен оның түп тамыры қазір біз ойлағандай емес. Ол бөлек мәселе.

Елінің жаңаруын Конституция санымен бағамдайтын француздар қазір V республикада өмір сүріп жатырмыз деп санайды. Біз ше? Бесінші әлде нешінші? Қалай санасақ дұрыс болмақ?

Ресми мәлімет көздерінде Қазақстанның алғашқы Конституциясы Қазақ АКСР ОАК Қаулысымен 1926 ж. 18 ақпанда РКСФР-дің 1925 ж. Конституциясын ескере отырып қабылданды делінеді. Өйткені біз әлі одақтас емес, Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық республика едік. 1920 ж. 26 тамызда құрылып, Қырғыз АКСР-і деп аталып жүр едік. Негізі осы Конституцияның жосығымен біз дербес ел болуға қол жеткіздік! Осыдан бастап санақ, біз V Республика азаматтарымыз.

1936 ж. 20 тамызда Қазақстан одақтас республика мәртебесін иеленді. Одақтастық мәртебесі ашаршылықтар мен қуғын-сүргіндерден тізілген текқырғын – геноцидтің өтеуі есебінде берілгендей болды. 1937 ж. 26 наурызда Бүкілқазақтық X съезд Қазақ КСР-нің Конституциясын қабылдады. 11 тарауына 125 бапты қамтыған бұл құжатта КСРО-ның Конституциясының 14-бабынан тыс жерлерде Қазақ КСР өзінің егемен құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті дербес жүзеге асыратыны мәлімделген. Экономикалық, саяси қорғаныс желілері бойынша өзара көмекті жүзеге асыру мақсатында өзге де теңқұқылы республикалармен ерікті біріккені, ҚазКСР-нің аумағы оның келісімінсіз өзгермейтіндігі, сот процесінің қазақ тілінде жүргізілетіні т. б. с. с. көптеген маңызды мемлекеттік-құқықтық қағидалар бекіген.

Никита Хрущев кеудемсоқтықпен Қазақстан аумағын бөлшектемек болғанда, қасқайып қарсы тұрған Жұмабек Тәшенов дәл осы Конституцияға сүйенген!

1978 ж. 20 сәуірде республикалық Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс VII сессиясында преамбуладан, 10 бөлік, 19 тарау, 173 баптан тұратын жаңа Конституция қабылданды. Барша билік таптық тұрғыдан жұмысшы, шаруа және еңбекші интеллигенцияға жіктелетін халыққа тиесілі деп жариялаған бұл Конституция мемлекеттік, кооперативтік-колхоздық және қоғамдық ұйымдардың меншігін экономикалық жүйенің негізі деп таныды.

Одан кейінгі кезеңде қазақ мемлекеттілігінің дамуына 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің зор ықпал етті деуге толық негіз бар. Ол жалпы Кеңес Одағындағы демократиялық, яғни бұқаралық қозғалыстарға бастау, халық санасына түрткі болды. Әр ұлттың дербестігі, ұлт саясатының әділ жүргізілу талаптары іс жүзіне аса бастады. Қазақ Желтоқсанының дүмпуін Балтық жағалауы елдері белсенді дамытты. Кеңестік орталық бұқара қозғалысына енді қарсы тұруға қауқарсыздық танытты. Біртіндеп тоталитарлық құрсаудан босауға деген ұмтылыс Кеңес Одағының негізгі тірегі саналған Ресейдің өзін шарпыды. Одақтас республикаларда еркіндікке, дербестікке ұмтылу үдерісі конституциялық реформалар аясында өрістеді. Мәселен, 1990-жылдары Қазақстанның 1978 жылғы Конституциясына өзгерістер енгізіле бастады. Солардың нәтижесінде атқарушы және өкім етуші биліктің басшысы ретінде Президент лауазымы бекітілді. Министрлер Кеңесі Министрлер Кабинеті болып, Ел Қазақстан Республикасы деп аталатын болды.

Тәуелсіздіктің құқықтық негізін «Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы» 1990 ж. 25 қазандағы Декларация, 1991 ж. 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң салды. Бұларды әзірлеудің, қабылдаудың басы-қасында заңгер-ғалымдар С. Зиманов, Ф. Сапарғалиев, С. Сартаев, М. Баймаханов, қоғам қайраткерлері Ш. Мұртаза, М. Шахановтар болғаны мәлім. Өзге ұлттың кейбір өкілдері қазақтың мүдесін қолдап жатқанда, өзімізден шыққан базбіреулер бөтен мінез көрсетті.

Дегенмен, Декларацияда қазақ халқының тағдырына жауапкерлікті сезіну, оның өзіндік мәдениеті мен тілін қайта жаңғырту мен дамытуға мемлекеттік қамқорлық көрсету қажеттілігі республиканың міндеті ретінде көрсетілді. Ұлттық мемлекеттікті сақтау, қорғау және нығайту мәселелері алға қойылды.

Міне, осылардың өзінен Желтоқсанда ашық жарияланған талаптардың жүзеге асқанын аңғару қиын емес.

1993 ж. 28 қаңтарда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі ІХ сессиясында тәуелсіз елдің тұңғыш Конституциясын қабылдады. Парламенттік республика үлгісі негізге алынды. 4 бөлік, 21 тарау, 131 бапта халықтық егемендік, мемлекеттің тәуелсіздігі, билікті бөлісу, қазақ тілін мемлекеттік тіл деп тану, Президентті мемлекет басшысы деп тану және т. б. туралы қағидалар бекіді. Сот жүйесінде Жоғарғы, Конституциялық және Жоғары Арбитраждық соттар кірді.

Елдің тәуелсіздігін, базарлы экономика мен демократиялық мемлекетті қалыптастыруға қажетті заңи негіздерді бекіткен, қазақ парламентаризмінің жарқын беттерін жазған бұл Конституцияның орны ерек. Алайда кеше ғана тоталитаризм құрсауында болған қоғам ашық жүйеге еркін еруге әлі дайын емес еді. Қоғам өтпелі кезеңнің қарама-қайшылықты ұстанымдарының талқысында толқыды. Билік жүйесінде өкілеттіктерді бөлісу, құқықтық тұрғыдан мемлекеттіліктің сипаты, мемлекеттік тіл, азаматтық, экономикада жерге меншік мәселелері дау-дамайға негіз болды. Қоғамда алға ұмтылумен қатар, оңды-солды бұлғақтаулар орын алды. Сан алуан көзқарастар таласы толастамады. Ілгерлеушілік пен керітартпалықтар шиелініске түсті...

1993 ж. 15-қарашада мемлекеттіліктің бір атрибуты – ұлттық валюта – теңге айналымға енді.

Тар жол тайғақ кешуі мол тоқсан үштің 28-қаңтары мен келесі Конституция қабылданған тоқсан бестің 30-тамызы арасында қаншама бел-белестер болғанын әлі пайымдай жатармыз...

Сонымен, 1995 ж. 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда бүгінгі қолданыстағы Конституция қабылданды. 9 тарау, 98 бап. Оған үш рет – 1998, 2007 және 2011 жж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Президенттің, Сенат пен Мәжіліс депутаттарының мерзімдері мен өкілеттіктері өзгерді, пропорционалдық сайлау жүйесі енді, Қазақстан Халқы Ассамблеясы конституциялық мәртебеге ие болды және ол квота бойынша өз өкілдерін Мәжіліс пен Сенатқа жіберу құқығына ие болды. Үкімет басшысын тағайындарда Президент парламенттік фракциялармен кеңесулер өткізу процедурасы жөнінде, Премьер-министрді парламенттік көпшілік бекітетіні туралы ережелер енді. 2011 ж. президенттің кезектен тыс сайлауларын тағайындау мен өткізудің конституциялық негіздерін айқындады.

Ата-бабамыздың ат тұяғы тимеген жер жоқ... дер едік. Жер шарының топонимикасында түркілік тек толымды. Әр жағы белгілі. Мақтанға да, мұңға да орын бар. Алайда тарих қалау райын көтермейді...

Осы жылдар ішінде барлық көршілерімізбен мемлекеттік шекарамыз туралы келісімге келіп, оны делимитациялап, демаркациялап, барша рәсімі сақталған картаны БҰҰ өткізгенімізді аз көрмейік.

Қазақстан тарихындағы әрбір конституцияның өз миссиясы мен атқарған қызметі болды. Текке кеткені жоқ. Әрқайсының өз орны, өзіндік бояуы бар. Ішкі-сыртқы алуан түрлі қысымдарға қарамастан еліміздің абзал ұлдары қазақ мүддесіне қатысты іргелі деген мәселелерде тас түйін ұйымдаса білді. Ұлтыма болсын деген ойларының небір сүбелісін қиыр-шиыр саяси таластардан ертелі-кеш әйтеуір бүгінге жеткізе алды.

Әйтпесе, 1926 ж. автономия алу, 1936 ж. одақтас мәртебесін иелену, 1978 ж. өзіндік ерекшеліктерді шамамызға қарай сақтап қалу, дамыту, ал 1993 ж. коммунистік тоталитаризм түнегін жарып шығу оңай болмаған.

Қазіргі Конституциямыз тек солардың ғана емес, олардың алдындағы конституциялық ақыл-ойлардың да тұнығынан нәр алған. Солардың бастауларындағы даналық көздерінен суарылған.

Енді мына бір ойға назар аударыңыз: Конституциялық құқық белгілі бір құқықтық идея негізінде қалыптасады. Қоғамдағы саяси тұрақтылық, баяндылық Конституция соны талап еткеннен емес, белгілі бір оң идеялардың халыққа тән болуынан, ұлт құрсағын жарып шығуынан, қоғамның сол идеяларды қолдауынан.

Иә, бұл ақиқат. Қазақ құқықтық руханиятының генезис-бастаулары, эволюциялық жолы тым әріден, ілкі төрден басталады. Тамыры терең, тұнығы қанық.

Жазылған заңның түп-төркіні жазылмаған заңда (салттық жарғыда) жатуы тиіс деген, заманалық құқықтаным тұжырған, қазір көзі ашық, көкірегі ояу әрбір заңгер білуі тиіс ойды әдебиетші, тарихшы Дүкен Мәсімханұлы шегелеп айтып қойыпты.

Д. Мәсімханұлының келтіруінше, қытайдың «Таңнама», «Ханнама» деп аталатын тарихи құжаттарында: «... Үйсін, Сақ елдерінде ... заңында бағып алған баланы күл етуге, сатып жіберуге, кепілге қоюға болмайды. Әрі оны ауыстыратын зат күн емес, сұтақы деп аталады... Іһндер мен үйсіндерде ағасы өлсе оның әйелін інісі; інісі өлсе жесіріне ағасы әменгерлік ететін заңдары бар еді. Бұл тұқым-жұрағатының құрып жоғалуының алдын алуды, сондай-ақ рулық түзімді қорғауды көздеген әлеуметтік заң-жарғы еді... Іһндер табиғат құбылыстарына, ата-бабаларының аруағына табынатын. ... Қағаз бетіне түспеген, бейресми заңдары бар-тұғын» деп жазылған. Лев Гумилев «Көне түріктер»

кітабында: «Түріктерде ... жалпы, өте қатал, тіпті қатыгез заңының өзі әйелді қолдап, қорғаған» деп жазған...

Жетісу, Ұлытау, Ертіс бойларында хандық құрған Инал, Көлеркен, Қаңлықожа хандарға кезегімен бас уәзір болған, 195 жас жасаған Қорқыт қазақтың салттық жарғыларын шығарып, жүзеге асырған дейді аңыздар мен жазба деректер.

Түбегейлі қазсақ, қазақ руханиятында құқықтық вакуум болмаған дер едік. Құқықтың өмір сүруі үшін жазылған заңдардың болуы міндетті емес. Құқықтың өмір сүру формасы сан алуан болып келе береді. Заманалық түсінікте құқық базистен іргесі бөлек, өзінше оқшау өмір сүретін қондырмаға тиесілі дүние емес. Құқық өмірдің өзімен бірге өріледі. Құқық – өркениеттің жетістігі. Рухани өзегі. Құқықтық сарындарды ертегі-жырдан да, эпостан да, діни тәмсілдерден де, прозадан да көруге болады. Баба қазақ өзінің құқықтық аңсарларын тасқа қашап жазған. Байтақ Дала төсінде сан ғасыр мызғымай тұрған Тас жазулардың көшірмесі бүгінгі күні Елорда төріне орныққан.

Құқықтық доктринадағы адамға деген көзқарастың толымды-толымсыздығы негізгі мәселе. «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті», «Атаңның емес, адамның баласы бол», «Халық айтса, хан түйесін сояды»... Иә, қазақтың әрбір ділмәр сөзінің астарында құқықтық ой-сана жатыр.

Жалпы қазақ қауымында адамның орны, оның ар-намысы, еркіндігі ерекше болған. Қазақ қоғамы еркіндік пен ар-намыс үстемдігі орнаған қоғам. «Еңкейгенге – еңкей, ол атаңның құлы емес, Шалқайғанға – шалқай, ол Құдайдың ұлы емес», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп ар заңын бәрінен жоғары қойған бұлжымас қағидаттарға қараша да, хан да мойынсұнған. Қалмақтарда бидің шешімі ұнамаса, нояндар бидің басын шабуға құқылы болған. Ал қазақ билеріне билігіне ешкімнің, тіпті ханның да құзыры жүрмеген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағидат берік сақталған.

Міне, реті келсе, әлі де айтыла жатар ойлардың бастау сұлбасы осындай.

Осы тұрғыдан еліміздің Конституциясының бастаулары тым әріде жатқанын есте ұстауымыз керек. Иә, бүгінгі Конституцияға дейін, 1993 ж. 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңес қабылдаған Конституция болған. Ал оның алдында...

...Ұлт көсемдері жазған Алаш Конституциясының жобасы кең жарияланбай, халыққа таралмай тұншықтырылды. Дегенмен, жаңа заманға сай құқықтық аңсарлар сол кездің өзінде қазақтың ой өрісінде кең жайылған еді. Бүгінгі зерттеушілер жарияланбай қалған сол Конституцияның қағидалары сол кездегі құқықтық ойлардың озығы болғанын, сол деңгейге Еуропа елдерінің кешірек жеткенін анықтауда.

Тым тереңдемей-ақ, «Қасым ханның қасқа жолына», «Есім ханның ескі жолына», Тәуке ханның «Жеті жарғысына» назар салсақ, олардағы конституциялық сипатты қағидаларды, ұлағатты ұстанымдарды аңғарар едік. (Осы жерде 1990-жж. бір шетелдік сарапшының сіздер өз конституцияларыңызды «Жеті жарғы» деп атауларыңызға болады ғой деген пікірі еске түсіп отыр). Шоқан Уәлихановтың сот билігі туралы ойлары, Абай жазған билер сотының ережесі, Ресей Мемлекеттік Думасына алғаш депутат болған қазақ зиялыларының ойлары..., 1905 жылғы Қарқаралы құзырхаты – міне, осының бәрінде белгілі бір жүйе, белгілі бір елдік, мемлекетшілдік, құқықтық ой-аңсарлардың сорабы жатыр. 1911 ж. Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен жазылған «Қазақ елінің уставы», 1917 ж. 21-қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясының конституциялық мәнге ие бағдарламасының жобасы...

Шоқан мен Абайдың көкірегінде қазаққа бір конституция түзіп берерлік құқықтық ойлар пісіп жетілген еді. Шоқан қыршын кетті. Абайдың тағдыры құсаға толы болды. Дегенмен, Шоқан жұлдызының жарығы әлі сөнген жоқ. Сөнбес. «Абай жолы» да кең ашылып келе жатыр...

Қазақтың көкірегін кернеген аңсар армандар көп нүктелер көгенін көктей, зымыран уақытпен жарыса шауып, Қоқанда Түркістан мұхтариятын, Орынборда Алаш автономиясын жариялатуға жеткізді. Бірі 64 күн (1917.27/XI – 1918.11/II) өмір сүрді, екіншісі екі жылдай (1917.13.XII-1920.09/III) қарекет етті. Қазақтың бүгінгі байтақ аумағының негізін белгілеп кетті.

Түркістан мұхтариятының – Түркістан үкіметінің алғашқы басшысы М. Тынышбаев болса, одан кейін басшы қызметін М. Шоқай атқарды.

Алашорда үкіметінің төрағалығына баламалы негізде Б. Құлманов, А. Тұрлыбаев, Ә. Бөкейханов дауысқа түсті. 40 дауыс алған Ә. Бөкейханов Алаш Республикасының төрағасы болып сайланды.

Қазақ елдігінің, мемлекеттілігінің бастау баянына 1465 ж. Қазақ хандығының құрылуын алтын топшылы тірек етіп жатқанда, I және II Республика дейтін мәртебеге лайық Түркістан мұхтарияты мен

Алаш автономиясы бергі жақын да, айқын тарихтағы алмас тағалы тұғыр саналмас па?! Егер сол кезде сондай қадамдар болмағанда, кім бізді елер еді, кім бізді көрер еді!

Түркістан мұхтарияты мен Алаш автономиясы түптеп келгенде бір елдің, бір ұлттың мақсат-мұраты, мүддесі үшін бір кезеңде, сәл ілгері-кейінді, біріне бірі жалғаса туған егіз құбылыстар. Оларды бөле-жармай, бір деп санасақ болар еді. Алайда құрсағы бір десек те, кіндіктері бөлек. Ерекшеліктері де жетерлік. Екеуі бір қазақтың екі бөлек республикасы болғанын жоққа шығаруға болмас. Бұлар болмаса, одан кейін қашан, қайда қадам басар едік!

Оспан батырдың Шығыс Түркістанда құрған хандық мемлекетін де жадымыздан шығаруға болмас. Бір заманда уақыт шіркін оның да орнын белгілеп берер...

Ендеше, біз қазір VII Республика аясында өмір сүріп жатырмыз. Күн артынан күн, жыл атынан жыл өткен сайын, басқасын айтпағанда осы екі құрылымның Қазақ елдігінің, мемлекеттігінің, құқықтық ой-аңсарының үзіліссіз тізбегінде алатын орны айшықтала бермек.

Бұл екі республиканың тым қысқа ғұмырлы болуы олардың кінәсі емес. Ғұмыры қысқа болса да, тағлымы мен тәмсілі жетерлік. Өмірдің мәні ұзын-қысқалығымен өлшенбейді ғой.

Қоқан мен Орынбордың бірін бірі қолдай жарыса көтерілуі, ұлт көсемдері мен олардың серіктерінен сайланбалы үкіметтер құруы, жақын келешекте бірлесу туралы келісуі өзінше бір феномен. Ұйытқы қозғалыстардың ұшы-қиырсыз Мұхиттай Даланың әр жерінде болғаны заңды да. Кең байтақ қазақ жұртының барша қиырының тәуелсіздікке сусағанының, әлемдік республикалық қозғалысқа ат салысуының ғажап көрінісі.

Одан соң, астана Орынбордан Семейге – Алаш-қалаға көшкен соң, Қоқан республикасының (Түркістан мұхтарияты), Алаш-Орданың және Башқұртстанның басшыларының біріккен съезд өткізгені де көп нәрсеге меңзейді. М. Шоқайдың «Ресей бұғауына түсіп қалған өлкелер ортасында тәуелсіз ұлттық мемлекеттілік үшін күресу жолына тұңғыш рет Түркістан түсіп отыр» деген ойы да ақпары мол дерек.

Халел мен Жанша Досмұхамедовтер 1918 ж. көкектің 2-сіне дейін Мәскеуде автономия алу жөнінде В.И. Лениннің қабылдауында болуы, Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, Ә. Ермековтер В.И. Ленин және И.В. Сталинмен Қазақ автономиясының жер көлемі, шекарасы туралы келіссөз жүргізуі, Қазақ елінің жер аумағын шегендеуі Алашорда билігінің қызмет-қарекеті аясында жүзеге асқан. Батыс Қазақстан өңіріндегі Каспий жағалауларының, Семей, Ақмола облыстары мен Алтай өңіріне кірген қазақтар тығыз орналасқан Коростолов даласының Қазақстанға қайтарылуы осы кезде!

Одан соң, Конституция қабылданбай тұрып-ақ «Қазақты – қазақ дейік, қатені түзетейік» деген Сәкен Сейфуллин, 1923 ж. қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде енгізген. Алашорда үкіметіндегі 25 орынның оның қазақтар арасындағы басқа ұлт өкілдеріне бөлінгені де республикашылдық ойдың айқын белгісі.

Міне, сондықтан VII Республикамыз деуге толық негіз бар. «Бостандық, теңдік, бауырластық, әділдік!» Бұл республикашылдардың ұраны.

Алайда, республика, яғни «ортақ іс» бұқараның белсенді болуына ылғи мұқтаж. Республика мен демократия тығыз байланыста. Бүгінгі күні бұқара санасында Тәуелсіздік тағдырына алаңдаушылық күшті. Қоғамдағы түрлі әлеуметтік шиеленістер, бай мен кедей топтардың жіктелуінің асқынуы, жер дауы, қазба байлықтардың, елдің экономикасын құрайтын кәсіпорындардың заңсыз әрі әділетсіз талан-таражға салынуы, шетелге, жекелеген олигархтардың меншігіне кедергісіз өтуі, коррупцияның тамырын тереңге жаюы және басқа да келеңсіз құбылыстардың шешуі кезек күттірмейді. 2016 жыл Қазақстанда қоғамдық қозғалыстардың белсенділігімен есте қалмақ. Жұртшылық жер дауы мен басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуге бейресми және ресми ұйымдар, кеңестер, қозғалыстар арқылы белсене араласуда. Қоғам дамуының табиғи динамикасы осыған әкеліп отыр.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біз алдағы міндеттер қатарына төмендігілерді қосар едік:

– Қазақ құқығы мен мемлекеттілігінің ежелден бергі тарихи сабақтастығын танудың, насихаттаудың, республикалық, әлемдік ауқымда баршаға танымал етуді мемлекеттік деңгейде жүйелі жүзеге асырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу;

– Қазақ құқығы мен мемлекеттілігінің терең бастауларын ғылыми зерттеуді аса маңызды проблема деп тану, осы бағытта зерттеулер жүргізуге мемлекеттік гранттар бөлу;

– Желтоқсан көтерілісіне Қазақстан Тәуелсіздігінің шешуші баспалдағы ретінде ресми саяси-құқықтық баға беру, осы бағыттағы зерттеулерді жандандыру, мемлекеттік гранттар бөлу;

– Қазақстан Республикасының демократиялық негіздерін нығайту бағытында экономика, саяси

және қоғамдық құрылыс, мәдениет, білім беру және басқа да маңызды салаларда қоғамдық пікірді айқындау, ескеру және жұртшылық талаптарын жүзеге асыру тетіктерін жетілдіру;

– Халық мүддесіне қатысты реформаларды халықтың кең талқылауына салу және референдумға сүйену тәжірибесін жетілдіру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жалбағаев Е. Қазақтың арғы атасы: номадтар, сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар (Қазақ тарихына бейресми көзқарас). – Алматы: Білім, 2009. – 280 б.

2. Шаймерденов Е. Қазақ елінің рәміздері: Естияр балаларға арналған. – Алматы: Балауса, 1993. – 80 б.

3. Леони Бруно. Свобода и закон / Бруно Леони; пер. с англ. В. Кошкина под ред. А. Куряева. – М.: ИРИСЭН, 2008. – 308 с.

4. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы, 2008. – 216 б.

Хасенова Ж. О.

ПРОБЛЕМЫ РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (К ПОСТАНОВКЕ ВОПРОСА)

Смысл сущности реабилитации заключается в признании государством своего гражданина жертвой политических репрессий, в восстановлении его лишенных и ограниченных прав, материальной и моральной компенсации и др.

Изучение проблем реабилитации безвинно репрессированных по политическим и иным мотивам, тесно связана с задачей более полного раскрытия сущности тоталитарного режима и придания обществу социального оптимизма, в дальнейшей разработке и реализации эффективной государственной политики в области развития процесса реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане.

Необходимо, с точки зрения объективной оценки прошлого, более полное раскрытие сущности политических репрессий, реабилитации и адекватного современным реалиям отношения к данной проблеме.

Несмотря на достигнутые успехи в проведении реабилитации, нужно провести комплексную работу по преодолению стереотипов, оставшихся от советской административно-командной системы, формированию новой концепции исторического сознания, базирующейся на принципах национальной идеи, патриотическом акте «Мәңгілік ел» народа Великой Степи.

Следует отметить необходимость создания новой платформы нравственности, условий уважения человека, гарантий его прав и свободы, взаимодоверия между государством, его силовыми структурами и гражданином нашей страны. В этой связи изучение процесса реабилитации, обращение к данной теме является весьма своевременным.

Известно, что официальное признание жертв политических репрессий в Казахстане состоялось в результате объявления курса демократизации страны Советов, в конце 80-х годов XX века. Во многих республиках, в том числе и в Казахстане, в этот период приняты законы о реабилитации жертв политических репрессий, реабилитации репрессированных народов, созданы специальные комиссии по рассмотрению дел и восстановлению прав реабилитируемых. В целом, с обретением суверенитета Казахстана вопрос о реабилитации жертв политических массовых репрессий обретает новую надежду на восстановление прав, материальной компенсации и достойного честного имени.

Отправной точкой начала реабилитационного процесса в Казахстане в период независимости стал Закон Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» [1]. Особенно важным является то, что закон распространяется на всех без исключения граждан Казахстана, подвергшихся преследованиям, жертвам политических репрессий. Так претендовать на правовую реабилитацию могли репрессированные по политическим обвинениям, по ложной клевете, лишённые жизни, депортированные в Казахстан народы, «спецпоселенцы», обвиненные, прошедшие через испытания психиатрических клиник, рабочие «трудовых армий» и др.

Несмотря на трудности первых лет независимости, Верховный Совет Республики Казахстан принял этот Закон, с целью «восстановить справедливость по отношению к людям, подвергшимся массовым политическим репрессиям, с целью реабилитации всех жертв этих репрессий, обеспечения

максимально возможной в настоящее время компенсации причиненного им морального и материального ущерба» [2].

Как показывает исторический опыт, за годы независимости, согласно положениям этого закона, сделано немало. Созданы Комиссии по делам реабилитации, общественное объединение «Мемориал», составлена «Книга памяти» и др. Тем не менее, наблюдается тенденция медленного, осторожного отношения к этой теме. Существует негласное мнение о том, что якобы процесс реабилитации завершен, а значит проблема исчерпана. Но это далеко не так.

Возьмем к примеру, жертв политических репрессий, участников Кенгирского восстания, провозглашенной республики заключенных, просуществовавшей ровно 40 дней (с 16 мая по 26 июня 1954 г.). 18 сентября 1956 года руководители восстания (пять человек) расстреляны. Заметим, это случилось после февральского XX съезда партии, после реакции на доклад Н.С. Хрущева «О культе личности и его последствиях», когда уже был дан старт процессу массовой реабилитации. Как известно, «именно в это время отменили приговоры в отношении многих осужденных за Норильское и Воркутинское восстания 1953 года» [3].

Кенгирское дело, наоборот, находилось под жестким контролем столичных (алма-атинских) силовых структур, добивавшихся вынесения смертного приговора. Видимо, они старались, так как многие из них в свое время «прислуживали» сталинским проектам репрессий, приводя в исполнение приговоры, отдавая приказы и т.д.

Следует заметить, что часть организаторов Кенгирского восстания расстреляли (Ю.А. Кнопмуса, Г.И. Келлера, Э.И. Слученкова, В.П. Рябова и В.В. Иващенко), другим за тоже самое смягчали наказание (В.П. Скиркуку дали 25 лет лагерного заключения), а некоторых даже помиловали (К. И. Кузнецова) [4]. Почему такое разное отношение? Неужели такая пестрая вариативность решений силовиков была адекватна и правомерно востребована? Налицо факт практики административно-командной системы «разделяй и властвуй!». До сих пор нет однозначного ответа на эти вопросы, да и сама постановка проблемы носит осторожный характер в исторических исследованиях ученых советского периода.

Смерть руководителей восстания в Кенгире позволила властям в этот период считать их виновными, каковыми они считаются до сегодняшнего дня. Все вещественные доказательства уничтожены следователями Степлага осенью 1955 года, с целью исключить возможность оправдания участников восстания когда-либо. Никто из организаторов Кенгирского восстания до сих пор не реабилитирован.

Вместе с тем, именно в годы независимости стало возможным постепенно решать проблемы жертв политических репрессий, проводить если не последовательную, то справедливую реабилитацию, решение проблем которой носят востребованный характер. Сколько еще не реабилитированных человеческих судеб ждут своего оправдания!

Указом Президента Республики Казахстан от 5 апреля 1997 года Н.А. Назарбаевым 1997 год объявлен «Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий». Ежегодно, в этот день проходят памятные мероприятия (митинги, возложения венков и цветов к памятникам репрессированным, «уроки памяти» в учебных заведениях и пр.), посвященные памяти людей, погибших и пострадавших в ходе политических репрессий, которым не суждено было увидеть рассвет независимости Казахстана. Однако, до настоящего времени, в Казахстане отсутствует комплексная государственная научно-исследовательская программа изучения реабилитации жертв политических репрессий. Настоящая проблема, в какой-то мере носит несколько завуалированный (скрытый) характер, видимо, в силу специфики законодательной базы советского времени и переходного периода становления независимого государства. Не до конца раскрыты и доступны многие секретные архивы правоохранительных и других государственных органов, названы не все имена репрессированных, реабилитированных. Одним словом, проблема реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане остается открытой.

Таким образом, сегодня существует объективная потребность более активно использовать все возможные механизмы влияния на защиту и восстановление правовых, моральных и материальных прав жертв политических репрессий, в том числе, привлечь внимание ученых-историков к исследованию проблем процесса реабилитации.

Список использованной литературы:

1. Закон РК от 14 апреля 1993 года «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» (с

изменениями и дополнениями от 19.01.2001 г. // Электронная база законодательства «Параграф», 2011

2. Интернет сайт Верховного Суда РК, 2004

3. Николай Формозов. 60 лет назад расстреляли участников Кенгирского восстания // Новая газета – Казахстан, 2016, № 40 (587). 06.10 – 13.10. 2016

4. Там же.

Шаймуханова С.Д., Грудина В.В.

ЛЕТОПИСЬ НЕЗАВИСИМОСТИ

Приближается 25-летие независимости Казахстана. И чем ближе эта дата, тем больше мы размышляем над новейшей историей нашего государства, осмысливаем пройденный нами путь. И этот труд души и сердца нам необходим, чтобы двигаться вперед. И этот труд проделывают наши жители – патриоты своей страны, кому дорога Родина и будущее страны. Позиция деятельного патриотизма – главная задача идеологии Казахстана. Патриотизм является элементом как общественного, так и индивидуального сознания. На уровне общественного сознания под патриотизмом подразумевается национальная и государственная идея единства и неповторимости данного народа. Современный Казахстан нуждается в том, чтобы патриотические традиции и ценности были усвоены населением и стали индивидуальными и групповыми поведенческими программами.

Если углубиться в историю, то можно сказать что Казахстан не сразу стал независимым. Наше государство получило суверенитет и свободу в ходе многовековой борьбы. Тысячи людей боролись за независимость нашей страны, многие погибли за будущее своей Родины[1]. Много столетий наша земля была полем боя, многие народы хотели захватить ее. Очень много было пролито крови. Люди тех времен видели смерть и несправедливость, горе и несчастье, они знали, что такое потеря. Но они не сдались. Именно благодаря им, мы живем в государстве, свободном и независимом. Всё это благодаря единству, сплоченности людей и общей верой в светлое будущее. В конце XX века карта мира резко изменилась. Причиной тому послужил распад гигантской империи - СССР, на обломках которой образовались пятнадцать новых независимых государств. Одно из них - Республика Казахстан, расположенная в самом центре Евразийского материка. Мировые политики расценили это событие как естественную победу наций, на протяжении многих веков находившихся под гнетом тоталитарного режима и теперь устремившихся к независимости. Однако они считали, что для становления и развития, вновь образованных молодых государств, присоединения их к мировому сообществу необходимо, по крайней мере - лет пятьдесят. Они сомневались в том, что страны, испытавшие колониальный гнет на протяжении нескольких веков, утратившие признаки государственной самостоятельности, имеющие разрушенные за семьдесят лет господства командно - административной системы политические и экономические рычаги управления обществом, смогут быстро войти в мировое сообщество[2]. Но все это было опровергнуто поступательным движением нового государства - Республики Казахстан, которое стало новым явлением в развитии мировой цивилизации.

Летопись современного Казахстана начинается с 16 декабря 1991 года. В этот день Казахстан объявил себя Независимым суверенным государством. 25 лет тому назад, обретя свою независимость, Казахстан открыл новую веху в своей истории: окреп, достиг больших результатов в своем развитии. Это целая эпоха, которая отделяет нас от прошлого. История, полная драм и противоречий, досадных поражений и больших побед. Отрезок времени, невероятно насыщенный событиями и фактами [3]. За 25 лет создано новое государство, которое имеет собственные институты власти и является влиятельным членом мирового сообщества, где гарантированы его безопасность и независимость, так как в Казахстане заложен прочный фундамент демократического пути развития на основе преобразования государственных и политических структур управления. За 25 лет полностью изменилась внутренняя экономическая система страны: сформированы рыночные отношения и институты, которые ни в чем не уступают развитым цивилизованным государствам. На основе этого Казахстан стал страной занимающей свое собственное место в мировой экономике. В течение 25 лет было построено открытое общество, в котором утвердились демократические институты, защищающие на основе Конституции права и свободы человека и гражданина. Выросло новое поколение казахстанцев, которое избавлено от жестоких оков бывшей тоталитарной идеологии и уважает подлинные идеологические ценности и цели.

Современный Казахстан – это молодое независимое государство с богатой историей и, несомненно, блестящим будущим. Наша **государственность берет свои истоки из глубокой древности**, однако она требует сплочения во имя стратегических целей развития.

В действительности, мы живем в то время, когда мир претерпевает кардинальные изменения, и особенно на постсоветском пространстве. Казахстанцы начали строительство новой республики, а началось все с принятой Декларации Независимости Республики Казахстан.

Независимость Казахстана, как и других республик бывшего Союза, имела также большое международное значение. На стыке Восточной Европы и Западной Азии появилось новое демократическое государство. На внешнюю политику Республики Казахстан, имевшей ядерное вооружение, большое внимание обращали государства мира.

И сегодня можно проследить тот тернистый путь, который прошла наша республика на пути к международному признанию, успешной интеграции в мировое сообщество.

Одним из первых шагов Казахстана к реальной независимости стало 10 декабря 1991 года – Казахская Советская Социалистическая Республика переименована в Республику Казахстан, а также издан Указ Президента о формировании Алмазного фонда республики. 21 декабря 1991 года – собравшиеся в Алматы по инициативе Н.Назарбаева руководители 11 бывших советских республик подписали Декларацию, ставшую основополагающим документом нового объединения – Содружества Независимых Государств. 1992 год Казахстан вошел в состав ООН. 4 июня 1992 года были утверждены новые государственные символы – Флаг, Герб, Гимн. Сегодняшний Герб суверенного Казахстана является результатом огромного труда, творческих исканий двух известных архитекторов: Жандарбека Малибекова и Шоты Уалиханова. Следующий этап продлился с начала 1993 года до марта 1995 года. С принятия новой Конституции 30 августа 1995 года начался новый этап. Важным этапом также стало принятие стратегической программы «Казахстан – 2030 Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев». Последний этап связан с процессом демократизации общества и дальнейшего наращивания потенциала суверенным Казахстаном. На данном этапе произошел перенос столицы из Алматы в Акмолу. 6 мая 1998 года город Акмола был переименован в Астану. С каждым новым этапом наша страна все больше и больше начинала процветать, чтобы смело шагнуть в новое историческое пространство. Конечно же, 2000 год для Казахстана запомнится тем, что 29 июля – уничтожена последняя штольня для ядерных испытаний на бывшем Семипалатинском ядерном полигоне. Это говорит нам о том, что усилия Казахстана, направленные на укрепление мира и стабильности в регионе и реализацию новых принципов ядерной безопасности, снискали нашей стране глубокое уважение со стороны мирового сообщества [4]. Для этого потребовалось мудрое руководство, четкая политика, ясное осмысление, и все это исходило от Лидера Нации, наш Президент с самого начала правильно выбрал «Дорожную карту» развития и становления молодого суверенного государства. И в своем выступлении во время Президентской инаугурации одиннадцатого января 2006 года Нурсултан Абишевич с чувством удовлетворения уже отметил: «Мы сумели выполнить три важнейшие задачи: создали свою государственность, сформировали успешно развивающуюся в мире экономику, реально подняли благосостояние народа» [5].

